



Л 2004
3451к

ҚАЗАҚ
ПРОЗАСЫНЫҢ
КІТАПХАНАСЫ

ӘБІШ
КЕКІЛБАЕВ
ШЫҢЫРАУ



**ӘБІШ
КЕКІЛБАЕВ
ШЫҢЫРАУ**



А 2004/3451к

ҚАЗАҚ
ПРОЗАСЫНЫҢ
КІТАПХАНАСЫ

ӘБІШ
КЕКІЛБАЕВ

ШЫҢЫРАУ

РОМАН
және
ПОВЕСТЕР



«ЖАЗУШЫ»
БАСПАСЫ
АЛМАТЫ
1982

84 Каз 2
К 28

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 00022565

КХ

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНВ. № *1021*
КІТАПХАНА
ТУҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ МҮЗЕІ

Кекілбаев Әбіш

К 28 Шыңырау: Роман және повестер.— Алматы: Жазушы, 1982.— 456 бет.

Жазушының бір томдығына көпшілікке кең таралған белгілі романы «Аңыздың ақыры» мен «Күй», «Ханша-дария хикаясы», «Шыңырау» және басқа повестері енді.

Бұл шығармалар қазақ халқының ерлік тарихын, туған ел мен өскен жердің қасиеті мен қадірін дәріптеп, ата-бабаның ой-арманын жеткізеді, адамның өмірдегі орны, өмірдің мән-мағынасы төңірегіндегі толғаныстарды алдыға тартады.

Рецензент: Т. Әбдірахманов

К 70303—96
402(05)82 57—82 4702230200

Каз 2

© «Жазушы» — 1982.

РЕСТАВРЕНО
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ИСТОРИКО-ЛИТЕРАТУРНЫЙ
И Языки Каз. М.Р.
ОСНОВНОЙ ФОНД
ИНВ. № *10770*

ДАЛА БАЛЛАДАЛАРЫ

Осыдан жиырма жылдай бұрын, қазақ әдебиетінің ұлы көшіне біраз даңғазы-дабырмен жамырай келіп қосылған бір топ талантты замандастар ортасынан бұйра бас, қара торы өнді өспірім жігіт бірден жұрттың назарын аударған еді. Асықпай, айшықтап шешен сөйлейтін, барынша білімдар жігіттің биязы мінезі мен дәлелді пікірлеріне әркім-ақ ден қоятын.

Кейбір өрекіме тұрғыластарымыз өзгені тындаудан гөрі өзінің ішіне сыймай жүрген ойларын жариялауға асығып жар салып жатса, бұл ерекше байсалды мінезбен бұрын біз естіп-білмеген кейбір кітаптар мен авторларды алдымызға көлденең тарта бастаушы еді, сонда біздің арамыздағы небір даукес-білгіштеріміз де бәсеңсіп қалатын. Оның үстіне, бұл жігіттің сонау алыс түкпірдегі, түрікмен даласымен шектес жатқан шағын ауылдан, Маңқыстау түбегінен, келгендігі де біз үшін біраз қызғылықты жағдайдай көрінетін.

Ол қазақ жерінің өзге аймақтарына ұқсай қоймайтын осы түбектегі өмір, тірлік, салт-сана туралы, ежелгі аңыз-әңгімелер, ата-бабалар тағдыры жайында, даланың қым-қуыт бояулары төңірегінде қызыға, қызына әңгімелейтін, сол сәтте бізге ол туған жерінің шежірешісі секілді көрінетін-ді. Ол кезде Әбіштің баспадан алғашқы өлеңдер жинағы шығып, баспасөзде алғашқы мақалалары жарияланып жатса да, мұны білетіндер келешекте әдебиетте ол өзіне тиісті сөзін айтады ғой деп сенер еді.

Шынында да Әбіш Кекілбаев осы жылдар ішінде тынымсыз, табанды еңбек етіп, талантын әр қырынан таныта білді. Өлеңдер жинағынан басқа повесть, әңгімелердің, сыни еңбектерінің бірнеше кітабын шығарды, «Аңыздың ақыры», «Үркер» аталатын романдар жазды. Г. Мопассанның «Өмір», «Пьер мен Жан» романдарын, Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романының тарауларын, шет ел авторларының әлденеше пьесаларын, әңгімелерін қазақ тіліне аударды. Мұның бәрі әрине, аз еңбек емес. Бірақ мен Әбіштің қаламын оншалық жылдам деп айтпас едім. Ол бағзыдан сыр шертетін көне көз шежірешілер секілді асықпай, баппен жазады, бәлкім, қиналып та жазатын болар. Ең жақсысы — оның қаламынан шыққан дүниелер оқушыны да, сыншыларды да немқұрайды қалдырған емес, оның творчестволық ізденістері әрдайым ден қойдырып, кейде әр түрлі талас пікірлер де тудырып жүр. Ол шығармалардың орыс, неміс, венгер, болгар, чех, эстон тілдеріне аударылуы да кездейсоқ құбылыс емес.

Әбіш Кекілбаевтың шәкірттік үйрену дәуірі пәлендей ұзаққа созылған жоқ. Өзінің алғашқы өлеңдері, мақалалары, әңгімелері арқылы ол творчестволық мүмкіндігінен хабар берсе, кейінгі жылдары жазған шағын көлемді повестері автордың жазушылық қарымын, өзіне тән қолтаңбасын, қалыптасқан стилін айқын танытты. «Бір шөкім бұлт», «Дала балладалары», «Бір уыс топырақ» кітаптарына енген прозалық шығармалар оның творчестволық мұрат-мақсаттарының ауқымын анықтап, оның стиліндегі эпиктерге тән байсалды баяндау, философиялық, психологиялық тереңдіктерге бару, кең тынысты, бейнелі, иірімді тілдік құралдарды пайдалану секілді ерекшеліктерін байқатты.

Кекілбаевтың творчестволық жолы қазақ әдебиетшілері өз халқының өткені мен тарихтың көмескі беттерін жапа-тармағай жаза бастаған тұсқа сәйкес келді. Романтикалық ерлік, өнегелерге толы сол бір құпия заманаларға үніле отырып, өздеріне қажетті материалдар мен шабыт көзін тапқан базбір авторлар қаламынан туған ондаған романдар мен повестерді қазір сыншыларымыз жанрлық жағынан іріктегенде бірде тарихи, бірде тарихи-этнографиялық, бірде хроникалық деп атап жүр. Ал, шынында, соның көбісі өткен өмірді құрғақ қызықтайтын арзан экзотика, беллетристикаға айналған этнография дәрежесінен аспай жатты.

Прозашы Әбіш Кекілбаев, біздіңше, тарихқа басқадай жолмен барды. «Күй», «Ханша-дария хикаясы», «Шыңырау», «Бәсеке» атты повестерінде автор ежелгі аңыз-әңгімелерді шебер пайдалана отырып, өткен күннің жарқын да қаһарлы бейнесін, моральдық бейнесін жасайды, бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерін қозғайды. Москваның «Молодая гвардия» баспасынан шыққан Ә. Кекілбаевтың «Дала балладалары» (1975) кітабына жазған алғы сөзінде Әбдіжәмил Нұрпейісов былай дейді: «Ол өзінің шығармаларында атакты тарихи тұлғалар есімін саудаға салмайды. Ол өз халқының өткен тұрмысын әспеттеу, әйтпесе мансұқ ету секілді мінезден де аулақ. Адам өмірінің әлеуметтік сыр-сипаттарын философиялық, психологиялық тұрғыдан терең көрсетуі бұл повестердің шыншылдық қасиетін ерекше көтере түскен».

Ә.Кекілбаевтың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті де осында — ол ежелгі аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшеп отырады, сол аңыз-әңгімелерден күллі адам баласына ортақ адамшылық тамырларды тауып отырады. Өткен күндер шындығына бүгінгі күннің жарық сәулесін түсіреді. Кекілбаевтың суреткер ретіндегі ерекшелігінің бір парасын осы төңіректен іздеуіміз керек. Демек, сыншыларымыздың оның «тарих пен бүгінгі күннің маңызды мәселелерін» (Ш. Айтматов) ұтырлы қозғап, «әлеуметтік ірі идеяларды өзек ететінін» (Ә. Нұрпейісов); «адам баласының болмысы мен оның іс-әрекетінің себеп-салдарын іздеп, үнемі ой толғайтынын» (А. Руденко-Десняк) атап көрсетуі шындыққа әбден сай келеді.

«Күй» повесін — ежелгі тайпалар арасындағы талас-тартыс, араздық туралы, қатыгездік пен надандық жайлаған замандағы кейбір ұсқынсыз әдет-ғұрыптар туралы жазылған шығарма дейміз. Ата-бабадан мирас болып келе жатқан абырой-атақ, ар-намысты қайткенде аяққа таптатпау, дұшпан сөзін бастан асырмау секілді ежелгі ұғымдарды арқаланған батырлар мен дуалы ауыздардың барша өмірі ру намысын жыртудан аспаған заманның кескінін көреміз. Автор қазақ даласы мен түрікмен құмдарының ғажайып суреттерін салуға құнарлы тіл де, ұтырлы детальдарды да таба біледі, бірақ осынау күн нұрына шомылған зеңгір аспан астын мекендеген екі бауырлас жұрт ол кездерде өзара сыйыса алмай, ұғыса алмай талай тауқыметті бастан кешіріпті. Талай замандар бойы осы далада зорлық-зомбылықтың неше алуан түрі: алып кету, шауып кету, жер дауы, жесір дауы «натшалық» құрған. Жаулықтың тамыр жайып кеткені соншалық, жазықты мен жазықсызды айырып жату мүмкін емес-ті. Жұрт аузында «кек қайтару» деген қатал сөз бар. Осы сөз елдің есін алып, ішін мұздатқан, кеудеде шер-шемен боп қатқан. Тіпті аза-қаза үстінде де еркек атаулы қарына қанжар байлап жүруді әдет еткен. Той-томалақта ән айтып, домбыра шертуді ұмыта бастаған. Түрікмен рубасы Жөнейіттің қатал қабағынан жақыны да, жаты да қорқады... Жөнейіттің інісі Көкбөрі де қан аңсаған қатігездің өзі, мұның да бар өмірі жортуыл үстінде өткен.

Қазақ батыры Дүйімқара да олардан қалыспайды, бұл да тайсақтауды, жалтақтауды білмейтін жанкештінің өзі. Дүйімқара талай мәрте түрікмен ауылдарының үстіне қанды құйындай түйіліп өткен.

Екі тайпы ел осылай жаулықта өмір сүріп жатты. Жөнейіт хан болса, өз ісінің дұрыстығына әсте шүбәланып көрген жан емес. Жамандықты балалатып отырып, бұл өз халқының даңқы мен дақпыртын асырдым деп бі-

леді, ата-баба аруағын қорламауды қатты қадағалайды, өзін ел намысы мен әділеттің жоқтаушысы санатына қосады, осының бәріне ол шын көңілімен иланады. Ғасырлар бойы жасап келе жатқан әдет-ғұрыптан аттап өтіп, адамшылыққа қиғаш көрінетін әрекет құрсауын бұзып шығуға шалдың шамасы жоқ. Жөнейіт даланың қатал заңдарының құлақ кесті құлындай. Қартайғанына бір қынжылса, тайпаласында бас көтерер батырлардың азайып бара жатқанын көріп тағы күйзеледі. Аттың құлағында ойнап, қанжар мен қылышты қапысыз қатар сермейтін үлкен ұлы қыршын кетсе, төңірегіне төбелеспен аты шыққан ортаншысы да бүгінде жат жердің топырағын жастанып жатыр. Ал кенже ұлы Дәулеттің — елдің бәріне сүйкімді көрінетін сері жігіттің бала жастан қолына дутар ұстап, ән-күйге әуес болғанын Жөнейіт мүлдем түсіне алмас еді. Осы ұлының көкірегіне жауға деген өшпенділік отын тұтату үшін Жөнейіт оны Темір бабасының моласының басына түнетуге алып барады. Ұрыс-керіске әуел бастан икемі жоқ талантты бозбала әкесінің айтқанын істеймін деп ақыры мерт болады...

Жөнейіт қартайған шағында алыс-жұлыспен өткен өмірінің пәлендей опа бермегеніне, адам баласының өшпенділікпен, кекшілдікпен, ызақорлықпен, жікшілдікпен баянды өмір сүре алмайтынына көзі жете бастайды. Бірақ қапа-қайғыға белшесінен батқан, ыза-кектен ақылынан алжасқан көрінің бұдан әріге өресі жетпейді. Қолға түскен күйші қазақ та осы жөнінде қинала ойлайды, бұл да адам баласының айуандық істер үшін емес, өз нәсілін көбейтіп, тыныштықта өмір кешу үшін жарық дүниеге келгенін күйтілімен марапаттайды. Өзінің көңілі құлаған осы ақиқатты Жөнейіттің де көкірегіне құюға тырысады. Сөйтіп, екеуі де домбыра үніне — екеуіне де түсінікті бола бастаған жойқын күй сазына құлақ түреді.

Рас, өшпенділік тек қана өшпенділікті тудырады екен. Осыны ұққан Жөнейіт қатты толқып, бұрынғы иланым-сенімінен айрыла бастайды, жапанда жалғыз қалғандай беймаза халді басынан өткереді. Ыза-кекке, қайғы-қасіретке, қарғыс-налаға толы домбыра үні Жөнейіттің тынышын кетіреді, енді бірде құдай алдында да, адам алдында да түк жазығы жоқ, Дүйімқараның зорлығына ұшырап, лажсыз пенде болған осынау сырт пішімі аса жұпыны, бейшара домбырашыға кәдімгідей жаны аши бастайды. Қайғы-қапа соңынан мәңгі көз жұмуға бет алғанда да ол әдеттегідей көк жебенің ысқырығын, көк семсердің суылын естімейді — домбырашы қазақтан немересі Құрбан үйренген сол зар ызыңы келеді құлағына... Қазақ, орыс, шет ел сыншылары тарапынан талай жылы сөз естіген «Күй» повесінің мазмұны мен идеялық пафосы, міне, осындай.

Өткен күндердің ащы шындығын көрсету арқылы келешекке де жарық сәуле түсіруге болады — Ә. Кекілбаевтың тарихи тақырыпқа жазған повестерінің өзекті ойы, біздіңше, осындай. Осыған назар аударған сыншылар, сонымен қабат, қазақ жазушысы көтеріп отырған адамгершілік мәселелер ұлттық тар шеңберде қалмай, жалпы адам нәсіліне ортақ мұраттармен үндесіп жататынын ескертеді. Мысалы, Л. Теракопьян былай деп жазады: «Өткен өмірдің көне беттерін аша отырып, тарихи шындықтан ауытқыма-са да, Әбіш Кекілбаевтың бұл повесі бүгінгі күннің көкейтесті мәселелеріне жауап береді. Бұл шығарма адам бойындағы творчестволық бастау көзін, өзінше ойлау хұқын әспеттейді. «ГДР-дің «Фольк унд вельт» баспасында екі рет қайта басылған совет жазушыларының тандаулы повестері туралы жазған мақаласында белгілі неміс сыншысы Герберт Кремпиен де осы жайларға назар аударады: «Адайлар мен түрікмендер арасында жүздеген жылдарға созылған алауыздықтан хабардар ететін осы оқиғалар көшпенді халықтарда бұрын тарих болмады деген қауесетті жоққа шығарады, мұндай қауесет бұрын қазақтарға да таңылып келген еді... Сонымен қатар, Орта Азия даласында өткен кіші-гірім қақтығысты суреттеу арқылы да үлкен қоғамдық мәні бар гуманистік хикая жасауға болатынын дәлелдейді. Қазақ жазушысы ертедегі ұлттық тарихқа үңілсе де, бүгінгі заманда мысалы, Африка халықтары үшін айрықша мәні бар өте көкейтесті жайларды қозғайды».

Ә. Кекілбаевтың жазушы ретіндегі ең сүйікті тақырыптарының бірі — әділет пен сүйіспендікке, адамшылық пен қайырымдылыққа қарама-қарсы суреттелетін, көпшілікті өлшеусіз қасірет-қайғыға, алапат ойран-сұмдықтарға бастайтын шегі-шеті жоқ билік пен қарақан басының қамын күйттеген сол билік иесінің ештен кеш болса да, райынан қайту кезеңі, рухани қайыршылық көріністері оның көпшілікке белгілі «Ханша-дария хикаясы» повесінде жан-жақты сыйпатталады. Бұл повесть Шыңғысхан туралы көне аңызға құрылған: өз кеудесінің желіне өзі семірген ұлы әмірші таңғұт елін түп-түгел қырып тастаса да, осы елдің ханшасы Гүрбелжін сұлудың аппақ тәнінен сусындай алмай, ақыр соңында әйел қолынан мертігеді. Автор көне аңызға философиялық мән-мағына қосып, өркөкірек адам руының қайсарлығын дәріптейді; халықтарды қанға бояған, айналасына қаһар шашқан әміршілердің әлсіздігін, жер бетіне зұлымдықтың ұрығын еккен әрбіреудің Әлінің қылышынан бәрібір қашып құтыла алмайтынын, ондай қанқұйлы жауыздарды аспандағы алла емес, адам қолының өзі жазалайтынын айтады.

Ал жазушының «Шыңырау», «Бәсеке» атты повестері ондағы оқиғалар мен әлеуметтік ой-пікірлер жағынан біздің заманымызға жақын тұр. Мұнда да Ә. Кекілбаевтың о бастағы философиялық, аналитикалық суреттеу тәсілінен айнымағанын көреміз, дегенмен, бұл жолы ежелгі аңыз-әңгімелердің бірін тандап алып, соны өзінше байытып жатпайды, қайта керісінше — өткен ғасырда қазақ ауылында өткен бірер қарапайым оқиғаны тілгетіек етеді де, соны шебер реалистік мәнерде трагедиялық коллизиялар дәрежесіне көтереді, сөйтіп, бүгінгі күннің қажетіне асарлық адамшылық, этикалық мәселелерді күн тәртібіне қояды.

«Шыңырау» повесіндегі құдықшы Еңсептің тағдыры аса қайғылы. Бұл — өзінің тауқыметке толы қысқа ғұмыры ішінде жапан түзде талай құдық қазған, талайдың мейірін қандырған, өзіне осыншалық бейнет пен зейнет болған осыншама қауіп-қатерге толы еңбегіне ерекше қадыр-қасиетпен қараған адамның тарихы. Бірақ ол заманда Еңсеп секілді адамдардың еңбегі көбіне еш болатын, ақыры ол да өз өмірінің ішіндегі ең терең шыңырауды қазып жүріп қазаға ұшырайды.

Ал «Бәсеке» повесінде дала шонжарының ару қызы феодалдық заманның қанды құрсауынан құтыла алмай, есірік біреудің қолына түскені баяндалады. «Шыңырау», «Бәсеке» повесінде кейін суреткердің біздің заманымызға арналған шығармаларында айқынырақ көрінген қол таңбасы бар еді, ол ерекшеліктер; композициялық шымырлық, тұрмыстық және этнографиялық детальдардың дәлдігі, терең психологизм, кейіпкерлердің әрекет-қимылдарын жан-жақты талдап көрсету, кейде сатиралық, кейде жеңіл күлкі шақыратын сыпайы, сұлу баяндау тәсілі деп білеміз.

Осы аталған повестердегі көркемдік-эстетикалық, әлеуметтік-философиялық қасиеттер «Аңыздың ақыры» атты күрделі романда әрі қарай жалғасып, дами түсті. Ә. Кекілбаевтың тарихи балладалар циклі, біздіңше, осы романда өзінің толық көркемдік шешімін тапқан. Бұл шығармалар, сөз жоқ, суреткердің творчестволық өсу жолындағы маңызды белес болып қалмақ.

«Аңыздың ақыры» романында автор тағы да өзінің бұрынғы қалыптасқан байсалды, қазып айтатын баяндау тәсіліне ерік береді, мұнда жалпы сюжет, оқиғаның жотасы анық көрінгенмен, бірінші кезекте адам жанының алуан иірімдері, терең психологиясы, пейіл-мұрат, мінез-құлық, ішкі драмалық коллизия, сырт көзге онша байқала бермейтін, бірақ іште қайнап жатқан ой-сезім, сөз бен әрекеттің арбасуы тәптіштеледі.

Тарихта болған дерек пен творчестволық қиял, фольклорлық бастау мен реалистік баяндау осы шығармада ерекше жымдасып кетеді де, халықтың әрқилы аңыз-әңгімелерін өзінше қызғылықты түсіндіретін автордың көркемдік философиялық концепциясы барынша толық, барынша айқын танылады. Шыңғыс Айтматовтың осы арада фольклорды игеру жөніндегі ойлары маңызды көрінеді, ол әр түрлі мифологиялық желілерді бұ-

гінгі күн талаптарына лайық пайдаланудың артықшылығын атай отырып: «Талантты қазақ прозаигі Әбіш Кекілбаев мифологиялық системалар мен структураларды игеру арқылы өткен мен бүгінгінің маңызды мәселелерін қозғай білген. Бұл кітап — ойшылдықтың жоғарғы сатысынан қарағанда да, аңыз-әңгімелер мен бүгінгі күннің, өткен мен бүгінгі күндер тәжірибесінің қорытпасы, осы компоненттердің барлығы (әрине, мұның ішінде прозаиктің таланты да бар) қосыла келе, біздің пікірімізше, бұл шығармалардың мазмұнын ғана байытып қоймай, оның көркемдік қасиетін де арттыра түскен», — деген пікірі аса қисынды көрінеді.

Ә. Кекілбаевтың повестері жөнінде осы айтылған пікірдің «Аңыздың ақыры» романына да түгелдей қатысы бар. ГДР сыншысы Э. Кляйнмихель Ә. Кекілбаевтың тарихи шығармаларының негізін құрайтын аңыз-әңгімелер мазмұнын бірер сөзбен айтып беруге болатынын орынды ескертеді. «Аңыздың ақыры» романының оқиғасы да Самарқан шаһарінің жолбасшылары туристерге күнде айтып беріп жүрген, Темірланның сүйікті тоқалы Бибіханым салдырған атақты ғимараты жөніндегі хикаяға негізделген секілді.

...Ұлы Әмірші алыс жортуылға аттанып кеткен. Ерін сағынған жас әйел қосағы қайтып оралғанша ғажайып күмбезді көк мұнара салғызуды ойлайды. Осы мұнараны салушы жас шебер сұлу ханшаға өлердей ғашық болады да, егер тілінен бал татқызбаса, мұнараның күмбезі әрі қарай қаланбайтынын шарт етіп қояды. Бұған ашуланған ханша қиқар шеберге өзінің ең сымбатты күнін сыйлыққа ұсынады. Бірақ анау қасарысып көнбейді. Бұл кезде Әмірші де жауын жеңіп, атының басын кері бұрған екен дейді. Әмірші астана жұртына келмес бұрын жас ханша жас шебердің тілегін орындауға ыңғай танытады. Әйелі салдырған ғажайып мұнараға әміршісі бек риза болады, бірақ ханшаның бетіне түскен ыстық таңбаны көріп, қаһар шашады. Ханша «қылмысын» мойындайды, шебер дарға асылады...

Бұл аңыздың әр түрлі вариациялары бар, бірақ бәрінің түйісетін жері осындай. Жазушы ескі аңызды қайта жаңғыртып, қайта баяндап қоймайды, оған терең философиялық мән-мағына қосады, аңыздың әлеуметтік сыр-сипаттарын ашады, ешбір заманда өзгеруді білмейтін адамгершілік мәселелерді қозғайды, адам тағдырының қым-қуыт жолдарын көрсетеді. Романның бас кейіпкері — ұлы Әмірші «Күй» повесіндегі Жөнейтпен, «Ханша-дария хикаясы» повесіндегі Шыңғыспен іштей де, сырттай да біраз үндесіп жатады, бірақ бұл шығармада шексіз билік пен билікқұмарлықтың адамшылық философиямен әсте сыйыспайтындығы айқынырақ, тереңірек суреттеледі. Әміршінің атақ-абыройға, шексіз билікке қолы бірден жетпеген. Әмір әскерінің көп сардарының бірі бола жүріп, бұл да жасында талай қуғын-сүргінді, қауіп-қатерді басынан өткерген, күштінің қысымын көрген, тұмсығы тасқа тиген. Бірақ табиғат бұған бала жастан қайсар мінез, зор дарын, асқан өзімшілдік пен бірбеткейлікті сыйлапты. Ол бала жасынан өзінің атағын шығарып, елдің есінде қалуды ойлайды. Осы мақсатына жету үшін мына алдамшы дүниеде бір-ақ жолдың — билік пен мансап жолының бар екеніне ерте көзі жетеді. Көздеген жеріне төтелеп бару үшін Әмірші өзінің бар күш-жігерін, амал-айласын аямай жұмсайды. Айналасындағы бағынышты адамдарының іші-сыртын, пендешілік осалдықтарын түгел зерттеп білген Әмірші халқына да қырын қарайды, халқын үміт пен үрейдің арасында ұстаса ғана қара тобырды қаһарлы қалың қолға айналдыруға болады деп ойлайды. Басқарудың әр түрлі айла-тәсілін, саясаттың сан түрлі шиырларын меңгерген Әмірші қара басының мүддесін қорғау үшін арам, адалды айырып жатпайды, ақырсында ол ақылды да көреген, бірақ қайырымдылық дегенді білмейтін қара жүрек қаныпезерге айналады. Жарты әлемге билігін жүргізген Әмірші енді өзінің әрбір жорығы, әрбір әрекет-қимылы, аузынан шыққан әрбір сөзі аңызға айналып, досын қуантса екен, қасының зәресін ұшырса екен деп қиялдайды. Қыруар елді тітіреткен айбынымен, ақылымен, батырлығымен тірлігінде әлемді аузына қаратса, келешек ұрпақтар оның атын дақпырттап әкетуін қалайды. Ерінің ерлігі құрметіне жас тоқал салдырған, көкке мойнын созған көгіл-

дір мұнара мұның атағын келер нәсілдерге айғақтап жеткізеді деп сенген. Рас, ол кезінде халықтардың басында әңгір таяғын ойнатқан, талай алтын тақтардың талқанын шығарып талабы асқан өзінің туа біткен турашылдығы, даралығы, даналығы жөнінде төңірегіне нелер ертегілерді таратып жіберткен. Айдарынан жел ескен айбарлы Әмірші туралы осы ертегілердің мәңгі жасайтындығына да оның көңілі әбден сенулі еді.

Әйткенмен, махаббат мұнарасы туралы аңыз осы ертегілердің бәрінің белінен бір-ақ сызып, бір адамның атағын асыру үшін құрбан болған бейшаралардың тағдыр-тарихын біздің заманымызға дейін жеткізді.

Автор бас кейіпкеріне басы жоқ, аяғы жоқ қара бояуды баттастырып жаға бермейді, оның іс-әрекеттерін төтелеп даттай да бермейді, автор адамшылық қасиетті, адамның жеке басын аяққа таптайтын зорлық пен зұлымдықтың, билікқұмарлықтың шірік философиясын әшкерелеуге назар аударады. Қаншалық қаһарлы, қайратты болғанмен, Әміршінің өзі де, шынтуайтқа келгенде көрсоқыр, қатыгез догманың кесік құлақ құлы, ол өз ниетіне өзі кіріптар болған біреу. Ол өзгелерді қайғы-қасіретке ұшыратумен бірге, өзі де шектеусіз биліктің құрбаны болады.

Әміршінің күйреуі — романның соңында заңды құбылыстай әсер етеді. Өйткені ол өзінің бойындағы барша қайрат-жігерін, ақыл-парасатын, әуресарсаңға толы тынымсыз өмірін түгелдей өзімішділік пен өркөкіректікке, өзгеден артық туысын дәлелдеуге жұмсайды. Автор осы күйреудің философиялық, әлеуметтік, адамшылық негіздерін жан-жақты, нанымды суреттейді.

«Әбіш творчестволық жолындағы алғашқы асудан аптықпай өтті. Ол енді қалыптасқан, есейген жазушы ретінде өзінің көркемдік-творчестволық екінші асуына, менің пікірімше, ең басты биігіне қарай беттеуі керек», — деп жазған еді Ә. Нұрпейісов. Шынында, әрбір шын жазушының творчестволық жолында ертелі-кеш осындай бір кезеңнің кездесетіні рас. Бұдан әрі ондай автор бұрыннан белгілі жолымен жүре бермейді, өйткені ол жол өзін-өзі қайталауға, таптаурын вариацияларға, бұрын пайдаланған материалдар мен тәсілдерді машықты түрде жаңғыртуға әкеліп соғар еді. Ә. Кекілбаев осыны сезген болуы керек. Үш-төрт жыл үзілістен соң ол жаңа повесть, әңгімелерін жариялады, бұл әңгімелер автордың творчестволық ізденістері мен дарынының жаңа қырын ашып, белгілі дәрежеде тосын дүниелер секілді болып көрінді. Бұл шығармаларда автор әдеттегідей есте жоқ ескі заман тақырыбын күйттемей, бүгінгі күннің көкейтесті адамшылық мәселелеріне ден қояды, творчестволық көкжиегін бұрынғыдан да кеңейте түседі, бұрынғы бірде байсалды, бірде көтеріңкі стильдің орнына шымыр да серіппелі көркемдік баяндауға қол артады. Ұзақ диалог, астарлы юмор, әр қилы сезім бояуларын жеткізудегі тілдік нәзік иірімдер, өмірдің трагедиялық жақтарын жан-жақты ашып, өмірдің ұсқынсыз жақтарын әжуалау, әшкерелеу — осы повесть, әңгімелерге тән қасиет. Ә Кекілбаевтың әңгімелерінде көрінген әлеуметтік объектілер мен психологиялық типтер оның «Автомобиль», «Бір шоқ жиде», «Шеткері үй», «Құс қанаты» атты повестерінде одан әрі көркемдік психологиялық анализге түседі

«Бір шоқ жиде» повесінің эпиграфына И. Буниннің, «Кім жөнінде айтсақ та бәрібір емес пе? Жер бетіндегі әрбір жұмыр басты пенде жайында айтуға әбден болады», — деген сөзін келтіруі тегіннен-тегін емес. Шындығында, бұл повестердің кейіпкерлері, былайша қарағанда, қарапайым, елеусіз адамдар. Бұлар — Әбіштің тарихи балладаларында кездесетін қаһарлы қаһармандар секілді адам тағдырын қақпақылға салуға шамасы жетпейтін, зор шындықтар мен идеяларды арқаланбаған, пәлендей ерекше мінез, дарындары да жоқ, алдарына пәлендей ірі міндеттер қоймаған қатардағы адамдар.

Дала төсінде қиыншылыққа толы адал өмір кешкен момын кәрі Тілеу («Бір шоқ жиде»), құлан жортқан құла түзге ирек-ирек жол салып, далалықтар үшін жаңалық болып көрінетін мамандықты игерген Жақан («Автомобиль»), өмір ағымына еріксіз еріп кетіп, жеңілтектік кесірінен жалғыз-

дық зардабын тартқан сұлу Зухра («Шеткері үй»), баласының соңына еріп қалаға келген кәрі кемпірдің көзбен көріп, көңілге түйгендері («Құс қанаты») — осының бәрі бүгінгі тіршілікті әр қырынан көрсетіп, рухани әлемдегі психологиялық, әлеуметтік, этикалық, моральдық өзгеріс-қозғалыстарды көркемдік шындық аясында суреттеуге негіз болған. Автор кейіпкерлер өмірін қарапайым баяндап шығады, бұлардың күнделікті күйбең тірлігінде ерекше оқиға, ерекше қақтығыс байқала бермейді, бірақ осындай сырт көзге елеусіз көрінетін өмірде қиыр-шиыр мағыналардың, қатпарлы ой-сырлардың мол екендігі де сөзсіз. Аталмыш повестердің беттерінен ауыр қиналыстардан соң ақиқаттың ауылын іздеп тапқан кейіпкерлердің шытырман іздерін іздеп табасыз. «Бір шоқ жиде» повесіндегі Тілеу шал, мысалы, туған жер аясындағы парыз бен қарызды жете түсінген, жеке адамның өмірі келте болғанмен, жер бетіндегі тірлік әуенінің мәңгі үзілмейтінін жақсы білетін, сондықтан айналасындағы әулетінің, жақын жұрағатының қу құлқынның құлына айналып, күнәкарлықпен күнін өткізбеуін қалайтын кісі. Ол ғасырлар бойы жасап келе жатқан дәстүрлер мен мұраттар адам баласының тыныштығы мен қамсыз тұрмысына қызмет етсе ғана құнды деп білетін тілеуқор кісі.

Ал «Шеткері үй» повесіндегі Зухраның жеке бастық өмірі де адам қызығарлық емес. Айнала ағымға талғау-таңдаусыз ілескен әйел ақырында жағаға шығып қалғанын өзі де сезбей қалады. Бір кездегі алаңсыз, албырт сұлу енді келіп тағдырдың тәлкегіне ұшырағанын көргенде, қатты опынып, күйінеді, бірақ Зухра кеш қалған еді. Ол өлген күйеуінің әруағы алдында, жалғыз ұлының алдында, қала берді туған-туыс, көңіл қосқан еркектерінің алдында әбден күнәға батады. Оның ендігі серігі қасындағы қарғылы иті секілді еді. Ақыр соңында сол ит те далаға лағып кетеді. Зухра, шынында, ешкімге залал жасамаған, бірақ ешкімге қайырымдылық та көрсетпеген әйел. Қайырымдылықпен өткен өмірдің ғана мән мағынасы бар екен. Жер бетіне жақсылықтың ұрығын ексең, белсенді, берекелі өмір сүру деген, әне, сол. Әйткенмен, осыны түсініп, осылай өмір сүру әркімнің қолынан келе бермейді екен...

«Құс қанаты» повесіндегі кемпірдің басынан өткергендері аз емес. Алыстағы ауылда, құм-белестердің ортасында дүниеге келген ол бала жасынан ашты-тоқты, қиын-қыстау тірлік кешеді, кейін күйеуі өліп жесір қалады, бірақ қайғы-қасіреттің шылауында кетпей, қапа-наланың бәрін дала әйелдеріне ежелден тән көнбістікпен, қайсарлықпен қарсы алады. Майданда қазаға ұшыраған ерінің артында қалған жалғыз тұяғы — ұлын аман-есен адам қатарына қосуды ол өзінің осы өмірдегі ең зор аналық мұраты деп біледі. Сол ұлы ержетіп, семья құрған шағында, белгілі азамат қатарына қосылған кезінде де анасы оның қасынан қалмайды, оның қазіргі тұрмысын, ой-мүддесін, жүріс-тұрысын, дос-жарандарын, құдай қосқан жарын, тіпті қартайған шағында тап келген бейтаныс қала тіршілігін өзінше танып, өзінше түсінуге жұмылады.

Қазақ прозашылары ауыл жайында көбірек, құлшына жазып жүр. Солардың көпшілігінен адамшылық асыл мұраттардың тұрағына айналған, небір романтикалық жақсы ойлардың қозғаушысы болған, әрдайым сағына, зарыға еске алатын ауылды көруші едік. Ондай шығармаларда кейде ауыл қалаға қарама-қарсы қойылады да, барша жамандық пен күнәкарлықтың балалап жатқан жері қала ретінде суреттелетіні бар. Ә. Кекілбаев повестерінде мұндай қарама-қарсылықтар кездеспейді. «Құс қанатындағы» кемпірдің ұзын көйлегі мен ақ кимешегіне көше жүзінде таңдана қарайтындар табылар, кемпірдің өзі де шәһар тұрмысына бірден үйреніп кете қоймайды. Баласының үйіне темір шүмек бойымен ағып келіп жатқан ыстық-суық суда, даланың ортасындағы көк базарда «алыңыз, алыңыз!» деп айқай салған пысықай сәудегер-майдагерлер де, қамшы тастар жердегі дүкендерде бой түзеген сылқым сатушылар да кейуанаға алғашқы күндері тосын қызықтай көрінеді. Кейуананың туысындағы байқампаздығы мен аңқаулығын, ақыл-парасатын автор әдемі нәзік юмор тілімен сипаттайды. Автор ауылда өскен

қазақ әйелін қала ортасына алып келіп, ғасырлар бойы қалыптасқан дәлалық мінез-құлықтың жаңа қоныста сынға түскенде, бәрібір о бастағы тұғырдан ауытқымайтындығын, алаңсыз адамшылық пен қарапайым қайрымдылық әсте жоғалып-жіңішкеріп кетпейтіндігін нанымды сипаттайды.

Өзге замандас жазушылары секілді, Әбіш Кекілбаев та өз халқының ежелгі әдет-ғұрып, дәстүр-тағлымдарын егжей-тегжейлі, кейде қызыға суреттеуге құмбыл, ол көшпенділер өмірінің қазір ұмытыла бастаған этнографиялық детальдарына ерекше мән береді, бірақ арзанқол экзотика жетегінде кетпейді, сол детальдардың әлеуметтік, философиялық мән-мағынасына үңіліп, халық өмірін, адам жанының ішкі иірімдерін ашуға тырысады.

Ә. Кекілбаевтың прозасы жалпы алғанда, өмір құбылыстарына байсалды ой-парасат көзімен қарауға шақырып, өткен мен бүгіннің ажырамас, диалектикалық бірлігін тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұл проза қазақ тілінің ауызша, жазбаша озық өнегелеріне арқа сүйейді, содан да ол философиялық интеллектуалдық мағыналарға бай болып келеді.

Қазір Әбіш Кекілбаев творчестволық дер шағында. Соңғы жылдарда ол ерекше өнімді еңбек етті. Бәлкім, ол өзінің творчестволық жолындағы ең жауапты кезеңіне келген болар. Әбіштің алдындағы асуларды алып, жаңа биіктерге қарай ұмтылатынына біздің сеніміміз кәміл.

Герольд БЕЛЬГЕР.

АҢЫЗДЫҢ АҢЫРЫ

РОМАН



Бірінші бөлім

ҚЫЗЫЛ АЛМА

1

Ат тұяғынан құм сауырын ойып түскен дөңгелек шұңқыр лезде қайта толады. Алдындағы оқ бойы озық өңшең құла ат мінген күзет сарбаздарынан тау-тау шағылдың беткейінде шашырап қалып жатқан көп із көзді ашып жұмғанша-ақ ғайып болады. Сусыма құм баянсыздықтың тылсым құдіретін танытқысы келгендей, құп-қу жүзіне жолап кеткен сәл таңбаны жалмап жұтып жатыр.

Әмірші ұлы шөлге келгелі бері оппа құмның осы бір обыр мінезінен назарын қанша алып қашса да, құтыла алмай-ақ қойды. Сары ала күйменің ішінде сусылдақ құмаққа шашасын қаптырып, малтыға жорғалап келе жатқан көп аттың тұншыға шыққан жапа-тармағай дүсірін тындай-тындай мезі боп кетіп, тұсындағы селдір пердені ысырып, сыртқа қарады-ақ — көзіне ылғи сол түседі.

Шаңылтақ көктем. Қыста қар көріп жарымаған жабырқанқы шөл көзінді қажытады. Жүзген мен сексеуіл әлі бүр жармапты, сояу қалпы. Төңірек түгел мүлгіп тұр. Дөңкиген шағылдар да, тырбық құм бұталары да ғұмыры қыбыр-қимыл көрмегендей, жер тістеп жатып алыпты.

Тас бақаның дауылының басылғаны таяуда ғана емес пе еді. Бес күн бойы қарсы алдынан тандырдың деміндей бет шарпыған қызыл жел ұрған да тұрған. Әлдеқандай долы дүлей қара жерді тас-талқанын шығарып, күл қып уатып, сосын бір алапат табакқа салып ап, елеп, кебегін желпіп ұшырып жатқандай, жер мен көк түгел шаңға айналып кеткен-ді. Қара құрым қалың қол бірін-бірі көре алмай, кеуделерінен төмпештей ұрғылап, кері итеріп баққан қызыл желді бетке ұстап ілбіген де отырған. Күллі дүние түлен тигендей тулап шыға келген-ді. Аспан қайда, жер қайда — ешкім ажырата алмастай... Құлақ сарсытып ұлып тұрған жел... Күллі кеңістікті бір өзі иемденіп, асыр салып ойнақтап жүрген шаң-тозан... Енді дүние қайта орнына келместей... Сол бір шаң-тозанға айналған қалпы біржола күлі көкке ұшатындай. Әумесер жел бұл мініп келе жатқан сары күймені де жер бетінен жұлып ап, төбесінде бедірейіп жатып алған сұп-сұр кеңістіктің әлдебір тұңғыығына жітіріп жібергісі келгендей, екілене жұлқылайды.

Аттар әбден титықтап болдырды; жұрт көздеріне құм құйылып, желге қарай жүре алмай, ит зықылары шықты. Сонда да шеруді кідіртпеген-ді. Тоқтағанда да, қара құрым қалың қол тырдай жалаңаш тұлдыр шөлде ықтасын таба ала ма?

Қайта тентек жел күймелер мен жүктерді құла түзге бет-бетіне қуып әкетуі де мүмкін. Шөлдің есірік дауылы талай-талай керуендерді құм астына көміп те кеткен.

Бұрын тас бақаның дауылы мен қазанның кірісінде жолға шықпаушы еді. Осы жолы елге қалайда көктем басында ора-лам деп амалсыз ұрынып отыр.

Бірақ әлдекімнің қарсылығын көрсе, бұрынғысынаң бетер қарысып бағатын әдетіне басып, әбден тістеніп алды. Дүние-ні көктемде бір дүрліктіретін жел күшті ме, жоқ, қаласа жа-рық жалғанның астын үстіне келтіретін бұл күшті ме?

Дегенмен, найзаға ілікпейтін, қылышың кеспейтін мына жел деген пәленің осынша жын ойнағына зығырданы қайнап та келеді. Сонда да, тоқтаймыз ба, қайтеміз дегендей, сары күймені айналсоқтап, қайта-қайта келе берген қол басылары-на еш шырай танытпаған-ды.

Сырттағы ышқына ұлып тұрған желді көрмеген-естімеген кісіше сұп-сұр боп қатқан да қалған.

Бесқонақтың бес күні өткен соң, дүние жынынан айрылған бақсыдай жым-жырт бола қалды. Жер беті айғыз-айғыз жа-рылып кетіпті. Жарықтың арасынан шықса керек, мына жер-де де, ана жерде де, теңкиіп-теңкиіп тас бақалар жатыр. Кей-біреулерін жел аударып тастапты, төрт аяғы көктен кеп үйе-леп қапты.

Дауыл басылған күні бесін ауа құмға іліккен-ді. Астынан әлдекім алып дәулердің сүйегін қазып алғандай, шағылдар-дың бүйірлері опырайып-опырайып көрінеді. Сусылдақ сұп-сұр құмға малтығумен келе жатқандарына да әлденеше күн өтті. Кеше желден шаршаса, енді міне мелшиген меңіреу ты-ныштық қажытып келеді. Мынау қимыл-қыбырсыз, сыбыс-сыбдырсыз кеңістікте мен де тоқтап қалармын деп қорыққан-дай кеуде тұсында жұдырықтай бірдене еміс-еміс бұлқынады.

Жолдарына дөңкиіп-дөңкиіп кес-кестей құлаған жал-жал шағылдардың қай-қайсысына да жеткенше асыққанмен, қара қатқақтың сыңайы әлі білінбейді. Көз жетер жердің бәрі — әжім-әжім құм.

Жаяу борасыннан сақина-сақина боп шимайланып қал-ған ұлпа құмақтағы әлдебір сиқыр жазып кеткен жұмбақ дұ-ғалықтай көп шиыр, қанша телміргеніңмен, ой сергітердей нышан танытпайды. Қайта көңіліңе тіршілік дегенің өзі де құм бетіндегі осы бір мән-мағынасыз құр шимайдай мынау ұлан-асыр сұрқай кеңістіктегі бүгін бар, ертең жоғалып кететін өт-кінші бедер ғана емес пе екен деген күдік қашырғандай. Күні


кеше ғана асырды салып-салып, ақырында мысы құрып, өз-өзінен тыныш тапқан көктеменің әумесер дауылындай о да қанша алас ұрып баққанмен, уақыт дейтін сусыма құм бәрібір із-түзін қалдыртпай, түп-түгел өшіріп жіберетіндей.

Төрт жыл бойы жорықта жүрді. Жүз мың аттың тұяғының баспаған жері жоқ. Сонда күндердің күнінде соның бәрін де дәл мынандай қып, жел үйіріп, құм жұтып қоя ма? Адам деген неменің ғұмыры ұйтқып-ұйтқып басыла қалатын қырдың желіндей құр әншейін өткінші нәрсе ғана болса, тұсында соның әрбір ұсақ-түйегін жіпке тізіп тіркеп бағатын адамның жады да мына сусыма құмдай тұрлаусыз бірдеңе екен ғой. Сонда анау аспан мен мынау жердің арасында баянсыздықтан басқа ештеңенің болмағаны да. Басқасының бәрі — өткінші, тек баянсыздық қана мәңгілік пе?

Кім біліпті, солай болса солай да шығар. Баяғыда өзінің көрмеген қорлығы бар ма еді... Тіпті осы ұлан-асыр түздің өзінде қатын-баласын жетектеп, қашып-пысып жүрмеп пе еді... Міне, сары ала күйменің ішінде отырып, көз салғанының өзінде жанарын пышақтай кескілеп келе жатқан кесір құм мұның талай борбайын осқылап, табанын күйдірмеп пе еді. Ең болмаса, түбінен қолымен тырмалап, сыз шығаратын бұта екеш бұта да табылмай еріні кезергенде, көнін қуырып, қаталатып бара жатқан қаскөй шөлден өмір-бақи құтылмайтындай, қасық қара су таңдайын шылайтын күн енді айналып келмейтіндей көрінуші еді ғой. Ал қазір соны кім біледі? Тіпті өзі екеш өзі де осындай ілуде бір қайыптан тайып ойына түспесе, есіне алып жарымайды емес пе? Баяғы қорлықты бүгінгі мәртебе, баяғы азапты бүгінгі бақыт ұмыттырмады ма! Сонда кешегідей бүгін де ұмытыла ма? Ендеше, жұрттың ертең деп көкіп жүргендерінің не болғаны? Жолындағының бәрін жапырып, бәрін құрдымға жіберер әулекі құртушы ма, әлде әлемдегі бар атаулының баршасының мүнкір-нәңкірі — баянсыздықтың қолындағы аяу білмес алмас қылыш па? Не?

Ертең қылыш болса, төбесінен аузын арандай ашып тажал төніп тұрған бүгіннің не қажеті бар? Бірақ бүгін мәңгілік болса, ажалсыз болса, кешегілер қайда? Кеше бұнымен теке тіресіп арыстандай арпалысып жүргендердің көздеріне қалай құм құйылды? Оларды омақастырған тек бұның аяу білмес алмас қылышы ғана ма? Жоқ. Ең алдымен өздері, өздерінің әлсіздігі. Кеше деген әлсіздіктің екінші аты. Бүгін әлсірей-әлсірей кешеге айналады. Ал, бет қаратпас алапат күш бүгін түгілі ертеңнің өзімен белдеседі. Күштіліктің шын аты — Мәңгілік... Мәңгілікпен сол бет қаратпас алапат күш қана тіл табыса алады. Әлжуаздың ажалы бүгіннен, екі ортадағы дүрегейдің сазайы — ертеңнен, ал атасын танымас алып күштің Мәңгіліктің дәл өзіндей ажалы жоқ.

Бүгін деген — қорқыныш пен үміттің екі ұдай аралығы.



Пенде біткеннің қалтылдақ қайық мінгендей қалтырап күн кешетін бар аясы — тек сол ғана. Олар тек сонда ғана мықтылардың ұстап тұтынғанына көнеді. Ал мықты тегеурінсіз өңшең әлжуаз түк те бітіре алмайды. Бір қолына қорқынышты, екінші қолына үмітті мықтап ұстап, қалғандарды екі ортада әрі-сәрі қылып қоя алатын тегеуірін ғана әлжуаз әлсіздікті күшке айналдыра алады; оның қолына түскен бүгіннің өзі-ертеңмен егесетін қару...

Оның қай сардарының да құлағына құйып бағатыны — «басыңа қандай қиын іс түссе де, айла таптырмас тығырықтан қаш; әйтеуір түбі бір сытылып шығар амалды алдын ала қарастырып қой... «Әлсіздік те — тығырық... Одан да қашып-құтылар айла-амалыңның көп болғаны дұрыс.

Шарифаттың өзінде де бар емес пе?

Баяғыда сұңғыла Сүлейменге бір күні құмырсқа кеп: «Саған жаратқан ием желді неге бағындырып бергенін білесің бе?» — деп сұрапты. Сүлеймен қапелімде жауап таба алмай мүдіріп қалыпты. «Ол сенің патшалығыңның ақыр түбі желге ұшатынына меңзегені», — депті құмырсқа. Сүлейменнің бұны естігенде өңі ауып кетіпті. Әлгі құмырсқа: «Алланың әмірін ұлыларға кішілердің сөзі жеткізеді деген осы болады», — деп тайып тұрыпты. Сүлейменнің де басынан ауған бақ кімнің басынан аумайды дейсің. Бірақ Сүлейменнің басынан бақ ауғанмен, даңқ ауды ма? Соған қарап-ақ, бақ — аз ғана күн тіршіліктің ырызығы да, ал даңқ — ұлан-асыр мәңгіліктің несібесі екенін біле беруге болмай ма?

Бағзы Сүлейменнің даңқын қазірге жеткізген де әлгі жарлы дихан мен құрдым құмырсқа емес пе? Ұлыларға алланың пиғылын жеткізетін кішілер олардың атын да тым алысқа шығандатып шығармай ма? Үлкендер істеген үлкен іс кішкентайлардың кішкене көзіне тым алапат боп көрінбей ме? Ал, шын ересен іс істесен, олар сені құдіреттің өзінен кем көре ме?

Даңқтың астындағы дүлдүлі — дақпырт. Парасаттының аузындағы керенау ақиқат қашан үзеңгіге аяғын салғанша, дарақының аузындағы далаңбай дақпырт екі етек боп елден бұрын жетпей ме?

Дақпырт тарататын дарақы тек дабырайғанды көреді. Дабыралап іс қылмаған даңқтың жылы-жұмсағынан дәметіп, құр бекерге тамағын ісірмесе де болады.

Кішкентай көздерді не істесен де ірі істеп таңғалтасың. Таңғалған кісінің жақсы мен жаманды таразылап жатар шамасы қайсы? Мінекей, алдында күн батыстың талай елінің қазынасында жатқан алтын мен асылды теңдеп ап, тау-тау шағылдардың жып-жылмағай көбесін омыра опырып, балп-балп басып бара жатқан пілді алғаш көрген адам, «бұл жақсы хайуан ба, жаман хайуан ба» деп бас қатырып жата ма? Оның ересен үлкен денесіне де, орынсыз шұбалып жатқан

оғаш тұмсығына да түк шошынбай да, жиренбей де, бірден таңғала қарап, тандайын қакпай ма?

Кішкентай көздерге жақсылық істемейлің, жамандық істемейлің, жанарының шарасына сыймайтындай алапат қып істе. Әйтпесе, аз жақсылығыңа бәрібір місе тұтпайды, ал сәл ғана жамандығыңды көрсе — жерден алып, жерден салып жазғыра жөнеледі. Біреудің тұмсығын қанатсаң, бар пәлені басыңа үйіп-төгіп бағатын немелер кең әлемді белшеден қанға малып қойсаң: «Бұл не істегенің», — деп нәлет айтпайды. — «Апырай, қалай істедің?» деп қайран қалады.

Тек тірінде маңайындағылардың бәрін таңғалтумен өт. Өле өлгенше таңғалып өткендер саған өлген соң да таңғалады. Олардың аузындағы лақапты естіп, сені көрмегендер де таңғалады. Тек оларға әлгі өзгеден естіген естіміштеріне «е, бәсе» деп қойғызатындай қып, әр жер-әр жерге өз күдіретіңнен жұрнақ қалдырып отырсаң болғаны.

Ол кез келген пенденің қолынан келмегенмен, бар қазынаны астыңа басып, бар қаруды маңайыңа иіріп ұстап отырған сенің қолыңнан келеді. Тек қажып қалма... Токмейілісіп қалма... Әйтсең болды, күйеуінің көзіне шөп салмай жүре алмайтын жады қатынның қойнынан өрген бөтен еркектей мына опасыз дүниенің тағы бір пұшпағынан өзіңнен гөрі-мықтырақ басқа біреудің сыпаң етіп шыға келуі оп-оңай... Өзің де осынша күдіретке жұрттың қапысын тауып жетпеп пе ең, ендеше өзің де жұртқа қапыңды таптыртпа... Қапыңды құдай таппаса, адам таппасын...

Құдай таппаса... Иә, бұл бұрын ол жорықтан жеңіспен оралғанда дәл осы жолғыдай қайдағы-жайдағының бәрін ойлап, миын ашытушы ма еді. Бұның бәрі ту сонау жүрегінің түбінде жасырулы жататын еді ғой. Жұртқа көрсетпек түгілі, қайта-қайта қолына алып қарай берсе, көлденең көзге қолды қылып алармын деп, қорқып, әйтеуір, сенімді жерде тұрғанын біліп, іштей тоқ боп, өзі де көп сұқтана бермейтін қымбат бұйымындай осы бір ұры түйіншек түп ниетін тіпті өз ойынан да бірер қабат қалтарыс ұстаушы еді ғой... Енді неге бүгін кеп, өз жынын өзі қайта шайнап, күйіс қайтарған қоспақ түйедей әлдеқашан бүге-шігесіне дейін ойлап, әбден кесіп-пішіп қойған, тіріде ешкімге аузынан шықпайтын сырларын қайыра толғап, қайта ойлап отырғаны несі? Іш есепті де тұтынғасын, алмас қарудай берік тұтынған жөн. Орынсыз шошандата берсең, о да қолыңнан шығып кетеді, жауға бұйырса — өз қаруындай о да өз мойыныңды қыркады.

Сондықтан ол өзі бір тұтынған шешімді қырық қайтара кесіп-пішіп жатпайтын-ды. Бүгінгісіне түсіне алмай келеді. Бұрынғы жорықтарында қанша шаршаса да тап мынандай ойы ойран болмайтын. Әлде бір апта бойы ұлы құмның ішінде қыс пен көктемнің өліарасы — Бесқонақтың, дауылына тап

боп, әбден титықтап қажығанынан ба... Әйтпесе, бұ жолы да бағындырған елі, қиратқан тағы аз емес. Жол-жөнекейгі ұсақ патшалықтарды былай қойғанда, өзімен көптен ұстасып, сырттай теке тіресіп жүрген екі бәсекелесінің көзін құрытып келе жатыр.

Бұрын аяғының астына домалап түскен бөтен тажды көрген сайын, бір айдынданып қалушы еді, бұл жолы селт етпей қойды. Әлде бұл қанша бел бермеуге тырысқанмен іргене қонып алып, әрлі-берлі жүріп тұрғаныңның бәріне де итін қосып жатқан қаскөй көрші кәріліктен бе екен? Ол немені қалың қол ертіп барып шауып алуға да болмайды, айла-тәсілмен алдын орап қайтарып жіберетін аңғал жау да емес. Самсаған сары қолмен көк желкеңе келіп шатыр тігіп жатып алған ата дұшпандай бірден қол салмаса да, күн өткен сайын төбе-құйқанды шымырлатып, сенімінді сетінете түседі.

Енді, міне жылдап-жылдап жүріп қайтатын алыс жорықтардың да бұдан былай ауырға түсетінін мықтап сездіріп келеді.

Соны ойлағанда жүрегінің басын аяз қарып алғандай, шым ете қалды.

Тақ бұйырып, таж киіп, өзін басынған жауды бір-бірлеп алдына жыға бастағанда-ақ, өмірінің алтын тақтың үстінде емес, ат үстінде өтетінін анық аңғарған-ды.

Сол бетімен әлі келеді. Талай елді бағындырды. Ат тұяғы жетер жерде бұның қол астына қарамаған жалғыз-ақ ел бар. Қара құмырсқадай қаптаған немелер көптігіне сене ме, өзгелердей айбына қоймайды. Тіпті ауық-ауық бұған жіберіп тұратын селдір сақал, қысық көз елшілерінің өзі бірде елпілдеп аяғына жығылып, бірде кілгіре қарап, манаурай тіл қатып, мардамси қалады.

Тісін көптен қайрап жүргенмен, оларға кезек енді келген сияқты. Қалған үш тарапты аузына қаратып, қайта тұрмастай етіп тізесіне басты. Енді одан басқа алаңдары да жоқ.

Қазір талай жаудың жүрегін шайлықтырған әскері де нағыз «сен шап, мен атайын» боп бабында тұр. Оның ойы — әскерінің осындай тас түйін қалпын жоғалтып алмай, бірер ай ғана тыныс қып, алыс жорыққа аттанып кетпек. Соған бола, осы жорығында ертең тағы бас көтеріп, қарудың күшімен ұстап тұрмас үшін қай елді алғанда да, әскерлерінен жұрнақ қалдырмай түгел қырғызды.

Жол-жөнекей бұрын көнген аймақтардан да қол қосып алып келеді. Мың сан тұяқ құм шағылды қарш-қарш асап, мың-мың көк найза күнге шағылысып, шағыл-шағылдың ара-арасынан шұбырып шығып жатқан соңындағы қара құрым қол алыс жорықтан еліне қайтып келе жатқан әскерден гөрі

елінен жорыққа енді аттанып бара жатқан әскерге көбірек ұқсайды. Жауынгерлері қыз қойнынан өргендей құп-қунақ. Тулар мен көзге түскен онбасы, жүзбасылардың қыл құйрық нысана найзалары да шашақтарын желге сылап желк-желк етеді.

Жорықтан қайтып келе жатқандарын сездіретін қазына артқан керуендер мен қолдарына кісен салулы көп құл, көп күң ғана. Ол не болса да Байтақ шаһарының өзіне осы сары масадай самсаған қалың қолымен кірмек. Үш тарапты табанына таптап келе жатқан әміршілерін халық өз көзімен көріп, бір айбынып қалсын...

Кенет, әмірші алдындағы ақ шағылдың үстіне шаншылып шыға келген бір жіңішке сырықты көзі шалды. Көктемгі шайдай ашық көк ніл аспанның өзінен де көкпеңбек сол тіп-тік сырық құм тасасынан сәл-пәл мұнартып көрінетін көк жиікке инедей қадалып тұрып апты.

Бұны әлденеге аян берген нышан ба деп, қасына сайттерінің бірін шақырып сұрағысы келді де, оның барған сайын тым қара көктеніп, айқындала түскенін байқап, әліптің артын бақты.

Ұлы шағылдар таусылып майса құмақтар басталды. Көп ұзамай қатқыл жолығатын сыңай танылды. Әуелі тыр жалаңаш құмның әр жер-әр жерінен қылаңытып қана көрінген бұта басқан бұйрат шағылдардың барған сайын қатарлары жиілей түсті.

Шағылдардан асқасын, бұрынғы аяғының астына кеп жатып қалған көкжиек те бауырын көтеріп ту-ту алысқа жылыстай бастады.

Мынау қарақұрым қалың қолдардан сескенгендей алыс-алыс бұйраттарға қарай мысық табандап шегіне түскен көктемгі күлтілдек көкжиекпен бірге әлгі бір сиқыр сырық та алыстай берді.

Бұлар жүзген, сексеуіл, шағыр ұйлыға өскен ойдым-ойдым түлейлерді орағытып өтіп, құмақ жалдарға көтерілді. Көп ұзамай қатқак қара жонға да шықты. Сонау ту-ту алыстан сағым көтерген ала теңбіл таулар бұлаңытты.

Тағы да біраз жүріңкірегінде, алабас таулардан көп беріректе сағым шалып жатқан кең қойнауға көп қарайғандар көрінді. Әлгі бір елден ерек серейіп көрінген көк сырық та бірте-бірте селдір мұнарға сіңе түсті.

Көк қойнауға көп қарайған айқындала бастады. Қарсы алдарынан қара құрым қалың қол кес-кестеп тұра қалғандай зәулім мұнаралары көк мұнарда қалқып, байтақ шаһар шыға келді. Қақ төрде әлгі бір аспанмен бой таласқан көк сырық, енді байқады — мұнара. Оны бұрын бұл шаһардан көрмеген сияқты еді. Көк масаты көйлек киген әлде бір арудың алыстан арып-ашып келе жатқан жарына сағына қол бұлғап, көк-

ке көтерген білегіндей жұп-жұмыр, сымбатты мұнара жақындаған сайын жалт-жұлт ойнап жарқырай түсті.

Қалың қол жылмиған жазық кең койнауға түскенде, жер рені кенет қызғылт тартты. Әр жер-әр жерде жыбыр-жыбыр қыбырлап кішкене-кішкене қарайғандар жүр. Көктем шаһарды шырқ айнала қоршап жатқан кең ойпаттың астын үстіне шығарыпты. Атқа жеккен, өгізге жеккен, жаяу сүйреткен көп соқа енді-енді бозқылшықтана бастаған тақтай тегістіктің сауырын таспадай тіліп, жеңіспен оралған сапардың салтанатты шеруіне тұрды. Қақ алдында адырналарын шірене тартып садақшылар, одан кейін сұп-суық көк алмастарын көкке көтерген қылышкерлер мен найзагерлер тұрды. Олардың өкшесін баса, кісендеулі құлдар мен олжалар артылған ұзын-шұбақ керуен жүреді. Керуеннің артын ала — әр қилы халықтан таңдап алынған тұтқын қыздар өтеді.

Солардан соң барып, он мың нөкердің ортасында күмбірлеп хан отырған шатыр көрінеді.

Қос қанаттағы жер қайысқан қалың қол мен тосқауыл әскер сансыздың соңынан шаһар қақпасына дейін бірге барады.

Жолдың екі бетіндегі жүзімдікке, қауын-қарбыз егетін бақшалыққа, мақтаға айдалған аңыз жер біраздан соң бау-бақшаға ұласты. Жеміс ағаштары енді-енді бүрлей бастапты. Төңірек көк-ала шыт көйлек кигендей. Сол селдір көк шабдар алаптың астынан шым дуалдар қоршаған аула-ауланың арасымен көшелер басталды. Көшенің екі бетіндегі кең жаймаларда қытайы жібек, күнге шағылысқан әр алуан асыл тас, алтын, күміс, былғары мен шұға, аң терілері, шар тараптың саудагерлері әкелген ірілі-ұсақ бұйымдар ыбырсып жатыр, жылы самсаның, кепкен мейіздің, буы бұрқыраған ыссы палаудың, сексеуілдің шоғына шыжғырған кәуаптың ию-қию исі мұрын жарады.

Көк желек жамылған бау-бақша кілт азайып, ығы-жығы адам мен иін тірескен қоңырқай дуалдар көбейе түсті. Лай шалшыққа бір бүйірден келіп қосылған ақ түтек ағындай боп, шерудің алды шаһарға ене беріп еді, шаһардың қақ ортасындағы биік дөңестегі шырқ айнала су толы тоғандармен қоршалған биік қорғанның іші кернейлетіп қоя берді. Сол-ақ екен шашақты найза мен қыл жалаулары жалбыраған қалың қолдың да бар керней, бар дауылпазы дабылдата жөнелді. Мың-сан тұяқтың саздауыт жерді шегелеп басқан қуатты дүсірі мен даңғырлаған дабылдан Байтақ шаһардың барша көк күмбездері мен көк мұнаралары да байлаудағы тұлпардай арқасы қозып жер тарпып тұрғандай, күллі дүние тітіреп кетті.

Шаһар тұрғындары қапелімде өндері қату көк найзалардан қорқып кеткендей дуалға асылып, саңылаулардан сығалап,

шерулетіп өтіп бара жатқан көп әскерден көз алмай қарап қалыпты.

Алмас ханның бар назары шаһар үстіндегі шалқар аспанға асқақтай бой көтерген жаңа мұнарада...

II

Әмірші жорықтың жеңіспен аяқталғанына той өткізді.

Той екі айға созылды. Ол өткен ашық алаң тағы да қаңырап бос қалды. Екі ай бойы той тойлаған байтақ шаһар қайтадан үйреншікті тіршілігіне көшті. Әбден қапысыз сайрандап, құмарларынан шыққан жұрттың бәрі қунақ.

Тек әміршінің ғана шаршағаны тарамған. Ол той өткен күннің ертеңіне шаһардың шыға беріс сыртындағы оңаша сарайға көшіп алған-ды. Ол ішіне күн түспейтін қалың бақтың қақ ортасындағы биік төбенің басында-ды. Салтанаты өзге сарайлардың ешқайсысынан кем болмаса да, онда ешкімді қабылдамайтын. Сарай тұрған төбенің жан-жағындағы бақ та тау қойнауларындағы табиғи тоғайдай өз бетімен өскен-ді. Оның ішіндегі еліктер мен тотылар да, өзге бақтардағыдай қолға үйретілмеген, жабайы; адам көрінсе анадайдан қаша жөнеледі.

Мұнда келгенде әмірші өзге сарайлардағыдай қақырайып тақта отырмайды. Көбіне-көп сарайды шырқ айнала қоршаған тоған судан көпірмен өтіп, күні бойы бақ ішін аралайды. Қасына жолдас та ертпейді. Бұл баққа үй-ішінен басқа сарай адамдарынан ешкім жіберілмейді. Бірақ, олар да мұнда тек өз рұқсатымен ғана аттайды. Ол көбіне-көп кішкене немерелерін осында шақырып ап, күні бойы бірге қыдыратын да, кешқұрым күймеге отырғызып, бәйбішесіне қайыратын-ды.

Бұл жолы мұнда немерелерін де алдыртпады. Жолығатын шаруа бар еді деп, бәйбішесі адам жіберген екен, кейінірек сөйлесерміз деп қабылдамай қойды. Ұзақ жорық, одан кейінгі той-томалақтың ырду-дырдуы әбден қалжыратқан. Қазір ешкімді көргісі келмейді.

Сая бақтың оңаша түкпіріне барып, сылдырап ағып жатқан бұлақ басындағы қойтастарға отырады да қояды. Мынау жарық жалғанда тек осы бір аядай тұма бұлақтың басында ғана ол өзін билеуші сезінбейді. Сылдыр-сылдыр ағып жатқан мөлдір бұлаққа да, жасыл-желек арасында мігірсіз шықылықтаған сансыз құстарға да, су үстінен шыр айналып шықпай қойған көк қанат инелікке де оның ешқандай әмірі жүрмейді. Бұл арада одан ештеңе ықпайды. Тек қалың нудың ішінен шыға кеп, бұны көргенде дүркіреп кейін қарай зыта жөнелетін үркек еліктер ғана сескенеді. Бірақ, олар да бұдан атақты билеуші екен деп емес, көп екі аяқтылардың бірі екен деп қорқады.

Ол бұлаққа беттегенде төңіректегі сақшылар мен сарай қызметкерлері де көзге көрінбей жымып береді.

Әмірші оңаша тұма бұлақ басында ұзақ отырады. Талай-талай алыс жорықтарға тәуекелді осы арада бұған-ды. Талай-талай таж кигендердің тағдыры да осы бір пейіштей рақат маужыраған оңаша алаңқайда, сылқ-сылқ күлген сылқым бұлақ басында шешілген-ді.

Мұнда келгенде көкірегінде де әрдайым мынау жер қойнынан жылымшылап шығып жатқан тұнба судай таусылмас, тартылмас ойлар қоздайтын. Бірақ, бұлақ суы бір қалыпты шыға береді, бір арнамен аға береді.

Ал, әміршінің көңілінде енді түлеп жатқан түртіншек ойлар қайта-қайта арнасынан адасып, әр саққа бір жүгіріп кетеді.

Міне, бүгін де ол көп ұзамай тағы да атқа қонатын келесі жорығы туралы ойланғалы келіп еді, есіне қайдағы бір алма сап ете қалды.

Сол бір білінер-білінбес жіп-жіңішке пышақ дағы түскен нарт қызыл алма кеше бұның алдынан қайтқан-ды, жаңа тамақ үстінде қызметші әйел алтын табаққа салып тағы әкеліпті.

Ол өзге алмалар жетпегендей, тап соны ұстай апты. Арасын ашып қарап еді — бұлаңдап құрт шықты. Қызметшілерінің алдында мінез шақырып жатпайтын; байқамаған боп табаққа қоя салды.

Қызметші әйел қайта алып кетті. Ол қатуланып отырса да, қызметшінің бұл ағаттығын кешірген болды, лықсып келе қалған ашуын жасырған болды.

Бірақ, мұның қиырдан шалып отыратын қырағы көзі қызметші әйелдің жұқа ернін жымқыра тістеп алғанынан басқа, жүзінен не жүріс-тұрысынан ешқандай қысылған-қымтырылған мінез байқамады. Қызметші әйелдердің иба сақтаған боп, еріндерін тістеп, жымия күліп жүретіндері қашанғы әдеттері емес пе! Сонда қызметші әйел әміршінің алдында әлгіндей ыңғайсыз жағдайға ұшырағанына түк қысылмағаны ма? Әлде дастарқан үстіне өзге тағамдар мен ыдыс аяқтарды қойып, күйбендеп жүріп, көрмей қалды ма екен? Қызметші түгілі уәзірлер де, қол басылары да, тіпті өз балалары да алдына келгенде бауырларын жаза алмай, бүгежектеп тұрмай ма? Ендеше, бейшара әйелге не жорық; ол тіпті әміршінің жүзіне қарауға, не істеп не қойғанын аңдып отыруға жүрегі дауалайды дейсің бе; әлгіндей-әлгіндейді тіпті байқамайтын да болар.

Әміршінің кейде қарауындағылардың оп-оңай нәрсеге қайтіп ақылдары жетпейтініне қайран қалатыны бар. Артынан өзі байыптап ойлап-ойлап, онысының бекер екеніне көзі жетеді. Өзі болса, біреуге жаға ма, жақпай қала ма, деп қипақта-

майды, ал қарауындағылар мұның қас-қабағын бағып қипақтап тұрғанда, шатаспастан шатасып кетуі әбден ықтимал.

Ол бағыныштылармен оңаша сырласқанда мәжілістесін ұзақ сөйлетіп, өзі үн-түнсіз тындайды да отырады. Әбден айтатынын айтып болғанша сөзін бөлмейді. Ұстаз алдындағы бала шәкірттей қыбыр етпей, аузына қарап қатады да қалады. Тіпті, «иә, дұрыс, айта бер» деп мақұлдап басын да иземейді. Өйтсе де, кейбіреулердің «тап осы бағытымнан ауып кетсем, жақпай қалармын» деп ыңғайға аунап, көп сырын ішке бүгіп қалуы мүмкін ғой. Оған өз бағыныштысының ішіне құлта сақтамағаны, не ойлап, не қойғанын түк қалдырмай түгел айтып бергені керек. Өйткені бұның әмірінің астындағы елде ішіне сыр бүгіп, құлта сақтауға тек оның өзінің ғана хақысы бар. Ал былайғы жұрт бұның жолынан жаны мен қанын аямағанда, сырын аяп қайтеді... Бұл өзіне бағынышты жердегі әр пенденің не ойлап, не қоятынын түгел біліп отыруға тиісті. Әсіресе өз төңірегіндегілердің көкірегіндегісін әбден ақи-тақи бәрін біліп алмай тұрып, көңілі көншімейді. Адамның сырын білмейтін атқа мінбейтіні сияқты, не ойлап — не қоятынын, өресінің қайда жетіп, қай жерден сүрінетінін білмейтін кісілерді де маңайына жолатпағаны жөн. Оның үстіне әр адамның сыры көкейінде жатқанда ғана өзінің қаруы да, аузынан шығып кеткен соң естіген кісінің қаруы емес пе? Бұл өз маңайындағыларға ішіне құлта сақтатпауға тырысады. Қай-қайсысының да бар сырын біліп ап, өз сөзімен өзін матап қояды.

Сондықтан да бағыныштыларын ештеңеден секем алдырмай, еркін сөйлетіп бағады. Біреуді тындап отырып, сөзін түзеткенді ит етінен жек көреді. Қайта білетін нәрсесін білмеген боп, өп-өтірік аңғал сұрақтар қояды.

Сонда жер түбіндегіні біледі дейтін сұңғыла әміршінің қайдағы бір қарапайым нәрселерден де бейхабар екенін көрген мәжілістесінің манағыдан бері көмейіне іркіп, ашып айтпай, маңайлап қайтып жүрген тілдегі тиегі өз-өзінен ағытылып қоя береді.

Сөйтіп әуелі бағыныштысына ішіндегі қырындысына дейін айтқызыдырып алады да, өзінің анау ойлап отырғандай аңқау еместігін артынан барып аңғартады, ар жақ-бер жағынды айтқызбай біліп отырған көріпкел кісінің қалпын танытады. Сонда әлгі саулап отырған «сабазың» бірден жым болады. Бұдан кейін ол да бір, мұрындығы тесілген тайлақ та бір — айтқанына жүріп, айдауына көнбеске амалы қайсы...

Әмірші атаулының былайғы жұрттан биік тұратын жері де — өзі кімнің сырын білгісі келсе де, сұрап біліп ап, өзге ешкімге сыр айтпайтындығында емес пе? Арғы-бергіде әміршіден сыр сұрауға жүрегі дауалаған адам бар ма, тәйірі...

Әмірші аузына қандай берік болса, құлағын да әркімнің

аузына төсеп отыра алмайды, оған біреудің өсегін тыңдағаннан гөрі басындағы алтын тажды жұлып ап, сасық ауыз өсекшінің алдына түкіргіш қып қойғаны әлдеқайда дұрыс.

Ол біреу туралы шағым айтып келген кісіні ит етінен жек көреді. Ал өзі туралы өзгелер не айтып жатқанын өсек қып жеткізгендерді бір-екі рет дар астынан қайтарғаны да бар. Содан бері бұған ешкім әлгіндей бұралқы әңгімемен маңайламайтын болды. Уәзірлері мен балалары өзі тапсырма бермесе, ешкім жөнінде ештеңе айтпайды. Бұл білуге тиісті төтенше оқиғаларды ханның үй-іші не сарайдың аса жоғары дәрежелі ұлықтары бұл бал аштыратын сейіттерге айтады. Олар бұған өздері естіген жайсыз хабарды нысаналап білдіреді. Бұл олардың әлгіндей нысаналарының ар жағында не жатқанын ақи-тақи білгісі келсе ғана шақырып ап әлгі өзі байқаған нысананы жорытады. Сонда сейіттер оған өздері естіген қолайсыз лақапты ашып айтпай, әлгі нысананың жоруы қып тұспалдап жеткізеді, оны қалай түсіну бұның өз еркінде. Әлгі тұспал әңгімеге қарап, қандай қорытынды шығарарын, жазықтыға қандай жаза қолданарын тек өзі ғана біледі. Әрбір құлағы естіген ұнамсыз жағдайды әшкерелеп отыру, жазалап отыру падишаның өзіне де оңай тимейді. Ал біреуден әлгіндей қылмыстың анық-қанығын естіп біліп отырып, оған лайықты жаза қолданбаса, о да халық алдындағы асқар таудай абыройына дақ салар еді.

«Қайда да айла таппас тығырықтан қаш», деген өз қағидасын берік тұтынатын ол бұл мәселеде де өз қолына өзі бөгеу салғысы келмейді. Оның үстіне шағым мен өсек жекелеген кісілер үстінен айтылады. Қара нөпір әскерді қан қасап қып қырып тастауға бар әмірші әрбір жеке пенденің іс-әрекетін бағалағанда, әсіресе, жазалағанда, қиянат, әділетсіздік жіберуге қатты қаймығады. Өйткені соғыста жазықсыз жауынгерлерді, әркімнің әлпештеп өсірген өрімдей ұлдарын қанша көп қырсаң, соншалықты атағың асса, жай өмірде жай әншейін көкірегінде жаны бар жалба тонды қайыршыға істеген сәл әділетсіздігің абыройынды айрандай төгеді. Ал әмірші басыңмен қарапайым біреуге қайырым жасасаң, қаншама боздақты қырған қан ішер атағың жойылып, қарашыға қайырымдылық жасаған, қара қылды қақ жарған әділетті атағың жайылады.

Оған да баяғыда күнге жорығының тұсында әбден көзі жеткен.

Пәлен ай бойы үдере тартып келе жатқан ауыр қол ақыры жау астанасына да жақындады. Алдарынан арқырай мөңкіген тау өзені жолықты. Арғы бетте өкшелері жалтыраған қара сирақ дихандар маң-маң басып дән сеуіп жүр. Кең қойнауды шырқ айнала қоршаған таға таудың баурайының бәрі бұйра-бұйра ну жыныс, үлпілдек ақ жолақ, ақшыл жолақ, сарғыш жолақ, қызғылт жолақ, жасыл жолақ — теңбіл-теңбіл. Ертең-

гі пісетін шырын жемістердің дәмін сездіретіндей бір түрлі күмілжі тәтті иіс кісіні еліттіріп, басқа шабатындай.

Сол бір пейіштей көркем қойнауға быжынап көп шатыр қонды. Барлық кернейлер тартылып, барлық дауылпаз дабыл қақты. Әлгі тұнып тұрған тыныш қойнау мен манаурап жатқан марғау тауларға жан біткендей, жан-жақтан дүбір мен дүсір көбейе бастады. Бұйра жыныстардың арасындағы бұғылар мен еліктер сытылып шығып, өзеннің арғы бетіндегі ұлан-асыр кең жазыққа қарай лап қойды. Жан-жақтан тартылған сұр жебе онсыз да жүректері ұшып безіп бара жатқан жүйрік хайуандардың соңынан суылдап қуып берді. Талайы омақаса құлап, опат тапты. Қалың қолға оңай ет табылды.

Өзеннің арғы бетіндегі қара сирақ дихандар да қара жолақ айғыз-айғыз аңыз басына қолдарындағы соқалары мен кетпендерін, тұқым толы дорбаларын тастай-тастай қаша жөнелді. Бірақ, олардың соңынан оқ жауған жоқ.

Тау баурайындағы сыбдыр күшеймесе басылар емес. Олар, шамасы, қалың-қалыңның арасымен арғы қауыпсыз баурайға жылысып бара жатқан жымысқы жыртқыш аңдардың дүсірі болса керек.

Жауынгерлер ағаш кесіп, шоқы-шоқының басына отын үйді. Кешқұрым кеңінен орағытып жатқан тағы таулардың басынан қатар-қатар тізіле жағылған көп алау лаулап қоя берді. Жазғы аспанның быжынаған көп жұлдызы жер бетіне көшіп қонғандай. Түнгі көкжиек түп-түгел өрт құшағында.

Ертеңіне де ол тырп етпей сол көк қойнауға жатып алды. Тағы да кеш түсті. Тағы да жер мен көкті отқа тоғытты.

Астана төңірегіндегі қалың елдің мынадай жұлдыздан да көп әскерге дәт қылып жатар шыдамдары екі-ақ күнге жетті. Үшінші күні таңертең жан-жақтан бұларға еркімен мойын ұсынған босқындар лек-лек ағыла бастады.

Ол босқындарды әскер жайғасқан алқапқа жолатпай бір жағы — ақар-шақар тау, екінші жағы — доғаша иіліп, орағытып ағып жатқан жойқын өзеннің ортасындағы тығырық тар түбекке иіріп қамай тұруға әмір берді. Осынау жер қайысқан жау нәсілді ертең піл үстінен от жаудырып шығатын жау әскерінің алдынан салмақшы.

Түс ауа босқындарды барып көріп кел деп үлкен ұлын жұмсап еді, көп ұзамай қайтып келді. Өңі сұп-сұр. Қалың кірпіктері жаппай көтеріліп, бадырақ ала көзіндегі бар үрейді жарқыратып жайып салыпты.

Есіктен аттамай жатып:

— Босқындардың саны жүз мыңға жетті, — деді.

— Бесінге дейін біздің әскердің санынан асып кетуі мүмкін, — деді әмірлердің бірі.

Бұны естігенде сары ала шатырдың екі жақ іргесін толтырып, қаз-қатар тізіліп отырған әскер басылар бір-біріне қа-

расты. Олардың көңіліне ойда жоқтан қонақтай қалған қобалжуды бұл айтқызбай-ақ танып отыр.

Бұның оң жағында сыртын тай жарғақпен қаптаған қалың құранды, қарсы алдындағы күміс тағанның үстіне қойып таспиық тартып отырған ақ сұр хазірет әңгімеге араласты.

— Уа, тақсыр, қара шыбындай быжынап, мынау жарық жалғанды қайдағы бір ыбылыс-ластыққа жайлатып бара жатқан кәпір тұқымды қалай қырсаңыз да, қанша қырсаңыз да сауап. Мен өзім ол найсаптарды оның өз қолымен бауыздауға әзірмін. Оларды осы қазір қылыштың астына алмасаныз, алдымызды түнге айналдырсақ, қапы қалуымыз ықтимал, — деді.

— Хазірет жөн айтты.

— Иә, қапы қалуымыз мүмкін.

Үлкен ұлы мен бас уәзір оның сөзін қосарлана қостады.

Бесін ауа қалың әскер босқындар иірілулі тұрған түбекке беттеді. Олар әуелі бұлардың не мақсатпен келе жатқанына түсінбей, айқайлап қуанды.

Көктің жүзін көшіп келе жатқан шегірткедей жебе қаптап кеткенін көргенде барып, жан дауыстары шығып бақыра бастады.

Жүз мың адамның өкірген, бақырған, шыңғырған әжеп-тарқы дауысының жаңғырығынан жан-жақтағы шоқы-шоқылар ел көшкен жұртта қалған бұралқы иттердей жапа-тармағай ұлып қоя берді. Жойқын өзеннің сары ала суы бұрынғысынан бетер жөңкіле ағып жатқандай.

Садақшылар жаудырған көп жебеден босқындар бірінің үстіне бірі құлап, жайрап қалды. Қалғандары қаптап келе жатқан қалың әскерден қастарында сұлап-сұлап жатқан өліктерді бірінің үстіне бірін қалап, төбе-төбе қалқа жасап, жандәрмен қорғанып бақты.

Енді іске найзагерлер кірісті. Көк сүңгіге ілінгендер ақырғы рет аспанды бір көріп қалайыншы дегендей, басын әнтек шошаң еткізіп, шалқая бір қарайды да, сосын мойындары сылқ құлап, найза ұшында қан сасып жатқан қара жерге тесіле қарап тұрып қалады.

Өліктерден қалаған тосқауыл опыр-топыр құлағанда қылыштар көкке ойнап шыға келді. Өмірінде қой да бауыздап көрмеген хазіреттің өзі қолына қылыш алды.

Босқындар қарусыз болса да, арыстандай арпалысты. Қолына түскен жауынгердің кеңірдегін орып, құлағын шайнап жатқаны қайсы, оқ тиіп жерде құлап жатып, өтіп бара жатқан жауынгердің аяғына жабысып, тілерсегін қырқып, қадалып айырылмай жатқаны қайсы — манағы өкірген, бақырғанның бәрін қойып айқасып бақты. Қарш-қарш тіс шықыры мен дүрс-дүрс тиген жұдырық дыбысы қылыш суылына, ақырғы рет ышқынған жан тәсілімге араласып, ию-қию; суға атылып

бас сауғаламақ болған босқындар қызыл түтек ағын мен садақ оғына жем болды.

Күн екіндіге таянғанда тығырық түбекте жауынгерлер жұлықтарынан қан кешіп өліктерді төбе-төбе қып үйіп жатты.

Қара шыбындай көп деп айбынып келген жұртты оп-оңай жусатып тастағандарына әбден еліріп алды. Ол күні-түні бойы аспанды шырақтай маздатып өлік өртеген алаулардың айыртілі шарпып шықты. Түнгі аспан күңірсік өліктердің май-май күйесіне батып қалған тажал қазанының түбіндегі қап-қара боп, бауырын алауға аймалатып, тас төбеден төңкеріліп төнді де тұрды.

Ертеңіне таң намазын оқып болған соң, хазіретке құран аштырды. Ақ сұр молда қалың құранды алдына алып жая салды да, ашылған беттегі сүрені күңіреніп оқи жөнелді: «Шынына келсек, мұндағы өмір неге ұқсайды? Ол аспаннан жер бетіне адам мен барша жан-жануар атаулы азық қылатын алуан түрлі өсімдік өңсін деп жауатын нұрдың суына ұқсайды. Жердің беті қызыл-жасыл құлпырып, гүл-гүл жайнап шыға келгенде, пенделер оны бұндай көз тойдырар көрікке бөлеп жүрген өзіміз ғой деп ойлайды, ал сол араға бір күні не бір түні мына біздің төтенше әміріміз тап болса, ол өмірі ешқашан әлгіндей гүлдеп, құлпырып көрмегендей, түк атаулы тып-типыл боп түгел жайпалып, құлазып шыға келер еді».

Ақ сұр хазірет құранды қайта жапты. Сосын жай әуенге көшсе, құран оқыған мақамын ұмытып қалатын кісіше ыңыранып сөйлей бастады:

— Тақсыр, әлгі ашылған сүре мынау көк найзаңыздың астына кеп, ажалын тосып тұрған көп кәпірдің басына көрінетін болжал. Іншалла, бүгін олар да орылған қаудай жайпалып қалады екен. Енді алла-тағала сіздің өзіңіздің бүгінгі ғазуат ұрысыңызға қандай нышан білдірер екен, соны көрейік,— деп тізесінде жатқан құранды қолына қайта алды.

Бұл жолы: «Алла сізді ештеңеге билігі жүрмейтін құлақ кесті құнсыз құл менен оны құрбандыққа шалмай тұра алмайтын асыл қасиет, абзал сипат беріп өз тәнімізден әдейі жаратқан сүйікті ұлымызбен салыстырып көруге меңзейді»— деген сүре шықты.

Хазірет оны: «Бұл жерде жаратқан ием кәпір мен мұсылман жайлы мисалды айтып отыр. Біреуі — алтынға сатылатын құлақ кесті құл, қор; екіншісі — өз ырзығын алланың шарафатынан алған, не істеп, не қоям десе де еркі бар азат адам; ол екеуі ешқашан бір-бірімен тең болмайды, деп, сіздей сайыпқыранның қылышынан өлгендердің сұраусыз екендігіне мегзейді»,— деп түсіндірді. Сосын басталғалы тұрған ұрыстың кәпірстанды пайғамбардың ақ туының астына жығуын тілеп бата қылды.

Ол әскерін алдарындағы асау арнаның арғы бетіне шығар-

ды. Өзі атына мініп, әскердің он қанаты мен сол қанатын, маңдайы мен ортасын, тосқауылды сапқа тұрғызып, орын-орындарына жайғастырды. Он қанатқа үлкен ұлы мен кенже ұлын және төрт әмірді, сол қанатқа екі ортаншы ұлы мен төрт әмірді, алдыңғы шепке бас қолбасшыны, бір ұлын және төрт әмірді қойды. Ортадағы әскерді өзі басқаратын болды.

Жау жағында жиырма мың атты әскер, отыз мың жаяу әскер, жүз жиырма піл ұрысқа кірісуге сақадай сай тұр. Жүз жиырма пілді бір-біріне тұмсықтарынан тіркеп қойыпты. Арқаларына ұзын-шуақ ашамай ерттеліп, оған әрқайсысына алты-алтыдан садақ ататын мергендер отырыпты, пілдердің ара-арасына алма кезектестіріп тас атқыштар мен ауыздарынан от шашатын зеңбіректер қойылыпты.

Мынау дөңкиген-дөңкиген тау-тау пілдердің қасында мұның атқа мінген әскері жаяу адамдай тым жұпыны, тым жатаған көрінді. Оны анау дәу мінгендер қазір-ақ жайпап өтердей. Кеше күр қол босқындарды қыруға екіленіп кіріскендер бұ жолы сасайын деді. Әсіресе, молдалар, жұлдыз қарайтын сәуегейлер, қазына ұстайтындарда өң қалмады.

Бұл: «Соғыс тұсында сендер қайда боласындар?»— деп сұрап еді, олар: «Біз анау қатын-балалар қорқар, солардың қасында қара боп тұрсақ қайтеді?»— деп шу ете қалды.

Әмірші күліп жіберді.

Алқаптың екі бетінен жер қайысқан қалың қол маң-маң басып бір-біріне жақындап келеді. Екі жақтың қақ алдарындағы шолғыншы әскерлері енді-енді маңдай түйістірерде ол өз әскерінің қақ ортасындағы үйік обаның басына шығып жайнамазын жайып, құбылаға қарап, намазға жығылды.

Намаз оқып тұрып майдан даласына көзі түсіп еді, алдыңғы шеп ауыр пілдер мен қарша бораған қара тасқа қайрат қыла алмай мысық табандап шегініп келеді екен.

Ол жайнамазын шұғыл жиып, ортадағы әскерден екі қанатқа қосымша әскер жіберді. Сол-ақ екен жау әскері бұларды маңдайдан тықсыртып, ішке біраз еніп кеткен кезде, екі қанаттың тосқауыл әскері қос бүйірден қаптағайлап дүрсө қоя берді. Барлық күштерін маңдайға салған жау әскері қапталдарынан мұндай тосын килігісті күтпеп еді, қапелімде сасқалақтап қалды. Соны сезген мұның ту сыртындағы тосқауыл әскер де қақ айрылып қос қанатқа қарай ұмтылды. Бұлардың маңдай алды күштері жаудың тілдерін өз сондарына салып, тереңге шегіне берді.

Қос қанаттан тап берген мол әскерден тоқтай қап қорғанған жау әскері пілдерінен қара үзіп алыстап қалды. Соны пайдаланған бұлардың алдыңғы шебі жүз жиырма пілді арттарынан орағытып қоршауға алды.

Екі сақинаның ортасында бір-бірінен ажырап қалған жау қанша жанталаса ұрысса да, бірте-бірте әлсірей берді.

Ашамай үстіндегі мергендерді бұлардың жан-жақтан жауған жебесі баудай жайпады. Көп ұзамай ер жүрек жігіттер қылыштарын жалаңдатып пілге қарсы шапты. Бір-біріне тұмсығынан байлаулы хайуандар бүйірлерінен кірші-кірші кірген қылыш пен найзаға қайрат қыла алмай біріне-бірі соқтығып, ұйлығып қалды.

Алпамса хайуандарға да жан керек екенін біліп алған сарбаздар онан сайын екілене түсті.

Пілдердің ара-арасындағы тас атқыштарды қолға түсіріп ап, алып хайуандарға қак маңдайларына ат басындай ауыр тастарды қарша боратты. Көп ұзамай жол үстіне теңкиіп-теңкиіп құлап жатқан пілдер көбейді. Олар да кара қанға малшынды.

Әлгінде ғана кейбіреулердің үрейін ұшырған дәу хайуандар бірте-бірте сирей берді.

Бір уақытта оның он төрт жасар немересі бір пілді қолға түсіріп, алдына алып келді. Ол ойына: «Дәуітке Сүлейменді беріп ек, ол оған қандай тамаша қызметші бола білді» деген сүре оралып, ер жүрек немересінің маңдайынан иіскеді.

Сол екі арада екінші сақинаның ортасына түскен жау әскерінің де күл-талқаны шықты.

Кен алқаптың бойында жайрап жатқан өлікке ат сүрініп жүре алмады.

Сол күні бесін намаз тұсында ол астанаға келіп кірді. Туы жығылған елдің қалған ақ сүйектері қаланың қақпасын өздері ашып, алдынан шығып бастарын иді.

Қалың әскер бөтен елдің бай астанасының аңырайып ашық-тесік жатқан қақпаларынан тұс-тұстан лап қойды.

Ол қолбасшыларымен жеңілген елдің патша сарайында думандатып отырғанда оның жер қайысқан сарбаздары қала ішінде сайрандап жүрді.

Шаһарды сыртынан төрт жағынан төрт түменге күзеттіріп қойды да, қалғандарына жау астанасында құмарларынан шыққанша ойран салуларына, құшақтары талғанша құшып, қоржындары толғанша тонауларына ерік берді.

Бұл ойран екі аптаға созылды. Әркімнің қос-қостан мініп шыққан аттарының тұла бойы қоржыннан көрінбейді.

Бірақ, жұрттың ындыны жаман ашылыпты. Әр қайсысы жүз-жүзден күл мен күң ертіп шыққан жауынгерлер де болды.

Бәрінен де бір сығыр көз жылтыр қараның қорлығы өтті. Бұл жеңілген елдің бір топ ақ сүйектерін ертіп, нөкерімен қала ортасындағы аланда келе жатып, тапа-тал түсте көшеде алысып жүрген екі еркекті көрді. Анадай жерде бір-біріне қосақтаулы екі ат, оның қасына қолдарынан қыл шылбырмен байлап, бір-біріне тіркеп қойған он шақты әйел, еркек тұр.

Алысып жатқан екеудің қастарына хан келгенімен де шаруалары жоқ. Екі көзі бірдей соқыр еңгезердей едірең мұрт

мосқал біреу мойынына қос қолдап жабысып қалған сығыр көз сыптығыр қараны шекеден де, тұмсықтан да беріп жүр. Шарапқа аямай тойып алған сыптығыр қараның ұзын мойыны едірең мұрттының зіл жұдырығына төтеп бере алмай, көк есектің мойынына таққан қоңыраудай әрлі-берлі бұлғандай береді. Бірақ, дүние қоңыз сыптығыр қараның қос қолы еңгезердей соқырдың алқымынан айрылар емес.

Ол мына масқараға шыдай алмады. Көптен бері істеп көрмеген әдетіне басып, екі көзіне қан толып, күймеден секіріп түсіп, төбелесіп жатқандардың қасына жетіп барды да, сыптығыр қараны оң иықтан қылышпен тартып қалып еді, аяғын құшақтап құлап түсті.

Еңгезердей соқыр енді мұның етегіне жармасып, жібермей қойды:

«О, қайырымды адам, кім боласыз... Анамнан қалған жалғыз көз — ақық алқа еді. Мына бір көрсеқызар сүмелек жабысып алып бермей тұрған еді. Тәңір жарылқағыр, атыңды айтшы! Өмір-бақи аузымнан тастамайын», — дейді.

— «Ой, пақыр, менің аты-жөнімді біліп қайтесің, — деді әмірші. — Шіркін, еліңнің барлық еркек кіндігі сендей болсайшы!»

Содан бұл қайтар жолда қай қалаға соқса да, алдынан ғарыпты қорғаған қайырымды билеуші туралы аңыз шықты да отырды.

Елге келген соң ол өзі жоқтағы оқиғаларды айтқан бір топ ғайбатшыны той үстінде дарға асты.

Енді ешкім оған арыз айтып келмейтін болды. Алда-жалда ол білмеуге болмайтын сұрқия хабарды шайқылар мен сейіттер ғана тұспалдап сездіреді. Манағы алма да солардың ісі болмасын! Сонда бұл ненің нышаны? Өз ел, өз топырағында оған қандай қатер төнбек? Жақын жерде бұған жүрегі барып шаба қоятын жау да жоқ. Машырық елшісіне көп ұзамай найзамен өзі баратынын сездіріп, бұның халқы мен ер жүрек әскерінің көңіл күйі қандай екенін көрсін, білсін, айтып барсын деп екі ай бойы тойда ұстады да, той біткен соң, кеше ғана, еліне қайтарды. Ол барып жеткенше, бұ да атқа қонады.

Кеше тойдан кейін ел-елге дәруіш, диуана қып жіберген жансыздарымен сөйлесіп көріп еді, төніп тұрған ешқандай қауіп жоқ, төңірек тыныш деген.

Шалғай аймақтар мен керуен жолдарының бойына, шекараға таяу маңайларға дәруіш, саудагер, бақташы қып ұстап жүрген мың түйелі, мың атты құпия әскері де ешқайдан бүлік бар деп хабар айтқан емес.

Елден салық жинайтын уәзірлер мен жер-жердегі әміршінің сыртынан қойған аңдушы сақ құлақтарынан да кісі сескелердей хабар түскен жоқ.

Бірақ ондай алыс аймақтағы сорақылықтарды бұлай құ-

пиялап қайтеді... Әлде бұл алыс жорықта жүргенде сарайда бірдеңе болды ма екен?

Бұл өз төңірегіндегілердің ішіндегі күмәнданатын адамдарын, қайда жүрсе де, көзінен таса қылмай, өзімен бірге ала жүретін-ді. Бұл жолы жорық ұзаққа созылатын болғандықтан, сарайға бас уәзірін тастаған-ды. Егер ол қазынаға қол салса, оның жарасы жеңіл. Ол үшін ешкім бұлай тұспалдап жатпайды. Әр жорықтың алдында бір, соңында бір қазынаны өзі тексереді. Олай болса, көп ұзамай, ол ұрлық өзінен-өзі ашылады. Бірақ бас уәзір ақыл мен айланы, сабыр мен ашуды бірінен-бірі асырмай ұстайтын орнықты кісі еді. Оның қазынаға қол сұғардай сұғанақтыққа баруы еш мүмкін емес. Оның үстінен айтылатын әңгімелерге бұл көп құлақ аса да бермейді. Ондай кісіге жау көп, жала көп болатынын өзі де біледі.

Сонда бұл нышан нені білдірмек... Өз ошағының басы аман. Кешегі тойда бәрінің де бастары түгел-ді. Содан бері бүкіл дүние асты-үстіне шығардай боп бүлініп шыға келуі еш мүмкін емес. Әлгі қызметші әйелдің жіберген ағаттығы ғана...

Бірақ, аршып, ішіндегі құртты көріп тұрып, ол алманы, кім болса да, лақтырып тастамай ма? Бұның табағына салғандары қалай? Жоқ, не де болса, әлдекім әдейі істеп отыр? Сонда оның не ойлағаны?



Әлде қазір адам жіберіп, сейіттерінің бірін шақырса ма екен. Піріне де жорықтан кейін асығыс кіріп шығып еді. Бұрынғыдан ұзақ сұхбаттасып отыра алмаған-ды.

Әмірші ешқашан түсін, не басқадай көрген нышанын әуелі іштей болжалдап алмай тұрып, ешкімге жорытпайтын. Сонда өзегінен құрт шыққан алма... Ол қастандыққа емес, сатқындыққа, опасыздыққа меңзеуге тиісті ғой. Ол не қылған опасыздық!

Заманының мынандай тынышында бұған сатқындық жасап, басына пәлені қаралай өзі шақырып алатындай ол кім?

Қолбасыларының бәрін санап шықты. Ешқайсысының дәл осы сәтте бұған қарсы қол көтерердей сылтау-себебі жоқ сияқты. Үлкен жеңістен соң, әсіресе алыс жорықтардың алдында қолбасыларының басына алтынды жаңбырша жаудыратын мұның қашанғы әдеті. Күнгейдегі бай елді шапқандағы мол байлықты да, кешегі мағрұп елдерінен түскен мол олжаны да ол қолбасылары мен ер жүрек жауынгерлеріне аямай-ақ үлестіріп баққан-ды. Әскер төңірегіндегі адамдарды өзінің сіңірген еңбегінен он есе артық бағалаған жөн. Сонда олар қандай қанды қасапқа айдасаң да құлшынып тұрады.

Осыдан он жыл бұрын күнгей еліне жорыққа аттанарда диуанда пікір екі жарылды. Бұның үлкен ұлы: «Ол елдің мол алтынына ие болсақ, күллі әлемді біз билейміз», — деп құлшынса, әмірлері: «Қара қыбындай қаптаран көп халықты



бағындырып ап, билеп-төстер болсақ, көп ұзамай олар өзімізді жұтып қояды. Ұрпақтарымыз ана тілін де ұмытып қалады»,— деп тартыншақтаған-ды.

Сонда ол кұран аштырып еді: «Пайғамбар, заң білмес, жөн білмес бұзақыларға қарсы соғыс аш»,— деген сүренің үстінен шықты.

Күнге елінің алтыны кейбір әмірлерінің қисайған ауыздарын қайта түзеткен-ді. Қара шыбындай қаптаған елді де жеңуге болатынына сол жорықта көздері жетіп қайтқан-ды. Ал машырықтың алтыны күнге алтынынан көп болмаса, аз емес. Оны тиыннан тиын балалататын мұның елі жақсы біледі.

Ендеше, дәл қазір жаңа жорыққа шығардай кім табыла қояды. Кім?

Ол мынау тығырыққа кеп тіреліп қалды. Тұма бұлақ сылдыр-сылдыр ағып жатыр. Қашан келсең де, мынау тылсым кеңістің әлдебір жерінен жапырақ қозғар леп тауып тұратын биік ағаштар басындағы судыр-судыр да сол қалпы. Бәрі де бұған: «Ойлан, ойлан»,— дейтіндей.

Бой сергітем деп келгенінде, қайдағы-жайдағының бәрін есіне түсіретін осы бір қалтарыс оңашаға, ондағы өсекшінің аузындай ылғи сыпсындап тұратын осы бір жапырақ сыбдыры мен су сылдырына ыза боп кеткендей, орнынан тұрып, жалғыз аяқ соқпаққа түсті. Сумаң соқпақ енді оны қайтадан сарайға бастады.

Манағы маужырап тұрған тып-тыныш дүниені әлдебір түлен түрткендей. Манайының бәрі ың-жың дыбыс. Жұдырықтай ақ тамақ торғайлар қыт-қыттап ағаштан ағашқа қонады. О да бұған бірдене айтайын деп оқталғандай, тамағының асты бүлк-бүлк етеді.

Таң атқалы бұны ағаш арасынан аңдып жүргендей кенет жол қапталынан киік қашты. Бұдан үркіп қашып бара жатпағандай, таңын жарқылдатып мазақтап бара жатқандай.

Сумаң соқпақ өрік ағашының астынан өтті. Уақтылы жиылып алынбаған жеміс өз-өзінен үзіліп түсіп, жерде шашылып жатыр. Көбі иістеніп бұзылып кетіпті. Қанаттары күнге шағылысып жарқ-жұрқ еткен бармақтай-бармақтай көк шыбындар шашылып жатқан өріктің бірінен соң біріне қонып, кекен-кекен етеді.

Шіріген жемістен жексұрын нәрсе бар ма? Кеше ғана алақ боп ұлпілдеп тұрған гүл-ау бұл. Одан түйнек салды. Көк жапырақты жөргек қып, мынау жатаған ағаштар жан-тәнін салып әлдилеген кішкене түйнек жер қойнауынан нәр еміп, аспан төсінен нұр еміп өсе берді. Сары алтындай құлпырып, көзге түскенше асықты. Болды-толды... Болғаны-толғаны осы, сирақтары салтақ-салтақ мына бір малғұндарға жем болды. Миуаның қадірі, шіркін, көзіңе от боп басылып биікте тұрған-

да ғой... Биіктен бір құлаған соң, мынау өріктердей аяқ астыланып қор боласын... Жұрт аймақ түгілі тыжырынып жиіркенеді... Кешегі бал шырынға толып балбыраған тәтті мәуе екенінді не қылсын.

Бұтаққа біткен жеміске бұлай өз бәсін өзі түсіріп, биіктен құламасқа құдай тағала ақыл бермеген... Ал, тырмыса-тырмыса биікке шыққан адамның өзі құлағаны — өлгені... Оны өзгенің сұқты көзі одан гөрі де жоғарырақ өрмелете түспекші.

Сумаң соқпақ сарайды шыр айнала қоршаған тоған судың үстінен көпірге кеп тірелді.

Ол табан астында бойын жиып, манадан бері ой манаура-тып бара жатқан ала көзін қайтадан суытып алды.

Сол сұп-сұр күйінде сарайға кірді. Сол сұп-сұр күйінде өз бөлмесіне өтті.

Қызметші тағам ап кіргенде де, ол кең жайдың қақ ортасындағы шытыра хауыздың жанындағы жолбарыс терісін жапқан жатаған тақтада сол сұп-сұр қалпы отырған-ды.

Қызметші әйел егде еркектің төсегіне алғаш жатқалы келе жатқан бала қыздай, ерінін жымқыра тістеп, бұның дәл алдына кеп тоқтады. Қолындағы табақшасын дөңгелек дастарқанның үстіне әкеп қойды. Ерінін қанша тістегенмен, ұялғанын білдіріп бетіне шапшыған бір тамшы қан жоқ. Опаны аямай жаққан атжақты сопақша жүзі ақ шағылтақтанып тұр. Сұр-мелі көздің сояу кірпіктері қыдығы кеткен бетте өз-өзінен мен мұңдалап тұратын қақсақалдыққа тән қайсарлықты астына бүгіп, өп-өтірік көлгірген болады.

Бұрын қызметшілеріне назарын тіктемеуші еді, бұ жолы тінте қарады. Тайсала қоятын қызметші әйел көрінбейді.

Сонда қалай — мына әйел манағы құрт шыққан алманы әліге дейін көрмеген, білмеген болғаны ма? Көрсен бұдан нағып қысылмайды?

Қызметші әйел беті бұлк етер емес, дастарқанды реттеп болды да, басын иіп, тағзым еткен күйі жұп-жұмыр бөксесіне сарғыш шытыра көйлектің етегін бұлк-бұлк тепкілетіп, тек әйел ғана ойлап таба алатын бір әдемі әзәзіл жүріспен есікке жылысты.

Есік жабылған соң барып, дастарқанға қарады. Көзі қақ алдында жатқан манағы нарт қызыл алмаға түсті. Бұл жолы пышақпен кесілген сызығы ақсиып айқын көрінеді. Өзін өзге тағамдардан бөлектеп оқшау қойыпты.

Әлгі әйел бәрін біледі екен!

Жастығының қасында тұрған қоңырауға қолының қалай тиіп кеткенін білмей де қалды.

Есіктен басын иіп, тағзым етіп, қызметші әйел қайта көрінді.

Бұл өне бойын зіркілдетіп алып бара жатқан ашуды жа-

сыруға бар күшін салып бақты. Қапелімде босағада мүләйімсіп тұрған әйелге не дерін де білмей қалды.

— Мына алманы осындағы бақтан үздіндер ме?

— Жок, таксыр ием, сізге әдейі ұлы ханым жіберіпті.

— Бара бер!

Қызметші әйел жалт бұрыла бергенде, жымқыра тістеген езуінен жымиған күлкі қылаң берді...

Қызметші әйелдің езуіндегі сол бір жымысқы күлкі әдетте мөлтен-мөлтен ағып жататын момақан бұлақтың бетіне де көшіп қонғандай. Сонау қара жер көкірегінен имене шыққан шым-шым су сәлден кейін болар-болмас толқын мезіретке көшіп, жымың қағады, тіпті үнінде де бір аяр сылқымдық бардай — сылдыр-сылдыр, сыңғыр-сыңғыр...

Бұрын дүниенің барша сұғанақ көзінен қалқалайтын қалтарыс деп келетін осы бір оймақтай оңашасын да кейінгі күндері әзәзіл жайлап алғандай. Тіпті астындағы тастың өзі бұл неме сілейіп қашанғы отыра бермекші деп, дөңбекшіп жатқан тәрізді.

Тіпті сонау ағаш басындағы ойнақтаған жапырақтар да бір-біріне бұның біле алмай жүрген әлгі бір құпиясы жайлы сыпсындасып тұрғаннан сау ма?

Бұрын осында келгенде құрыс-тырысының бәрі жазылып, көңілін пысынатқан кермек ойлар да өз-өзінен қоздап қоя беруші еді. Бұ жолы селкеуі көбейіп кетті.

«...Ұлы ханым жіберді».

Бұл осы соңғы жорығына немерелерінің үлкендерін ертіп бәйбішесін де ала шыққан-ды. Ылғи көші-қондымен жүрген балалар елді қатты сағынған соң, осыдан екі жылдай бұрын оны немерелерімен бірге кейін қайырған-ды.

Анада, көктемде, жорықтан қайтып келе жатқанында әдейі бұның алдынан хабаршы шаптырғанда, ол мұндай оқшау хабар айтпап еді ғой.

Келген соң ол тойға дейін ай жарым уақыт байтақ шаһардан сәскелік жердегі ұлы ханым мен немерелері тұратын сарайда дем алып жатқан-ды; бәйбіше онда да мұндай шәлкемшалыс ештеңе сездірмеп еді.

Той үстінде де ол тарапынан ешқандай реніш аңғарған емес. Енді аяқ астынан жасаған мынау ишарасына қалай түсінуге болады? Не де болса, тойдан кейін душар болған жағдай. Егер одан бұрынғы нәрсе болса, баяғыдан бері байқатпай келіп, бүгін айтуы ақылға еш қонбайды.

Шешелерінің сарайына балалары көп барушы еді. Өйтіндері бұдан гөрі шешелерін жақын тұтқандары емес, көбіне-көп әжелерімен бірге тұратын кішкентайларын көруге баратын-ды.

Әлде солардан оғаш мінез байқады ма екен? Бірақ балала-

рының қылығына бола бұған шағынатындай не жөні бар? Олар анасының айтқанын екі етпеуші еді ғой.

Балаларынан қандай мінез шығуы мүмкін... Жаман айтпай жақсы жоқ деп, көзі жұмыла қалса, орнына кім болатынын әлдеқашан өз аузынан айтып қойған-ды. Мұрагерінен әзір сұрқия ой шыға қоюы мүмкін емес. Әлде оған өзге бауырлары көз аларта бастады ма екен? Бірақ оның да қисыны келмейтін тәрізді. Бәрі де бір анадан туған, кіндіктестер. Өзге анадан туған ең үлкен ұлы алыста, күнге елінде, билеуші боп қалды. Мұндағы үшеуі әлі билік дәмін сезе қоймаған жас. Апыр-ау, сонда не болғаны... Әлде мынау ертең-бүгін жолға шығамыз деп отырған алыс жорықтың алдында бұның балаларының басын айналдыратын әзәзілдер табылды ма? Жеті жыл бойы жорықта жүріп, қатын-баласына жаңа қауышып жатқан жұрттың қапелімде үзенгіге қайтадан аяқ салуға зауықтары соға қоймайтыны да рас. Бұл соны біліп, өткен жорықта көзге түскендердің бәрінің басынан алтын жаудырып баққан-ды. Әлде сонысы қате болды ма екен? Бірден жарылқай салмай, әлі де емексіте тұрғаны дұрыс па еді?

Баяғыда өзінің бір әміршіге айтқан ақылы бар-ды: «Түріктердің көздері қандай қысыңқы болса, көңілдері де сондай тартыңқы келеді. Оларды адал қызмет еткізудің жаңғыз жолы көзін қазынаға, көңілін мақтанға тойғызу. Өзгеден тартып ал, өзіндікін сатып ал».

Ол да сол талай елді шарлап жүріп тартып алған алтын мен асылды өз қарауындағыларды сатып алуға жұмсап жатқан жоқ па? Әйтпесе қатындарының бауырындағы байсымақтарды жылы төсектен алтыннан басқа не тұрғыза алушы еді.

Кеше ғана осы мінез шығарады-ау дегендердің дүние қоныздарына қазына таратып, бақ құмарларына дәреже үлестіріп, ындындарын тесіп жатқан қызыл құрттың басын қайтарғандай болып еді ғой.

Сол екі ортада не шыға қалды екен.

Машырықтан келген елшіні әмірлер мен қолбасыларға, тіпті, өзінің балаларына да жуыттырмай қойған-ды.

Ол неме сонда бұл құрған қыл тұзақтан да құмырсқа боп өтер жол тапқаны ма?

Не де болса, алып-жұлып бара жатқан оқшау хабар болды. Әйтпесе бәйбішесі анада, айтатын сөзім бар еді деп, арнайы кісі жібергенде, кейін сөйлесерміз деп, кідіртіп қоймап па еді. Енді міне бұдан әрі күтуге шыдамы жетпегендей, мынау ишара алманы жіберіп отыр. Осы қазір балаларын жиып алса ма екен? Бірақ жаман айтпай, жақсы жоқ, олардың біреу-міреуін тақ құмарлықтың әзәзілі арбап жүрсе, бұның аяқ астынан балаларын шақыртқаны, ондай қара ниет шаруаны тым шұғылдатып жіберуі де мүмкін ғой. Жоқ, оларды дәл қазір шақыртуға болмайды. Басқа бір шаруа шығар. Алда-

жалда балаларының көңілі өйтіп қараға аунаса, бәйбішесінің тап бұлай елдің алдымен елпендеп, өз бауырынан шыққан перзентті жендет балтасына өз қолымен әкеп сала қоюы екі талай.

Ұлы ханымның алалайтыны бұның өлген әйелінен қалған үлкен ұлы еді. Оны сонау көз көрмес алысқа, жау аймаққа, билеуші етіп жіберткізген де сол болатын.

Пірдің аузын алып, тақтың мұрагерлігіне қояр да қоймай жүріп өзінен туған үлкен ұлын белгілетті.

Бұл үлкен баласының көңіліне қарап, біраз созбалақтап көріп еді, бірақ баласы өзге бауырларының ала көзінен қаймықты ма, әлде әкесін екі оттың ортасына салғысы келмеді ме, мұрагерліктен өзі бас тартып, алыс Күнгей еліне билеуші қып жіберуді сұрады.

Тұла бойы тұңғышының сол қылығы есіне түскенде бұның асқар таудай көңілі күрт жығылып, бір түрлі шөжіп қалады. Әлгі бір жан-жақтан дікендеп қоя берген көп оспадар сауалдар да табан астында жым болып, әлдеқайда жым-жылас жоғалып кеткендей. Ойына сонау бір сергелдең жылдар түсті.

Бұның тұқымы жеті атасынан бермен қарай әскер басыды. Арғы бабасы ұлы ханның үлкен ұлының әскерін басқарыпты. Сол үрдіс атадан-атаға көше келе, бұған да жетті. Ол осы өлкеде аты шыққан бір кәрі билеушіде әскер басы — әмір еді. Кәрі билеуші бұны өз балаларынан бетер жақсы көрді. Қызына үйлендірді. Қайын атасы дұшпандарының қастандығынан қаза тапқанда, тағына бұл отырды.

Ол кезде бұл Қосөзен елі қырық бөлік-тін. Бәрі де сонау жер түбіндегі Ұлы хан тұқымына тәуелді еді. Бұл таққа отырған бойында ұсақ хандықтардың басын біріктіргісі келді. Ол үшін бас-басына хан боп қалған немелердің әрқайсысына жеке-жеке: «Қалғандарды қуып шығып, елді екеуіміз билейік», — деп хат жазды.

Билік дегенде көмекейі бүлкілдеп тұратын әмір-сымақтар бұған жеке-жеке хат жолдап, ризашылықтарын айтты.

Онысыз да ала бүлік ұсақ хандықтардың арасына от түсті. Алыстан қай жеңгенің менікі деп өңшең бақ құмар немелерді сүзістіріп қойып бұл отырды.

Сол екі арада ауыр қолмен алыстағы ұлы ханның өзі іргеге кеп тоқтады. Әмірші қалған әмірлердің алдын орап, ұлы ханды қол қусырып қарсы алды. Ондағы ойы — өзге ұсақ хандықтар арасында өз беделін нығайтып алмақ еді. Бірақ ұлы хан тұқымы бұған сенбеді, тақтан алып, қайтадан қолбасылыққа түсірді. Тіпті көп ұзамай оны ұлы хан тұқымына қастандық жасағалы жүр деп астыртын өлтірмекке ниеттері ауды. Құдай көмектесіп, әлгіндей бұйрық бұның өз қолына тиді. Ол елден қашып кетті.

Күні кеше ғана, жорықтан қайтып келе жатқанда, өткен

ұлан-асыр құмның ішінде әлденеше жыл қашып-пысып жүруге тура келді. Әйелін жетектеп талай-талай шағыл кешті. Талай-талай құмақ жонда жалаң аяқ ізі қалды. Қазір құс мамықтан басқа тимейтін табанына қадалмаған шөңге жоқ. Құмға түскен жалаң аяқ ізді жел өшірді. Шөңге тескен жараларды уақыт жазды. Сол бір күндерді бүгінде үлкен ұлын көргенде ғана есіне алатын. Ол өз бауырынан шыққан барлық перзенттерінің ішінде бөлекше ыстық көрінетін. Өйткені, ол болмаса, бұның бұл күн, бұл дәрежеге жете қоюы да неғайбыл еді.

Ұлы шағылдарды кезіп, тентіреп жүргенде, құм елінің бір бегі қолға түсірді. Әйелі екеуін қырық құлаш құдық зынданға әкеп салды. Сыз құрдымға күндіз күннің сәулесі, түнде айдың нұры түспейді. Өлім аузындағы оларды мазақтағандай сонау ту-ту төбеде өлмеші бозамық сәуле ғана жылтырайды. Ара-арасында жүні жалбыраған дудар бөрік құдық аузындағы әлгіндей әлжуаз жарықты да көлегейлеп, түнекте жатқан екеудің тас төбесінен түн боп төнеді.

Сүйегіне шым-шым батып шымылдатып бара жатқан сыздан шыдай алмай, аунақшыған келіншегінің қолындағы темір кісен ғана оқтын-оқтын құлынның кісінегеніндей оқыс үн шығарады.

Ерлі-зайыпты екеуі онысыз да көңілдерін қыжылдатып жатқан өкініш пен ызаның қан шапшыған жарасын қасығылары келмей, бір-біріне тіл қатпайды. Ауық-ауық күрсініп қана қояды.

Солай қырық тоғыз күн өтті. Елуінші күнгі түн сүттей жарық болды. Оны бұлар зынданның аузындағы күміс табақ төңкеріп қойғандай дөңгеленіп жатып алған оқшау нұрдан сезіп жатты.

Қара көрдей қапас түбінде қасарысып, сыр бермей жатқан келіншегі кенет жанын қоярға жер таппай, бебеулей бастады. Тұла бойы өртеніп барады. Маңдайынан тер ағып қоя берді. Қолы кісендеулі. Иығымен демеген болады. Келіншегі бебеулегенін қояр емес. Тұла бойын түгел дірдек қаққызып, сүйек-сүйегін қан қақсатып қақырата бастаған, бұрын-соңды басынан кешіп көрмеген бейтаныс азапқа қылар қайран таба алмай, сыз жарға қайта-қайта басын ұрады. Бұл оған иығын тосады. Әйелдің тастай ауыр басы бұның бұғана сүйектерін қиратып жіберердей екілене түйгіштейді. Әлдебір сәтте әйелі үн-түнсіз сұлқ талып түсті. Сол екі арада бұл өмір бойы естімеген әуелі әлденеге тұншығып, артынша-ақ құлақ жарардай бажылдай жөнелген ащы дауыс шықты.

Сол-ақ екен құдықтың аузындағы дөңгелек нұр оқыс ғайып болды да, артынша қайта жарқырады.

Әуелі омырауына болар-болмас бірдеңе құлағандай болды.

Ол омырауындағы нәрсені иегімен іздеп жүріп, тауып ал-

ды. Кілт екен. Тісімен тістеп тұрып, сұлқ жатқан әйелінің қолындағы кісенді ашты.

Әйелі әлгі бір шарылдаған дауыстан оянып кеткендей, кеудесіне жан кіріп, қозғала бастады. Сәлден соң есін жинап, қайтадан бебеулей жөнелді.

— Бол, мына кілтпен менің қолымдағы кісенді ағыт, — деп ақырды бұл.

Әйел қараңғы қапаста сипалап жүріп қолын әзер тапты. Сосын кілтті таба алмай, біраз азаптанды.

— Бол, бол! — дейді бұл дызығып.

Әлгі бір ащы бажыл басылар емес.

Бір уақытта кісен де ағытылды. Бұл жалма-жан ащы айқай шығып жатқан жерге ұмтылды, қолына жып-жылы бірдене ілікті. Кішкене сәби кіндігі үзілмей шыңғырып жатыр. Ащы даусы бірте-бірте тарғылданып барады.

Ол жас нәрестенің бауырына бас қойды да, шұбатылып тұрған жып-жылы ішекті тісімен қырқып үзіп жіберді. Әйелінің шашын күрт-күрт жұлып ап, тас қып байлап тастады.

Бауырындағы жып-жылы жұдырықтай ет сонда ғана жаны жай тауып омырауына кіре түсті. Пәлен айдан бері ширығып жүрген жүйке-жүйкесінің бәрі түбіттей түтіліп, сүйек-сүйегі борша үгіліп қоя берді.

Ол арқанды әуелі әйеліне кигізді. Кішкене нәрестесін құшақтап өзі сосын шықты.

Зынданның аузында тұрған дудар бөрік қара сақалдыға әйелінің мойнындағы жақұт алқаны үзіп ап, ұстата салды да, қолындағы қылышын жұлып ап, бек жатқан ордаға қарай беттеді.

Зындан басындағы абыр-сабырды естіп қап, жан-жақтан жүгіре шыққан қарулы сарбаз бір қолында жас нәресте, бір қолында ақ алмас, ордаға қарай ұмтылып келе жатқан жалаң аяқ, жалаң бас, жүзі суық адамға қапелімде не істейтіндерін білмей, аңтарылып тұрып қалды.

Ордаға кірер жерде тоқтатпақшы боп, екі сарбаз шалғайына ұмтылып еді, қабаған итті қамшысымен тартып-тартып жібергендей, оң қолындағы ақ алмас айға қарап екі-ақ рет жарқетті, екі босағаны қан жуып қоя берді.

Ол әйелін жетектеп бектің үстіне кіріп барды.

Есік жақтағылар тұра ұмтылған-ды, бек оларға иегін қағып ишарат білдірді. Көтерілген қарулар қинабына қайта түсті.

Бектің ойына не түскенін кім білген, бұларды балалары қырқынан шыққанша оңаша отауға жасырып бақты да, балалары қырқынан шыққан соң, екеуін екі атқа мінгізіп қашырып қоя берді.

Кейін бұл дегеніне жетіп, кеше белінен басып қорлағандарды енді өзі бірінен соң бірін аяғына жаныштап, бүкіл осы елге

бір өзі дербес билеуші болып алған соң, сол құм арасындағы елге қалың қолмен бағыт түзеп еді, бір апта жол қалғанда ұлы дарияның жағасында аттарынан түсіп, найзаларын құмға шаншып тізіліп тұрған дудар бөрік көп жасақты көрді.

Бұлар жақындай бергенде, орталарынан үш кісі бөлініп шығып, бұған қарсы жүрді. Әмірші ортадағы үшкіл сақалдыны таныды — баяғы өзін қашырған бек екен.

Ол бұған бес адымдай жер қалғанда:

— Мынау — құран, мынау — қылыш. Бізге сенсең құран ұстап анттасамыз. Ал сенбесең, мә, қылыш, бәрімізді шауып таста, біз қару жұмсамаймыз, — деді.

Бек өле-өлгенше бұның қадірлі әмірлерінің бірі болды.

Алғашқы әйелі отыз тоғыз жасында дүние салғанды. Ол ханым боп қызықты дәурен сүрмей, бұған жар боп қана өткен, қиын-қыстауды бірге өткерген, алғаш рет әке атандырып, дұшпанның сөзі мен ғайбатынан сарсаң кесек боп қатып қалған суық жүрегіне тұңғыш рет жылу дарытқан қадірлі зайыбына арнап мешіт тұрғызды.

Үлкен баласы көрген сайын көзіне оттай басылады. Есіне сонау жастық шағы, аяулы жары түседі. Оны бөтен елге де қимай аттандырғанды. Осы күнге дейін баласының дұшпан елдің оқ боп атылар мың сан көзінің сұғында жүргенін ойлағанында, тұла бойы дүр тітіркеніп, жоң арқасын мұз қарып өткендей болады. Үлкен ұлы кеткелі жер қайысқан қалың қолдың арасында жүрсін мейлі, айғыр жиын ду-дудың ортасында отырсын мейлі, төрт жағында төрт ұлы, қаптаған немерелері қоршап тұрсын мейлі, өзін-өзі бір түрлі жалғыз сезінеді. Мынау көл-дария аспанның астында кімнің болмасын мәңгі серігі құлазыған жалғыздық екенін де енді ғана ұққан сияқты.

Анасы марқұм өлерінде, арса-арса сүйегін зорға көтеріп жатып:

— Балам, сен арманыңа жеттің. Ал мен арманда кетіп барам. Жапан түздегі оқшау әулиенің ағашындай жалғыз қалпында тастап барам. Астындағы тақты кебісіңнен мықты көрме — одан да сыз өтеді. Үстіндегі ақ орданды сауытыңнан мықты көрме — одан да оқ өтеді. Қаптаған қалың әскерінді қалқаныңнан мықты көрме — оған да көз өтеді. Жай-жағындағы әр қатыннан тараған торпағыңды айбар тұтпа — оларға да сөз өтеді. Қайбір ыстық-суығыңды бір көріп, бір көрпеден өретін әйелің бар. Әр көрпенің астындағы әйел де бір — үйірдегі бие де бір. Сауырындағы сенен гөрі бауырындағы құлыны жақын. Жылқы баласының еркегі, тісі қатайған соң, үйірден алдымен атасын шайнайтын. Содан сақ бол. Көп ұлды кім тауып көріпті. Қартайған шағында апанын бөлтіріктеріне алдырып, желдің өтінде қалған кәрі бөрідей әрі-сәрі күнге ұшырамайын десең, көп баланың бірін баулы. Көп қатынның бәрінің көңілін табам деп шөре-шөре болмай, қадірінді өткізіп,

бірін тұтын. Сенің әкең, ұлы жалғыз өзің болған соң, ертерек аттан түсіп, билікті саған берді. Ал сенің балаң көп, өз күшіктеріңді өз көзіңше қырылыстырып қоймай, өле-өлгенше ешқайсысына тағынды берме. Тұғырдан түскен соң, балалы қатыныңды сағалама — балаларына арқа сүйеп, басыңның қадірін кетіреді; баласыз әйелді сағала — балалы әйелдеріңнің алдында баласыздығынан қорғалақтап, өзінді пана тұтып, өле-өлгенше сыйлап өтеді, — деген.

Өзге жұрт есітпесін, өзі мықтап ұғып алсын дегендей, қолынан тас қып қысып ап, сыбырлап, қадалып айтқан осы сөздерді естігенде, бұның сай-сүйегі шымырлап қоя бергенді. Айтарын айтып болған соң, әл кеткен қаймыжық еріндер қайтадан табысып, манадан бері бұның жүзіне қадалып алған сұрғылт көздер өз-өзінен бірте-бірте алыстап бара жатқандай көрінді. Ауру қаусатқан кәрінің қалтылдақ қолы құс мамық төсекке сұлық құлап түскенде, қаһарынан күллі жаһан ыққан әмірші басымен анасының бауырынан көзі ашылмай тұрып ажыраған бала күшіктей абдырап қалған-ды.

Содан бері алыс жорықтардан елге оралғанда есіне анасының осы бір сөзі түседі.

Сөйтіп қазіргі ұлы ханым шынында, бәйбішенің орнына түскен пара бәйбіше еді. Ұлы тұқым ұрпағының бірінің қызы-ды. Бұл бүкіл елді біріктіріп жұлдызы оңынан туып тұрғанда, ата-тегінде ешкім таққа отырып көрмеген ақсүйек те емес, қара сүйек те емес, ала сүйек деп көз аларта беретін жуан тұқымның өзін кіндіктен матап, өз қолында ұстап отыру үшін әдейі үйленген-ді.

Шетінен бақ құмар келетін айтулы тұқымның қызы бұның қылышының астына бір тудан соң бір ту жапырыла құлап жатқанын көріп, өсіп-өнген өз жұртынан гөрі бұған бауыр басыңқырап кетті. Төркіндерінің кейбір пыш-пышына құлақта аспайтын болды. Қыздарының қыңырайғанын көре-көре, төркін жағының да көңілі суйын деді. Бірте-бірте қыздарын емес, бұны жағалап келетінді шығарды. Өйткені батпан көкірек шонжар әулеттің таусылып бітпейтін шетсіз-шексіз көп қолқасын қыздарынан гөрі бұл оңайырақ орындап жіберетінді. Қазір мұның найзасынан аспандағы ай мен күннің өзі айбынатындай болған тұста, олар бір кездегі жуан тұқымның ұрпақтары екенін айтып, тұмсықтарын шүйіруді біржола ұмытқан-ды.

Олар келе-келе бабаларын ауызға алуды атымен қойып, енді онды-солды бұны айтып мақтанатын болды. Кейінгі кезде бұның ұлдары ер жетіп, өзімен бірге жорыққа аттанып, ерлік көрсетіп көзге түсе бастағанда, кер ауыз тұқым бұның өзінде қоя қойып, «біздің анау пәленше жиен баяғы пәленшекеме тартқан, көрерсің де, білерсің, ол әкесінен де озады» деп жиендерін мақтайтынды шығарып жүр.

Бауырынан өрбігеннің бәрі ұл болып туып, бәрі де аман-есен ер жетіп келе жатқаннан бері ұлы ханым да бұрынғыдай асты-үстіне түспейтін болды. Тіпті кейінгі кезде балаларынан туған немерелерінің бәрін өз қолына жиып ап, тек жорықтан қайтқан уақытта болмаса басқа уақытта: «Келсе, өзі келсін»,— деп, сарайында жатып алатынды шығарды.

Ана бір жылы анасының сөзі есіне түсіп, нағашы жұртынан кіші әйелін алды. Он алтыға енді шыққан бала қыздың мінезі баяғы алғашқы әйелін есіне түсірді. Тарпаң-тұрпаңсыз, биязы. Биліктің әзәзіл дәміне әлі құныға қоймаған уыз жас.

Кейінгі жорығына бұрынғы әдетімен ұлы ханымды алып, оны осында тастап кеткен-ді. Ал кіші ханым жорықтағы жарының құрметіне мұнара салыпты. Қазір байтақ шаһардағы мұнараларының бәрінен бойын асырып тұрған — сол.

Алмас хан осы оңаша сарайды кіші ханымға берген-ді. Енді алыс жорық алдындағы аз тынысын осында өткізбек. Егдерген шағында бұрынғыдай сарайдан-сарайға көшіп жүргенді қойып, осында біржолата тұрақтамақ.

Бәлкім, бәйбішесінің соған іші тарылып жүрген шығар. Баяғыдан бері осыған да ақылың жетпей отыр ма дегендей, дәл тұмсығының астынан ара ұшып өтті. Төбесіндегі жапырақтар да жамыраса сыбдыр қақты.

Ол мынау ойына оқыс түскен ақылға қайран қалды. Жастық шақта ой екеш ойың да бірден шалатын жас тазыдай бүйтіп басын қатырып із шарлап кетпейтін еді.

Әрине, бұрын қасынан шығармайтын өр көкірек бәйбіше жас әйелімен оңаша кеткеніне риза емес. Тірі ол түгілі өлген әйеліне мешіт салған жылы да Ұлы ханымның ұзақ уақыт қабағынан кірбің кетпеді. Бұрын мешіт шымбайына батып жүргенде, енді міне жаңа мұнара тағы қосылды.

Кәрі әйел күйеуіне жұрттың үстінен сөз тасып жағынбаса, басқа несімен жағады?! Әлгі нарт қызыл алма да — бәйбішесінің сондай іші тарлығынан шығып жатқан ишара. Ендеше бұған бола бас қатырудың қажеті жоқ. Бүгін күні бойы жанын тызылдата жеп жатқан жегі құрттың ындыны бітелгендей, арқасы жайылып қоя берді.

Әмірші сол күні күндегісіндей емес, жайлы ұйықтады, жай тұрды. Таңғы астан соң күйме жеккізді.

Сарай қақпасынан жарқырап шыға келген сары ала күйме соңына желкілдетіп нөкер ертіп, жаңа біткен оқшау мұнараға қарай тартты.

Үш тарапты табанына таптаған әмірші өзі басып алған елдерде алтын таж бен тақытқа қандай өш болса, сәнді сарайлар мен мұнараларға да сондай өш-ті.

Ол өзінің жаһандағы билеуші атаулының бәрінен озғаны секілді астанасын да бар шаһардың бәрінен оздырмақ. Кеше-

гі жорығынан да мыңнан астам шеберді көзінен тізіп айдап келді.

Әр жорықтан оралған сайын, астанасын бір аралап шығарды. Қазір байтақ шаһар мұның өзі көрген шаһарлардың қай-қайсысынан да ажар асыра бастады.

Әсіресе өткен жолы қатты риза болды. Кіші ханым бұның көңіліндегісін көрмей біліп, алдынан көкпен таласқан көк мұнара салғызып қойыпты.

Өзінің салынған жері де сәтті табылыпты; анадайдан мен мұнда лап тұрады екен. Айналасы ашық. Ажар салыстырардай өзге мұнаралардың бәрі алыста.

Әнекей, көк мұнара күлімдеп шыға келді. Көзің түскенде-ақ, бірден көңілің жадырап қоя береді. Әншейінде әрі кетіп өңсізденіп тұратын шілде аспанына да көк ніл қайта оралғандай, әсіресе мұнара төбесіндегі аспан, ала бөтен мөлдіреп көрінеді.

Мұнара, бұлар жақындаған сайын, биіктей берді. Күлім қағып тұрған өңі бірте-бірте сұстана түсті. Дәл іргесіне келгенде, зәңгір көкті төбесімен тіреп шалқалап жатып алды.

Әміршінің көкірегіндегі бір-бірімен ит жығыс түсіп, арбасып жатқан әр ұдай сезімдердің бәрі де жым болды. Көз алдында көк тіреп тұрып алған тәкаппар мұнара көңіліндегі көп түйткілді қуып шықты. Осындай асқақ мұнараның басқа еш шаһарда жоқ, тек өз астанасында тұрғанына қатты риза болды. Басқа шаһарда тұрса, соңындағы самсаған сан нөкер әлдеқашан қолдарына балта алып, әміршілеріне аспандай қараған тас құбыжықты талқандай бастаған болар еді. Бұл жолы бәрі ауыздарын ашып қапты.

Бұдан былай бұл мұнара оның аспандата көтеретін көк туындай күллі әлемнің тас төбесінен қарап тұратын болады.

Ұлы әміршінің өзі секілді жер түбінен мен мұнда лап, өзіне шақырып тұрады да, қасына келгенде, айбынтып шыға келеді.

Көк мұнара көзінді жіберер емес. Әмірші тәкаппар сұлу-дың асқақ жүзіне телміре қараған бозбаладай тамсанып әлі тұр.

Ол мынау көк мұнараға, оның ажарына ажар қосқысы келгендей, төбесінен төңкеріліп жатып алған мөлдір аспанға, жеті жыл бойы осынау зәңгір биікке мысқалдап өрмелеп, осындай мұнара тұрғызған шеберге, алыс жорықтан шаршап қайтқанда, қалжыраған көңілінді тас-түлек қырандай самғатып аспаннан бір шығаратын көз қуаныш әзірлеген зайыбына — мұның абыройын асырып, атағын жайып жатқан мынау жарық дүниенің бәріне аса разы болды.

Көк мұнара, алыстасаң болды, қайтадан бұрынғы жылы өңіне ауысады. Жаңа ғана, қасына барғанда, состиып-состиып сұс көрсетіп тұрып алған көк тастар қайтадан күліп қоя бе-

реді. Алыстаған сайын, көзіне шоқтай басылады. Жаңа ғана аспандай қарап, көз қиығын салмай тұрған асқақ сұлу, қасынан ұзай бергенде, күлім қағып, қайтадан өзіне шақырғандай. Шырқ айналып шыққың келмейді.

Мына мұнарада еркекке тән ерлік пен тәкаппарлық емес, әйелге тән пандық пен мейірім қоса қабаттасқан ерекше бір сүйкімді көрік көбірек.

Ол сан-сапат жорықтарында талай мұнаралар мен сарайларды көре-жүре, тап мынадай сиқыр сұлулықты бұрын-соңды ешқайдан жолықтырған емес. Бірақ көзін жібермей, көңілін тұзақтап тұсап-матап тастаған өзгеше көріктің сиқырына түсіне де алмай келеді.

Жанына жақындағанның ешқайсысына мейір танытпай, ту-ту алыстағы аяулысына күлімдей қарап, келе гөр, келе гөр деп жалбарынған аяулы ару, асыл жардай асқақ мұнара...

Мұнараны салған шебер жас ханымның алыс жорықтағы жарына деген сағынышты махаббатын қалай дәл бейнелеген...

Жаңа ғана жарқ-жұрқ етіп дәл жанында тұрған асқақ мұнара алыстаған сайын әлдебір көкшіл кіреуке жамылып, жүрегінді шымылдатар мұңлы мұнараға орана түсті.

Енді «апыр-ай, тастап кеткенің бе?.. Кетпе... Кете көрме...» деп жалынып тұрғандай.

«Тоқта! Қайт кейін!»

Табан астында былайғы ойдың бәрін белден омырып, көңіліне ұялай қалған осы бір оқыс бұйрық көмейіне кептеліп тұрып қалғандай. Өмірші шалқалап жатқан жұмсақ арқалықтан басын жұлып алды, бірақ үндемеді...

Енді, сарайға қайтып оралғанша, мұнара жаққа қарамауға тырысты. Оның бұл мінезін қасындағы нөкерінің ертең қандай саққа жүгіртерін біле алмай, жұмсақ арқалыққа қайтадан шалқалап, көзін жұмып ап жатты да қойды.

Түскі тамақта әлденеге жүрегі өртеніп, ештеңеге тәбеті тартпады. Балға малып мұздатқан бір тілім қауыннан басқа аузына ас алмады. Салқын қауын өз-өзінен лоблып тұрған жүрегін басқандай болды. Бұл жолы алма әкелінбепті. Қызметші әйел де жұп-жұқа селдір желеңнің ар жағында көзін төмен салып, үлбірей қалыпты... Кешегідей бұны сынай қараған сынай танытпады...

Қызметші әйел кеткен соң, кең бөлменің қақ ортасындағы күңгірт күрең, көк мәрмәр шаршылардан қиюластырып жасаған хауызда бүлк-бүлк шығып жатқан мөлтен суға қарап біраз отырды... Сол бір көз жасындай, көріне түсіп жоғалып жатқан мөлт-мөлт тамшыларға қараған сайын, көңілі әлденеге жібектей жұмсарып барады. Көктемнің майда самалындай әлдебір майса сезімнен мұның жанында пәлен жылдан бері тапжылмай жатып алған қаттылық пен қатыгездіктің меңіреу тоңы біртіндеп мүжіле түскендей, қараптан-қарап отырып әл-

денеге елегізіп, бір түрлі жалғызсырағандай болды. Көкірегінде ойда жоқтан аяныш оялды. Мынау еміс-еміс көрініп ап, бойын жазып шапши алмай қайтадан құрдымға жоғалып жатқан мөлдір суды ма, жоқ әлгі кіреуке көк мұнарға оранып ап, мөлдіреп қала берген көк мұнараны ма — нені аяп отырғанын өзі де білмейді... Мынау мөлдір судай мап-майда үлбірек сезім ойына тағы да ханымды түсірді. Ол әлгі көк мұнарада бұған алыстан қол бұлғаған сағынышы мен асыға күткен ынтызарын, өзгеден ала бөтен өліп-өшкен ықыласын ғана емес, жалғыздығын, басқалардың көптігін істеп басынғанын көріп, қамырыққан қам көңілін, «кел, мұңымды тында, ұқ, қорға» деп шағынған жалбарыныш сезімін түгел бейнелегендей. Асқақтық пен нәзіктік, шаттық пен мұң, ерлік пен аяныш, сағыныш пен құштарлық — бәрі қосылғанда махаббаттан басқа не болушы еді.

Оның қандай екенін басқа білмесе де, бұл біледі. Марқұм қайтыс болған бәйбішесі пәлен күн шағыл кезген құғын-сүргін жүріске шыдай алмай, мұның бауырына кіруге именіп, жасқаншақтап қасына жабысып: «Әбден болдырып барам, сәл демеп жіберші», — деп қиналғанда, қажыған жанарынан тап осындай біріне-бірі тіркесіп көрінген көп сезімді көруші еді.

Анада үлкен ұлы оңаша кеп қоштасып кеткенде де, оның қалың қабақтың астына тереңірек жасыруға тырысып баққан жанарынан баяғыда анасының көзінен аңғарған сол бір кіреу-келі күйді көргендей болған-ды.

Мана көк мұнарадан алыстай түскендегі көзіне іліккен көріністен де сол бір өзіне өзге жұрттан ерекше ыстық екі адамның жанарынан байқаған тілмен айтып жеткізе алмастай тылсым сезімді көрген екен ғой. Сиқыр мұнарадағы ала-бөтен көріктің сырына енді түсінгендей болды. Ол кіші ханымды осы қазір көргісі, оның жаутандаған жанарына осы қазір үңілгісі келді.

Көкірек тұсы әлденеге оқыс бұлқынғандай секілді. Ол тап бүгінгідей албырт сезімді көптен басынан кешіп көрмеген тәрізді еді. Аяқ астынан мұндай күйге ұшырағанына ма, жоқ пәлен жылдан бері мұндай сезімсіз сіресіп қалай өмір сүріп келгеніне ме — қайсысына қайран қаларын біле алмады. Не де болса, ханымды тап осы қазір көргісі келді. Оның жанарының да қандай екенін ұмытып қалыпты. Көп оңаша жолығып жарымаған-ды, жұрт ішінде әйелінің жүзіне сұқтанып қарап отыра алмасы сірә белгілі... Шамасы, ашаң жүзін ашусыз сынық көрсететін мөлтілдеген мойыл қара көзді, сұлу қыр мұрынды, ыстық ықылас сыйғыза алмастай тым қаймыжық жұқа да, сезімсіз дөрекі көнтек те емес, етті, ұлпа ерінді, жұмыр иек болса керек. Өлтіріп-өшіріп, күйдіріп-жандыратын шоғынан гөрі шуағы, естен тандырар сиқыр күлкісінен гөрі кісі қиып кете алмастай жұмсақ мұңы, нұры мол, ұялшақ, биязы,

махаббатқа адал әйелдердің түр-түсі әдетте солай келеді деседі.

Манағы көрген көк мұнарада бейнеленген махаббат — тап әлгіндей әйелге тән махаббат. Адамзат жүрегіне баратын төте жолды әйел жүрегінен бастаған Сүлеймен пайғамбардың өзі сұлу-сұлудың қанша бір түрімен пейілдес бола тұра, адамды әлгіндей қаяусыз сезімі мен жіпсіз матап алатын ибалы аруларды періште тұтқан көрінеді.

Сүлеймен пайғамбар шырын шарапты тәтті ләззатынан айрылып қалам деп, тілінің ұшын ғана тигізіп, тек дәміне тамсанып отырыпты-мыс деседі. Ал бұл ат үстіндегі сарт-сұрт сарбаздығына басып, тап олай сырбазсып көрген емес-ті.

Бақса, осы уақытқа дейін маңдайына біткен бақтың рахатын қызықтап көрмепті. Оның ерте суынған жүрегі аяғының астына кеп құлаған әр алуан тулар мен домалап жатқан көп таждан басқадан ләззат іздемепті.

Қит етсе, басындағы таж бен астындағы тақыт аяғын байлап келіпті. Қырық пышақ елдің тажын киіп, тағына мінген адамның олай болмасқа амалы да жоқ еді. Енді міне екеуі бір сарайда отырып, қасына кіші ханымды шақыра алмай, дал боп отыр. Өзгелер тарапынан тізені көп көріп, әбден қаттылыққа үйреніп, үй-ішін де маңына көп жолата бермейтін әмірші ханымдар бөлмесіне де тек түнде ғана бас сұғатын. Елші қабылдаған, жұртпен кеңескен, не үй іші боп бала-шағамен түгел бас қосқан ошақ басы мәжілістер болмаса, әйелдерімен күндіз оңаша жолығу салтында жоқ-ты.

Енді, міне, қанша алағызса да, кіші ханымды қасына шақыруға, не өзі барып жолығуға төңірегіндегілерге өзі үйреткен салт аяғына тұсау боп отыр. Тапа-тал түсте әсіресе бәйбішесі әлгіндей жорамал жолдап, әр қызметшісі бұл не істеп, не қояр екен деп, әр адымын аңдып отырған тұста күндіз кіші ханыммен жолығысса, төңірегіндегі жұрттың неге жорырын кім білсін...

Кешті асыға күтті. Бұған дейін зулап өткен уақыт енді аяғына тұсау түскендей, баспай қойды. Күн көзі де ұлы бесінге барды да, бір орында тапжылмай тұрып алды.

Оңаша бөлмеде сарылып отыра беруге дегбірі жетпеген әмірші қайтадан бақ кезді. Күндізгідей бұлақ басына барып ойға шомып отырғысы келіп еді, іріген айрандай ойының басы қосылмай, орнынан тұрып кетті. Ауық-ауық күн көзіне қарап қояды.

Жаудан қайтпаған жүрегі әйел төсегіне жақындауға қаймығатындай болған кезінде, жаңа үйленген бозбала жігіттей, күннің тезірек батқанын, тезірек ымырт орнағанын тыпырши тосты.

Көлеңке ұзарды. Ағаш-ағаштың көлеңкелері бір-бірімен

ұштаса бастады. Бақ іші күңгірттене әмірші сарайына қайтты. Манадан бері сарыла тосқаннан саз тартқан жүрегіне тағы бір күптілік кірді. Кешке абажадай кең бөлмеде самсай маздаған самала шырақтар жарығында өзінің мынау ұлан-асыр жарық жалғанда жалғыз екенін ойлап елегізіді. Көк найзалар арасында тұрса, қасқая шапқан қалың жаудан да қорықпас еді. Жаландаған жас жігіт шағы болса, ойланбастан ханым бөлмесіне қойып кетер еді. Алағызған албырт махаббат айдап апаратын жастан кетті. Сырласып, құса таратуға кіретін сырдықта бәйбішесі емес, уыздай жап-жас бейтаныс бойжеткен. Атын да білмей, асығыс ұшырасып, айрылысып кеткен көп кәнизактың біріндей кіші ханым осы кезге дейін өзіне бір тіл қатып көрген емес. Әмірші, міне, отыз жылдан асыпты, ешкіммен сырласып көрмепті. Қазір барып кіші ханымға не дейді? Абажа бөлмеде атымен жат бір әйел, бір еркек не бітірмек, не сөйлеспек? Үлбіреген бала қыздың өзінің әйелі екені шын. Ол түгілі бүкіл байтақ шаһар, ондағы әр үй, әр адам әмірші дегенде тік тұрады. Бүкіл ел тік тұрады. Жарты әлем аузына қарайды. Бірақ жарты әлем толы жанның ешқайсысымен іш ашысып сырласа алмайды. Кіші ханым да — сол жарты әлемді жайлаған жұмыр басты пенделердің бірі. Мынау оңаша сарайға екеуден-екеу қамалғандарына әлденеше күн өтті. Бірақ батылы жетіп күйеуінің қасына келе алмады. Неткен тамұқ дүние... Ашса — алақанындағы, жұмса — жұдырығындағы жарты әлемдегі жан біткеннің жаны да, тәні де — бәрі өзінікі, бірақ бәрі жат... Бәрі де бұдан тек бұйрық қана күтеді. Бұрын ол өзінен басқалардың бәрі де өкіметтің өктемдігі деп аталатын көзге көрінбес қыл тұзақпен шандулы, тырп етерге дәрмен жоқ тозақ торда екенін жақсы білетін. Бірақ ондай тордан өзін азатпын деп ойлайтын. Бүгін кеп байқаса, сол өзгелерді матап келген қыл тұзақ, енді міне өзінің де аяқ-қолын шырмай бастапты. Жұрт бұрын әміршінің көзі мен сөзінен қорқатын болса, енді міне әмірші де жұрттың көзі мен сөзінен қорқатынды шығарыпты...

Міне, ол мысық табандап өзі жататын бөлмеден шықты. Түн ортасы ауғанша тырп еткізбей матап қойған сиқыр тұзақ біржолата ағытылып қалып қоймай, әлі де сирағына жабысып шұбатылып келеді.

Қақ төбедегі мәрмәр шытыралар да, қос қапталдағы безерген мылқау қабырғалар да, тас бағандардың тасасына тығылған ұры көлеңкелер де, аяғының астындағы масаты кілемнің жапырыла құлап жатқан майса түктері де, тіпті қолындағы шырақтан да — әр адымын көз жазбай бағатындай; сарай ішінде әлдебір қалтарыстардан енді қайтер екен, енді қайтер екен, деп тағаттары таусылып аңдып тұрған мыңдаған тіміскі көздер мен қазір қаймығып, дымдары ішінде боп, жұмулы тұрған талай-талай жымысқы еріндер, ол қазір кіші ханым

жатқан бөлменің табалдырығынан аттауы-ақ мұң, бәрі бірдей жабыла табалай жөнелгелі тұрғандай.

Мыңдаған жанның басы бұныкі болғанмен, ойы бұныкі емес, тілі бұныкі болғанмен, көңілі бұныкі емес. Бұл бір өзі мынды аңдып тұра алмайды, мың бәрі жабылып бұны аңдыды. Мың қол, мың аяқтың әр аттағаны, әр қимылы бұның көзінен таса, ал бұның әр қимыл, әр аттағаны мыңның көзінде.

Олар мынау оңаша сарайдың ішінде түн ортасы ауғанша кірпік ілмей аңдып отыр.

Әне сақал-шашы ағарған, көзі қып-қызыл екі кәрі азбан құл қол қусырып босағадан жылыстай берді. Тірі өліктей боп мөлііп, кірпіктерімен жер шұқып тәлімсіп тұрғандарымен, кәзір тұстарынан өте бере-ақ, бір-біріне ым қағады.

Әмірші әлдекім ту сыртынан қанжар сұғып алғандай, жалт қарап еді, айтқанындай-ақ екі құл бастарын енді көтергелі жатыр екен, оның сұп-суық жанарына оқыс шарпылып, қайтадан мойындары салбырап жерге қарап кетті.

Серіе ашылған ауыр есік те қайта жабылғанда, емен жақтауға әлденеңе деп мінгір еткендей болды.

Әмірші самала шырақтар самсаған тағы бір кең бөлмеге өтті. Бір жақ бұрышта үйіріле қалған қара қоңыр көлеңкеден әлдене қылаңытады. Ол — созалаңдап орнынан тұрып жатқан қызметші кемпір... Кіші ханымның күтушісі. Әміршінің барлық әйеліне жас кезінде, хан ордаға алғаш аттаған шағында сол күтуші болады. Падиша төсегінің маңынан жүріп көрмеген осы бір қартаң әйел ханымдарға әмірші әйелі болғанның қалай болатынын үйретеді. Сарайдағы басқа қызметшілердей емес паң. Маңғаз басып, маңғаз сөйлейді. Әнеки, өзге қызметшілердей елпең ете қалмай, қалт-құлт тізесін нығыз ұстауға тырысып, керіле басып келеді. Елдің бар асылын ұстайтын қазына бастығы да тап мынандай кердендей алмас. Күтуші кемпір өзге сарай адамдарына ғана емес, әмірші мен ханымның өзіне де аспандай қарайды. Құдды сол болмаса, олар бір-біріне жол таба алмастай. Әсіресе, бұл алыс жорықтан оралғанда, басқанынан жер ойылатындай боп батпансып қалады. Міне әдейі тоса тұрсын дегендей ұзын шұбақ бөлменің бір шетінен аяғын санап басып ілбіп келеді.

Күлгін атылас көйлектің үстіндегі алақандай сұрғылт беті бірте-бірте айқындала түсті. Ең алдымен екі жерде едірейіп-едірейіп бурыл шалған қос жүндес қабағы көрінді. Қаймыжық еріндерге шабына төнген орақ мұрыны сосын барып аңғарылды. Бір түскен жеріне желімше жабысып, қадала кететін екі меңіреу жанары танымай қалғандай біраз тесіліп тұрды да, әмірші қабағын шытқанда барып, аударып әкетті.

Шұбатылған жеңі тұтқаға оратылып, асығып-үсігіп есік ашты.

Әмірші ту сыртына желімше жабыса қалған күтуші әйел-

дің өлімсіреген күнгірт жанарынан қашып құтылғанша асығып, ханым жатқан бөлмеге озды.

Бөлме іші бозамық. Ханымның төсегі қай тұста екенін біраздан кейін барып аңғарды. Оң жақ бұрыштағы жермен-жермен жайпақ тақтаның үстінде томпып жатқан соның төсегі. Солай қарай беттеп еді, көрпе мен жастық екі жерге екі төбе боп үйіліп қалған мыж-мыж төсектің әлдебір жерінен екі бірдеңе оқыс шоршып кетті.

Әмірші селт ете түсті. Екі үйік көрпе жастықтың арасы қайтадан тынши қалды. Баяғыдай емес, шоғы қайтқан солғын жанары күнгірт бөлменің бір түкпірінде еміс-еміс қылаңытқан төсекке қараған сайын, бұлдырай берді. Әлгінде ғана екі жерде екі үйік болып жатқан екі төмпек бір түрлі қозғалатын сияқты, біресе дөңкиіп биіктей түседі де, біресе жым-жылас төсекпен төсек боп жоғалып кетеді. Әмірші бірер қадым ілгері аттады. Көрпенің астынан ешқандай тіршілік белгісі білінбейді. Кіші ханым әлдеқайда жым-жылас жоғалып кеткендей.

Төсектің төңірегі бөлменің басқа жеріндей емес, бір түрлі бұлыңғырлау. Сұлу әйелдің жас тәні мен әр алуан гүлдердің шырынынан жасалған жұпардың иісі ию-қию араласып, көңілдің әлдебір зымыран шыңырауына тұншыққан түсініксіз сезімді тұрткілеп жатқандай. Әміршінің жаңа ғана темір серіппедей шиыршық атып кірген жүйке-жүйкесі буға ұсталған қайыстай жібіп, жұмсарып барады. Аяғын аттаса, құлап түсердей, абдырап тұрып қалды.

Оның буалдырланып тұрған жанары тағы да ағарандап оқыс шоршып түскен екі әлденені шалып қалды. Тұла бойын түгел еріте жөнелген бусаң сезім кілт кідірді, жүрегіннің басы бүлк ете қалғандай болды. Дөңкиіп үюлі жатқан көрпенің тасасынан қос ақ білек қайта-қайта алақан жайып көкке көтерілді; кенет оқ тигендей, ұйпа-тұйпа үйіліп қалған көрпенің үстіне сылқ құлады да, екі қол айқаса кетті. Сүйрік саусақтар бірінің арасына бірі сығымдала кіріп, біраздан соң құшағындағы мамық көрпені мытып ап, бауырына қыса түсті. Манадан бері қауқиып тұрған мамық көрпе әлдеқандай сиқыр құштарлық билеп алған темір тегеуірін жас құшақтың мытып қысқанына шыдай алмай, еріген қардай боп, шөжіп барады. Көрпе тасасындағы бал-бұл жанған ал қызыл жүз енді көрінді. Мамық жастық дөңкиіп төсек басында қалыпты. Ханымның мойны бір жағына әнтек қисайып, жастықтан аунап кетіпті. Ұйпа-тұйпасы шыққан қолаң шаш жазық маңдайын жартылай көміп алған. Қос көз тарс жұмық. Қатты қызудан ауа жетпей ауырып жатқан кісіше, аузы әнтек ашылып қапты. Албыраған екі ерін өз-өзінен ісініп, бір-бірімен жымдаспай, екеуі екі жаққа шегінісіп кеткен. Ханым өз тісін өзі күл қып үгіп жібергісі келгендей, тістеніп апты. Бір-біріне қадалып қалған ақшыл тістердің ар жағынан әлдебір аласұрған кома-

ғай күштарлық сес бергендей. Кіші ханымның ұйықтап жатып, әлденеге өліп-өшіп, ентіге шыққан демі әміршінің құлағын шаянша шағып алды. Осы бір тұңғыққа біржола батып бара жатқан кісінің жаны қарқараға келгендегі су астындағы былдырындай тұншыққан дыбысты ол алғаш рет он бес жасар бала кезінде естіп еді. Жастайынан балаларға қосылмай оқшау ойнайтын ол бір күні атына мініп ап, тау баурайын тіле құлаған сайдың бір жақпарында бөктергінің ұясына тұзақ құрып отырған-ды, сайдың табанындағы кішкене қыстақ жақтан бұл отырған жақпардың астындағы тұма бұлақтан су алуға келе жатқан әйел көрінді. Құмырасын иығына қойып, төгілтіп пәрәнжа жапқан әйелдің тұма бұлақ қайнап шығып жатқан қалтарыс кеуекке кіруі-ақ мұң екен, жақпарды орағыта құлайтын жалғыз аяқ жолда шақпақ тастарды шақыр-шұқыр құлатып түсіп келе жатқан, жалы тілерсегіне төгілген қара ат мінген қаба сақал біреуді көрді. Жал құйрығы шұбалған көшелі қара ат аяғын санап басып, төменге құлады да, тасаға түсіп, көзден ғайып болды.

Бала аңшы оның ешқайсысына мән берген жоқ, аңғардың ар жағында әлденеге шырқ айнала шүйіп жүрген бөктергіден көзін айырмай отыра берді, кенет сай бойынан шыңғырған әжептарқы дауыс шықты. Әйел даусы. Орнынан атып тұрды. Әйел бажылдап үсті-үстіне шыңғырды. Бала қолына садағын алып, тастан тасқа қарғып, асыға-үсіге манағы әйел су алуға кіріп кеткен кеуекке қарай жүгірді. Бір-екі жерде сүрініп кетіп, алақанын тасқа сыдыртып алды. Оған да қараған жоқ. Бұл кеуекке жақындаған сайын, әлгі шыңғырған дауыс әлсірей түсті. Бұл онан сайын зәре-құты қалмай, жанталаса ұмтылды. Ақырында, тұма бұлақ шығып жатқан қалтарыс кеуектің жар қабақ ернегіне де жетті. Енді болмағанда биіктігі құлаш жарым ернектен кеуекке бір-ақ ырғығалы тұр еді, құлағына көмекке шақырып шыңғырған да, шағынып жылаған да емес, бұрын-соңды бұл естімеген бір түрлі ерсілеу дыбыс естілді. Ауру батқан азаптың емес, иіген саулықтың мекіренгеніндей әлденеге байыз тауып рақаттанған мекер дыбыс. Бала аяғының астындағы кесекті теуіп жіберіп, кеуектің астын бір тасыр-тұсыр еткізді де, қайтадан орнына беттеді.

Біраздан соң жалды қара атына мініп, сай табанындағы ағын суды кесіп өтіп, арғы өр бауырға тырмыса көтеріліп бара жатқан бейсаубат жолаушыны көрді.

Көп ұзамай әйел де кеуектен шығып, сай-табанында ақсиып жатқан жалғыз аяқ жолдың бойында су толы құмыраны бір иығына қондырып ап, бөксесі бұлт-бұлт ойнап, бұрала басып бара жатты.

Қаннен-қаперсіз кішкене қыстақтан жаздыкүнгі шытырмақ аспанға көрінер-көрінбес боп селдір түтін ұшады.

Бекердең-бекерге жарадар болған баланың қос алақаны

шымырлап барады. Тас кеуек пен өзі ғана куә болған әлгі оқиға ойына түскенде, баланың көкірек терісі жалбырап, қан шапшып тұрған ұлпа алақанынан гөрі де удай ашып тызылдай түседі.

Әмірші енді аңғарды. Қазір де көкірегін тап сол жолғыдай әлдене тызылдатып алып барады.

Өз-өзінен дөнбекшіп жатқан ұйпа-тұйпа төсектен құдды бір құбыжықтан қашқандай безіне шегіншектеді.

Есіктен қалай шыққанын да білмей қалды. Созаландап орнынан тұрып жатқан күтуші кемпірді де байқамады, азбан құлдар да көзіне түспеді. Кіші ханым иемденген бөлмелер бір-жола артта қалғанда барып, қызметшілері бұл неге тез шықты екен деп таң қалатын болды-ау деген ұры ой қосарлана кетті. Онсыз да тызылдап келе жатқан көкірегі онан сайын ит жыртқандай болды. Өз бөлмесі биылдыққа жеткізбес жердің түбі боп көрінді.

Әмірші өз төсегіне болдыртып жетті. Айдалада кең бөлменің қуыс-қуысынан бұның көзіне түспейтін әлде бір тіміскі көздер бұл не істер екен деп, табалап қарап тұрғандай, ол жатарын да, тұрарын да білмей, абдырап қалды. Бөлменің қақ ортасындағы жыланша шапшыған кішкене хауыздың еміс-еміс сылдырынан басқа дыбыс та жоқ. Айналасы ат шаптырым жер алып жатқан кең сарайдың еш жерінен ешқандай сыбыс шықпайды. Кең бөлмедегі ауа бір-бірімен ұстасып, ұйып қалғандай. Тынысы тарылып барады. Хауыздың қасына келіп еді, мөлт-мөлт жылап тұрған мөлме суға қараса, көкірек тұсын темір сауыттай сірестіре қысып тұрған ашу үгітіліп күйреп кетердей, ілбіп басып бақша жаққа қараған терезенің алдына келді. Шыр айнала қоршап жатқан хан сарайдың қақ ортасында хауыз бен гүлзар. Бұл терезенің алдына келгенде, батуға айналған айдың солғын нұры астынан әр жер-әр жерден бозарандап әлденелер көтерілді де, бұрыш-бұрышқа үнсіз жылыса берді. Олар — сақшы сарбаздар, бұның көзін ала беріп, бәрі бірігіп әлденені ермек қып отырды да, енді бейуақта терезе алдынан хан көрінген соң, көлеңке-көлеңкені сағалап орын-орындарына безіп барады.

Ай әлдеқашан еңкейіп кеткен. Оның бозамық нұры ауланың қақ ортасындағы хауыз төңірегі мен қарсы беттегі терезелерге ғана түсіп тұр. Бұл жатқан бөлме жақты қазанның түп күйесіндей қап-қара түнеріңкі түнек қоршап апты.

Жым-жырт. Көзді де, құлақты да бірдей байлап тастайтын жымысқы түн. Күндізгі абыр-сабырдың, қимыл қозғалыстың бәріне у беріп, талдырып тастаған тыныштық пен қараңғының қайраттарына мінген шағы. Ұры ойлар, ұры қылықтар, ұры сезімдер шағы. Күллі әлем түп-түгел күңірсік төсекке сүңгіп кеткендей әзәзіл шақ... Жұрттың күні бойы көңілге алуға да қысылып-қымтырылып жүретін сайқал нәпсінің аяғындағы

тұсаудың ағытылатын шағы. Кім-кімнің де көңілін шайтан иектейтін шақ. Жарық күн мен ояу жанарлар көзден таса қалтарыс-қалтарысқа қуып тыққан ыбылыс ластықтың мың-мың құрты қайтадан бас көтеріп, қараңғыны жамылып, қаптап өріп шыға келетін шақ. Адамдар — тек күндіз ғана адам, ал түнде олардың өзге жануарлардан ешқандай айырмасы жоқ, пыр-пыр ұйықтайды, қасында әйел жатса, барша жануарлардың қай-қайсысындай о да шырпынып алас ұрады. Ертең қайтадан күн шығып, қайтадан жұрттың көздері тірілген шақта, әлгі жануарлардың бәрі өледі де, олардың орнына жарық күннен қысылатын, өзге өзі тектестердің көзі мен сөзінен қорқатын пенделер қайта тіріледі. Былайғы пенденің күндізгі қысылып-қымтырылып, өз аяқ-қолын өзі матаған сіреспе тіршіліктен бір сәт босап, арқасы жазылатын түндері бар, түнде ол жұрттың көзін де көрмейді, сөзін де естімейді, ың-шыңсыз оңашаға көшеді. Бұның ондай түні де жоқ. Бұл түнде де тас қараңғыда алау оттың жарығында жападан-жалғыз отырғандай. Түнек қараңғының түкпір-түкпіріндегі жымысқы көздердің бәрі бұны көреді, ал бұл төңірегін тас қып қымтап алған тас қараңғының тасасында не болып, не қойып жатқанынан атымен бейхабар. Ол адамдық тіршіліктің күндізгі бейнетін бір кісідей-ақ тартқанмен, түнгі ләззатынан біржола мақұрым...

Мынандай тас қараңғы түнде, төңірегінде күйек сасып теңкиіп жатқан өңшен жануарлар ортасында, қапаста қапырық жұтып отырғаннан асқан азап бар дейсің бе? Бұның қасында төңірегі шұлғау сасыған жортуыл түндер не деген пейіш, ертең оққа ұшатынынан, не тірі қалатынынан атымен бейхабар, ерін жастанып, найзасын құшақтап, қор-қор ұйықтап жататын жауынгерлер неткен періште, сондай түнде сәл мызғыған не ертеңгі шабуылдың жай-жапсарын ойлап көретанды көзімен атқызған неткен рахат! Өліп-өшіп елге оралғанда, осы жұрттың төбесіне шығар мүйізі қайсы?

Әміршінің арықты жарып шығып, беталды құла түзге ақтарыла жөнелген қашпа судай, ойда жоқта қоздай бастаған оғаш ойлары осы арада жар қабақ жағаға кеп соқтыққандай тоқырап қалды. Есіне әлгінде ғана өзі барып шыққан бөлме, ұйықтап жатып шайтансыраған әйелінің ыңыранған оғаш дыбысы түсті. Сол-ақ екен жаңа ғана көз алдына елестеген, мынау қара түнде қаптап өріп келе жатқан құрт-құмырсқа енді бұның да балағынан еніп, кеудесіне қарай жабыла жорғалай бастағандай, тұла бойы түршігіп кетті.

Жалма-жан терезе алдынан кетіп, хауызға беттеді. Бір түрлі өзінің ояу екенін, әлде ұйқысырап жатқанын анықтап білгісі келген кісідей, бөлменің ішінен түк қалдырмай тінте қарады. Төрде бос жатқан төсегін көрді. Бет алдын хауыздағы судың мұздай лебі жалап өткендей болды. Алтын жалатқан

жіңішке түтіктің аузына қолын апарып еді, әлдеқандай, ту тереңнен жыланша ирелеңдеп шығып жатқан мөлдір сұйық саусағын шағып алды.

Ол бойын жиып ала қойды.

— Апыр-ай, сонда әлгі қызыл алма...

Аузынан оқыс шығып кеткен осы сөздерді біреу естіп қалды-ау дегендей, пышақ кескендей тыйыла қалды. Үркек ой арғыға барғысы келмей, қанша тайсақтағанмен, айнала анталай шыққан көп күдік, көп сауал, жан-жақтан жабылып, қамшының астына алды. Бейшара ой тұяқкетті тұғырдай көп сауал кес-кестеген шытырман жолды жасқаншақтай басып, көп күмәннің көк ала тұман қойнауына қойды да кетті.

Сонда бәйбішенің жорамалы кіші ханымға бағышталған болды. Күндес қатындар... Үйреншікті соқпаққа түсіп, текіректей жөнелгісі келген көнбіс ұғымды тағы бір тосын тосқауыл сауал тізгінінен тартып, тұқыртып тастады... «Әрине, солай... Әлгінде ғана төсегінде әлдекімге құшағын жайып, бауырын тосып жатқанын өз көзіммен көрмедім бе? Перзент сүйіп көрмеген жас әйел еркектен басқа кімге еміренуші еді...»

Сонда оның осыншама өліп-өшкен еркегінің кім болғаны? Бәлкім, өзі шығар. Жоқ, жоқ, қисынға келмейді. Бұл жас әйелмен тап ондай аңсарға айналардай төсек сіңісті бола қойған жоқ-ты. Бір-екі рет бірге түнеп шыққан кіші ханым тым ұялшақтық танытқан-ды, ондай әсіре құштарлық, ашқарақтық көрсете қоймаған-ды. Ендеше, ұйықтап жатып, түсінде ынтық болған еркегі өзге біреу. Жүрегі бір түрлі шым ете қалды. Өзінің мынау жарық жалғанда атымен өгей екені есіне түскенде, көкірегіне тас боп қатқан сіреспе мұз еріп, өксігендей болды. Кенет осы мен кімге өкпелеп отырмын деген ой оралды да, енді-енді сетіней бастаған тымырсық ашу қайтадан сіресе қалды.

Сонда мұның аруағын аттап, басынып жүрген, киелі төсегіне килігіп жүрген кім болғаны? Ол білетін жарық жалғанда өзін басынардай жан бар ма еді? Жорыққа аттанғанда елдің бетке шығар еркегінің бәрі соңында жүрмеуші ме еді. Апыр-ау, ханымның көзі түсердей адам қалып па еді?

Қызылға талпынған аш бүркіттей, адуын ойды тежеп, әлгі сауалға жауапты байыппен іздей бастады.

Күйеуі жорықтағы жас әйел кімді көзіктіруі мүмкін. Сарайда қалғандардың бәрі жас жағынан мұның ізін қуып жүргендер. Жап-жас әйелді тап әлгіндей таңдай қақтыра қоятындай ешқайсысы жоқ сияқты. Ол сарайда қалғандарды жеке-жеке есіне түсіріп көрді. Әр қайсысын таразыға қанша салып, салмақтаса да, ешқайсысының бойынан тап сонша, ханымның көңілі кетердей қасиет таба алмады.

Сонда, кіші әйелінің көкірегіне жол тауып, күндіз есінен,

түнде түсінен шықпастай боп жайлап алған жымысқы еркек кім болғаны?

Дал болған ой бір қауым жерді шарлап-шарлап шығып, баяғы бір тығырыққа тағы келіп тірелді. Әр шығанға алып қашқан ойлардан басы қатып кеткен бе, екі шекесі шыңылдап қоя берді. Көз алдына әлдекім тікен тіреп қойғандай, жұмыла жаздап, жұмыла жаздап тұрған кірпіктері қайта ажырап кетеді. Өне бойын бірте-бірте ауырлата түскен мең-зең хал қаңғыма ойдың соңына түсе беруге қажығандай... Шынында да, осы кіші ханымның әлгі бір көрер көзге ерсілу ұйқысырағанында осынша дал болатындай не тұр? Мүмкін түсіне өзі кірсе, кірген де шығар. Пәлен жыл жорықта жүргенде, күйеуін сарыла сағынып, төсекте бір жататын жұп түндерді аңсаған шығар. Бәлен күннен бері бір сарайда тұрып, бірін-бірі көрмей, әне келеді, міне келеді деп күте-күте әбден титықтаған соң, қалжырап ұйықтап кеткен шығар. Пәлен күннен бері бір өзін ойлап, әуре-сарсаңға түскен сана түсінде де іздеп сандырақтаған шығар...

Егер сонша сарылып сағынбаса, мана күндіз, өз көзімен көріп, тамсанып қайтқандай тамаша мұнара салдырып қоярма еді? Аспандай қараған асқақ мұнараның өне бойы толы махаббат табы емес пе еді... Махаббат...

Жаңа бір жол тауып ап, адымы енді жазыла бастаған ойы кенет ұшпа құзға қайта кеп тірелгендей, әлгі бір «махаббат» деген сөзге ілініп тұрды да қалды.

Иә, көк мұнараның өне бойынан өліп-өшкен махаббатты тану қиын емес. Бірден көзге ұрып тұр. Бірақ сол кімнің кімге махаббаты? Көк мұнара алыс жорықтағы еріне ынтыға қол созған сағынышты жар ма, жоқ алыстан қол созған ғашық жүректі мен мұңдалап қасына шақырған сиқыр сұлу ма, қайсысы? Мана бұл қасынан көзі қиып кете алмай көп қараған жоқ па еді, сонда сиқыр мұнара өзіне тартып тұрмап па еді? Сонда оны салған шебер нені бейнелеген болды? Алыстағы жарын күткен сағынышты бейнелесе, қасына барғанда, асқақтап аспанға қарап жатып алатыны несі, сәл алыстасаң болды, қайтадан өзіне баурап, қараған көздің шырқ айналып шыға алмайтыны қалай? Жоқ, жоқ, шебер мұнараны салдырған ханымның алыс жорықтағы жарына деген пейілін емес, өзінің ханымға деген көңілін бейнелеген... Өліп-өшкен махаббатын бейнелеген... Иә, солай. Көк мұнараның сиқырына ол енді түсінді.

Әмірші ойда жоқта тауып алған мынандай оқыс жаңалығына, манадан бері жанын жегідей жеп отырған әлеке сауалдың ындыны тап бұлай оңай бітелгеніне қуанарын да, қынжыларын да біле алмады. Әлгінде ғана көз алдын тіреп тұрған көзге көрінбес көп бақан құлап-құлап кеткендей. Өне бойына енді-енді дари бастаған мең-зең зіл жым-жылас жоғалды.

Әлгі бір көзбен көріп, қолмен ұстатқандай, ұрымтал ойды жаңылып қалармын дегендей, іштей қайта-қайта ойлап, әбден жаттап отыр. Иә, бәйбішесі жіберген өзегіне құрт түскен қызыл алманың жауабы енді табылды.

Енді бұған қолмен ұстатқандай даусыз айғақ керек. Айғақкерді табу да оп-оңай. Жай-жапсарды бәйбішесінен сұраса, о да айтып береді. Бағанағы күтуші әйелден сұраса, о да айтып береді. Тіпті азбан құлдардың білуі де әбден мүмкін. Ал бірден-бір білетін кісі — бас шебер. Бұлардың қайсысын шақырып сұрағаны дұрыс. Ендігі гәп сонда?

Әмірші тағы да маңдайын ұстап, ойланып қалды. Бірақ бұ жолы ойы манағыдай керенау емес, әбден балағын түріп, жел аяқтанып алған. Мұндай әбден кесіп-пішіп ойлап алмаса, өзінің абыройына да оңай тимейін деп тұрған күпті күмәнның бетпердесін қалай ашса дұрыс болатынын да көп бас қатырмай, бірден тапты. Мұндай ұрымталын өзі біліп тұрған күмәнды дабыра қып ешкімнен сұрамау керек. Бірден күмәндының өзіне жабысқаны жөн. Ал әлгіндей түбі шикі әңгімені білетіндер бұл сұрамаса, өздері батып ешкімге ештеңе айта алмайды. Ауыздарына құм құйылып жүре берсін. Бұл мұнара салған шебердің өзін шақырып, өзімен сөйлеседі. Көкірегіне өзі кеп ұялаған әлгі күдіктің анық-танығын соның өзінен біледі. Тек таң атсын, оған жаушы жібереді. Әлде оны шақыртуға бас шебердің өзін жіберсе ме екен. Иә, сол дұрыс... Бұл әңгіменің арты немен тынарын кім біліпті. Сонда бас шебердің де керегі болар...

Әмірші орнынан тұрды. Енді аңғарды — таң алакеуімдеп қалса керек, терезеден көгілдір сәуле төгіліп тұр. Бөлменің ішін түп-түгел көк ала тозаң жайлап алыпты. Қарсы алдындағы хауыз да, ондағы шып-шып шығып жатқан су да, сол күйінде қатып-қатып қалған көгіс тозаң, ошақ орнындағы үйінді күл сияқты. Жолап кетсең, күйреп үгітіліп түсердей.

Әмірші сол орнында мелшиіп тұрды да қалды.

I

Бәрі де мұның сол жөткірініп қалғанынан болды. Әйтпесе айналасын алыстан шолып келе жатқан қалың нөкер мұның қасына тоқтамайтын еді. Не шайтан түрткенін өзі де білмейді, аяқ астынан тамағының жыбырлап қоя бергені.

Қайдағы аяқ астынан болсын... «Әмірші бүгін намазға келеді»— деген хабарды естігенде-ақ, бұның екі тізесі дірілдеп ала жөнелген-ді. Қорыққан баладай бірден сыр алдырып алғанына қысылып, қасындағыларға қарап еді, біразы қобалжып тұрса керек, әдетте түнеріңкі жүретін қабақтары жұмсарып, өңдеріне күлкі де емес, қорқыныш та емес, бір бейжай сезімнің табы қонақтапты. Іштеріндегі мосқалдары ғана сыр берген жоқ. «Келсе келгені жақсы» дегендей, мұрттарын ширатып қояды, көздерінде бір қуақы ұшқын ояныпты. Мұндайда қуану керек екенін, қорқу керек екенін анық білмейтін жастау жағы жүздері қуқыл тартып, абыржыған қалып танытты. Бұрын анадайдағы медіресе үйіне әр таң сайын сары ала күйме кеп кіргенде ол осылай абдырап сала беретін-ді. Ондайда сонау етектен төбеге дейінгі шым-шытырық, ағаш тордың ішіндегі жүздеген адам бәрі бірден сайрап қоя берген тордағы құстардай: «Әне, өзі келді»— деп сыпсың ете қалатын-ды.

Жүздеген кісінің аузынан бір сәтте, бірдей шыққан үш сөз таңғы ауаны тесіп өтіп, күймеден түсіп жатқан ұлы әміршінің құлағына жетіп барғандай көрінетін оған. Күні бойы медіресе жақтан көз алмайтын. «Әнекей, өзі қарап отыр...» Сонау көк домалақ күмбездің төбесінде жыбырлап жүрген кішкене ноқаттардың аузынан шыққан осы сөз мұнараның ұшар басында тұрған мұның құлағына ап-анық естіледі. Әлдекім әмірші туралы бірдеңе айта қалса, тура көк желкесінен кеп жебе қадала кеткендей, тұла бойы дүр түршігіп, қара шашақты найзаларын көкке шаншып, сақшылар қоршап тұрған медіресе жаққа жалт қарайтын. Бірақ самсап тұрған қарулы сақшылардың ешқайсысы елең етпегенін көріп, жүрегі орнына түсетін. Бірақ қашан күн еңкейіп сары ала күйме қара ат мінген қалың нөкерді сонынан ертіп сарайға қайтқанша, медіресе жаққа елегізіп қайта-қайта қараумен болатын.

Рамазан айының төрті күні дәл осы арада әмірші мешіттің

ірге тасының қалай қаланып жатқанын өз көзімен көріп тұрды. Бірақ бұның анадайда көп нөкердің ішінде тұрған әміршіге бұрылып қарап алуға жігері жетпеді. Екі кісі алма-кезек алып беріп тұрған қыш кірпішті тұқшындап қалай берді. Олардың қиюының қалай келіп жатқанына да жөнді зер салған жоқ...

Содан бері төрт ай өтті. Бес жүз кісі тауда тас шығарып жатты. Екі жүз кісі оны сол арадан жылтыратып өңдеді. Арба жеккен тоқсан бес піл тасып тұрды... Төрт ай бойы таңертең күн көтеріле сары күйме медіресе ауласына келіп кіреді де, күн бата ат мінген қалың нөкердің ортасында сарай жаққа қайтып бара жатады. Төрт ай бойы естігені: «Әне, анда өзі қарап отыр!»

Мешіттің біткеніне үш күн болды. Ішінде әрқайсысының биіктігі жеті құлаштан асатын тастан қашалған төрт жүз сексен баған бар. Әміршінің денсаулығына дұға оқып, жорықтарына бата беретін бұл мешітте бәрі алтын, бәрі мәрмәр.

Мешіттің көк күмбезі тіпті сонау зеңгір аспанның өзіне көгілдір сәуле шашқандай, әншейінде шыжыған шілдедегі аптап ыстықтан отқа ұсталғандай өңі тайып, ақ айранданып тұратын ол бүгін қайтадан ніл жүгіріп, мөлдірей қалыпты.

Үш күннен бері жұма намазды күтіп тұрған муэзіннен бүгін ғана байтақ шаһарды түгел жаңғыртырып азаншының айқайы шыққан-ды. Жұма намазды осында кеп оқыған әмірші мешіттен шыққан соң, оның сырт ажарын қызықтады. Мешітті шырқ айналдыра төрт мұнара салынған-ды, соларды барып көрді. Бір мұнараның түбінде о да тұрған-ды.

Әмірші өзіне жақындаған сайын құты қашты. Ту сыртындағы көк сида мұнара қақ төбесінен шаншыла құлап келе жатқандай, басын көтермейді. Тамағы құрғап, кеуіп қалды, демі жетпей, тынысы тарылып барады. Дымы ішінде боп, тыныш тұруға тырысқан ол бәріне де шыдап бақпақшы болды. Бірақ, көмейі әлденеге қыж-қыж жыбырлап, тамағы қышып қоя берді. «Қап, қайдағы пәле қайдан тап болды»,— деп ойлауы-ақ мұң екен, алқымға толып, қылғындырып тұрған пәлекет босанатын жер іздеп, абайсыз жөткірініп қалды... Ол аз дегендей, тағы жөткірінді... Екі беті ду қызарып кетті.

Сол-ақ екен, мұның деңгейіне жетіп қалған сары ала нөкер кілт тоқтады. Тамағын буып тұрған жөтел де жым болды. Бұның жасаурап кеткен көзі қақ ортадағы аласа адамның басын әнтек шалқайтып мұнараға қарағанын шалып қалды. Әміршінің сол екенін іші бірден сезді. Бірақ тіктеп қарауға батылы жетпей, көзін төмен салып тұра берді.

— Бұны салған қай шебер?— деп сұрады болмашы естілетін бәсең дауыс.

— Ортөбелік шебер,— деді бас ұстаның орнықты қоңыр дауысы.

Сары ала нөкердің ылдырмақ-шылдырмағы біраз ұзақыраған соң, бұ да назарын тіктеп еді, хан нөкерінің көбінің көзі арттарына бұрылып, мұнараға емес, мұның өзіне қарап бара жатыр екен.

Ертеңіне таңертең маңдайына асыл тастардан шытыра салған абажа қақпаның алдына кеп тоқтаған алпыс еркектің ішінде ортөбелік шебер Жаппар да тұрды.

Хош иіс аңқып қоя берді. Әлдебір тұстан лып етіп самсап тұрған ай балталы сақшылар көрінді.

Самал леп көтерілгендей. Ол бақ ішіндегі сансыз хауыздарда шапшып жатқан салқын судың лебі-ді. Жолға төселген қызыл қиыршық та жаңа ғана жаңбыр жауып өткендей су-су.

Екі бетте ағаш сайын жеке-жеке қонақтаған әр алуан тауыстардың күнге шағылысып қырық құлпырған жалтырақ қанаттарында да меруерт төгіп қойғандай мөлдір тамшылар жылтырайды.

Арқаларына, екі жағына екі ту байлаған алабажак шатыр орнатып, қызғылт шәйден малынтып жабу жапқан алтыпіл үйретушілерінің әміріне бірде түсініп, бірде түсінбей қап, бірі ілгері, бірі кейін, әрқайсысы әр уақытта тізе бүгеді де, орындарынан да үздік-создық кешігіп көтеріледі. Басына дағарадай қып сәлде орап, бір ұшын тас төбесіне шиыра түйіп, ал екінші ұшын тізесіне жеткенше салбыратып қоя берген алты едірек мұрт сыптығыр қара, астарындағы алпамса жануарларға көздері шатынап, қолдарындағы жіп-жіңішке темір шыбықтарын үсті-үстіне сермелеп кіжініп қояды. Еңгезердей хайуандар құдды бір солардың әлгіндей әлдеқандай боп едірейгендерінен қаймығып, ерсі мол денелерін еркіне көндіре алмай, майда құмаққа әлденеше омақасып, орындарынан әзер тұрып кетеді.

Соның бәріне анадайдағы ағаш арасынан қызықтай қарап тұрған орғылт еліктер жол бойында саудырап көп адам көрінгенде бет-беттеріне бытырап қаша жөнелді.

Олар әуелі бақ ішінде үлкен тұт ағашының түбіндегі парсының масаты кілемі төселген көлеңке бастырманың астында монтиып-монтиып отырған үш кішкене баланың алдарына барып, тізелерін бүгіп тағзым етті. Үш бала орындарынан тұрып, ту түпте, сарайдың алдындағы сая жайда зер төгіп тіккен шаршы бөстекте қос құс жастықты шынтақтап, қарсы алдындағы ішінде қан күрең қызыл алмалар жүзіп жүрген, жан-жағын тарғыл мәрмәрмен көмкерген хауыздан көкке шапшып шығып, орта жолда қайтадан омырыла құлап түсіп жатқан ақ түтек суға қарап, үн-түнсіз ойға шомып отырған әміршіге бастады. Таққа жиырма адымдай жер қалғанда олар кілт кідіріп, жер тізерлеп, қол қусырып, қайта-қайта иіліп тағзым етті.

Үстіне мол пішілген өрнексіз желең шапан жамыла салған

әмірші шұбатылған мол жеңінен қолын зорға қылтитып, анадай жерде бір қапталда қырын орналасқан жеті уәзіріне әлдене деп белгі берді.

Төр жақтарында отырған бас уәзір екі қолын көкірегіне апарып, тағзым етіп, орнынан тұрды да, ту сырттарындағы көлеңке бастырманың тасасына қарай кетіп қалды.

Көп ұзамай қайта көрінді. Соңында — қолына жерге шұбатылған жібек сүлгінің үстіне салып кішкене табақша көтерген бір топ жігіт.

Бас уәзір жер тізерлеп отырғандардың алдарына келіп бірдеңе деді. Оны соңғы қатарда жан-жағына алақтай қарап отырған мойыл көз қара жігіт Жаппар естіген де жоқ, түсінген де жоқ.

Қолдарына табақша көтерген жігіттер бұлардың әрқайсысының қасына бір-бірден кеп тұра қалды да, бастарына алтын-күмісі аралас бір уыс теңгені саудыратып төге салды. Сосын иіліп алақандарындағы табақшадан аузын жібек шашақпен буған жұдырықтай кішкене қалтаны ұсынды.

Жер тізерлеп отырғандар бастарын жерге жеткенше үсті-үстіне иіп, тағзым етті.

Әмірші олардың тағзымын қабыл алғанын білдіріп, иек қаққандай болып еді, басындағы қардай аппақ шошақ бөркінің маңдайындағы бармақтай оқшау лағыл бір түрлі аса суық ұшқын шашып, оқыс жалт ете қалды.

Бас уәзір ым қақты. Жер тізерлеп отырған, әмірші алыс жорықта жүргенде елде елеулі қызметі сіңген бір топ еркек орындарынан көтерілді. Олар төменірек шегініп, жолдың бір қапталындағы айлапат тұт ағашының көлеңкесіне барып тұрды. Әмірші енді шет елдерден келген елшілерді қабылдайтын болды. Олар да әуелі үш балаға, ханның үш сүйікті немересіне кеп, тағзым етті. Сосын үш бала елшілердің қолындағы шиыршықтаулы қағазды алып, аталарына беттеді. Оған үш адымдай қалғанда үш рет тізелерін бүгіп тағзым етті де, қолдарындағы қатырма қағазды ұсынды. Сосын тағы да үш рет тағзым етіп, орындарына оралды.

Әр елшіні екі жағынан екі сарай төресі қолтықтап әміршіге қарай алып жүрді. Олардың соңынан елшілер әкелген сыйлықтарды көтеріп келе жатқан сарай қызметшілерінің ұзын-шұбақ тізбегі көрінді.

Елшілер әміршіге он шақты адым қалғанда оң тізелерін бүгіп, қол қусырып, бастарын иіп тағзым етті. Оларды қолтықтап келген төрелер сол арада тұрып қалды да, қапталда отырған уәзірлер орындарынан тұрып, шет елдік меймандарды қолтықтарынан демеп, ханға беттеді, төрт-бес аттаған соң, тағы да кідіріп тағзым етті. Әмірші жақынырақ келіндер дегендей ишарат білдірді.

Елшілер енді екі-үш аттады да, бастарын иіп, қол қусырған күйлері, салмақтарын екі өкшелеріне салып, жер тізерлеп отыра-отыра кетті.

Сосын олар әмірші қойған сұрақтарға жауап берді. Ол әңгіменің мән-жайын алысырақта, тұт ағашының түбінде тұрған бір топ адам естіген жоқ. Көбі мына баққа алғаш рет аттап отырған-ды. Көз алдарында болып жатқан мынау қызылды-жасыл қимыл-қыбырдың бірін де қалт жібермей, қадағалай қарап тұр.

Елшілер жолдың екінші бетіне, уәзірлер отырған сәкіге қарама-қарсы қойылған биік сәкіге барып жайғасты.

Енді қызметшілер үшеу-төртеулеп қолдасып сыртын алтынның буымен шайған төрт құлақ талыс табақтарды лықа толтырып ет әкелді. Әміршіге жиырма қадамдай қалғанда жерге қойды да, қолдарын қусырып, тағзым еткен күйлері алқадан шығып алыстай берді. Оларды алдарына былғары жапқыш байлаған басқа жігіттер алмастырды. Қындарынан бір-бір сапы суырып ап, қолдарына көз ілеспей ет турай жөнелді.

Әр алуан гүлдің хош иісі мен хауыздағы судың лебі ғана сезіліп тұрған салқын бақ ішіне жас қойдың жылы-жұмсағы мен сүр қазы, жал-жаяның тәбет қытықтар тәтті иісі аңқып қоя берді. Тай терісінен жасалған он шақты талыс ет ә дегенше туралып та бітті. Ет тураған жігіттер туралған етті қастарында иін тіресе тізіліп тұрған алтын, күміс, қыш табақтарға бөліп-бөліп салды да, тағзым етіп шығып кетті.

Қолдарына сырлы ағаш тегене ұстаған бір топ жігіт шықты. Олар әуелі сорпа толы тегенелерін жерге қойып, оған дәрі-дәрмек қосып тұздық әзірледі. Сосын оны сырлы ожаумен табақтарға құйды да, әрқайсысының үстіне ортасынан төрт бүктеп, жұп-жұқа шелпек салды.

Табақ әбден әзірленіп болғанда, олар да орындарын босатты. Сарай әкімдері әр табақты екеулеп көтеріп әміршінің, елшілердің, уәзірлердің алдарына апарып қойды. Төменгі жақтағыларға табақты жай қызметші жігіттер тартты.

Еттен кейін жеміс берілді. Ең соңында бал қосып ашытылған тәтті қымыз ішілді. Қонақасы біткен соң манадан бері есік жақта тұрып қалған сыйлық көтергендер шеруі ортаға озды. Елшілер әкелген меруерт балдақ алмас қылыштар, зер төгіп тіккен құндыз тондар, ираны кілемдер, жеке-жеке табақтарға салып көтерген бас алтын інжу-маржан, лағыл тастар, қымбат аң терілерін жұрт қапысыз көріп алсын дегендей-ақ, аяқтарын маң-маң басып, әміршінің алдына жақындады, тізе бүгіп, тағзым еткен мезірет жасады. Сәл кідірді. Әмірші сыйлықты қабыл алғанын білдіріп, елшілер жаққа басын изеді. Елшілер тағы да әлденеше рет бастарын иіп тағзым етті.

Сыйлық көтергендер шеруі орындарынан қайтадан қозға-

лып қымбат бұйымдарды сарайға қарай алып жүрді. Әмірші орнынан тұрды. Былайғы жұрт та дүркірей көтерілді.

Қабылдаудан қайтып келе жатқандарға алпамса алты піл құлаш тұмсықтарын жерге төсеп, тізелерін бүгіп тағзым етті.

Қақпа алдындағы сақшылар да найзаларын төмен түсіріп, бастарын иді. Көп ұзамай хан жаңа мешіттің құрметіне үлкен той өткізетін болды.

Әмірші бағының ту сыртында қысы-жазы тусырап бос жататын ашық алаңға жұрт түн ішінде алаулатып от жағып, шатыр тікті. Ұлы тойдың бәрі де осы арада өтіп жүргендіктен қала тұрғындары кәсібіне, дәреже, дәулетіне қарай көше-көшеге бөлініп қойылған-ды. Әр көшенің екі бетінде сылдырап арық ағып жататын-ды. Әркім өз шатырын қай көшеге тігетінін алдын-ала білетін.

Ертеңіне таңертең құлазып бос жатқан тегістік қатар-қатар тігілген қызылды-жасылды көп шатырға толды. Ең шетте — етікші, тігінші, ұсақ кәсіпқорлардың шағын шатырлары; ортаға қарай озған сайын шатырлардың көлемі де, көркі де өсе түседі. Әсіресе, дәулеттілер мен дәрежелілердің бәсекемен тіккен шатырларының сәні мен салтанаты бірінен-бірі асады.

Тойға тігілген шатырлар алыстан қарағанда, бірте-бірте сатылап биіктей түскен, аспан астын бір өзі толтырардай алабажақ алып орда секілді.

Сол орданың күмбез шаңырағындай боп, қақ ортаға жанжағын биіктігі кісі бойы қол созым шымқай көк жібек шымылдықпен қоршалған кең ауланың ішіне әр қабырғасы ат шаптырардай ұзын төрт бұрышты әмірші шатыры орнапты. Оның тас төбесіне жиырма кісі бойы он екі сырыққа тіреліп зәулім күмбез көтерілген. Он екі сырықтың басына шұбалтып қызылды-жасылды жібек байланған, олар он екі жерге өріп тастаған гүл алқадай жерге жеткенше күлтеленіп төгіліп тұр. Осындай абажа шатырдың әр бұрышынан қақ ортаға созылған, әр қайсысының басында айдың суреті салынған төрт ұзын бақан бір-бірімен айқұшақ қауып байласыпты да, соларды тіреу қып үстіне шағын мұнара орнатылыпты.

Шатырдың ішкі жағына шыр айналдыра зер төккен қызыл мауыты ұсталыпты. Күмбез басталатын жердегі төрт керегенің төрт бұрышына қанатын қомдап ұшқалы отырған қыран бейнеленіпті. Әмірші шатырының қасына он бір ханымның отаулары тігіліпті. Олардың әрқайсысы бөлек-бөлек жібек қоршаумен қоршалыпты. Ортадағы бұл он екі қоршаудың ара-арасынан бір-біріне қатысып тұратын жол қалдырылған. Тақ иесі мен ханымдар түскен он екі шатырдың сыртынан шырқ айналдыра ортақ қоршау ұсталған: оның сыртынан жағалай шарап құйылған емен күбілер тізіліп тұр.

Атты жасақ он екі орданы күні-түні міз бақпай күзетеді.

Оларға бас уәзірдің рұқсатынсыз ешкім жіберілмейді. Қадірлі қонақтардың алдында сақшылар күнге жалтылдап лыпылдап тұрған суық найзаларын төмен түсіріп, тағзым етеді.

Сол қыл шашағы топыраққа былғанып, жер сүзіп жатқан сұсты найзалардың арасынан Жаппар да ішке өтті. Әмірші оны да тойдың алғашқы күні өз шатырына шақырып шараппен сыйламақ.

Зәулім шатырдың қақ ортасында алтын тақ қойылып, одан әрі әмірші әулетіне саты-саты биік сәкі орнатылыпты.

Сырттан келетін қонақтар орын-орынына жайғасып болған соң, есіктен ылдырмақ-шылдырмақ арқалаған сайқымазақтар атып-атып кірді. Олар дәл хан тақыт алдына барып ұлы әмірші соңғы жорығында жеңіп қайтқан падишаларды әжуалайтын ойын көрсетті.

Шатырдағы қонақтар сайқымазақтардың ыржаланына косыла күлуге әміршіден айбынды, әмірші жұртқа сыр алдырғысы келмей, күле алмады, сайқымазақтардың өздері ғана мәз-мейрам боп жүрді.

Ойын біткенде қазына бастығы сайқымазақтардың бастығына табақшаға салып зер қалта ұсынды.

Сайқымазақтар бастарын жерге жеткізе иіп тағзым еткен қалыптары есікке қарай жылыстай берді.

Олардың опыр-топыр есіктен шыға беруі-ақ мұң екен, көрші қоршаудан бәйбіше көрінді. Ол үстіне түгел көміп тұратын, зер шайып, кестелеген қызыл көйлек киіпті. Оның сүйретілген ұзын етегін он бес әйел көтеріп келеді.

Ханымның әбден қапысыз опалап-сүрмеленген беті қағаздай аппақ. Оның үстіне, бет-аузын төгілген ақ селдір пердемен қымтап алыпты.

Басына өне бойына асыл тасты аямай төккен мұнара іспетті биік сәукеле киіпті. Оның салпыншақ қызыл мауыты етегі екі иығын жауып тұр. Мойынына әр жер-әр жеріне лағыл мен меруертті алма-кезектестіріп көз қадаған алтын алқа тағыпты.

Сәукеленің өзге салтанаты аз болғандай, оның қақ ұшар басына әмірші тәжінің төбесіндей алтын төбелдірік орнатылыпты. Оның қақ ортасында баданадай-баданадай үш лағыл қызыл шоқ боп жанып жатыр.

Төбелдіріктің төбесіне үкі қондырылған. Оның ұзын майса қауырсындары ханымның екі құлағына жеткенше екі айырылып төгіліп тұр.

Ханым әр аттаған сайын басындағы ауыр сәукеле бұлғалдап, әр бағытқа ауып-ауып түседі. Жан-жағынан бірнеше әйел қолымен демеп келеді.

Бәйбішенің мөлт қара шашы екі иығынан төгіле құлапты. Ханымға жүз әйел нөкер еріпті.

Осынша ұзын-шұбақ шеруді хан әйелдерін күзететін бір

топ азбан құл бастапты. Олар адымдарынан жер ойылатындай-ақ, маң-маң басып, маңғаздана қалыпты, ханымға құрмет көрсетіп, тағзым етіп, бастарын иіп тұрған қалың қауымға танауларын көтеріп кісімсіне қарайды.

Ханым әміршіден сәл кейінірек барып отырды.

Бәйбіше енді жайғасып бола бергенде, екінші жақ қоршаудан жүз әйел нөкерімен кіші ханым көрінді. Оның да салтанаты бәйбішенің салтанатынан бір кем емес. Ол бәйбішеден сәл төменірек жайғасты. Екеуінен кейін әміршінің жеті келіні кеп қастарынан орын алды.

Әмірші отырған жақ үкілері бұлғандаған аруларға толып, құдды бір пейіштің төріндей елден ерек көрікке бөленді.

Жаппар арулардың ақ жүзі, лағыл, меруерт, алтын, зер, атылас, жібек ию-қию араласып, сан алуан бояу аймаласқан сол бір тұстан көзін ала алмады.

Ханымдар әбден жайғасып болған соң, шарап пен қымыз әкелінді. Қолына ұзын ақ шәйі сүлгі ұстаған ханзадалар шықты, оларға ілесе кішкене алтын тостағандар салынған алтын табақша көтеріп, қызметші жігіттер көрінді. Жолдың қақ ортасына жеткенде ханзадалар оң тізелерін бүгіп тағзым етті. Сосын қызметшілер ұсынған табақшадағы тостағанды қолдарындағы шәйі сүлгімен қусыра ұстап, ханымдардың алдына барып тағы да жер тізерлеп тағзым етіп, сусын ұсынды. Ханымдар тостағанды қолдарына алған бойда, ханзадалар бір адым кейін шегініп, сусын ішіліп болғанша, жер тізерлеген қалыптары міз бақпай күтіп отырды. Ханымдар сусын ішіп болған соң, бос тостағандарды сүлгімен алып, тағы да тізелерін бүгіп тағзым етеді де, сыртын бермей, шегіншектеген қалыптары шатырдан шығып кетеді.

Алпыс шебер орналасқан босаға тұстағы меймандарға екеу-екеуіне бір-бір қызметшіден шарап құйып тұрды. Әмірші сарқытын сарқып ішпеуге ешкімнің де қақысы жоқ. Күн бата қонақтар падиша шатыры тұрған жібек қоршаудан көздері бұлдырап әзер шығып, ойын-сауық қызып жатқан өз көшелеріне беттеді.

Жұлдыздары жымындап жаз түні орнап келеді. Күндізгі қапырық су сепкендей басылған. Салқын кеште самсаған шатырлардың арасында тойға жиылған жұрт жаққан алау оттар жарқырайды. От төңірегі ығы-жығы адам. Сырықтай ұзын кернейлердің кешкі тымық ауаны дал-дал жыртқан өткір де өжет дауысына дамылсыз соғылған дабыл мен тамашашы қара нөпір халықтың шарап ішкен шат-шадыман көңіл күйін шерткен дутардың, сарнаған қыл қобыздың, күңіренген сырнайдың, сызылған сыбызғының сан алуан үні қосылыпты. Біресе бастарында тақия, көк ала жібек шапанның белін сарғыш түрме белбеумен қынай буған қыпша бел жігіттер саусақтарын сытырлатып, ойнақы да отты би билесе, енді бір-

де торғын жібектің үстінде тарам-тарам сансыз бұрымдары төгіліп, ақ білегін, ақ сазандай ойнақтатып сұлу қыздар бұран қағады.

Бүйірлі жез шайқазанды ортаға алып, бір-бір ақ құманды дербес иемденген топ-топ еркектер бірінің сөзін бірі іліп ала жөнеліп, қарқ-қарқ күліп қағытпа сөзге қарық боп жатыр.

Астына отты аямай өртеген дәу-дәу тай қазандардың қақпағы ашылғанда қапысыз бұқтырылған күріш палаудың иісі кешкі аспанның астын бір өзі жайлап, аңқып қоя береді. Жерінің шынтағынан асыра түріп тастаған өңшен бір мұрты жылтыраған аспаз еркектердің қолында ойнақ салған тал-тал қауаптан астында жайнап жатқан қып-қызыл сексеуіл шоғына шып-шып май тамады... Жастың да, кәрінің де мұрттарынан шарап тамшылайды.

Әсем саз құлағыңа майдай жағып, мұрыныңды өңшен бір тәтті иіс қытықтайды.

Ашық аспан астында мыңдаған саржалқын алау асыр салып билеп жүр.

Ду-ду күлкі... Думан әбден қызып алған.

Жұрттың бәрі мәз-мәйрам...

Әмірші тойының тұсында адамдардың бір-біріне қоқандап қыр көрсетуіне тыйым салынған. Той тұсында бола беретін анау-мынау күнә-кемшінің бәрі кешірімді. Тек шеннен шықпаса болғаны. Ал, шеннен шыққандардың шаруасы бізбен болсын деп, шатырлардан былайыраққа, оқшау төбенің басына қатар-қатар құрылған дар ағаштар әлекедей жаланып тұр.

II

Той өткен соң әмірші жаңа мешітке барып, намазға жығылып, бата алды да, батыс жаққа жорыққа аттанды.

Ол жорыққа аттанған бойда Жаппардың жатқан үйінің қожасы — Ахмет бай қызын ұзатты.

Кеш болса көшедегі арықтың сылдырынан басқа етшене естімейтін тыныш көшедегі Ахмет байдың шағын ауласының абыр-сабыр болғанына екі аптадан асып барады. Елдің ең алдымен күбінгені де Ахмет байдың өзі-ді.

Тамаша десе ішкен асын жерге қоятын саудагер тойға бір апта қалғанда-ақ сандықтың түбінде жатқан тойға киетін киімнің бәрін алдырды. Сосын айнаның алдынан барып ұлы сәскеге дейін отырады да қояды. Әуелі басына сәлде орайды. Былай орайды, айнаға қарайды, — келмей тұрған тәрізді, олай орайды, айнаға қарайды, келмей тұрған тәрізді.

— Қатын, бері келіп кетші...

Әйелі я бақша суарып жатады, я тандыр жауып жатады, күйеуінің шақырғанын, қапелімде естімей қалады.

— Қатын, керек болып қалғансың ба?..

Ауланың әлде бір түбінен жер астынан шыққандай тұншыққан әлсіз дауыс естіледі.

— О, не боп қалды, бай-еке?

Ахмет бай күйіп-піседі.

— Ау, бері кел, бері...

Әйел қолын етегіне сүртіп, күйеуі отырған бөлмеге беттейді.

— Маған қарашы.

— Иә.

— Не «иә, иә» дей бересің. Көрмеймісің?..

— Көріп тұрмын, бай-екесі...

— Нені көріп тұрсың?

— Сізді көріп тұрмын, бай-екесі.

Ахмет байдың бұдан арғыға шыдамы жетпейді, күйеуінің неге ашуланғанына түсіне алмай аң-таң боп тұрған әйелін, басындағы дағарадай сәлдесін шешіп алады да, құлаштап тұрып бір тартып үйден қуып шығады.

Шебер жігіт есік алдындағы саяжайда бұның бәрін естіп, ішінен мырс-мырс күліп отырады.

Ахмет байдың дауысы біраз уақытқа тынып қалады. Бір уақыттарда барып өзі көрінеді. Басында — дағара сәлде, үстінде — қырмызы шапан, аяқта — көксауыр кебіс. Дегене қарынды ені бір қарыс деңмент белбеумен буып салған. Шапанының ойық омырауынан аппақ шәйі көйлегі жарқырайды.

Мейманнан:

— Ұста-үкә, қалай?— деп сұрайды.

— Келісіп тұр, бай-еке.

Ахмет бай саяжайдан шалқақтай басып төмен түседі, ауланың әлде бір түпкірінде жүрген әйеліне:

— Қатын, дүкен бүгін ашылмайды,— деп бір айқайлайды да, қолын құлаштай сермеп, бірақ біреу екі аяғын тұсап қойғандай, адымын жазбай тыпыр-тыпыр басып, дарбазаға беттейді. Содан ымырт түсе бір-ақ оралады. Дарбазадан аттамай жатып:

— Қатын, құманыңда су бар ма?— деп айқайлайды.

Жез легендегі ыстық суға аяғын малып отырып, су құйып тұрған әйеліне, үй қожасының алдынан шыққан Жаппарға, тандырдың қасында тамақ пісіріп жүрген қызына, ауланың түбіндегі шошалада сабан қажап тұрған есегіне, одан бері дөңкиіп-дөңкиіп көрінген қос дөңғалақ арбаға, көптен бері қол тигізілмеген мыжық-мыжық дуалға, бозғылт аспанда енді-енді жымыңдап көріне бастаған бір-саран жұлдыздарға, арықта су сылдырап ағып жатқан тыныш көшеге, көрші-қолаңға, он сан сарайлары мен хан бағына, күллі шаһарға, тіпті күллі дүниеге түгел естілсін, Ахмет байдың бүгін базардан не бітіріп қайтқанын бәрі де түгел білсін дегендей дауысы саңқылдап, қай саудагердің дүкеніне кіріп, киімін көрсетке-

нін, кіммен балағаттасып, кіммен тәжікелескенін, кімге тіл тигізгенін, шайханада неше құман шай ішкенін, әскияда кімнің шамына тигенін, кімнің бөденесіне бәс тіккенін — бәрін-бәрін түк қалдырмай тәптіштеп түгел айтып береді. Сосын сәлдесін, шапанын, шалбарын, ең соңында көк сауыр кебісін әйелінің қарына бір-бірлеп арта береді, киімге иегіне дейін көміліп, үйге бұрыла берген әйелін әлденесі ұмыт қалғандай кілт кідірттіп:

— Айтпақшы, көрпең қанша болды?— деп оқыс сауал қояды.

Әйелі көрпенің саны қаншаға жеткенін айтады.

— Той деген болып қалды, байқа...— деп бір сұс көрсетіп қойып, шақшасынан насыбай ап иіскейді.

Ауланы басына көтеріп, бақырып-шақырып бір түшкіргенде көкірегiнiң басына қонақтап тұрған барша зілмен бірге көңіліндегі барша сөз де сыртқа біржола атып кеткендей, Ахмет бай содан қайтып үндемейді.

Тамақтанып алған соң, еркектер бөлмесіне Жаппардың қасына салынған төсегіне жантаяды да, басы жастыққа тиер-тиместен қорылдап ала жөнеледі.

Ышқынып-ышқынып барып бір басылып, қайтадан қоздайтын Ахмет байдың «түнгі хикаясын» тыңдап жатқан жас жігіттің қапелімде ұйқысы келмейді.

Ұлы әміршінің байтақ шаһары тып-тыныш. Кесек дарбазалардың ішіндегі сықсима оттардың бәрі өшкен.

Жұрттың бәрі ұйқыда. Тек Жаппар ғана ояу. Солай әрі төңбекшіп, бері төңбекшіп жатады-жатады да, бір уақыттарда қалжырап ұйықтап кетеді.

Кенет бөлменің іші құлаққа ұрған танадай тым-тырыс бола қалады. Жаппар оқыс тыныштықтан оянып кетеді.— Ахмет байдың төсегі бос жатыр. Аң-таң боп айналаға қарайды. Қарсыдағы әйелдер бөлмесі есігінің болмашы сықырын естігенде барып, ұйқылы-ояу жымиып қойып, бір аунап түседі...

Елден ала бөтен Ахмет байдың өзі асығып күткен той да келді. Ауланың ішіне үш-төрт жерге тай қазан асылып, палау басылды: әлдене жерге шоқ өртеліп, кәуап пісірілді. Тандырда от кеткен жоқ...

Аулада дәм иісі, еркектер бөлмесінде — шарап пен тер иісі, әйелдер бөлмесінде — миуа мен әтір иісі.

Күні бойы ішу-жеу... Арасында — дутар мен дабыл даусы. Еркектер бөлмесінде шырқ айнала отырған алқа топтың қак ортасында саусақтарын сыртылдатып он бір-он екі жасар бала билейді, қалғандары дабылдың ырғағына қосылып, тершіген жүндес омырауларын жұдырықтарымен сарт-сарт сабалайды, әйелдер бөлмесінде — буындары былқылдап қыз билейді, серіктері алақандары ауырғанша аямай қол соғып қошаметтеп бағады.

Күннің қызылы семе еркектер бөлмесінде тойға арнайы шақырылған қази қолындағы ішіне күміс сақина салған тостағанға неке суын құйып, қасына күйеу мен қалыңдықтың куәгерін шақырды. Ақ некенің дұғасы оқылғасын қази қолындағы судан күйеуге бір ұрттатып, куәгер мен жігіттің жолдас-тарын ертіп, бөлек үйде шымылдық ішінде отырған қалыңдыққа беріп жіберді. Көп ұзамай тостаған қазидың қолына қайтып оралды. Ол екі әке мен күйеудің, куәгердің алдында дұға оқып, ақ некеге бата берді.

Дастарқан қайта жайылды. Ойын-сауық қайта жалғасты. Түн ортасынан ауды. Күйеу жігіт қалыңдығын көруге баратынын айтып әйелдер бөлмесіне хабар салды.

Әйелдер бөлмесіндегі әбігер көбейді. Бәрі қолдарына бір-бір шырақ жағып ұстады, күйеудің алдынан шықты. Бөлмеде шымылдықтың ар жағындағы қалыңдықтан басқа ешкім қалған жоқ.

Соңына дуылдаған бір топ жас жігіттерді ерткен күйеу, әйелдер отырған бөлмеге беттеді. Олардың есікті ашып қалуы-ақ мұң екен — опыр-топыр басталды да кетті. Әйелдер жас жігіттерге дүрсе қоя беріп, күйеу тартпаққа көшті. Бажылдаған әйел даусы. Күйген шүберек иісі. Кейбір жігіттердің сақалына от тиіп, шапанының етегімен ұрғыштап, сөндіре алмай жүр. Ақыры, әйелдер күйеуді жігіттерден тартып алды. Біреуі оның басын қолтығына қысып ап, төрдегі шымылдыққа қарай сүйрелей жөнеліп еді, бір топ әйел жапа-тармағай сондарынан жүгірді.

Күйеуден айырылып қалған жігіттер өз бөлмелеріне оралып, дастарқан басына қайта отырды.

Әйелдер бөлмесіндегі күйеу жігіт дастарқан басында отырғандардың әрқайсысына қыз көрсетер сыйлық тартты. Ал қыз-келіншектер ән салып, би билеп күйеу жігіттің көңілін көтерді.

Соның бәрінде жас келін шымылдықтың ар жағында отызқырық көрпені бірінің үстіне бірін қабаттай берген, ертең күйеуінің үйіне өзімен бірге алып баратын жасау төсегінде жападан-жалғыз сарылып отырды да қойды. Күйеу жігіт шымылдық ішіне келіншегінің құрбыларын әбден риза қылған соң барып кірді. Екеуіне бір табақ палау мен жеміс әкеліп қойылды.

Шымылдық сыртында дастарқан басында дуылдасып өзге қыз-келіншектер отыр.

Түннің бір уағы болды. Қатар-қатар жүк жиналған керме жіптерге қалыңдықтың киімдері жарқыратып жайып қойылған, жерде қалыңдықтың етіктері, кебіс-мәсілері тізіліп тұрған әлем-жәлем бөлмеде қыз бен жігіт жалғыз қалды. Қу келіншектер кетерінде шамды сөндіре кеткен...

Жас келін мен күйеуді оңаша қалдырып шығып кеткен са-

қа келіншектер есік, терезеден тын тыңдайды. Әуелі дымдары ішінде боп үн-түнсіз тұратын олар әлде бір уақытта бір-біріне сыпсындай жөнеледі, енді біраздан соң сылқ-сылқ күле бастайды. «Неге күлгенімізді жұрт біліп қалмасын, жайырақ күлсейші» — деп, бірінің бірі мықынынан үзіп-үзіп алады. Сосын іштегі дыбыс басылған кезде, олар да күлкілерін пышақ кескендей тез тия қояды. Қапелімде не болып, не қойғанын біле алмай аңтарылып тұрып қалады да, сәлден кейін бір-бірімен сыбырласып кеңес құрады. Сосын іштерінен біреуіне жас жұбайлардың есігін қағуды тапсырады.

Есік қаққанда, ар жағынан күйеу кеп есік ашады, әлгі әйел онымен бірге сып етіп бөлмеге еніп кетеді. Көп ұзамай қолына күйеу мен қалыңдық берген сыйлық ұстап қайта шығады. Әйелдерге әлдене деп сыбырлайды. Сол-ақ екен, таң атқалы ол не айтып келер екен деп сабырлары, сарқылып тұрған әйелдер ду күліп жібереді. Бәрі жапа-тармағай сыртқа қалыңдық пен күйеудің шешесі қос құдағиға жүгіріп, екеуінен шүйінші алады.

Ертеңіне күн шыға күйеу жігіттер отырған бөлмеге бойдақ достарымен ақырғы рет думан құруға қайтып келді. Бұдан былай ол үй иесі, бойдақтармен бірге жүріп-тұра алмайды.

Бөлме ішіндегілер күйеу жігітті ортаға алып дуылдасып жатқанда, Жаппар сыртқа шығып кетті.

Кешеден бергі ың-жыңнан басы зеңгіріп, дарбаза алдындағы жалғыз тұттың көлеңкесіне зорға жетті. Сол түні түс қайта той тарқады, күйеу жігіт үйіне кетті, қалыңдық әкешесінің үйінде қала берді. Ахмет бай тойға киген сәнді шапанын шешкісі келмегендей, үйіне бір кіріп, бір шығып, көлбеңдеп жүр. Қалыңдық шымылдық құрулы үйде. Көрші-қолаңның төрт-бес қатыны ауыздары жалпылдап, әлденелерді сыпсың-сыпсың әңгімелеп, ыдыс-аяқ жинасып жүр.

Жаппар сең соғып кеткендей мең-зең. Көз алдында күйбеңдеп жүрген адамдарға таңырқай қарайды.

Сол күні бөлме іші күндегіден ала бөтен қапырық боп кеткендей, түнде де тыпыршып жата алмады. Жалаң аяғына кебіс сұғып, сыртқа шығып еді — ай сүттей жарық екен. Шымдуал біреу кеп әктеп кеткендей тым бозарып кетіпті. Ауланың түкпірінде сабан қажап тұрған есектің бір сарынды тысыртысырынан басқа дыбыс та жоқ. Ол есік алдындағы бастырмада тіреу жөке ағашқа арқасын сүйеп, түнгі самалға омырауын тосып тұра қалды. Кенет әлдене дүк ете түскендей болды. Ол қақпа жаққа қарап еді, көзіне ештеңе түспеді. Әлгі «дүк» еткен дыбыс жерге сіңіп кеткендей, артынан ешқандай сыбыс шықпады. Бұл аң-таң. Құлағын түріп тыңдайды-ақ. Сол баяғы шошаладағы есектің тысыр-тысыр сабан қажағаны ғана естіледі. Қапелімде әлгі дүсірдің қай жақтан шыққанын да аңғармай қалды, қайтадан дыбыс шықпаған соң аяғын

еппен басып бастырмадан шықты. Жалаң аяқ сұға салған кебісі өкшесіне шылп-шылп соғады. Әлдекім үйдің көлеңке жақ сыртына сып бергендей болды. Ол кілт кідірді. Ілгері басарын не кейін қайтарын біле алмай біраз аңырды. Жүрегі дүрс-дүрс етеді. Не де болса, тәуекелге бел буып, тез-тез басып, көлеңкеге беттеді. Сол-ақ екен үй сыртынан біреу жұлдыздай атылып шықты да, шым дуалға қарай жүгіре жөнелді. Бұ да кебісін сылпылдатып, соңынан қуып берді. Қашқын дуалға жете беріп жалт бұрылды да, қалт тоқтап қалды. Шым дуалға асыла берген қолы сылқ төмен түсті. Сосын қашан бұл қасына барғанша тырп етпей тосып тұрды. Қол созымдай жер қалғанда барып, тіл қатты.

— Е, Ахмет ағай екен десем, сен екенсің ғой.

Даусынан тани кетті — кешегі күйеу жігіт. Жүндес қабағын түгел тікірейтіп, бұған жек көріп, не мүсіркеп тұрғаны белгісіз, езуіне күлкі үйіріп, шаншыла қарап алды да, жай-барақат үйге беттеді. Құрық сүйреткендей, ай астында ерсі ербендеген ұзын көлеңкесін соңына ертіп кетіп барады. Жаңа ғана қашып-пысып жүргенін ұмытып кеткендей, талтаң-талтаң. Ұзын-тұра көлеңке үйдің бұрышынан айнала бере ұрыттң күйрығындай бір бұлаң етті де, ғайып болды.

Жаппар көзіне қос көрінген кісіше ай нұрынан ақ шаңылтақ боп жатқан аула ішіне аңыра қарап тұрып қалды.

Содан бір апта бойы түн ортасы ауа бере-ақ бұл жатқан бөлменің терезесінің түбіне әлдене дік ете қалады да, артынша қалыңдық жататын бөлменің есігі сықырлап ашылады.

Күйеу жігіт қалыңдығын бір жыл бойы қайын-жұртында қалдырып түн баласы қайын-атасы мен қайын енесінің көзіне түспей, ұрланып барып түнеп тұратын әдетті ақыр аяғына дейін ұстануға, әлденеден тәуекелі жетпеді білем, той өткесін бір аптадан соң-ақ келіншегін өз үйіне алып кетті.

Енді Жаппар әр кеш сайын жұмыстан қайтқанда аула ішіне бұрынғыдай емес бір түрлі тосырқап қарайтын болды. Әр жері кетік-кетік кісі бойы шым дуалдың бұрынғы қалпы. Бір бұрышқа сүйей салған шаңырақтай-шаңырақтай қос доңғалақ арба да бәз-баяғы орнында тырп етпей тұр. Түпкірдегі сабан салулы шошаладағы көк есек те бұрынғысынша күтір-күтір күйсегенінен танбайды. Бірақ, аула іші бұрынғысындай емес, қаңырап тұрған сияқты. Ахмет бай бұрынғысынша қарынын сипап кіріп, сипап шығып жүргенімен қауқылдай жөнелмейді. Туғалы бітпеген сабырды енді тапқандай. Кемпірде де дыбыс жоқ. Қап-қара пәрәнжә мен толарсаққа дейін шұбалта жабылған қоңыр шапанның ар жағындағы бүлк-бүлк қыбыр ғана, оның кеудесінде жан барынан хабар бергендей.

Анада той тұсында қалыңдыққа шымылдық ұсталған бөлме енді Жаппарға тиді. Жас келіншектің алғашқы ақ неке түндері өткен бөлменің әтір, опа-далап, сүрме иісі әлі біржола

өшіп үлгере қоймаған. Ол күн сайын қақ төрге салулы төсегіне жата бере-ақ, бөтен, бірақ бұған етене таныс, етене жақын әлдеқандай сүйкімді иіс аңқып қоя бергендей болады да, алабұртып жата алмайды. Көзін жұмды-ақ тар бөлменің бұрыш-бұрышынан селдір перде жамылған қолан шашы төгілген әлде бір ару бұның төсегіне қарай аяғын санап басып, жақындап келе жатқандай болады: көзін ашып алса — әйнектен емескі түскен айдың бозамық нұрынан басқа ештеңе жоқ. Солай біразға дейін көзін бір ашып, бір жұмып жатады, жатады да қос кірпіктің астына шойын құйып қойғандай боп, көз аңғары зіл тартқанда барып, амалсыз қалжырап ұйықтайды. Түсінде де әлгі бір елес бұның қасына қол созымдай жерге төсек салып жүреді. Ақ мамық төсекке бір сүңгиді де, тырп етпей жатып алады. Бұл өз-өзінен тағаты таусылып тыныш та жата алмай, тұрып та кете алмай, арпалысумен болады. Тұрайын десе, әлде бір сиқыр ту сыртынан желім-құйып қойғандай, тұла бойын қозғай алмайды. Басын біреу майса құмаққа көміп тастағандай, әлгі бір жұмбақ ару жатқан жаққа аударылып қарайын десе, зіл боп жабысып жібермейді. Тек бір уақыттарда ғана ұйып қалған қолына жан бітеді, жанындағы төсекке қарай жайлап соза түседі, құс мамық жастыққа жете бергенде созулы білегі тастай бірденеге тақ ете қалады. Жаппар ұйқысынан шошып оянады.

Осылай өз-өзінен елегізіп, төңбекшумен өткен мазасыз түндерден соң жұмыс басында да өне бойы зіл тартады да жүреді. Ахмет бай қызын ұзатқан соң, ол бір түрлі көлденен көзге ашылмай, тас түйін боп, өз-өзінен тығылып, тұйықталып алған.

Хан жорыққа аттанарында байтақ шаһарда жұрттың бақ ішінде, ашық алаңдарда сауда жасап, әлемдегі ең үлкен астананың көшелерін айқай-ұйқайға толтырып, ат пен есектің тұяғынан ұшқан шаң-тозаңға бөктіріп қоюға тыйым салып, қаланың бір шетінен екінші шетіне шыққанша созылатын жабық көше салуды бұйырған-ды; сол жабық көшенің екі бетіне саудагер бұйымдарын сататын дүкендер ашып ортаға күні-түні су шапшып тұратын хауыздар орнатуды тапсырған-ды.

Содан бері түн баласы тасыр-күсір, қорғандағы құлдар кеп, болашақ көше өтетін жердегі үйлер мен дуалдарды қиратады; таң атқанша қираған үйдің орнын айнадай қып тазалап қояды; ал бұлар таңертең тазартылған жерге жабық базардың дүкендерін салады.

Жабық базар шаһардың орта тұсынан енді-енді ғана асып барады. Қыс айларында жерге тоң қатып қап, құрылыс мандымай қойды. Күні бойы жүздеген шебердің қатар отырып ап тас қалағаны, құрылыс басының абыр-жабыры қажыта ма, жоқ көңілі біржола торықты ма, Жаппар енді түн баласы алас ұрып шығатын мінезді тыйып келеді. Бұрын көз алдында

үлбіреп тұрып алатын Зухра бейнесі де бірте-бірте көмескі тартқандай. Бұрын бір үйде тұрып, күнде көріп жүретін таныс жүз бір жылдан бері мынау шым-шытырық дуалдарға толы шаһардың әлде бір жеріндегі бөтен үйге барып тығылып ап, енді қайтып көзге түспей қойған соң көкірегінде сайрап тұрған күлімкөз елес те бірте-бірте солғын мұнар ортасына шегіне түскендей. Алайда, қайыптан-тайып ойына түсіп кеткенде, жап-жалаңаш омырауын аяз сүйіп алғандай, жүрек тұсы мұздап қоя береді. Торығу мен қимастықтың екі ұдай сезімі қанша итжығыс түсіп келсе де, енді-енді бір-біріне бел алдыра бастапты.

Жаппар бұрынғыдай емес, әлденеге тас түйін боп, бойын жиып алыпты. Жүріс-тұрысынан да, қас-қабак, көз тастасынан да торыққандық байқалады. Енді алдындағы қатар-қатар қаланып жатқан тастан басқа ештеңеге алаңдамауға белін бекем буғандай.

Бір-біріне тізбектеле түсіп жатқан қыш тастар бұның буалдыр мұң, бұлыңғыр үміт, қапырық уәйімнен аршылған ойларындай сараланып, сайрап жатыр. Жабық көше ұзара түсті. Әмірші жорыққа аттанып кеткелі де екі жылдың жүзі боп қалды. Хан қайтып келгенде өз бұйрығының орындалғанын көрсін деп, бас шебер де қатты асығып жүр. Күнде ертемен елдің алдымен кеп, шеберлердің жұмысын көріп кетеді. Қазір де әне жеңіл күймесін есік алдына доғарып, тас қаланып жатқан жабық бастырманың астына кірді. Күндегідей жолындағы тас қалаушылардың қасына тоқтап, тіл қатыспастан бірден түпке қарай аяндады. Әлде тағы да бір шұғыл шаруашықты ма екен? Кімге беттеп келеді? Алдын кес-кестеп әрліберлі тас тасып жүргендерге назар салған жоқ. Тартып келеді. Қайда жетіп тоқтар екен? Міне, мұның қасына таяп қалды. Тоқтамай, өте шығатын шығар. Жоқ, бұрылды... Иә, түп-тура өзіне беттеді. Қасына келді. Үюлі жатқан қыш тастардың үстіне аяғын салып, тіл қатты.

— Жаппар, таста...

Бұл не дегені? Жаппар оның бетіне қарады.

— Жүр, сарайға барамыз. Сені бас уәзір шақыртып жатыр.

Бас шебердің солқылдақ жеңіл арбасы бас уәзір отырған ақ сарайдың қақпасының алдына кеп тоқтады. Есік ашқан сақшылардың ара-арасымен, алдына түсіп ап, асыға аяндап бара жатқан бас шебердің соңынан ере берді. Сарайдың сапсалқын, саңғыраған әлденеше бөлмелерінен өтіп, ақыры бір самаладай көкшіл бөлмеде қақ ортадағы дөңгелек хауыздың төр жағында ағаш сәкіде отырған бас уәзірдің де алдына жетті. Ол тағзым еткен сәлемін қабыл алды да, бұның бас-аяғына ұзақ тесіле қарап отырды: бір қауым уақыт өткен соң не де болса айтайын деп тәуекелге бел буғандай, аузын аша беріп,

тағы да сүзіле қарап қойды. Сосын бас шебер жаққа бұрылып:

— Неге шақыртқанымды айтып па едің?— деп сұрады.

— Жок, таксыр,— деп бас шебер тағы да тағзым етті.

— Ендеше, Жаппар ұста, кіші ханым жорықтағы ұлы Әмірші елге оралғанда көз қуансын деп мұнара тұрғызбақшы. Соны сізге салдырмақпыз,— деді де бас уәзір тостағандай көзін бір төңкеріп қойды. Кімге болса да, басын төмен салып жіберіп, иегінің астынан жоғары қарай бажайлап бір шолып шығатын бас уәзірдің әдеті болса керек.

Оның тесіле қалған бадырақ көзіне тік қарауға қаймыққандай Жаппар ұста иіліп тағзым етті.

Бас уәзір ішіп-жеп бара жатқан бадырақ көзін тағы да бір рет шыр көбелек айналдырып алды да, назарын енді Жаппардың екі иығынан асыра есік жаққа қарап:

— Ұқтыңыз ғой,— дей салды.

Дауысы бір түрлі салғырт шыққандай болды.

Жаппар бұған не деу керек дегендей бас шеберге көз тастап еді, ол уәзірдің не дегенін атымен естімеген кісіше, меңірейіп тұра берді.

Жаппар бас шебердің бейтарап жүзіне аңтарыла қарап біраз тұрды да, баз уәзірдің өзінен жауап тосып отырғаны ойына түсіп, асыға-үсіге.

— Ұқтым,— дей салды.

Содан Жаппар қазықты қайда қағарын білмей бір ай жүрді. Байтақ шаһардың ішінде бармаған, біресе жердің топырағына, біресе маңайдағы үйлерге жалтақ-жалтақ қарап, басын сипап тұрмаған жері қалмады.

Ақыры ол мінген арба кіші ханым тұратын бақтың түстік жағындағы оңашалау алаңқайдан келіп бір-ақ шықты.

Ескілікті обаның орыны қаланың былайғы табанынан біршама биік сияқты. Топырағы да не кебірттік, не майда ұлпа емес, қатқақтау. Ертеңгі күні мұнараны шөгере-шөгере еңсесін түсіріп тастамайтындай. Тым бір қиын бұру шет те, бықынажай орталық та емес. Жан-жағы ашық. Шаһардағы аты шулы мешіт-медіреселер мен хан сарайлары да бұл арадан біраз жер. Төңірегінде көрушінің көзі мен көңілін бұрып әкететіндей ештеңе жоқ, оңаша. Терістік қапталында кіші ханымның сарайы ғана бар. О да көк мәуеден көрінбейді.

Не де болса тәуекел деп қазықты сол араға қақты.

Әр жер-әр жерінен ін қазып, тышқан тесіп тастаған ескі үйік обаның төңірегіне жан-жақтан шандатып арбалар келе бастады. Жал-жал қызыл кірпіштер үйілді. Белуарына дейін тыр жалаңаш шешініп алған тұтқын құлдар қара қайыс арқалары қақ төбеден шақырая қараған шілде күнінің астында жарқ-жүрқ етіп жер қаза бастады. Темір күректермен бірге олар да жер қойнына сіңе түсті. Күннен-күнге қомақтана түс-

кей жал-жал топырақ биіктеген сайын терге малшынған қара күрең иықтар көзден бір-бір ұшып жер астына біржола еніп, жоқ болды. Жаппарда тыным жоқ, болашақ мұнара тұратын обалықты біресе ана жағынан қарап, біресе мына жағынан қарап шапқылады да жүрді.

Бір күндері қырық құл жер бетіне қайта шықты, олар қазған шұңқырға енді Жаппар түсті. Шыжыған шілде күнінде жер асты қанша рахат көрінгенмен бір-екі күннен кейін одан да жалықты. Жарыққа, жер бетіне құлшынды. Сонау төбеде көк ніл аспан жылтырап жатқан жарық дүниеге тез-тез жетіп алмаса, әлде бір тажал күш жер астына байлап тастайтындай, жоғарыдан тері зембілге сап жіберіп тұрған қыш кірпіштерді асыға қалады.

Ақыры құлдар қазған құдықты толтырып жердің бетіне шықты. Қара жердің қойнынан қақ жарып шығып келе жатқан тас бәйтерекке өткен-кеткеннің көзі түсе бастады. Сонда балаң шебердің балғын көңілі көлденең көздің көп қарағанына бір түрлі масаттанып қалатынды шығарды. Осынау ескі обаның басында қыбырлап жүрген қарайған адамның ішінде тек бір бұған ғана көз алмай тесіле қарап тұрғандарды байқаса болды, бұлшық етін қадала сорып, қалжыратып бара жатқан дамылсыз қозғалыс әлгі бір сарын, бір ырғақ пәтуасыздығынан айрылып, табан астында айрықша бір мән тауып сала береді. Ондайда шаршағанын да білмей қалады.

Күн санап сатылап биіктей түскен мұнарамен бірге о да жер бетінен, кірпіш тасып, балшық илеп күйбендеп жүрген көп құлдан алыстай берді. Енді құлдар кірпіш пен тасты мұнараның іш жағындағы саты баспалдақтармен зембілдеп таситын болды. Екі кісі зорға айналып тұрардай тап-тар мұнарада жапа-жалғыз. Жаңа салынып жатқан мұнараны, кірпіштен кірпішке биіктеп, көкке өрмелеп бара жатқан шеберді алыстан тұрып қызықтайтындардың тобыры да сирей түсті. Енді олардың да мәні жоқ. Сонау жердің бетінде күйкентайдай боп тәлтиіп-тәлтиіп тұрғандардың бұған айтқан сөздері де, құмарта қараған көздері де жетпейді. Кірпіштер қайтадан ауыр тарта бастады. Тұсаулы аттың китің-китің жүрісіндей құрылысшының кірпіш санаған күйкі қимыл-қыбыры мезі қып барады. Енді оның асыға күтетіні тас таситындардың келіп тас түсіріп кеткені. Олардың ту сонау мұнара түбінен әуелі дүңгірлеп шығып, бірте-бірте тақ-тақ қатқылдана түсетін аяқтарының дыбысына құлағын тосады да тұрады. Құлдардың көбі шеттен келген. Олар бұның, бұл олардың сөзіне түсінбейді. Бірақ, қасынан ақ тер, көк терге түскен еркектердің әншейінде тым ерсі, тіпті жиіркенішті көрінетін бір түрлі құдірет — күш беретіндей күңірсік иісі мұңкіп қоя бергенде, ол қалтарыс бір түкпірде қара аңсап тұрған тұсаулы аттың өзге жылқы көргенде оқыранбай не кісінемей қалмай-

тынындай, әлдене деп бір сөйлеп қалады. Құлдар бұның не айтып тұрғанына түсінбесе де, тістерін ақситып күліп қояды.

Енді мұнара шаһардың таяу жердегі үйлерінен бой асыра бастады. Жақын махаллалардың тап-тар көшелері мен аядай аулаларындағы қимыл-қыбырдың бәрі көз алдында. Жатаған үйлердің ара-арасындағы әрлі-берлі шұбап жатқан қара ноқаттар — есек мінген, не жаяу кетіп бара жатқан көшедегі жұрт мың сан сұрлеуге түсіп ап, әрлі-берлі жөнкіліп жатқан әлдеқандай кішкене мақұлқаттар секілді. Олардың көзге әзер шалынатын құрдым қарасы да, ерсілі-қарсылы сендей сапырылысқан мәнсіз қозғалыстары да кісі күлерліктей. Әсіресе, базар маңы құмырсқаның илеуінен бір аумайды. Әншейінде арасында жүргенде қызығатын қызылды-жасыл дүниелер де мынадай зенгір биіктен қарағанда құнсыз, қызықсыз, тіпті көзге де ілікпейді.

Осы бір ұсақтықты, мәнсіз абыр-сабырды адамдар өздеріне-өздері қасақана ойлап шығарғандай. Мынау ұлан-асыр шалқар болмыста әрқайсысы алды-алдына шалқайып жүруге жер жетпегендей, бір-біріне соқтыға-қақтыға жөнкілетін әне біреу сұрлеулерді, кеңістікті кеңірдегінен алып қылғындыратын жолбарыстай көріп, төрт жағыннан төрт тас жақтаумен қоршап, қыспаққа алып тұратын әне бір тас табыттарды тауып алыпты, сондай бірінен-бірі аумайтын тас қорапшалар арасында, сұрықсыз сұрқай илеуде біріне-бірі соқтығып, құмырсқаша құжынап жүріп бір-бірімен атақ таластырып әлек болады. Осынау мәнсіз илеу біріне-бірі соқтыққан құмырсқаларын да мәнгіртіп жібергендей. Әйтпесе, мынау ұлан-асыр кеңістікте бет-бетіне бытырап жүрмес пе еді, сонда олардың әрқайсысын жеке-жеке қуып жүріп өлтіретін кім бар дейсін? Ал, мынандай быжынап жатқан илеуді бір жайпап кетуге қай жау қызықпайды. Өзге илеулерді аямай таптап жүрген атақты билеуші өз илеуін жылдан-жылға құжыната түсуде. Тап осы салып жатқан мұнарасының қажеті қанша... Көлденең көк аттының көзіне түртіп, екі аяқтылардың тағы бір илеуі бар деп жау шақыруға ма... Әлде, мынандай қапас илеуге жуымандар, маң түзден айырылмандар деп ел үркітерге ме... Неге керек?.. Не үшін керек?.. Оны өзі де білмейді. Былтыр бадырақ көз бас уәзірден тапсырма алды да, кірісіп кетті. Сонау мәуе бақтың ішінде, әлде бір түкпірде бұған қарап отырған кіші ханымға керек болды дейді. Оның мынандай тас үйікке неге сонша құмар бола қалғанын ит біліп пе? Осылай шәлкес ойлар ойқастағанда ол мынау шым-шытырық шаһардан да, сол шаһардың дәл өзіндей шым-шытырық сергелден ойдан да сергітетіндей бостан кеңістікке құлшынады. Мынау сұп-сұрғылт шым үйіктер тасасында сағым шалып жатқан ұлы даланы көргісі келеді. Бірақ, күн жеп қуарып кеткен жер өндес шым дуалдар мен шым қабырғалар, бір-біріне астасып

араласып кеткен күзді күнгі лайсаң шалшықтай мына бір еш бедер-белгісі жоқ сиықсыз сұп-сұр перде, қайда қараса да көлкештеп көз алдында тұрып алады. Ол сол бықпырт лайсаңға тұншығып қалмайын деп, тырбынып, тас мұнараға иек асып, көкке қарай тырмыса түседі.

Жаппар мұнаралардың неге керек екеніне енді түсінді. Сөйтсе, ол адамдардың мынандай төрт тарапты түгел байлаған тығырықтан көз бостандық алар кеңістікке, көк есектің құйрығының деңгейінен бой асыра алмайтын аяқ асты аласалықтан көңіліңді сергітер зеңгір биіктікке, қол басындайды ірі, құрық бойындайды биік көріп, қайдағы-жайдағының бәрін қазына, қалай-солайдың бәрін қасиет санап, күйбең-күйбеңмен күн өткізетін күйкіліктен бір кездегі ұлан-асыр болмысты барша ерен ұлылығымен көре алатын ірілікке, илеудегі қыбыр-жыбыр тіршілік иесінен аспан астын түгел шолып, түгел барлай алатын қырағы жанар, ұшқыр қиял, биік арман иесі адамдыққа ұмтылған өр дәменің құлшынысы екен. Тышқан екеш тышқан да ауық-ауық топырақ сасыған тар інін тастап, жонын шуаққа тосып, сығырайған кішкене көзін ұлан-байтақ болмысқа, құныға қадап, жарық дүниенің өз індігешіндей емес көл-көсір кеңдігіне, жер бетінде тек күйкілік қана емес ұлылық та бар екеніне көзі біржола жетіп, көңілі бітіп, масаттана әндетпеуші ме еді.

Бәлкім, жер кіндігін тесіп шыққан мына мұнара, адамдардың әлгіндей асқақ дәмесі ғана емес, анау аяғының астындағы былқ етпес көнбіс қара жердің сонау тас төбеден еміне төнген көк аспанға емірене созған білегі шығар. Қолындағы қыш кірпіш күні кеше сонау төменде көк есектің тұяғына жаншылып жатқан көк тиындық құны жоқ топырақ емес пе еді тәйірі... Енді, міне, ол бұның білегінен әлдебір сиқыр қақтай сорып шығарып жатқан күшпен қосылып, жайдауыт бедерсіздіктен көлденең көзді өзіне аландатпай қоймайтын биік нысанаға, ешкім ескермейтін мағынасыз ұнтақтан назарынды көкке сүйрер маңғаз мұнараға айналмады ма?

Былтыр алғаш қазық қаққанда, ол ескі обаның төбесіндегі көк ніл әуеге қанша телміріп, қарағанмен, көз алдынан қазір-ақ бір-бір ұшып жоғалатын алдамшы елестен басқа ештеңе көре алмаған-ды. Әлгінде ғана алдында аспанмен таласып тұрып алған сиқыр мұнара көзін уқалап ап, енді бір қарағанда, жер жұтқандай жым-жылас жоғалып кеткен-ді. Бірақ, бүйірін тышқан тесіп тастаған бұжыр төмпектің төбесінде көз алдында көлбеңдеп тұрып алған, қазір ғайып болатын сол бір алдамшы елесті шындыққа, көргеннің көз жауын алатын көрікті көк мұнараға айналдыруға болатынын ол баяғыда-ақ білген-ді.

Одан бері де сегіз жылдың жүзі ауыпты.

Екі ала қоржынды теңдеп ап, тау-тау шағылға итіне тырмысқан көк есектің соңында әкесі екеуі келе жатты. Жарты ай бойы сол бір митың жүріс. Құм арасында араға екі-үш күн салып жолығатын бетіне сексеуіл төсеп, шағырмен жапқан көмбе құдықтың басында аяқ суытып алады.

Алда келе жатқан әкесі үндемейді, ауық-ауық кілт тоқтап, ылғи өрге қарай емпендей беріп, пысытқан киіздей қап-қатты боп ұйып қалған белін жазып, екі бүйірін таянып біраз тұрып алады да, бір күрсініп қойып қайта жүреді.

Тек көк есектің ғана іші пыспайды. Серек құлағын қалқитып жығып ап, басын көтермей жорғалай береді. Екі аяқтылардың еркіндегі хайуан өзіне бәрі бір тыным болмайтынын әбден біліп болған. Мынау ақ сұрқай кеңістіктің тағы бір жерінен су ішіп от шалатынын іші сезіп келеді. Екі аяқтылар бұны аяп емес, өздері үшін тыныс қылады. Соның бәрін көкірегіне жаттап алған көк есек ештеңеге алаңдамайды, мимырттап тартып барады.

Ал, анадай жерде артта келе жатқан өндіріс қара жігіт, он жеті жасар Жаппардың осы сапардан әлдеқашан іші пысқанды.

Қыс бойы төсек тартып жатқан әкесі наурызда басын көтерді. Аяқ астынан қайрат біткендей, көздей жерін жыртты, тырмалады, дән септі. Жермешел шым үйдің жанындағы өлі қаңқадай ербиіп-ербиіп тұрған аз ғана жеміс ағаштарының түбін қопсытып бұтағын қырықты.

Соның бәрін үнсіз істеп, үнсіз бітірді де балаларын жиып, Жаппардан басқаларының қайсысы қандай шаруа істейтінін айтты.

Араға көп уақыт салмай, Жаппарды ертіп жолға шықты. Айдаладағы шағын қыстақтың тұрғындары есіктерінің алдына шығып, бұлардың соңынан аңтарыла қарап қалды.

Көк есекке өні кеткен тықыр қоржынды теңдеп ап, ауладан шығып бара жатқанда, көрші әйелдер анасынан:

— Құмырашы қайда базар шығып барады?— деп сұрады.

Өзі аң-таң анасы иығын қақты.

Қайда келе жатқандарын Жаппар әлі білген емес. Қыстақта бұрын әкесі жайлы алып-қашпа әңгіме көп. Оның қайсысының шын, қайсысының өтірік екенінен балалары да бейхабар.

Құмырашының қайдан келгені де жұмбақ. Бір суық күзде бейсаубат керуенге ілесіп келді де, қалып қойды. Ешкімге дін ашпайтын дәу қара кісі саз балшыққа жан бітіретін шебер екен. Көп ұзамай өз күнін өзі көріп кетті. Бір жетім қызды алды. Үйлі-баранды болды. Баласының ішінде жанына ертіп, жақын тартқаны да осы Жаппар. Неге назары түссе де, тесіле қарайтын әдетімен өз бауырынан шыққан балаларының да әр қадамын қалт жібермей қапысыз бағып отыратын әкесі тек

осыған ғана көзінің аласын азайтып, мейіріммен қарайды. Мейірімі де аса тапшы. Арқасынан қағып, маңдайынан иіскеп көрген емес. Алайда әкесінің өзге балаларының қақ жауырындарына шаншудай қадалатын суық көзқарасы Жаппарға дегенде тайқып кетеді. Әкесінің өзіне неге көңілі бітіп жүргенін Жаппар да білмейді. Әйтеуір әкесі бірденеге жұмсаса, ту сыртынан әлдекім садақ ататындай жалтақтаған бұрынғы бүгежек қимылдан бір-екі жылдан бері құтылды.

Әкесі ауық-ауық саз қарайтын-ды. Үлкен дарияға барып құятыны, әлде үлкен дариядан қашып шыққаны белгісіз кішкене өзек бойындағы оңаша қыстақтан ертеңгілік көк есегін жетектеп шығатын да, күні бойы айдалада маңып-маңып кешқұрым қос қоржынын толтырып үйге қайтатын-ды. Сондай бір сапарына бұдан екі жыл бұрын жазғұтұрым бұны ертіп шықты. Қыстақтан алысқа ұзап шықпаған бала әуелі көк есекке мініп ап, алдында анадай жерде әлдеқайда аяндап тартып бара жатқан әкесінің соңынан емпендеп ере берді. Әуелі қыстақтың шетіндегі қозы-лақ жайылып жүрген кішкене қолаттан асып, кебіртiк жалдың басына шықты. Сонау ойда, айнала қырпық-қырпық кебір жоталар қоршаған ұзын-шуақ тайпақ қолатта, жарлының дастарқанына шашып тастаған бір уыс жүгерідей бытырай шашылып қыстақ жатыр; кемірейген саз балшық дуалдармен қоршалған шөкім-шөкім танаптық жерлер шытыраның көзіндей, ию-кию. Үйді-үйдің төбесінен шүйкедей түтіліп көк түтін ұшады. Бұрын өзіне шетіне шығып болмастай көрінетін мекені алыстан қарағанда тіпті қораш екен; кішкене нәрсені көргенде жаны ашып, елжіреп жүре беретін балапан жүрегі ту сонау қолат ойдағы қара қожалақ қыстағын мүсіркегендей, аяқ астынан шымырлап қоя берді.

Бала көк есегін тебініп, анадай жерге ұзанқырап кеткен әкесінің соңынан салды. Бірте-бірте кебір азайып, бұлар тақтайдай тегіс қара жонға шықты. Қыстақта жүргенде құрдым көрінетін аядай көк жиек жонға шыққан соң далиып сала берді. Бұрын етегімен жер сызып тұратын аласа аспан да зымырап биікке бір-ақ шырқап шыға келгендей.

Әкесі сонау бұлдыраған көк жиекке жетпей тынбайтындай кеңірейіп тартып барады. Ал, Жаппарға сол бұлдыраған көк жиек биылдыққа жеткізбейтіндей көрінеді. Жылмиған тұлдыр жон басқан адымынды мандытар емес — көл-көсір көсіліп жатыр.

Әкесі түс ауғанша сазарған қалпы жүре берді, жүре берді. Түс ауа айдаладан бір домалақ төбе көрінді. Әуелі әжептәуір биік көрінген төбе жақындаған сайын астынан әлде бір жемір кеміріп жатқандай, бірте-бірте аласарып, тіпті жақындағанда жылмағай жазықтан басын көтермей жатып алды.

Әкесі төбенің басына шығып, алыс көкжиекке қарап ұзақ

тұрды. Саз барлап шыққанмен, төбеге жеткенше жер реңіне бір рет те зер салған жоқ. Жеткесін де, аяғының астындағы топыраққа емес, алыс көкжиекке көзі боталап көп қарады. Ар жағындағысын оның сұқты жанарынан жасырғысы келгендей, көкжиек те көз талдыра бұлдырап, мұнарытып жатыр. Бала мынау шетсіз-шексіз кеңістіктен, оның сілтідей тынған жым-жырт тыныштығынан, тылсым сабырынан бір түрлі елегізетін тәрізді. Бұрын өңі түгілі түсінде көрмеген алып біреумен ойда жоқта бетпе-бет оңаша кездесіп қалғандай, жон арқасы мұздап қоя берді. Көк есек те көзі жасаурап, жыпылық-жыпылық кірпік қағады. Бала көз ұшында көлкіп тұрып алған көкжиектен де, көкжиекке телміре қараған сайын тұнжырай түскен әке жанарынан да ештеңе ұға алмады.

Бірақ, бұдан соң ол кішкене қыстақты қусырып алған тар қолат өкпесін қысып бара жатқандай, кеңге қашатынды шығарды. Үй іргесіндегі алақандай бақшалықта тұқшындап жүруге құлқы шамалы; кішкене қыстақтың азғантай қозы-лағын айдап, өріске кетуге құмар. Тар қолаттан ұзаққырап шығады да, қозы-лағын көкке жайып, шалқасынан түсіп аспанға қарап жатады да қояды. Қапелімде құлаққа ұрған танадай тып-тыныш тылсым кеңістікке бағзыдан бері тек осының келуін күтіп жатқандай бірте-бірте жан кіре бастайды. Әуелі көлдария көк аспанның әлде бір жеріне қадалып ап сайраған торғай үні шығады; оған көктен, жерден көп шырыл қосылады; індігеш-індігеш аузынан жон арқасын шуаққа тосқан дала тышқандары өн бойларына шымырлап дари түскен күн нұрына масаттанып, шықылықтап береді. Көктемгі балауса көкті күрт-күрт орған қозы-лақтың тынымсыз тысыры да бала құлағына күйдей жағады. Құлағы тола — үн, сыбдыр. Көз алдында көк аспан.

Ерен болмыс, жалпақ әлеммен жапа-жалғыз бетпе-бет қалған бала шуақ сорған жылы топырақтың үстінде ұзақ маужырайды. Өзі тілімен түсіндіріп бере алмастай бір тұңғиық сырларға алғаш түйсігеді. Айналасындағы абыр-сабырды, асығып-үсігуді білмейтін бей-жай тіршілікке, парасатты тыныштыққа тәнті болады. Сонау төбеден төнген көк аспанға, соған дейінгі екі арадағы тұнық кеңістікке көзі құныға түседі. Көкжиектен мамырлап көтеріліп, баяу жылжып келе жатқан қаймыжық шарбы бұлт осынау ұлан-асыр дүние иесінің «жарық жалғанда не болып жатыр екен, барып біліп келші» — деп жұмсап жіберген құпия шолғыншысындай астындағы көл-көсір алқапты көлеңкесімен тінткілеп жүр. Міне, сол қазбауыр мамық бұлттың жер бетін сипап келе жатқан майда алақаны — қоңыр салқын көлеңкесі бұған да жетті.

Бала әлде бір тылсым құдіретке түйсіккендей тұла бойы дүр шімірігеді. Артынан қайта күн шығады, шуақ молаяды, баланың балғын тәні қайтадан маужырай бастайды. Өмір ыз-

ғары қонақтамаған балапан көкірегі мынау көктемгі шуақтай тамыз нұрға толады, санқилы қиялға шомады.

Әлде бір уақытта жамбасы ұйып, арқасы талғанда басын жерден көтереді. Төңіректе үн азайған. Күн көзі де баюға бет алыпты. Қиялшыл бала ай далада жалғыз қалып қояр дегендей көкжиекке иегін тіреп, сығалай қарап тұр. Оның орынынан тұрғанын, анадай, жерде жатқан шыбыртқысын алып, қозы-лағына беттегенін көрген соң ғана барып, көкжиектің тасасына сырғиды.

Ымырт түсе жан-жақтан жабыла боздап өрістен қайтқан сауын түйелермен бірге бұл айдаған аз ғана қозы-лақ та сондарына қою қараңғыны ертіп, тар қолаттағы кішкене қыстаққа қайтып келе жатады.

Жаппардың үй-үйдің арасындағы күл-қобырдың үстінде асыр салып ойнап жүретін көп балаға қосылмай, ыңғай оңашалана беретіні әкесіне ұнаған тәрізді. Ұстаханасына ұрлық қылғандай бөгде жұртты кіргізе бермейтін әкесі бұны өзі ертіп апарды.

Кесек дуалдың бір бұрышына жапсыра салынған шеберханадан сыз бен күйген саздың иісі аралас шығады.

Әкесінің шарыққа аяғы тиюі-ақ мұң екен, тып-тыныш бөлменің іші құлағыңды тырнайтын ащы шарылға толады, түптұнық ауа дар-дар жыртылып, әкесінің алдында қара көк мөлдір шеңбер шыр көбелек айналады. Құмырашының жер түбінен есекке артып әкелген саз топырағы әуелі суға араласып, балшық болған-ды. Енді, міне, сол баттасқан балшық зырылдаған дамылсыз қозғалыстан қайтадан жым-жылас жоғалып, ауадағы шыр көбелек айналған қара-көк шеңбер кейпіне түскен.

Жаппар көзбояушы көрсететін көп сиқырды көріп отырғандай әкесінің балағын тізесінен асыра түріп қойған жалаңаш балтырындағы бұлт-бұлт ойнаған бұлшық етке, қарсы алдында ауада зыр көбелек жүгірген жұмбақ шеңберге мізбақпай қадалған шебердің суық жанарына аңтарыла қарайды.

Бала жанары адам қимылының тап мынандай сиқыр күшіне алғаш рет қанығып отыр. Жусан мен бетегенің, изен мен бұйырғының арасында шашылып жатқан шаң топырақ, қолға ұстасаң тұрмайтын, қайдан шығып, қайда сіңіп жатқаны белгісіз пәтуасыз сылдыр сұйық су, қуарған сексеуіл шырпысынан шырт-шырт түлеп, түтін боп жоғалатын баянсыз от, қазір болса, қазір жоқ өткінші қимыл — өңшең бір тұрлаусыздықтан көрерге көз керек әп-әдемі бұйым шыққанына еріксіз қайран қалғандай.

Көп ұзамай әкесі шарыққа бұның өзін отырғызды. Көздің жауын алатын әдемі құмыра жасауға саз топырақ пен су, қара көрік лапылдата маздатқан сексеуіл шоғынан да басқа

өн бойындағы бұлшық еттің бәрін солқылдата сорып шығатын қара күш, көз етінді суырып алғанша міз бақпай қарайтын жіті жанар, тоқсан тарау жұлын-жүйкеңнің бәрін шүйкедей иіріп, түбіттей түтетін үміт пен күдік, ынта мен ыждаһат, соның бәрін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын қатыгез қанағатсыздық пен көнтері көнбістік керек екенін бала сонда ұқты.

Бір кезде өзі отыратын бұрыштағы қоқыр-соқырдың арасында жатқан ескі ашамайдың үстіне енді әкесі жайғасыпты. О да бір кездегі өзіндей бұның әр қимылына міз бақпай қадалып қапты. Оның жүзінде бір кездегі бұның жүзіндегідей таңырқау, тамсану жоқ. Әке көзінің өткір сұғы бұның өн бойына ине боп шаншылып жатқандай.

Кәрі шебер балапан көңіл баласының ұп-ұлпа жүйкесін сол бір шаншудай қадалатын сұсты жанарымен шырқырмақ. Әйтпесе, албырт жастың ыждаһаты да лақтың түбітіндей, иірілуден гөрі түтілуге оңтай тұрады.

Жаппар шын шеберді шындайтын өзгенің көзі екенін сол әкесінің ертеден қара кешке міз бақпай қараған мір жанарынан ұқты. Әкесінің шеберханаға бөгде жұртты неге кіргізбейтініне де енді түсінді. Шебер де он екі мүшесіндегі ең сұлулықты шәйімен қымтап, көлденең көзді оқыс жалт еткен ай дидарымен ынтық қып қоятын кермиық кербез сұлудай, кез келген тіміскі көзге сыр шаша бермеске керек. Жұрт оның маңдайындағы шып-шып терді, қалжыраған жүзін, кірбиген қабағын көрмеске керек, көрсе қолынан шыққан бұйымды көрсін,— таңдансын, қызықсын, бас исін. Шын шеберге содан артық мұрат жоқ. Өзгенің телміре қараған сұсты жанарынан қысылып-қымтырылмаған, өзгенің өз қолынан шыққан бұйымына тамсана қарағанына іштей масайрап мадиықтанып қалмайтын қанжылым мінезден шебер шықпақшы емес. Әкесі Жаппардың қолынан шыққан бұйымнан гөрі сол көлденең көзге енжар қарамайтын сезімталдығына сүйсінді. Соны көрді де, өзге балаларындай жабы түйсік емес, әсершіл ұлы барына риза болды. Баласын өзінің кәсібіне баулуға ынт-жынтымен кірісті.

Жаппар осы бір жан-жағынан сыз аңқыған тар лашыққа таңертең кірсе, кешке бір-ақ шығады. Әуелде танауын жарып кете жаздайтын күйген саздың күңірсік иісі қазір байқалмайтын болды. Құмыра қырнайтын шарықтың зыр көбелек суылына да құлағы үйренді.

Бала осынау шұқшима кәсіптен қанша шаршағанмен зеріккен жоқ. Күніне бір құпиясы шығып тұрады да, құныға түсті.

Әкесі баласын қиын кәсіптен ә дегенде зеріктіріп алмайын дегендей, ауық-ауық дүкенін апта бойы ашпай, бой жаздырып

алады. Ондайда бала әрі-беріден соң қол бос жүрістен іші пысып, дүкенге, шарыққа асығады.

Көп ұзамай қыстаққа Жаппардың қолынан шыққан құмыралар да тарай бастады. Алғаш рет ол өз қолынан шыққан құмырамен суға бара жатқан қызды көргенде, дарияға жеткенше, анадайдан соңынан ерді де отырды. Қыз талдырмаш денесі бұраландап, бұның қолынан шыққан қыш құмыраны суға толтырады да, май топырақты имене басып, қыстаққа қайта бет түзегенде, манадан бері қыр соңынан қалмай еріп келе жатқан бала шебер жақын тұрған дуалдың тасасына зып береді, қыз неге еріп келе жатқанымды біліп қоя ма деп қысылады...

Қазір қыстақта Жаппардың қолынан шыққан құмырасы жоқ үй кем де кем.

Енді, міне, әкесі аяқ астынан алыс жолға шығып, бұл білмейтін беймәлім бір жерге ертіп келеді.

Мынау құм басқан өлкеде бұл екеуінен басқа ешқандай тірі пенде жоқтай. Қажыған көзін қарайған іздесе, қасына келсең — не жүзген, не сексеуіл боп шығады.

Жазғытұрым жабырқау құм ішіндегі мимырт жүріс осы бір онсыз да беймәлім сапарды одан сайын мәнсіздендіре түскендей.

Жаппар тұқшындаған көк есек пен өрге қарай емпендеген әкесінің соңынан ере беруге жалыққандай бір ауық құм үстіне шалқасынан түсіп жата кетті. Төбеде де — мелшиген үнсіз аспан. Мөлдір көкте бұлттан жұқана жоқ. Тек дөңкиген шағылдарға астасқан жері ғана сәл мұнартады. Биіктеген сайын түп-тұнық. Ол телмірген аспанға қарап жатты-жатты да, қайта тұрды. Сосын сусыма құмды борбайлап кешіп, көк есектің соңынан салды.

Күн еңкейе дөңбек шағылдар сиреп, олар құмақ жазыққа шықты. Сол-ақ екен, әкесі кілт тоқтап, айналаға көз салды.

Әжім-әжім құм... Әкесі жаяу борасыннан сақина-сақина боп шимайланып қалған майса құмақтан әлдебір сиқыр жазып кеткен дұға оқып тұрғандай, шүңірек көзін шүйілте төңкеріп, төңіректі ұзақ шолды, ұзақ ойланды. Сосын есегінің басын шығысқа бұрды.

Олар қызыл шағыл қара қатқакпен астасар жеріндегі шүңғыл түлейге кірді. Жаңа ғана жер табандап жатқан қызыл шағылдар көлеңке ұзарған сайын бірте-бірте биіктеп, ніл ыдырай бастаған кешкі аспаннан енді-енді көрінген кілегей бұлттарға араласып кеткендей.

Көк есек құдды құрдымға сініп бара жатқандай... Әуелі әншейін көлбеуіт басталған ойпат күрт тереңдей түсті. Әкесі қара түлейдің қақ ортасына кеуделеп енуге дәті бармай, көз ұшынан ернек көрініп тұратындай жерге барғасын, есегін сексеуілге байлады. Жаппарды жиырма қадамдай аулаққа алып

шықты. Сосын ұйысқан сексеуілдің қалындау жеріне жетектеп апарып, бұталардың арасындағы анадай жердегі кемер ернек еміс-еміс көрінетін оймақтай саңылаудан көзінді аударма деп тапсырды.

— Қашан өзім кегенше қыбыр етпе.

Әкесі кес-кестеп тұрып алған сексеуіл бұталарын қолымен көтеріп, басқа бір жаққа жылыстай берді. Сексеуіл бұталарының сытыры әлде бір уақытта барып басылды. Шамасы, әкесі де қолайлы орын тапса керек...

Тоғай арасы сыз, салқын... Жаппардың танауын дымқыл жүзген мен сексеуілдің әлде бір күңірсік иісі жарып барады. Күннің қызғылт нұры ит тұмсығы өтпес қалың жыныстың ту төбесіне іркіліпті. Ағаш арасына қараңғылық ұйыса бастады. Көз алдындағы селдір саңылаудан құмақ ернек қана қылауытады. Жалғыз қалған Жаппар елегізіп, төңірекке құлағын қанша түрсе де, ештеңе естілмейді.

Бір уақытта мимырт жүрістен әбден қалжырап қалған өне бойы дел-сал тартып, кірпігі ілініп барады екен, жалма-жан көзін ашып ала қойды.

Дәл маңдай алдындағы селдір саңылаудан әлдене бұлаңытқандай болды. Жаппар көзін уқалап, қайта қарады. Түйелі адам. Басына дағарадай қып сәлде орап алған біреу бұлар тығылып жатқан түлейді алыстан орағыта шолып, астындағы сала мойын қызыл нарды борбайлатып, қызылға қарай желіп барады. Ашамайының басына ілулі томпиған әлдене бұлғаң-бұлғаң етеді. Шамасы — сусын болса керек. Жаппар таңдайы кеуіп қатты шөлдегенін енді байқады. Анау жолаушыны тоқтатып, сусын сұраса қайтеді. Қенет әкесінің «өзім келгенше қыбыр етпе» дегені есіне түсті. Басы зеңіп, ернекті жағалап бірте-бірте қашықтап бара жатқан бейсаубат жолаушының соңынан көзін алмай, қатты да қалды. Енді байқады — түйе үстіндегі сәлделі адамның оң қолында ылдырмақ-шылдырмақ тағылған ақ таяғы бар екен... Диуана... Алба-жұлба, осындай жандар оқтын-оқтын бұлардың қыстағына да соғып кетіп тұратын-ды.

Жаппарға анау диуана да дәл қазір бұлардың қыстағына кетіп бара жатқандай көрінді. Көңілі әлденеге құлазып сала берді. Жалғыз түйелі алыстай-алыстай ақыры көз ұшынан ғайып болды.

Жаппар басы зеңіп бара жатқан соң, маңдайына сексеуілдің түбінен мұздай сыз топырақ алып басты.

Шағылдардың тасасына барып күн батты. Жаппардың алдындағы селдір саңылау бұлыңғыр тартты. Көп ұзамай қара түлейді шыр айнала ымырт қоршады.

Кешкі ымырт қара түлейдің ішіне енуге дауаламай, ернек басына іркіліп тұрып қалғандай... Аспан боп-боз. Ернектегі ақ шағыл құмақ та кешкі ымырттың бозғылт сәулесінен күл

өңденіп көрінеді. Жаппардың айналасындағы андап-андап тұрған сойдақ бұталардың да бірте-бірте жігі жымдасып, біртұтас қап-қара қараңғылыққа айнала бастады.

Ернек үстіндегі пышақтың жүзіндегі жігі-жігішке солғын сәуле әлсірей-әлсірей ақыры біржола ғайып болды. Аспанның әр жер әр жерінен жұлдыздар жылтырады, әуелі тұңғық аспанның төріне барып іліне қалғанына қаймыққандай жыпылықтап тұрған сирек солғын жұлдыздар қатарлары көбейгесін нұры молайып, біраздан соң мынау елсіз шөлдегі қара түлейге тығылып отырған әкесі екеуін көздері шалып қалғандай, қасқабелерінен жыпырлай төніп, жымың қағысты.

Шөл аймақтың жұлдызы быжынаған қап-қара түні орнады. Жаппардың әлгінде ғана бойын балбыратып бара жатқан дел-сал ұйқы су сепкендей серпіліп, сүлесок кірпіктері қайтадан дүр көтеріліп, тікірейіп алды.

Қайда қараса да, қара бурадай шабынып тұрған қою қараңғылық. Құлағын қанша түрсе де, сыбыс жоқ, меңіреу тылсым. Жан-жағынан қаумалай қоршап келе жатқан беймәлім қауып сесін шығармай мысық табандап үн-түнсіз жылжитындай. Бұл жүрегі атша тулап, сол бір қатерлі қауып қанды шенгелін қашан салар екен деп дегбірсіз тосады. Бірақ, беймәлім қауып үнсіз қабатын қара төбеттей, бұның әр қимыл, әр сыбдырын қалт жібермей анадайда аңдып жатады да қояды. Мұндай жүйкенді құртатын үрейлі тыныштықтан қазір қанжар салатынын айтып шабатын атойлы қатердің әлдеқайда артық екенін Жаппар алғаш рет сезіп отыр.

Түн ауып барады. Кенет түлей шетінен сыбдыр шықты. Әлде кім қалың сексеуіл мен жүзгенді омыраулап жарып келеді. Әлден соң тағы бір сыбдыр қосылды. Сосын өрт тигендей тоғай ішін сатыр-күтір жайлап кетті. Жаппар манадан бері құшақтап отырған сексеуілдің қу томары мынау ойда-жоқта опырып-жапырып келе жатқан көп дүсірден қорыққандай, бауырына тығыла түсті. Жаппар мұндай түлейлерде әр алуан хайуанның жүретінін жастайынан көп естіген. Ол тағыларға тән жат иіс шығар ма екен деп, кешкі тымық ауаға тұмсығын тосып еді — ондай ештеңе байқалмады.

Бірақ, дүсір күшейе түсті. Бір үйір аң қалың жынысты сарт-сұрт жапырып, жағаласып ойнақ салғандай.

Жаппардың тамағы кеуіп қалды. Қары талғасын құшағындағы қу томардан қолын ажыратайын десе, жаны кеткен саусақтары сіресіп қапты.

Дүсір кеуделеп біраз жерге дейін келді де, кейін қайтты. Бұның сірескен саусақтары сонда барып жазылды, бойын түзеп алған сексеуіл бұтасы өзге бұталарға соқтығып, болмашы сыбдыр етті. Бірақ, Жаппарға соның өзі таудан тас құлағандай үрейлі естілді. Оған жыныс шетіндегі көп дүсір әлгі сыбдырды құлақтары шалып қап, сұлық тына қалғандай көрінді.

Жаппардың екі қолы алдына сыймады, жүрелеп отыра кетті де, дірілдеп бебеу қағып бара жатқан қос қолымен екі тізесін тас қып құшақтап алды. Әлгі тоғай шетіндегі сатыр-сұтыр жым-жылас жоғалды. Бұл құлағын қанша түрсе де, қайта естілмеді.

Кенет дәл маңдай тұсынан от жарқ ете қалды. Бұл өз көзіне өзі сенбей, көзін тарс жұмып ап, біраздан соң, қайта ашты. Әлгі от маздап жанып жатыр. Ұп-ұзын қызыл тілі сумаңдаған түнгі алау тас төбесіндегі жымындаған көп жұлдызды өшіріп тастағандай, жан-жағына ал қызыл шұғыла шашып жалаң-жалаң етеді. От қасында серең-серең етіп бір топ адам жүр. Біреулер қою қараңғылықтың қойынынан әлденені құшақтап шығады да, отқа тастайды. Сол-ақ екен онсыз да көк шарпып жатқан түнгі алау тіпті аспандап кетеді. Отты шыр айнала ербендеп жүрген адамдардың не істеп, не қойып жүргеніне бұл түсіне алмай отыр. Бірінің көлеңкесі біріне қосылып, ернеуден түлейге қарай әлденеше қара сырық көлеңке жарыса құлапты. Бұл біраздан соң жарық пен қараңғылықтың астасқан жерінен қаз-қатар қаңтарулы тұрған көп атты көзі шалды. Отқа жақын жердегі аттардың ерінің басына ілулі қынаптар түнгі алаудың шұғыласы түскенде жарқ-жүрқ ете қалады.

Жаппар олардың не қылған адамдар екенін біле алмай аң-таң. Елсіз түзде түн ішінде бейсаубат қару асынып жүргеніне қарағанда қорқынышты адамдар. Бағана әкесі, бәлкім, осылардан қорықты ма екен? Керуен тонайтын қарақшылар болады деуші еді — әлде солар ма? Олардан сонда немді тартып алады деп қорқады?

Жаппар ернек басында қаннен-қаперсіз лапылдатып от жағып отырған көп адамға үрейлене қарады. Бірақ, олар түлей жақпен жұмысы жоқ. Отқа иіріле қапты. Бір-біріне бастарын изеп, қолдарын сермеп қояды.

Жаппар олардың түнгі алаудың жарығынан серейіп-серейіп көрінетін ұзынтұра көлеңкелеріне, дағарадай бөріктеріне, белдеріне салбыратып асып жүрген қылыштарына қарап көп отырды. Ол осы бір жүзі суық адамдардан сескенуін сескенгенмен, манағы ымырттағы мелшиген үнсіз тоғайдан қорыққанындай емес, бір түрлі арқасы жазылып қалғандай. Әлгінде ғана ту сыртынан тісін қайрап тұрғандай көрінген көп жыртқыш та кейін серпілгендей. Ернек басындағы бейсаубат түнгі жолаушыларды қара тұтты ма, бағанағы бойын балбыратқан тәтті ұйқы қайта меңдете бастады. От қасында сенделіп жүргендерге мүлги қарап отырып, ұйықтап кетіпті.

Бір уақта әлдекім иығынан тартқылады. Оянып кетсе — әкесі. Ол мұны ымдап: «Соңымнан ер», — деді. Екеуі бағана сексеуілге арқандап кеткен есегіне келді. Сосын әкесі есегін жетектеп, мана өздері құлаған өкпе тұстағы ернекке тартты.

Түлейден шыға бере-ақ таң бозарды. Бұл ернекке шыққан соң, түнде әлдекімдер от жаққан тұсқа қарап еді. Қарайып оттың орны жатыр. Қасында жан жоқ.

Жаппар аң-таң. Осы бір ұйқылы-ояу қалпы құмнан қашан шыққандарын да байқай алмай қапты. Әлдебір уақытта борпылдақ май топырақты айдау жолдың бойында келе жатқанын бір-ақ көрді. Алдынан сонадай көкжиекпен астасып жатқан ала теңбіл тау көрінді. Одан көп беріде көкшіл мұнарға қалқып тұрған көп қарайғанды көзі шалды. Қапталда ат шаптырым көп жерде сол көп қарайғанға қарай бұрын-соңды бұл көріп көрмеген қызылды-жасыл ұзын-шұбақ керуен кетіп бара жатты. Керуеннің алдында бір топ нөкер омыраулап, құйысқандап, кілем жапқан, үстіне сарғыш шатыр орнатқан пілді шырқ айнала қоршап апты. Керуеннің екі бетінде атты нөкер. Сол ұзын-шұбақ шерудің соңын алып көк найзалы бір топ қол тағы келеді. Сары ала шеру көк мұнарға бөгіп, көлкіп тұрған кең қойнауға ене түсті. Бұлар көш соңындағы жүздері сұп-суық көк найзалы сақшылардан айбынғандай, қалып та қоймай, қуып та жетпей, алыстан ғана қараларына ілесіп ілбіп келеді. Түнде түлей ішінде от жаққан да солар болып шықты. Әкесінің Ұлы Құмнан шығатын жол-соқпақтардың қай-қайсысында да бейсаубат жолаушыларды тергеп-тексеріп, торып жүретін қарулы сақшылардың қаһарына ұшырап қалмас үшін, қалың түлей ішіне әдейі түнегеніне Жаппар енді түсінді. Бірақ ол осыншама қалың қол анау салтанатты сары ала көш жыра-жықпылы, ұры-қарысы көп түлей маңынан қауіпсіз өтсін деп, алдарынан әдейі жіберілгенін, ал әлгі сары ала шатыр ішінде әміршінің жас әйелі кіші ханым кетіп бара жатқанын онда білген жоқ-ты.

Бұның бәрін ол әкесі Байтақ шаһардың әр жер-әр жерінен төбеге салған қисық-қисық жиде ағаштарының тұқылынан басқа ештеңе көзге түспейтін, сарғыш саз топырақпен жымпитып майлап тастаған тәпене үйлер мен кесек дуалдар қоршаған тап-тар ирек көшені шарлай-шарлай жүріп, әзер тауып түскен үйінің сөзуар иесінің аузынан шай үстінде естіген-ді.

Ол осы күнгі жатқан үйінің қожасы Ахмет бай болатын. Ахмет әуелі бұның әкесін тани алмай біраз тұрды. Есік ашып қарсы алған жуан қара кісінің майға бөгіп жылтырап көрінетін қысыңқы көзі көпке дейін сығырайып ашылмай қойды.

Әкесі:

— Ахмет саудагер, ұмытып қалғансыз ба? Мен Ортөбедегі құмырашымын ғой. Сауда жасап барғаныңызда, біздің үйге талай қонып едіңіз. Байтақ шаһарға келсең, біздікіне түс деп өзіңіз айтқан соң, әдейі іздеп келіп тұрмын,— деп жөнін айтты.

Қожайын мейманның өңін енді шырамытқандай, екі қолын қусырып, омырауына апарды. Қақпасын ашты.

Ол қонақтарын өзі бастап алып жүрді. Алдарына түсіп ап емпендеп келеді. Оңаша бөлмеде үш еркек боп шай ішті. Саудагер шай үстінде ескі танысы — бұның әкесіне естіп білген бар хабарын жайып салды.

— Мен мына баламды әкелдім. Көзімнің тірісінде сіздің қолыңызға жеткізейін дедім. Аңада біздің қыстаққа соғып кеткен бір дәруіштен хан шаһарда жаңа мешіт салдырам деп, жан-жақтан шебер жинап жатыр деп естігем. Баламды соған іліктір, — деді әкесі.

Ахмет шаһарда хан орданың адамдарынан басқаның бәрін танитын болып шықты. Базардағы күйкентайдың күркесінде тар дүкенде өткен-кеткенге бақырып-шақырып отырған төрт-бес саудагермен көк шай үстінде сөйлесіп көріп еді, бас-аяғы бір аптаның ішінде Ортөбелік әкелі-балалы қос құмырашы жаңа мешітті салып жатқан көп құрылысшының санатына қосылып шыға келді. Жаңа мешіт енді-енді бой көтере бастағанда, әкесі үйреншікті сырқаты ұстап жатып қалды.

Әкесімен екі ай бірге істеген бала шебер көгілдір мешіттің күншығыс жағындағы көк мұнараға алғаш рет бір өзі шығарда қатты қобалжыды. Күннен-күнге биіктей түскен мұнараның басында жетім торғайдай жан-жағына алақтап отырған бала шебер көлденең біреудің көзі түссе, именіп бұғып қалады. Тас төбеден тесірейіп тұрып ап, ілбіп, жылжып болмайтын бедірейген күн көзі тұсау бойы көтерілгеннен қашан ұясына барып қонақтағанша жас шебер жан-жағына алақтаумен болады. Жүрегі лүпілдеген үрегей жас адамның сырғанақтап көше беретін кезбе көзі біресе күнді аңдиды, біресе көк мешіттің қабырғасында жыбыр-жыбыр қозғалып жүрген өзге шеберлерді шолады, әмірші бұлардың әр қимылынан көз жазбай бақылап отырған көрші медіресе жаққа да жалтақ-жалтақ қарап қояды.

Күні бойы шоқ басқандай тыпыршумен болатын Жаппар бір күні кешке жұмыстан қайтса, әкесі әл үстінде жатыр екен. Есіктен бұл көрінгенде, қолын созып қасына шақырды. Екі көзі жасқа толып, қиналып жатқан әкесінің жүзін де дұрыстап көре алмады. Бөлме іші су түбіне айналғандай, төңірегіндегінің бәрі алашабырланып, бұлдырап көрінеді; еміс-еміс бозартқан бірдеңелер әрлі-берлі тербеліп жүр, тек қарсы алдындағы әнтек ағарып көрінетін біреу ғана су түбіне шөгіп, жабысып қалған бір парақ қағаздай, қыбырсыз. Сырылданқырап шыққан көмескі дауыс енді-енді еміс-еміс естіле бере, өшіп қалды. Манадан бері бұның қолынан тас қып жабысып алған қатқыл қол кенет сылқ түсіп кетті.

Әкесін жерлеген соң, ол мынау бейтаныс шаһарда жападан жалғыз қалды, Әкесінің өлер алдында не дегенін де дұрыстап ұға алмады. Басы жоқ, аяғы жоқ «кетпе» деген бір ауыз сөзі ғана құлағында. Енді жаңа салынып жатқан көк

мешіттің шығыс бетіндегі мұнараның тас төбесіне қонып ап, әр тас қаланған сайын мойынын созып, қарсы алдына бір қарап алады да, басқа ештеңеге алаңдамайды. Бірақ қанша қарағанмен, жер өндес сарғыш шым үйлер мен әр жер — әр жерде оқшау-оқшау сарайған бозаң шынарлардан басқа ештеңе көзге түспейді. Көкшіл аспан мынау құжынажай шаһардың үстінде аунап алғысы келгендей, шалқасынан түсе сұлапты. Көкжиекті, бұл баяғыда әкесі екеуі келген сар даланы, көзіне бір іліктірмей, ол мұнара да біткен-ді.

Енді міне тағы да сол баяғысынша әр тасты қалаған сайын, айналасына бір қарап қояды. Бір-біріне ұласып кеткен жермен-жексен шым үйлер төңірегіне көлкештеп күлгін перде тұтып қойғандай арман болған көк жиек көзіне шалына қоймайды. Кеше ғана көз алдында теке тіресіп тұрып алатын биік медіреселер, мешіттер, мұнаралар бүгінде төменде қап, июқию сары лайсаңға біржола сіңіп, аяқ астыланып барады. Көз ұшында шоқ-шоқ қарайғандар көрінді. Қала шетіндегі баубакша.

Жаппар мынау қолға ұстар дәнненесі жоқ мөп-мөлдір, шетіне-шегіне жетіп болмайтын тұлдыр көкке қарай тырмысып келеді... Әр кірпіш қалаған сайын, құрдым шыңырау түбінен жарық дүниеге ұмтылған кісідей жаныға өрмелейді.

Күн санап көз ұшындағы қарайғандар да төбелерінен әлдекім жапырып жатқандай, аласара-аласара, ақырында әлгі сары лайсаңның шетін көмкерген жәй әншейін көк теңбіл жолаққа айналды. Енді сол көк теңбіл жолақтан бірден ірге ажыратып кете алмай, бұта басына қонақтаған көк шұлан жабағыдай боп, ұйысып жатып алған солғын көкжиек те сәт санап бауыр көтере түскендей. Әлгі көк теңбіл жолақтың үстіндегі солғын мұнар арылып, мөлдіреп ніл тұна бастапты.

Түс ауып, ауа буалдырдан арылған кез еді. Көкжиекке іркіліп, мөлдіреп тұна қалған көк нілдің арасынан әлдеқандай сарғыш бірдене қылаң берді. Жаппар өз көзіне өзі сенбей, қолындағы май қалағын тастың үстіне тастай салып, тершіп тұрған көзін білегіне бір сүйкеп, қайта қарады. Тұнық астынан алашабырланып көрінген көл түбіндей боп, әлгібір көз ұшындағы көк нілдің ар жағынан, көлбеп созылып жатқан сарғыш кеңістік көзіне айқын шалынды.

Жаппар мойынын созып ентелей түсті. Көптен көргісі келсе аңсағаны осы. Көптеген көз алдын көлкештеп келген көкжиектің көгілдір пердесі де бұның ішіп-жеп бара жатқан қомағай жанарынан қаймығып, жолында тұрмайын дегендей, ту-ту әріге сырғып бара жатқандай. Жаңа ғана буалдыр кіреукеңің тасасында бұғып жатқан сарғыш, сұрғылт кеңістік кенет бас көтеріп, мынау төңірегін жасыл жолақ көмкерген түйе қотырдай оқшау ойдым алқапқа жан-жағынан ентелей төніп келеді.

Бұл бір кірпіш биіктеген сайын, сол бір жағалай қоршап, жапыра қамап келе жатқан жойқын қол бірте-бірте жақын-дай түсті, жолындағы ербиген-ербиген тал мен желекті, сонайдан сойқансып-сорайып-сорайып тұрған мұнаралар мен көк күмбез мешіттерді, шымнан соққан шымқай сұр үйлерді таптап өтетіндей, жан-жағынан төніп-төніп келіп қапты; сол бір бірте-бірте далия түскен құба сұр кеңістік мынау көп кесктің қоршауындағы бұны, жапан түзінен айрылып, жалқы жүрген бейбақты, құтқарып алуға құлшына ұмтылып келе жатқандай...

Қашан күн батып, көз байланғанша мұнара басынан түскен жоқ. Ертеңіне таңертең де мұнараға жеткенше асықты. Содан бір апта бойы алып ұшты да жүрді. Мұнараға жеткенше, байтақ шаһардың сыртында шалқып жатқан шалқар кеңістікті қайта көргенше, дызығып жаны қалмайды. Бірақ ұлан-асыр кеңістік сол баяғы керілген күйі жатып алады. Жаппар күні бойы көкжиекте қырық құбылып жөнкіліп жүрген көк сағымның арылғанын күтеді; бесін ауа сағым қайтып, көкжиек аршылғанда, сол баяғы бері де келмей, әрі де кетпей, сұлық көлбеп жатқан шөлді көреді де, көңілі құлазиды. Ол да мынау безер шаһардай мұның шарқ ұрған қиялын жіпсіз тұсап-матап, бұның көргісі келген, көңілін құрт боп жеген таныс аймақты әлдебір қалтарысына тығып ап, түк білмеген, түк көрмегенсіп бедірейе қалыпты.

Енді оған бір аптадан бері ұшпаққа шығарғандай қып қуантып жүрген мұнара басы да көңілін құлазытып, жерінде бастады. Бұрын мұнара оның мынау жан-жағынан қоршап ап, өкпесін сығып бара жатқан құрдым қапастан көл-көсір бостанға қашып құтылатын жалғыз жолы сияқты еді. Енді, міне, шаһардың күңірсік қапасынан алып шыққанмен, сонау бедерсіз кеңістіктің тылсым самарқаулығынан, тас бауыр селқостығынан арылта алар қайран онда да жоқ екен. Баяғыдан бергі бір елі биіктесе де, тау басына шыққандай мәз-мәйрам боп, тынымсыз тырбанғанының бәрі әншейін зая бейнет боп шықты.

Бүгінде ол өзін есек дәмемен айдын судан тас тастап өтем деп, бір қауым жерге дейін өткел салып келуін келгенмен, ұлан-асыр көк телегейден бәрібір өте алмайтынына көзі кеш жетіп, кері де кете алмай, ілгері де баса алмай, су ортасы құрдымда қалған қайрансыз жандай сезінеді. Жаппар енді таңертең жұмысқа келе жатып, алдында жер бетінен сорайып шыққанымен, зеңгір аспанға жете алмай, орта жолда қалған опырық мұнараға аңтарыла қарайтын болды.

Мұнараның басына өкпесі өшіп, шаршап шығады. Аттаран сайын жіліншігі жеміріліп бара жатады.

Жұмысы да өніп жарымайды, май қалақты қолына кере-

нау алады. Күн көзі аяғына жем түскендей, жылжымай тұрып алыпты. Шаһар сыртында манаурай керіліп ақ сұр шөл жатыр. Шаһар іші тырп етпей орын-орнында қатқан да қалған. Көше-көшеде де қыбырлап жүрген ешкім жоқ. Ауаның өзі мынау қыбырсыз-қимылсыз дүниеден қарап тұрып ұйыған қатықтай боп қоймалжындана түскендей. Осыншама биік мұнараның ұшар басында да лып еткен леп сезілмейді.

Шілде аспаны шыжыңқыраған сайын сонау көз ұшындағы ақ сұр шөл де, одан бергі, әдетте қаралтым көрінетін бақшажай көк жолақ алқап та, шаһар үсті де күздігүнгі адыраспанның күліндей боп күлгін тартып барады. Әлдебір тажал білегін сыбанып ап, аспан асты дүниені айлапат тай қазанға айналдырып, бүкіл жер бетін күл қып өртеп соған салып жіберіп ертеден кешке дейін сілті қайнатып жатқандай. Сонау қаныпезер күн көзі сол айлапат қазанның астында лапылдап жанған алауға тамызық беріп тұрған тажал шоғы тәрізді.

Жаппар осы бір қоймалжың дүниенің ортасында малтығып жүргендей, қимылы ауырлап, өне бойы зіл тартып барады. Істеп жатқан ісіне, төңірегіне қанша зер салып қарағысы келсе де, зейіні быт-шыт шашырап, ештеңеге тұрақтамайды. Жаппар әлдеқашан ұмытқан қайдағы бір елес көлеңдеп көз алдында тұрып алды. Мынау бозамық аспан бір сәт баяғы бала кездегі өзі өскен сұрқай қолатқа айналып кетеді... Сұрқай қолатта тығылып отырған кішкене қыстағы көз алдына сайрап келе қалады. Тіпті өне қолат бойынан соңына таспа шаң ертіп бұл баққан бір шөкім қозы-лақ шұбырып өріске шығып барады... Сондарындағы жалғыз өрім селдір тозаң қойыла-қойыла кенет әлденеше өрімге айналады. Арқасына он-сан бұрым төгілген талдырмаш қыз толқи басып өзенге беттеді. Иығында — бұның қолынан шыққан құмыра.

Дәл осы тұста ұйығандай боп жан кетіп қалған денесін әлдекім шымшып алғандай, тыз ете қалады. Сол-ақ екен мынау аспан мен жерді түгел көміп алған күлгін күлдің арасында бозарып сөніп бара жатқан қос жанары оқыс тіріліп жанжағына қарайды. Талма түс. Тас мұнара. Аяғының астында тырп етпестен талып жатқан өлі шаһар. Төбесінде етпеттеп төніп келе жатқан күл-күл күлгін аспан.

Жаппардың ойына жаңа ғана көз алдына елестеп кеткен қыстағы түседі. Баяғысынша құмыра жасап сатып неге жүре бермеді екен? Мына жарық жалғанда қой баққан мен сауда жасағанның, құмыра күйдірген мен мұнара салғанның арасындағы айырма қайсы? Бәрі де — жанбағыстың далбасасы. Қайсысының рақаты көп екенін кім біліп жатыр? Қайта мынау аспан мен жердің арасында күдік пен үміттің тайталасына түсіп, жалғыздықтың тар қапасында жапа шеккенінен сонау кара жерден табаныңды бір елі көтермей, күнкөрісті күйттеген күйкі тірлігі дұрыс емес пе еді... Онда мынау құжы-

наған көп адамның қақ ортасында жалғыздықтың жапасын шегетін ішқұста тірліктен бейхабар оңаша қыстақта күнін көре бермес пе еді. Марқұм әкесі қартайған шағында осы бір құмырсқаның илеуіне неге ділгөр бола қалды екен? Соншама өліп-өшкенде не қызық көрді? Жарты жылға жетпей жатып көз жұмды. Қатын-баласының бір уыс топырағы да бұйырмай, жат жерде қалды: сөйте тұра, ажал аузында жатып бұған «кетпе» дейді. Онысы несі?

Кетпегенде көрер рақаты мынау ма? Есірік дәме мен күл етек күдіктің құшағына кезек жығылған пұшайман тірлік пе?

Әкесі байғұс мұның шебер болғанына сонша неге құмартты екен? Қары талғанша жұмыс істеп, қарны тойғанша тамақ ішіп, ажалды сағатына дейін арман да құмай, уайым да жемей күн кешетін өзге бір қарапайым кәсіпке неге баулымады екен... Баяғыда саз қарай шыққанда, жапан-түзде жападан-жалғыз тұрып әлдебір жаққа көзі боталап көп қараушы еді. Сондағы көрсем-ау деп көкейін тескені осы ма, мынау аяғының астында талма түсте күлден шыққандай боп, өң мен түстен айрылып қалған өлі шаһар ма?!

Енді, міне, бұл да әкесі армандаған қолмен ұстарға жоқ тұлдыр ауадан тиянақ-таяу іздеп, сонау зенгір көкке жетпей қоймайтындай боп, өлімін сатып, күніне бір елі болса да, биікке тырмысқан осы бір жанқаста кәсіптің соңына түсті. Тұрлаусыздан тұрақ, тұлдырдан тірек таппақ есірік дәме.

...Талма түстің ыстығынан ба, жоқ өз-өзінен зығырданын қайнатып, өне бойын у боп жайлап бара жатқан ызадан ба, әйтеуір көз алды қарауытып төңірегі бұлдырап қоя берді. Мынау шырқау биіктен ұшып кетем бе деп сескенгендей, бір-екі саты төмен түсіп тұрды. Көз алдындағы бұлыңғыр тұтаса түскендей, әлгінде ғана шыр айнала өзі қалаған, әлі сылақ жүгірмеген қотыр-қотыр қыш кірпіштер де бірте-бірте қызғылтым өңінен айрылып, бір түрлі түссіз, сондықтан да түсініксіз жұмбақ мұнараға сіңіп бара жатқандай. Бұл — аспан мен жердің арасында қалықтап тұрғандай. Тек дәл аяғының астындағы мұнараның басына көтерілетін оймақтың аузындай кара қуысты ғана әлгі бір жан-жағын түгел обып келе жатқан озбыр бұлыңғыр әлі жалмап үлгере қоймапты. Кенет аяғының астында қарауытып жатқан кара қуыс оқыс жарқ ете қалды; артынша-ақ маңайына ойда жоқтан сарғыш сәуле шашырағандай болды; сол бір ақшыл, сарғыш ұлпа сәулелер өсе-өрши түсті. Ұлғая-ұлғая әлде бір тұлғаға айналды; қозғалатын, қыбырлайтын тәрізді. Бұған қарай жылжып келе жатқандай. Денгейлескендей. Міне мұның дәл қасына, қарсы алдына кеп тоқтады. О да мынау көгілдір аспан мен сонау аяқ астындағы түссіз, тұлдыр зымыранның арасында қалқып тұрып алды. Егер бірін-бірі абайсыз қағып кетсе, екеуі де сонау құрдымға құлап, быт-шыт болардай... Қарсы алдына кеп тоқтаған елес

қайта қозғалды. Бұған қарай жақындап келеді... Тұла бойы дүр түршігіп, оқыс селк ете қалды. Көз алдын көлкештеп тұрған түссіз мұнар жым-жылас ыдырап, төңірегіндегі үйреншікті дүние үйреншікті қалпымен құлазып қоя берді. Сылақ жүгірмеген қотыр-қотыр қыш тастар аяғының астында төбе-төбе боп үйіліп жатыр. Мұнараның ернеуіне тастай салған балшық-балшық май қалақ құлап кетпей шаққа тұр. Әлгібір бастығырылыққан кісінің түсіндей бұлыңғыр, буалдыр дүние күн қыза көтерілетін күзгі мизамдай әлдеқайда ғайып бопты. Бірақ ол жаңағы дел-сал бұлыңғыр сәт пен дүние қаз қалпында көз алдында сайрап тұрған мына сәттің қайсысының өңі, қайсысының түсі екенін айыруға ақылы жетпей, аңтарылып қалды. Егер әлгі дүние түгел селдір мұнараға бөккен буалдыр елес өңі болса, көзді ашып-жұмғанша неге ғайып болған?

Ал егер бар нәрсе бадырайып өз кейпінде құлазып тұрған мына сәт өңі болса, қарсы алдында алтын қамқаға малынып мөлдіреп тұрған мына бір әйел қайдан шыққан? Балшық-балшық мұнараның басында ол не бітіріп жүр? Мынау ми қайнатқан шілде ыстығының бейшара тас қалаушыға тап қылған тағы бір тәлкегі де, тәйірі...

Әр жер-әр жерінен алтын жүгірткен селдір перденің ар жағынан мойылдай мөлдіреп қос жанар бұған қадала қапты. Сол қап-қара екі жанар мен екі керме қас болмаса, мынау зымыран мұнараның басына жел көтеріп әкелген әлдекімнің селдір пердесі екен деп қалатындайсың. Қарсы алдына кеп қадала қалған әлгібір жұмбақ әйел басынан аяғына дейін мөлдіреген селдір ақ шәйге көміліп апты.

Жаппар алдындағы әйелдің адам екенін, жоқ қос боп көрінген әншейін елес екенін анықтап білгісі келгендей, назарын тіктеп тінте қарады.

Оның шеберге тән қырағы көзі селдір пердені өртеп кетердей боп шокша жайнап тұрған әдемі екі жанарды алдымен шалды.

Әйел мұның өз көзіне өзі сенбей тұрғанын аңғарып қалғандай селдір жамылғының ар жағынан күнге шағылысып жарқырап көрінетін қамқа көйлегінің етегін сүйріктей әдемі саусақтарымен бүре көтеріп, кенереге жақынырақ барып, төменге көз салды да, биік сәукелесін түсіріп алмайын деген кісіше, дереу бойын тіктеп, кері бұрылып еді, маңдай тұсынан бармақтай лағыл жарқ ете қалды. Сосын бұған әлдене айтқалы оқталды да, не айтарын білмей қысылып, қымсына күлімсіреді.

Сол бір оқыс қызарып, қымсына жымығаны манадан бері от шаша қараған қос тана көздің астында қыбырсыз жатқан бұйығы ақша жүзін түгел нұрландырып жібергендей болды. Жаппар осы бір әдемі күлкіні танитын сияқты. Алдында тұр-

ған әйелден өзіне өте-өте қанық, көптен белгілі бір сымбатты шырамытатындай.

Әйел етегін сәл қымсына көтерген қалпы төменге түсетін баспалдаққа беттеді. Көлендеген жұқа қамқа көйлектің етегінен балапан қаздың балақ жүніндей балтырымен балтыр қып әлденеше қатарып тастаған ақ атылас шалбары көзге шалынып қалды.

Үлбіреген аппақ перде жер жұтып бара жатқандай қараңғы қуысқа сіңе түсті.

Жаппар әлі аң-таң. Аппақ перде қараңғы қуысқа сіңіп жоғалғанмен, әлгі бір қымсына жымыған шиі ерін мен жаудыраған екі көз мұнара басындағы бұлыңғыр ауаға мәңгі орнап қалғандай, көз алдынан кетер емес. Ол жер жұтқандай әп-сәтте жоғалған сиқыр елестің өне бойын балбыратып бара жатқан әдемі әсерінен айрылып қалам ба деп қорыққандай, қарсы алдындағы құлазыған кеңістікке есенгіреп қарап, біраз мелшиіп тұрды-тұрды да, ернектегі май қалағына қол созды.

Апыр-ау, әлгі бір бал-бұл жанған шиі еріндер мен нұр жайнаған қос жанарды бұл осы қайдан көріп еді. Етене жақсы білетін тіпті таныс бір адамға ұқсайтын тәрізді. Кім еді сол... Тіпті жүріс екеш жүрісі де, күнде көріп жүргендей боп, көзіне оттай басыла кетті ғой. Бұның тас таситын құлдар мен бас шеберден, жатқан үйінің иелерінен басқа күнде көріп жүрген ешкімі жоқты. Ендеше, бұның көзіне оттай басыла қалатын ол қайдағы таныс... Айтпақшы, әлгі әйел Зухра емес пе? Оны да алғаш рет дәл осылай ойда жоқ жерде көріп еді ғой. Бетінен шарқаты түспей, малынған жібек көйлектің ар жағынан құрақтай майысқан талдырмаш денесін бұлт-бұлт ойнатып, қыбыр-қыбыр қимылдайтын да жүретін бала қыздың, күн сайын бір үйден өргенмен, ешқашан жүзін көрген еместі. Қыз еркектер отыратын бөлмеге, сірә да, бас сұқпайды. Оқтын-оқтын аула ішінде ғана көріп қалады.

Бір күні ол үйге келсе, саудагер мен әйелі жоқ екен. Аула ішінде біреу ыңылдайды. Бұл кім болды екен деп, саяжайға шығып қарап еді, өрік ағашынан жеміс үзіп жатқан Зухраны көрді. Биік ағаштың басына лақша қарғып, жеміс қағып жүрген бала қыздың бетіндегі шарқаты сусып иығына түсіп кетіпті. Бұның қарап тұрғанын сезіп қап, жалт бұрылып еді, жайнадаған қос жанар көкірегін шоқша қарып өтті, өкпелегені де, еркелегені де белгісіз, керме қасын оқыс серпіп, жәудірей қарады да, шарқатын түзеді. Аппақ жазық маңдайы мен қыр мұрынын, албыраған шиі еріндерін алғаш рет сонда көзі шалған-ды. Зухра бұдан қымсынып үйге қарай тайып тұрды. Бұл оның бұлт-бұлт ойнап бара жатқан шәйі көйлегінен көзін ала алмай, ұзақ қарап тұрып қалған-ды.

Содан былай ол үйге келгенде көзімен Зухраны іздейтін болды. Шешесінің қасында жыбыр-жыбыр қимылдап жүретін

қыз көйлегінің естілер-естілмес болмашы сусылына ылғи құлағын тосады да отырады. Зухра да әкесі үйде жоқта, мұның көзіне түскісі келгендей, аула ішінде күйбендеп жүрген шешесіне қолғабыс жасаған боп, үйге бір кіріп, бір шығып, тыным таппайды. Оның бұлт-бұлт ойнаған көйлегі мен дәйім жел ұшырып әкестердей боп желбіреп жүретін желең шарқаты мұның көңіліне көктем екендей, өн бойына бір жұмбақ сезім жүгіретін.

Бірақ ол көкірегін шым-шым шымырлатып жатқан сол бір ұялшақ сезімнің қаншалықты қатерлі өртке айналғанын Зухра қыздың шәйі көйлегінің сусылы Ахмет байдың үйінен атымен жоғалғанда барып бір-ақ аңғарды. Өз жүрегінің іңкәрінен көрер көзге айрылып қалған жігерсіздігіне осы кезге дейін іші өртенеді. Бүгінде ол дәмесінің келмеске кеткеніне әбден көндігіп, торығып болған-ды. Сүйткен Зухра мынау ұшпа мұнараның басына қалай шығып жүр? Әлгі жүн қабақ күйеуі оны мұндай жерге қалай жібере қойды екен? Бәрінен бұрын жаңа оны көріп тұрып, бір ауыз тілге келмей, үн-түнсіз қала бергені қалай болды? Ол баяғы балалығын кешіргенмен, дәл осы жолғы ынжықтығын еш кешірмейді. Енді ол мұны бір кеудесінде қыжыл жоқ тірі өлексеге балап кетті. Күні бүгінге дейін жүрегінде өшпей келген ыстық ықылас бұдан былай жек көрініштің жиренішті ызғарына айналатын шығар. Ол жалма-жан ернекке ұмтылды.

Сонда барып көрді — мұнара түбінде үш-төрт күйме тұр екен. Әлгі аппақ перде ыстықтан әбден күл өңденіп кеткен саз топырақта жел көтеріп, ұшып бара жатқан құстың мамығындай боп ағараңдап қаз-қатар тізіле қалған күймелерге қарай беттеді. Соңында бір шоғыр адам. Солардың бірі топтан бөлініп жүгіріп барып қақ ортадағы көк жібек перде тіккен күйменің есігін ашты. Екі сарғыш перде жамылған әйел әлгі әйелдің екі қолтығынан демеп күймеге отырғызды. Қызметші әйелдер қолтығынан демегенде, ақ желең перде бір-ақ желпете қалды да, астындағы жарық жалғаннан түгел жасырын жанды әлдекімнің эзезіл жанары көріп қалмасын дегендей, қайта қымтай қойды. Тыпыршып тұрған жарау аттар ағызып ала жөнелді. Күйменің терезесіндегі көк жібек перде желмен ойнап бара жатты.

Шебер соңына селдір тозаң ертіп зулап бара жатқан күймелерден көз айырмай қадалды да қалды. Күймелі керуен анадай жердегі кіші ханым тұратын сарайдың баққа көмілген биік қорғанына кіріп, жоқ болды. Жаңа қасында болған әйелдің кім екенін ол енді барып аңғарды.

Дүние күндегі байырғы кейпінен айрылып, қайдағы бір бұлдыр елеске айналып кеткендей. Төңірегіндегінің бәрін буалдыр мұнарға көміп, ымырт орнап келе жатты. Ол мұнара басынан сүлесок түсті. Төменге кеп жуынды. Құлдарды әлде-

қашан қамалға айдап әкетіпті. Мұнара қасында мұны жатқан үйіне апарып сап, әкеліп сап тұратын қоңыр күймеден басқа ештеңе қалмапты. Ертеңіне таңертең күймеден түсіп жатып, мұнараға көз тастап еді, оның әлі әшекей жүгірмеген қотыр-қотыр қабырғалары мынау мөлдіреген таңғы ауада, тұнық көк аспан астында тым сиықсыз көрінді. Қара жердің қабырғасын қаусатып жіберетіндей боп, жер табандап жатып алған тап мынандай зілман үйікті қалай қалап шыққанына бүгін өзі қайран қап тұр. Оның дәл мынандай оспадар сиқын да бүгін аңғарды. Шамасы мынау ығы-жығы кесек дуалдардан қашан бой асырам, сонау шаһар сыртындағы бостан тұз көзіме қашан көрінеді деп бір тастың үстіне бір тасты өре бергеніне мәз болса керек. Түні бойы түсінде де кешегі бір мизам сағымындай ақ селдір перде мен күйме қапталында желмен ойнап желбіреп барда жатқан көк шәйі көз алдынан кетпей қойды. Енді міне күз білініп қалған майда самал, таңғы ауа, ашық аспан аясында осыншама ойнақы да үлбірек дүниені езіп, жаншып тұрған мынау шомбал тас үйіктің бар салмағы өз жотасына түсіп тұрғандай, бір түрлі көңілі құлазып, ойсырап қалды.

Әр тасты қалаған сайын анадай жердегі биік тас дуал қоршаған кіші ханым бағына жалтақ-жалтақ қарап қояды. Оған сол бір жым-жырт бақтың ішіндегі оңаша сарайдың әлде бір терезесінен кіші ханымның өзі қарап отырғандай көрінді. Сонда мынау сойқан үйік оның да жанарын жәбірлеп, кешегі ақ селдір пердедей үлбірек арманын тапап-жаншып тұратын шығар.

Жаппар қолына көтере берген қып-қызыл шық тасты жерге қайта қойды.

Төңірегі дауылдан кейінгі көл бетіндегі туырылып тұнып тұрған мөлдір ауа.

Ол не істерін білмеді... Пәлен ай бойы тыным таппай тырбынған тіршілігі табан астында мәңсізденіп шыға келді. Төңірегінде төбе-төбе боп үйіліп қалған кірпіштерді көтеріп алып, кенереге апарып қалай беру керек екенін біліп-ақ тұр. Бірақ қолы көтерілер емес... Төңірегін тас қып қымтап ап, көрсетпей қойған күл өндес кесек дуалдардың қоршауынан құтылып, кең болмыс кенересінен асып-төгіліп жатқан көл-көсір көкжиекті көрсем-ау деген дәмесіне әлдеқашан жетті. Енді сол өліп-өшіп аңсаған көкжиегі де кең дүниенің көз алдына күлтілдеп тұра қалған ісіктей боп, бұған бір табан жақындай түсудің орнына күннен-күнге әрі ығысып, қашқақтап барады. Бұрын әлдебір алыптың күңірсіген саз қабырғалардан тынысы тарылып, тұншығып бара жатқанда, жұлып ап, зеңгір көкке, зымыран биікке бір-ақ шығаратын әлсуетті қолындай асқақ сезілетін мұнара енді бұған төңірегінде көлкіп

жатқан бостан дүниеге емін-еркін шарқ ұрғызбай, көзін бақырайтып матап қойған, жер қойнынан емес, көк қойнынан ойып қазған меңіреу зындан сияқты боп көрінді. Жерге де түсе алмайды, көкке де жете алмайды, пұшайман тіршілік... Қайта мынандай азаптан қапас зынданның өзі-ақ дұрыс шығар. Онда да аяққолың матаулы бейшара хал кешкенмен, көлденеңнің көзінен аулақсың ғой. Ал мында маңайдан өткен адам бір қарамай, бір сөйлемей өтпейді! Көлденеңнің көзі мен сөзінен артық қорқынышты не бар? Ту сыртыңнан қадалса, садақтың оғындай, қарсы алдыңнан сұқталса, көкірегінді кірші еткізіп өте шығар көк найзаның ұшындай көлденеңнің сұқты жанарынан қаймықпайтын жан болмайды. Әсіресе, өзің жайында не айтып, не қойғандарын біле алмайтындай, алыстан қадалған жұрт көзі мен құлағына анық жетпейтін күңк-күңк жұрт сөзінен өткен азап бар дейсіз бе? Ондайда ішінде арыстан жатқан апан үңгірдің аузында тұрғандай, қашан арандалып қаларың белгісіз екі талай хал кешесін. Сонда да пенде пақыр жұрт көзіне түсуге құмар. Жұрт көзінен сәл таса қалса болды, қапас зынданның қақ түбінде жатқандай аласұрып бағады.

Қайта нағыз тамұқ қара нөпір қалың көптің ылғи көз алдында тұратын жария өмір емес пе? Қапас зынданда жамбасыңа тас батып, жон арқаңнан сыз өтсе де, жан-жағыңнан анталай қоршаған қорқау қараңғыға қарсы сілтейтіндей қайран таба алмай, тырп етпес тымырсық күн кешсең де, әйтеуір қайда екенің белгілі тұрлаулы тіршілік қой. Ал айдай жарықта, айдай елдің алдында жалаңаш келе жатқандай қарсы жолыққан жанардың бәрінен қымсынып, біреу жымия қараса, бұл неге жымияды деп, біреу алара қараса, бұл неге көз алартты деп, елдің қас-қабағын бағып, қылп-қылп күн кешкен қиямет қайым еркіндігінде не мән, не пәтуа тұр? Сонда да жұрт көзге түскісі келеді. Міне мұны да шиге шаншыған құмалақтай қып күллі шаһардың төбесіне шығарып, әрі өткен, бері өткеннің көзін бір жалт еткізіп, аузын бір жалп еткізіп, іш құста күн кештіріп қойған да — сол ел көзіне түссем деген дәме... Бұл енді түсініп отыр, байғұс көксау әкесін де жапан тұздің бір қалтарысындағы қарапайым қыстақта жұртқа құмыра жасап беріп, сауаптарына қалып, ақысына келген азғантай тары-талқанды талшық қып, өз төр, өлең төсегінде күрк-күрк жөтеліп, жайына жатқыздырмай, жер түбінен Байтақ шаһарға сүйреп әкеп, жат біреудің оң жағында көз жұмдырған да — сол. Енді міне талай-талай жел көкірек немені әуелі желкесіне мінгізіп, көкке көтеріп, сосын аяғының астына бір-ақ алып ұратын сол бір арман деген ала бүлік неменің ағаш атына бұ да қонжиды.

Міне, ол мынау әлі күн қыза қоймаған, ауадан көгіс ыдырай қоймаған айна таза таңда аяғының астында үйіліп жат-

қан қыш тастарды көтеріп ап, күндегі үйреншікті тіршілігіне қайта кірісіп кетуге тұрткі болардай ілік іздеп алақтап тұр.

Шаһар сол баяғы шаһар. Саз балшық үйлер жұпыны дастарқандағы сілекейленіп қалған азғантай науат пен шекердей қалай болса солай бет-бетіне шашырап жатыр. Аспанның да еш қылаусыз ап-ашық жатқанымен, ештеңеден рай танытпайтын тымсырайған қалпы. Жаппардың жер мен көктің арасынан ештеңе тастамай, тіміскілеп жүрген жанары ақырында тағы да кіші ханымның бағына түсті.

Бүгін байқады, күнде жасыл желек астында көміліп, көрінбей тұратын ханым сарайының ауласы көз алдында дәл алақанындағы нәрседей ап-анық сайрап жатыр. Сүйтсе, бұл салған мұнара шаһардың төбесіндегі зеңгір аспанды бір өзі дербес иемденіп, шырқау биікке шығып апты. Енді, міне, жан-жағынан адам аттатпай, айбалталы күзетшілер қоршап тұрған, ұшқан құс болмаса тірі пенденің көзіне түсірмей, құпия сақталатын ханым сарайы аяғының астында қапты. Бақ арасындағы ақсиган жолдарды, оймақтай-оймақтай көгал алаңдарды, бір-екі жерде айнадай жалтырап жатқан мөп-мөлдір айдындарды ап-анық көріп тұр.

Ойда жоқтан асығыс оянған әлдебір ашқарақ сезім манадан бері жан-жағында тау-тау боп үйіліп жатқан қыш кірпіштерге қолын қайта создырды. Мұнараны бұдан гөрі де биікте-те түспек. Сонау жұмбақ сарайды қалтарыс қалдырмай, түгел көріп отыратындай қып биіктетпек. Қабағынан қан шашырайтын қаһарлы патша қалтарысқа тығып баққан сұлу ханым сарайын тас төбесінен тамашалап отыратын аспан астындағы жалпақ дүниеде жалғыз осы ғана, тіпті үш тараптың туын түгел дерлік аяғына жыққан Әміршінің өзі де ханым сарайын тап бұл секілді алақанындағы нәрседей тұтас көріп, тұтас шола алмақ емес.

Аяғының астындағы тау-тау үйінді азайып барады. Жаппар ұста ол күні қастың қалай қарайғанын да байқай алмай қалды. Ертеңіне таңертең қолына май қалақты алып жатып, тағы да ханым бағына қарады. Бәлкім сонау көп терезелердің бірінде кіші ханым бұның әр қимылын көз жазбай бағып отырған шығар. Ол енді мұнараны ханым бағының қай түкпірінен қарасаң да, төбеңнен төніп тұратындай қып бітірмек.

Күндегі бір тас қалап, бір шай ішім ойланып тұратынын қойды. Жұмысы өніп барады. Мына қарқынымен енді бір аптада мұнара деген жерінен шығады. Енді тек оны көрген ханымның көзінің жауын алатындай қып безендіруі керек. Мынау сұп-сұр топырақтың төсіне қонжита қойған мылқау тас үйікке көк пен жерді астастырып тұратын айырықша ажар тапнақшы. Ол үшін мұнараның ұшын бір деңгейде бір тегіс қып бітірмегені жөн, онда мұнара қанша биік болса да, пышақпен қырыққандай келте боп көрінеді; ал найзаның сүңгісіндей тым

сүйірлеп жіберуге тағы болмайды, шаншып қойған әлденедей о да ерсі. Ендеше мұнараның ұшы қай жерден қайтатынын байқатпайтындай ғып, аспанмен аймаласып жататын көгілдір күмбезбен көмкергені дұрыс. Сонда мұнараның көктен жерге құлап келе жатқаны, не жерден көкке самғап көтеріліп бара жатқаны көрген көзге жұмбақ боп тұрады. Оған керегі де сол.

Мұнараның анадайдан айбар шашып айбындап тұрғанын да, не көрген адам қолтығына қысып кеткісі келгеніндей қып, құр әншейін қуыршақ болып жұтынып тұрғанын да қаламайды. Көрген жан тамсанып қана қоймай, тәңірдің әлде бір жұмбағының шешуін табуын тапса да, есіне дәл анық түсіре алмай, айран-асыр қалып арманда аттанатындай қып әшекейлегісі келеді. Көз алдына әнеугүні күйменің терезесінен желмен ойнап бара жатқан желбірек шәйі көлең ете қалды.

Жаппар көктен іздегені жерден табылғандай қуанып кетті. Бұл мұнара да тап сондай жеп-жеңіл, тап сондай ойнақы болуға тиісті. Мұнараны көрген жан қапелімде әлде бір арудың сонау зеңгір аспандағы ақ періштелердің біріне ұмсына созған ақ білегі екен деп қаласың. Тіпті, ертең әмірші алыс жорығынан қажып оралғанда да, алдынан әлдекім білегін көтеріп күтіп тұрғандай көрінсін.

«Дереу дермене іздетіп, қаңбақ өртетіп, ніл бояу жасайтын күл әзірлетуім керек» — деп түйді шебер.

Мұнараның қалған жерін көп ұзатпай қалап бітіргісі, көңіліне аяқ астында ұялай қалған арманын жүзеге асыруға тезірек кірісіп кеткісі келді. Енді кідірсе көз алдына, мынау мөп-мөлдір түп-тұнық көк ніл ауаға ойда жоқта орнай қойған әлгі бір ғажайып суреттен бір жола айырылып қалатындай... Көңіліне сондай күдік оралуы-ақ мұң екен, көз алдында сайрап тұра қалған әлгі ғажайып суретті әлдебір әзәзілдің оспадар қолы сыпырып сүрте бастағандай көрініп кетті. Жаппар әлгі таңғажайып көріністен шынында да айрылғаным ба, деп, көз алдына тесіле қарап еді, көкпенбек мөлдір ауа ғана көлкіп тұрып алды.

Төменде — сол баяғы хан бағы. Қақ ортадағы ашық алаңқайда жайылысқа шыққан аппақ қаздардай боп, мамырлай басып бір топ әйел жүр. Бұл олардың қайдан сап ете түскенін қапелімде байқай да алмай қалды. Көк алаңқайдың құбыла шетінде жылтырап жатқан оңаша айдынға қарай беттеп келеді. Айдынның екі жағында мұнара секілді биік екі тұғырға ақ шытыра перде жабылыпты. Айдынның жағасында үюлі қызыл шоғырлар көрінеді. Әйелдер айдын тоғанның жиігіне іліге бере тоқтай қалды. Қаз-қатар тұра қап шешіне бастады. Жап-жасыл шөп үстінде теңгедей-теңгедей дөңгеленіп ақ шатыра көйлектер қалды.

Құе мамығындай үлбіреген аппақ желеңдер астынан әлі

қайратына міне қоймаған күннің нұрында бір түрлі алқызыл-даһып албырап көрінетін ақ сүйрік тәндер атып-атып шығып, көлкіп жатқан көкпенбек суға қойды да кетті.

Төрт бұрышты көкпенбек тоған төбесінен моншақ жауғандай ақ айранданып шыға келді.

Келіншектердің аппақ білегі айдын бетін сабалап, бір-біріне су шашады. Арасынан екі-үшеуі үзіліп шығып, айдын жиегіндегі мая-мая боп үюлі тұрған қызыл шоғырға бас салды да, күп-күрең алмаларды тоған бетіне лақтыра бастады, судағы әйелдер топ-топ жауып жатқан алмаларды су бетіне қарғи көтеріліп қағып алады. Күп-күрең алмалар көкпенбек айдын үстінде бұршақша жауып тұр. Келіншектер бірінің қолын бірі қағып, күрең алмаларға жапа-тармағай жармасып жатыр. Асыр салған ақшыл тәндерге қызыққандай ақ жал су да шалп-шалп секіріп, ерке тотай келіншектердің едірейе көтерілген омырауларынан сүйіп-сүйіп алады. Көздің жауын алатын сұлу сымбатты қомағай толқындардан қорғаштағандай, қос иықтан дудырап бос төгілген тып-тыныш тоған ойда жоқта бір үйір ақ сазан түсіп кеткендей астан-кестен боп, жиегін шылп-шылп сабап бұлқынып жатыр. Бірінен-бірі өткен ақ сүйрік сұлу денелер жанап өткен сайын қытығына тиіп кеткендей, көк айдын көкке шоршып-шоршып қояды. Жаппардың көз алдында өңшең бір ақ толқындар асыр салып билеп жүр. Сонау оңаша көл бетіндегі көп діріл мұның көңіліне көшіп қонғандай.

Тулап жатқан айдын беті бір уақтарда барып тыншыды. Қырық сұлу тоған жиегіне аяқтарын суға малып отырып ақ қыздырынды, біраздан соң шаштарын тарады, бірінің бірі бұрымдарын өре бастады.

Сосын орындарынан бәрі бір уақытта дүр көтерілді де, анадай жерде ағарып жатқан киімдеріне барды. Қырық бірдей қызғылтым сұлу тән ақ мамық желеңнің астына кіріп жоқ болды. Сосын мамырлап басып сарайға қарай беттеді.

Олар сарай алдындағы қалың көк желектің астына кірер-кірместе, манағыдан бері қайда тығылып тұрғандарын кім білсін, бақтың түкпір-түкпірінен он шақты еркек жүгіріп шығып, айдын бетінде жыпырлап жүзіп жүрген күрең алмаларды қолдарындағы ұзын сырықтың басына байлаған торкөз ауларымен сүзіп ала бастады.

Енді шебер бұдан бір сүйем биіктеп кетсе әлгіндей әдемі көріністен біржола айырылып қалатындай кібіртіктеп жұмысы өнбеді. Баяғыдан бері сумандап көкке шапшып келе жатқан мұнара тап осы араға келгенде аяғына жем түскендей, бір елі жылжымай қойды.

Ханым мен нөкері суға шомылған сайын, салынып жатқан мұнара жаққа қарар ма екен деп, көзін тігіп бағады-ақ. Бірақ айдын бетінде асыр салып боп жиекте байыздап отырған қы-

рық әйелдің еш қайсысы төбелерінен төніп тұрған мұнара жаққа мойнын бұрып қарамайды. Бұл олар қашан киімдерін киіп болғанша көзін алмайды. Бірақ, қырық әйел әдейі уәделесіп қойғандай бұл жаққа бір де бір рет көз салмастан қайтадан сарайға беттейді.

Жаңа ғана мамырлап басып, қыдырып жүрген қырық әйел көзден таса болғанда хан бағы көрер көзге әдеткі ажарынан айрылып жүдеп қалады. Мөп-мөлдір күміс айдын әлдекім күл шашып жібергендей, аяқ астынан әлемтапырықтанып шыға келеді. Ираны кілемдей қырық құлпырып тұрған гүлзарлар да күйе түскендей солғын тартып кетеді.

Ханым бағымен қоса мұның да көңілі құлазып қоя береді. Жаппар көзі боталап, әлгінде ғана кіші ханым нөкерін ертіп жүріп өткен, ту-ту төменде әзер-әзер көзге түсіп, ақсиып жатқан жіңішке соқпаққа телміре қарайды. Бірақ жас ханымның өзі түгілі ізін де жым-жылас жұтып қойған сылқым сүрлеу мұны мазақтағандай ақсия күліп жата береді. Бала жігіттің көңілі сол бір жасыл желек астына сүңгіп жоғалатын сумаң соқпаққа түсіп ап, көзден бір-бір ұшқан қырық сұлудың сонынан салып береді. Бірақ жас ханымды, оның қырық нөкерін, күнде-күнде мұның көзін қызықтыратын ғажайып көрікті көлегейлеп тұрған көк бұйра желектің ішіне енуге батылы бармай, тентіреп-тентіреп кері қайтады.

Жаппардың күндегісі осы. Кіші ханым тағы да сейілге шығар ма екен деген есек дәмемен күннің батпағанын тілейді. Бірақ ханым сәскелік серуеннен кейін бақ ішіне аттап шықпайды. Жігіттің жүзі солған гүлдей сарғайып сала береді. Сол-ақ екен әлгінде ғана алып ұшқан асау арман қайтадан тұқшандаған тұғырға айналып, үйреншікті тіршіліктің ирелең соқпағына түсіп ап, бөки жөнеледі. Бұғанасы бекігелі бері қолынан балшық кетпеген құлақ кесті қара құл басымен көңілінің ханымды ойлап елегізгенінің күпірлік екенін де енді ұқты. Жаңағы бір көкірегін алай-түлей еткен әзәзіл сезімді біреу-міреу байқап қалған жоқ па дегендей, жан-жағына алақ-жұлақ қарап қояды. Бірақ бір қабат аспанның арасында тұрған оның ала бұртқанын кім көруші еді. Ол да бір, зәулім шынардың басына қонған жұлма-жұлма торғай да бір ханым мен нөкерінің одан айылдарын жимай аппақ айдында шомылып ап, сарайға тып беріп тайып отыратындарының себебі де сол.

Тәкаппар ханымның аспаннан басқа ештеңеге түспейтін асқақ жанарын өзіне аударудың жалғыз жолы мына мұнараны бұрын-соңды бұл Қос өзен елінде ешкім көрмеген ғажайып көрікке бөлеу. Баяғыда өзі Байтақ шаһарға мұнара салдыртам деп бел бұғанда көңіліне оралған көрікті елестен де өткізіп әшекейлесе, ханым қайтып қарамас екен! Қасындағы қырық нөкер әйел мақтап, ауыздарының суы құрып, сусылдай

жөнелгенде ханым осынша сиқыр көрікті өз қолынан жаратқан бұған да қайран қалатын шығар!

Әлгінде ғана сабыр тапқан тентек жүрегі қайтадан лүпілдей жөнелді. Мұнараны жаңағы өзі ойлағандай жас ханым мен нөкерін еріксіз өзіне қарататындай қып безендіруге бел буды. Мұнараның қасынан әр қайсысы алты канат ордадай он шақты тандырды қатар жағып, дермене мен жапақты тау-тау қып үйіп, әуелі бояу әзірлейтін күл өртеді, сосын таңғы аспандай көкпенбек, күнге шағылысқанда қырық құбылып, жылтырап тұратын шытыра тас күйдірді. Бір айдан соң он шақты шеберді қатар өрмелетіп, мұнара сыртын шытырамен жаптыра бастады. Өзі көгілдір торқаға орана түскен мұнараны біресе ана жағынан, біресе мына жағынан шығып қарайды да жүреді. Кейде тіпті шаһардан бір көш жерге ұзап шығып, айдалада жападан-жалғыз көк мұнараға міз бақпай қарап тұрады. Тұнық судай көкпенбек ауадан әзер байқалатын жер түбіндегі қаралтым сырық жаңа мұнара оған әлдене деп ым қағатындай.

Жаппар өз қолынан шыққан сол бір тілсіз перзентінің не дейтінін түсіне алмай дал болғандай, көз айырмай көп телміреді. Күймеде отырып та қырық сығалайды. Түсіп алып та қарайды. Бір уақ қолын маңдайына апарып, көк аспанда күлімдей жүзген күн көзін ұзақ бағады. Құдды бір тұңғиық аспанның өзінен әлдекім бұған аян беріп, ақыл айтатындай, жым-жырт айналаға құлағын тосып тың тындайды.

Әлгі жерден су шыққандай жалма-жан күймесіне отырып ап, тағы да бір жаққа құйғыта жөнеледі. Ол арада да мынау мөлдірей тұнып жатқан тылсым ауаның әлдебір жерінен тек өзінің ғана көзіне көрінетін әлдекіммен үнсіз арбасқандай қалшыып қатады да қалады. Біресе көңіліне қонбайтын ерсі бірденені көзі шалып қалғандай, басын шайқап, өз-өзінен таусылып, жан-жағына түкірініп бітеді. Кейде тіпті екі қолымен бетін басып, тұрған жерінде шөкелеп отыра кетеді. Мынау жарық дүниені енді қайтып көргісі келмегендей, екі көзін тас қып жұмып алады. Жаңа ғана көз алдында сайрап жатқан күйкі дүниені көңілінен аластап қуып, жым-жылас ұмытқысы келгендей, жағы әбден қарысып қалғанша тістеніп бағады. Көзінің алды қарауытып, қайдағы-жайдағы алабажыр елестер тым-тырақай қалқып жүрген бұлыңғыр қоймалжың бірте-бірте қойыла түседі. Төңірегі қап-қара түнге айналғандай. Әлгіде ғана жынына тиген нәрсенің бәрі зымқайым жоғалып кеткендей. Көзін қайта ашып алды. Өткір жарықтан жасаурап кетіп еді, жеңімен кірпігін бір сипап өтті. Кенет көз ұшында еміс-еміс бұлдырап тұрған жаңа мұнарадан бұрын-сонды ойына түспеген, енді сәл кідірсе қайтадан жоғалтып алатындай әлденені көзі шалып қалғандай орынынан атып тұрады. Қуқыл бетіне қан жүгіріп қуанып кетеді.

Күймеге отыра сап мұнараға қарай қайта шабады. Күйін датып шауып келеді де, жалма-жан жоғары шығатын баспалдаққа өрмелейді. Мұнараны шыр айнала қоршап қойған төрт-төр ағаштың арасында қыбырлап жүрген шеберлерге барып, әлденелерді айтып өжендесіп жатады. Қолын қайта-қайта сермелеп, көңіліне әлгінде ғана қона кеткен жаңа ойын түсіндіріп бағады. Сосын төмен түсіп, үюлі шытыра тастарды дәл осы қазір көріп тұрғандай, ұзақ үңіледі. Біраздан соң қос уысын шытыра тасқа толтырып ап, тандыр жағып жатқандарға қарай аяндайды.

Соңғы айлардың ішінде әбден имнип арып кетіпті. Өңі сүйсүр. Терісінің бәрі сүйегімен сүйек боп қатып қалған. Тек екі көзі ғана тыным таппайды, неге түссе де, іші-бауырынан өткізе ішіп-жеп қарайды. Ине жұтып қойғандай байыз таба алмай, аласұрып жүр.

Күні кеше қара жерді ойып жіберетіндей тырп етпей табандап алған зілман мұнара күннен-күнге ажарланып барады. Аңдайда мізбақпай қарап тұрған жұрт жаңа мұнараның шаһардағы басқа мұнараларға атымен ұқсамайтын ерекше бір сипатын көрер көзге көріп тұрып, бірақ оның сыры неде екенін біле алмай, пұшайман болады.

Көк мұнара күн орнынан ауған сайын әр алуан кейіпке көшіп құбылады да тұрады:

Қараған жан соның бәріне қайран қалады. Бірақ оның сиқыры неде екенін біле алмайды.

Шебер мұнараның ұшар басының әшекейін өз қолынан өткерді, бұл аймақтың суық түсіп жарымайтын тағы бір келте қысы өтіп, май тоңғысыз шуақ орнады. Ханым бағындағы ағаштар шетінен бүршік жарып, айлапат қорғанның ішіне көк көбелек қаптап кеткендей, көк селдір перде тұтылды. Көп ұзамай көк бүршіктердің бәрі ақшыл, қызғылт гүл ашып үлбіреп шыға келді.

Ханымның күнбе-күн сәскеде нөкерін ертіп серуендейтін кезі де жақындап келеді. Жаппар сол күнді асыға күтті. Ақыры оған да жетті. Қызыл ала шәйі ұстағандай ұлпа желек астынан үлбіреген көйлек киген бір топ әйел шыға келді. Шыға келді де, аяқтарына жем түскендей, тоқтап қалды. Сосын мамырлап басатын үйреншікті жүрістерінен жаңылып, мөлдіреп жатқан тоғанға қарай суыт аяндасты. Тоған қасына жеткен соң да, баяғыдай желең көйлектерін сыпырып-сыпырып тастай салып, суға күмп-күмп қойып кеткен жоқ. Көк мұнарадан көздерін алмай, аңыра қарап тұрып қалды. Қап, бәлем, солай ма екен!.. Жаппар өз-өзінен масаттанып, мырс ете қалды. Көмейіне қайтқан өштің бе, әлде көкірегіне сыймай бара жатқан көл-жөсір қуаныштың ба, бір толқыны лықсып, көзінің алды мұнартып кетті.

Көк мұнара күннен-күнге өсе түсті. Бірақ сарай жақ шеті кетіп тұр. Жаппар сол кетіктен хан бағына қарап телміреді де отырады.

Ертең-ақ көзінен бір-бір ұшатын әсем көріністі қимағандай, әлгі кетікті бітегісі келмейді. Оны бітесе, хан бағында хор қыздарынша асыр салып ойнаған қырық сұлу да бір жолата ғайып болады.

Жасыл алаңқайда мамырлап басып қырық сұлу сейілге шығады. Ортасындағы басына жарқ-жұрқ еткізіп елден ерек сәукеле киген ханым. Олардың айдын жиегіне кеп иіріле қап жаңа мұнара жаққа қарап тұрғанын көргенде, Жаппар өзін пейіштің тас төбесінен қарап отырған жаратқан иенің өзі екенмін деп қалатындай. Талай рет жігерін құм қылған тас мұнара оған қайтадан шарықтатып шырқау көкке шығаратын шапағат қанатына айналды. Бірақ, сол бақыттының өтпелі екенін, енді бірер күннен соң қолынан мүлдем шығып кететінін ойлағанда ішін ит жыртқандай болады.

Ол бір тәуекелге бел буды. Қашан жендет ай балтасымен келіп айдап әкеткенше мұнарадан түспейді де, мына кетікті бітемейді де.

Біраздан соң Жаппардың көңіліне не қашқанын түсініп қалғандай бас шебер мұнараның басына өзі шықты. Әміршінің ұлы жорықтан қайтып келе жатқан хабарын айтты. Оған дейін мұнараны бітіріп, айналасын айнадай қып тазартып қоюы керек. Жүргіншілердің айтуы бойынша, бұл салған мұнара сонау Ұлы Құмнан шыға бере-ақ көзге түсетін көрінеді. Әмірші ертең жеңіспен оралған тойында жорықта көзге түскен баһадүрларымен бірге бұған да асыл тарту тартатын шығар; бұдан кейін бұл салған мұнараның лақабы аспан астына түгел тарайды.

Жаппар бас шебердің не айтып тұрғанын естімеген жанша менірейіп тұра берді. Сөзінің зая кетіп жатқанын сезген шебер әңгімесін кілт доғарып, әріптесінің жүзіне қарап еді, талайдың қас-қабағын аңдып қалған әккі көзі жас жігіттің өзгенің бәрін ұмыттыратын бір аңсар сезімнің құшағында тұрғанын біле қойды. Ол Жаппардың ой атаулыдан атымен ада тұнжыр жанары тесіле қарап қалған жаққа көз тастап еді, ту-ту төменде, өз бағындағы жасыл алаңқайда нөкерін ертіп мұнараға қарап тұрған ханымды көрді.

Бас шебер ләм-мим деместен төмен түсіп кетті.

Әміршінің елге оралып кете жатқан лақабы күннен-күнге күшейе түсті. Жаппар тұратын махалла халқының да, мұнара салысып жатқан мұның серіктерінің де аузындағы хабар — тек сол ғана. Бірақ Жаппар соның ешқайсысын да құлағына ілмегендей.

Күнде төсектерінен тұра сап, жаңа мұнараға бір қарап алып, дастарқанға отыратын байтақ шаһардың тұрғындары баяғы сол бітелмеген кетікті көреді.

Бірақ, жендет балтасының суық жүзін өңі түгілі түсінде де көргісі келмейтін пақырлар көңілдеріне қашқан сүркия ойды отыз тістен сыртқа шығаруға батылдары бармай, іштерінен тынып жүр.

Оны сезбейтін тек Жаппар ғана болса керек, тіпті ханым екеш ханым да шаһар тұрғындарының көңілінде не жатқанын естімей-ақ білген түрі бар.

Әмірші алдынан хабаршы аттанатын күні таңертеңгілік ханым сарайынан екі күйме зулап шыға келді де, мұнараға беттеді.

Оны мұнара басында тұрған Жаппардың да көзі шалып қалғанды. Әлден соң ту-ту алыстан, мынау өзі қолдан өріп шығарған зынданның түбінен тық-тық басқан аяқ дыбысы естілді. Екі адам қатар сыймайтын, тек жалғыз адам ғана көтерілетін тас сатымен әлдекім жоғары өрмелеп келеді. Жігіт өз жүрегінің дүрсілі сол тырс-тырс басқан жұмбақ аяқтың тырсылымен бір мезгілде жарыса шығып тұрғанын байқады. Ханым сарайына көз салып еді — жасыл алаңқай қаңырап бос жатыр. Түбіне шоғыр-шоғыр көлеңке алған ағаштар да томсырайып тұр. Күллі дүние мұнымен бірге сонау қап-қараңғы тас мұнараның ажал жасырғандай аждаһа қарынындағы тық-тық дыбысқа құлақ түріп қалғандай.

Жаппар ту сырты мұп-мұздай боп қоя берсе де, қобалжыған жоқ. Бірақ, мұнараның басына асай-мұсайын асынып Мүңкір-Нәңкірдің өзі көтеріліп келе жатқандай, өне бойын иненің ұшындай дызылдатып бара жатқан әрі өткір, әрі сұпсуық бір тосын сезім билеп алды. Бірақ ажалын абыржымай тосқан, өмірден үмітін біржолата үзген жандай, тырп етпей сабыр жиып, қасқая тосып тұр.

Аяғының астындағы қарауытып жатқан қараңғы үңгірден көзін алған жоқ. Аяқ дыбысы бірте-бірте күшейіп барады. Жаппардың өне бойы сіресе, қатая түсті. Тіпті бұлшық еттерінің өзі тас түйін боп, бір жола қатып қалғандай. Жүйке-жүйкесінің бәрі ширығып алған.

Аяғының астындағы қап-қара үңгірден қазір әлдене жалт ете түседі. Әрине, жендеттің балтасы. Қатыгез әміршінің алдынан кетік мұнара салып, қарсы алуға кімнің дәті шыдайды. Қазір айтқан тілді алмаған қыршаңқы бұның басын айбалтамен қағып тастап, мұнараның қалған шаруасын бас шеберге бітіртеді.

Жаппар аяғының астындағы аран қуыстан көзін көтере алар емес. Мұнараны тасырлата шыққан ащы тасыр енді аяғының астындағы үңгірден емес, мұның тас төбесін тақылдата жаншып шығып жатқандай. «Шыда, шыдап бақ».

Аласұрған санасының қарманып тапқан жалғыз медеті сол ғана. Тамағы құрғап барады. Көмекейіне әлдене кептеліп тұрып алғандай. «Қайта осынысы жақсы болды,— деп ойлады ол.— Қазір жендет балтасын көтергенде дауысы да шықпай, бірден осы тұншыққан күйі мүрдем кетсем жақсы болар еді. Жанымның қалай қарқараға келгенін ешкім естімей-ақ қойсын».

Аяқ дыбысы таяп қалды. Сіресіп тұрған мойыны кенет хан бағына қарай кілт бұрылды. «Жендетін жіберсе де, өзі көзіме бір көрінсе екен». Жасыл алаңқай бұрынғысынша құлазып жатыр... Күн сәскеден мана асты. Айдын қасында ешкім жоқ... «Бүгін шомылуға да шықпағаны ғой. Құлағын жарып бара жатқан әлгі бір тасыр қайда?

Әлдене сұп-суық боп жарқ ете қалды. Бірақ, жендеттің балтасының жарқылы сияқты емес. Бет алдын әлдене ағараңдап желпіп өтті де, әлгінде ғана мұның жанарын жарқылымен мұз боп қарыған меруерт жүзікті ілезде көлекштеп тастады.

«Иә, өзі келді... Рас, өзі...»

Қарсы алдында, дәл баяғы алғашқы көргендегісіндей боп, ханымның өзі тұр. Сол баяғы ақ желең көйлегі, басында да сол баяғы ақ селдір перде... Жоғарырақ көтерілсе, жел ұшырып әкетердей, сатының ақырғы басқышына жете бере тоқтай қапты. Сол баяғы қымсына күлімдеген нәркес жанары. Шиедей албыраған етті екі ерін... Бұл таң атқалы өне бойын сірестіре сығып тұрған темір құрсау аяқ астында омырылып түскендей, тұра ұмтылды.

Ханым бұның ұрт қимылынан шошып қалғандай кері ыршып кетті.

Шебер әлгі қимылынан ұялып қап кілт кідірді. Өзіне мөлдирей қараған сұлу әйелге байыптап қарап еді — үлбіреп тұрған уыз жас... Бұдан әрі үрке, әрі әлденеге қымсынып, бір-түрлі қиыла қарайтын сияқты. Баяғыда Зухра да дәл осылай бір түрлі үрке соқтап, бірақ кері де серіппей жәудірей қарап еді ғой... Мынау да тап солай. Қақ маңдайдағы бармақтай нарт лағылы мен үстіндегі желеңі ғана өзге. Дәл осы қазір көкейіндегіні ашып айтпаса, бұ да Зухра құсап, ендігәрі бұған жоқ. Қазір-ақ көзінен бір-бір ұшады... Сосын жүрегiнiң дәл тұсына әлдекiм iне шаншып қойғандай мәңгі-бақи қадалатын да жүретін тымырсық өкініштен құтыла алмайды.

Жаппар әлдене дегісі кеп тамағын кенеп еді, бәрібір даусы шықпады. Ханым телміре қарап тұр. Жаппар қолын созып еді, ханым бұлқынған жоқ. Ол жұп-жұмсақ, ып-ыстық елестің бауырына қалай кіріп бара жатқанын байқамады. Ол өмірінде жалғыз-ақ рет тап болатын қас қағым ғана бақытты сәті осы екенін сезді. Қолынан шығарып алса, енді қайтып оралмайтынын да біліп тұр. Еріп бара жатқан мамық денені бауырына

қыса түсті. оттай ыстық обыр ерін оның өзін де ерітіп бара жатқанын бір-ақ байқады...

Мұнара уәделі уақытта бітті. Алыс жорықтан оралған әміршінің алдынан күнге шағылысып күлімдеп тұрды.

Жаппар мұнараны әміршінің әдейі арнап келіп көргенін, таңырқап ұзақ тұрғанын, қатты сүйсініп аттанғанын түгел естіген. Бірақ сарайдан хабар болмаған.

Бір күні талма сәскеде әдейі шабарман кеп, сарайға жүр дегенде, Жаппар алдында сый-сияпат күтіп тұрмағанын бірден біле қойғанды. Ол қара көлеңкелеу хан сарайдың қақ ортасында хауыздың қасында күшігендей боп, бүрісіп отырған қара сұр кісінің індете қараған шегір жанарынан ештеңе бүгіп қала алмады.

Кіші ханым соңғы үш айдың ішінде әбден арып кетті. Әр қилы түске боялған шытыра терезеден түскен алашабыр көлеңкеде отыра-отыра өңі сілтіге салған сүйектей бозарып барады. Бұрынғы сәл қыбыр етсе, дір-дір етіп тырсиып тұратын жұмыр мойыны сылынып қапты; ұнжұрға сүйегі сойдып-сойдып шығып кеткен. Жанарынан да нұр жоғалып, көзінің айналасын мынау бөлменің ішіндей қара көлеңке кіреуке жайлап алыпты...

Ханым күндес қатындай сәл міні болса бетіне басып тәлкек етіп тұрған шар айнадан теріс айналып кетті. Айлапат сарайдың қақ ортасындағы атқылап жатқан дөңгелек хауыздың сыпсың-сыпсың дыбысынан басқа құлақ селт еткізер үн де жоқ. Күні-түні сол бір сыпсың-сыпсың. Кейде талма ұстағандай жүйкесі ширығып, әбден дінкесіне тигенде хауызды тапап тастайтындай боп, қасына жетіп барады. Бірақ, моп-момақан боп мөлтен-мөлтен ағып жатқан суды көреді де, бойын кернеп келген ызаның орнын әлдеқандай бір мұң жайлап, хауыздың қасындағы үстіне қалы кілем жапқан мәрмәр сәкіге отыра кетеді... Солай дел-сал біраз отырады-отырады да, қайта тұрады.

Хауыздан сәл алыстауы-ақ мұң екен, әлгінде ғана жәутен-жәутен ағып жатқан періште тамшылар қайтадан көп әзәзілге айналып сыбырласып қоя береді. Ол кейде сол сыпсыңды естімес үшін қашан көзі ұйқыға кеткенше хауыздың қасында отырады да қояды. Мынау мәрмәр сәкіден бір қадам алыстаса болды — бүкіл дүние пыш-пыштасып қоя беретіндей.

Шымыр-шымыр қайнап шығып, сыздықтата атқылап тұрған мөлдір судың момақан сылдыры анау алтынмен безеп тастаған жап-жалпақ емен есіктің ар жағындағы күтуші кемпірдің, азбан құлдардың одан әрі нөкер қыздардың жапа-тармағай сусылдасқан жабыр-жабыр әңгімесіне ұласып, бір қадам алыстаған сайын күшейе түскендей.

Тіпті сарай бағындағы әр алуан ағаштардың мың-мың жапырақтары да мұны айтып сыпсыңдасып тұрғандай. Анда-санда жұрт көзінен тасалау шеткері оңашалау соқпақтарға түсіп, сейіл құрғанда, ағаш арасынан жылтың-жылтың сығалап бөй көрсетіп қалатын еліктер мен тарғыл бұғылар да: «Ә, әлгі

жұрттың бәрінің сылсыңдасып жүрген ханымы осы екен ғой» деп, әдейі бұның әр адымын аңдып тұратындай боп көрінеді.

Кейінгі кезде бөлмеден аттап шығуды қойды. Әмірші ие де тым-тырыс жатып алды. Күнде ертемен киіндіруге келетін қызметшілерінің аузына жәудіреп қарағанмен, ешқайсысы ләм-мим демейді. Әлгінде ғана ауызғы бөлмеде не деп сыпсыңдасқандарын бұл естіп қойды ғой деп қымсынатындай, бәрі де именшектеп кіріп, именшектеп шығады.

Баяғыда бұл түскенде бәрі де жайрандап-жарқылдап жүруші еді. Тіпті жанарымен жер сүзіп жүретін бұқа мойын күтуші кемпірдің өзі аяқ астынан аспандай қарап ешкімге көзі түспейтін мінез шығарған-ды. Мерекелердің алдында бәйбіше сарайынан сөз тартып, ханымы мен нөкерінің салтанатын бәйбішенің салтанатынан асырам деп әбден тыраштанып бағатын Әмірші шатырына кіргенде екі күтушінің бірін-бірі көзімен атып, көкірейісіп тұрғандарын көргенде, бұның күлкісі келетін-ді.

Ол бұны құдды бір өз қызындай асты-үстіне түсіп аялап бақты.

Қалған күтушілері де, нөкер қыздары да бұл дегенде жандары басқа. Көбісі-ақ бұдан үлкен. Содан ба, бұны әміршінің әйелі тұтып айбынғандарынан гөрі, туған сіңлілеріндей көріп аяп-аялағандары көбірек. Құдды бір өздерінің ет бауыр сіңлісі падишаға күйеуге шыққандай мәз-мәйрам. Олар үшін бұл дүниеде бұны киіндіріп, шашын тарап, сыландырудан артық рахат жоқтай. Елен-алаңнан орындарынан тұрып, аяқтарының ұшынан басып, бұның ұйқыдан оянғанын тыпырши тосушы еді.

Көзін ашуы-ақ мұң, жан-жақтан атанақтай жүгірген қызметші қыздардан, бұл ұйықтайтын кең бөлме өңшең бір ақ қанат көбелекке толып кеткендей, құлпырып қоя беретін. Ханым жан-жағынан анталай қараған көп жанардан қаймығып, қанша қымтанып бақса да, жан-жағынан жапа-тармағай созылған көп қол бәрібір өз ырықтарына көндіретін. Алабұртқан албырт тәні жұп-жұмсақ аялы қолдар тигенде бір түрлі байыз тауып қалатын.

Бір күні кешқұрым тамақтан соң күтуші кемпір нөкер қыздардың бәрін шығарып жіберді де, ханыммен екеуден-екеу оңаша қалды. Ханым қызметшінің аузына аңтарыла қарады. Кемпірдің екі көзі жалт-жұлт етеді. Орақ мұрынның астындағы қаймыжық жұқа ерінде бір сәт мүдіру жоқ, ауызы ауызына жұқпай әлденелерді айтып, сусылдай жөнелді.

Қызметші кемпір бір сиқыр дұға оқып отырғандай, ханым оның сүлікше кадалып алған екі көзінен жанарын аударып әкетуге жігері жетпей арбалды да қалды: тіпті бөлменің іші бір түрлі шыр айналып бара жатқандай көрінді.

Бір уақыттарда барып күтуші кемпір үсті-үстіне тағзым

етіп, есікке қарай шегіншектей берді. Кемпір шығып кеткен соң да, бөлменің іші әлденеге бұлдырап тұрғандай көрінді. Самала шамдалдардың жарығы- төменге түспей, сонау зәулім төбеге ұйып қалғандай. Әлгі кемпір айтқан түсініксіз әңгімені бөлме ішіндегі бұлыңғыр жарық онан сайын күңгірттендіре түскендей. Әлденеге басы мең-зең тартып, жүрегі лоблыған соң, хауызға қарай беттей беріп еді, есіктен кіріп келе жатқан ұлы әміршіні көрді. Бөлме ішін жайлап алған жаңағы түсініксіз буалдыр аяқ астынан ыдырап кетті. Біртүрлі тербеліп тұрғандай көрінген үйдің едені де ұлы әміршінің аяғы тигесін тырп етуге мұршасы келмей, тыныштала қалғандай.

Ханым өзіне қарай жақындай түскен ұлы әміршіден көзін алмай қалшыып қатты да қалды. Қол созымдай жерге келгенде барып, әміршіге тағзым ету керек екендігі есіне түсіп, төмен иіле беріп еді, әлдекім қарынан демеп, жоғары көтерді. Сасқалақтап қалған ханым жалт қарағанда, әміршінің мейрлі қос жанарын көрді.

Ертеңіне таңертең бұл құлқын сәриден тұрып, қызметшілерінің келуін абыржи тосты. Екі беті ду-ду жанып барады, не істеп, не қоярын білмей, мамық көрпеге көміле түсті.

Бір уақытта емен есік ашылды. Ең алдымен ырғала басып күтуші кемпір аттады, соңынан жарыса-жармаса нөкері көрінді.

Бұл өзіне қарай арсаландап келе жатқан көп әйелдің беттеріне қарай алмай, ұятты жанарын жан дәрмен иығына дудырап түсіп кеткен қою шашының тасасына жасырып бақты.

Нөкері күндегіден де көңілді. Бәрі келген бетте-ақ, мұның маңдайынан сүйіп, мәз-мейрам болып дуылдасып жатыр.

Әмірші бұл жататын бөлмеге екі-үш рет аяқ ізін салған соң, нөкері бұрынғыдан бетер масаттанып кетті.

Әмірші елшілер қабылдаған бір салтанатта бәйбіше нөкерінің шеттерінен бұл отырған жаққа түйіле қарап тұрғандарын көріп, қызғаныштың ызғарын алғаш рет сезген-ді.

Бәйбіше отырған жаққа көзі түсіп кетіп еді, тәккаббар арудың жүзінде әлдеқандай бір зәрлі ашудың табы тұр екен, неге екеніне өзі де түсінген жоқ, манадан бері мұның әлденеге лобли соққан жүрегі аяқ астынан жай тауып, арқасы кеңіп сала берді.

Бақастықтың уындай көк зәр, бақастықтың балындай тәтті бал жоқ екенін ол көп кейін білді. Бірақ, сол күннен бастап басқа түгілі, қызметші екеш қызметшілерінен қысылып-қымтырылатын именшектігін қойды. Сөйтсе, әншейінде төбесінен батпандай басып тұратын ханымның ауыр сәукелесі көлденең көздің қарап отырғанын көргенде өз-өзінен құстың мамығындай боп жеңілейіп жүре береді екен.

Енді күтуші кемпір мен қыздардың бәйбіше сарайының

салтанаты жайында айтатын пыш-пыш әңгімесін бұрынғыдай емес зейін салып тыңдайтын болды.

Әмірші соңғы жорығына аттанарда шаһар ортасында бір өзі ғана тұратын оңаша сарайына ауған-ды. Оның не істеп, не қойып жатқанын сырттай еміс-еміс естіп отырды. Әміршінің болашақ жорыққа аттанатыны, диуанда қай бектің не дегені жұрт аузынан сан құбылын жетіп жатады. Соның көбісі-ақ кейін бекерге шықты. Бекерге шықпағаны тек әміршінің бұл жорығына немерелері мен бәйбішесін ала кететіні болды. Бұған қарағанда, әмірші бұл жорығына бір жыл, екі жыл емес ұзақ жүретіндігін байқатты. Соны естігенде кіші ханым байыз таба алмады; әлденеше рет әмірші отырған сарайға баруға да оқталды бірақ батылы жетпеді. Әсіресе, бәйбішесін бірге ала кетеді дегенді естігелі бұл нөкеріне, нөкері бұған тіктеп қарай алмады. Бәрі де қара жамылғандай көңілсіз. Бақ ішіндегі бұрынғы шат-шадыман сейіл де тыйылып қалды.

Әлденеше ай бойы хабар салмай кеткен әмірші бір күні кеш құрым өзі келді. Әміршінің күймеден түсіп жатқанын жеткізген күтушінің хабарын естігенде, сыртқа жүгіре жөнелмей шаққа шыдап тұрды. Бірақ, әмірші бірден бұның бөлмесіне кірмеді, өз бөлмесіне өтті. Одан соң да түн ортасы ауғанша ұзақ күттірді. Ханым кең сарайдың қай бұрышына барып байыз таба аларын біле алмай, сенделіп жүрді де қойды. Ең соңында, күдер үзгендей боп, қараңғы терезенің сұп-суық шынысына телміре қарап тұр еді, жайлап есік ашылғанын құлағы шалып қалды. Одан арғыға дегбірі жетіп тұра алмады, алғаш рет батылдық жасап, әміршіге қарай апыл-ғұпыл асыға аяндады.

Екеуден-екеу оңаша кеште баяғыдан бері жарылып кетердей боп көкірегіне сыймай жүрген көп сөздің ешқайсысы аузына түспеді.

Бар батылы жетіп айта алғаны:

— Әміршім, бұл жорығыңыз ұзаққа созыла ма?— ғана болды. Әмірші бұның жүзіне ұзақ телміріп отырып:

— Оны алла біледі,— деп, бұның дір-дір етіп алып ұшып бара жатқан екі қолын алақанымен баяу сипап өтті.

Ертеңіне құллі шаһарды дауылпаз үні басына көтерді. Әмірші жорыққа аттанды.

Кіші ханым абажадай кең сарайда бір өзі қалғандай елегізіп жүрді. Мынау жарық жалғанмен байланыстырып тұрған жалғыз дәнекер өзінен әлденеше жас үлкен, осы бір қарсы келгенді қарып алатындай сұп-суық шегір көзінің әлдебір түкпірінен бұған дегенде мейірім ұшқындап қоя беретін сұсты адам — әмірші екенін сонда ұқты. Бұрын ол барда дүние тапмынандай құлазып тұрмаушы еді.

Бұның қабағына кірбің кірсе, қызметшілері де моп-монта ны бола қалады.

Он жетіден жаңа ғана асқан ханым дүниеде адам үшін жалғыздықтан асқан азап жоқ екенін сонда түсінді.

Оңаша бақты қанша кезсе де, көңілі сергімейді. Бабына келіп балбырап тұрған маужыр бақтың қай бұтағы да өмір қызығын тойлап жатыр. Бұтақтан бұтаққа ұшып қонған сан алуан бармақтай құстардың мазасыз шырылы да, гүлден гүлге қонып, әндете көтерілетін бал аралардың ызыңы да күн астындағы тіршіліктің ләззаты ман рахатын жырға қосқандай. Оқтың-оқтың ұрлана ескен майда лептен дүрліге билей жөнелетін майса жапырақтар өне бойларын қуаныш кернеп, асыр салып қоя береді.

Кіші ханым бұндай сейілдерден сергіп оралудың орнына жалғыздықтың, құмардан шығып қызығын көрмеген ыстық ынтықтың, өне бойын өртше жалап бара жатқан сағыныштың, әлденеге елегізген түсініксіз мұң мен қол-аяғын бірдей тұсап қойған амалсыздықтың, — мына дүниеге келгелі алғаш рет бастан кешіріп отырған, өне бойын білдіртпей кеміріп жатқан қырық сезімнің басы қырық жаққа тартқылаған әрі-сәрі хәлдің — соқталаңына түсіп әбден қалжырап қайтады да, қара көлеңке сарайдың ішінде екі қолы алдына сыймай отырады да қояды.

Оның көңілін көтереміз деп өнер көрсететін нөкер қыздар одан бетер қамықтырып алады. Ыңырана шығатын зарлы саз оның көкірегін шымырлатып жатқан өзіне де түсініксіз әлде бір ұлпа сезімге бірден шық ете қалады; нөкер қыздардың алма мойындарын әлденеше бұралтып билегені, сүрмелі қастардың астынан сүзіле қарайтын тана көздерін бұдан айырмай, қаладай аппақ тістерін жарқыратып жымия күлгендері жас сәбиді уантқандай жасанды көрінеді; бұл үшін өздерін зорлап көңілдендіріп, зорлап күліп жүргендей сезілді.

Бұл ойын-сауыққа елігудің орнына нөкер қыздарын осынша әбігерге салғанына ыңғайсызданып қалады. Зауқым жоқ, басым ауырып отыр сияқты болмашы сылтауларды бұршақша жаудырып, ондай отырмақтардан қашқақтап бағады.

Кіші ханымның жанын жайлап алған мұң серуен көңілді сауықтардан сейіле қоймайтынын аңғарған нөкері әлгіндей орынсыз ыржалаңнан табан астында тыйылып, сілтідей тына қалады. Сарай ішін ұнжырғаңнан зіл боп басатын қоңырқайлық қайта жайлап алады.

Күтуші кемпір де ханымды немен сергітерін білмей әбден басы қатса керек, біресе оны бақ ішіндегі мындаған гүлдерді аралатады, біресе ханымға төркінінен жасауға келген, әмірші сыйлаған, әкімдер мен ұлықтар, уәзірлер мен қолбасылар, елшілер тартуға тартқан неше алуан сақиналар мен жүзіктерді, сырғалар мен белдіктерді, бірінен-бірі өтетін асыл тастарды көрсетеді, енді бір уақ шар тараптан алдырылған уәлат, махфис, рауия, шамсия, шәдда, машад, тафсила, гүлстан,

мисрия, абиария, лулуна, сабурия, мискалия, сафибар, киди, атылас, қамқа — асыл маталарды жайып салып, қайсысынан көйлек тігейік деп, мата тандатады; хан қазынасында тау-тау боп үйіліп жатқан бұлғын, суыр, құндыз, барыс, ақ тиын, қызыл түлкі терісінен ішік тандатады; ханым бірақ соның қай-қайсысына да құлық таныта қоймайды.

Күтуші кемпір мұны асыл жиһаздар көрсетіп қызықтыра алмасын білген соң, ханым өз бөлмесінде жападан-жалғыз отырғанда қасына кіріп келіп, қайдағы-жайдағыларды әңгіме қылатынды шығарды. Сарай маңының өсегі кіші ханымның құлағына кіріп те шықпайтын тәрізді; кемпірдің сөзімен шаруасы болмай, кеңірейген күйі отыра береді.

Әккі кемпір сүлесок ханымның көңілін сергітетін әңгімені ақыры тапты. Бір күні ол бәйбіше сарайына қатысқан қызметші әйел айтып келген әмірші жаулап алған елдерде бәйбішеге қандай құрмет көрсетіліп жатқанын айта бастап еді, манадан бері томсырайып мең-зең отырған кіші ханымның қабағы қимылдайын деді. Кең сарайдың ту-ту алыс бұрышына қадала қалған қос жанарын бұған төңкере қарады. Кемпір қыбынды енді таптым ба дегендей, бәйбіше сарайында ұзақ жылдар бойы қызмет істегенде көрген-түйгендерін баяндай бастады. Лауазымды ханымның өзіне тіл тигізуге айбынып, оның күтушілері мен нөкерін жерден алып, жерден салып жамандай жөнелді.

Олардың әмірші кіші ханымның сарайында бір жола көшіп алғаннан бері бұған атарға оғы жоқ көрінеді. Жан-жақтан ағылып келіп жататын, сый-сияпат өзіне бұрынғыдай дербес бұйырмайтын болғанына, бәйбішенің іші удай ашитын тәрізді; кейінгі кезде әмірші басқа жұрттан келген тартудың асылы мен аруақтысын кіші ханымға тартқылайды деген пыш-пыш әңгіме бәйбішенің өз аузынан да, келіндерінің аузынан да талай жерде шығып қалып жүр деседі.

Кемпір ауық-ауық ханымға бір қарап алады да, оның қасқабағынан ашудың нышаны көрмеген соң, қайтадан сусылдай жөнелді. Орақ мұрнының астындағы шыр айнала мизамның сілеміндей жіңішке-жіңішке әжімдер шиырлап тастаған қаймыжық аузы өрмек тоқып тұрған өрмекшідей жыбыр-жыбыр; қашан ханымды торына түсіріп тынбай тоқтайтұғын түрі жоқ.

Бәйбіше сарайындағы бұл жөніндегі сыпсың әңгіменің бәрін жіпке тізіп айта бастады. Кіші ханымның жастығы болмаса, сұлулығы болмаса, ханымға лайық еш қасиеті жоқ; ұлы тұқымның тіке өзінен тарамаған, бір бүйірлеу көп төрелердің біреуінің қызы; төркін жағы да жансыз-жақсыз; әмірші шешесінің өлердегі аманатын бұза алмай ала салды, тақтан түспегенмен, тұғырдан түскелі отырған кәріге тиген бейбақтың енді етегі қанап, бала сүйе қоймағы да екі талай, жаман айтпай

жақсы жоқ, әмірші әлде қалай болып кетсе, қу тізесін құшақтап жалғыз қалады...

Орақ мұрынның астына өрмек құрып орнығып алған ала құрт әуелі өрмегінің бір ұшын кіші ханымға тартты да, артынша-ақ соны бойлап шым еткізіп шағып ап, оның табан астында боп-боз боп кеткен өңі мен жел үрген шоқтай лап ете қалған уытты жанарын көріп, аяғын тартып ала қойды.

Ханымның қай жағынан шығып қалдым дегендей, жаңа ғана өзі осып тырнап алған жараның аузын өзі сүртіп бақты. Табан астында тек әйелдердің ғана қолынан келетін мәймөңкелікке көшіп, өз айтқанын өзі жуып шая бастады.

Қызғаныштың тілінде шок, ұртында мұз. Шоғымен бетінді, мұзымен жүрегінді қарып сөйлемесе, қызғаныш бола ма! Әмірші иенің ықыласы мен салтанатын бір өзі иемденіп қалған шынжыр балақ, шұбар төс тұқымның қызы — бәйбішенің тәйтiк қызметшілері кіші ханымды аузынан әлі емшөк табы кетпеген жас көріп, басынып қалғылары келеді ғой. Бірақ оларымен не бітірер дейсін. Әлгіндей-әлгіндей күйдіргі әңгімелерді күңсіткеннен арғыға жете қояр шамалары қайсы? Әміршінің өзі асқар таудай боп, панасына алып отырғанда, бәйбіше сарайындағы көп сумақайдың сыпсыңы құр әншейін желдің суылы, шыбынның ызыңы боп қалады. Дегенмен, үлкен-үлкен деп басқа шығарып қоймай, қыбын тауып, бәйбішені де аяғын тарта сөйлеуге үйреткен жөн. Құдайға шүкір, ұлы әмірші алтын басымен кіріп-шығып жүрген құттыхананы шауып ала қоймас...

Кемпірдің әңгімесі қайтадан аруақтанып барады. Енді жұқа танауы дірілдеп, көтеріле сөйледі. Орақ мұрынының астында ерсі қарауытып жатқан сұйқылт түктері тікірейіп-тікірейіп кеткен...

Қызметшісінің аяқ астынан арқаланып бара жатқанын байқап, ханым оның жүзіне таңырқай қарап еді, кемпір, капелімде артықтау әңгіме айтып қойдым ба дегендей, оқыс тыйыла қалды да, әлде бір ұмыт шаруасы есіне түскенсіп, орнынан асығыс көтеріле бастады.

Қызметшінің әлгі әңгімесі, аяқ астынан жүрегін тызылдата бастаған оқыс бір сезім ханымның көп күннен бері көкірегін тымырсық боп жайлап алған түсініксіз қапырықты төтен соққан өкпек желдей сейіліп жіберді. Өне бойын жайлап алған мең-зең зіл ыдырап кеткендей ханым өзін қунақ сезінді.

Бәйбіше сарайының әңгімесі пәлен күннен бері оның қол-аяғын матап алған енжарлықтың қыл арқанын күрт-күрт үзіп жатқандай. Тұтқиылға тіреліп дағдарып тұрған ой-сезімнің де қарсы алдынан қасқа жол ашылғандай...

Енді әлгі кемпір айтып кеткен әңгіменің егжей-тегжейін қайтадан бір бажайлап ойлап көруге бел буды. Көзге көрінбей бір қиянда жатып ап, мұның әлі ызғар шалып көрмеген

балғын жүрегіне мыстан тырнағын аямай батырып, осып алған бәйбішенің озбыр шеңгелі оның бойына бір қайрат бітіргендей болды.

Жас ханым қақырайып сарайда отырғанымен, өзінің айбарсыз, дәрменсіз екенін, азулы бәйбіше бала көріп басына бастағанын байқады.

Ащы тырнақтың есесін ащы тырнақ қайтаратынына жаста болса, әйелдерге айрықша тән бір түп көрегендікпен түйсігіп отыр. Оның балғын жүзіне бір суық нұр жүгірді. Бұрын мойылдай боп мүләйім мөлдіреп тұратын көзіне қылыштың жүзінен ғана байқалатын сұп-суық қатыгез ұшқын орнапты. Жүріс-тұрысы да шып-ширақ.

Ханымдарының бойындағы мына өзгерісті нөкерінің қырағы көзі бірден байқап қалды. Бұрынғыдай жабыса-жармаса кетуге бір түрлі қаймыққанмен, іштерінен риза боп, қайтадан мәз-мейрам күйге түсті.

Ханым кешке құлқы болмай, көріп тұрып, көзге ілмей кеткен асыл мата, қымбат тері, қызылды-жасылды жиһазды сарайына алдырып; қайтадан қарап шықты.

Күтуші кемпірге көңілі ауғандарын көрсетіп, не киіп, не тіктіретінін айтып әмір бере бастады. Ханшаның байыбына бара алмаған жерінде күтуші кемпір ретін тауып, ақыл қосып қояды. Ханым ондайда бұрынғыдай аузын ашып таңырқап қалмайды, «е, осы дұрыс екен» деп елп ете де түспеді, қызметшісінің сөзін үн-түнсіз тыңдап, келісім бермес бұрын біраз ойланып алады.

Қақсал кемпір ханымның билік дәмін түсіне бастағанын аңғарып, ішінен қыбы қанып, бұрынғы-бұрынғы ма, енді ауыр денесін асықтай үйіріп, шұнаңдап кетті. Ханымның қазынасында не бар, не жоғын тексеріп, не керек екенін, оның өлке, қандай уалаяттан табылатынын айтып, құлағына құйып бақты.

Ханым өзіне керекті заттарды айтып бас уәзірге күтушісін жұмсады.

Бас уәзір күтуші кемпірді қомсынса керек, мардымды ештеңе айта қоймапты. Қызметшісінің айтып келген хабарын естігенде, ханым сарайға қайтадан кісі жұмсап, уәзірді өзіне шақырды. Өз жауабына ханымның шамданып қалғанын іші сезіп келген кәрі уәзір есіктен құлдық ұрып аттап, кіре сала тапсырмасының бәрі де орындалатын болғанын, бұл сұраған қымбат тері, асыл мата, иіс май мен әтірлерді жіберуге тиісті уалаяттарға хат жазылғанын, арнайы адамдар жіберілетінін баяндады.

Әміршінің өзі сыйлайтын бас уәзірдің кіші ханымның аяғына кеп бас игенін көргенде, күтуші бас ұлықты өз аяғына жыққаннан бетер айызы қанып тұрды.

Кіші ханым шаһардағы ең атақты шеберлерді шақырып,

киім тіктіріп жатыр дегенді естігенде бәйбіше сарайындағылар тұлынын тұтып қалыпты.

Ханым өзі ойлап тапқан жаңа шаруаның соңына құнығып кірісті. Кіші ханым тігіліп жатқан киімдер мен уалаят-уалаяттардан жиылған асыл дүниелер жайындағы алып қашпа әңгімелердің алды жорықта әміршімен бірге жүрген ұлы ханымның да құлағына тиіпті.

Ұлы ханымның аузынан шығыпты-мыс деген лақаптар бәйбіше сарайынан кіші ханымның өзіне де жетіп жатты.

Ұлы ханымның шамына тигенін естіген соң, жас ханым бұрынғыдан бетер масаттанды, жүрегіне күндесінің бейпіл сөзінен түскен жарақат жазыла бастады. Қайтқан өштің сиқыр ләззаты жанына майдай жағып барады, бәйбіше сарайындағылардың ішін күйдіретін айла амалдың бірінен соң бірін ойлап табады.

Бұрынғыдай емес сейілді, серуенді көбейтті. Әсіресе, күн қыза нөкер қыздарымен бірге хауызға шомылғанға, көк айдында алма лақтырысып ойнағанға құмар. Күнде ертемен қызметшілері ағаш басынан алма үзіп, хауыздың қасындағы жеңіл шатырдың астына тау-тау қып үйіп қояды. Күн қыза, жаңа піскен алманың жұпар иісі аңқыған тұста ханым нөкерімен шомылуға шығады.

Қызыл алмалар қалқып жүрген мөлдір айдында жастықтың, алаңсыз бақыттың буына алмадан бетер балбырап піскен балғын тәндер өне бойларын шөпітіп сүйген сұғанақ толқындардан әлдеқандай жұмбақ ләззат тауып, рахаттанып қалады.

Әдеттегі тәкаббар сырбаздығынан, асқақ мәртебесінен, асыл мен қымбатты аямай төгіп баққан шұбалған киімінен біруақыт ада боп, ойнақтап шыққан балауса тән әлгіндей емін-еркін бостандыққа қапелімде құмары қана қоймайтын болса керек, ханым хауыз басына ұзақ айналады.

Судан шыққан соң хауыз қасындағы жеңіл шатырдың астына жатып ап, қызметшілеріне үстін сылатады; онсыз да жұпар шашып тұрған ханым бағының ішінде дүниенің түкпір-түкпірінен алдырған хош иіс майлар мен әтір иісі аңқып қоя береді.

Ханым жас қыздардың сүйрік саусағына қыдығы келеді де, сылаушыға қызметші әйелдердің қолының қаруы барларын ғана таңдап алады.

Ханымның жасындағы әйелдің тәні не тілейтінін жақсы білетін сақа келіншектер одан қолдарының қуатын аямайды, ұзақ сылайды. Ханым ондайда жылтылынан айырылып, лайытып бара жатқан жанарын ұзын кірпіктердің астына жасырып, өткінші рахаттың ләззатына елітіп жатады да қояды. Сөйтіп жатып, кейде қиялға шомады. Ондайда мынау өзі жүрген бақ хиссалардағы пейішке ұқсап кетеді; қасында-

ғы нөкерінің пейіш бағындағы хор қыздарынан несі кем? Бұдан артық рахат қайдан табылмақ? Осындай жұмақ өз қолында, осындай рахат өз төрінде тұрғанда, әміршінің қайдағы бір ит арқасы қиянға айлап-жылдап жорыққа кететіні ара-тұра оған миға сыймайтын, түкке қажеті жоқ, құр әншейін ессіздіктей көрінеді. Бірақ, сол-ақ екен, ұлы әміршінің ойына келген шаруаны мансұқтау пенде біткенге кешірілмейтін күпіршілік екені есіне түсіп, тізгін үзіп бара жатқан тентірек ойын тежеп ала қояды. Ондайда ауызға енді іліге берген жемінен жұрт айырып жіберген шабытты тазыдай солығы басылмаған ойы әміршіні тастай беріп, бірауық бәйбішенің соңына түсіп береді. Жорықтағы әміршінің соңынан қалмай соған не азап екен...

...Әлгіндей ой келгенде жон арқасына ойнақ салған сау-сақтардың қимылынан да өткен, әлеңкедей жаланып тұрған әлде бір әзәзіл нәпсіні демде тояттатып кететін тосын рахатқа кенеледі. Құдды төбесінде, сонау шырқау аспанда шілде күні емес, көзі қанталап күндесінің өзі қарап отырғандай көрініп кетеді. Өзінде жоқ дәулетті көріп алсын, іші күйсе тұз жаласын дегендей, шалқасына аунап түсіп, сылаушыларға омырауын тосады. Кәрі күндесінде мұнда бар мынандай көрік, мынандай балғын тән жоқ. Ендеше, ол мұның жастығын күндейді. Алтын басты әміршіні қойнынан жұлып әкеткен сиқыршы күшті күндейді. Өзінің баламен бала боп, ошақ басында қалғанына күйінеді. Соның есесін күйеуінің соңынан қалмай, жарабаңдап, жағынып қайтармақ. Жағынғанда не бітіреді? Шұлғау жуып беруден басқа қолынан ештеңе келмейтін кәрі әйел әмірші көңілін немен тындырады... Жоқ, әмірші енді оған бәрібір жоқ... Ол бәйбіше үйіне күнсіп көп ұрпағым отырған ошақ қой деп, күлін сағынып бармаса, неменеге ынтық боп барады. Ал, бұның сарайына алыс жорықтар мен арпалыс соғыстардың тауқыметінен соң, денім жайылатын, көңілім масаттанатын жұмағым, алтын бақты пейішім деп келеді... Рас... тап солай... тап солай... оған енді шұбасы жоқ... Бірақ, әмірші алтын тажды басымен бала жігіт құсап, күні-түні бұның қасынан шықпай қайдан отырсын. Дүниенің төрт бұрышы тықыршып хабарын тосқан атақты билеуші қарауындағыларға қатарынан екі-үш жыл тыныштық берсе, өңшең шуылдақ хан бұрынғы қаһарынан айрылған екен, қатынжанды боп төсек күзетіп отырып қалған екен деп масайрамай ма... Соны ойлағанда әлдекім жүрегінің басына ине сұғып алғандай болады. Жоқ, ол асыл текті ханзада басымен әміршіні сасық ауыз қара тобырдың әлгіндей табасына жем қылып қоя алмайды. Жаңа ғана әміршінің алыс жорыққа шығатыны мән-мағынасы жоқ құр әншейін азап сияқты көрінген ойының күпірлік екеніне көзі енді шындап жеткендей болды.

Жоқ, ол әміршісін жорық түгілі бейбіт кезде, байтақ ша-

Һарға оралған соң да, нақ сүйері екенмін деп, қасынан шығармай, ұстап отыра алмайды. Өйткені мұндағы жұрттың да жатса-тұрса андитыны — алтын басты билеуші. Оның әр жүрісі, ең азы иегінің әр ишарасы — дүйім елдің көз алдында. Ендеше, әміршінің бала сүйдірген бастас қосағым ғой деп анда-санда бәйбішенің ордасына барып тұруы да орынды. Келін бар, кепшік бар, әке тағына әлеңкедей жаланып жүрген ұлдары бар, соларға қыр қылып, бәйбішесімен сырласқан боп барады. Алыс жорыққа да сол үшін ала кетеді. Бәйбішемен оқтын-оқтын ақылдасқан да болады. Бірақ, онысы көлденең көзге перде ғып тұтқан құр мезірет қана. Әйтпесе, қызымен құрдас мұның әр адымын санап, тұлынын тұтып отыратын сол немеден қай бір ақыл шығып жарытады дейсің. Кіп-кішкентай қуыс көкірекке күндестік пен кейуаналық бірдей сиярма? Дегенмен, ол екеуі оңаша сөйлескенде бір-біріне не айтады екен?

Ханым ойынан мүдіріп, қаңтарылып қалады. Өне бойын балбыратып бара жатқан жаңағы рақат, жаңағы ләззат аяқ астынан сарқылып қалғандай, қапелімде, көзін ашып, басын жастықтан жұлып алғысы келсе де, сылаушыларға сыр алдырып алармын деп, көзін тарс жұмған күйі сұлық жатып, үзілген ойының ұшығын іздейді.

Қанша дегенмен, екі егде кісі әңгімелескеннен басқа не бітіреді дейсің? Бәйбіше әміршіні көргенде бұл құсап көмейіндегі сөздің бәрі быт-шыт шашырап абдырап қалмайтын шығар.

Анада жорыққа аттанарда, әміршіге, жалғыз қалған кездегі басына түсетін сартап сағыныш пен зіл батпан мұнды наз қылып айтып көрейін, — деп еді — айта алмады. Ертесіне қоштасарда қанша дегенмен ханыммын ғой деп, өзіне деген қимас сезімін білдіріп құшқысы келіп еді — батылы бармады. Өз бөлмесінен шығып бара жатқан әміршінің артынан қарап, табалдырықтың алдында қалшыып ұзақ тұрды да қалды. Ту сыртынан телміре қарап тұрған мұны сезді ме, әмірші орта жолға кілт кідіріп, артына бұрылып қарады, бұған қайтып оралғысы келген кісіше, не әлдене дегісі келгендей үмсына берді де, кенет қапталына көзі түсіп, қайтадан жөніне кете барды.

Ханым әміршінің көзі түскен жаққа қарап еді — басын иіп, құлдық ұрып, қаз-қатар тізіліп тұрған азбан құлдарды көрді.

Өзінің табалдырықтың алдында сілейіп тұрған мына тұрысының ерсі екені сонда барып есіне түсіп, есікті жауып алды. Бірақ әміршінің кетіп бара жатып, кілт тоқтап, бұрылып қарағанынан өзіне деген өзгеше ықылас танығандай боп, жүрегі орнына түсейін деді.

Қатал әміршінің суық жанарының түбінен тек өзінің ғана көзі шалып қалатын жұмсақ нұрдан да бұл қимастық сезінетін тәрізді.

Адам жүрегінің ең бір тұңғығынан шымырлап шығатын сол бір қимастықтың, ыстық іңкәрдің емін тапса махаббат қана табатын шығар. Сонда Әміршінің бұны сүйетіні ғой...

Ханымның көкірегінде әдемі қуыршақ көрген бала қыздың балапан жүрегіндей әлдене ойнақшып шыға келді.

Ханым екі бетіне ду етіп екі шок тиіп кеткенін аңғарды. — Әлгіндей аңтарылмай, маужыраған рахаттың саумал көліне қайта сүңгіп, үзілген ойын қайта жалғастырды.

Ал, әлгі қимастықтың, бір-біріне деген өліп-өшкен ыстық іңкардың сарқылған шағында екі адам арасындағы бұрынғы махаббат жайлаған салқар көңілді нендей сезім иемденеді екен, әлде ел көшкен жұрттай боп біржола құлазып қала береді ме екен?

Ақылы «иә солай» деп, осы бір тұспалды қаншама жөн көргенмен, сананың әлдебір терең қатпарына бұғып жатып алған ұры күман қайта-қайта басын көтеріп, қаңғыма көңіліне байыз таптырмай тағы бір қиырға дедектетіп сүйрелей жөнелді.

Егер екі егде адамның арасында бұрынғы сезімнен ешқандай жұрнақ қалмайтын болса, бұрынғы қосақтардың өле-өлгенше бір-бірінен жұп жазбайтындары несі? Әлде өлімнің алдындағы, бейшара кәріліктің алдында жалғыз қалғысы келмеген қорқыныштан ба екен?

Ендеше, ондай үрейден бір ошақтың басынан өзгеге билігі жүрмейтін жай жұмыр басты пенделер қорықса қорқар. Бірақ шар тарапты аузына қаратқан, өле-өлгенше қасынан кетпейтін жары, отан, өз әулеті, қарақұрым қолы мен қалың халқы бар әмірші қорқар ма? Жоқ, ол бәйбішеге басқа бір сезіммен баратын болды. Ол сезімнің аты не?

Иә, егде адамдардың көкірегінде, ең болмаса кешегі күйіп-жанған алау махаббаттың орнында ып-ыстық қоламтасы — сыйластық қалмайды дейсің бе? Сол ыстық қоза бір жола сөніп біткенше, адам пақыр да өліп бітетін шығар.

Манадан бері түбіне жете алмай қойған сауалдың жауабын оңай тапқанына әуелі елп етіп қуанды. Артынша-ақ әлгінде ғана лақтай ойнап шыға келген көкірегі мұздап қоя берді. Сонда әмірші мен ұлы ханымның арасында әлі де ыстық табы суып үлгермеген сыйластық жатқан болды ғой. Әлде бір оқыс шаншу көкірек тұсын бүріп алғандай болды. Әлгінде ғана қызметшілердің асыр салған саусақтарынан балбырап елітіп жатқан балғын денесі аяқ астынан солып, семіп бара жатқандай көрінді. Қазір тұрып кетпесе, жан-жақтан жабыла жұлмалап жатқан көп шеңгел оны жұлым-жұлым қып біржола түтіп тастардай. Ол орынынан асығыс көтерілді. Мап-майса жібек көйлек тұла бойын тікен боп шағып, етіне ерсі суық тиді. Күтушілері шашын өріп болғанша зорға шыдады.

Әлгінде ғана рақаттанып, жаны жай тапқан жерден әзірейіл көргендей кетуге асықты.

Ол қайтадан тұнжырап қалды. Өзінің жалғыз екенін, байлы балалы, әлденеше орданы өз бауырынан таратып отырған бәйбішенің қасында қарасыз, қауқарсыз екенін алғаш түсініп, қатты налыды, ішіне шоқ түсіп кеткендей, өне бойын өрт жаппау барады. Ол не де болса, сол бір өрт тезірек жанып бітсе, екен, мұны түп-түгел күлге айналдырып, мына дауа таптырмас қасіреттен бір жолата құтқарса екен деп тіледі. Сол қалпында енді бір сәтке шыдаса, көп ұзамай әлгі тілегі де орындалатындай боп көрінді.

Ол енді ештеңені ойлағысы келмеді. Шекесін шыңылдатып, бұл көңіл қойып, құлақ аспағасын, ызындай-ызындай шыбынға айналған көп ой көзінің алдында қара құрым боп шырқ ұйіріліп ұшып жүрген секілді. Бұл сол бір ызындаған көп шыбынды, тиіп кеткен жерін тістей алатын жиіркенішті жәндіктерді көргісі келмей, денесі түршігіп, көзін тарс жұмып алды. Енді әлгі ызындап ұшып жүрген көп мақұлқат одан гөрі де ұсақтай-ұсақтай қара құрым масаға айналып бара жатты. Бұл олардан бұрынғыдан бетер шіміркеніп, безгек тигендей қалтырай бастады. Кенет әлде бір жеріндегі күре жүйкесі күрт үзіліп кеткендей, бүкіл денесі қалш-қалш етіп қоя берді. Онысынан өзі шошып кетті. Тарс жұмық кірпіктері бір-бірінен кілт ажырап, көңіліне: «Осы мен ауырып қалғаннан саумын ба!» — деген ой сап ете түсті.

Жалма-жан отырған жерінен ұшып тұрып, төр алдындағы айнаға беттеді. Айна алдына келіп еді, өзінің әлгіндегі көңіл күйіне өзі қайран қалды. Күлге айналып бара жатқан ештеңесі жоқ, бұрынғы қалпы. Асығыс өрілген қолаң шашы жол-жөнекей босап, қобыраңқырап кетіпті. Қайта онысы өзіне бір түрлі сән қосқандай. Қызметшілері жаңа ғана иіс маймен сылаған мойыны, омырауы, екі беті жылтырап тұр. Қорқынышпен уайым алма-кезек арбасқаннан ба, сол жып-жылтыр екі бетінің ұшы алмадай албырап тұр да, жазық маңдайы бір түрлі көгіс сұрланып апты. Ұшы тым сүйірленіп кетпей, жұқа нәзік танауын жасырар-жасырмас боп жұмырланып біткен әдемі қыр мұрыны мынау иіс майды аямай жаққан жылмағай беттегі орынсыз жылтырақты жақтырмағандай, бір түрлі бұйығы қалып танытады. Сол бұйығы мұнды айқындай түскісі келгендей сұрмелі қастың астынан жасаураған екі көз мүләйім мөлдірейді.

Ханым айнадағы жәудірей қарап тұрған мүсәпір бала қыз өзі екендігіне сенгісі келмей, тесіле қарады. Мына түрімен жарық жалғанда қорықпай қайтып тірлік құрып жүр. Оны көрген адам өліп-тіріліп сүймейтін де, құрметтемейтін де, табынып таңғалмайтын да шығар, тек «байғұс, балақан-ай» деп мүсіркейтін ғана болар. Ұлы әміршінің көзінен бұл көріп жүр-

ген ұшқын да өзі ойлап жүргендей өртеніп бара жатқан махаббаттың емес, жай әншейін аяныштың нышаны шығар. Арыстандай ақырғы асау бәйбіше мынандай мүскін немені табанына салып таптап кетпегеніне шүкір.

Мынандай бейшара балапанға жарық әлемді қалтыратқан қаһарлы ханның қылыш сілтесең де селт етпейтін қайсар жүрегі қайдан өліп-өше қойсын! Бұл оған сүйікті жары тұғырдан қалағанда төсек жылытуға алған жәй әншейін жас иіс қана. Бұл бейбақ үлкен кісінің өзіне деген бір сәткі мейірімін махаббатқа жорып жүріпті ғой. Жоқ, жоқ, сен енді ханның бір сарайы мен санаулы түндерін иемденген жас иіс ұрғашы күніне қанағат қыл, тіліңді тобаға келтір... Бәйбіше мен бәсекелесу сенің не теңің? Жаһанды қалтыратқан ұлы әміршінің жүрегіндегі қимастықты да, махаббатты да сол иемденген. Оның жолына тұрам деп босқа арам тер болма.

Дәл мынандай мүсәпір кейіпінмен бәйбіше құсап күллі дүниенің күнкілін құлағына ілмейтін ұлы әміршінің назарын тоқтатар салиқалы ақылды қайдан табысың, салауатты сұхатты қайтып құрасың? Алыс жорығына бірге ала кетіп, қиын кезде шақырып кеңес сұрайтындай кейуаналықты құдай сенің қай жеріңе қисын?!

Ханым мына бір аяқ астынан қайдағы-жайдағы ойына оралып, көңілін біржолата меңдеп алып бара жатқан күздің сылбыр жауынындай салыңқы сезімге қарсы тұрар қайран таба алмай өз-өзінен мүжіліп жүре берді.

Ту сыртына әлдекімнің демі тигендей болды. Жалаңаш отырғанда үстіне бөгде біреу кіріп келгендей, жалт бұрылып еді. Күрең қобдиша құшақтаған күтуші кемпір тұр екен. Мұның шарасынан шығып кеткен қос жанарын көргенде, шырқ айнала әжім мен түбіт қылтанақ көмген екі езуін ыржитып, күліп жібергендей болды.

— Мынаны жаңа бас уәзір әкеп беріпті. Жорықта жүрген әміршінің сізге арнайы жіберген сәлемдемесі көрінеді,— деп қолындағы қобдишаны бұның алдынан көлденеңдете берді. Өне бойын жидітіп ала жөнелген әлгі бір дел-сал халден әлі арылып бола қоймаған ханша кемпірдің сөзіне не жауап қатарын, не істеп, не қоятынын білмей абдырап қалды.

Кемпір қобдишаны ханымның төсегінің үстіне апарып қойды. Ханымды солай қарай сүйреледі.

Ханым кемпірдің жетегіне енді-енді тәй-тәй тұрған жас сәбидей тәлтіректеп еріп келеді.

Кемпір қобдишаны өзі ашуға батылы бармай, малынған жеңінің ұшынан жылтырап көрінген кішкене кілтті мұп-мұздай қып ханымның қолына ұстата берді.

Ханым абдырап қобдишаның алқасы қайда екенін таба алмады. Кемпір амалсыз өзі ашуға мәжбүр болды. Ашты да

қобдиға қарарын, ханымға қарарын білмей, алақтап тұрып қалды.

Ханым көпке дейін көзі бұлдырап ештеңе көре алмады, бір уақыттарда барып қобдишаның ішінде ағарандап жатқан әлденелерді аңғарды. Назарын қайта жиып қарап еді, қобдишаның ішінде саудырап жатқан монтаны меруерт, жанарынды еркелете сипайтын биязы өң, алуан түсті ақық, ойнақы маржан, көзінді алмас қылыштай тіліп түсетін өткір, өңі суық яспис, ұяла жылтырайтын ақшыл-сарғыш жақұттар, күздің шәйдай ашық аспанындай тап-таза, мұп-мұздай көкпеңбек сапфир, күлім көз зұбаржат, нарт қызыл лағыл, жан-жағындағы өзге тастардың өңіне орай құбылатын су тамшысындай мөлтен-мөлтен шамир, бұрын-соңды бұл көрмеген, атын білмейтін бірінен-бірі өткен тағы да талай асыл тастарды көрді. Солардың ең үстінде, осынау әр алуан түске құбылған кішкене көлшіктің бетінде жүзіп келе жатқандай боп бір тал аппақ гүл жатыр.

Ханым әрінен әдемі хош иісінен әлі арыла қоймаған нәзік аппақ гүлді қолына алып, бауырына басты. Жаңа ғана өне бойын буып тұрған темір арқан өз-өзінен тарқатылып жүре берді, таң атқалы мұңлы жанарына іркіліп тұрған ащы жас көктемнің жылы жаңбырындай боп төгіп берді. Зәбір мен сағыныштан қабына-қабына, кеуде сүйегіне жабысып қалғандай зіл тартқан жүрегі қайтадан ойнақтай жөнелді.

Ханым қасында қызметші әйел тұрғанын да, оның алдында бала қыз құсап, көзі бұлаудай боп жылап отырғанының ерсі екенін де елең етпеді; манадан бері сүлдері құрып, сүлікше сорып жатқан әзірейіл үрей бұның көңілінен мысық табандап жылыстай бастады. Хақ тағала, ұлы әмірші бұны әлгінде ғана билеп алған қапырық қасіретті, сүйек-сүйегін түгел ұнтап бара жатқан тұңғиық мұнды дер кезінде көріпті. Бұның жанын жан-жақтан жапа-тармағай талап жатқан сағыныш пен жалғыздықтың, күдік пен күманның, шамырыққан намыс пен наланың қорқау төбеттерінің ырылы оның да құлағына жетіпті. Жер түбінен ат шаптырып, адам жұмсап сый жіберіпті.

Ханым қолындағы аппақ гүлді шөп-шөп сүйіп алды.

Қызметші кемпір ханымның жан-күйін айтқызбай-ақ түсініп тұрса керек, оңаша қалдырып шығып кетті.

Ханым төсегіне жантайды. Қобдишадағы асыл тастарды қолына алып көре бастап еді, аппақ омырауының үстіне ақ, сары, көк — әр алуан көп тамшы саудырай төгіліп, дүниедегі тілмен айтып жеткізе алмас ең бір ғажайып көркем тамшылардың жаңбыры селдетіп қоя бергендей болды.

Ханымның көкірегіндегі әлгібір қапырық қасірет жаңбырдан соңғы аспандай әбден ашылыпты. Енді оның орынын көл дария боп шалқып қоя берген бір жұмбақ нұрлы сезім билеп

алғандай. Ол алыс жолдағы жарына жүрегiнiң ең тереңiнен ағыл-тегiл ақтарылып жатқан алғысын айтар едi — ол бәрiбiр естiмейдi. Ибаны, именшектiктi бәрiн лақтырып тастап, мынау лапылдаған жас тәнiн, жаңбыр сағынып, кенезесi кеуiп жатқан аптап алқаптай аппақ төсiн айқара ашып, бауырына қысар едi, мынау абажадай кең сарайда оның жайылған құшағына түссiз ауа, тұлдыр кеңiстiктен басқа ештеңе бәрiбiр iлiкпейдi.

Ұлы әмiршiге деген риясыз көңiлiн хатпен айтса ерсi, кiсiден айтып жiберуге болмайды. Ол патшазадаға, асыл жарына, өз жүрегiн, өз тәнiн шымырлатып шыққан ықыласы мен шексiз махаббатын қалай бiлдiре алады? Ол жорықтан оралып, мына бөлмеге аттанғанша қашан? Құмарынан шыққанша жұшып, қордаланып алған көл-көсiр сезiмдi ақтара салар арманды күннiң қай кезде туатынын кiм бiледi? Оған дейiн ұлы патшаға деген ыстық ықыласы мен риясыз алғысын қайда жұмсайды? Мынау қайтадан қанын кептiре бастаған махаббат шөлiн немен қандырады? Оның жолына құрбандыққа шалынуға әзiр ниетiн әмiршiнiң өзiне, анау қызғаншақ бәйбiшеге, сарайдағы сыпсындасқан көп қызметшiге, шаһарға, мынау жарық жалғанның түгел бәрiне қалай жариялай алады... Осы қазiр, ең болмаса, ертең ел-жұрт соны естiмесе, мұнша шалқар мұхит қуаныштан жүрегi жарылып кетердей. Әмiршi не жорықтан оралғанша сарылып өтiп болмайтын сағыныш күндерi мен ыстық iнкардың шоғына шарпылған тауқымет түндерiн қалай өткiзе алады? Өне бойын кеулеп алып бара жатқан мынау сезiмге ненi басу қылады? Бұған дейiнгi бәйбiшенi қайтсем шамдандырам деп жүрген күйкi харакетi мынандай алапат сезiмге кенеу бола ма?

Қазiр-ақ жолға шығып, жорықтағы жарының соңынан барар едi. Өйтсе, әмiршiнiң шамына тиедi, әрi мынау сасық ауыз көп шуылдақтың өсегiне iлiнедi.

Ханым төсегiнiң үстiнде шашылып жатқан асыл тастарды жинамаған күйi бiр шетiне қисая кетiп, қиялға шомды. Ұлы әмiршiнiң мынандай риясыз ықыласының есесiн немен қайтармақшы? Ертең алыс жорықта қалжырап оралған оны немен қуанта алады. Шiркiн, падишамен қосылғалы берi жар қызығын қызықтап та құмарынан шыға алмады. Әмiршi жорыққа аттанбай тұрып құрсақ көтерiп қалса ғой, қазiр мынау жiберген сыйлығының қарымтасын жақсылық хабармен қайтарар едi. Екi қабат әйелдiң құрсағындағы жас нәрестенiң әр қыбырын аңдып тықыршыған күндерi мынау айналасын түгел аңызжытқан сар тап сағынышты да байқатпас едi. Оның әр қимылын хатқа салып, әмiршiмен үзбей хабарласып тұратын сылтау да табылар едi. Ертең ол келгенше аман-есен босанып, алдынан тал бесiктегi кiшкене ханзаданы көтерiп шықса, күйеуiнiң көңiлiн бiржолата бiр өзi немденер едi, балаларын ал-

ға тартып беретін бәйбішесін де аузына күм күйылар еді. Бірақ, қолында дәл қазір ондай қайранның жоғы есіне түсіп, тағы да, антарылып қалды.

Ол ұлы әміршінің өзіне деген қимас көңілінің есесін риясыз махаббатымен ғана қайтара алады. Одан басқа еш қайраны жоқ.

Ендеше, бұл өзінің шексіз махаббатына бір ғана хан ие емес, көрген жұрттың бәрінің де көзін жеткізетіндей ескерткіш ойлап табуы керек. Ертең хан ие жорықтан оралғанда, елден бұрын бұның махаббатын, сана менен сарынышын, ыстық ықыласын көретін болсын.

Ол мынау асыл тастарды бәйбіше құсап, бауырына басып өзі иемденбейді, бәрін де ертең ұлы падишаның көзін елдің алдымен сүйсінетін әлгіндей әсем ескерткішке, махаббат мұнарасын салдыруға жұмсайды. Ол мынау байтақ шаһардағы барлық мұнараның бәрінен де бой асырып тұруы керек. Көрген жан мұның ұлы әміршіге деген шынайы махаббаты мен асқан ақылына қайран қалатын болсын.

Ол сол күні ын-шыңсыз рахаттанып ұйықтайды.

Ертеңіне тұра сала бас уәзірге хабаршы жіберді. Бұл өз ойын айта бастағанда, бас уәзір тостаған көзін бақырайтып, қадалып қатты да қалды; ханымның ойына таңғалғаны да, сүйсінгені де белгісіз; атжақты бетінде қимыл-қыбыр жоқ; сұп-сұр. Ханым айтарын айтып болғанда барып, саусақтары сабаудай-сабаудай екі қолын кеудесіне қусырып тағзым етті.

«Құп болады, мәртебелі ханым!»

Арада екі апта өтер-өтпестен бас шебер кеп, мұнараны ұлы әміршінің ұлы бәйбішесіне салғызған мешітті салуға қатысқан шеберлердің бірі салатын болғанын айтты.

Енді ханымға ермек табылды. Күн сайын бас уәзірге қызметшісін жұмсап мұнараның жайы қалай болып жатқанынан хабар алып отырады. Мұнараның өз сарайының маңынан салынатын болғанына қатты қуанды.

Бір күні таңертен ұйқыдан тұрып жатып әлде бір қызыл қожалақ нәрсенің бақтағы ағаштардан төбесін асырып, терезесінен төніп тұрғанын көзі шалды. Көрпесін серпіп тастап, терезе алдына келді. Өзі салдырып жатқан мұнара сол екені есіне енді түсті. Мұнараның ұшар басында сыртынан қарағанда құмырсқадан да әлуетсіз әлдененің қыбыр-қыбыр қимылдағаны байқалады. Әмір бергеніне жылға жуық уақыт болып қалғанды. Енді, міне, мұнара сарай қорғанынан да, ондағы биік-биік ағаштардан да бойын асырыпты.

Содан былай сол бір сарайған қызыл қоңыр нәрсе терезесінен төнді де тұрды. Ол күн сайын терезе алдына келіп, мұнараның кешегіден қанша биіктегенін өлшейді. Бірақ, мұнара оншалықты өсіп жарымайтын сияқты. Өз қиялының шындыққа айналып, байтақ шаһарда жаңа бір мұнараның асқақтап

аспанға бой көтеріп қалғанын көріп, алып ұшқан көңіліне ойда жоқтан тағы да қобалжу кірді. Мұнара басындағы құмырсқа ертеден қара кешке дейін қылтияды да тұрады; оның жыбыр-жыбыр қимылының өніп жатқаны шамалы; мына қалпымен мұнара шамалыда біте қоймастай; оның көкпен бой таластырып, көзді тартып тұрғанын бұл көзі тірісінде көре алмастай. Сонау тым сойқан елестейтін сиықсыз тас дінгек айнадай жалтырап жатқан көк шәйі аспанға абайсыз тиіп кеткен лас дақтай боп мәңгі бақи осылай, көзге шыққан сүйелдей боп, қадалып тұрып алатындай. Ханым мұнараға өзі барғысы, көк қойнына бір шығып алып, сол арада бадалып, тұрып қалған қаныпезер шебермен көзбе-көз жолығып, мұнараны тезірек бітіре гөр деп жалынғысы кеп кетті. Бірақ, оның реті қалай болатынын біле алмай көп сандалды. Күтуші кемпірмен ақылдасып көріп еді, әншейінде бұның ә дегенін екі еткізбей алып ұшып тұратын неме әлденеге кібіртіктей береді. «Әуелі қызметшілерді жіберіп, құрылыстың қалай жүріп жатқанынан анық-қанық хабар біліп алсақ қайтеді»,— деп қипақтайды. Астыртын жіберген қызметшілері де: «Құрылыс жақсы жүріп жатыр, күніне пәлен жүз тас қаланды, мұнара қазірдің өзінде байтақ шаһардағы биік-биік деген мұнаралардың біразынан бой асырды, мынандай зәулім мұнараның басына тас жеткізудің өзі бір күш; мұндай көкпен таласқан мұнараның бұдан шапшаң біте қоюы мүмкін емес»,— деп келеді.

Бірақ соның бәрі ханымға бұның көңілін жұбатайын дегендердің әншейін ойдан қиыстырған мүләйім әңгімесіндей көрінеді. Не де болса, мұнараны өзі барып көрмей, көңілі көншір емес. Күтуші кемпірдің бұдан арғы қипандағанына құлақ аспай, салынып жатқан мұнараны өзі барып көретінін айтып, бас уәзірге адам жіберуге әмір етті.

Уәделі күні уәзір мен бас шеберді, бір топ қызметшісін ертіп өзі салдырып жатқан мұнараны көруге аттанды.

Қызылды-жасылды күймелі керуен сарай қақпасынан шыға бере-ақ, күнде бақтың тасасынан қылтиып қана көрінетін қызыл қоңыр мұнара ханымның көзіне оттай басылып аспандап шыға келді. Бұлар жақындай түскен сайын асқақ мұнара көкке өрмелей түскендей тым биіктеп барады. Түбіне келіп, күймеден түскенде қызыл-қоңыр қыш тастан қаланған тас бәйтерек ханымның таң-тамаша жанарынан жарық дүниені бір өзі қалқалап, шалқалап жатып алды. Ханымның тұла бойын бір діріл билеп, қол-аяғы жеңілейіп сала берді. Екі қолтығынан демеген қызметшілері болмаса, мына қазір мамықтай қалықтап, зәулім мұнараның ту-ту ұшар басына бір-ақ шыға келердей. Мұнараға қарай апыл-құпыл асыға адымдайды. Бұл келеді деп айнадай жалтыратып тазалап қойған мұнараның айналасында құрақтай иіліп көп адам тізілісе қалыпты. Құл-

дар, қызметшілер, сарай адамдары. Бірақ бұның оларға көз салып жатуға мұршасы болмады. Бас шебер мен күтуші кемпір бастаған бес-алты қызметшінің алдына түсіп, мұнараның ішіне енді. Тас баспалдақпен жоғары өрмелей жөнелді. Біраздан соң өкпесі өшейін деді. Соңында келе жатқан қызметші қыздың алқына шыққан тынысы құлағын жарып барады. Мұнара ішіндегі тас түнек қараңғы қойыла түсті, қызметші қыздың қолындағы жалпылдақ шырақ болмаса, аяқ алып жүре алмастай. Құрылысшылардың тас тасығанда аяқ жөнді қөрмекке жаққан шырақтарының түтінімен екі жақ қабырға қара күйеленіп қалыпты. Ханым малынған көйлегінің екі етегін қымқыра көтеріп ап, өрмелеп келеді. Біраз жүрген соң мұнараның ішіндегі қара күйедей қою түнек бірте-сірте сейілейін деді. Ақырында, шаңқай түстегі шілде аспаны жарқ ете қалды. Ханым мұнараның басына шықты. Соңындағы қолына шырақ ұстаған қызметші жаңғыз кісі зорға сиятын қылдырықтай мұнараның ішінде, төменде қалды.

Қою қараңғыдан оқыс жарыққа шыққаннан ба, әлде мұнараның зәулім биіктігінен бе ханымның басы айналып кеткендей болды. Біраздан кейін бойын, билеп, жан-жағына көз салып еді, байтақ шаһар тым төменде быт-шыт шашырап жатыр. Жерде жүргенде аспандап көрінетін асқақ мұнаралар, мешіттер, әсем сарайлар мына жерде баланың ойыншығындай тым құрдым көрінеді.

Ханымның жүрегіне қайтадан қуаныш жүгірді. Ол бекер қобалжып жүр екен. Мына мұнара шынында да тамаша. Байтақ шаһардың аспанын қазірдің өзінде бір өзі иемденіп алыпты. Ханым жан-жағын қармай шолып жүрген ашқарақ жанарын бір сәт өз төңірегіне тоқтатып еді, мұнара жиегіне сүйеніп тұрған шеберді көрді. Өне-бойы балшық-балшық. Сонысынан қаймығады ма, қорыққан баладай тұрған жерінде қатыпты да қалыпты. Ләм-мим үн де жоқ. Тырп етіп қозғалған да жоқ. Осындай зәулім мұнара қолынан шыққан шебердің қоянның көжегіңдей қорғалақтап тұрған мына бір мүсәпір кескінін көріп, аяп кетті ме, әлде қызық көрді ме, ханым жүзіне қалай күлкі жүгіргенін өзі де байқай алмай қалды. Мынау зәулім мұнараның басында екеуінен басқа тірі жан болмаса да, өзінің бұл қылығын орынсыз көріп, ханым әлгі сыпайы күлкісін теп-тез тыйып ала қойды. Одан ары бұл арада тұра беруден бір түрлі ыңғайсыздық сезіп, екі етегін қолымен қымқыра көтеріп қызметшісі күтіп тұрған тас баспалдаққа беттеді. Бұрыла беріп, қайта бір қарап еді, шебердің өрімдей жап-жас жігіт екенін сонда барып байқады. Атжақты, қыр мұрынды, алақандай-алақандай екі көзі тұңғық мөлдіреді...

Ханым тас қараңғы мұнараның әр баспалдағын санап басып, төменге түсті...

Күймеге мініп жатып, мұнараның басына тағы да қарады.

Зәулім мұнараның басында бет-аузы анық байқалмай, еміс-еміс бұлдырап тұрған шеберді тағы да көзі шалды. Оның бұдан қысылып-қымтырылып жәудірей қараған жасқаншақ жанары есіне түскенде бір жымиып қойды.

Содан кейін мұнараны көп уайымдамайтын болды. Көптен бері ұмытып бара жатқан баяғы күнде-күнде бақта қыдырып, нөкер қыздарымен бірге шомылатын әдетіне қайта оралды. Енді айдында шомылып болып, қызметшілерге денесін сылатқанда да, баяғыдай қайдағы-жайдағыны ойлап басын қатырмай, күннен күнге көкке өрмелей түскен зәулім мұнараға қарап жататын болды. Бір күні мұнара басында құмырсқадай қылтиып отыратын шебер әлдеқайда зымқайым жоғалды да кетті. Бұл қызметшілерін жіберіп, хабар алдырып еді, шебер мұнараның әшекейіне кірісіп жатыр екен деп келді.

Жаз өтіп, күз түсті. Бұл аймақта болып жарымайтын қыстың аз ғана айлары да зырлап өте шықты. Кеше состып тұратын қып-қызыл мұнара әуелі тор-тор ағаш сауыт жамылды. Біраздан соң бал арадай быжынап көрінетін жиі-жиі ағаш тор көздерінің ар жағынан көгілдір әшекей де қылаң берді.

Енді ханым нөкерін ертіп, күн ұзаққа бақты аралап, күннен-күнге өңі өзгеріп келе жатқан мұнараны қызықтайтын болды.

Мұнара әуелі көгіс тартты. Көкпеңбек мұнара көк аспанның өзімен астасып кеткендей. Анау тор-тор ағаш көздердің арасында қыбыр-қыбыр қимылдап жүрген құйттай адамдар тас мұнараға емес, аспанның өзіне әлдеқандай өрнек салып жатқандай; аспан мен мұнараның ара-жігін ажыратып алғысыз. Ханым соның өзіне қанша масаттанды десенізші.

Сонау көк аспанның бауырына жармасып қыбырлап жүрген кішкене адамдар бұл тәңертең төсегінен тұра салып, терезенің алдына келген сайын тосын бір сиқыр ойлап табады.

Көк мұнара күн сайын қырық құбылады. Әуелі күні кеше қожырайып тұратын қып-қызыл тас дінгектің орнына аспанды тіреп тұрғандай жып-жылмағай, жіп-жіңішке көк сырық шыға келіп еді, енді ол бірте-бірте сөзбен айтып жеткізе алмас, тек көз ғана түгел түйсіге алатын сиқыр көрікке ие бопты. Ханым оны өзіне етене таныс бір нәрсеге ұқсататын тәрізді. Бірақ дәл неге ұқсайтынын есіне түсіре алмады. Көп ұзамай мұнараның әлдекімнің аспандата көтерген әсем білегіне келетінін бақады; шебер бұның алыс жорықтағы хан неге жер түбінен қол бұлғардай тағатсыз сағынышын тап басып, дәл бейнедегеніне қайран қалды.

Көк тіреп тұрған мұнара кейде оған жер төсінің ең бір шипалы сөлі мен нәрінен жаралып, көк бойлап өсіп келе жатқан майса құрақтай көктемнің сылап-сипап есетін майда самалына болар-болмас тербеліп тұрғандай көрінеді.

Ханым ондайда сонау көз ұшындағы көк дінгекті бір түрлі

аяп кетеді. Бұл өлкенің көктем мен күзде екілене есетін айы-зағы мен аспанынан от шашыраған шыжғырма шілдесі осы бір нәп-нәзік сүйкімді өсімдікті ертең-ақ солдырып тастайтындай.

Мұнара күніне бір мінез шығарады. Бір күні жас майсадай үлбіреп, жас сәбидей мөлдіреп тұрса, ертеңіне-ақ жан-жағына ойнақы нұр таратып, жайнақтап шыға келеді. Бірде терезенің алдынан ет жүрегінді елжіретіп үн-түнсіз телміріп тұрып алса, артынша-ақ төбесімен көк тіреп аспандап шыға келеді.

Ханым тас мұнараның көрген жанның көңілін қырық саққа жүгіртіп, қайран қалдыратындай не сиқыры бар екенін қанша қараса да, біле алмай-ақ қойды. Бәрінен бұрын шебердің көрер көзге бітіп тұрған мұнараның ұшар басында әлі күнге күйбеңдеп неге жүріп алғанына түсінбей дал болды. Шебер мұнараның ұшар басының баққа қарайтын жағын қалап бітірмей кетітіп қойыпты. Ханым бұрын сонау тас дінгектің ұшар басындағы қыбыр-қыбыр қимылдап жүретін кісіден түк айылын жимай, хауызға кеп шомылатын еді.

Енді зәулім мұнараның ұшар басындағы кішкене кетіктен сығалап тұрған кішкене құмырсқа мұның тұла бойынан ештеңе тастамай түгел көріп алатындай қымсынатын болды.

Күнде-күнде бақ ішіне сейілге шыққан сайын үйреншікті айдынның қасына келіп, көк мұнараға ұзақ қарайды. Тас мұнара мұнымен әлдене деп арбасып тұрғандай. Қасындағылар түсініп қалмасын деп, бұның тек бір өзіне ғана әлдене деп ымдайтындай. Тіпті сол тас мұнара оны бір күн көрмесе сағынып қалатын тәрізді — сарайына кіріп кеткенде, терезенің мөлдір шынысының ар жағында мұндана мұнартып тұрады да, сейілге шыға келгенде, аяқ астынан жадырап жарқырап қоя береді.

Тас мұнара күннен-күнге жақындай түскен секілді. Сарай мен бақты шыр айнала қоршап тастаған тас дуалдың түбіне кеп, одан бері қарғып түсуге батылы жетпей, мұная қарап тұрғандай.

Ханым енді тас мұнараға әлдекімнің бұған түсініксіз тілде жазылған сәлем хатындай ертелі-кеш тесіле қарап, онда жазылған құпия сырдың егжей-тегжейіне жете алмай ежіктеп отырған кісіше ұзақ сарылады.

Кейде анау тас мұнара мұның өзі сияктанып кетеді; оның бойында да көрер көзге құлпырып тұрғанмен, әлде бір қаяулы мұң бар; бұның көңіліндегідей ғұмыры тарамайтын-тарқамайтын, өзге түгілі өзіне де түсініксіз, іштей кеміріп жататын бұйығы іңкәр, именшек құштарлық бар; батылсыз жандардың аузынан өмірі шықпай, жәудірей қараған жанарларына жартылай жас боп тұнып жататын тұп-тұнық, тұңғиық наз бар. Жоқ, мынау мұнара бұның өзі емес, әлдекімнің «апырай, ұқпағаның ба» деп жазғыра қараған жанары сияқты. Енді аң-

ғарды — баяғыда мұнара басында көрген шебердің көзінен де тап осындай әрі аянышты, әрі сүйкімді бір жұп-жұмсақ нұр көргендей болып еді ғой. Шебер сол өз жанарында тұнып тұрған тұңғық сезімді тас мұнараға айнытпай көшіріпті де қойыпты.

Сонда мынау ертеден қара кешке терезесінен телміре қарап тұратын сиқырлы жанар не дейді? Бұны не деп жазғырады? Тап бұлай жазғыратындай бұл соншама неден жазып қалып еді!

Бұның бетіне тіке қарауға да жігері жетпеген жас жігіттің тап мынандай қазымырлыққа бара қоюы мүмкін бе?

Мүмкін емес. Шеберге өз өнерін жарық жалғанның алдында жарқыратып жайып салғаннан асқан бақыт бар дейсін бе? Бұның жазғаны — байтақ шаһардың төбесінен қарайтындай көркем мұнара салдырғаны ма?

Ендеше бітіп тұрған мұнараның ұшар басын көзге шыққан сүйелдей қып кетітіп қойғаны несі?

Ханым тағы да күймесін жектіріп, мұнараны көруге аттанды. Бақ ішінен жәудіреп көрінетін момақан мұнара жақындаған сайын асқақтай түсті. Дәл қасына келгенде, ешкімге көзі түспейтін такаббар сұлудай тіпті аспандап кетті. Ханым бұл жолы мұнара басына көтерілген жоқ. Бас шеберден мұнараның неге бітпей жатқанын сұрап еді; «шебердің бір ойы ойлағанындай боп шықпай жүр, соның жолын тапқан күні құрылысты аяқтаймыз», — деп уәде қылды.

Ханым сарайға қайтып келе жатып та, күйменің терезесінен көзін алмады; тас мұнара алыстай түскен сайын әлгі бір сылқым такаббарлығынан айрылып, қайтадан мөлдіреп қоя берді.

Ханым өз бөлмесіне кіріп, терезеге қарап еді — күндегісінше жаудырай қарап тұрған монтаны көк мұнараны көрді.

Ханым енді бұның тегін еместігіне бір жола ден қойды.

Шебер, әрине, бұның көкейіндегі жорықта жүрген ұлы әміршіге деген өзінің қаяусыз махаббатын, тұңғық сағынышын бейнелейтін мұнара тұрғызғысы келген ойын дәл түсінген. Алыстан аяныш шақыратындай қып мұнараны мұңға бөктіріп қойғаны да соның айғағы. Сонау жер түбінен қарағанда ол бәлкім «асыға гөр, тезірек жете гөр» деп жалынып-жалбарынып тұрғандай көрінетін шығар. Ал, бірақ жақындаған сайын шалқақтай түсетіні несі? Шебер бұнысымен әміршінің ашуына тиіп алмас па екен? Қаншама сағынып келген күнде де, өзіне арнап салдырған мұнараның әлгіндей шекелей қараған астамшылығы оған ұнай қояр ма? Оның үстіне ол сарайдың ішінен қарағанда ол неге осынша тұнжырап тұрады? Қайта мұннан қарағанда, көк мұнара сағынышын басып, жорықтан оралған әміршімен аман-есен қауышқан ханымның қуанышты көңіліндей жадырап тұруға тиісті емес пе?

Көк тастан тамшылатып жас аққызбағаннан басқанын бәрі қолынан келген шебер мұны неғып аңғармаған? Әрине, шебердің мұнысында бір сыр бар. Шебердің сол бір бұқпан-тай сырын бұдан бұрын көлденең көз, былайғы жұрт біліп қойса, қайтпекші?

Ханым күтуші кемпірге айтып, базардағы жұрт жаңа бітіп тұрған мұнара жайында не айтып жатыр екен, біліп келсінші деп, астыртын адамдар жіберіп, тың тыңдатып еді, халық жорықтағы падишаның алдынан мынандай мұнара салдыртқан ханымның кемел ақылы мен салған шебердің асқан өнеріне тандайларын қаққаннан басқа әлі ештеңе аңғара қоймапты.

Ханым жансыздардың бұл хабарына көңілі бір жола көншімегенмен де, қайдағы-жайдағыға мән беріп құр бекерге қуыстанғанына өз-өзінен ыңғайсызданып қалды.

Көлденең көзден қысылатындай ештеңе жоқ. Шаһардағы жұрт мұнарадан ханымның жорықтағы жарына деген кіршіксіз сезімін көреді. Әмірші әуелі жарының өзіне деген шексіз сағынышын аңғарса, мұнараға жақын келгенде ханым махаббатының жарық жалғанды қабағына қаратқан әміршіден басқа ешкімді көзге ілмейтін асқақтығына көзі жетеді.

Жап-жас шебер бұның көңілін айтпай біліп, айнытпай бейнелеген; ұлы әмірші бұл салдырған мұнарадан еш мін таба алмайды. Тек тезірек келсе екен сол күн? Ол күні пейіштің ақ құсындай боп әмірші иенің асқар ала көңілінің ен шырқау биігіне аспандап бір шығар еді. Күндесі де қызғаншақтан басқа, айтар ештеңе таба алмай дымы құрыр еді. Ол неменің әмірші иемен бірге пәлен жыл жол жүрдім, пәлен жер көрдім, пәлен піл, пәлен түйеге қазына артып, ырғап-жырғап келемін деп аспандаған көңілі қарсы алдынан мынандай өңі түгілі түсінде көрмеген көрікті мұнара көк тіреп шыға келгенде, аяқ астынан қанаты қырқылып, жер болып қалар еді. Падиша да қаншама бәйбіше деп дабырайтып, бастас санап, басын асырып жүрген ұлыханымның қанша жыл отасқанда, қанша жорықтан жеңіспен оралғанда онсыз да асқақ көңілін астанасына кіре бергенде дәл мынадай қып одан бетер аспандатып тастайтындай ақыл таба алмағаны сол арада бірден есіне түсер еді, оның қанша асыл текті болғанмен алтын санап, асыл жиғаннан басқа ештеңені білмейтін дүние қоңыз, етегіне тоңғақ жұқтырғыштығымен ғана бағы асып тұрған жәй әншейін жабық құрсақ әйел екеніне бір жолата көзі жетер еді.

Кісінің ішіндегісін айтқызбай біліп отыратын падиша бұның адал махаббаты, ақ пейілімен қоса жас та болса бас болуға жарап қалған кемел ақылына да риза болар еді. Бұ да «алдыңнан көрдің бе, қандай сый әзірлеп қойдым» деп көргімей-ақ баяғы сол бір үлбіреген балапан қалпы қарсы алар

еді; пәлен жылдан бері шымырлап өніп, дәл қазір көкірегіне шып-шып толып, зорға сыйып тұрған көл-көсір інкәрін, жұлын-жүйкесін, өне бойын түгел өртеп бара жатқан комағайынтығын да бірден селдетіп ақтара салмай сол баяғы алғашқы түндеріндегідей именшектеп, қымсына қауышар еді; сөйткенмен де, оған өзіне асыл текті патшазаданың пейіл білдіргенінен асқан бағыт жоқ екенін сездіріп, жар қызығын бағалай білетін әйелдік парқын да қапысыз байқатып бағар еді.

Сол күн тезірек келсе екен тек, мынау аңылжыған үлкен сарайдың бұрыш-бұрышы бұның шат-шадыман қуанышының ағыл-тегіл ақ толқынына толар еді.

Сол арманына қолын мына көкшіл мұнара жеткізгелі тұр. Ханым арманындай әсем мұнараны салып жатқан шебердің әр саусағын сүюге әзір. Тек мұнараны тезірек бітірсе екен. Тек анау көзге сүйелдей қадалып тұрған кетікті тезірек бітесе екен. Шебер мұнараның ұшар басына барып, бұнша неге телміріп тұрып алды? Айтпақшы, әмірші көк мұнараға сарайдан көз салғанда оның мынандай бір түрлі жазғыра қараған тұнжыранқы кейпінен тіксінбес пе екен? Мүмкін, мұның басы жетпей жүрген жұмбаққа ол түсінер. Әрине, солай... Әлемнің төрт бұрышын тізесінің астына басқан билеушінің бұл дүниеде түсінбейтіні болады дейсің бе? Сонда оның өзі жоқта ханымның терезесіне дәл мынандай боп жәудірей төніп тұрған сиқыр мұнараның сырын неге жоруы мүмкін. Әрине, анау тас мұнараға жан бітіруге аз-ақ қалған асқан шебердің өз аузынан айтса, тілі кесілетіндей бір тым құпия тылсым сырын өнерімен түспалдап білдіргеніне жориды. Иә, оның әнеукүнгі мөлдіреген монтаны жанарындағы именшек наз махаббат екен ғой. Дәл солай. Оны әміршінің қырағы көзі түгілі, енді, міне, пәлен күннен бері бас қатырып жүрген бұның өзі де түсініп отыр.

Ханым мынау ыңғайсызда үстінен сап етіп түсе қалған оспадарсыз біреудей оқыс тұжырымынан бір түрлі абдырап қалды.

Көк мұнара бұның терезесіне бұрынғысынан бетер төне түскендей: «Дәл таптың, солай еді. Апырай, ақыры түсіндің-ау, ал, енді ұқтың ғой, не айтасың, жауабың қайсы?»— деп, еміне түскендей. Бұдан әрі тұра берсе, мұнара құдды биік қорғаннан, мынау терезеден қарғып түсіп, бұл тұрған бөлмеге кіріп келетіндей, терезе алдынан алыстай берді. Мұнара көзден таса болғанда барып, көңілін бірледі.

Енді мынау ертеден қара кешке дейін терезесіне төніп, қиылып тұрған қиқарға не істерін білмеді.

Ең алдымен, ойына оралғаны, бітіп тұрған мұнараны қасақана бітірмей қойған қаскөй шеберді шақырып алып жазау; көңіліне шайтан қашқан бала жігітті, махаббат түгілі басымен қайғы болатындай қып қорқыту... Бұны ойлағанда

әлгінде ғана антарылып қалған көңілін зіркілдеген ашу биледі. Көзін жерден көтеруге жігері зорға жетіп тұрған әлгі неменің дәмесін қара! Бәсе, мұнараның ұшар басынан түспей, қиқайып отырып алуында бір мән бар еді-ау. Жоқ, не де болса, оның тезірек көзін құрту керек екен. Байтақ шаһардың мындаған жымысқы ауызы пыш-пыштап жөнелмей тұрғанда аспандағы айға қол созған есірік немені көкесіне көрістірген жөн. Әйтпесе, алтын басты хан иенің ақ адал төсегінен қара табан құл кедей, қу шұнақ қара сүйек дәмеленді деген не сұмдық? Бұны біреулер біліп қалса, мынау жарық жалғанның алдында ұлы әміршінің абыройын асырам деп жүріп, бетіне мәңгі өшпейтін салықты өз қолымен салғаны ғой. Жоқ, бұл ханым басымен ондай есірік дәмеге жол беріп қоя алмайды. Қазір күтушісін шақырады, ол барып уәзірге айтады; уәзір оны бүгін осы таңнан қалдырмай тас зынданның түбінен бірақ шығарады. Ай балталы жендеттер мына сұрқияны ешкім естімей тұрғанда мойнын қырқады. Мынандай ғажайыпты орнатқан байғұс шебер өз нәпсісіне ие бола алмағанының қырсығынан ай балтаға жем болады. Өз обалы өзіне! Ол үшін бұл құдай алдында да, адам алдында да жазықты емес. Не де болса асығу керек. Әміршінің елге бет түзеді деген хабарын жақында алды. Қаңқу оған жетпей тұрғанда, қиқар шебердің көзін құртып, мұнараның қалған жерін бас ұстаға бітірту керек. Бірақ, ертең ұлы әмірші мынау терезесінен телміріп тұрған әзәзіл мұнараны бәрібір көрмей ме? Ондағы сайрап тұрған қомағай құлқынға түсінбей ме?

Ханым қапаланғанынан ернін қыршып тістеп алды. Енді не істемек? Әлде камалдағы құл-құтанның бәрін босатып, мынау сайқал мұнарадан жұрнақ қалдырмай таптатып тастаса ма екен? Бірақ, онда әзірге бұның бәрінен бейхабар ел аузының не деп алып қашатынын кім біліп тұр. Ханымның өзі салдырған мұнараны өзі құртқызып жібергенін ел аузы бәрібір оңды нәрсеге жори қоймас. Бұл пәтуасының дұрыс екендігіне ұлы әміршіні де иландыра алмас.

Ханым терезенің алдына қайта келді. Мұнара сол бәз-баяғы қалпы. Ұшар басындағы кетіктен әлдене қылтындайды. Енді не істеу керек? Мынау өз-өзінен сайрап тұрған мұнара мұның қымтап жасырын баққан құпиясын ел алдына бәрібір жарқыратып жайып салмай ма? Оны жасыру ешкімнің қолынан келмейді. Келсе, тек мынандай сиқыр мұнара салған шебердің өзінің ғана қолынан келеді. Ол бірақ ынтыға күткен тілегіне жетпей тұрып, бұның қолқасын бәрібір істемейді. Мұның көз алдында баяғыда мұнара басында көрген именшек өндірі қара торы жігіт сайрап келе қалды. Мөлтендеген байғұс бала бұған шыннан ғашық боп қалған ғой. Албырт жас, қайда қол созғанын білді дейсің бе? Ханым енді түсінді — шебер мынау сиқыр мұнараға өзінің өліп-өшкен соқыр махабба-

тынан басқа ештеңе бейнелемеді. Ол өзінен бұның не талап ететінін әлдеқашан есінен шығарған, өз санасындағы қырық құбылып, ақыл мен ойға қыз тұзақты салып ап, білгенін істеген аңғал сезімнің айтқанынан шыға алмаған. Шебер мына мұнараға алыстаса қиып кете алмайтын, жақындағанмен бәрі бір қолы жетпейтін үмітсіз, махаббатын бейнелеген, өлімге де разы есірік дәмесін, ессіз құштарлығын бейнелеген, ол мынау кетік мұнараның басынан өздігінен түспейді. Барып, бұл дәмесінің ессіздік екендігіне көзін жеткізу керек, «өзінді ажалға, мені маскараға ұрындырмай тұрып, мұнараны тез бітіре көр»,— деп жалынуы керек. Егер бұны сүйетіні рас болса, айтқанын жерге тастай алмайды. Бейшара албырт жасты әзәзіл жолдан айбалтаның жүзімен кетіргенмен, бәрібір оның әлгіндей ессіз құштарлығы зәулім мұнараның басында мәңгі сайрап қалады; оны айламен ғана қайтару керек райдан; мынау терезесінен күні-түні жазғыра караған жалбарынышты, үнсіз құштарлық пен тылсым інкәрді бақыт аңсаған албырт көңілдің дегеніне жетіп, шын ғашықтың бірден тойынып, бірден қарық бола қалатын періште көңілі қуанышқа кенелген күні ғана жойдыруға болады; жанын жегідей жеген ғашықтық дертін дәл мынандай қып мөлдіретіп жеткізген шебер басына бір сәт қонған бақытты да айнытпай бейнелей алады; ендеше, оған сол басына қонған бақытты бейнелету керек; оны ұстаның әлгіндей асау дәмесінен атымен бейқам әмірші де, былайғы жұрт та ертең күйеуімен аман-есен қауышқан ханымның риясыз қуанышының табы екен деп түсінеді. Ендеше, асау дәме, албырт көңіл байғұс шебер жетсін дегеніне...

Ханым манадан бері қырық саққа жүгіріп тұрған көңіл тізгінін тез жиып, әлденеге белін бекем бұған рай танытты.

Ертеңіне таңертең күтуші кемпірді шақырып алды. Қызметші әйелдердің еш бірін есіктен қаратпады. Ханымды киіндіретін, шашын тарайтын көп нөкер ішке кіре алмай, есік алдында топылып тұрды да қойды. Түске жақын іштен күтуші кемпір шықты. Ауызғы бөлмеде топырласа қалған нөкер қыздардың әр қайсысының жүзіне ішіп-жеп қоятындай ажырайып қарап тұрды да, біреуін алып қалды да, қалғандарын бөлмелеріне қайтарды. Ештеңеге түсіне алмаған нөкер қыздар иықтарын қиқандатып, бөлме-бөлмелеріне тарап кетті. Түс қайта хан сарайдан соңына нөкер ерген ханымның күймесі шыға келді де, салынып жатқан мұнараға беттеді.

Мұнараның қақ түбінде қатар-қатар тізіле қалған көп күйме қаңтарылып ұзақ тұрды. Біраздан соң ғана шаңдатып сарайға қайта беттеді.

Ертеңіне нөкер қыздарымен бақ ішіне сейілге шыққан ханым мұнара басындағы елден-ерек кемірейіп тұратын кетіктің көзді ашып-жұмғанша тез бітеліп бара жатқанын байқады.

Үш күннен соң мұнара бір жолата бітті. Терезе алдына келген ханым күлің-күлің етіп құлпырып тұрған жаңа мұнараны көрді.

Әмірші не жеңіспен оралғанына той жасағанда көк мұнараны салған бала жігітке шара табак алтын динар сыйлады.

Шебер жігіт сыйлықты алып жатып, көзінің астымен кіші ханым отырған жаққа бір қарап қойды; ол көзін тез аударып әкетіп, шебердің мына қылығын ешкім байқап қалмады ма екен дегендей, бәйбіше нөкері отырған жаққа көз жүгіртіп еді, ешкім ондай рай танытпады. Ханымның көп күннен бергі әлденеге өз-өзінен қуыстанып, лүпілдей соққан жүрегі орнына түскендей болды.

Той өткен соң, әмірші өз сарайына кеп түскенде бұның қуанышы қойнына сыймады. Аспандағы күнді аңдиды. Жаздың күні бұған ерегіскендей батып болмады. Күн көзі қашан ұясына барып қонғанда, шыжғырған ыстықтан «уһ» деп демін алған бүкіл дүниемен қоса бұ да төбесінен жүк түскендей бір рахаттанып еді. Бұны пәлен жыл бойы өртеп баққан сағыныш шілдесінің басыларына да онша көп уақыт қалған жоқ-ты. Күні бойы күнді аңдыған көзі енді есік жаққа елеңдей бастады. Бірақ, қанша қадалғанмен алтын шайған жалпақ есік қылп етпейді.

Солай есік жаққа елеңдеумен түн де өтті.

Ертеңіне таңертең бұны киіндіре келген қызметші әйелдер әлденеге қымсынып кірді; бірақ көздерінде «ештеңе етпес, жорықтан соңғы ырду-дырдудан шаршаған әмірші сарайға келмей жатып, бұның табалдырығынан аттағанды ыңғайсыз көрген шығар»,— дегендей жұбату нышаны бар.

Ханым күні бойы екі қолы алдына сыймай тыпыршумен болды. Бірауық сыртқа шығып бой жазайын десе, әміршінің бұлақ басында оңаша сейілдейтінін біліп, бақ ішінде кездесіп қаламыз ба деп қысылады.

Алғашқы күндері әмірші, шыннан да, шаршап оралған шығар, біраз тынығып, есін жисыншы деп, іштей мүсіркеп жүрді.

Бірақ, күндер өте берді. Есік жақтан шыққан әр дыбысқа құлағын тігеді. Әмірші аяқ ізін салмады. Енді ханым түн баласы төсегіне тікен шашып қойғандай төңбекшіп шығатын болды.

Күтуші кемпір мен қызметші әйелдердің қас-қабағын аңдиды. Олардың да жүздері сынық. Хабар айтудың орнына бұның өзінен жауап күткендей, жәутен-жәутен қарай береді. Бұл да сыр алдырғысы келмей, тырысып бағады. Бірақ, бұның көңіліндегіні айтқызбай ұғып қалған қырағы қызметшілер қазіргі күйзелісін көрмей жүр дейсің бе?! Олар да бұрынғыдай самбырлап сөйлеп, жамырай күлмей, аяқтарының ұшынан басады.

Сыртқа шығудан қалған Ханым оңаша отырып, ойға шома-шома басы зенгіп кеткен тұстарда терезенің алдына келеді. Қаннен-қаперсіз көк мұнара мұны көзі шалып қалғандай күлің-күлің етеді. Ханым әміршінің жылы қабақ танытпай, бүк түсіп жатып алғанына шағынғандай терезе алдында ұзақ тұрады.

Бірақ, бұл қанша телміріп қарағанмен, жалтыраған асқақ мұнара сол баяғы аспандағы күн көзімен қас қағысып ойнаған күйі мәз-мейрам. Бұрынғыдай бұның терезесіне телміре қарамайды. Дегеніне жеткен кісідей тоқмейіл, шат-шадыман. Сан жылдар бойы әр кірпішін санағандай боп салдыртқан мұнарасының бұның жан дүниесіндегі алай-түлейден атымен бейқабар мынау сылқым сипаты оның көңілін мұз боп қарып алғандай болады. Жалт-жұлт мұнара бүгін кеп бұған қыр көрсетіп тұрғандай. Е, бәлем, бұрын өзін де кекірейіп, көз алдындағы жалынған, жалбарынған кісіге көз салмаушы едің ғой... Қанша жыл телміртіп едің. «Телмірген қалай болады екен, бәлем»,— деп үнсіз табалағандай. Ханымның ойына мұнараны салған шебер түсті. Әнеу күні сыйлық алып жатқанда өңіне тағы да бір қарап, көңіліне түйіп алған-ды. Жазық маңдай, қыр мұрын, қара торы жігіт. Алақандай қос жанарына қандай сыр да сыйғандай. Ол қазір қайтып жүр екен? Шара табақ алтынға масаттанатындай дүние қоңыз жанның сыңайы емес-ті. Оған да өзі салған мынау мұнара көзіне шоқтай басылатын болар. Әсіресе, анадағы бір күн есіне түскенде іші әлем-жәлем болып кететін шығар.

Ханым есіне сол түскенде, көңіліне шөгіп жатқан зіл батпан жазғытұрымның селі жүріп, шайылып кеткендей, езуіне күлкі үйіріліп, үнсіз жымып қояды. Беті ашылмаған бала жігіттің аңғал қылығына күлкісі келеді. Сол есіне түскенде оны бір түрлі аяп, тіпті жақсы көріп кетеді. Бауырына басып, құшақтап: «Ешқайда жібермеймін, кетпеші, кете көрмеші»,— деп жалынады дейді. Дәмесін қара сабаздын! Өмір бойы ханым құшып өтпек қой...

Қызметші қыз осыны айтқанда бұл сылқылдап күліп жіберсе де, артынша-ақ тыйыла қалған-ды. Онысы қызметшісінің алдында ыңғайсыз күлгеніне қысылғаны емес-ті. Қарсы алдында монтиып отырған қызметші қыздың үлбірек еріндерінің арасынан әлгі бір сөз шыққанда, бұл күлуін күлгенмен, жүрегін әлде бір өткір қанжар тіліп түскендей болған. Ойда жоқта өзі сезген осы бір ауыр жарақатты жасырғысы кеп, үнсіз жымыған күйі қызметші қызды сұрақтың астына алған-ды. Мұнараның басына не болып, не қойғанын бажайлай түскен сайын, әлгі бір жарақат жан шыдатпастай сыздата бастады. Қызметші қыз айтып келген бала жігіттің әр бір қылығы ойлаған сайын бұның ет жүрегін от боп қарып, тызылдатып бара жатты.

Ол қарсы алдында отырған монтаны қыздың балбұл жанған екі бетіне, шөктай жайнаған қос жанарына, әлденеден қысылып-қымтырылған етті еріндеріне, тал шыбықтай бұратылған сұлу сымбатына қызығып тұрғандай, көзін алмай қарады. Оның бетінде нөкер қыздардың жай күндергі қақақу-күлкі шаттығына атымен ұқсамайтын өзгеше бір қуаныш табы тұр. Ханым басымен бұл әлі күнге бастан кешіп көрмеген ерекше қуаныш. Өзіне өліп-өшіп ғашық болған жанның ағынан жарылып ағыл-тегіл пейіліне армансыз кенелген қай әйелдің басында да өмірінде болса бір-ақ рет болатын, болмаса атымен болмай өтетін аса сирек қуаныш. Ондай бақыт маңдайына жазылғандар да бар, жазылмағандар да бар. Бұл өзі соның қайсысына жатады? Бұндай бақыт енді оған екі айналып келе ме, жоқ па... Жалпы ондай бақыттың екі айналып келуі мүмкін бе өзі... Міне, бұл өзіне еншіленген әлгіндей бақытты өз қолынан басқа әйелге беріп жіберді. Аңада шебер жігіттің дәмесін анық аңғарған күні күтуші кемпір екеуі әрі ақылдасып, бері ақылдасып, оны ренжітпеудің амалын тапқан-ды. Мұнара басына ханымның киіміндей киім киіндіріп, оған ұқсайтын нөкер қыздардың бірін жібермекші болған-ды. Сонда күтуші кемпірдің нөкер қыздардың ішінен таңдап әкелгені осы қыз-ды; енді, міне, ол өзгеге тиесілі махаббатты емес, өзіне еншіленген бақытты қызықтап келген адамша, ыстығы өне бойынан әлі аласталаып бітпеген, жаңағы бір жас құшақтың буына балқып, бал-бұл жайнап алдында отыр.

Ханым ішін тырнап бара жатқан өкінішті әйел адамның қай-қайсысында да болады деп еститін орынсыз әлсіздікке жорып, сабырға тұншықтырып бақты. Күтуші кемпір мен екеуінен басқа ешкім білмейтін осы бір құпияны ойға алмауға тез ұмытуға тырысты. Ертеңіне мұнара басындағы кетіктің бітелгенін көргенде өз жүрегіндегі құлазып тұрған әлде бір олқы жойылғандай сезінген-ді, кешегі өкініштің орнын шым-шымдап қуаныш толтыра бастағанын байқаған-ды. Хан келіп, мұнараны көріп, мақтапты дегенді естігенде сол бір өткінішті өкініш атымен естен шыққан-ды. Енді, міне, аяқ астыан қайтадан сап ете қалды. Бәрі де мынау әміршінің аяқ ізін салмағанынан туған қаяу көңілден болар. Қаяу көңіл де бір, күл тіміскілеген бұралқы күшік те бір, қайдағы жоқты тауып алады. Әйтпесе, бұл алтын басты әмірші құшағында жатып, әлдеқайдан ләззат іздейтін төмен кәнизак емес, асыл сүйек ханша емес пе!

Кінәмшіл көңіл осы бір ойдың тұсында тағы да тұсалып қалды. «Алтын басты әміршінің құшағында жатып...» осы бір сөз ойына қайта оралғанда, езуіне кекесін жүгірді. Құшаққа жатып қарық боп жүр еді. Түн баласы табалдырығынан аттамаса да, құшағында жатқан болып телінеді. Өзін-өзі

алдартқан бір дүние. Әйтпесе, міне, төсегі жамбасын шағып, дөнбекшумен өткеніне әлденеше түн болды. Бүйткен өмірде не қызық бар? Сан жылдар бойы сарылып күткендегі көрем дегені осы ма еді? Өліп-өшіп сүйгендегі тапқан шапағаты ма бұл? Бәйбіше құсап қазына жимай, қолындағысының бәрін шашып, көк мұнара салдырғандағы көңілін тапқаны осы ма? Бәрі де әншейін алданыш қана... Мынау қу бас жалғыздықтың алдындағы қорқыныш тудырған бос сандырақ. Кез келген кеудесінде жаны бар мақұлқаттың бәріне тиесілі жұптық өмір бұған бұйырмағаны. Бұл тек өзін-өзін алдаркатумен жүр. Ақ некелі қосағының мүсіркегенін қимастыққа, махаббатқа жориды. Жарық жалғанның барша асылын жамбасына басқан ұлы әмірші сыйлаған бір қобдиша асыл таста не тұр дейсің! Ондайды ұлы әмірші сақилығы ұстағанда қайыршыға да ұстатып кетуі мүмкін ғой. Егер ол мұны өліп-өшіп жақсы көретін болса, бір сарайдың астында әлденеше түн өтікізе тұрып, дәл осылай, бүк түсіп жатып алуға дәті қайтып шыдайды?!

Ханым күні кешегі әмірші жорықтан оралғанда бастан кешем ғой деген бақыты жайлы арман-қиялы ойына түскенде өзінен өзі қызарып, соншама ессіз болғанына өзінен өзі ұялады. Соның бәрі көзінен бұл-бұл ұшқанына қатты қамырығады. Қайта сол сартап сағыныш құшағындағы күндерін аңсайды. Ондайда әйтеуір дәме, үміт бар еді ғой. Өз қиялына өзі мәз боп жүруші еді ғой.

Қиял демекші, өзінің осы әміршіні өліп-өшіп сүйемін деп жүрген сенімі де құр әншейін мәңгінің қиялы емес пе екен. Өзгенің тарапынан махаббат қызығын көрмеген әйелдің осынша ессіз құштарлыққа берілуі мүмкін бе өзі? Әй, қайдам... Бұл осы кезге дейін ұлы әмірші тарапынан ондай ерекше ниет байқап көрген жоқ-ты. Ендеше, бұл екеуінің арасында ондай махаббат қалай желі салып жүр? Ол да тек бұның махаббат аңсаған көңілі өзі ойдан шығарып, сонысына өзі сеніп жүрген жәй әншейін сергелдең сезім шығар. Бұл да жас ұстаның албырт дәмесіндей алдамшы бірдеңе ғой.

Ханым бұл ойынан өзі шошып қалды. Құдіреттің өзіне тіл тигізгендей күпірлік сезініп, ішінен үш рет кәлимасын қайырды. Бірақ, ойда жоқтан оп-оңай сап ете қалған әлгі бір ой көңілінен оп-оңай шығып кете қоймады.

Ол күні бұрынғысынан бетер бұқтығырылып зорға жүрді. Сүйек-сүйегінің бәрі сылынып бара жатқандай. Кешке сүлдері құрып әзер жетті. Әлденеше күннен бергі көз ілінбей ұйқысыз өткен түннен бе, жоқ күндізгі ащы ойлар көңілін торықтырды ма, басы жастыққа тиген бойда өне бойы мең-зең тартып жүре берді. Қалжыраған денесі ойда жоқта балбырап барады. Мынау құлазыған кең бөлменің төбесінен көзге көрінбей, тәнге тимей, ту сонау сүйекке барып бірден даритын

рахат нәсері селдетіп қоя бергендей, сол нәсер қапырық көңілінен пәлен күннен бергі шиыршық атып, шырықтырып жүрген мазасыз ойларды, үрейлі үрейді, тымырсық қапаны, ет жүрегін езгілеген өкініш, ашу, ызаны — бәрін-бәрін сүре қуып, «дем ал, тынық, ештеңені ойлама, ештеңені уайымдама» деп, шамырыққан жүйке-жүйкесінің бәрін шипалы қолымен сылап-сипап жатқандай, күні бойы екі шекелігін күйретіп жібергендей боп сырқырата сығып тұрған зіл батпан да жеңілейе түсті. Көз алдын көлегейлеп алған бір жұмбақ перде бірте-бірте жан-жағын түгел қоршап келеді. Енді көз алдында сол мөлдіреген селдір пердеден басқа ештеңе қалмады, ханым өзінің ояу жатқанын да, ұйықтап кеткенін де аңғара алмайды; әйтеуір көз алдында тұнық ауада ұйып қалған селдір сәуледей боп, әлдене ағараңдап тұрып алды.

Ханымның талықсыған денесінде әлі өшіп біте қоймаған әлсіз сана қарауыл қарағандай сол бір ұйып қалған ағараң сәуледен көзін алмайды... Ханымның алабұртқан жүрегі бірте-бірте тынышталайын деп, манадан бері оған бұқпантайлап жақындап келе жатқан арсыз ұйқы құшағына бір жолата алып еді, ханымның қаннен-қаперсіз денесін көлденеңнің көзінен қарауылдап отырған әлсіз сана қайтадан мазасыздана бастады...

Ханым ұйықтайтын ұлан-асыр кең жайды барша жарық жалғаннан көлкештеп тұрған алтын шайған ауыр есік сықырсыз ашылып, аяғының ұшынан басып әлдекім ішке өткендей болды. Кірді де, одан арғыға батылы жетпегендей, босағада тұрып қалды. Ханым қапелімде мынау бейтаныс мейманнан шошып кетіп, орнынан атып тұрғысы келіп еді, бүкіл ту сырты төсекке желімделіп қалғандай, қозғалтар емес. Екі қолында әлдекім төсекке таңып байлап тастағандай. Есіктің қыр көзінде қыбырсыз тұрған адамның кім екенін білгісі-ақ келеді, бірақ, қанша тесіліп қараса да, есік алдында ағараңдап тұрған адамның бет әлпетін ажыратуға жанарының қуаты жетпей, көз алдын әлде бір мөлдіреген тұнық тұман көлкештей береді. Әлгі ағараңдаған неме де су астында қалқып жүрген нәрседей боп, бұлдырап көрінеді. Ол қозғалғандай болды. Бірте-бірте жақындап келеді. Бірақ, бұл бет-әлпетін бәрі бір айыра алар емес. Бөлме ішін ақ селдір ағын жайлап алғандай. Әлгі ағараңдаған неме сол лайсаң селде қалқып келе жатқандай... Міне, тіптен жақын қалды... Апырай, кім болды екен. Ханым оны танитын сияқты. Әуелі шоқтай жайнаған дөңгелек қой көзін шырамытты... Жанарындағы жастыққа тән батылдық шоғын әлдеқандай бір жұмбақ мұң тұмшалап тұр. Бұған бірденеге налығандай боп мөлдіреп қарайды. Кісі қия алмастай аяулы жанар. Өзіне әбден таныс біреудің қарағаны... Күнде-күнде қасында жүрген, күнде-күнде көріп жүрген біреуі тәрізді. Бірақ, жыға тани алмады. Әлгі бір жәуді-

рей қараған монтаны жанар бұның іші-бауырын елжіретіп барады. Мөлдірей қараған қос жанарындағы тұңғық мұң бұның өз жүрегіндегі дәл осындай тылсым бір сезіммен үнсіз тіл табысқандай. Бірақ, бұл тырп ете алар емес... Апырау, мынау сиқыр көз қарасты кімнен, қайдан көріп еді... Жоқ, бұған тап мынадай жан баласы жолап көрген емес. Бірақ, мынау көкірегіне күн нұрындай дарып бара жатқан сиқыр сәулені күнде көріп жүрген сияқты. Кім бұған осылай қиыла қараушы еді... Күнде біреу дәл қасынан тап осылай телміре қарап тұрушы еді ғой. Кім еді ол... Апырау, не ғып ұмытқан... Оны көрген сайын да ойы осылай ойран болушы еді ғой...

Ханымның тұла бойын маужыратып бара жатқан әлгі бір дел-сал бей-жайлықтың орнын қайтадан мазасыздық жайлай бастады. Иә, алдында жәудірей қарап тұрған адамды енді таныды... Рас, мынандай мұңлы жанарды тек содан ғана көрген. Ол салған мұнара да өзінің тап мына көзқарасындай мөлдіреп, жәудіреп тұратын. Енді тек жанарын ғана емес, ат жақты сопақша жүзін де, сұлу қыр мұрынын да, етті, томпақ ерінін де таныды. Иә, мынау мұнара салған жас шебер. Ол сырттан шыбын екеш шыбын ұшып кіре алмайтын хан сарайдың ішіне қалай өтіп жүр... Қаптап жүрген сақшылар мен қызметшілер қалай байқамаған... Ол анадағыдан соң бұдан торығар деп ойлап еді. Торықпағаны ғой. Қызметші қызды бекер жіберген екен. Одан қайта үмітін үздіріп, басымен садаға қып қоятындай амал ойлап таппаған екен. Енді, міне, сарайға еніпті. Қазір күтуші кемпір кіріп келсе қайтпекші... Мынасымен өзінің басын жұтып қана тынбай, мұның да абыройын айрандай төгеді ғой.

Ханым оспадарсыз жігітке әлдене деп зекіргісі, осы қазір қуып шыққысы келеді, бірақ әлдекім көмейін тығындап қойғандай үні шықпайды... Бірақ, шебер бұның жүзінен ашу аңғарғандай, мұның төсегіне өңмендеп келіп қалған жерінен шегіншектеп, есікке қарай беттеді. Мөлдіреген жанары қорқып кеткен сәбидей шарасынан шығып барады. Бұл оны аяп кетті. Есікке барып қалған жерінен: «Кетпе, кел,», — деп ымдады.

Бейсаубат қонақ бұның қай әміріне құлақ асарын білмей есік алдында абдырап тұрып қалды. Бұл оған қолын созып қайта шақырды. Ол сенер-сенбесін біле алмай, жасқаншақтай басып, қайта жақындап келеді. Бұл енді ол қашан қасына жақындап келгенше шыдамы жетпей, тыпырши тосты. Жас жігіт жасқана басып, төсегінің қасына келді. Бұл оның таңырқай қараған жанарынан көзін айырмай күтіп жатыр. Жігіт жақындап келеді. Міне, төсегіне де жетті. Көрпесіне қолы тигендей болды. Бір-бірінен қысылғандай, екеуі де аңтарылып қалды. Кенет бұның көңіліне қорқыныш кірді. Дәл қазір, дәл осы бір сәтті өткізіп алса, мынау көз алдында мөлдіреп тұр-

ған нәресте жанардан, батылсыз балғын бала жігіттен біржолала айырылып қалатындай көрінді. Ол оған қымсына қол сөзді.

Бауыры от құшақтағандай өртеніп барады. Ол төсегіне батылсыз енген жас жігіттің мойнына оратыла кетті. Бұның баяғыдан бергі сарылып күткен ыстық іңкәрі басқа ешкім де, ештеңе де емес, тек осы ғана. Бауырына кіріп еріп бара жатқан осы бір өндірі бала жігіт қана... Енді бұларды ешкім де ажырата алмайды. Енді оны құшағынан өмірбақи шығармайды. Ол қасындағы бөгде денені темір құрсауындай сыға түсті, өзі де сығымдалып оның бауырына кіріп барады. Екеуінің бойындағы қан араласып, бірге ағып жатқандай; екі дене бір денеге, жаңа ғана бір-біріне үнсіз телмірген екі адам бір адамға айналып кеткендей. Екеуі де бұрынғы екі дара күнді атымен талақ етіп, енді ол күйге өмір-бақи қайта оралғылары келмейтіндей.

Ханым өне бойын билеп алып бара жатқан, бұрын-соңды бастан кешіріп көрмеген бір алапат құштарлықтың ырқына бір жола берілді. Оның болат серіппедей шиыршық атқан қос білегі, бауырындағы бала жігіттің балғын денесін біржолата ұн қылып үгіп жіберердей, сығымдай берді, сығымдай берді... Осы бір сәт тым ұзаққа, тіпті енді қалған ғұмырына түгел созылса екен... Кенет сүйек-сүйегінің бәрі түгел еріп бара жатты да, болат серіппедей шырыққан темір тегеуіріннен айрылды да қалды...

Ханым талма сокқандай әлденеге сүлдері құрып, ұзақ жатты. Жаңа ғана оттай жанып жатқан омырау тұсы бір түрлі мұздап барады. Көзін ашып алды. Бөлмесінің іші ұяң жұмсақ жарыққа толы. Көзін сипап қайта қарап еді — маңайында ешкім жоқ... Тұу алыста көз ұшында алтын шайған ауыр есік солғын жылтырайды.

Ханым әлденеге алабұртып, терезе жақты, қақ ортадағы хауыздың маңын, бұрыш-бұрышты қайта бір шолып шықты. Ешкім көрінбеді.

Ханым көкірегінің үстіндегі әбден мыж-мыжы шығып шиыршықталып қалған құс мамық көрпені енді аңғарды. Өз көзіне өзі сенбей жатты-жатты да, құдды бір омырауында жорғалап келе жатқан жыланды көзі шалып қалғандай, оқыс шырығып, мыж-мыж көрпені аяғымен серпіп жіберді.

Өне бойын қайтадан темір құрсаудай сыға түскен ащы ыза ақырында көзінен жас боп ытқыды. Екі көзден ыршып-ыршып шыққан ыстық тамшылар омырауын малмандай суғып тастады. Бірақ көзін сүртпеді. Сол бір шоқ тамшылар неғұрлым көбірек шыққан сайын көкірегін өртеп бара жатқан тымырсық зіл де жеңілейе түскендей.

Ханым екі иығы селкілдеп, ұзақ жылады. Біраздан соң басы қаңғырып ауыра бастады. Енді көзін ілмеді. Көкірек

тұсы тызылдап барады... Омырауына жиылып қалған ащы жас көкірегін у боп күйдіріп ойып түсірердей...

Таң атқанша көз ілмеді. Пәлен күннен бергі, тіпті пәлен жылдан бергі ойын ойран қылып жүрген жұмбақ құсаның сырына сол күні түсінді. Бақытсыздығын батылы жетіп сол күні ғана мойындады. Өзінің бағы ашылмағанына, күллі өмірі осынау қуыс кеуде құса тіршілікпен өтетініне сол күні әлгі бір ойда жоқ түстен соң ғана әбден көзі жетті.

Ертеңіне таң атар-атпастан ауыр есікті айқара ашып, қызметші кемпір көрінді, оның ізін ала бере баяғыша мәз-мейрам көп қызметшілер кірді. Олар жүгіріп келіп, бұны қоршай алды. Бұл олардың мынандай қағанағы қарқ, сағанағы сарқ мәз-мейрам калыптарына қайран қалды, ал олар өз ханымдарының көрден шығып тұрғандай ебіл-себіл дидарына өздері бұрын-соңды көріп көрмеген сұп-сұр, сұлық кейпіне, қос жанарын жайлап алған тұңғық бақытсыздыққа, төңірегінен мүсіркеуден басқа ештеңе күтпеген мүсәпір халіне айран-асыр. Күтуші кемпір қызметші қыздарды ымдап бөлмеден шығарып жіберді де, алдында құр сұлдері ғана тұрған бейшара әйелді бауырына басып, шашынан сипап:

— Апырай-ай, ұлы әміршім бірдеңе деді ме, өңіңіз қашып кетіпті ғой. Бәсе, ол түнде сіздің бөлмеңізден бір түрлі қату шығып еді... Сонша не боп қалды екен? — деп күбірледі.

Ханым оның жүзіне мынау не айтып тұр дегендей есеңгірей қарады...

— Әмірші ием дейсіз бе... Ол мұнда кіріп пе еді...

— Иә... Түнде келіп еді ғой... Бірақ, көп кідірмей шығып кетті.

Ханым бұны естігенде төсегіне құлап түсті. Шошып кеткен күтуші кемпір ханымның қан-сөлсіз жүзіне үңіліп, талып жатқанын аңғарды...

Содан ханым түсте барып есін жиыды. Қасында отырған қызметші кемпірден енді қайтып ештеңе сұраған жоқ. Ол да бұған тіл қатуға батылы бармай жүзіне жаутаң-жаутаң қарай берді...

Иә, ол өмірінде өз күйеуінің алдында, әміршінің алдында жаңғыз-ақ рет күнә істепті. Онда да өңінде емес, түсінде күйеуінің көзіне шөп салыпты. Бірақ, сол жалғыз қылмысының өзін әмірші пенің қырағы көзі қалт жібермей, үстінен шығыпты. Бұның бөлмесінде көп аялдамағаны — әйелінің түсінде шайтансырап жатқанын өз көзімен көргені ғой; ашулы шыққаны — бұның түсінде өзге еркектің құшағына кіріп, құштарлыққа берілгенін түсінгені ғой...

Енді ханымның көкірегіндегі шілденің тымырсық талма түсіндей шөгіп жатып алған қапырық қасірет бұрынғыдан бетер батпандай түсті. Содан қайтып ешкімге тіс жарып, ештеңе айтқан емес. Көкірегіндегі жан баласына сездіргісі кел-

меген жарақатымды бөгде құлаққа хабарландырып алам ба дегендей, тіпті үнлемейді де.

Сүйегін сүйреткен ебіл-себіл бір хәл. Енді ханымға бұл дүниеде, бұл тіршілікте ешқандай қызық қалмағандай. Дарға асса да, басын шапса да бәрі бір, өз күнәсін, өз қылмысын мойындап болған. Иә, ұлы әміршінің алдында тек өзі ғана күнәлі. Жас шебердің тырнақтай да жазығы жоқ. Өліп-өшіп ғашық болғанмен, мұның маңына бір қадам жақындап көрген емес. Түсінде де бұл өзге құшақтың ырқына өз еркімен берілді. Бар күнә, бар айып өзінде... Алда-жалда әлгі бір оқиға түсінде емес, өңінде болса, ол осылай істер ме еді, жоқ па еді, ол арасын өзі де біле алмайды... Бірақ баяғыдан бергі есінен адастырардай боп, есіл-дертін аударып келген ыстық інкәрінің не екенін енді жақсы біледі. Хан иеге өліп-өшіп ғашықпын деп жүрген ыстық махаббатының да жәй әншейін еркектің темір тегеуірінін аңсаған ұрғашылық екенін ұқты. Жас шебер ебін тауып, хан сарайдың ішіне еніп, бұның бөлмесіне кірер болса, кім біліпті, бұл түнде түсінде істегенін өңінде де істейтін шығар. Өңінде де балауса бала жігіттің ағыл-тегіл албырт сезіміне тайталасар, қарсы тұрар дәрмен таба алмай, нәпсінің еркіне берілер, қаншама хан торқаны киіндіріп қойса да, ұрғашы ұрғашылығын істемей қоя ма? Көңілін түсінде жеңген әзәзіл өңінде жеңбей ме... Ендеше, жар алдындағы, ақ неке алдындағы, алтынбасты таж иесінің абыройы алдындағы төмен етек қылмысы үшін шегетін жазаның қайсысына да пейіл.

Егер дәл қазір ол өзі кіріп, бұның шашын бір талдап жұлса, қойдай қып сабаса, жонынан таспа тілсе, көкірегін жайлап алған әзәзілдің қызыл құртының көзіне су құятындай қып, аяғына салып таптап, күл-паршасын шығарып, сүйек-сүйегін үн қып үгіп, әбден мылжа-мылжа қып, қайдағы бір қорқаулардың ортасына лақтырып тастаса, оған да ырза; мынау өз-өзінен дал болған пұшайман тіршіліктен соның өзі-ақ артық; бірақ, құдай, ең болмаса, бұған күйеуінен таяқ жейтін бақытты да қимапты ғой. Дүниеде бұндай тірі аруақ, тұл бейбақ бар дейсің бе? Соны ойлағанда өз бетін өзі тырнағысы, өз шашын өзі жұлғысы, мынау түк білмегендей тымсырайып тұрған тас қабырғаға өз басын өзі ұрып, мылжа-мылжасын шығарғысы келеді.

Ел көзінен қалтарыста, оп-оңаша өтіп жатқан ың-шыңсыз күндер мен тым-тырыс түндерде мынау құр сүлдерін сүйретіп жүрген қаңқаның әлде бір жеріне қонақтап ап, өздігінен шықпай жүрген шыбын жанның көзіне қалай су құюға болатыны жайында сан-сапат айла, амал ойлап табады, соның қай-қайсысын да жүзеге асыруға батылы да жететін сияқты; бірақ жеме-жемге келгенде бірін де істемейді.

Онысы бірақ қанша дегенмен аз күндік жарықты қимаған

қорқақтық емес-ті. Ол өзінің күнәкар денесін қандай жек көріп алса, мынау тіршіліктен де соншалықты жеріп біткен-ді. Ол анадағы түсінің өмірге деген, бақытқа деген соңғы күштарлығы, соңғы ықыласы екеніне әбден мойын ұсынып алғанды. Ондай түс көргеніне енді бұрынғыдай емес, өкінбейтін де, ұялмайтын да болған, бірақ енді оған сол күнді, сол бір сәтті қайта оралт деп тілеу қандай мәнсіз, қандай күпірлік болса, ондай тілек, ондай ықылассыз өмір сүру де соншалықты мәнсіз, соншалықты күпірлік сияқты көрінеді. Сондықтан оған енді қалған тірліктің құны бес тиын. Егер ұлы әмірші қазір өз кесімін айтып, бұны жазалар болса, соның ешқайсысына да қыңқ демей, пейіл болар еді. Ал өз басының мынау мәнсіз тіршілікке қол көтеруге ешқандай қақысы жоқ. Ханымның ондай қылығын елдің қандай саққа жүгіртіп, падишаның абыройына қандай нұқсан келтіретінін тайға таңба басқандай анық білмесе де, іші сезеді. Ақ некелі жарына ондай қиянат жасағысы келмейді.

Ал, әмірші болса сол баяғы тырп етпей жатып алған күйі. Бұл ертеден кара кешке дейін тырп етпей жалпак есікке жалтақтаумен болады. Қанша қарағанмен есік қылп етпейді. Сонда мынау абажадай кең бөлме оған тар лахаттан өткен тозақ боп көрінеді. Жүгіріп барып мұны өзге жарық дүниенің бәрінен оқшаулап, мынау бөлмені қапас зынданға айналдырып тұрған ауыр есікті балталап шауып тастағысы келеді. Сонда жаңқаланып сынып жатқан есікпен қоса бұның көкірегін қысып, жүрегін езіп, талмаусырап бара жатқан, өне бойын зірк-зірк қалшылдатып, безгекше безілдетіп жүрген ашу-ызаны да лақ еткізіп бір-ақ ақтарып тастар еді.

Бір күні күтуші кемпірді шақырды. Нөкер қыздарын ертіп, сыртқа шықты. Жол-жөнекей көзіне түсіп қалған қызметшілер де, сарай маңындағы сақшылар да бұған бұрынғысынша иіліп-бүгіліп тағзым етіп жатыр. Бірақ, өндері бұрынғыдай айбынып тұрмағандай, бұған мүсіркей қарайтындай; бұ да оларға көз салып жарымайды. Алайда тұстарынан өткенде ту сыртынан әлдекім тілін шығарып мазақтап тұрғандай, көк желкесі дуылдап қоя берді. Тіпті қасындағы нөкер қыздары да мұны сынап-мінеп келе жатқандай. Бұл баяғыда әмірші жоқта өздері емін-еркін асыр салған тоған маңына, көгал алаңға жоламай, бұрын көп бара бермейтін қалтарыс бұрыштарға бет түзеді. Бірақ, онда да көп аялдай алмады. Мынау көлденеңнің көзі көп бақ ішінде ауа екеш ауа да оған инедей қадалып тұрғандай. Қайтадан сарайға асығады.

Енді оған мынау жарық дүниеден бұйырғаны — осы бір жұтып қоярдай боп құлазып тұрған кең бөлме мен бақтың бір үзігін қамтыған көлдей терезе ғана. Ойлай-ойлай ой да сарқылған.

Сағыздай созылған ұзақ күн өтіп болмайды. Төңбекшіген

мазасыз түндер жан-жаққа елендеумен өтетін күннен де жаман. Өзінді өзіне мұңкір-нәңкір қылып, өзінді өзіне тергеткен жендет түндерде күндіз бажайлай ойлауға батылы бара бермейтін кейбір жайларды әбден түбіне жетіп адалап шығады. Қазір тек өзін ғана емес, өзге түгілі өзі де сезбеген бір ұрлығын жарқыратып жайып берген әлгі бір бозбала жігітті де, соған тап қылған анау көгілдір мұнараны да, сондай мұнара салдыруға ниетін құлатқан баяғы бір ұлы әміршіден сәлемдеме келетін күнді де, сол ойын жерден жеті қоян тапқандай қуана қостаған көп шуылдақ нөкер қыздары мен күтуші кемпірді де, соның бәріне түрткі болған бақ құмар ұлы ханымды да — төңірегіндегінің бәрін түгел жек көріп бітті. Тіпті, тап мынадай нағылет дүниеге мұны әкелген әкесі мен шешесіне де өкпесі қара қазандай.

Анау көлдей терезеден албастыдай боп төніп тұрған қап қара түнге де, күні-түні ауыз жаппай сыпсың-сыпсың сылдырап тұрған кішкене хауызға да, жамбасын абжыландай шағып жатқан төсекке де, анау күні кеудесінен басып, ойда жоқта көңілінің тұңғық түкпіріндегі тым құпия тілегін жарқыратып жайып салған мынау көрпеге де лағынет... Осынша тамұқтың бәрін көріп, бәрін біліп, төбесінен төңкеріле құламай тұрған көкке де лағынет... Осының бәріне шыдап, көтеріп жатқан көңтері жерге де лағнет; осынша сұмдықты ішіне бүгіп, талай-талай нәресте көңілдің маңдайын тасқа ұрғызған мынау тымырайған тымырсық қаныпезер дүниеге түгел лағынет...

Жер болған көңіл әбден ашынып, жарық жалғанның бәрін қарғағанда, тіпті алдамшы пәниді жаратқан хақ тәңірдің өзін нәлеттегенде, тек бір адамды ғана аузына алмайды. Ол — ұлы әмірші.

Ханым кейде өзінің сол мінезіне өзі қайран қалады. Шынында, мұның өмірін тамұқ қылып жүрген, ең алдымен, сол емес пе... Міне сарайдан шыға алмай сарғайып отырғанына әлденеше күн болды. Ол соны білмей жатыр дейсің бе?.. Ендеше, мұның күнәкәр көзін құртып неге тынбайды? Әлде өзі салған азап аз болғандай өкініш пен ызаға, өсек пен табаға, жанын жегі құрттай жеп жатқан қапырық қасіретке талатпақ па? Бұдан ызасын солай алғысы келген шығар.

Бірақ мұның осынша азап шеккенінен оның басына шығатын мүйіз қайсы, мұның жанын тырнайтын пыш-пыш оның жанын тырнамай ма? Ендеше, өзіне жақсы болса азаптай берсін, өмір-бақи естімеген не сұмдығын естіп алсын... Өзіне де сол керек. Мұның жас өмірін осылай күлді-көмеш қып, өксітіп қойған өзі ғой... Өз обалы өзіне...

Ханым мынау есірік ойдан шошып кетті. Не деп тантып барады? Тағы да баяғы төмен етек ұрғашылығына басты ма, алдияр тақсырға тіл тигізейін деді ме...

Алтын басты ханым екенін ұмытып, жайдақ етек қара күн құсап, бұнысы несі тағы?

Соны ойлағанда аза бойы қаза болды. Өзіне бұрынғыдан бестер жүрегі айнып кетті. Дереу кәлимасын қайырып, хақ тағаладан басқа күнәмді кешпесең де, ұлы әміршіге асыл сүйек басыммен тіл тигізген әлгі бір әзәзіл ойымды кеше гөр деп жалынды.

Енді ол құдайдан, әлгіндей боп алжаспай тұрғанда, асыл сүйегімді әзәзіл пиғылдарға аяқ асты қылмай тұрғанда жасаған иенің жаракты сотының алдына, өз күнәмнің отына өзім өртенетін күнге тез жеткізе гөр деп шын пейілмен сарқыла тілек тіледі.

Сол бір адал ақ тілеу көкірегіне шым-шым дарыған сайын екі көзінен шымырлап шыққан оттай ыстық мөлдір тамшылар қайтадан селдете жөнелді.

1

Дариядан өтерде ол күймеден шығып атқа мінді. Күймелер салға тиеліп жатқанда нөкерін ертіп өткелге беттеді. Шілденің іш тартқан кезі-ді. Таудан келетін жойқын су жаздағыдай арнаны керіп кетпей, жөнге түсіпті. Әдеткі қошқыл құла түсі сәл бозғылданып, лайытпай тұнық жөңкіледі.

Өткел тіп-тік жар арна кенет жайпауыт тартып, дарияның бала қыздың бұрымындай тарам-тарам боп, әлденеше жіңішке тармаққа бөлініп кететін таяздау тұсында еді. Бұл өткелден бұрын мағұрып пен машырықтың екі арасында әрлі-берлі тыным таппайтын керуендер болмаса бүгінгідей жер қайысқан ауыр қол өтіп көрмеген-ді. Содан ба екен, арғы беттегі жанбауыр жағалаудың екі бетінде жүк артқан керуендер, жақын маңдағы қыстақтардың қауын-қарбыз, жүзім, жеміс-жидек тиеген арбалары, салт атты есек мінген, қодас жетелеген базаршылар ығы-жығы ұйлығып қалыпты.

Қалың қолға жол ашып тұрған қарулы сақшылардан айбынған жұрт шерудің алдындағы көк найзалы көп нөкердің ортасында тек кекілі ғана мөлдей қара нысаналы ақбоз атқа мініп келе жатқан ұлы әміршіге ентелей қарайды.

Әмірші жан-жақтан көзін сатып тұрғандарға назар салған жоқ; қарсы алдында ұлан-асыр көсіліп жатқан құла түзден көз айырмаған қалпы ер үстінде шалқак отыр. Күміс ердің қасы мен болат үзенгі күн нұрына шағылысып, әміршінің онсыз да суық жүзін одан бетер сұстандыра түседі.

Қарлы шындардың ұшпа биіктерінен басталған адуын арынынан әлі арыла қоймаған. Жойқын дария жыбыр-жыбыр толқынға толы. Жымың-жымың кең арна ат тұяғы тигенде ~~десе~~ күлкісінен айырылып, әлем-тапырықтанып шыға келді.

Әмірші соның ешқайсысына мән бермеген маңғаз қалпы. Таудың тастай суық суы тірсегін шағып, аяғын үрке басқан сала құлаш ақ боздың басын бостау ұстапты. Жылға-жылға көп тарамның бәрінен сыр білдірмей өтіп келе жатқан жануар өзеннің ұлы табанындағы соңғы арнаға жете бергенде сүрініп кетті. Бейқам отырған ұлы әміршінің шалқак басы оқыс бұлғаң етіп, қамшы ұстаған қолындағы сұқ саусағынан әлдене сусып түсіп кеткендей болды. Жүрегі дір ете қалды. Қолына қарап еді — сұқ саусағындағы баяғыда үлкен қайынатасы

ажал аузында жатып, бұны өз орынына әмір қып тағайындаттырғанда салған, қасына зұлыстар елінен ғана келетін аса сирек тарғыл-тарғыл мысық көз тас қондырған күміс жүзік жоқ боп шықты.

Ол сұқ саусағындағы жүзіктің орынындағы бозаң тапқа қадала қарады. Екі қапталынан екі нөкер жігіт емпеңдеп жетіп қалған екен; ол көзінен ызғар шаша, оқыс жалт бұрылды да, бойын тіктеп ала қойды. Тізгінін тарта ұстап, қайтадан маңғаз қалпына көшті. Әміршінің қас-қабағын аңдап үлгерген екі нөкер үн-түнсіз орындарына жылысты.

Әмірші жүрегiнiң басын суық қармағандай жайсызданып қалды. Әлгiнi неге жорырын бiлмей дал боп келедi. Ол оны саусағынан еш уақ тастап көрген емес-тi. Қуғын-сүргiнде де, талай-талай алыс жорықтарда да қылп етпеген киелi жүзіктің бүгiн кеп аяқ астынан өз-өзiнен сусып түсiп қалғанын iшiнен жақсылыққа жорыған жоқ. Мынандай алыс сапар алдында тап болған бұл тағы қай тұспал?

Ол ендi манағысындай емес, әлденеге тiксiне бастады. Қол шаһардан шықпай тұрып, алдын ала жiберген шолғыншыларына ызаланып келедi. Өткел аузына құжынатып қарайған халықты иiрiп қойыпты. Осы жолғы аттанысы бұрынғы жорыққа аттанғандағыларына мүлдем ұқсамайды. Бәлкiм бәрi аяқ астынан қауырт шешiлгендiктен бе екен, әлде байтақ шаһардың тап iргесiндегi тоғыз жолдың торабы өткел басына жүргiншi жолатпау қиын ба — қайткен күнде де, дәл мынандай ызы-қиқы қара нөпiр оған ұнамай келедi. Әлденеден секем алғандай. Ол әрдайым жорыққа аттанып бара жатқанда әскер өтетiн, әсiресе, өзi өтетiн көшелер мен жол бойына көлденең көз жуытпайтын-ды. Қанша дегенмен, ит арқасы қиян алыс жорыққа, жарығы таусылмағандар болмаса, көбiсi өлiм құшатын жат жердегi шайқастарға жұрттың бәр-бәрiнiң түгел дерлiк риза бола қоюы екi талай-ды. Көп iшiнен не шықпайды, бiреу-мiреудiң көңiлiне қара қашып жүрсе, қапы қалмас үшiн әскер өтетiн көшелерге жан баласын аттатпайтын. Байтақ шаһарды басына көтерiп, керней шалып, дабыл қағып бара жатқан қарақұрым қолға қала халқы аулаларынан шықпай, тесiк-тесiктен сығалап қарайтын-ды. Содан екi түнемелiк жерге дейiн жол бойындағы жүргiншi бiткендi аулаққа қуып тастап отыратын. Бұл жолы бәрi аласапыран болды да кеттi, ондай-ондай ұсақ-түйек, тiптi, есiне де кiрмептi. Бәрiн өзiн айтып, жөн сiлтеп берiп отырмасаң көретiн күнiң қашан да осы. Сәл көзiң тайса, аузың тынса болды, жұрттың бәрi бос белбеуленiп шыға келедi. Талай жорықтың басы-қасында жүрген шолғыншы мындықтың басшысының мына қылығына әбден қанына қарайып отырса да, сырт көзге сыр алдыртпай, тiстенiп бақты. Осыдан ол неме тек көзiне түссiн, бәлем...

Әмірші көзінің қиығын екі жаққа кезек тастап қояды. Ақ-

бөз судан шықты. Екі қапталда — қаз-қатар тізілген найзалы сақшылар. Бәрі сіресіп қалыпты. Көк сүңгілердің ара-арасынан сақшылардың ту сыртынан ентелеп тұрған жай халық шұбарытып көрінеді. Арбалардағы теңкиген-теңкиген қауын-қарбыздардың, қап толы мейіздер мен зембіл-зембіл жүзім, жеміс-жидектердің әр алуан иісі аңқиды. Сол бір мұрын қыдықтайтын бейбіт иіс мынау судан шығып жатқан қара құрым қалың қолдың айналаға айбат шеккен үрейлі сұсын мәнсіздендіріп тұрғандай. Осы бір шыр айнала мұңкіп қоя берген күлді-көмеш от басы тірліктің күңірсік иісі әлде бір аярлықтан, бей-берекет жерде қайдан кездесері жоқ көлденең қауыптен сес бергендей.

Әмірші шалқақ басын еңкейтпей, қос қапталынан шыққан әрбір сыбыс-сыбдырға жіті құлақ түріп келеді. Көзінің қиығына қарауытып-қарауытып көрінетін самсаған көк сүңгілерден басқа ештеңе шалынбады. Сол көп сүңгілердің арасынан иін тіресе сығалап тұрған қара тобырдың қатары да барған сайын сирей түсті. Енді олар бұның көзіне анық түсе бастады. Жеміс толы арбалар таусылып, қатар-қатар шөгерулі жатқан сала мойын нарлар көбейді. Алыс елдердің әрқилы киінген саудагерлері тұстарынан өтіп бара жатқан ұлы әміршіге иіліп-бүгіліп тағзым етуде.

Бір уақыттарда шалғы түскен құрақтай жағалай жапырылып жатқан ала тақиялар, сенсең бөріктер, тығырық бөріктер, жалбағайлар, ақ сәлделер де таусылды. Оның осынау орылған шалғындай тып-типыл боп жылмиып жатқан жағада оқшау шошайған әлденеге көзі сүрінді.

Жан-жағының бәрі намазға жығылғандай, жаппай етпетінен түсіп жатқанда әлдекім есек арбаның үстінде басын иместен қалшыып қатып қалыпты. Әмірші мынау елден ерекше қиқар немеге амалсыз назарын тіктеуге мәжбүр болды. Жермен-жексен аласа арбаның үстінде өншен құмыралар ортасында қайыс қара біреу отыр. Терісі сүйегіне жабысып қалғандай. Басы кекшиіп кетіпті. Арбиған екі қолын алдына қусырыпты. Қаққан қазықтай тік отыр. Шекелігі шығыңқы жазық мандайдың астында екі жерден әлдене қарауытады. Ол көздің орыны... Мынау өне бойын арқанмен шандып тастағандай сіресе қалған қатпа қараның соқыр екенін әмірші енді байқады. Иә, дәл сол. Торсық шекесінен таныды. Әбден арыған. Өндірішегі сорайып шығып кетіпті.

Анада алдына келгенде өндірдей жігіт еді. Анау қазылып-қазылып кеткен екі білегінде бұлт-бұлт етіп бұлшық ет ойнап тұрғанды. Жас өспірім жігіттің дөңгелене біткен жазық маңдайына сонда да ең алдымен көзі түсіп еді.

Ол есіктен именшектей кіріп, тағзым еткен-ді. Әміршінің алдына келген кісінің қай-қайсысы секілді оның да жүзінде абыржу бар-ды. Бірақ, бір үлкен шаруаны бітіріп едім ғой деп, аяқты алшан тастап көстендей жөнелмей де, не қай ісімен жазып қалдым деп екі бүктетіліп елпен де қақпай, зерделі жас адамға тән бір жарасымды әдемі ибамен алдына кеп, жер тізерлеп отыра кетті. Сосын бүгежектей бермей бойын тіктеп алды.

Осы бір мөлдіреген әдемі жігіттің жүріс-тұрысы, кісіні ішпей-жемей тойғызатын сүп-сүйкімді ізеті әміршінің жүрегін мұз боп қарып алғандай болды. Қарсы алдында отырған балауса жігіттің адам жүрегін оп-оңай баурап алатын бір сиқыры бар екенін ол бірден аңғарды. Бірақ, қашан орнынан тұрып кеткенше оның дәл қандай сиқыр екенін біле алған жоқ. Жігіт өзінің неге шақырылғанын айтқызбай-ақ түсінген қалып танытты. Алайда ант-су ішіп ақталмады да, жалынып-жалбарынбады да, не салсаң да көндім дегендей, назарын төмен салып отыра берді.

Бұл оның жүзінен ұзақ уақыт көзін айырмай, үнсіз тергеді. Жігіт бәз-баяғы бір қалпынан міз бақпады. Әмірші біраздан соң босағада тізерлеп отырған бас шеберге ымдады. Жас жігіт қасына бас шебер кеп, иығынан тартқанда барып, басын көтерді. Бұл оның кереқарыс жазық маңдайының астында айналасына жұмсақ шұғыла шашып тұрған алақандай-алақандай екі нұрлы көзді сонда көрді. Сан қилы жұлдыздар жыпырлаған шілде аспанындай сан қилы сезімдердің сәулесін түгел жиған сол бір тұңғық жанар бұның көкірегіне біржолата орнап қалды. Онда «апырай, аман-есен жібергеніңіз рас па» деген үнсіз таңқалыс та, лып етіп тұтана қалған қуаныш та, шексіз ризашылық та, бірақ өз күнәсін жасырмай түгел мойындап тұрған, ар жағына сыр бүкпейтін ақ көкірек адалдық та, монтаны мүләйімді білмейтін шынайылық та, тіпті осының бәрі өң бе, түс пе дегендей дұдамал үрей де — бәрі-бәрі түгел бар-ды. Жігіттің жанарында ап-айқын сайрап жатқан әлгі сезімдер бұның көңілінде ешқандай күдік-күман қалдырмай, ұлы ханым қызыл алма жіберіп, тұспалмен білдіріп жатқан, бұл жоқта болған оқиғаның шындық екеніне көзін біржолата жеткізгендей еді. Содан сол бір тостағандай-тостағандай қос жанар көп уақытқа кейін бұның көкірегін қызыл шокша қыз-қыз қарып тұрып алған-ды.

Әмірші алдында отырған жас жігіттің анау ауыр есіктерден әрі асқан соң енді қайтып жарық дүниеге шықпайтынын, оған көр қараңғы тас зынданға жол түсіп тұрғанын біліп отырды. Бірақ, осы бір іші-бауырына кіріп бара жатқан жаудыраған екі жанарды көре отыра, көңіліне ешқандай аяныш

жүгірмеді. Жүрегіне сексеуілдің шоғындай боп қадала қалған әлгі екі от бұрынғыдан бетер тызылдатып барады.

Әрине, адамды бір көргенде арбап алады дейтін сиқыр көз әлгіндей-ақ болар. Жаудырай қараған әдемі қос жанар әуелі көңіліне аяныш орнатады, ет-жүрегінді елжіретеді. Еркектің шыдамсызының басын жұтып, әйелдің шыдамсызының абыройын төгіп тынатын қандай қара пәленің де басы әрқашан сол бір елжіреуік сезімнен басталатын-ды. Елжіреуік сезім де бір, ұстамайтын ышқыр да бір — екеуі де абыройыңды айрандай төгеді. Бұл ойлап тапқан жан баласы екі етіп көрмеген заң мен тәрдің басынан аттап өтпек мына бассыздық та, шамасы, содан өрбіген. Бұл әлгі шарифатта көп айтылған ібіліс пен әзәзілдің қайда жүретінін ақи-тақи анық білмейді. Алайда бұған сол пәленің қай-қайсының да жүретін жаңғыз мекені адамның көңілі ғана сияқтанады да тұрады.

Көңіл итке көз бен сөзден өтімді не бар?! Соны ойлағанда әмірші әлденеге өз-өзінен ауырлап сала берді. Көп уақытқа дейін жаңа ғана жас жігіт шығып кеткен тарс жабық есіктен көз айырмай қадалды да отырды. Ол өзі шығып кеткенмен нұр жайнаған екі көзін осында тастап кеткендей. Енді, міне, сол екі жанар көзге көрінбей екі босағадан бұл қайтер екен деп, әр қимылын міз бақпай аңдып тұрған секілді.

Ол айналасына көз жүгіртіп еді, назарына ештеңе ілікпеді. Әлгі бір жаудыраған монтаны екі көз ғайып болған есікке арқасын беруге бір түрлі батылы бармай, шегіншектеп, сылдыр-сылдыр су атып жатқан шытыра хауыздың қасына барып отырды. Көкірегіне темір тікен боп қадалып қалған екі мөлтен жанардан қайтып құтыларын білмеді. Сол бір желімше жабысып алған немелер енді өмір-бақи бұның қыр соңынан қалмайтындай. Одан қайткенде құтыла алады... Бәлкім жас шеберді алғаш көргенде ханым да тап осылай сенделген шығар. О да өкшелеп қыр соңынан қалмаған жымысқы екі жанардан қалай құтыларын білмей алас ұрған шығар. Бірақ әйел пақыр алас ұрғанда не тындырады. Соңынан қалмағанды омақастырар қайрат онда жоқ. Ұрғашының қашанғы қайраны біреу-ақ. Еркек басын беріп құтылатын жерден әйел намысын тонатып құтылады...

Жарайды... Ал, енді бұған қайтпек керек? Қарсы келгенді оңдырмайтын қаһарлы падиша мұндайда не істегені жөн?

Әміршінің қарап отырып тізгіннен айырылып, айдалаға лағып бара жатқан сергелдең ойы осы арада бір серпілді. Езуіне кекесін жүгірді. Әрине, құртып тынады. Ондай бөгденің қызылына сұғынған қомағай көзге құм құяды.

Әмірші көңілі бұл тұжырымын да кенеу тұтпай тұр. Сонда падиша басымен алдына жаутаңдап келген монтаны жанарға қайтып қылыш жұмсамақ! Айбат шегіп келетін ата дұшпаннан айналып кетпессің бе? Оқша атыла қараған ала көзді

күртып тынбағанда қайтпексің! Әйменнен өте қараған өшпенді көз сені де қаныңа қарайтып, жүйке-жүйкенді су тиген қыл арқандай шырқытыра түспей ме? Шықшытыңа құм толтырып қойғандай тісің шықырлап, өн бойдағы өжет қан бірден шекене шапшып, шымырлап шыға келмей ме? Ол қашан өзгенің қаны судай аққанда барып, арнасына түспеуші ме еді! Ондайда өшпендінің кеңірдегінен шүмектеп аққан қара қан жүрегінді Қап тауындай айқара басып жатып алған қапырық сезімді бір-ақ серпіп, көзін шырадай жанып қоя береді. Ал, именшек басқа қылышың тисе, атаңның аппақ сақалынан да қасиетті ақ алмаспен қотыр есектің құйрығын күзегендей масқара емес пе? Ондай пақырана біреудің төгілген қанын көргенде кездейсоқта көл бақа басып кеткендей тыжырынбассың ба? Әлгі неменің алақандай көзінен, ең болмаса, бір мысқал өшпенділік көрсе не дейсің? Бұның жанына бәрінен де сол батады.

Қылыштың жүзіндей алмағайып қиын тағдыр кешіп келе жатқан әмірші басымен бұрын-соңды дәл мынандайға кез боп көрмеген-ді. Көңілі ашудың да, ақылдың да ырқына көне алмай әрі-сәрі. Қанша бас қатырғанмен, еш тоқтамға келе алмады. Адасқан ойы қай тарапқа бұлтарса да, аш тазыдай сүмендеген ұры сауалға тап болды. Ол дәл осындай жаудырай қарайтын қос жанарды және біреуден көрген сияқты еді. Бірақ, қашан кімнен көргенін қанша ойласа да, есіне түсіре алмады. Ол да осылай мүләйімсіз мөлдірей қарайтын. Кімнен көріп еді соны... О да осындай өкпелеген жас баланың көзіндей ет бауырыңды елжіретіп жүре беретін жазықсыз жанар-ды...

«Жазықсыз жанар...» Әміршінің қырағы көңілі енді-енді арна түзеп, саралана бастаған ойынан осы бір сөзге сүрініп қайтадан мүдіріп қалды. Қайдағы жазықсыз жанар?.. Ақ некелі төсегіне көз алартса, одан артық атаңның басын шапқаны керек пе? Қосағыңның етегіне көзін сұқтағаны іргеннен найза шошандатқаннан кем оспадарлық па? Алтын тажды басын былай қойғанда, кез келген жұмыр басты еркекке одан асқан қорлық, одан асқан масқара бар ма? Басынып болғасын, бас ұрғаны не керек? Кез келген жалба тонды, жұлма тымақты қара таяқтың кешірмейтінін бұл қайтіп кешіре алады?! Еркек үшін ата-мекеннің тыныштығы, ата-бабаның аруағы, ақ некенің беріктігінен артық намыс жыртатындай не бар? Алтын басты азаматтың асқар таудай абыройын көбелек көңіл ұрғашының делең-делең етегіне тәуелді қылып қойған құдай шебер-ай! Жаратқан иенің еркек кіндікке жасаған жалғыз қысастығы болса — осы шығар.

Әмірші өз-өзінен күйініп, орнынан тұрып кетті. Әлгі бір жаутандаған монтаны жанар көзіне енді түссе, өз қолымен

ойып алар еді. Ол аяғын ауырлап басып, терезенің алдына беттеді. Жете беріп, аң-таң тоқтап қалды. Жаңа ғана «енді көзіме түссе, бәлем» деп тістеніп тұрғаны жаутандап тағы алдынан шықты. Бақтың төбесінен бой асырып тұрған көк мұнара бұған дым көрмегендей мөлдірей қарайды. Жаңағы бір есіне түсіре алмай отырған монтаны қарасты ол баяғыда осы мұнараның бойынан көрген екен ғой. Ол үн-түнсіз жалбарынып тұрған мұнараның бұл сиқырына алғаш көргенде-ақ назар аударып еді. Бірақ оның мынандай сырына түсінген жоқты. Бақса, бар гәп осында екен ғой. Мына мұнара ханымның терезесінен де күні бойы осылай жаудырап қарап тұрмайды дейсің бе? Ол да мұны алғаш көргенде қайран қалған шығар. О да мұнараның мынандай сиқырына кейін түсінген болар. Шебер өзі салған мұнараға көңілінде жүрген іңкәрін бейнелепті. Аузы жетіп айта алмайтынын мұнарамен білдіріпті. Күні-түні терезесінен телміре қарап тұратын мылқау мұнарадан ханым ойымды өзі-ақ түсінер десе керек. Монтаны жігіт, бақса, жер түбіндегіні ойлайтын жұлын күрттың өзі болып шықты.

Тәйірі, еркектің соры сөзінде де, әйелдің соры көзінде емес пе? Еркек неме айтқаныма жетіп тынам деп тыраштанса, әйел неме көзіме көрінгенді немденіп тынам деп әуре болмай ма? Сондықтан да, көңілі сөзден азатын еркек кіндікті көлденен сөзден сақтандырған ата-баба әйелді көлденен көзден қорғаштап баққан ғой. Ақ некелі қосағының құшағынан табылатын төсектен басқа жердің бәрінде де ұрғашының көзін қара түндей қара нердемен қымтап ұстаған ата-баба соның бәрін білмей істеді дейсің бе? Ол неменің көзін ашып қойғаннан гөрі етегін біржолата шашып қойғанның өзі дұрыс. Көзі көргенге құмартпай тұрар ұрғашы ма? Құмартса болды, ол пақырлар құмарына жетпей сірә, тынар ма?

Бұған енді бәрі де түсінікті болды. Ханым әуелі мынау күлімдеген көркем мұнараға қайран қалды. Сосын адамның ақылы жетпейтіндей сиқыр мұнара тұрғызған шеберді бір көруге құмартты. Көріп еді, жас жігіттің іші бауырына кіріп бара жатқан әдемі жанарына арбалды да қалды...

Сонда оны әзәзіл жолдан ақ некелі қосақ еткен бұның абыройы, тажы мен тағы, ата-ананың батасы, көлденен жұрттың көзі мен сөзі — ештеңе кідірте алмағаны ма? Ең болмағанда, ай астындағыларды түгел дерлік тітіркендіретін айбарының да бөгет бола алмағаны ма? Соның бәрі ашқарак нәпсі мен адасқак көңілді айқара бүркеп тұратын жылқының құйрығынан өрілген алақандай қыл перденің орынына жүре алмағаны ғой! Жарайды, сайтан иектегіш ұрғашының қомағай көрсе қызар нәпсісіне сенбей-ақ қоялық, бірақ сонда хан сарайына сырттан көлденен жігіт түгілі тірі шыбын кіргізуге тиісті емес сақшылар не бітірген? Ханымның соңынан бір қа-

дам қалмауға тиіс нөкері мен оны көзінен бір елі таса қылмайтын күтуші кемпір қайда жүрген?

Әмірші сол түні төңбекшумен шықты. Таң атқанын асыға күтті. Күтуші кемпірмен сөйлесіп көруге бел буды. Көңілін егеу құйрықтардай жабыла кеміріп жатқан көп күмәнның басын бір қайырса сол күтуші кемпірдің жауабы қайырады.

Ертеңіне таңертең даяшы әйелден күтуші кемпірді шақыртты. Күтушінің баз-баяғы қалпы. Суда жүзіп келе жатқандай ұзын көйлегінің етегі дір-дір етіп, қалқи басады. Қашан қасына жетіп болғанша әміршінің ішін пыстырды. Ақ төсегінің қырағы күзетшісі еңбегі өтіп кеткен жанша тым шалқалап қапты. Ұйқылы-ояу жүзінде қысылу-қымтырылудан атымен нышан жоқ. Әміршінің зығырданы қайнап отыр. Алдымен осы малғұнның көзін құрту керек екен. Жалпак жаһан құрақ ұшқанда осы-ақ батпансиды да жүреді. Ұлы әміршінің тажсыз баратын жерінде қызмет ететінін бұлдай ма, тіпті айылын жиса не дейсін! Бұрынғы мардамсығанын бір жөн дейік. Ал мына қазіргі кергуіне жол болсын! Бұл өзі жоқта не болып, не қойғанынан әлі бейхабар деп ойлайды ғой, шамасы.

Күтуші кемпір қасына келді. Кеудесін басып тағзым етті. Сосын манаураған маңғаз кейпі, не айтайын деп едіңіз, құлағым сізде деген кісіше бұған назарын тіктеді.

Әмірші мынау алдында түк болмағандай салғырт тұрған кемпірге қапелімде не дерін де білмей қалды. Бірақ, бүкіл сарайда оның алыстан орағытып жатпай, істің жөнін бірден сұрап, бұқпантайсыз әңгімелесетін адамы — қазына бастығы мен осы күтуші кемпір-ді. Бұл жолы да зіркілдетіп алып бара жатқан ашуын зорға іркіп, жарықшақтау шығатын қоңыр даусымен бірден әңгіме бастады. Сөйлеп отырғанда тіке қарайтын шегір көзін кемпірдің жүзінен айырмады. Күтуші кемпір бұны әуелі үйреншікті әдетімен біразға дейін енжар тындады, сәлден соң барып, осыны шынымен айтып тұрма, әлде әмірші адамның бағыныштыларымен ойнайтын көп «мысықтышқанының» бірі ме деген кісіше, селдір кірпігінің астына әзер жасырынған ала көзін оқыс тірілтіп, бұның жүзіне бажырайып бір қарап қойды. Бұдан айбынды ма, жоқ әңгіменің төркінін аңғарып қалды ма, ала көзін сабаудай-сабаудай сида кірпіктерінің астына қайтадан көміп алды. Бұның одан арғы әңгімесіне үнсіз құлақ тосты. Бір уақыттарда орақ мұрынның астында жығынқы жатқан төрт-бес тал қылтанақ мұрты тікірейіп шыға келді. Бір шамаға дейін солай тікірейіп тұрды-тұрды да кенет қайта сұлады. Қан-сөлсіз сұрғылт қаймыжық ерініне жымысқы күлкі жүгірді. Күтуші кемпірдің езуіндегі күлкіні көргенде, бұл сөзден тыйылып қалды. Кемпір әміршінің неге тоқтағанын бірден түсініп, езуіндегі жымысқы күлкіні жым-жылас өшіре қойды. Иіліп тағы да тағзым етті. Бірақ

әмірші ендігі сөзді оның өзінен тосып, тым-тырыс телміре қапты.

Енді әңгімені күтуші кемпір бастады. Әміршінің аузынан шыққан әлгіндей сөздерден соң да ол бәз-баяғысынша нып-нығыз. Даусында да діріл жоқ. Аспай-саспай сөзіне кірісті. Оның мынау байсалды дауысы, сабырлы жүзі, жалтармай тура қараған батыл жанары әміршінің өзін аласарта түскендей. Әмірші сыр бермеуге тырысып, тырп етпестен тыңдап отыр. Қобалжыған көңілін талайды тергей, тыңдай үйреніп қалған сұсты жүзінің тасасына жасырып, күтуші кемпірден көзін айырған жоқ.

Күтуші кемпір айтарын айтып болғанда барып, иегімен «жүре бер» деп мегзеді. Қызметші иіліп сәлем етіп, манағысындай манаурамай аяғын ширағырақ басып шығып кетті.

Әмірші кемпірдің әлгі әңгімесін миына кірмейтін шымшытырық шытырман бірдеңе тыңдағандай, басы мен аяғын таба алмай, дал болып отыр. Сонда кешегі шебердің күштым деп отырғаны ханым емес, басқа біреу болғаны ғой. Әміршінің қас-қабағынан қорқып қалған қалтырауық немелердің тапқан ақылдарының түрін-ай! Қиқар жігіттің басын қырқып тынатын жерде сау бастарына сақина тілеп алғандарын қарашы! Апырай, әлгі неменің дәмесін қарай гөр! Падишаның ақ некелі төсегіне сұқтанған сұғанақ неменің көзін қалай құртса да, күнә емес. Оның үстіне ол қазір дегеніме жеттім, ханымның қыпша беліне қолым тиді деп жүр ғой. Кеше мұның алдына келгенде де, кешірілмес күнә жасап қойғанын әбден мойындап отырмады ма? Ендеше оның сол бір есірік ойын өзімен бірге құртып тыну керек. Шама-шарқын білмей, аспандағыдан дәметкен нысапсыз көзіне құм құю қажет. Енді мұның ішіне қатқан қанды сол күнәкар неменің дірдектеп аққан қор қаны ғана жуып-шая алады. Оның арам пиғылындағы мұның ақ некелі төсегіне түскен дақты ақымақ басын жалмаған ақ алмастың жүзіне жұққан қан ғана кетіре алады. Тек көлденең көз ештеңе байқамайтын, көлденең құлақ ештеңе естімейтіндей қып тып-тыныш жайғастыра алса болғаны.

Бірақ ел құлағы елу, олардың ештеңе естімеуі мүмкін бе? Тезірек жансыздарын базарға жіберіп, қара тобырдың не деп көкіп жүргенін білгені жөн.

Әмірші астамшылық ойлаған шебердің монтаны жанарын қалай құртудың қамына шындап кірісті. Бұрынғысындай емес, бір түрлі бойы сергіп қалғандай. Көңілі быксық көп күманнан арылды. Оның орнын енді өзегін өргіше жалап бара жатқан өшпенділік жайлап алыпты.

Жансыздарды базардан не естіп келер екен деп тыпырши тосты. Көп ретте аузын бағып қарап жүре алмай, қайдағы жоқ қаңқу таратып жүретін қара тобыр бұған не істеу керек екендігін өздері айтып беріп отыратын-ды. Бұл жолы да ол

әлгі жігіттің жазасын жұрт аузындағы лақапты естіп алып кесуге бел буды.

Жас шебердің хан сарайға шақыртылғаны әлі ел құлағына тиіп үлгермесе керек, базарға әзір ешқандай алып қашты лақап тарай қоймапты. Ол енді жансыздарын шебер жігіт тұрған махаллаға жіберді. Махалла тұрғындарының айтуынша, шебер тұрған үйдің қожайыны әмірші оны жана бір керемет мешіт салдырғалы шақыртыпты деп көкіп жүрген көрінеді. Әміршінің құлағына мынандай жай әншейін даракы дақпырт тап онша жаға қоймады. Ол базарға жансыздарын араға біраз күн салып барып жіберуге бекінді. Сонда жұрт жас шебердің сарайдан осынша уақыт оралмай қалғанын қандай саққа жүгіртер екен?

Жаздың кербез әйелдің жүрісіндей мандымай қоятын мимырт күндері ұзақ сарылтып өтіп жатыр. Құлағына елең еткізердей еш хабар тие қойған жоқ. Ұлы ханымның сарайынан да ешкім ат ізін салмай, тым-тырыс жатып алды. Әміршінің қызметшіден қызыл алманы кім жіберді деп сұрағанын естіген соң, енді қайтер екен, енді не болар екен деп, тың тыңдай қалыпты. Күллі дүние бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, сестерін шығармай, әлдеқандай бір көзге көрінбес мың сан сиқыр тесіктерден бұның әр қимылын қалт жібермей, жабыла аңдып, сығалап тұрғандай. Әмірші қапас зынданға кешегі шебер жігіт емес, өзі түскендей, ұзақты күнге тырп етпей отырады да қояды. Мынандай түбі шикі шаруаны алдымен ел аңғарын біліп алмай тұрып, жайғастыра салуға артынан тағы қандай қаңқудың өре түрегелетінін біле алмай дал болады. Қашан да тұтымындағы жұртты таңқалдырып үйреніп қалған басы өзі туралы ел арасына тарайтын ертеңгі лақаптың ұзын ырғасын алдын ала аңғарып алмай тұрып, ештеңе істемейтінді. Әншейінде сәл нәрсені өрт тиген қаудай лаулатып ала жөнелетін жұрттың аузына бұл жолы нендей тыйым бола қалғанына, қанша ойланса да, түсіне алмай қойды; әмірші мықты болса, біздің лақабымызсыз өз бетімен іс тындырып көрсін деп, уәде байласып қойғандай, тырп етпей жатып алды.

Әмірші мынандай меңіреу тыныштықты ішінен сан саққа жорып бақты. Бірақ ешқайсысының қисыны келмейтін сияқты. Шаһар халқының арасында көздерінің жауын алып тұрған көркем көгілдір мұнараны тұрғызған жас өспірім жігіттің аяқ астынан үн-түнсіз жоғалып кеткені жайында еш қандай қаңқу тарамауы миға кірмейді-ақ. Хан базардағы қарайған халықтың көзге ұрып тұрған көк мұнара жайында ауыздарына үн толтырып қойғандай, жақ ашпай қалғандары, сірә, тегіннен-тегін болмаса керек. Әлде бұл жуырда ғана білген сұмдықты олар баяғыда-ақ естіп біліп қойған ба? Әрине, солай. Жұрт жаңа мұнараның соқырға таяқ ұстатқандай көзге бірден түсетін тосын сиқырын әлдеқашан-ақ талай саққа жү-

гіртіп үлгерген-ді. Бұл түсінгенді олар түсінбейді дейсін бе? Енді сол сұмдық маскара тістерінен шықса, бастары кететінін біліп, іштерінен тынып пұшайман боп жүрген шығар. Сонда осыншама халықтың арасынан бір көбік ауыз көкіменін табылмағаны ма? Әлгіндей сандырақ ауызынан абайсыз шығып кететіндей есерсоқ ешкім болмағаны ма? Бұл қаншама қылышынан қан тамып, қатан тәртіп орнатқан күнде де ел аузына дәл осындай берік құлыптың салына қалуы мүмкін бе, сірә?!

Әмірші осы бір масадай жабылып жатқан мазасыз сұрақтардың ешқайсысына қисынды жауап таба алмады. Маңайы түп-түгел масасы мен сонасы қаптаған қара балшыққа айналып кеткендей. Аяғын аттаса болды, аранын ашып жатқан жұтпа ұйық бірден тұңғиығына тартып ала жөнелетіндей. Есік жаққа телміріп, тырп етпей отырады да қояды.

Алтын шайған абажа есік апталар бойы қылп етпей тұрып алды. Ақырында әміршінің пәлен күннен бергі сарыла күткен шағы да келді. Абажа есік жайлап ашылып, ар жағынан жансыз көрінді. Бүгежектеп ішке озды. Бұның қарсы алдына жетіп тоқтады. Иіліп-бүгіліп тағзым етіп, бұның аузына қарап тұрып қалды.

— Иә, не естіп, не білдің?

Жансыз бұның жүзіне жалтақтай қарағыштап, әңгімесіне кірісті. Базардағы жұрт әмірші енді мынандай мұнара өз астанасынан басқа ешқайда салынбасын деп, шебердің екі көзін ойып алып, қанғыртып жіберіпті десіп жүрген көрінеді. Әмірші жансыздың жүзіне ұзақ тесіліп отырды да, бара бер деп есікті нұсқады. Жансыз жылысып шығып кетті.

Әмірші арқасынан ауыр жүк түскендей, орнынан атып тұрды. Шуылдақ тобырдың айтып жүргені, шынында да, миға қонады. Біресе күлімдеп жайнап шығатын, артынша-ақ өкпелеген жас баладай жәудірей қалып, қырық құбылып тұратын мынау сиқыр мұнараның тек аспан астындағы ең ауыр тәж бен ең биік тақты иемденген бұның ғана астанасында тұруға лайық екені де рас. Ондай әсем мұнараны басқа қалаларға да салып, бағасын түсірмеу керек дегендерінің де әбден жаны бар. Ендеше мынау жарық жалғанда енді мұндай мұнара салынбауға тиісті. Ондай аса сирек өнер қонған бір туар шеберлердің қашанғы киетін кебін әлгі жас жігіт те киісін. Қай-қай әмірші де ондай шеберді өзінен басқа ешкімнің қолына түсіргісі келмейді. Ендеше сол көп шуылдақтың дегендері-ақ болсын! Дәл мынадай көрікті мұнара бәрібір аңыз таратпай тұра алмайды. Ендеше оған лайық аңыз табылды. Естіген құлақтың қай-қайсысына да бірден қона кететін әбден қисыны бар лақап.

Әмірші көптен бері өз бөлмесінен аттап шықпағанды. Сол күні бақ ішінде серуен құрды. Өзі жақсы көретін оңаша бұлақтың басына барып, ұзақ ойланып отырды. Жер қойнынан

сықылықтап күліп шығып жатқан мөлдір су баяғыдай ширыққан жүйке-жүйкесін түгел балбыратып, өне бойын бір бейжай сезімге бөледі. Әмірші екі шекесін қаусатып жіберердей сығып жатқан батпан зілден құтылып, омырауын ағаш-ағаштың арасынан ұрлана өскен майса самалға рақаттана тосты. Дүние балбырап тұр. Күлегеш бұлақ ауыз жаппай сықылық қағады. Ағаш басы сыбырласып, сусылдасып мәре-сәре. Асылы, пенде пақыр қайдағы жоқ азапты өзі ойлап табатын болса керек. Қайдағы жоқ қапырық сезімге беріліп, жоқтан өзгеге қамығып, зари қабатындай, соншама не бола қалып еді? Есірік дәмеге берілген есер неме тиісті жазасын тартады. Ол неме енді ешкімге сылқым мұнара да салмайды, ешкімнің басын әзәзіл боп арбай да алмайды; көрген жанның іші-бауырына кіріп бара жататын жаутаң-жаутаң қос жанарын жел қуық сәуіріктерді піштіретін қанды қол жендетіне өткір қанжармен ойғызып алдырып тастайды. Онымен ғана қоймайды, ханымды құштым деп ойлап жүрген пәтшағар ертең біреу-міреуге аузына келгенді көкіп қоймасын деп, тілін де қырықтырып тастайды. Сосын ол найсап бұл дүниеде үн-түнсіз күн көріп жатқан көп мақұлықтың бірі боп меңіреу тірлік кешеді...

Ол сол түні жайлы ұйықтап шықты. Ертеңіне таңертен зындан бастығын шақыртқалы отыр еді, кіріп келе жатқан кіші ханымды көрді. Ханым есіктен аттай бере, иіліп тағзым етті де, мамырлап басып төрге озды. Бұның қасына жете бере мүдіріп тұрып қалды. Қақ маңдайындағы күрен лағылға шағылысып жарқ-жұрқ ете қалған қос жанары бұрынғыдай емес, қазылыңқырап кетіпті. Өні де құп-қу. Ханым сынық жүзін бұған тіктемей, бір қырын отырды. Әмірші оны мынандай ойда жоқта кіріп келер деп күтпеп еді. Қапелімде не дерін білмей, қысылып қалды. Сосын біраз уақыттан кейін барып, алдындағы ез-өзінен азып-тозған кіші ханымды аяп кетті ме, қолын созып қасына шақырды. Мұның қолы тиюі-ақ мұң екен, бір қырын отырған ханымның ұзын кірпіктерінің ұшынан әлденеше мөлдір тамшы мөлт-мөлт тамып кетті. Кіші ханым әміршінің қолына ерінін басып, аяғының астына гүрс құлап түсті. Екі иығы селк-селк етіп, ағыл-тегіл жылап жатыр. Күні кеше ғана өзіне дүниедегі ең жексұрын адам боп көрінген, осы бір жас балаша өксігін баса алмай солқ-солқ жылап, аяғының астында жатқан әйелді қайтерін білмей, әмірші абдырап тұрып қалды. Осыдан аз ғана күн бұрын дәл осылай аяғына кеп жығылса, не істейтінін кім біліпті, бұл жолы ол қараптан-қарап жүдеп, иіні түсіп, азып-тозып кеткен ханымды мүсіркеп тұр. Төмен еңкейіп, қарынан тартып тұрғызып алды; сосын ығысып қасынан орын берді. Кіші ханымға ештеңе айтқызғысы келмегендей, оның өрттей лапылдаған жұп-жұмсақ екі алақанын қолымен басып, үнсіз қалды. Ханым әлі жылап отыр. Көптен бері көкірегінде тұрып қалған ащы жас,

шамалыда таусылар емес. Әлден соң әміршінің мына үнсіз аялағанын көңіліне медет қылды ма, жұбанайын деді. Омырауын өртеп бара жатқан ызаның ащы жасы сарқылған соң, ханым енді не істерін білмей, абыржып сала берді. Әмірші де ештеңе сұрамады. Екеуі үн-түнсіз әрі отырды, бері отырды. Біраздан соң ханым өзінің мына отырысына ынғайсызданып, кетуге оқталды. Әміршіге тағзым етіп есікке қарай беттей бере, қайтадан кідірді. Сосын біраз уақыт әлденеге батылы бармай, мүдіріп тұрды да, төменшіктеп тіл қатты.

— Хан ием, сіз мұнараны салған шеберді қаматып қойып па едіңіз?

Әмірші ханымның мынау төбеден түскендей тосын сұрағына ішінен қайран қалып тұрса да, байсалды қалпы жауап берді.

— Иә.

Ханымның екі беті ду қызарып кетті. Әлгі сұрағын өзі орынсыз көріп қысылды ма, әлде бойын басқа бір сезім биледі ме, бұның аяғына қайтадан жығыла беріп еді, әмірші шын-тағынан сүйеп қалды.

— Оның ешқандай жазығы, жоқ. Ештеңе де болған жоқ.

— Білем.

Ханым рас айтып тұр ма дегендей, көзін көтеріп, әміршіге қарады. Оның жүзінен ашу көрмегеніне таңырқап үн-түнсіз тұрды-тұрды да, есікке беттеді. Әмірші, қашан шығып кеткенше, одан көзін айырған жоқ. Ханым есікке жете беріп, артына бұрылды, әміршінің не ойлап тұрғанын аңғара алмаған кісіше, жаутандай бір қарады да, айран-асыр қалпы шығып кетті.

Ханымның мына келісіне әмірші де қайран қап тұрғанды. Бұрын-соңды ол ұлы ханымның өзін үстіне сұраусыз бас сұқтырып көрген емес-ті. Кіші ханымның бұл қылығын қалай түсінуге болады? Әлде жорықтан оралғалы бас сұқпай жатып алған бұны көріп сағынышын басқысы келді ме? О да мүмкін ғой. Оның үстіне ұлы ханым жіберген қызыл алманың жайын о да естімеді дейсің бе? Өз-өзінен қапаға тұншығып, жарылып кетердей болған соң, не де болса барып, бет жүзін көріп қайтайын деп нар тәуекелге бел буған ғой.

Әміршінің жүзінен ашу көрмеген соң, көңілін басып, өз бөлмесіне кеткен шығар. Бірақ бас жоқ, көз жоқ, бірден жас шеберді сұрағаны несі? Бет-моншағын белбеуіне түйіп келгендегі шаруасы жалғыз-ақ сол шебер жігіттің жайы ғана болғаны ма? «Оның ешқандай жазығы жоқ». Бұл не дегені? Әлде әлгі жас жігітті қанды жазаның құрығынан құтқарып қалғысы келді ме... Ендеше неге жалынбады, жалбарынбады. Мұның әлгі «білем» деген бір ауыз сөзін кешірімге жорыды ма екен? Иә, ол екеуінің арасында ештеңе болмағанын бұл біледі. Бірақ ажалдан да тайсалмай, аспандағы айға қол созған ессіз

жігіттің алтын тажды падишаның абыройына дақ түсіре жаздаған астамшылығын бәрібір кешірмейді. Әлгі көп шуылдақтың ештеңе естімей жатып, ауыздары қышып, көкіп жүргендерін тезірек шынға шығаруы қажет.

Әмірші өз көңіліндегі бір түйткілдің шешуін таба алмай-ақ қойды. Ханым жаңа есіктен шығып бара жатып, артына бұрылып неге қарады? Оның жаудыраған жанарынан бұл бір түрлі үрей сезгендей болды ғой. Ол мұның сыртқа сыр шашпайтын сұп-суық жүзін бүгін көріп тұрғандай, соншама неден сескенді? Әлде айтқан сөзінің бұған ешқандай әсер етпегенін көріп, тіксінді ме екен? Сонда бұл оның әлгі сөздері әсер еткенде не істеуі керек еді! Қапас зындандағы жас жігітті босатып жібер дейді ме? Ханым көңілінің қалауы не? Бұл оған жанға тиердей, шошытардай ештеңе айтқан жоқ. Ештеңені бетіне салық еткен жоқ. Ендеше ол осыншама неге үрейленеді? Әлде шебер жігіт жазаға ұшырап қалады деп қорқа ма? Абыройын аяқ асты қыла жаздаған ақымақ немені ханымның бүйтіп аяйтыны қалай? Қайта қара табан есерсоқтың әлгіндей оспадарсыздығын келіп өзі айтуы, қалың жұрттың алдында қара бет қып жазалауды талап етуі, сүйтіп күні ертең көп шуылдақтың сасық ауыздарында қеткелі тұрған абыройын ақтап алуы керек емес пе еді? Оның орнына бүгін кеп, ашып айтпағанмен, әлгі бұзақыға кешірім тілегендей рай танытты. Осының өзі әлгі немеге, шынында да, көңілі кетіп қалғаннан сау ма? Әйтпесе, бұның алдына қайдағы бір ку шұнақ құлға рақым тілеп келе ме? Жоқ-жоқ, бұнда бір гәп бар. Қісі бетіне тіктеп қарауды білмейтін ұялшақ кіші ханымның бұл келісі тегін келіс емес, ол не де болса, жанын шүберекке түйіп, нар тәуекелге бел буып келіп отыр. Басын өлімге тіккенге барабар қылық. Әлгі немеге жаны шындап ашымаса, ол мұндайға өлсе барар ма? Сонда... Сонда... Күтуші кемпірдің анадағы айттып жүргені не боп шықты? Әлгінде ханымның өзі де: «Арамызда ештеңе болған жоқ», — деп ант-су ішіп еді ғой. Соның бәрі жалған болғаны ма? Жоқ. Жоқ... Ханым мынау терезеден күні-түні телміре төніп тұрған әзәзіл мұнара тұспалдаған әлдеқандай жұмбақ аңсарға ханым тіпті де кет әрі болмаған. О баста-ақ, оспадарсыз жігітті аяп, оған нөкер қызын жібергенде де тек өзінің абыройын ғана емес, мұнара тұрғызған жас жігіттің басының амандығын да ойлап істеген. Ендеше оған көңілінің әуелден-ақ құлағаны. Бірақ алтын тақты хан сарайдың аруағын да аттап кете алмапты. Албырт жігіттің асау дәмесін жазғырмаған да, жазаламаған да...

Әміршінің ойы жылан арбаған торғайдай бір төңіректен шырқ айналып шыға алмай қойды. Бірақ мынау жер астынан жік шыққандай ойда жоқта сап ете қалған сұмпайы тұспалға көңілі әбден құлап тұр. Бәлкім, ханым өз құшағына ынтық болған асау дәмелі албырт жігітті тек мүсіркеп қана қоймай,

өзі де алабұртып аңсаған шығар. Есіне анау жолғы түнде ханымның бөлмесіне барғаны сап ете қалды. Енді тапты... Ханымның сол жолғы түсінде құшып жүрген еркегі басқа ешкім де емес — энеу күнгі монтаны жігіт. Ханым онымен өңінде болмағанмен түсінде табысты. Ендеше ол сол бір жайнақ көз жас жігітпен өмірінде болмағанмен, көңілінде әлдеқашан қауышқан. Көңілінде ол ханымға бұдан гөрі әлдеқайда жақынырақ... Жаңа да соның жолына жанын құрбандыққа шалуға пейіл болып келді. Ал бұл болса шаршы ғаламды түгел тітіренткен әмірші басымен түкке түсінбей, бала құсап, жылады екен деп мүсіркеді. Өмір бақи істеп көрмеген осалдығын жасады. Ұрғашының көзіндегі жас та бір, көзбаушының қолындағы алтын да бір — екеуінде де опа жоқ. Ханымның ақ неке төсегіне қаншалықты адал екенін энеукүні түнде көзімен көрмеп пе еді? Ол өңінде аттай алмай жүргеннен түсінде аттап, өңінде істей алмай жүргенін түсінде істеп тынған жоқ па еді? Ендеше ханымның өңінде бұның алтын тажды басының абыройын аттап кете алмай жүргені де қай ұрғашының да, қапелімде, тар төсекте алғаш табысқан бөгде еркекке аш беліне қол апартпай, бір қауым уақыт қарсыласатынындай жәй әншейін құр мезірет қана екен ғой.

Әміршінің ойына осы түскенде, өңменіне әлдекім пышақ сұғып алғандай болды. Оның талайды көрген жұмыр басына бұрын-соңды дәл мынандай жарақат түскенін көрмеп еді. Мынау ол бастан кешіріп көрген жәбір мен жапаның еш қайсысына да ұқсамайды. Ол тұрған жерінде күлге айналып бара жатқандай сүлесок шөгіп, шөжіп отыра кетті.

III

Әмірші бұл дүниеде ештеңеге құлқы болмай сұлқ жүр. Базардан күніне сан сапат шапқылап келіп жататын жансыздарды да енжар тындайды. Зындандағы шеберді жазалауға да асыға қоймады. Күні кеше ғана көкірегін зірк-зірк қайнатқан өшпенділік те жым-жылас жоғалған. Оңаша бөлмеде ертеден қара кешке миын жейтін ащы ішектей шұбатылған қым-қуыт ойлар әншейінде жүрек қыжылдатып, намысқа шабатын нәрселердің бәрін түп-түгел мәңгідендіріп жібергендей. Әміршінің ештеңеге құлқы соқпайды, ештеңеге асықпайды. Тіпті бұған дейін бір сәт бастан кешіріп көрмеген мына ахуалының сырын түптеп білуге де зауқы болмады. Ебіл-себіл бір тіршілік. Бір бұйығы мұң өне бойын дел-сал қып, әлсіретіп барады. Бұрлықтырып, белін жаздырмай, бүгежектетіп бара жатқан тымырсық жарақат. Ең болмаса жанымен қайғы қылатындай қып, қансыратып бебеулетпейді де.

Әмірші абайсызда басын жартасқа соққан асау шортандай әлденеге мәңгіріп қалыпты. Жер түбіндегіні ойлап, көріп-

біліп отыратын сұңғыла басымен үш ұйықтаса түсіне кірмеген мынандай соққыға тап болды. Өзіне қиянат қылғандардың қай-қайсысы сияқты шебер жігіттің де көресіні көретінін іші біліп отыр. Бірақ, оны қайтып азаптаса да, өші қайтатын емес сияқты. Оның күнәға ынтыққан арамза жүрегінен аққан қарақан бұның жанындағы жарақатты бәрібір жуып-шая алмайтындай. Қайта ол мұның өне бойын зіркілдетіп алып бара жатқан ашуды да, күні кеше ғана көкірегін аш мысықтай тырналап баққан ақи көз өшпенділікті де, тіпті алтын басты әміршінің мынау жарық-жалғандағы ендігі тіршілігін түп-түгел пәтуасыздандырып жібергендей. Қаһарымнан Қап тауын ықтырам деп жүрген көкірегі ашудан да, ызадан да, өшпенділіктен де түгел айырылып, ағысы қатты өзенге абайсыз түсіп кеткен қураған сабандай қаңғалақтап қалыпты. Пәлен күннен бергі бұрлықтырып еңсесін езіп жатқан тымырсық сезімнің аты алданыш та, жәбір де, жапа да емес, жәй әншейін өкініш боп шықты. Зіркілдеген ашудан да, қанды қайнатқан намыстан да ада мұндай өлімсіреген бозымбай бейшара сезімнің өкініштен басқа аты болуы ешқандай мүмкін емес. Сонда шар тарапты тізесін басып отырған сайыпқыран әмірші не деп өкінеді? Ай астындағыларды түгел дерлік қаққанда қанын, сыққанда сөлін шығарып жүріп, шынашақтап төмен етек ұрғашының жүрегі бір өзі дербес иемдене алмағанына өкінеді. Бір төсектегі екі пенде екеуінің көңілі екі қиян жаратылғанына өкінеді. Сонда оның мынау тымырсық өкінішінің ар жағында кіші ханымға деген өкпе жатқаны ма? Сонда алтын басты падиша төмен етек ұрғашыға өкпелей ме? Әмірші осы бір қара шыбындай оңай балалап жатқан пендешілік ойлардан серпілгісі, енді ештеңені ойламағысы келеді-ақ. Бірақ мынау құлазыған жалғыздыққа қарсы қылар қайраны — қайдағы-жайдағыны ойланып бас қатыру ғана. Осы бір аңылжыған жалғыздық көптен бері арқасына аяздай батып жүр. Көзге шыққан сүйелдей боп, өзге көптен жеке тұратын дара тіршілік әбден жүйкесіне тиіп біткен-ді. Бауырындағы балаларын әке боп, қойнындағы косағын жар боп қызықтамаққа да мұршасы болмапты. Бауырынан өрген ұрпақ бұл мейірім білдіруге үлгермей жатып, ат жалынан тартып мініп, алды-алдына кетіпті. Ол сол баяғы үйде де, түзде де құдай жалғыз, бұл жалғыз қалпында келе жатыр. Дүниеде көз алартатын жауының көбінің көзіне құм құйып, арқасын енді кеңге саларда кіші ханымды түсіріп еді. Қартайған тәннің бабын табатын жас иіс болсын деп емес, жалғыздықтан қажыған жаны медет тұтатын қара болсын деп түсірген-ді. Кіші ханымның жастығына қарамастан орнықты, әйел басымен сабырлы мінезіне, ылғи бір арнадан аспайтын ибалы ізетіне көңілі бітіп жүр еді. Ана жолы алыс жорықтан оралғанда алдынан аспанмен тайталасқандай көркем мұнара салып қойғанын көргенде, төбесі

көкке жеткендей болып еді. Сол бір сүйек-сүйегінің бәрін еріткен көл-көсір қуаныштың енді міне күздің мизамындай көзінен бір-бір ұшқанына өкінеді. Тек кіші ханымның көңілі ғана емес, күллі фәни тірлік түгелінен жалғаншылық екеніне көзі жетіп өкінеді. Дүниеге жұмыр басты дербес иеленіп тұатын пенде пақыр өзгені қаншама қара тұтсын мейлі қашан көзі жұмылып, жер астына түскенше қураған қу бас жалғыздықтан бәрібір құтыла алмайтынына көзі жетіп өкінеді. Бірақ жұмыр басты пенде біткеннің бәрі солай ма? Маңдайларына біткен азғантай бақ пен ырысты ыбырсыған үрім-бұтағымен бірге бөлісіп, бұйырғанды қанағат тұтып жатқандар өмірі, сірә, жалғызсырайды дейсіз бе? Пенделік бақыт деген де сол шығар. Адамға лайық аз ғана тіршіліктің де, бәлкім, бар мән, бар мағынасы тек сонда тұрған шығар. Одан арғыға қанша кереленіп құлаш ұрғаныңмен пендеге бәрібір қанағат та, бақыт та бітпейтін болар. Соның бәрін қаншама арман, мақсат, мұрат деп күпілдегенімізбен, түптеп келгенде, жәй әншейін ашқарақтық, тойымсыз нәпсінің ындынын күйттеген күпірлік қана шығар. Күпірлік жүрген жерде рақат пен ләззат болмақ емес. Ай астын аяғына жыққан бұл бір күн тыныш ұйықтады ма, бір күн қаннен-қаперсіз боп отыра алды ма? Ендеше, жұмыр басты пендеге соншама көп нәрсе керек емес екен. Жұмыр басты пенденің кез келгеніне лайық күйбең тірліктің қарапайым рақатынсыз қонған бақ пен даңқтың қай-қайсысы да соқыр тиынға тұрмайды екен.

Кіші ханым да дәулетке де, дәрежеге де місе тұтпай, жұмыр басты пенденің қай-қайсысына да тиесілі кәдімгі пенделік бақытты, пенделік қызықты аңсағаны ғой. Жұмыр басты пенденің қыл-қыбыры аралас қарапайым қызығының жолында таж бен тақты да құрбандыққа шалуға пейіл болғаны ғой. Алтын менен асылға толы сарайдан не керектің бәрін тапқанмен сол бақытты таба алмай, алас ұрған болды ғой. Кіші ханым аңсаған әлгі пенделік бақыт мұның өзінде бар ма осы? Тақтың барын біледі, таждың барын біледі, атактың, даңқтың, дәулеттің, биліктің барын біледі. Бірақ бақытқа келгенде өзінің де тілі күрмеліп қалмай ма? Ызғындай ұрпақ, мол ырыстың ортасында отырып, айдалада жалғыз қалғандай, айналасы құлазып тұрса, мұның несі бақыт! Өзге түгілі өз үйінде астына ине шаншып қойғандай, жан-жағынан сезік аңдып, алақтап отыратын болса, несі бақыт? Өзге еркектер еркін кіріп, еркін шығатын өлең төсегіне жұрт көзінен ұрланып кіріп, ұрланып шығатын болса, ол не қылған бақыт? Елді ауызыма қараттым деп жүргенде, ертең жұрт не дер екен деп жаны тырнағының ұшында тызығып отырса, ондай да бақыт болар ма? Пенде біткеннің бәрінен жоғары тұру жалғыз құдайға жарасқан дейді ғой. Адамға біткен астам даңқ, астам күш, астам өкімет, астам дәулет, астам өнер, түптеп келгенде,

бәрі де бақыт емес, сор шығар. Айдай әлемді аузына қаратқан бұл түгілі, мұнара салып, бір шаһардың халқының көзіне түскен әлгі шебер жігіттің көрген күні мынау емес пе?! Түптеп келгенде, бұл үшеуінің күні күн емес. Басқа жұрт, ең болмағанда, дау-далабасын, іштерін кернеп бара жатқан құсаларын айтып, шер тарқататын кісі табады ғой. Бұл үшеуінде о да жоқ.

Егер осындай хал өздерінің емес, басқа біреулердің басында болып, бұдан билік сұрап келсе, үшеуін де жазғырып, жазаға тарта алмас еді. Ал бұл жолы ол кесімін айта алмайды, ол кешірімін жасай алмайды. Өйткені, үшеуі де бейшара, үшеуі де бір-бірінің мейіріміне телмірген қайыршы. Өншен бейшара бір-біріне не көмек көрсете алады, өншен қайыршы бір-біріне қайыр беріп не қарқ қылады? Ендеше бұның жас шебер жайындағы ел айтып жүрген лақапты расқа айналдырып тынам деуі әбден дұрыс. Шындап келгенде алтын саусақ шебердің жендеті бұл емес, көрмей-білмей сырттан тон пішіп, қор көкіректерінен шыққан күңірсік өсектеріне өздері де сеніп, өзгелерді де сендіріп жүретін әлгі өншен шуылдақ қара тобыр. Шебер де, ханым да, бұ да — солардың сімтік көздері мен пыш-пыш сөздерінің құрбандары. Егер бұл бір-біріне інкәр боп, өліп-өшіп жүрген екі мұңлықтың тілеулерін берсе, ең алдымен сол көп шуылдақ шулап шығар еді. Мұның атарға оғы жоқ дұшпандарының өздері мұны сол сасық ауыз көп шуылдақтың айтып жүргенін бетіне басып табалар еді. Қайдағы пәлені бастап жүретін де солар, бұған ең азы күнәкар шеберге кесілер үкімді де солар айтып беріп отырған жоқ па? Ендеше сол немелер дегендеріне жетіп тынсын. Сөйтіп өздерінің бауырынан шыққанды өздерінің аузынан шыққанға жем қыла берсін! Өз лақаптарына өздері адаса берсін! Әйтеуір мұның сүйегіне дақ түсіргелі тұрған масқараны білмесе, көрмесе болды. Ендеше сол көкіме тобыр әлгі қаңқуларынан айнымай тұрғанда, тағы бір лақап таппай тұрғанда, жігіттің жазасын беру керек.

IV

Зындандағы тағы бір орын босады. Асылық ойлап, аспандағыға қол созған астам тілек шебердің нұр жайнаған қос жанары жендеттің қолындағы шок шашырап тұрған істік темірден ағып түсті. Бейшара жігіт көзінен айрылып, бебеу қағып жатқанда, тілі қыркылды. Қан-қан құр сұлдерді қыл арқанмен буып-буып түн қараңғысында екі жендет дарияның ар жағындағы бір қыстаққа апарып тастады.

Талай жанның басын жұтқан байтақ шаһардың көріп отырғаны бір бұл емес. Елден асқан өнер көрсеткен талай шебер осындай халге ұшыраған-ды. Бірен-саран жүрек жұт-

қандарының әлгіндей қатерлі жазадан қашып құтылғандары да болды. Жендеттің көмейін алтынға көміп, бастарына зауал төнген, байтақ шаһардан ебін тауып, қашып кеткендер де бар. Олардың бір қатары өз өнерімен біржолата қоштасып, басқа кәсіпке көшсе, енді бір парасы ел асып, жер асып барып, басқа падишаларды паналайды. Ал азын-аулақ жүрек жұтқандары тақта отырған падишаның өлгенін күтіп, жаңа падишаның рахымына ұшырап, байтақ шаһарға қайта оралады.

Сондайдың біразынан хабардар әмірші жас шеберді көзбен тілден айрылған соң да өз көзімен бір көріп тексеріп шықты. Қапқа салынып шандулы жатқан құр сұлденін, өзі жазаға кескен шебер екеніне көзі әбден жеткен соң барып, айдаладағы қыстаққа апарып тастауға әмір етті.

Бірақ осынау жұлма-жұлмасы шыққан құр сұлдерді көргенде, бұрынғы ата дұшпандарын жазалағандағыдай айызы қанып, рақаттанбады. Ішінде шебер жатқан ала қапты көтеріп әкеліп көрсеткен екі жендет те бұған жәй әншейін тауық ұрлап, тайынша ұрлап қашып жүрген сұғанақ біреулердей көрінді. Олар осы бір ұрлық қапты сарайдан тезірек алып кетсе екен деп асықты.

Ертеңіне оған абажадай хан сарай бұрынғысынан бетер құлазып кеткен тәрізденді. Базар жаққа жіберген жансыздары да жарытулы ештеңе айтып келмеді. Қалт-құлт безбеннің екі басына кезек алақтап тұратын саудагер немелер көк тіреген көгілдір мұнараға қарап қоюға да мұршалары жоқтай. Шаңқ-шаңқ саудаласып, сарт-сұрт қол алысып, артық тиын-тебен жырғандарына мәз. Ол немелер тіпті дүниеде бұның, ұлы әміршінің бар екендігін де ұмытып кеткендей. Шаһар іші тым-тырыс. Әлде бәрінің де осылай бітерін әлдеқашан біліп қойған ба, бұл жіберген саудагер боп жүрген, дәруіш боп жүрген жансыздар қала халқынан да, шар тараптан шұбырып жататын келімсек саудагерлерден де құлақ елеңдетердей ештеңе ести алмай қайтады. Жансыздар енді ұлы әміршінің көзіне көрінуге беттерінен басатын болды. Жансыздың бастығы базардағы шуылдақтың мынау сілтідей тына қалғандарын ішінен жақсылыққа жори қоймады. Саудасымен болып жатқан дағара бас алып сатарлардың жылтыраған сақал-мұрттарының әр қимылын андып, іштерінде қандай ит өліп жатқандарын біле алмай дал болды. Енді олар саудасы жүріңкірейтін, дүкендеріне көп адам келіп-кететіндерді тек базар ішінде емес, үйлерінің маңынан да аудитынды шығарды. Махалла-махаллаларда қаңғырма дәруіштер, қайдағы бір ақсақ-тоқсақ қайыршылар көбейіп кетті. Бір топ жансыз баяғыда үйіне мұнараны салған Ортөбелік шебер жігіт тұрған саудагерді айналдырып көріп еді, ол неме де хабарға жарытпады. Сол баяғысынша кімді әскияда жеңгенін, кімнің бөденесіне бәс тікке-

нін айтып лепіргеннен басқа оның аузынан да жартымды ештеңе шықпады. Тек бір рет: «Мұнараны салған шебердің әкесі де баяғыда дәл осылай қуғынға ұшырап, қашып кеткенді. Содан араға жиырма жыл салып, баласын байтақ шаһарға әкеліп, мешіт салып жатқандардың арасына қызметке орналастырып, көксау аурудан өліп қалды. Көрерсіндер, баласы да сөйтеді. Бұның үйінде тастап кеткен дүниесі бар, соған ақыр түбі бір келеді»,— деп мақтаныпты. Жансыздардың бастығы оның соңына енді мықтап түсті. Бір күні жансызын әскияға жіберіп, әлгі мылжынмен айтыстырып көріп еді, қызып алған неме, талай-талай сандырақты көкігенмен, ханым мен шебердің арасына килігетіндей ештеңе айтпады.

Әміршіге шаһар халқының дәл мынандай ауыздарына сақ бола қалғандары ұнамады. Оның сырына түсіне алмай, талай таңды көзінен атырды. Өз тілдерін өздері жұтып қойғандай меніреулене қалған көп шуылдақты қайтадан қайтып дуылдатарын біле алмай дал болды. Ертелі-кеш ерсілі-қарсылы сенделе-сенделе жіліншігі үзіліп кете жаздайды. Абажадай кең бөлмедегі әрбір тозаңды жатқа білетіндей болды. Енді оның ішінен қаңғыма ойына ілесіп айдалаға лағумен болатын кезбе жанарын бірауық тоқтататындай да ештеңе таба алмады. Қайта-қайта терезе алдына келеді. Терезе алдына келсе, ішіне шок түсіп кеткендей байыз таба алмай жүрген мұны үнсіз табалап тұрған көк мұнараны көреді. Көк мұнара басы қатқан падишаны әжуалағандай күлім-күлім етеді. Кейде сол күлімдеп тұрған көк мұнараға көзі түсетін көп шуылдақтың бәрі де сыртынан бұған миықтарынан күліп тұрғандай көрініп кетеді. Мына күлімдеп тұрған әзәзіл мұнараны көрген есі дұрыс адамның ештеңе ұқпауы, ұқса, мұны әжуа қылмауы еш мүмкін емес. Ендеше мынау көк мұнараны құртып тынуы, сүйтіп жұрттың езуіндегі жымысқы күлкіні көмірге айналдыруы керек. Әйтпесе ол мынау жан алғыштай жалаңдап қыр соңынан қалмай қойған қиянқы мысқылдан құтыла алмайды. Әркімнің жүрегіне қонақтап алған әзәзіл табаны сүйтіп аластағаны жөн.

Енді жазыла бастаған жон арқасы кенет қайта құрысып қалады. Бұл ханым тұрғызған көк мұнараны өз қолымен қиратқызса, ел көңіліне қонақтаған әлгі бір сұмпайы лақапты өзі растап шықпай ма? Біреуден біреу естіп, анық-танығына көздері жетпеген соң, пұшайман болып жүрген күмәндарын біржола шындыққа айналдырып, басына төніп тұрған маскара бұлтын өз қолынан қоюлатып алмай ма?

Ол қайтадан амалы таусылып, кеміріліп бара жатқан екі шекесін қолымен мытып ұстап, шөгіп отыра кетеді. Солай аласал отырады да, бір уақыттарда қарғып тұрады. Жаңа ғана амалсыздықтан күлгін қоламтадай бозарып жатқан көмескі жанары кенет шоқтанып шыға келді. Мына томсырайған ерін-

дердің ар жағынан бері шыға алмай жатқан пұшайман қаңқуды сол жатқан жерінде бір жолата тұншықтыратын амалды ақыры тапты. Оның бұдан артық жолы болуы еш мүмкін емес. Көк мұнараға байланысты бар шындықты өз көзімен көріп, өз қолынан өткерген бір ғана адам бар. Ол бас шебер. Ел арасына қаңқу тараса, тек содан ғана тарайды. Ендеше оның көзін құрту керек. Мынау іштерінен тынып жатқан ұры көз жұрттың назарын соған аударуы керек. Күлімдеген көк мұнараға бір жан қол көтерсе, тек сол ғана көтере алады. Бас шебердің өзінен бір мысқал асып кеткен кісіні әкесін өлтіргеннен бетер жек көретінін басқа білмесе де, бұл біледі. Көк мұнараның елге көрсетпей бір кірпішін алып таста десе, ол қуана-қуана істейді. Іші тар шебер сосын қылмыс жасап жатқан жерінде ұсталады. Ел арасына «Бас шебер көк мұнараны салған жас шеберді көре алмайды екен, ол салған мұнараны астыртын құлатып тастай жаздапты. Тіпті анада әміршіге жас шебердің үстінен ғайбат айтып барып, жазалатқан да сол екен»,— деген қаңқу тарайды. Әмірші өз тұрғыласына қысастық қылған іші тар шеберді жұртқа естіртіп жазалайды. Көп шуылдақтың сосынғы әңгімесі екі шебердің арасындағы бақастық турасында боп кетеді де, ханым жайындағы қаңқу өзінен жоққа шығады. Бұның астанасының көркі — көк мұнара да сол орнында тұра береді. Әміршінің айтқанын жансыздардың бастығы бас-аяғы екі күннің ішінде жайғастырып шықты.

Аяқ-қолына кісен салынып, айдалып әкелінген бас шеберді әмірші тергеп-тексерген де жоқ. Сақал-шашы бір түнде ағарып кеткен бас шебердің жүзіне тесіле қарап отырды да, әлдене дегісі кеп, кемсеңдей бастағанда, қасындағы сақшыға дереу аузын байлатып:

— Ғайбатшыл неменің басын пәлеге душар қылған сасық тілін кесіндер де, зынданға апарып қамандар. Сонда шіріп өлсін!— деп әмір етті.

Ол есіктен сүйретіліп шығып бара жатқан бас шеберге жиіркене қарап тұрды. Опасыздық пен зұлымдықтың қыл көпірінен талай өткен әмірші іші тар, күншіл адамдарды жек көретін. Бірақ қарауындағыларға бастықты ылғи сондайлардан қоятын. Әсіресе шеберлерге, зергерлерге, ұсталарға әр қилы өнер адамдарына, ылғи да ішегіне қыл айналмайтын қарауларынан бастық қоятын. Өйткені, ол өз астанасының ажарын дүниедегі барлық астаналардан асырмақшы еді. Сол үшін де дүниедегі ең мықты деген шеберлерді өз қол астына жиып баққан-ды. Мұндайда кең пейіл кісінің мақтағандарын жинағаннан гөрі әлгіндей қызғаншақ, тар пейіл кісілердің жамандағандарын жинаған дұрыс. Өйткені, дүниедегі ең қырағы көз қызғаншаққа біткен. Ондай немелер өзінен сынық сүйем

асатын біреуді көрсе болды, дереу байбалам сала бастайды. Дәл мынау есіктен сүйретіліп шығып бара жатқан көзі ылғи қысыңқы, құлағы ылғи түріңкі жүретін ылғи қатпа, жыламсақ неменің ғайбатының арқасында ол талай-талай бармағынан бал тамған шеберлерді тапқан-ды. Бірақ өзін бас шебер қойғанмен байтақ шаһарда жұрттың көзіне түсетіндей ештеңе салдырмады; ол салған жалғыз нәрсе — хан сарайының астындағы тас зындан ғана. Тас зынданға түсер жерге әмірші: «Барар жерің бәрібір жердің асты» — деген бір ауыз сөзді қашап жаздырған-ды. Ендеше, әлгі неме сол өз қолынан салынған тас зынданға өзі барып отырып көрсін.

Әмірші мынау сілімтік немені зынданға салғызғанына анадағы жас шеберді азаптағанынан гөрі әлдеқайда көбірек айызы қанып қалды.

V

Бас шебердің зынданға түскені жайлы хабар шаһар ішін бір дүңк еткізді де, басыла қалды. Әбден ажалы жетіп тұрған қураған шөпке от тигендей, тез тұтанды да, тез сөнді. Бір-екі күн бойы өлген әкелері тірілгендей, екі езуі екі құлағында келетін жансыздардың қабағы қайта салбырады. Үлкен ханымның сарайы сол баяғысынша тым-тырыс. Әмірші есігінен аттаған адамның аузына телміреді, әр қимылын көзімен тінтіп сыр тартқысы келеді. Тіпті дастарқанға қойылған тамақтан да, салынатын төсектен де, қызметшілері күнде жаңартып әкелетін киімдерден де әлдеқандай тұспал іздейді. Бірақ ешқайсысынан да назар аударта қоятындай нышан байқамайды. Бәрі де тап-тұйнақтай. Енді оған қызметшілері бұның көңілінің қалтарыс түкпірінде жатқан ең бір тұңғық құпияны түгел біліп ал, бұның ойына күдік шаптырмаудың айла-амалын қарастырып жүргендей көрінеді. Тіпті, күні бойы шаһарды шарлап қайтатын жансыздарының өзі бұның жанын жараламасқа естіген жайсыз хабарларын жасырып, әншейін көңіл алдарқатар бірденелерді әдейі айтып келетін секілді. Шынында да, мұның шамына тиетіндей сөлекет хабарды олар естісе де, тістерінен шығара ма? Өйтіп өле алмай жүр дейсің бе? Ендеше, елден естідік деп айтып келетіндері шетінен шып-шылғи өтірік.

Шаһардың халқы мынау жұмбақ мұнараны әлдеқашан-ақ сан саққа жүгіртіп қойған. Олар мұнараның күлімдейтінін де, жас шебердің жазаға қалай ұшырап жүргенін де, бас шебердің ойда жоқта зынданға қамалу себебін де жақсы біледі. Қажет десеңіз, ұлы әміршінің жорықтан қайтқалы кіші ханымның сарайынан аттап шықпай қойғанының сырынан да хабардар. Әмірші жас иіс қызықтап, жар күшып алдарқанатын жастан кеткен. Ендеше ол осынша ұзақ уақыт нақ сүйерімен

мауқын басып жатқан жоқ. Бетіне шіркеу бірдеңесі болған соң ел көзіне көріне алмай жатыр.

Әмірші осыны ойлағанда, әлдекімнің сұғанақ қолы шымбайына батыра шымшып алғандай ыршып кетеді. Орнынан атып тұрып бөлме ішінде сенделіп жүреді, жүреді де, байыз таба алмай бақ кезеді. Өзінен басқа тірі жан аяқ баспайтын, оңаша бақта да мың сан көз оны тасадан бағып, көз жазбай аңдып тұрғандай көрінеді. Ол көп жүрмей бөлмесіне қайта оралады. Әлдекім желкелеп әкеп, осы бір төрт қабырғаның ортасына қамап кеткендей, ешқайда аттап шыға алмайды. Құлыпсыз түрме, кісенсіз тұтқын. Ол үшін ендігі тірлік түп-түгел түрмеге айналғандай. Оған, ең азы, кез келген жұмыр басты пенденің көлденеңнің көзінен тасадағы азын-аулақ еркіндігі де бұйырмаған. Әр адымы санаулы, әр сөзі аңдулы. Былайғы пенденің бәріне тән қарапайым тілек, іңкәр атаулы оған жат. Өйткені ол жұрт таңғалмайтындай ештеңе істеуге тиісті емес. Жұрт секілді қарапайым іс істесе, жұрт секілді қарапайым сөз сөйлесе, көбік ауыз көп қара таяқтың табасына ұшырайды. Бұның ашса алақанында, жұмса жұдырығында жүріп қалған қара тобыр күні кеше тәңір тұтып, аузына қарап жүргендері өздері сияқты жәй әншейін пенде болып шыққанын көрсе, тұлындарын түтеді. Баяғыдан бергі алданып келген ақымақтықтарының өшін табамен қайырады.

Олар дәл осы қазір де мұны жабыла жамандап, жабыла табалап жатпағанына кім кепіл? Талай-талай таж бен тақытты жай түскендей домалатқан падиша еркектің темір тегеурінің аңсаған мекер ұрғашының қомағай қолқасын орындайтын қайран таба алмай қор болғанын айтып, шек-сілелері қатпайды дейсің бе? Кез келген еркек кіндіктей өз көзіне шөп салған өзге еркектен кегін жария қайырмай, бұқпантайға салып жүргенін айтып мазақтамайды дейсің бе? Тәңірден соңғы зор деп жүргендері кісінің қоры боп шыққанына әбден айыздары қанып, бір жасап қалатын шығар. Шіркін, сол бір сыпсың-сыпсыңды өз құлағымен естір ме еді. Сандарын соғып, беттерін шымшып мәз-мейрам боп жатқандарды өз көзімен көрер ме еді... Мынау көкірегін көр тышқандай кеміріп жатқан меніреу күдік-күмәннан соның өзі дұрыс болар еді. Бұл ел аузына құм құям деп тыраштанған сайын сол сұмпайы лақап күшейе түсетін сияқты. Ендеше бұл несіне бұқпантайлайды, ел көзіне неге көрінбейді.

Енді не де болса, мынау қаракөлеңке үңгірде кәрі аюдай қамалып жатып, абырой таба алмасы белгілі болды. Ел не десе о десін. Қайткен күнде де мынау байлаусыз тұтқыннан босанбай болмайды. Күмән мен күдіктің шірік арқанын үзіп, халықтың көзіне көрінуі керек. Сонда жұрттың ауыздары барып айта алмай жүргендерін, ең болмаса, көздерінен аңғарады ғой.

Ой, шіркін, баяғыдағы бір замандар болса, дәл қазір қара тобырға қас қылғанда ұлан-асыр той жасар еді. Жұртты аузы-мұрынынан келтіріп, шарапқа қандырар еді. Сосын мас болғандардың не деп көкіп жүргендерін тындап көрер еді. Олай етудің енді, міне, еш қисыны келмей тұр. Байтақ шаһар түгілі төңірегіндегі өз әулеті мен әмірлерінің не ойлап, не қойып жүргенін біле алмай пұшайман. Олардың басын қайтып қосса екен... Шынында да мына мұнара оның бетіне шіркеу болған тәрізді. Бұның осы бұншама бүгежектеп қалғаны несі? Қанша дегенмен жалпақ жаһанды қалтыратқан қаһарлы хан аты бар емес пе? Сол немелерді жиып ап, бетпе-бет кездесіп, көздеріне неге үңіліп көрмейді. Оның үстіне мынау тас қамауда қашанғы қамалып отыра бермек. Басқаны былай қойғанда бауырынан шыққан шұбар жылан кіші ханым мен әр адымын аңдып, тың тындап жатқан бәйбішесіне, солардың соңындағы көп шуылдақ нөкерге таба болмай, серпілмей ме бір... Өзі не істесе де, ауыздарын ашып, айран-асыр қылатын қор көкірек көп надан, бәлкім мұның бұл қылығына да жерден жеті қоян тапқандай таңқалар. Ең болмағанда, әйтеуір, өз төңірегіндегі көп шуылдақтың көңілдеріне не қашып жүргендерін аңғарып қайтады ғой.

Ертеңіне әмірші бас уәзірді шақыртты. Бас уәзір есіктен бүгежектеп әрең аттады. Бір қараса ар жағындағыны түгел көріп қоятын бадырақ көзін жерден көтерген жоқ. Әмірші бұйрығын айтып бола бере, құлдық ұрып шығып кетті. Әміршіге кәрі түлкінің дәл мынадай қорғалақтап қалғаны ұнамады. Өз ойындағы күмән шын боп шығып жүрмесе қайтсын. Сарай маңындағылар әміршінің кейінгі қылықтары неден өрбіп жатқанынан түгел хабардар емес пе өзі? Әлгі түлкі бірденеден сыр алдырып қалам ба деген кісіше кетуге асықты ғой. Өңінде бір үрей бар сияқты. Әлде бұдан өзі жоқта мынандай сұмпайы мұнараны неге салдырдың деп, бас шебердің кебін кигізіп жүре ме деп қорықты ма екен? О да мүмкін-ау! Қап, өзін жібермей ұзағырақ ұстай тұрмаған екен. Көп адам мұның үнсіз сотына шыдай алмай, қипақтап бітетін. Ол бас уәзірді тағы көргенше асықты. Одан басқа сарай адамдарын да, балалары мен әмірлерді де тезірек көргісі келді. Олар да әлгі бас уәзір құсап бүгежектер ме екен, жоқ па екен? Егер олар да жаңағы құсап, бастарын іштеріне алып, қорғалақтай бастаса, бірденені білетін болғандары...

Төрт-бес күннен соң ұлы әмірші аңға аттанатын болды. Үйір-үйір аңшы иттер, тазылар, садақшылар, әміршінің қарақұрым жеке нөкері, аспаздары мен қызметшілер, аң үркітетін кернейшілер мен дабылшылар — ұзын шуақ керуен астанадан шығып, ту-ту көз ұшында еміс-еміс көгеріп жатқан зеңгір тауларға беттеді. Бір күншілік жол жүріп керуен тауға да жетті. Сарай адамдары, әкімдер, қол басылар, әмірші әулеті

ақар-шақар шындардың арасынан арсы-гүрсі құлайтын жойқын өзеннің бойындағы ну жынысты қойнауға шатырларын тікті. Тау арасы мен өзен бойындағы жыныстарды түгел сүзіп шығатын болды.

Қызылды-жасылды керуен, жүзіктің көзінен өткендей сүлік сәйгүліктер, бес қаруы беліндегі сәнді саптар бұның баяғы бір шарасына толып шалқып жүрген дәурендерін еске түсіргендей. Жазықта миынды шағып тұрған шақар шілде тау қойнауына кірген соң қайратынан айырылып қалыпты.

Тау бойына қонған күні әмірші ағыл-тегіл дастарқан жайды. Шарап судай ақты. Жұрт қанша дуылдасқанмен, әміршінің құлағы елең етердей ештеңе аңғарта қойған жоқ. Бәрі де сол ертең басталғалы тұрған аңшылықтың жайы. Ат мақтаған, ит мақтаған, құс мақтаған кеу-кеу. Мергендіктерін салыстырып қызарактасқан мақтан әңгіме. Әмірші айналадағы абыр-жабырға құлағын тоса отыра ренжірін де, қуанарын да білмейді. Әлденеден алданып қалған адамдай, қабағын салбыратып, тұнжырай түсіпті.

Сол күні түнде де көз іліндіре алмады. Аңшылыққа қонған самсаған көп шатырда сес жоқ. Маңай тым-тырыс. Сыртта маужыраған жазғы түн. Саф ауа, өн бойын ал-сал албыратып бара жатқан бал шарап. Ертеңіне ертемен басталғалы тұрған ду-ду сайран. Одан артық қандай рақат керек. Қорші шатырлардан қор-қор дыбыс көбейді.

Әміршінің жақсы көретіні осындай түндер, осындай өмір. Сонау байтақ шаһар мен қыстақтардың шым-шытырық махаллаларына тарап-тарап кеткеннен кейін соңындағы мынау көк найзалы қарақұрым қол түзеп жүрген көп еркек әр қайсысы бір-бір қатер, бір-бір үрейге, ең құрығанда бұл жайында аузына не келсе, соны оттап отыратын бір-бір көкімеге айналады. Ал, қасында жүрсе бәрі жіптіктей, бәрі момақан. Қасымен қабағына қарайды. Кейде тіпті олар бұның шетсіз-шексіз көп үрім-бұтағы секілденіп кетеді. Әншейіндегі бейбіт өмірден бір елі аттап шыққан соң, бәрі бірдей бұны паналап, бауырына кіре түскендей. Міне, айлы түнде, жан-жағынан анталаған ақар-шақар шындардың арасында, бабасының төсегін шыр айнала қоршап алып ұйықтайтын тентек немерелердей, қаннен-қаперсіз қорылдасып жатыр. Аңғар табанындағы ағын су солардың құдіретті қорылымен бәсекеге түскендей, түнгі тыныштықты басына көтере сарқырайды. Оның сергек құлағы жұп-жұқа жібек шатырдың ар жағындағы ұлан-асыр дүниедегі сәл сыбыс, сәл сыбдырды қалт жібермей қағып ала қояды. Жүйкеңді тікен боп шағар, кірпігіне тіреу боп қадалар бөгде дыбыс жоқ. Түнгі тыныштық тамылжып-ақ тұр. Бірақ, көзіне ұйқы үйірілмейді. Айналадағы жыныс арасынан аң исін сезе ме, оқшау қостағы тазылар қайта-қайта қыңсылай береді. Шатыр сыртында құлаққа естілер-естілмес қыбыр көп.

Әлде бір жәндіктер жыбыр-жыбыр түнгі тіршілігіне кіріскен. Әлдеқайдан шілделік шырылдайды. Соншалықты карапайым болса да, бәрібір ақылың жетпейтін шым-шытырық шытырман дүние. Пәлен күннен бері көкірегін көк түтіндей бықсытып келген көп тұман ыдыраған тәрізді, бірақ, біржола сейіліп те кете қоймапты. Ұйқысы келмегенмен өне бойы құп-қунақ. Мынау маужыраған тыныштықтың қойынына біржолата сіңіп кеткісі келеді. Тақты, тажды, төбесіндегі шатырды талақ етіп, жым-жырт түнгі мұнарға бөгіп манаурай жатқан маужыр табиғаттың құшағына бір-ақ сүңгіп жоғалғысы келеді. Сырттағы түн салқынын пайдаланып өз харакеттеріне кіріскен кішкене мақұлықтардай не істеп жатқанын өзінен басқа ешкім білмейтін, бөгде көзге еш қызығы жоқ бір елеусіз тіршілікке көшкісі келеді. Ізін баққан көп көз бен көп сөзден құтылса, қайтадан ешкімнің ала көзіне ілікпейтін жәй бір жұмыр басты пендеге, тіпті кез келгеннің аяғының астында жататын елеусіз мақұлқатқа айналсын мейлі, әйтеуір мынау көзге шыққан сүйелдей көзтүрткі өмірден құтылса, еш арманы болмас еді. Қазір жібек шатырдан сытылып шығып, ну жыныстың арасына қойып кетсе ғой, шіркін. Ертең соңындағы қарақұрым нөкер не өзін, не сүйегін таба алмай, байтақ шаһарға қайтар еді, ел аузында бұл жайында не бір адам сенгісіз алып-қашты аңыздар тарар еді. Бұл соны естігенде миығынан күліп, ақымақ тобырдың көк ми есуастығына әбден айызы қанар еді...

Әмірші мынау қысыр қиялының ешқашан жүзеге аспайтынын білсе де, көңілі бір түрлі тыншу тапқандай болды. Шатырдың аузынан бастап, бүкіл қосты шыр айнала қоршап жатқан кілең сақшы бұдан тіріде көз жазар ма...

Өзі ойлап шығарған төр мен тәртіптің қыл тұзағы өз тірсегіне түскенін ойлағанда, әміршінің көкірегі қайтадан кермек тартып қоя берді.

Бірақ, әмірші өне бойын балбыратып бара жатқан жымжырт түннің жұмбақ рақатынан айырылғысы келмеді. Әлгінде ғана өзін пейіштің төріндей бір жайлы мекенге бастай жөнелген тентіреуік соқпақты қайтадан тауып алды. Ол оны мынау аңшылық алдында алаңсыз қорылға басқан қостан, күдік пен күманды кезек құшқан пұшайман тіршіліктен біржолата алыстатып, әлдеқайда жетелеп барады. Енді бұл өмір, бұл өңірге ешқашан оралтпастай.

Ол мынау қарғыс атқан қағынды өлкеден алыстаған сайын басындағы зіп-зілдей таждан, үстіндегі оқалы киімнен арылып, тұла бойы жеңілейіп бара жатқандай көрінді. Бір уақытта тіпті иығындағы лыпа ихрамға¹ айналып кеткен екен дейді. Ақ майса топырақты жалаң аяқ борп-борп басып келеді.

¹ Мекеге қажыға барғанда киетін киім.

Көз алдында бұл бұрын көрмеген бейтаныс өлке. Күн мен жел мүжіп тастаған қоңыр таулардың ортасында шағын шаһар жатыр. Соған қарай ұзын-шуақ көп тобыр жөнкіліп барады. Сондарында ілбіп бұ да келеді. Әлде бір сөздерді қырық қайтара қақсай бергендіктен тамағы құрғап, даусы қарлығын қалыпты. Қанша айқайласа да, үні шықпайды. Тек еріндері ғана жыбырлайды. Алдынан кесе-көлденең түсіп жатқан қара сұр жота көрінді. Жұрттың бәрі соған қарай емпендей жөнелді. Түс ауа олар әлгі жотаға да жетіпті. Жотаның басына үстіне кілем жапқан ашамайлы аппақ желмаяға мінген ақ сәлделі біреу көтерілді. Түйеден түспеген күйі, тізесінде жатқан кітапты ашып, күңіреніп оқи бастады. Күңіренген қою даусы оқтын-оқтын үзіліп кетеді. Сол кезде ихрамының етегін қолдарына ұстап, желпіп тұрған көп тобыр:

— Хақ тағала, қай қызметіңе де әзірміз,— деп шу ете қалады. Мұндай құлдық ұрған сөздерді өзгелерден естігенмен, өзі айтып көрмеген әмірші қапелімде аузы илікпей, жамырасып жатқан жұртқа көптен соң барып қосылады. Қасындағылар ағыл-тегіл жылап тұр. Бұның көлденең көзге сыр алдыртпаймын деп, көн боп қатып қалған сұп-сұр бетінде бір тамшы жас көрінбейді. Кеңірейіп тұрғанын біреу-міреу аңдап қалмасын дегендей, жұрт айтып жатқан ұзын сарынға қосылып, жерден басын көтермеген күйі ол да әлдене деп ерінін жыбырлатады. Түйенің үстіндегі ақ сәлделі кісі алдында жатқан кітапты жауып, қолын жайып бата қылды. Жұрттың бәрі жер тізерлей кетті. Батадан соң қара сұр қыраңнан ине шаһшар жер қалдырмай жыбырлап тұрған көп халық етектегі қойнауға қарай лап қойды. Бір жерде бұ да келеді. Өкпесі өшіп барады. Бірақ, жұрттан қалып қоймайын деп ақ тер, көк тер боп жүгіріп келеді. Бұлар жотадан түсе бере әлдеқайдан ызы-қиқы саздар сарнап қоя берді. Аспанда жарк-жұрк оттар атылды. Мана күндіз әлгі ақ сәлделі адам құран оқыған қара сұр қыраңға келе жатып, көзіне түскен кең қойнауға қаз-қатар тізіліп тұрған ағаш мұнараларға әлдекім от берген бе, шырадай маздап лаулап жанып жатыр. Шошақ-шошақ төбешіктер арасындағы иір-иір қойнаулар быжынаған отқа толып кетті. Кең алқапқа самсай қонған шатырлар түнгі алаудан әр алуан шұғылаға малыныпты. Осынау мидай қайнаған алабажак дүниенің ортасында о да таң атқанша сенделіп шықты.

Ертеңіне кешегі ақ түйелі адам тағы да дұға оқыды. Жұрт тағы да жапа-тармағай намазға ұйыды. Намаздан соң тағы да етекке қарай жөнкіле жөнелісті. Қойнауға кіре берістегі жол ортасындағы қаққан қазықтай қара тасқа әркім қалтасынан жүгерідей-жүгерідей жеті қара тас алып лақтырды. Алқаптың орта тұсына жете бергенде тағы да тап әлгіндей қап-қара тас баған жолықты. Оған да жеті тас тастады. Ең соңында жұрт бұжыр-бұжыр қара тастардан қалай болса со-

лай қалай салған тас қабырғаға тірелді. Оған да жеті тас тасталды. Олар енді дәу-дәу тай қазандар асылған жер ошақтарға беттеді. Қазанның маңында қолына сапы ұстаған қасапшылар жұрттың ишарға атаған малдарын жайғастырып, әлеңкідей жаланып жүр. Қазандықтардың арасында қайдан шыққандары белгісіз, қайдағы бір жұтынған жарлы-жақыбайлар, қол жайған қайыршылар қаптап кетіпті. Ихрам кигендер бір шетке шығып, қолдарына иір мойын жез құман ұстаған біреулерге шаштарын жібіттіріп жатыр. Біреуінің алдына барып, жүрелеп бұ да отырды. Иір мойын жез құманның шүмегінен саулаған жылы судан көптен бері құрысыптырысып жүрген төбе құйқасы бірден жазылып жүре берді. Шашын жібітіп тұрған қайыс қара қынынан сумаң еткізіп ұстара суырып алды. Қимылына көз ілеспейді. Бұның шашын әп-сәтте-ақ сыпырып тастап, енді аяғы мен қолының тырнағын алуға кірісті. Сосын шашын бір бөлек, тырнағын бір бөлек түйді де, екі кішкене түйіншекті қосақтастыра байлап, жерге көмді.

Тай қазандар түсірілді. Иін тіресе жайғасқан қарақұрым халыққа табақ-табақ ет тартылды. Ертеңіне жұрт шатырларынан шықпай күн ұзаққа дем алды. Араға тағы бір күн салып барып ойпаңда жатқан шаһарға беттеді. Түске таман шаһарға жетті. Қарсы алдарынан мысырлықтар алып келген су жаңа қара перде жабылған қағба көрінді. Жұрт қағбаның дәл қасына кеп тоқтады. Әлдекім бірденені дар-дар айырып жұртқа үлестіріп беріп жатты. Ол тәбәрікке жыртылып жатқан қағбаның бұрынғы шымылдығы екен. Аңадайда қәди уағыз айтатын мәрмәр мінбар ағараңдайды. Зәмзәмның құдығының үстіне шағын күмбез орнатылыпты. Ол да жапа-тармағай қол жайып жатқан жұртпен бірге дұға қылды. Сосын қағбаның қара тасының қасына барып тұрды. Қара тастың үстіңгі беті жұрттың еріні мен қолының табынан жып-жылмағай боп жылтырап қалыпты: ал астыңғы беті қаралтым, қызғылт дақтары мол, тарғыл-тарғыл. Өзгелер еріндерін апарғанда былқ етпестен жатқан қара тас бұл еңкейе бергенде, бір қапталға қарай жылысып кетті. Қолын ұмсынып көріп еді, о да жетпеді. Көк желкесінде итермелеп тұрған көп тобыр оны қара тастың қасынан ысырып, ығыстырып әкетті. Ол үрдіс бойынша екі иығын жоғары-төмен қиқақтатып, бүлкілдей жүгіріп, қағбаны үш рет айналып шықты. Әр айналып шыққан сайын қара тасқа еңкейеді, ол бұдан қашқақтап, әрмен жылысып кетеді. Енді жүрісін баяулатып, жай аяңмен қағбаны тағы да төрт рет айналып шықты. Әр айналып шыққан сайын қара тасқа иілгенмен, ол бәрібір маңайлатпай қойды. Өзге жұрт ауызы жетпесе, қолдарын тигізіп жатыр. Бұл дегенде қара тас ойнақшып орнында тұрмайды.

Ол енді жұртпен бірге ауланың ішіндегі қағбаны салған

Ыбырайым пайғамбардың қабіріне барып тағзым етті. Зәм-зәмнің құдығынан су тартып ішті. Киелі құдықтың суы бір түрлі алғаулы екен. Ішкен сайын өңешін шоқ боп қарып жатқандай.

Жұрт қағбаның ауласынан шығып, анадай жерде бір-біріне қапталдаса сұлап жатқан егіз тау Саф пен Мәруға қарай бүлкілдей жөнелді. Бұ да еріп келеді. Көз алдынан маңына бұл жоласа болды, сырғанақтап бір орнында тұрмаған қара тас кетпей қойды. Иығына алғаш ихрам ораған күннен бастап, қажыға келген кісіге шартты кәденің бәрін істеді; ғұсылын да, намазын да қаза жіберіп көрген жоқ; тырнағын бояттырып, әне бойын ібіліс ластықты қуып шығады дейтұғын киелі маймен сылаттырды; ұмраны уақытылы атқарып, ишарға ақ түйе атады. Қағбаның ауласына жерленген жүзден астам пайғамбардың қабірінің қай-қайсысын да атаусыз қалдырмай, бастарына садақа байлағанды. Иығында ихрам барда қан төккен, жеміс жеген, айнаға қараған, көңіліне қара не күнә қашқан жері жоқ; өңі түгіл түсінде жанына ұрғашы жолап көрген емес. Сөйте тұра қажы атанып, басына сәлде орайтын шақта киелі қара тас қақпайлап мұны маңына жолатпай қойды. Ол мынандай ауыр жазаға қай пиғылынан тап болғанын біле алмады. Қасиетті Меке топырағын аттап, умра мен хажының барша жол-жорасын түгел атқарған, қағбаның қара тасын сүйген мұсылманның қай күнәсі де кешіріледі дейтіндері қайда? Зәмзәмнің суы көкірегін сілтідей жидітіп бара жатқаны несі?

Ол алдында бұрқ-бұрқ шаң көтеріп бүлкілдеп бара жатқандардың соңынан қызыл танау боп салып ұрып келеді. Тамағы құрғап, тынысы бітіп қалды. Көз алдынан сол баяғы тарғыл-тарғыл киелі тас кетпей қойды. Ол мұның алдына түсіп ап, шарықтың тасындай шыр көбелек айналып, қашып бара жатыр екен дейді. Қанша қуғанмен жеткізер емес.

Шұбырған халықтың алды баяғыда Ыбырайым қағба салып жатқанда жалғыз ұлы Ысмайылға бір жұтым су таба алмай әйелі Агөрдің жеті рет айналып жүгіріп шыққан Саф пен Мәрудің арасындағы қойнауға жетті. Екі өкпесін қолына алып, бұл да келеді. Жан даусы шығып: «Хақ тағала, қай қызметіңе де әзірмін» — деп айқай салып келеді. «Тек жұртқа жасаған мейірімінді маған да қия гөр», — деп екі етек боп жалбарынып келеді. Бірақ тірсегінен қағып өтіп, шыр көбелек үйіріліп, шыр айнала қашып жүрген қағбаның қасиетті тарғыл тасы бұған бәрібір жеткізер емес. Ол дауысым алланың құлағына тимей жатыр-ау деген кісіше, құрғап қалған көмейін қаттырақ кенеп, бар күшін салып, айқайлады: «Ләббай...»

Әмірші әлде бір әжептарқы дауыстан баянып кетті. Жібек шатырдан жұқаланытып күн көрінеді. Шамасы таң әлдеқашан атса керек. Сырттағы жұрттың күбір-күбірі құлағына

талықсып жетеді. Әмірші қасындағы кішкене қоңырауды сыңғыратып еді, есіктен қызметші кірді. Аң аулауға лайық ықшам киім әзірлепті. Ол киініп сыртқа шыққанда, күн тұсау бойы көтеріліп қалған екен. Аттың бәрі ерттеулі. Аңға қосатын тазылар, дүрегей төбеттер, бөрібасарлар мен аю алатын салпы ауыз арландар алақызып, жұлқынып қояды. Құсбегілердің қолындағы бүркіт, қаршыға, ителгі, лашындар таңғы тыныш ауаны бастарына көтеріп, жыртына шаңқылдасады. Мұнарсыз таңда қарлы шындар айнадай жарқырайды. Төңірек тып-тыныш. Тек төменнен, аңғар табанынан тау өзені күркірейді. Мынау бес қаруы белінде, құс ұстап, ит ерткен қарлы қалың дүбірден өздеріне ешқандай қауып жоғын білетіндей, кішкене жыршы құстар жақ жаппай сайрайды. Олардан басқа аң мен құс әлдеқайда жымып кеткен. Әмірші анадай жерде қаз-қатар тізілісе қалған игі жақсыларға көзі түсті. Олар қоғадай иіліп, тағзым етіп жатыр. Әмірші солғындау сәлем мезірет жасады да, екі нөкер жігіті ұстап тұрған атына қонды. Садағын асты. Шоғыр-шоғыр жұрт үзенгіге аяқ салысты. Кернейдің дөрекі үні қойнау үстінде көлкіп тұрған көк шәйідей көк ніл ауаны дар-дар жыртып, барқырай жөнелді.

Сондарына кернейшілер мен дабылшылар ерткен аң қайырмалайтын шолғыншылар елдің ең алдымен аттанды. Олар топ-топ боп, аң жатар жыра-жықпылы мол, жынысы қалың ұрымтал тұстарға беттеді. Олар жол-жөнекей аң ұшырасса, игі жақсылар қапыда қалмайтын ашық алаңқайларға айдап шығады. Әмірші мен игі жақсылардың көк желкесінде көлденең қауіптен бас-көз болатын көп нөкер келеді.

Самсап шатырлар қонған салтанатты қосқа азын-аулақ қарулы сақшылар тасталды да, басқа жұрт аң қуатын қойнауға ағылды. Аң қайырмалайтындар ақ бас шындарға барып бір-ақ тірелетін сілем-сілем тар қолаттарды сүзіп кетті де, былайғы жұрт етектегі кең алқапқа бағыт түзеді. Тамақ пісіретін аспаздар таң атпай жатып қатар-қатар жер ошақ қазып, жағалай тай қазан асып тастапты.

Әміршіде үн жоқ. Қасындағылар да тым-тырыс. Олардың қасы мен қабағына қарап, құрақтай құлап құлдық ұрып жататыны әншейінде әміршіні масаттандырып тастайтын-ды, бұл жолы көңіліне көк тікен боп қадалып келеді. Осы бір өңшен мүләйім жанар бұны бір түрлі мүсіркеп келе жатқаннан сау ма? Әмірші үшін одан асқан қорлық бар ма? Дәл мынандай тымсырая қалғандарына қарағанда бұл немелер мұның жанын жеп жатқан жегі құрттан хабардар сияқты. Әншейінде аңшылық десе, қай-қайсысының да аяқ-қолы жерге тимей, делеңдеп кететін еді. Бұл жолы бәрі сап-салмақты бола қапты. Тіпті күні кеше ғана дастарқан басында қауқылдасып отырған-ды. Бүгін енді аяқ астынан бәрінің де аузына қақ-

пак орнап, сілтідей тына қапты. Әлде бұның манағы ұйқыдан шошып оянған әжептарқы даусын естіп қойды ма екен... Естісе, әміршінің әлденеге қамырығып жүргенін, әрине, түсінеді. Ендеше, олар өз билеушілерінің түсінде ұйқысырап аллаға жалбарынғанын іштерінен неге жорып келеді екен. Хан көңілін бебеулеткен қасіретті әр қайсысы әр саққа жүгіртіп әуресарсаңға түсіп келе жатқаннан сау ма? Әлде олар ішінен бұрынғы еміс-еміс естіген лақабымыз дұрыс боп шықты ғой деп келе ме екен? Егер бұған дейін құлақтарына ештеңе тимесе, әміршінің манағы оқшау қылығына айран-асыр қап, таңырқамас па еді? Бірақ, бұның індете қарайтын қырағы көзі ешбірінің бетінен таңырқаған рай көрмей келеді. Тымсырайған немелердің тылсым жүздерінде қайтып кетеміз деген әсіре сақтық пен көлгірліктен басқа ештеңе байқалмайды. Кейбіреулері жыныс-жыныстан аң қуалап кеткендерге әлсін-әлі құлақ түріп қояды.

Олар ойпаңға енді құлай бергенде тау жақтан дабыра қағылып, керней тартылды. Арсы-күрсі тау өзенінің жаңғырығымен жарысып, жапа-тармағай дүсір шықты. Сарт-сұрт сынған бұталар мен топ-топ тұяқ дүбірі, құлаған тастардың сылдыры ию-қию араласып кетті. Жұрт елендесе қалды. Әмірші тырп еткен жоқ. Иттердің дауысы бірте-бірте жақындап келеді. Қасындағылар бұның ыңғайын бағып, ала қызба аттарының басымен үнсіз алысып қояды. Ол селт етпеді. Арна бойындағы қалың жыныстың тасыр-тұсыры тым көбейіп кеткен тұста барып бас уәзірге иек қақты.

Жұрт одан біраз ұзаққырап шыққан соң ғана, қойнауға қарай қиқу салып ағыза жөнелді. Әмірші ұлы дүрмекке қосылмай кейіндеп қалды. Сай бойынан бір үйір бұғы шыға келіп, етектегі ұлан жазыққа қарай құйғытып барады. Аңшылардың көбі солардың соңынан салды. Тағы бірнеше топ тау өзенінің екі бетіндегі кең қойнаудың әр тұсына сүңгіп-сүңгіп кетті. Жаңа ғана қасында тымсырайып-тымсырайып бұны бағып келе жатқан көлденең көздерден құтылған соң, ол аң қуып, ызы-қиқы боп жатқан ойпаңға құламай, ат басын бір қапталдан көлденең сұлаған, сай табанындағы ұлы арнаға барып қосылатын бір бүйен салаға бұрды. Сылдырап су ағып жатқан кішкене өзекті бойлай қалың қамыс өсіпті. Әмірші жылғаға жеткен соң аттан түсті. Нөкерлері де аттарын ұстап аңтарылып тұр. Қамыс арасындағы кішкене бұлаққа беттеген бұның соңынан ере жүруге батылдары бармай, орын-орындарында тұрып қалды. Ол қамыс арасына кіріп, бұлақтың жиегінде жатқан оңаша дөңбек тастың үстіне отырды. Таудың тап-таза суын алақанымен іліп алып, беті-қолын шайды. Сосын мойнындағы садағын ап, қасына қойды. Белбеуін босатып, тас үстіне жантайды. Көптен бері түзде жүріп, дәл бұлай оңаша кетіп көрмеген-ді. Бүгін таң атқалы ешкімді көргі-

сі келмейді. Сол бір сасық ауыз көп тобыр сыртынан не десе, о десін, тек көзін сатып қасында отырмаса болғаны. Әйтпесе, бұл олардың жүзіндегі әрбір болмашы қимыл-қыбырды аңдып, жүйкелеп бітеді.

Төңірегiнiң бәрі көк майса. Құрақ басындағы түнгі шық әлі түгел кеуіп үлгермеді. Қалың құрақтан бойларын асырып, ентелей қарап тұрған ақар-шақар шындар да түнде біреу шомылдырып кеткендей тап-таза. Өзекті бойлап келте самал желпіп өтеді. Мұның көкірегіне орнап қалған бір тымырсық қапырық бәрібір айығар емес. Есіне таң алдында көрген түсі оралды. Анау қарлы шындар түсіндегі Арафе мен Мұздалифттің, Саф пен Мәрудың күйген бауырдай қоп-қоңыр шоқыларына, көп шуылдақ қиқу салып аң қуып жүрген көк жасыл қойнау аяғынды бассаң бұрқ-бұрқ шаң ұшқан Мин алқабына атымен ұқсамайды. Алайда түсінде көрген өңірдің шаң-тозаны, ыстық жалап кеткен топырақтың күңірсік иісі көкірегіне біржола орнап қалғандай. Ғұмыры көрмеген алыс өлкенің көз алдына тап осынша анық сайрап келе қалғанына қайран қап отыр. Әлде қажыға сан рет барып қайтқан пірінің әңгімесінің әсері ме екен. Кешелі-бүгін ойына да алмаған жер түбіндегі киелі өлке бұның түсіне неге кірді? Әлде атабаба бұған басындағы мына дағдарыстан қалай шығудың жолын меңзеді ме... Шынында да, осы хажыға неге бармайды? Арғы-бергіде қартайған шағында қағбаның киелі тасын сүйіп, бастағы тажды сәлдеге, қолдағы алтын балдақты асыға айырбастап пақырана дәруіш боп кеткен падишалар аз ба? Олардың да осындай пұшайман халге ұшырап, дүниеден баз кешіп кетпегеніне кім кепіл?.. Бірақ, түсінде жер түбіне тәубе етіп барғанда қағбаның қара тасының оны маңайлатпай қойғаны несі? Әлде бұның күнәсі жер бетіндегі пенде біткеннің бәрінен көп, бәрінен кешірімсіз болғаны ма? Ендеше киелі кітапта тақ мініп, таж кигендердің әлемге алла тіккен шатырдың алтын қазығына баланатыны қалай? Жаратқан ие өз шатырының тіреулеріне осыншама кешірімсіз бе еді? Әлде қарақұрым қара тобырдың ортасында бір бұны қақпайлағаны «жүрер жерің бұл емес, сенің жөнің басқа» дегені ме? Олай болса жаратқан ие бұны кез келген жұмыр басты пенденің басына лайық, ең болмаса, айтуға да аузың бармайтын күлді-көмеш тақсыретке тап қылғаны несі? Дүниеде ұрғашының мекерлігінен келетін кесапаттан асқан қор кесапат болушы ма еді? Талай қуғын, талай сүргінді көре жүре, талай жерде сілті ішкендей бола жүре, соның ешқайсысына тап осы жолғыдай апшымап еді. Олардың бәрі алмас ұстап, атқа қонар азаматтың шыбын жанын қиғанмен де, абыройына дақ түсірмейтін бұйрықты тауқыметтер-ді. Ол осынша масқараға ұшырайтындай жаратқанға неден жазып қалып еді. Жазғаны алла тағаланың өзі бұйыртқан таж бен тақтың абыройын қорғағаны ма? Та-

лай күпірді жазмышқа бағындырып, талай кәпірді пайғамбардың жасыл туының астына жыққаны ма? Не істесе де, сәл тойынса, тәңірін танымай кететін қара тобыр таңғалмаса, табалай алмайтындай қып істеуші еді ғой! Өмір-бақи сол бір нәпсі құлдарының қор көкіректері оңай кесіп-піше салатын оңай атау, оңай өлшемдерден қашып бағушы еді ғой. Әлде сол жұрттың бәрі ойламағанды мен ойласам, бәрі істемегенді мен істесем деген дәмесі күпірлік болды ма? Мүмкін, күпірлік болса болар, бірақ нәпсі деген нәйіс сөз мұның әлгіндей асқақ дәмесіне атау бола алмайды. Жоға, тәйірі... Күпірліктің де арғы төркіні нәпсі болатұғын. Кісіні күпірлікке қашан да тойымсыз нәпсі бастайтын. Астам өкімет, артық қатыгездік түгілі орынсыз сахилықтың өзі күпірлік. Барша күпірліктің ар жағында ындыны қанбас тойымсыз құштарлық жататын. Мақтан сүйгіштік, ләззат құмарлық, бақ құмарлық — бәрінің атасы бір. Ер жүрек бау кеспе ұрының төсегі құр тұрмас салдақдан ешқандай артықшылығы жоқ болатыны секілді, өз қолындағы өкіметті орынсыз қызықтайтын падишаның да сол борбайын бұлдаған арзымсыз ұрғашыдан айырмасы шамалы.

Ендеше бұның қолындағы шексіз билік, атақ-даңқ, абырой — бәрі-бәрі жел етек ұрғашының бетіндегі арзан шырайдай, дүние қоңыз саудагердің қолындағы сасық дәулеттей, баянсыз фәнидің аз кіндік алданышы ғана болып шықты.

Ал, сонда түсінде күлді көмеш фәни тіршілікте күнәға талай батқан былайғы жұрттың ешқайсысына бұлк етпестен тып-тыныш жатқан қағбаның қасиетті қара тасының бұл жуып кетсе болды, маңайлатпай, сырғанақтап шыға келетіні несі? Әлде ар жағындағыны айтқызбай білетін жаратқан иенің қырағы көзі бұның көкірегіне мықтап орнығып алған өзі тектестерге менсінбей қарайтын астамшылық сезімді аңғарып қалды ма екен? Ендеше, қасиетті қара тастың әлгі қылығы бұны басыңа алтын таж киіп, астыңа алтын тақ мінгеніңмен арғы түбін ұрғашының етегінен шыққан өзегі қуыс пенде екендігін мойындамайтының бар, пенделердің пендешілігі ғана кешірілетін жерге құлдық ұрып несіне келдің деп күстаналағаны болды ғой. Олай болса, қартайған шағында дүниеден баз кешіп, тақуалық құрып кеткен бағзы падишалар жалба-жұлба дәруіш тірліктен қандай жұбаныш тауып жүр. Бәлкім, олар әлгіндей пақырана күйге былайғы пенделердей істеген күнамызға кешірім алар ма екенбіз деп емес, бойларынан күш, сөздерінен кие кеткен шақтарында қара тобырдың көз түрткісіне ұшырамайық деп түсетін шығар. Өйткені, пенде пақыр өзінен үстемге де, өзінен төменге де бірдей кешірімді ғой. Өзінен сәл жоғары тұрсаң, етегінді сүйіп, аяғыңа жығылады, бірдеңе десең «ләббай тақсырлап» құлдық ұрады; ал, енді өзінен гөрі халің мүшкілдеу бейшара болсаң, ет жүрегі елжірей жөнеледі, не десең де: «қайтсын байғұс, оңай ғой»

деймісің» деп мүсіркеп қоя береді. Ол немен тек тең бола көрме. Күнінде күркіреген падишалардың тұғырдан түсерлерінде жарлы дәруіштің жалба шапанына ынтық бола қалатындары да пенделердің әлгіндей мінезін біліп ап, кім көрінгенге күлкі болмайық деп табадан қашқандары шығар. Шынында да, мынау жан-жағынан анталап, сынап-мінеп, сәл ойларынан шықпасаң, пыш-пыштай жөнелгелі отырған көп тобырдың тіміскі көздерінен құтылудың жаңғыз жолы — таж бен тақты талақ етіп, қажыға барып, қалған ғұмырына қолына аса ұстап, мойнына дорба асынып, мүсәпірана күн кешу болар. Сонда бәлкім қара тобырдың көкірегінде күннен-күнге қордалана түскен әзәзіл таба аяқ астынан аянышқа айналар. Сынай қараған сұқты көздер мүсіркей қарар. Сөйтіп, ол да ешкімнен аспайтын жалба тонды жақыбай атанар. Онда мынау қайдағы бір бозөкпенің көзіне шөп, сүйегіне дақ сала жаздағаны да шымбайын дәл қазіргідей тызылдатпас. Мұның көкірегінде қандай шаланың бықсып жатқанын білгісі кеп, ешкім өліп-өше де қоймас.

Әмірші сол ел қатарлы елеусіз тіршілікке шынында да қатты қызығып кетті. Түнде көрген түсі де желеп-жебеп жүрген ата-бабаның әдейі аян бергені шығар. Есіне енді түсті — туатын ай жұрт қажыға баратын зұлқадж екен.

Әмірші тезірек пірге жолығып, түнде көрген түсін жортқызып алғысы келді. Мынау ырду-дырдуды дереу тоқтатып, шаһарға оралуға асықты. Осы қазір өзек бойынан шыққан бетте-ақ дабылшыға дабыл бергізеді.

Ол астындағы қара тастың қабырғасына батып бара жатқанын енді ғана байқап, екінші бүйіріне аударыла беріп еді, қалың құрақты жапыра-мапыра жақындап келе жатқан жойқын сытыр естілді. Мұның қимылдағанын сезіп қойды ма, құрақ арасындағы дүсір пышақ кескендей басыла қалды. Ол бойын тіктеп түрегеп отырды. Көзіне жасыл құрақтың арасынан тарғыл-тарғыл бірдеңе шалынғандай болды. Сол-ақ екен, мұның көріп қойғанын сезіп, одан әрі бой тасалағысы келмегендей әлгі тарғыл неме жасыл құрақтан ытқып шықты. Жолбарыс... Мысықтабандап жақындап келеді. Мұның жон арқасын оқыс қармай алған мұздай суық бірте-бірте тарай бастады. Тіпті шынтағының түбінде жатқан садағына да қолын созбады.

Кешегі түсіне енді түсінгендей болды. Кез келгенге шөп-шөп сүйгізіп жатқан қара тастың мұны маңайлатпай қойғаны мынандай тосын ажалға көрінген екен. Бәсе, елден ерек ғұмыр кешкен бұның ажалы да кез келгеннің пешенесіне жазыла бермейтіндей өзгеше болса керек-ті.

Жолбарыс жақындап қалды. Ол алла тағаланың мынадай түпсіз тұңғыық құсаға тұншықтырып қоймай, есіркеп жіберген ақ өлімін асыға тосты. Қазір ол көптен бері көкірегіннің

басына шөгіп бүк түсіп жатып алған зіл батпан қапырық қападан біржөла құтылады. Жан-жағынан жалаңдай карап, әр адымын аңдып отырған сұқты көздердегі сұғанақ таба да жым-жылас жоғалады. Не бір сұмдықтарды айтып сусылдай жөнелгелі отырған сумақай ауыздарға да құм құйылады. Бұның қит еткеніне аузын ашып, көзін жұмып отыратын қара тобыр бұдан былай ала бөтен өлімін де ауыздан ауызға, елден елге, ғасырдан ғасырға көшкен сайын өсе, өркештене түсетін күпіме аңызға айналдырады.

Жолбарыс құлағын жымып тақала түсті. Кенет жонын күдірейтіп жата қалды. «Қазір атылатын шығар» — деп ойлады әмірші. Анау топырақты мытып қысып алған пышақ тырнақтар қазір мұның өңешіне жармасады. Анау үн-түнсіз ақсиган тістер қазір мұның шекесінде ойнайды. Кенет жолбарыстың жон арқасы дір ете қалды да, мұның оң жақ иығына мойнын бүрды.

Бақса, бұның нөкерінің бірі жүлге бойына шыға кеп, жолбарысты көріп абдырап тұрып қалыпты. Бір уақыттарда барып есін жиып, жалма-жан садағына жармасты. Әмірші жанында жатқан садаққа сонда қол созды.

Қанды ажалға кезеніп тұрған нөкер жігіт тарғыл тағының орынынан атыла бере, сылқ құлап түскенін көрді. Айран-асыр қап қаруын төмен түсіріп еді, аспай-саспай садағын асынып жатқан әміршіні көзі шалды.

Әмірші жайлап басып жайрап жатқан олжасының қасына келді. Қақ жүректен оқ тиген жолбарыс атылуға мұршасы болмай, жер бауырлап жанталасып жатыр. Әмірші тосыннан тап болған өз ажалының ойда жоқта мүлт кеткеніне өкінді ме, әлде өз қанына өзі малшынып азап тартып жатқан аң сұлтанын аяды ма, күрсініп қойды. Артынша-ақ, неге екенін өзі де аңғармай бір мырс етті. Шамасы, тарғыл тажалды нөкерінен бұрын өзі атып түсіргеніне масаттанып тұрса керек, әйтпесе ол сығырың ертең әміршіні ажалдан өзім арашалап қалдым деп кеудесін қағады ғой.

Әмірші өзек бойынан шықты. Ат ұстап тұрғандар жалма-жан жүлге бойына жүгіріп барып, әмірші атып алған жолбарыстың терісін сыпырып, қауқылдасып жатты.

Сол бір кеу-кеу әңгіме, ұлы падиша туралы жаңа лақап, сол күні аң қуа барғандардың аузынан түскен жоқ. Ертеңіне әміршінің тосын пәрменімен байтақ шаһарға қайтып келе жатқанда да айтқандары тек сол болды.

Әмірші жақ ашқан жоқ. Томсарған күйі ой үстінде келеді. Кештетіп шаһарға жетті. Әмірші сарайға оралған түні де таң атқанша төңбекшіп шықты. Аңшылықта жүріп көрген түсі мен қапияда тап болып оққа ұшқан жолбарыс онсыз да шытырманға айналып бара жатқан тіршілігін бұрынғыдан гөрі де

түсініксіз, бұрынғыдан гөрі де жұмбақтандырып жіберген тәрізді.

Не де болса, бір шешімге бел буатын кез жетсе керек. Жаратқан иенің туралап жіберген ажалынан да өзі арашалап қалғанына қарағанда, бұдан бір түбегейлі шешім күтетін тәрізді. Бірақ, ол қандай шешім болмақ... Түсінде көргеніндей — басындағы тажды тастап, сәлде ора дей ме... Әйтеуір, мынау сарайдағы бұқпантай тірлік бұны мезі қып бітті. Не де болса, пірге жолығып, түсін жорытпай болмайды. Көптен бері ат ізін салмап еді. Өкпелеп те қалған шығар.

Ертеңіне күн қызбай тұрып, күймеге отырды. Байтақ шаһардың оңтүстік шығыс бетіндегі қаспақ-қаспақ қырандарға қарай беттеді. Мынау алқап та әлгі түсінде көрген өлкеге өте мөте ұқсайды екен. Мұнда да күйген бауырдай қоңыр шоқылар. Мұнда да шілде сорып тастаған кебірдің күңірсік иісі аңқиды. Жағалай иін тіресе қалған қырпық-қырпық қотыр тастар мен қатпар-қатпар кебіртек жалдардың қақ ортасына жападан-жалғыз оқшау қонжиған қара шоқының басына қонып отырған алып самұрықтай қара жартастың құбыла бетінен үңірейіп үңгір көрінеді. Сол үңгірдің аузында әлдене еміс-еміс бозаңытады. Күйме жақындаған сайын әлгі бозарандаған нәрсе айқындала түсті. Жақпар-жақпар қара жартастың көлеңкесінде ақ сәлделі кәрия отыр. Етекке салдыратып шауып кеп, түсіп жатқан ылдырмақ-шылдырмақты салтанатты күймені көрсе көріп те отырған шығар, бірақ селк еткен жоқ. Сол құбылаға жүзін тосып телміріп отырған қалпынан қыбыр етпеді.

Әмірші қасындағы нөкерін етекке тастап, киелі үңгірдің аузында көлеңкелеп отырған кәрі піріне ылғи да тек бір өзі ғана көтерілетін. Бұл жолы да сол әдетімен биік шоқының басына жаяулатып шығып келеді. Қандай алыс сапарға аттансын мейлі, қандай падишаның тажы мен тағына сұқтансын мейлі, ол қай жорығын да әуелі осы бір біраз жерге дейін құмақтатып барып, сосын бірден тайғанақ саз шаппа биікке тіп-тіке өрмелейтін бұралаң соқпақтан бастаған-ды. Ол қай дұшпанымен ұстасарда да, ең алдымен сонау жақпар жартастың түбінде кәрі күшігендей шөміп отырған шынашақтай қара шалдың шоқша сақалын бір сипатып батасын алатын. Сосын байтақ шаһардағы ең үлкен мешітке барып намазға жығылатын. Алыс жорыққа сосын аттанатын. Сол алыс сапар, қиын жорықтардың қай-қайсысында да жанына ауыртпалық түсіріп, қиналатын жер осы бір жаяуға жеткізіп болмайтын жандатпа бауыр-ды. Әркімдердің тақасы тиіп, жылмағайланып қалған саздақ соқпаққа өкшесі тұрмай тайғанақтай береді. Ол осы бір қара шоқының басына қашан да болдыртып шығатын. Бұл жолы ә дегеннен-ақ жіліншігі жеміріліп қоя берді. Әлсін-әлі тоқтап бел жазып алады. Бірақ, екі

бұғанасына қорғасын қаптап қойғандай, барған сайын бөк-сесі зіл тартып, аяғы ұйып барады. Тынысы да бітіп қалды. Сонау етекте қалғандар алтын тажды падишаның үпірсен ұшып кететіндей қаңғалақтаған қара шалға бола осынша азаптанатынына қайран қалып тұратын шығар.

Ал, алып қара жартастың астындағы құмандай қара шал биік жарға алқынып-аптығып шығып келе жатқан падишаны елең етпей, бетін құбыладан аудармай, безеріп отыра береді. Шақшадай басына дағарадай ақ сәлде орап апты. Қушық кішкене бетіне сұс беретін бір уыс сұйқылт шоқша сақалы әуелеп қапты. Шүңірек қастың астында сығалап жататын күл-гін көгіс жылтырақ көзін бұл жолы тарс жұмып алыпты. Падиша биік жардан шығып, еңтігін басып, жөткірінгенде де тырп еткен жоқ. Күнге қурап қалған көнетоз бозғылт шапанының етегі жырым-жырым. Дәл сондай күн күйдірген ақ жем ұзын тіз киімінің жалба-жұлба балағынан жалаңаш тілерсегі көрінеді. Тілім-тілім боп жарылып кетіпті. Қолындағы аса таяқты мытып ұстап апты. Тарамыс қолындағы бар сіңір, бар тамыр бадырайып-бадырайып шығып тұр. Пір әлденеге ұйып қалған.

Падиша қашан қарсы алдына жер тізерлеп, қол қусырып, бас игенде барып, көзін сығырайтты. Сосын тым кекшіе қалған басын түзеп, тіктеліп отырды. Керенаулау тіл қатып, жөн сұрады. Әмірші жөнін айтты. Пір сол қаққан қазықтай қалпы. Сөзін салғырт тындады. Кеңсірігі әнтек ілгері шығып кеткен қоңқақ мұрынның астына көлденең сұлап түскен көгіс қаймыжық ерінге әлденеше рет мысқыл жүгіргендей болды. Әмірші соны байқап, сәл кідіріп қалса, әбден қой балшықтанып кеткен қақтың суындай көгіс жылтырайтын кішкене көзін адырайтып ашып алады. Әмірші анау күнгі түсі мен тосыннан тап болып, бірақ шаппаған жолбарыс жайын айтып берді де, пірінен үнсіз жауап тосты.

Пірі сәлдей ойланған болды да, сығырақ көзінің бір қиығымен бұған қарап қойды. Сосын отырып-отырып барып:

— Жаратқан ие, ата-баба, желеп-жебеуші әулие-әмбие бар-бар уақытта пендесінен не дәмететінін ашып айтпайды. Ал, мүсіркесе, ақыл қосса, ол тұспалдары соқырға таяқ ұстатқандай сайрап тұрады. Қие үркіткен, аруақ ренжіткен жерің бар шығар, балам, ойлан,— деді де тиылып қалды.

Енді жақ ашпады. Қолындағы асасын топыраққа нұқи қадап, тарамыс мойынын ілгері созып, жүзін тағы да құбылаға тіктеді. Бұл «сөз бітті, ендігісін өзін біл» дегені екенін әмірші аңғарып қалды. Бірақ, қай уақытта да алды суық кәрияның бұған мына бүгінгідей әуелеп қараған астамшылығын бұрын ешқашан байқамаған-ды. Бүгінгі әр қимылы жүрегіне тікендей қадалып отыр. Бірақ, сабыр қылып, сыр байқатпай, тағзым етіп орынынан тұрды. Жаңғыз аяқ соқпаққа беттеді. Пірі

сол баяғы мелшиген қалпы қала берді. Ақыл да қоспады, бата да бермеді; бұрын бұны жасырақ кезінде мүсіркеп, мандайынан сипайтын әдеті болушы еді; бұл жолы оның жүзінен аспандай қараған астамшылық пен қазымырлықтан басқа ештеңе байқамады.

Әмірші онсыз да қиын жолдан бұл жолы тіпті ауырлап түсті. Мынау жаппай тұнжырап тұрған әбеқоңыр алқаптан тезірек шығып кетуге асықты. Біраз жерге ұзаған соң, артына бұрылып еді, бұған желкесін беріп, бүк түсіп жатып алған қара шоқыны көрді. Әмірші содан сарайға жеткенше ешқайда көз салған жоқ.

Сарайға жеткен соң да көп уақытқа дейін әлдеқандай бір тымырсық ашуға булығып, өзіне өзі келе алмады. Абажадай кең сарайға әрлі-берлі сенделіп жүруге манағы шоқыға шыққанда шаршап қалған аяқтары зіп-зілдей боп көтертпейді. Бір жерге тынығып отырайын десе, аяғының астындағы алабажак кілем емес өңшен быжырлата шаншып қойған тебен ине сияқты. «Құтылып шығар айла-амал табылмастай тығырықтан қаш». Ғұмыр бойы тұтынып келген осы қағидасы да күпір боп шықты. Енді, міне, шаршы әлемді астына басқан алтын тажды падиша басымен күйеуі үстінен шыққан опасыз әйелдей, қолға түскен ұрлықшыдай дымы құрып дағдарып тұрысы мынау. Ақыл қоспақ түгілі, іштегі құсасын айтып сырласатын да ешкімі жоқ. Дәл қазір мынау байтақ шаһардың сыртындағы құладүздің әлде бір жерінде санаулы ғұмырының қалған күндерін итшілеп өткізіп жатқан соқыр жігіт те, тас зынданда зарығып отырған бас шебер де, төрт қабырғаның арасына қамалып, құса боп жүрген кіші ханым да — бәрі де бұдан жақсы. Олар, ең болмаса, бастарына түскен бақытсыздығы үшін реніш артар біреулері бар ғой. Бұл кімге ренжи алады? Басындағы Қап тауындай қасіретті кімнен көреді? Алтын тажды падиша хақ тағалаға реніш жүре ме? Тәңірі түгілі киелі үңгірді баққан жаңағы шалдың өзі анау. Аспанды асасымен тіреп тұрғандай бетіне дұрыстап көзін де салмады. Кісіге ісін түскеннен артық қорлық бар ма? Өзі де сол дүниеде кіріптарлықтан асқан қорлық жоғын біліп, қаршадайынан билікке таласпап па еді? Құл болып бас игеннен, қуғында жүргеннің өзін көп артық көрмеп пе еді. Сол үшін талай ажалдың аузына барып қайтпап па еді. Оның ешқайсысын осы кезге дейін ұмытқан жоқ. Әлі күнге дейін сол есіне түскенде шор боп біткен әлде бір ескі жарасы сыздап, сүйек-сүйегінің бәрі түп-түгел сырқырап қоя береді. Бірақ, кіріптарлықтан, құлдық ұрғаннан өз басы аза бойы қаза бола тұра, алдына келген қайсы монтаны бастың мүддасын түсініп көріп еді, қайсысына шындап көңілі құлап еді. Асқақтай кірген астам басты ашуына жем қылса, жер сүйіп, аяғын құшып келген қор басты жиіркене тұрып мүсіркемеуші ме еді. Оны-

сын қай бір қайырымдылық қысқаннан істейді дейсің, падиша атағына дақ салдырғысы келмей істейді де. Жалба-жұлба қайыршыға жаны ашып емес, жарлылық титықтатқан мүскіндердің көзін шайлығар қор кейпі мен мұрын тыжырынтау нас иісінен тезірек құтылғысы келген кірәп немелердің қайыр садақасындай әншейін көз алдарқатқан мезірет қой. Бәлкім, қиқар шал бұған кісіге кіріптар болғанның қандай екенін білсін деп, манағының бәрін әдейі істеген шығар. Көп асқанға бір тосқан дейтін күннің бұған да келгенін сездіргені болар. Бірақ, соны дәл манағысындай кергімей-ақ, кейуана кейіппен де жеткізуге болмайтын ба еді. Бұрын қандай қарлықаратау қиын шаруамен барса да, кейуана қалпын бұзбай, кең отырып қабылдаушы еді ғой. Пәлен күннен бері ең алдымен кімнің жүзінен көрер екем деп алаңдап жүрген сол бір жексұрын кекесінді, айызы қанған дұшпанның ғана жүзінде тұрар арсыз табаны елден бұрын құдайдан соңғы жаңғыз жанашырым деп жүрген өз пірінен көргені ме? Иә, былайғы мыстан тобыр бұның қырағы көзінен мұқият жасырып баққан жымысқы табаны ешқандай күлбілтесіз жарқыратып жайып салды, — тіпті «аруақ ренжіткен жерің бар» деп өз аузынан айтып та тастады-ау! Аруақ ренжіткені — кіші ханым жайлы айтылып жатқан әңгімеге құлақ аспаған қалып танытқаны ғой. Пірдің ойынша, әзәзіл арбаған ұрғашының күнәсін жасырғаны өз төсегіне жұққан ыбылыс ластықтың сатпақ дағын ойып алып тастаудың орынына, жұрт көзінен алақанымен басып көлегейлеп баққаны. Бұл сонда не істеу керек еді? Кіші ханымды талақ тастаса, арғы-бергіде ешбір падиша істемеген масқараны бұл істеген боп шығар еді, халық алдында қайдағы бір қанғыма қара сүйек көзіме шөп салды деп өз аузынан мойындағаны болып шығар еді. Сонда манағы қиқар шал бұған ездін езі істемеген есуастықты істемедің деп өкпелей ме?

Онда хан күнәкар ханым мен оның ашынасын емес, өзін масқаралаған боп шықпай ма? Сонда пір күнәкарлардың жаза шеккеніне емес, бұның өзінің табаға ұшырағанына күштар болғаны ма? Ондайға кіші ханымның жер болғанын қалайтын, соның жолында бұл масқараға ұшырап жатса, қайғыру орынына қуанатын ұлы ханым барса барар, бірақ бұның өзі түгілі, әкесінің де көзін көрген пір қалай барады? Қолында аса, аузында алла отырып, күндестіктің желігінен көзіне ақ шел қаптаған ұрғашының соқыр ызасын ол қалай құптайды; қор көкірек ұрғашының көр соқырлығынан әулие басымен ол қалай аса алмайды. Әрине, пір ұлы ханым сарайының айтқанынан шыға алмай жүр. Қажет десеніз, оның жүзіндегі манағы мысқыл, манағы таба да солардан жұққан. Ұлы ханымның төңірегіндегі түйедейді түймедей қылатын мыстан сайқалдар

әулие шалды да арбап алған ғой. Олардың пыш-пышының сиқыры тірі пайғамбардың көкірегіндегі киеден де құдіреттірек болғаны ғой.

Әміршінің жүзіне айыз қандырар ащы мысқыл жүгірді. Ол тіпті әулие басымен өңшең сайқал, өңшең мыстанға арбалып қалған киелі шалды аяп та кетті; өңіндегі жаңағы бір лып ете қалған кекесін аяқ астынан мүсіркеушілікке ауысты. Әулие шал әзәзіл пыш-пыштан алжасса алжасқан да шығар. Аттасаң болды, ар-намысың саудаға түсіп шыға келетін мынандай қор дүниенің төбесінен қарамай, ортасында жүрсе, қайдағы бір қалт-құлт әулие шал түгілі жаратқан жалғыз иенің өзі де әлдеқашан-ақ өз жолынан өзі адасып мәңгүрт болып шыға келер еді. Күллі дүниені әйтеуір бірдеңеге өліп-өшіп жататын толып жатқан құштарлықтардан тұрғызса, қайтіп нәпсіге берілмессің, қайтіп күнәға батпассың. Құштарлықтан пайда болған пенде тіршілігі құштарлықтан опат тапса, таңданатұғын несі бар? Құштарлық атаулы нәпсі болса, нәпсі атаулы пенделік болса, әлгі әулие пірдің өзі де пенде боп шықпай ма? Ол да құдай жолына құлшылықты өзге пенделерді аузына қарату үшін жасайды емес пе?! Ол мына өмірде көп нәрсені талақ еткенмен, барлық нәрсені талақ етпепті. Жұртқа ықпалы жүргенді о да жек көріп жатқан жоқ. Елдің елбек қаққаны, аяғына жығылғаны оның да жанына майдай жағады. Басқа түгілі алтын тажды падишаның өзі алдына кеп, аяғына жығылатынын жұртқа қыр қылады. Әрбір мақтан әсіре құштарлық. Әрбір әсіре нәрсе күпірлік. Әрбір күпірлік күнәға батырады. Ендеше пір екеуінің күнасы біп-бірдей. Бұл өкімет құмар, өктем мінез болса, ол да солай. Бұдан бір мысқал кем емес. Тіпті алланың айрықша рахымындағы бұның өзіне астамдық көрсеткені оның да күпірліктің балдыр-батпағына әбден белшеден батып болғаны. Әзәзілге де сол пенделіктің көк тұманына түсіп, көзінен айырылған көр соқырлар ғана ереді. Ендеше киелі шалдың ұлы ханым сарайының айтқанынан шыға алмайтындай жөні жоқ еді. Кәрі әулиенің бұл пайғамбар жасынан асып, тұғырдан түсерде ертеңгі тақ иелерін өсіріп-өндірген бәйбішенің ыңғайына кеткені де сол пенделік. Бүгінгі ықпалын ғана емес, ертеңгі күнінің де қандай болатынын ойлағаны.

Ендеше, ол өз басындағы пенделікті көрмей, бұның басындағы пенделікті неге сонша жазғырады? Құранның өзінде жазылмап па еді: «Пенденің білмегі шарт: Алла — жалғыз; онда жора да жоқ, жолдас та жоқ; өзі ешкімнің перзенті емес, өзі де перзентсіз; оған ешкім тең келе алмайды; қасына серік, артына әулет ертпеген ол өз патшалығында қолындағы билікті ешкіммен бөле-жармайтын дара падиша. Ықылым орнамастан бұрын бар ол, ықылым түгел құрып кеткенде де құрымайды... Көктің билігі де, жердің билігі де бір сонда: көк пен

жердегі, құрғақ пен судағы жан-жануардың баршасына сол ие, оларға одан басқа билеуші де, қорғаушы да жоқ. Адам тағдырын да сол билейді: ауру жіберетін де, дару жіберетін де өлтіретін де, өмір бітіретін де тек сол ғана. Бірақ, ол жаратқан жан иелері періште болсын, пайғамбар болсын, тіпті басқа мақұлқат болсын — бәрі бір, түгел дерлік бейшара. Күші асқан құдірет те өзі, білігі асқан сұңғыла да өзі».

Жаратқан иенің өзі кедір-бұдыр қып кемшін жаратқан дүниені бұл қалай бір тегіс қыла алады? Жаратқан жалғыз иенің өзі он сегіз мың ғалам өз билігімен шығып кетпесін деп, өз қолынан шыққан жан-жануардың әр қайсысына әр алуан кемшілік пен әлсіздік беріп, сол арқылы тұтымында ұстаса, өз қарауындағы жұмыр басты пенделерді бұл қалай солай ұстап, солай тұтпайды? Құдайдың өзінде бар кемшілікті адам қайталаса, неге күстаналайды? Өзі жаратқан жан иелерінің аласынан алланың өзі әлгіндей сескенгенде, бұл қайтіп сескенбейді? Әлде, алла тағаланың мұнысы, тегі мен заты белгісіз бір өзі ғана істейтін ерекше мен ересенге тегі мен заты ұрғашының етегінің астынан шыққан жұмыр бастылардың бой ұруына болмайды деген тиырымы ма екен? Сонда өзім ғана жасайтын кереметтерде шаруаларыңыз болмасын, асқан рақым мен асқар жаза тек менің қолымнан шығуға тиісті, менен басқа ешқайсының қақыларың жоқ дегені ме? Олай болса, күнә, қылмыс деген қорқынышты сөздердің шын мағынасы — құдіреті күшті тобаның өзім ғана істейтін істерді өзгелер істеп қоймасын, өзім ғана білетін нәрсені өзгелер түсініп қалмасын деген іштарлығы ғана болып шықты ғой?!

Шариғатта жаратқан ие әлгіндей өз мінезіне сыралғы боп қалған адам тұқымын аямайтынын айтып, ақыр заманды басына төндіріп, қорқытып бағады. Алла екеш алланың өзі әлсіздігін білдіріп алудан осынша тайсақтағанда, пенде басымен бұл қайтіп тайсақтамайды. Ендеше пірдің бұған күнәкарлық куасы көк мұнараны құртып, басындағы маскара халді жарқыратып өзің жайып сал дегені адам түгілі құдайдың да құлағына ерсі естілетін есірік әңгіме.

Желеп-жебеуші қызырлардың өзі бұған ешқандай аян бере алмады. Аңға барғанда көрген түсі осы сергелдең халіне көрінген шығар. Қағбаның қара тасының қарсы алдында тұрып маңына жолатпай қойғаны мұның осы ақыл таппай, тығырыққа камалған пұшайман дағдарысы болар. Шынында да, бұл не істей алады? Егер құдіреті күшті құдая дәл қазір тосын апат жіберіп, оның күні бүгінге дейін көзінің қарашығындай көріп, қорғаштап баққан астанасын тып-типыл қып қиратып тастаса, бұл түк те ренжімес еді. Тіпті қуанар еді. Анау көзге күйік көк мұнарадан да құтылар еді. Опаттан шыбындай қырылып, жайрап қалатын жұмыр бастылардың көр көкіректеріндегі сасық лақап та біржола сап болар еді.

Сол бір топалаң қырғында тоңқалаң асатын көппен бірге өзі де жоқ болса, оған да еш өкінбес еді. Әйтеуір әлгі насырына тиетін сұмырай өсек артында қалмай, өзімен бірге құрыса болғаны. Бірақ талай тілегін оп-оңай бере салған мырза құдай тап осы жолы кессе қан шықпайтын қас сараң бола қалыпты ғой.

Ол осы арада өмірінде алғаш рет жалпақ әлемді аузына түгел дерлік қаратқан ең құдіретті әмірші болғанына өкінді. Бақса, жақын маңайда сасық ауыз, сімсік көз өңшен найсап қаптаған мынау сайқал қаланы шауып алып, құртып жіберуге құдіреті жететіндей тегеурінді жауы да қалмапты. Бұған жеті қиян жер түбінде жатып, ылғи көз алартатын әлгі бір сығыр көздерге де қаны қайнап тұр. Тым-тырыс жатып алған немелерді, қас қылғанда осы, өзі барып шауып алса қайтеді.

Әмірші сол ойына бел буды. Көптен бері көңілінде жүрген жорыққа осы қазір аттануы керек. Қара тобырдың көкірегіне оқтың-оқтың толып кететін арам желді қуып шығудың бірден-бір емі қанды қасап қана. Құдай жібермеген, жауы жібермеген қанды қасапты өзі жасайды. Бұл бір-бірлеп құртып бітіре алмайтын әлгі бір сасық ауыз тобырды жаңа жорыққа бастап апарып, мың-мыңдап қырып қайтады. Тірі қалғандары өсек түгілі бастарымен қайғы боп оралады. Аман қайтқандарын құдайдан емес, бұдан көріп, бұрынғыдан бетер құлдық ұрады.

Әмірші дереу жорыққа аттануға бекінді.

VI

Дария артта қалды. Әлгінде анталай қарап тұрған қара тобыр да алыстай берді. Құба шөл, құла тұз басталды. Шөлдің қақаған қапырық ыстығы қайтадан қайратына мінді. Қара құрым қалың қол толарсақтан құм кешіп жүріп келеді. Шақырайған талма түс салт аттылардың құрдым көлеңкесін де жалмап жұтып қойыпты; енді өздерін біржолата жоқ қып жібергісі келгендей өртеніп тұр.

Өкпек аптап бірте-бірте күшейе берді. Қайнаған ыстық бұл отырған күймеге де баса-көктей кіріп кепті. Барған сайын тынысы тарылып барады. Қабынған өкпесіне бір жұтым ауа іздегендей пердені ысырып, сыртқа көз салды. Сол баяғы құба шөл. Құла шағылдар шақырайған күн көзіне қарсы шығар қайрат таба алмай, қорғасын боп балқып жатқандай. Аттың бәрі малтығып келеді. Шөлден қашқақтаған бір кішкене тұз құсы шарықтап ұшып та кетпей, жер бетіне түсіп жорғаламай да, ұшып-қонып, күйменің құрдым көлеңкесіне тығылып секектеп еріп келеді.

Әмірші дүниеде осы бір шынашақтай құстан басқа ештеңе қалмағандай, шегір көзін соған қадап апты. Бармақтай құстың мына жанталасы қандай мағыналы. Тамағы бүлк-бүлк

етеді. Жер апшысын қуырып бара жатқан қызыл жалын аптаптан жайын қоярға жер таппай шыр-шыр етеді. Бәлкім мына тірлікте одан басқа ешқандай мағына да жоқ шығар. Одан асқан әрекеттің бәрі мәнсіздене түсетін болар. Әрекет неғұрлым алапаттана түскен сайын бар мән, бар қасиетінен адалана түссе керек. Мынау алапат аптаптың арғы атасы — жібекше желпитін майса самал емес пе еді. Әуелде дүниені шантозаңнан арылтсам деп ескен ұялшақ леп өз күдіретіне еліге-еліге, еліре-еліре жер бетіндегіні түгел күйдіріп-күйрететін мүнкір-нәңкірге, демінен ажал шашыраған қызыл аптапқа айналмады ма... Әне, бәйшара құстың табанын шок боп қарып, қанатын жалын боп шарпып, көрер көзге құртып жіберер түрі бар. Әмірші тажал тасқынына қылар қайраны болмай, жан ұшыра секектеген кішкене мақұлықтың ақтық азабын көргісі келмегендей, көзін тарс жұмып алды.

Дүниені құйқадай қуырып бара жатқан от леп оның да тұла бойын қари бастады. Мынау құтхана шатырын өңшене жөндет басып алғандай, ол тырп етерге дәрмені болмай, сұлқ отыр. Тозақ отына шыжғырылғандай өн бойын өрт жайлап барады. Жан-жағынан жүздеген мүнкір-нәңкір жанынды бер деп жаланып тұрғандай. Бәсе, манағы ойда жоқта қолынан сусып түсіп кеткен сақинасы оның осы сапардан тірі қайтпауына көрінген екен ғой. Ұзақ жолға аттанарда алдынан сұханы сүймейтін кісінің қарсы жолыққаны да жақсы нышан болмаса керек-ті.

Әміршінің көз алдынан соқыр жігіт кетпей қойды. Ол есек арбасын дария жағасына тастап, өзі мұның күймесіне көшіп кеп, қарсы алдынан қасқып отырып алғандай. Нұр жайнаған жаутаң жанардан айырылған соң, жүзіндегі баяғы мейірім жым-жылас жоғалып кетіпті. Әдемі жас жігітке лайық ізетібадан да еш жұрнақ қалмапты. Үңірейген-үңірейген екі көздің түбіне тажал тығылып тұрғандай. Өндірішегі сораып, танауы қусырылып, екі беті күлдей боп-боз боп кетіпті, өнінен кісі шошығандай. Міне, ол бұған қарай қозғалғандай болды, бірте-бірте жақындап келеді. Сүйекпен сүйек боп қалған сұп-сұр беті бүлк етпейді. Ол мұның соңындағы қара құрым қолдан да сескенбейтіндей. Шаршы әлемдегі әр бір тірі пенденің құлағына көк найзаның сүңгісіндей суық естілетін айбарлы әмірші атағынан да тайсалатын түрі көрінбейді. Күс-күс қос шеңгел кеңірдегіне тақап қалыпты.

— Қорықпа, — деді әлдебір қырылдақ дауыс, — барар жерің бәрібір жердің асты...

Әмірші айран-асыр. Бұл қалай? Баяғыда тілін кестіріп тастамап па еді? Пышағы жалаңдаған жөндеттің қан-қан бір кесек етті көзінше жерге лақтырып тастағаны қайда? Ендеше әлгі жексұрын дауыс қайдан шықты? Әлде оған күдірет қайтадан тіл бітірген бе? Әлде тілін кескеніңмен адамды

мылқауға айналдыра алмайтын болғаның ба? Бәлкім, әлгі дауыс мына шебер жігіттің емес, өзінің, Әміршінің дауысы шығар?

Әміршінің көзі шарасынан шығып барады. Қарсы алдындағы құбыжық соқырдың қан-сөлсіз қаймыжық ерініне бір жымсықы күлкі ілігіпті. Әмірші шегіншектеп шалқалай берді. Оны бір жұтпа батпақ астынан обып барады. Ол, ең болмаса, жан тәсілім алдында тұяқ серпетіндей дәрмен таба алмай тырбанып жатыр...

Әлде бір уақыттарда барып көзін ашып алды. Шілде күні шыжғыра күйдірген шатырдың іші ысып кетіпті. Құс мамық төсекке үйелеп қалған екен, ыстық мамық өне бойын жандырып барады. Бұл жан-дәрмен басын көтеріп, есік жаққа қарап еді, ешкім жоқ. Әлгі тықыр бас соқыр әлдеқайда ғайып бопты. Ол шыжыған шілде мен пәлен күннен бергі бебеулеткен тымырсық ойлардан қайнап-қайнап, балдыр батпаққа айналған дәрменсіз мидан санасы тұмандана бастағанын, әлгінде ғана қарсы алдында жаланып отырған манағы өткел басында қалған соқыр да, мұның жанын алуға келген мұңкір-нәңкір де емес, жәй әншейін қорыққанға қос көрінген сандырақ елес екендігін енді аңғарды. Бірақ, көңіліне біржола орнығып алған осы бір озбыр күманның бәрі-бір мұңкір-нәңкірдей бұның басын жұтпай тынбайтынына да көзі біржола жеткендей болды.

Ол қайтадан есеңгіреп кетті. Енді жан-жағын шетсіз-шексіз құла тұз жайлап алды. Білем-білем шағылдар да әлдеқандай шимай жазуларға толып кеткен сияқты. Бұл сөніп бара жатқан жанарының соңғы қуатын шым-шым сарқып, қадалып келіп оқиды-ақ. Әлдебір уақыттарда барып зорға-зорға ажыратқандай болды. Күллі дүниені: «Барар жерің бәрібір жердің асты» деген шимай жазу қаптап кетіпті.

Ол тағы да көзін ашты. Төбесінен қара қоңыр күңгірт бірдене төніп тұрды. Бірақ, әмірші бұл жолы өзінің үйреншікті алтын күйме, атылас шатырында жатқанын, әлде баяғыда өзі салдырған тас зынданда жатқанын анық ажырата алмады.

НОВЕСТИ



I

Онсыз да қапырық шатырдың іші түсте тіпті ысып кетті. Күн жеп тастаған кенептің күңірсік исі қолқаны атып барады. Қалайы кружканың қара шайын қанша ішкеніңмен шөлің бәрібір қанбайды, сол бойда тер боя саулап қайта шығып жатыр. Таң атқалы далада күннің өтінде жүрген жігіттер ыстық таратқылары келіп, ысылдап-пысылдап біраз отырып еді, айналадан аптап ұрып, береке қашырған соң, дастарқанды жинай бастады. Тек Құрбан ақсақал ғана міз бақпады. Кен шатырдың қақ ортасындағы қарағай столдың бір басында, сыртына алабажак гүлдің суреті салынған құманын үстіндегі алашыбық шапанның етегімен тас қып қымтап алып, көк шайдан бас көтерер емес. Қалған жұртты ағыл-тегіл тер алып бара жатса, қарияның тек қабағы ғана жіпсіген. Шүңірек көзінің алдын шүпір-шүпір сірке тамшылар тұмшалапты. Күндегі әдетіне басса, осыдан шатырда ешкім қалмағанша шай ішеді. Сосын анау су құйған күбіге арқасын тіреп, алыс көк жиектен көз айырмай жатады да қояды. Ондайда ләм-мим демейді. Білем-білем тамыры шыққан ұзын мойыны бір жығылмайды. Құдды көз ұшынан бірдене көріп, сәл қалт етсе көз жазып қалатындай, қашан көлеңке ұзарып, ыстық іш тартқанша сол қалпынан тапжылмайды. Қанша талып-талықсып келсін, күндіз көз іліндіріп көрген кісі емес. Соңыра көлеңке ұзарып, ыстық қайтқан кезде қолына қылдырық мойын жылтыр жез құманын ұстап, машинаның ізі түспеген, шөбіне шаң қонбаған, май тимеген таза жер іздеуге шығады. Құрбан ақсақал ондай таза жер тауып, сосын беліне орап жүрген ақ шүберек жайнамазын жарқыратып жайып салып, құбылаға бетін беріп, бір тұрып, бір отырып намаз оқып болғанша, қостағы жігіттер де ұйқыларынан оянып, машиналарының күйін күйттеп болып, жолға шығуға әзір тұрады. Бірақ Сырым мана қосқа қайтып келе жатып, шайдан соң кешегі тартқан күйін қайта тартып беруін сұрап еді. Бүгін қария шайын күндегідей көпке созып кеткен жоқ. Әне, құманының түбіндегі жасыл шаманы сыртқа апарып төгіп келді. Сосын шатырдың тіреу ағашына іліп қойған дутарын алды. Мынандай аптапта қаңсып қалмасын деп қара шүберек қабының сыртынан да әлденеше қабаттап орап тастапты.

Құрбан ақсақал дутарына айналған соң, Сырым босаға-дағы күнде шал жантаятын су құйған күбіге арқасын тіреп, аяғын созып, түрүлі іргеден көрінетін алыс көк жиекке көз тастады. Жаңа ғана далиып жатқан ұлан-асыр қара жон талма түсте пырысқан терідей бір уыс боп қалыпты. Сағым шалған қара дөңнен қарауытқан көрінді. Өздері әлденешеу. Көк жиекте аспан мен жердің арасын тіреп-тіреп тұрып алды. Бірінен соң бірі шығып жатыр, шығып жатыр. Сағым көмген көк жиек бірде дөң үстіне тұнып қалған түтін сияқты, енді бірде қатқыл дөңнің астынан қалқып шыға келген көл тәрізді. Маңайда сағымнан өзге ештеңе жоқ. Бұлардың қосы жайғасқан мынау тоқымдай қара жер жан-жақтан жапа-тармағай қаптап келе жатқан жойқын судың ортасындағы құрдым аралдай. Шыр айнала қырық құбылып, қырық толқып сағым билейді. Анау қарайғандар сол көк теңізді тізесінен кешіп серейіп-серейіп тұрып алыпты. Қозғалғаны білінбейді.

Бүгін бұлар түскі асқа күндегіден кеш қайтып еді. Содан күн өтті ме, әлде таң сарғайғанша Құрбан ақсақалдың әңгімесін тыңдаймын деп ұйқысы қанбаған ба — әйтеуір, тұла бойы дел-сал, басы мең-зен. Төңірегіннің бәрі бұлдырап, буалдырланып кеткен. Бесенеден белгілі нәрселерді біріне-бірін ұқсатып, қауыштырып отырғаны да сондықтан. Баяғы бала кезінде атасына мінгесіп келе жатып, төңірегіне көзі талғанша қараушы еді. Сонда күнде көріп жүрген үйреншікті төбе-кіктер мен қыраттар біраз жүрген соң таңғажайып сиқыр заттарға айналатын; күндегі кескін-кейіптерінен айырылып, не бір кереметке, не бір құбыжыққа ауысады. Бала қиялы маңайындағының бәрін осылай қырық құбылтып келе жатып, қашан атасы: «Ал түс енді!» дегенде барып есін бір жиятын. Әлгіндей мінезіне бола әуейі атанды. Сол аты әлі келеді. Тіпті осы отрядтағылардың өзі геодезистің артынып-тартынып жүретін өзге ылдырмақ-шылдырмағы аздай қайдағы бір магнитофон, киноаппараттарды да жүк қылып арқалап алатын бұны сыртынан «әуейі» деп күліседі. Оның үстіне Құрбан ақсақал келгелі ылғи шала ұйқы боп көзі қызарғанын көрген соң, тіпті құдайлары беріп қалды. Жапан даладағы кез келген оба мен жыраның атын жаттап жүрген әуресіне місе тұтпағандай, әлдеқашан сүйегі қурап қалғандардың не істеп, не қойғанында не жыны бар екен...

Осындай әуейілігінен де болар, мектеп бітірген соң жыл он екі ай үй көрмей, көші-қондымен жүретін геодезистікті қалады. Міне, Қақпақты десе дегендей тақтайдай тегіс жалпақ дөңде әр бұтаның түбіне бір тауап етіп, әрлі-берлі кезгеніне айдан асып барады. Мынау ұлан-асыр қу медиен далаға елу жылдай болыпты, ел қонбапты. Ай бойы қанша жерді араласа да, әдетте теңге жараның орынындай оқшау бозарып жататын көне жұрт, не күзекте, не көктемде ши қорамен отыратын

қойшы ауылдардан қалған ескі көң — ештеңе көзіне түскен емес. Малдың сүрлеуі, тезегі — түгі жоқ, жым-жылас. Тек теп-тегіс жазық, көптен бері тұяқ баспай, тіс тимей қақалып өскен майқара жусан.

Осынау бедерсіз кеңістіктен бағыт айыру, бағдар тану тіпті қиын. Аңада алғаш келіп түскенде бір апта бойы салпақтап босқа жүрді. Далиып жатқан қара жонда назарыңа ілігер бір белгі кезікпейсің. Бұған серік қу тілді жігіттер: «Бір парақ қағаз алып, күнбатыс шетіне Каспийді белгілеп, қалған жеріне қол тегізбей аппақ күйінде апарып тапсырсаң, Қақпақтының картасы дегенге кім сенбейді. Босқа қаңғығанмен қашып жүрген қара құйрықты белгілемесең, картаның бетіне не түсіресің?» — деп күледі. Шынында да апта бойы аралағанда карта бетіне бір-екі-ақ ауыз сөз жазылды. Атам заманнан бері із түспеген дөңнің ойын-қырын білетін кісі қалып жарымапты. Сырым да базаға адам қатысқан сайын жол көрсетуші тауып беріндер деп қақсады да жатты. Жан-жаққа хабар шашып, иегінде сақалы бар кісі көрінсе жік-жапар боп жалынып жүргенде, түрікмендердің Қособа деген ауылынан осы Құрбан ақсақал табылыпты.

Құрбан ақсақал жасы жетпістен асса да, сыр алдыра қоймаған сіңір қара шал. Жұмыртқадай шап-шағын басын қақшандатып шапшаң сөйлеп, шапшаң қимылдайды. Кеше бұлар тек жылмиған жазық қой деп жүрген қара жондағы қоңыр жусанның арасынан еміс-еміс көзге түсетін әр бұдырға ат тауып береді. Қапелімде соның бәрі сыртынан көзге түсер-түспес елеусіз көрінгенмен, аттары дардай. Әне бір қалың бұйығынның қақ ортасында қалып, айналасына құмырсқа илеу салған көк тастың аты — «Қанжар жаныған», ал ана бір жалғыз қылауытқан тоқымдай кебірдің аты — анау-мынау емес «Қол қырылған». Құдды баяғы бабаларымыз көз сүрінтпес тегіс дөңнің бетінен өздігінен көзге шалына қоймас елеусіз белгі-жұрнақтардың бәрін де ең болмаса есімімен назар аударып тұрсын деп әдейі дабырайтып атаған тәрізді. Не де болса, Құрбан ақсақал келгелі картаның беті шүпірлеген жазуға толып кетті.

Бір кезде мынау иесіз далада да тіршілік болғанын білетін тек сол Құрбан ақсақал мен дөңнің екі-үш жерінен ұшырасып, қоңыр далада, қапелімде, көзіңе іліге қоймайтын көне қауым молалар ғана. Ең даладағы көне көз екі кәрінің — мынау ызғыған жонда ыққан жылқыны талай қайтарған кәрі жылқышы Құрбан мен осы өңірде тірлік еткен пенденің бәрін өз көкірегіне тығып, бұл маңайда не болып, не қойғанын өзі ұмыттырып, өзі есіне түсіретін көне моланың — бір-біріне ұқтырары көп болса керек. Құрбан қария аңадайдан мола көрінсе болды, машинаны тоқтатып, жерге түседі. Басындағы қара дудар сәңсәңін қолыменен бір басып қойып, шофер мен бұған

ыммен бұйырады. Шофер кабинасын ашып, орындығының астынан бензин исі аңқыған май-май кепкасын суырады. Сырым басына етегі делдиген сабан қалпағын киеді. Сосын үшеуі шығып зиратқа беттейді. Құрбан қауымның құбыла жақ алдына шығып дұға оқиды. Шофер мен Сырым зираттағы құж-құж қара тастан әр қилы қып орнатқан көне ескерткіштерге үңіледі. Күн жеп, су шайып, қына мен мүк басып, бедері қашқан мелшиген-мелшиген меңіреу тастар. Кейбіреуі жер қойнынан зорға қылтияды, кейбіреуі бүк түсіп жатып алыпты. Құрбан қария дұға оқып болған соң орнынан тұрып, тізесіне жұғып қалған ақ ұлпа топырақты қағып, қауымның құбыла бетіндегі қара тастан қалай болса солай қалай салған тығырық қара молаға келеді. Қасынан бір уыс топырақ алып, қара моланың ішіндегі топырағы ойылып, қымыздық шыққан ескі көрдің үстіне тастайды. Сосын машинаға жеткенше артына қарамайды, тырс үндемейді. Мола бір дөңнің астында қалған соң барып, әңгіме қозғайды. Сонда әлгінде ғана бүк түсіп, бүлк етпей жатқан қына басқан, құс саңғыған, күн жеген меңіреу тастардың қай-қайсысының да көл-көсір хикаясы бар боп шығады.

Кеше түс қайта теңізге тұмсық тірей таусылатын қара жалдың шетіндегі бір көнетоз қауымды көрсетті. Жалдың етегінен басталатын пышақтың жүзіндей жіп-жіңішке түбек көк айран дарияның төріне дейін сүңгіп кіріп жатыр. Сырым мынау елден ерек таңғажайып түбектің сырын сұрап еді, Құрбан ақсақал басын сонау, ту әріден алатын ұзын-сонар хикая қозғады. Қосқа келген соң қолына дутар алып, осы оқиғаға байланысты шыққан бір күйді тартты. Жетпістен асса да, қолына діріл жүгірмеген. Саусағынан төгілген саз әлі тәтті. Сырым да жастайынан күй тындап өскен қазақ-ты. Баяғы бала кезінде қу тақтайдың бетінен өзінен-өзі өрбіп жатқан сиқыр үнге еліткенмен дәл қазіргісіндей сұғына тындамаушы еді. Қазір күй естісе, өне бойының бәрі шымырлап, көкірегіне әлдеқандай бір өзгеше сезім қордаланып, жанарына мұң ұйып, ынт-шынты кетеді. Әсіресе, Құрбан ақсақалдың кешегі тартқан күйінен әлі айыға алмай жүр. Мана түске дейін дөңді қыдырғанда да құлағында сол саз оянып, баяғы бала күніндегідей әр саққа құбылып, әлденеге елегізумен болды. Теодалитке қанша телміріп қараса да, көз ұшындағы қара ноқаттың бәрі біресе әлдеқайда асығыс аттанып бара жатқан қалың қолға, енді бірде әлдебір жақтан соңына қиқу түсіп, жапа-тармағай жапырыла қашып келе жатқан қалың жылқыға ұқсап қалады. Құрбан ақсақалды қайта-қайта қасына шақырып, көк жиекте кілкіп тұрған қалың мұнардың ішіндегі буалдыр елестердің не екенін неше мәрте сұрағанмен, құлағына кірмей қойды. Бағана түскі тамаққа қайтып келе жатып Құрбан ақсақалға:

— Қария, кешегі күйіңізді қайта тартып беріңізші, — деген.

— Мақұл, — деген қария.

Енді, міне, Құрбан ақсақал дутарының күйін келтіріп болып, маңдайына шып-шып шыққан терді сүртті. Шай ішіп болған жігіттер шатырларына тарап, бір қатары ұйқыға кетті, бір қатары картаға кірісті. Сырым ұйып қалған аяғын созып, тұрулі іргеден көрінетін алыс көкжиекке көз тастады.

Сабы жіп-жіңішке түймешік бас дутардан үн шықты. Сырым сағым шалған сары далаға қараған күйі елітіп тыңдай қалды. Онсыз да бір бедер, бір өң жазық дала енді бұрынғысынан гөрі де бұлдырай түсті. Қостың қасындағы машина мен бензин құйылған темір күбілер де сол сағым боп сапырылысқан буалдырға кіріп жоқ болды. Күй тартып отырған Құрбан ақсақалдың өзі көз алдынан жоғалып, құлағында тек сай-сүйегін сырқыратқан ызың ғана қалды.

Бәрін де көріп, бәрінен де торығып, бәрінен де сырт айналып, іргеге қарап бүк түсіп жатып алған кәрі дананың үй ішінде өзінен басқа адам қалмаған бір сәтте көкірегін кеулеп, жүрегін сыздатқан мұң-наланың бір лықсытып оңаша күрсінгеніндей, өткен мен кеткенді, дәл қазір қасында кәрі жүрегін тілімдеп жатқан пәтуасыз көп күйбенді, не күлдіретіні белгісіз, не бұлдіретіні белгісіз беймәлім ертеңді ойлап күрсінгеніндей, ыңылы баяу, лебі ыстық күй сазы шымыр-шымыр өніп, бірте-бірте ширығып барады. Күй көкірегі өрепкіген сайын түрі жоқ, тілі жоқ мынау мақау дала бетінде әдемі әшекейі болмаған соң ешкім көзіне ілмей, оқып та көрмей, бір шетке ысыра салған көнетоз сұңғыла кітап сияқтана түсті. Сиқыр күй мелшиіп жатқан меніреу даладан таң атқалы бұның қиялын әр саққа сабылтып жүрген көмескі елестерді қайта тірілтті.

Күңіренген дутарды тыңдаған сайын құдды жер түбіндегі бірдеңені көріп отырғандай Сырымның тұнжыр қара көздері кішірейе берді. Көз ұшында, көк жиекте сорайып-сорайып бейтаныс қарайғандар тұр. Өздері көк сүңгісін көтеріп, жер түбінен айбат шегіп келе жатқан қалың қол сияқты...

II

Ала жаздай нәр тамбаған ала дөңде ауыл отыр. Алды-артында иек артпа қырқа-қыран жоқ, түп-тұлдыр жазық. Тек теріскей көк жиектен инедей шаншылып сағым зорайытқан қарауыл төбе бұлаңытады. Ортадағы үйдің тұрулі іргесінен үңіле қараған шүңірек көз кермедегі арғымақтың серек аяқтарының арасынан сонадайда шаншылып тұрған қара сырық бұлдыр сағымға манадан бері тесілулі. Тақтайдай тақыр дөңге қолмен үйгендей оқшау біткен найза төбе биыл тіпті қызыл

топырағы шығып жалаңаштанып қалыпты, жер түбінен буалдырланып көрінеді. Керме маңының сілті иісі қыр шөбінің күйік иісмен араласып, қолқанды атып барады. Төңірек жымжырт. Қол-аяғы серейген қара мойнақ қатпа боталар таң атқалы зарлай-зарлай жалығып, енді үй-үйдің көлеңкесіне тығылыпты. Үй ішінде де сес жоқ. Төрден есікке дейін тізіле жайғасқан дудыраған сеңсең бөріктер бір-біріне ауық-ауық үнсіз көз тастап, түгел мүлгіп кеткен. Торы ала құманмен келген шай да ішілместен суыды.

Теріскей көк жиектегі сидиған сырық бұлыңғыр тапжылар емес. Қауқиған-қауқиған қара сеңсең бөріктер де қашанғы едірейіп тұрсын, көкірекке сұлапты. Тек қак төрдегі айыр сақал дойыр қара ғана апай төсін әнтек шалқайтып, шаншылған қалпы, кірпі қабағынан ашу шашырап, түрулі есіктен көрінген бір үзік көк жиекке түйіліп алған. Оның сол қолындағы ақ сеңсең киген, сақал-мұрты қудай кария алдындағы ақ лақтың терісіне шашылған жиденің тастарына қарап, басын шайқап қояды. Айыр сақал оны көзінің қиығына бір ілді де, қайтадан маңдайшаның астына қадалды.

Қарауыл төбе жақты іргеден бағып отырған қызыл шыбығы, қара шыбығы аралас торы ала шапанды қайыс қараның иық тұсы бүлк ете түсті. Мүлгіген бастар селк етіп айыр сақалға қарады. Кенет жұрттың өзіне тесіле қалғанын көріп, айыр сақал артына бұрылды. Еңкейіп іргеге көз салды. Қарауыл төбенің шығыс жағынан төбелерімен көк тіреген екі-үш қарайған шығыпты. Жүрістері өнбей көк жиекте бұлдырап тұрды да қойды. Қарауыл төбенің басындағы қара буалдыр орнынан тырп еткен жоқ. Айыр сақал тіктеліп отырды. Елегізіп еңсе көтеріп алған сеңсең бөріктер қайтадан сұлқ түсті.

Жаңағы қарайғандар тезек теріп келе жатқан мәңгүрт қазақтар болып шықты. Олар өткен жазда қолға түскен тұтқындар еді. Бұл Дүйімқараның туған нағашысының ауылын шауып, он бестен он алтыға енді шығып отырған алты қыз бен он алты-он жеті жасар алты бала жігітті таңдап жүріп атқа өңгеріп әкеткен-ді. Алты қыз адайдың деген арулары екен. Бетінен қаны тамған, тостаған көз қырдың қызын көргенде Мәмбетпана әулеті түгел естерінен танды. Бай ауылдың шетінен әуірім көп жігітті тұтқыннан келген алты сұлуды өзара бөлісе алмай, әлі дау-шармен жүрген көрінеді. Алты бала жігітті бұл бай ауылға түсірмей өз ауылына алып келді. Аз ғана ағайынын жиып ап әмір қылды. Бұл атаның өзінен үлкен ақсақалы балгер. Аннадүрдіні Мәмбетпанаға жұмсады. Кешегі жорығы мен алты күннің ақысына ана жылы Хорезм шапқынынан қолға түскен ақ інгеннен туған ақ тайлақтардың біреуін берсін, Көкбөрінің басына сойып құдайы берем деді. Қас дұшпаннан қан құстырардай қып өш алып қайтқан соң, інісінің басына ақ түйе сойып айдын асырғысы келді. Анна-

дүрді Мәмбетпананың ауылына көп айналған жоқ, сол күні кештетіп екі өркеші баладай ақ тайлақты жетелеп қайтты. Ақ тайлақ ауылдың қасындағы шөбі әлі тұяқкешті бола қоймаған астау ойға жайылып шықты. Тұсаулы тайлақты таң атқанша атқа мініп үш жігіт күзетті.

Ертеңіне осы күнді бір айдан бері асыға күтіп отырған ауыл ақ тайлақты жетелеп, Көкбөрінің басына барып, құдайы беріп қайтуға аттанды. Алты тұтқынды арқасы қырдай екі көрт түйеге қомсыз мінгізіп алып жүрді. Ілгерірек аттанған қос аттының соңында екі өркеші дір-дір етіп, ақ жібек желке шудасы желкілдеп, ақ тайлақ кетіп барады. Қос жорғанын жүрісіне сыр білдіргісі келмегендей май бүлкілден бір таяр емес.

Аттылы-түйелі қаракұрым тізбектің қыр соңында алты тұтқын келеді. Мынау жер қайысқан қалың дүрмектің өздерін қандай күнге тап қылатынын біле алмай, айналаға алақ-жұлақ қарай береді. Ағаш ашамайға кілем жапқан сала мойын қара нарлар ырғала басады. Сұр мойнақ арғымақтар да сес шығармай суси жүйткіді. Сеңсең бөріктері қалқиған сұсты жүргіншілер олар түгілі бір-бірімен де тіл қатыспайды. Қырдың шөбі енді-енді пісіп, адыр-адыр марка жонданып бұйраланып қалыпты. Аспан да ап-ашық. Аңтарыла қараған алты балаға о да: «Шырақтарым, мен ештеңе білмеймін»,— деп, жалтарғандай сыр ашпайды, жазғы күннің әлі қайратына міне қоймаған жылы шұғыласына малынып жарқырап тұр.

Алты тұтқын қатқыл жонның дүк-дүк дыбысына құлақ тұріп, тұяқ сайын қылт-қылт ұшқан аласа ақ шаңға көз тігеді. Көз ұшында садақаға шалынатын ақ тайлақтың әсем екі өркеші ақырғы рет көзді арбап бұлт-бұлт етеді. Ұлы дүрмек бір шай ішім жер жүріп, қара жусанды қатқылға келіп тоқырасты. Қол-аяғы шандулы тұтқын жігіттер жайпақ даланың қалың қара жусанының арасынан қапелімде көзге түсе қоймайтындай осы бір жермен-жексен оқшау сұр төмпекке жеткенше көресілерін әбден көрді. Жауыр көрттердің пышақтың жүзіндегі қыр арқасы қондарын ойып тастапты; қомсыз түйенің терісіңіп удай ашытып барады. Елдерінен шыққалы еттерінен екі елі жырақ кетпеген қыл арқан кесіп қанталап қалған білектері түйенің изең жүрісінен қайтадан қажалып, бебеулетте түсті. Оларды Көкбөрінің моласына жеткен соң да көрттен түсірген жоқ.

Оқшау молаға келісімен аттың бәрі қаңтарылды. Жұрт кішкене төмпекті көш жерден шыр айнала қоршап құран оқысты. Қыннан босаған қатулы қолдар алақан жайып, беттерін сипады; от шашқан көздер бір сәт момақансып мүлгіп қалды. Жаңа ғана айдаланы тітіренткен айбарлы топ тып-тыныш, моп-момын. Үзеңгінің де сыңғыр-сыңғыр үні тыйлған; күңіреніп шыққан зарлы мақам құлаққа талықсып жетеді.

Құран оқылып болды. Қалың дүрмек дүркіреп орындарынан тұрды, ақ топырақ жұғып қалған тізелерін қақты, жаңағы тылсым тыныштық кішкене селдір тозан боп ауаға көтерілді. Енді әр жер, әр жерден қауқылдасқан дауыстар шыға бастады. Екі-үш жігіт моланың құбыла бетіне ақ тайлақты алып келді. Ақ сәлделі молла тағы да алға шығып құраннан қысқалау бір сүре оқып берді. Жұрт тағы да жапа-тармағай жер тізерлеп, қолдарын жайып, құдайы мал қабыл болсын десті. Білектерін түрінген төрт-бес жігіт ақ тайлақты әп-сәтте жайратып тастады. Екі-үш жерден жер ошақ қазылып, қазан асылды. Қара нарлардың қапталында келген кішкене емен кеспектердің суы қотарылды. Бойынан ылғал кете қоймаған қыр шөбінің қышқылтым иісті ашық көк түтіні ұшты.

Алты тұтқын бір сәт уайымды ұмытып, түрікмендердің асы қандай болады екен деп, айналасына қызыға қарасты. Қазақтардай ашылып-шашылып жатқан бұлар жоқ. Қазақтың асындағыдай қарқ-қарқ күлкі де, өжендескен дау-жанжал да, шырқырап көкке сермеген ән де, тартылған күй де жоқ. Беліне шарқат буып, қыз-келіншек жиылған жерлерді төңіректеп, жер бетіне сыймай желпініп жүрген жігіт-желен де көрінбейді. Қатар-қатар үй де тігілмеді, шолпылары сылдыраған қыз-келіншек те әкелінбеді. Шапса шашасына шаң жұқтырмас арабы қан ағызба арғымақтар да ертеден кара кешке дейін қаңтарулы тұр. Түрікмендердің бәрі түнерген қалпы; үйге тастаса біреу ұрлап әкететіндей, бәрі де қылышы мен қанжарын салақтатып асынып келіпті.

Ақ тайлақтың еті табакқа түсіп желініп, тағы да құран оқылған соң, әр тұтқынды екі қолынан екі жігіт жетелеп ортаға алып шықты. Қастарына қолдарында жалаңаш қанжарлары жарқ-жұрқ етіп, бір-бір мосқал түрікмен келді. Білектерін түрініп алыпты. Тұтқын балалар жаутандап жүздеріне қарап еді, қанын ішіне тартып қара сұрланып алған қатулы кісілер еш шырай бермеді. Төбелеріне төніп келе жатқан қанжарды көргенде алты бала жігіт сілтіден шыққан сүйектей қуарып, көмейлеріне өксік кептеліп, көздері мөлтендеп, буын-буын, жұлын-жүйкелерінің бәрі жидіп, суға түсіп кеткен шөже балапандай дір-дір етті. Қатулы түрікмендер қанжардың қынымен желкеден бір салып еді, дірілдері пышақ кескендей тиылып, мойындары ұйып, қалшиып қатты да қалды. Аршынды түрікпендер құлақтан тұқырта тартып, жерге шөкелетіп отырғызды да, екі иықтарын тақымдарына қысып, желкелерінен төніп тұрып алды. Мойындары сорайған жез құманмен су әкелінді, әуелі бастарына су құйылды; қанжары жалақтаған мосқал түрікмендер шаш жібітіп жатқандай, алты тұтқынның бас құйқасын, самайын ысқылап уқалай бастады. Аң-тан тұтқындар алақтап айналаға қарайды. Төбелерінде күлімдеген жазғы күннің көзі көлегейлеп қанжар дірілдейді; айналаға қара-

са, әлгінде ғана далиып жатқан көк жиекті қусыра тарылып, қалың дүрмек шыр айнала қоршап алыпты. Таң атқалы жақ ашпай үнсіз тұрған көп түрікмен қауқылдасып, тыныш даланы бастарына көтеріп барады; бәрінің де көзі түкке түсіне алмай абдырап отырған алты тұтқын балада.

Зілдей жұдырық желкеден нұқып қалды, алақтап отырған алты тұтқын жым болды. Айнала қоршап тұрған жұрт та бір сәт саябырсыды. Мосқал түрікмендер онсыз да зәре-құты қалмай отырған алты баланың жүрегін зу-зу еткізіп, қанжарларын қоныштарына жаныды. Сосын бір қолдармен тұтқынның маңдайынан ұстап, қылпылдаған ақ алмасты шашқа тигізді. Сыр-сыр етіп шаш сыпырыла бастағанда шиыршық атып жиырылып алған құйқа тері жазылып жүре берді. Бірақ, жұрт тұтқындардан әлі көз айырған жоқ. Көзді ашып-жұмғанша алты тұтқынның шашы алынды. Шаш алғыштар қанжарларын сүртіп, қындарына салды. Алты бала әлі сол шөкелеген қалпы: жұрттың көзі енді бұлардың жалтыр басында. Жаңа ғана шашы алынған көк құйқа бастар айнадай жарқырайды; жазғы күннің жылы шуағы шөкелерін қыздырып, маужыратып барады. Айнала қоршап алған қалың түрікмен енді бұрынғыдан да гөрі ентелей түсіпті. Төрт-бесеуі ақ тайлақтың терісінің маңында күйбендеп жүр. Жаңағы шаш алып берген мосқал түрікмендер аулақ кетісті. Әр қайсысының қасына тағы да екі-екіден басқа бір мосқал кісілер келіп тұрды. Бұлар да білектерін сыбанып алыпты. Тұтқындардың көкіректерінде тағы да күдік оянғанмен, бұл жолы қорқыныштан гөрі енді не болар екен деген әуестік жеңінкіреп, манағыдай емес, тыныш отыр. Қалың көптің ортасында қайтадан гуіл ұлғайды. Жұрттың қоршауындағы алты тұтқынның қақ алдында жатқан Көкбөрінің кішкене төмпегі де бір сұмдықтың боларын білгендей, шашақтанып бой түзеп өскен түздің сөйдақ сояу қара жусанының тасасына бұға түсіпті.

Алты тұтқынның көздері ақ тайлақтың терісіне үймелескен көп түрікменде; күнге шағылысқан ақ қанжарлар сыр-сыр етеді, жаңа ғана көлдей боп жайрап жатқан ақ теріні үзім-үзім қып турап жатыр. Қанжары жалақтаған жас жігіттер кесіп алған терілерін анадайда жер тізерлеп, тұқшындасып әлденені малшылап отырған екі шалдың алдына тастайды.

Көлдей ақ теріден де ештеңе қалмай барады. Әлгінде ғана сол арада айналасына тостаған көздерін төңкере қарап, қаннен-қаперсіз күйсеп жатқан екі өркеші баладай жібек шуда ақ тайлақ теңкиіп төңкеріліп түскен қарыны мен қан-жынынан басқа еш белгі қалдырмай біржола ғайып болды.

Қалың дүрмектен бір адым ілгері оқшау тұрған айыр сақал, дойыр кісі алты тұтқынды көзімен атып жеп барады. Мынау қара жусанның қалтарысында жатқан аласа төмпек — оның інісі Көкбөрі. Жау іздеп жалақтап өткен ер еді. Не бір

тұтқиылда көк арғымақпен жалғыз тиісіп, жылқыны айырып кете беретін төтен ерлігіне әбден сыр мінез болып алған қазақтар оған Көкбөрі деп ат таққан. Дүйім түрікмен де оның азан шақырып қойған Дүрді атын ұмытып, Көкбөрі атап кетісті. Десе дегендей жүрек жұтқан көк жұлын болды. Кейде бұның өзі дәт қылмаған жортуылдарға аттанып жүре беретін. Біраз жылдардан бері мұнымен қабақтары жараспай жүрген Мәмбетпана тұқымы оңашада Көкбөріге: «Сенің қасыңда ана ағаң Жөнейіт те батырмын деп найза ұстап жүр ғой»,— деп қоятын. Ондай кеу-кеу қошаметке жалаң төстеу жас батыр іштей ылығып, дәліріңкіреп кететін болса керек. Опатына көрінген соңғы соқтығысқа да әлгіндей айдап салма әңгімеге елігіп барған сияқты. Қазақтар түрікменді Үстірттің қыры мен Маңғыстаудың ойы түгілі, Қарынжарық, Ақсорқа, Үдек сияқты жайдақ қоныстарынан да ығыстырып, ішер суы, жайылар оты тапшы Қауынды, Қакпақтының ызғыма дөңіне тықсырып тастады. Әсіресе, ызғындай малы бар Мәмбетпана тұқымының өрісі тарылды, қалған түрікменге де күй болған жоқ. Дутар біткен «адыра қалған Айладырды» сарнап, бахшы біткен Маңғыстаудың қара ойын айтып жыр шертеді. Кешқұрым ыстық тарап, сағым қашқанда терістікте сонау жер түбінен Қаратаудың шоқылары бұлдырайды. Сонда түрікмен біткен көленкеге кілем төсеп сыртқа отырады. Көк шайды сораптап, көз ұшында мұнартқан ата мекенге көздері талғанша қарайды. Ләм-мим тіл қатыспайды. Адам түгіл мал екеш малға дейін үйреншікті өрісін өгейлейді де тұрады. Жатқа бұйырмасын деп жаның қалмай торып жүрген жылқың жаңбыр мен желде жаудың қолына өзі ығып барады. Ұзын сирақ түйе жануар тіпті қайырғаныңды білмейді, өрісте соңында малшы болмаса, ерте алмайтындай әлжуаз ботатайлақты шайнап тастап, ежелгі от-суына тартып отырады. Бөрік киген еркек кіндіктің қай-қайсысы да осыны көргенде басына қан шауып, көз алды қарауытып кетеді. Дәл сол сәтте: «Ал, кәнеки, атқа мініңдер!»— десе, бәрі де тілге келместен жүгенге жүгірер еді. Бірақ сондай берекесіз шапқыншылықтан ел де әбден титықтап бітті. Талай үйдің төрінде сеңсең бөрікті біте жеп тоздырды. Талай боздақ қазақтардың ауылының қасында белгісі-берекеті жоқ үйме-жүйме қырғын төбе болып қалды. Жеңілген елдің талай батырының басына жеңген елдің иті сарыды. Соның бәрін көре тұра, біле тұра жау қайдасың деп атқа қона беруге батырлардың да жүрегі дауаламайды.

Мәмбетпана малына жау тиген сайын: «Бара көр! Қайтара көр!»— деп осыған келеді. Соңғы бір келісінде: «Құмырысқадай құжынаған көп әулетің бар, қасыма қол ерт. Әйтпесе маған да жан керек, жаңғыз аттанар жайым жоқ»,— деп қайтарған. Батырдан да айдынды бай тұқым айбат асырғысы келгендей үйінен сегіз өрме қамшысын сығымдай қысып, сыз-

даньп шыққан. Со бойда Көкбөріге барыпты. Аңғал батыр көне кетіпті. Талай рет жау соңынан жалғыз қуып, Мәмбетпананың жылқысын қайырып әкеп те жүрді.

Мәмбетпананың сағымға шомылған көп жылқысында көз ақысы бар қазақтардың бірі — Дүйімқара. Бүгінде Адай ғана емес, исі Алшында одан асқан батыр жоқ. Оның қайнына ұрын барған сапарына дейін қазақ түгіл түрікменге де аңыз боп тараған. Қалыңдығының қасына алғаш түнеген түнінде қайын жұртының жылқысына жау тиіпті. Айдауға кеткен жылқысын қайтарып келер батыр таба алмай сасқан ел күйеудің отауына кіріп барады. «Жау тиді» қиқу құлағына тиісімен батыр күйеу жар төсегіндегі жалаңаш қалпы атып шығып, атқа қонады. Таң енді сес берген елең-алаңда жауға да жетеді. Бұлыңғыр таңда жайдақ шауып келе жатқан жалаңаш неменің адам екенін, жын екенін біле алмаған барымташылар жылқыны тастап қаша жөнеліпті. Ертеңіне түсте Дүйімқара жалаңаш етіне алдынан шыққан жылқышының қақпа шекпенін киіп, жылқыны айдап, қайынына оралыпты. Сөйткен, Дүйімқара бүгінде бір елді ығында жүргізген дігірлеген батыр. Қос балтыры бурадай, уда-дуда, жүн-жүн төсін дудыратып, иініне киім ілмей, белуардан жоғары тыр жалаңаш шабатын оны түрікменнің жылқысына дейін сонайдан танып, жөңкіле қашады. Бірақ оған да тісін қайраушылар көп-ақ. Оның ауылының да іргесі тыныш тұрмайды. Әсіресе, Мәмбетпана әулеті сойыл жиып, Дүйімқараға қарсы аттандырады да жатады. Екі жақтың да бір-біріне соғымға сойдыртқан жылқысынан соққыға жыққызған жігіті көп.

Бұның сонау бала кезінде екі елдің игі жақсылары бітімге жиылып еді. Жиынға атасы Оғыланға ілесіп бұ да барған. Кеше ғана бірінің жағасы бірінің қолында кетіп, жұлқыласпен жүрген екі жақтың да қабағы қатыңқы, иіні салыныңқы. Пәлен жылдан бергі қан төгістен қай-қайсысы да қалжыраған. Бірақ, екі жағы да жүні жығылғанын байқатпай, дөн айбатпен сырт орай ұшырасып, самарқау тілдеседі. Қараман атаның басына жиылған қара-құрым жұрттың ішінде түрікмен жағының ең белдісі әрі би, әрі бай Жұма болды. Көшелі көк мойнақ арғымаққа шалқалап жатып алған кербез байдың артында сүліктей қара арғымақ мінген қаншырдай қара бала жігіт еріп жүрді. Сол — осы кебеже қарын Мәмбетпана. Ол кездегі өнінен тек төңірегін ішіп-жеп отыратын жылан көзі ғана қалпында қалыпты. Аңдысқан екі жақ әуелі бірін-бірі ықтырып тастағысы кеп көпе-көрінеу даудан бастады. Көк арғымақтың үстінде шалқалап жатқан Жұма қауымның күнбатыс бетіндегі әлдеқашан сыры онып, тек бұдыр-бұдыр бедері қалған дәу қара құлпытасты иегімен нұсқады. Онысы: «Білесін бе, мынау ең көне құлпытасты кім орнатқан?» — деп сұрағаны еді. Адай биі бұған абыржыған жоқ. Екі би беттес-

кен жерде көрі ойылып кеткен көне қабыр бар-ды. Қабырдың үстінде жел мүжіп, күн жеп, әбден шөгіп, тек төбесі ғана қылтиған, өне бойында қынадан сау-тамтығы жоқ, жермен-жексен қой тастың жұрнағы тұр екен, соны мензеді. Жұма шүңірек көзін қыса қарап тұрып қалды. Адай биінің сөзіне шәгі барын сездіріп, қасынан бір шал, бір жігітті тасқа жұмсады. Жұрттың бәрі енді сол кішкене тасқа ентеледі. Екі түрікмен кішкене тасты ана жағына да шығып қарады, мына жағына да шығып қарады, ештеңе көздеріне түспеді. Жұмаға қарап иықтарын қиқандатты. Адай биі қасындағы бір серігіне иегімен тас жақты сілтеді. Ол орнынан тұрып тастың қасына келді. Кішкене қой тастың құбыла бетіндегі ұйысып өскен қалың қынаның арасында енді болмаса ізі жоғалуға айналған алшын таңбаны көрсетті. Екі түрікпен: «Көрдік, көрдік» дегендей бас изесті. Екі бидің әр қимылын көз жазбай бақылап тұрған халық бір гу етті. Адай жақ бел алып масаттанып дуылдаса, түрікмендер опынып бас шайқасты. Жұма қазақтарға бұл жер менің ата мекенім деп иық көрсетейін деп еді, адай жағы бұл жерді алшындар сендерден де бұрын иеленген деп қарсы дау айтты. Екі жақ бұндай теке-тірестен ештеңе өңбесін біліп, енді бопсаға көшті. Түрікмендер қазақтың жерді алғанымен қоймай, қайда көше де өкшелеп, малын малша, жанын жанша қиып, елді тоздырып бара жатқанын бетке басты. Қазақтар діні басқа, тілі басқа қалмақтан бас сауғалап ағайын деп келгенде түрікпеннің алдарынан қару ап шыққанын, соғыстың содан тұтанғанын салық қылды. Бұл енді шіренісу емес, бір-бірінен сөз тартқаны еді. Екі жақтың тілмарлары да әңгімені ушықтырмай, майдалай-майпаздай жөнелді. Жеті жұртты ел қылған, жеті жұртты жер қаптырған Маңғыстауды шұқылай берсең, қай халықтың да моласы табылатынын айтып, өткен өреуіл қалған салауат десті. Атырау мен Аралдың, Сағыз бен Қарабұғаздың арасындағы көл-көсір ала қырдың Адайдың да, Айладырдың да еркін жайлауына жететінін айтып тыныш тірлікке, ағайыншылыққа пәтуаласты. Екі жақтың да аузы дуалылары қауымның терістік бетіндегі шыңдағы кеуекте жатқан Қараман атаның басына барып құран ұстасып, ант берісті.

Одан бері де көп заман өтті. Сонда ат ұстауға барған бұлар да азамат болып, атқа мінді. Заман өзгерді, заң тозды деп, баяғы бітімді қомсынатындар да шықты. Ондай әңгіме ең әуелі сол бітімді өз көзімен көріп, өз құлағымен естіген Мәмбетпана ауылынан өрбіді. Сол әулеттің молласы Деген-ахун адай мен айладырдың бітімі кезінде бір арам айладан болды деген қауесет таратты. Адай мен айладыр кім жазықты болса, соны жазала деп әулиенің басына жығылып, анттаспақшы болған деседі. Алдымен ант-су ішетін адай жағы құлық істеп, астарына қара ат мініп, ерінің басына етік тігетін біз

шаншып барыпты да: «Е, әулие, қараны атсаң қара атты ат, біз айыпты десен, бізді ат!»— депті. Сонда ердің басындағы біз анадай жерге ұшып кетіпті, қара ат табанда қатыпты. Бұны көріп тұрған екі жақтың ақсақалдары: «Әулиенің өзі де кінәні адайға да, айладырға да артпай, тар заман, қысталан халға аударып, кәрің қара ат пен етік тігетін бізге түсірді, енді екі елдің жауласатын жөні жоқ!»— деп бітіммен тарасыпты. Адай әулиенің кәрінен айламен құтылды, бірақ жерінен айырылған елдің кегін тек қанмен ғана құтыла алады, сүйекке түскен таңбаны тек қан ғана жуып кетіреді,— дейді Дегенехун. Молланың бұл сөзіне елден бұрын Мәмбетпана ұйыды.

Ол содан бастап соңғы кезде іргесі тыншып, ең жайлай бастаған адайдың шашау шыққан жылқысын тақымға басып, шетірек қонған ауылын шауып кетуді кәсіп қып алды. Қарап жатар адай ма! Қан төгілді, намыс қозды. Екі ел тағы да сойылға жармасты. Баяғыдай қалың қол жиып, қаһар салыстырысатын майдандасу азайып, оның орнына оқшауға тиіп, оңашаны тонайтын бөрібасарлық көбейді. Әуелі жылқыға қамшы, жылқышыға сойыл тиді, сосын батырдың басы шабылды, шалдуар жағалас аруаққа шапты. Алғашқы кездегі итірқылжыңға ыңғай бермегендер де амалсыз ай балта ұстады. Жөнейіт те екі ел арасы осылай ушығып тұрған тұста атқа мінді.

Екі елді керістіретін де сөз, келістіретін де сөз. Дауға найза араласты-ақ келісім жоқ, кетісу бар. Келістірер сөз тек кемеңгердің көкейінен шығады, алжастырар айбалта кез келген тентектің тақымында жүр. Тентек күнде туады, кемеңгер мың жылда бір туа ма, жоқ па, туа қалса, өңшен қылышқа жақын қыршаңқысы көп қырсық ел оған тізгінін бере ме, жоқ па?.. Беймәлім дүние. Ендеше ол шапса, сен де шап! Ол қорласа, сен де қорла! Алдырып жатып ақылгөйсiген кемеңгерлік құрысын! Жөнейіт атқа мінгенде осындай қатты тұтыммен мінген.

Дүйімқараның да қорлығы асып барады. Малды алғанымен қоймай, ылғи арға тиіседі. Жау қуып шықтым деп ауыл шабады. Жылқыны іргеге матап тастап, қызылды-жасылды кілемді күлге төсеп, олардың біріне де тимей, етегін жел ашпаған қыз баланың намысын шашады. Бұл бос кергілес, итірқылжыңнан бойын тысқары ұстап, араласпай жүр еді. Ана бір жыл аталы бір ауылға көріскелі бара қалды. Бүкіл жалдың басын бір өзі толтырған іргелі ауылдың кеудесінде жаны бар пендесінің бәрі сыртта сенделіп кеткен. Еркек біткен өз бармағын өзі шайнап, тістеніп алған. Әйел жағы шаштарын жұлып азан-қазан. Ауылдың алдында көген басында жиырмаотыз бойжеткен қыз жерден басын көтермей, беттерін тырнап, шаштарын жұлып, қызыл-ала қанға батып өкіріп жылап жатыр. Той-томалаққа үйірлігі шамалы түрікмен жыл он екі

айда бір келетін құрбан айтта ғана бір жасап қалатын. Бұл ауылдың да еркек жағы бүгін таңертең Мәмбетпана ауылындағы сайысқа ат қосуға, палуан күрестіруге кетіпті, ауылда қалған қыз-қырқын бастаңғы жасап, әткеншек теуіп, мәресіре боп жатқанда Дүйімқара бастаған қалың қол сау ете түскен. Адам түгіл құдайды да ұмытқан айланкес батыр әткеншектердің арқанын қиып, қыздардың бәрін ауылдың қақ ортасына алып шығыпты, қолдарына жабысқан қатын-қалаш жағын қамшының астына ап, байлап тастаған. Ауылдағы қыз біткенді көгеннің басына апарып, соңындағы қолына қорлатып, құмарларынан шыққан соң бәрінің де қол-аяғын матап, етектерін басын түріп, қоламта құйып кетіпті. Жау тиді хабарды естіген еркектер жалма-жан аттарына мініп, шапқылап жетсе — жау әлдеқашан ұзап кеткен, орнында мынау масқара қалған. Еркектер үйлеріне де кіре алмай, ойран тиген қатын-баласына тіл де ката алмай, аттарының тізгінін ұстап, бармақтарын қыршып, өз қандарын өздері жұтып қатқан да қалған.

Көшерін жел, қонарын сай білетін мұның халқының жылқы бары болса, қыз ары емес пе еді. Ол байғұстың одан басқа қан төгетін, жан қиятын не асыл, не ардақтысы бар! Жөнейіт азан-қазан ауылдың зарын тындап тұра алмады. Аттың басын терістікке бұрып, ағыза жөнелді. Бір уақытта барып артында қалың дүсір келе жатқанын байқады. Бағанағы ауылдың бар еркегі атқа мініп соңынан ергенін сонда білді. Бұл содан бері ат үстінде. Содан бері исі түрікменнің Дүйімқараға қаны қатулы. Бірақ түрікменді өшіктіріп алдым-ау деп айылын жиып жүрген Дүйімқара жоқ.

Өткен жазда жылқысына тиген жауды қуа-қуа Қакпақтының дөңіне шығып кетіпті. Түрікмендердің қалың ортасына тым сұғына кіріңкіреп кеткеннен кейін байқап, астау ойдың маңында отыратын жаңғыз үйлі түрікменге кеп қонады. Есер батыр түрікпеннің үйіне құдайы қонақ боп келген кісіге қиянат жасауға болмайтын мұсылмандығына сеніп қонды ма, жоқ әңгүдік неме маған кім тиетін еді деп ойлады ма — оны бір алланың өзі білсін! Жатарда қонағы түзге отыра кеткенде үй иесі керегенің басында ілулі қалған қылышын ап, қынабына желім құйып қояды.

— Ит те болса, қонағың ғой? — деп, әйелі қолына жабысқан екен, қағып жіберіпті.

Мейманның көзі ұйқыға кете Мәмбетпанаға хабаршы шаптырады. Хабар тиісімен Мәмбетпана Көкбөріні алдырады.

Жөнейіт ақ тайлақтың терісі жатқан жақта, ішінде Дегене молла бар айғыр топтың ортасында тұрған Мәмбетпанаға көз тастады. Мәмбетпана күннің ыстығына шыдамай, алаулай қызарған етшең бетін бір қырын салып, молланың аузына телміріп қалыпты. Дегене-ахун ақ шәйі сәлдесінің бір ұшын жы-

мырып ұстап ап, ұзын-сонар шарифатқа түсіп кетсе керек. Қастарындағы төрт-бес дудар бөрік тым еңсесі түсіп, төмен иіліп кетіпті; молла сөзіне ден қойған боп, шұлғи береді. Тек Мәмбетпананың көкала сенсені ғана құдайыда емес, жиынтойда тұрғандай әуелеп қарайды, білектей-білектей күрең бұғағы иегін тіреп шалқалап қалыпты. Әрине, былтыр алдына Көкбөрі барғанда бүйтіп аспандап қараған жоқ. Ол әдетте өзімен теке-тірес кісілермен ғана қабағына сыз жиып сөйлеседі. Басқаларға түсі жылы, дастарқаны кең. Көкбөрілердей алдауына онай көнетін ақ көйлек кісілерді көргенде анау білекпендей бұғақ жіптіктей боп кетеді, дағара бөркі де бүйтіп көк тіремейді. Ебдейсіз етженді денесін де ширақ ұстап, шапшаң қозғалып, лыпып сөйлейді. Сөзі реті де, мап-майда. Адуын батырға: «Ал, қапы қалма, Көкбөрі. Алдында адайдың ең мықтысы кетіп барады. Жырынды неменің енді тап осылай онай қолға түсе қоюы екі талай. Қимылдап қалар кезің осы!»— деген соң, ол сірә атына мінгенше асығады ғой. Арамдығына найза болмайтын Мәмбетпана батырдың мәрт мінезінен қорқып, Дүйімқараның қынабына желім құйылғанын, әрине, айтпай бүгіп қалады.

Таңертең шайланып-жайланып барып жолға шыққан Дүйімқара тап осы араға, мынау кішкене қоңыр төмпек жатқан көне қауымның өкпе тұсына келе бергенде артынан ақ бұрқылдақ шаң көреді. Дәу де болса қуғыншы шығар деп ойлаған Дүйімқара ала тірсек қара атының тізгінін кілт тежеп, талтайып тұра қалды. Қуғыншыны тұлға-тұрпаты анық көрінетіндей жерге жақын келтіріп, кім екенін білген соң атынан түсті; шылбырын қарына іліп, түзге отырды. Ойнақшыған көк арғымақ таптап кетердей, дәл көк желкесіне кеп кідірді.

— Дүйімқара, тұр орныңнан!

Дүйімқара елең еткен жоқ, отыра берді. Қамшысының сабымен алатағанақ жерді бір нұқып қалды да, уысын толтырып, кесегі аралас топырақ алып ауына апарды. Сосын орнынан тұрып, қуғыншымен тіз киімінің бауын байлап тұрып сөйлесті. Екі ат бір-біріне едірендеп, құлақтарын қайшылайды. Мына басынғанға шыдай алмай, ызаға булығып қалшылдап тұрған қуғыншының қолындағы қылыш күнге шағылысып дір-дір етеді. Көмейіне кермек толып, үні де шықпай қалды. Дүйімқара майтопырақ жұғып қалған қолын тізесіне сүртіп, атына беттеді.

— Шық жекпе-жекке!

— Болсын, бала.

— Қылыш?!

— О да болсын.

Бұндайдың талайын көріп, әбден сыралғы болып қалған екі арғымақ ытқып кері шегіністі. «Әй, шәуім бас казак, кәлланды құзғынға мұжытармын»,— деп Көкбөрі қалшыл-

дайды. «Шүлдіреген шақша бас неменің құтырғанын-ай», — деп Дүйімқара тістенеді. Екі арғымақ андысып тұр. Екі батыр айбат салыстырады. Дүйімқара жәй әншейін насыбай атыскалы тоқтағандай жайбарақат, нығыз. Көкбөрі де тайсалар емес, тап берер сәтті күтіп жалаңдап тұр. Айдала. Құла дүз. Араға түсер, араша сұрар ешкім жоқ. Батырлар беттескен маңайда шөп арасында ұясы болуы керек, қырдың бармақтай қоңыр торғайы екеуінің біресе о жағына, біресе бұ жағына шығып шыр-шыр етеді... Суға өріп бара жатқан бір үйір қара құйрық екі аттыны көргенде естері қалмай айдаладан безе жөнелді. Екі адамның оларға алаң болар мұршасы жоқ. Олардың көзі бір-бірінде. Қабақтар түюлі. Шықшыт еттері жиырылып, сақылдаған тістерін күшпен әзер басып тұр. Қан қарая түсті.

Көк арғымақ қарғып кетті. Ақ алмас зу етіп ағып өтті. Қара ат жалт беріп бұғып қалды. Артынша ытқып сырт айналды. Көкбөрі сенсең бөркін көзіне түсіріп, тағы емініп келеді. Дүйімқара қынға қолды енді салды. Әншейінде лып етіп әуеге ойнап шыға келетін қайқы қылыш тапжылар емес. Дүйімқара андысқан жауынан көзін айырмай, тағы да тартып көрді. Қылп етпейді. Жон арқасына шып-шып тер шықты. Ту сонау қара бақайына дейін сұп-суық бірдеңе жүгіргендей болды. Алқымын әлдеқандай бір ащы кермек тырнап барады. Көкбөрінің қылышы жарқ-жарқ етіп төне түсті. Дүйімқара енді қылыш суырам деп әуре болмай, қынабымен түгел ағытып алды да, көк арғымақтың құлағының үстінен құлаштап сермеп қалды. Шекесіне қан шапшып, көзінің алды ию-кию араласып, асыр салып жүрген теңбіл-теңбіл дөңгелектерге толып көк ала тұманданып тұрған Дүйімқара анадай жерге саулап ағып түскен екі жай отын көрді. Қынабын қайта тартып алды. Көкбөрінің қылышы бел ортадан қақ бөлініп жерде жатыр.

Екі батыр оларға бір қарап қойысты; енді үн-түнсіз тіс қайрасып, жақындаса берді. Екі ат кегежектеп бастарын қашыртады. Міне үзенгі қағысты, екі темір бірін-бірі сірә аярма, шақыр-шұқыр тістелесіп жатыр. Қылыш та, камшы да жайына қалды. Бұғанадан мытып ұстаған тегеуірінді шеңгелдер жазылар емес. Шірене тебінген үзенгілер аттардың тірсегін майыстырып, жерге сіңіріп жіберердей. Екі жануар бір-біріне шошына қарады. Екі адам болса бір-біріне кенеше қадалып алған. Киімнің дар-дар жыртылғаны, өкпелердің өліп-өшіп алқынған демі, шақыр-шұқыр қайралған тістер, мүңкіген тер иісі ию-кию араласып, екі жылқының басын айналдырды. Адамдардың қапелімде айқасты доғарар түрі көрінбейді. Аттар тәлтіректеп зорға тұр. Кенет көк арғымақтың шоқтық тұсы жан шыдатпай тызылдап ала жөнелді. Жануар құлындағы даусы құраққа жетіп, шынғырып жіберді. Күтір етіп бір уыс жал үзілді, көз алдын қара мұнар басып, есенгіреп

кеткен жылқы бір уақыттарда барып көзін ашып еді, арқасы босапты. Көз алдынан от саулатып әлдене ағып өтіп, анадай жерге барып түсті — қылыштың сынығы. Сол екі ортада біреу тізгінін оқыс жұлқыды. Жалт қарады. Екі адам енді жерде алысып жүр. Анадай жерде қылыштың қалған сынығы күнге шағылысады. Бірін-бірі алма-кезек аударып, ит жығыс түсіп жүрген екі дұшпан ыңғайға келгенде қылыштың сынығына екеуі бірдей таласа қол созады. Бірақ бірін-бірі жібермейді. Арсы-курсі алысып жүрген екі адам тағы бір жаққа аунап кетеді де, ақ алмастың жарқылдақ сынығы көзге оттай басылып, сол орынында қала береді.

Шірене тартқан қайыс тізгін көк арғымақтың мойынын ауыртып тастады. Кенет тізгіннің бір ұшы шолтаң етіп, көзінің алдына кеп ұрды. Ат анадай жерге бір-ақ ытты. Бұрылып артына қарап еді, төсі жүн-жүн дөй қара кісі бұның иесінің кеудесіне мініп алыпты. Қылыштың сынығы ақыр соның қолына түсіпті. Мұның қайыс тізгінін шорт кесіп ап, иесінің қолын байлап тастапты. Енді өзінің қыл шылбырымен аяғын буып жатыр. Көкбөрі бақырып-шақырып бірдене дейді. Оны құлағына қыстыратын Дүйімқара ма — көзіне құйылып бара жатқан ащы терді шынашағымен қағып жіберіп, ыр-ырс дем алады.

Көк арғымақ шыр айнала шапқылап жүрді де қойды. Иесіне барайын десе, төбедей боп төсіне мініп Дүйімқара отыр, алақандай ала көзін айналасына төңкере қарап қояды. Көз жетер жерде қара жоқ. Күншығыс жағындағы қоңырлықтан өне бойынқына басып кеткен төрт-бес қара тас қылтияды. Ескілікті моланың орны. Дүйімқара орнынан тұрды. Қасында жатқан қылыштың сынығын өзімен бірге ала кетті. Тастардың қасына барды. Біреуінің көрі ойылыпты. Ит-құс алып жеген бе, қураған қаңқа сүйектің жұрнақтары сыртқа шығып қалыпты. Көрдін үсті ойпаттанып шөгіп кеткен. Дүйімқара көк шұлан көкірегін қамшының сабымен қышыр-қышыр тырнап қойды. Сосын қол-аяғы байлаулы жатқан Көкбөрінің қасына қайтып келді. Ақырып әлдене деді. Көкбөрі де ақырды. Дүйімқара сүйрей жөнелді. Қыл шылбырдың ізінен бұрқыраған шаң көтерілді. Ойылған көрдін қасына апарды. Сосын сәл кідіріп әл жиды да, Көкбөріні қос қолымен балаша көтеріп алды. Әрлі-берлі шайқап-шайқап ойылған көрге бір-ақ атты. Өзі кейін ытқып кетті. Көрдін үстінен тозаң бұрқ етті. Жер астынан тұншыға айқайлаған дауыс шықты. Көк арғымақтың жон арқасы дір ете түсті. Көрдін айналасын шыр айнала тепкілен, топырақ құлатып жүрген Дүйімқараны көрді. Ала шаң... Жан ұшырған айқай. Көк арғымақ шұрқырап бір кісінеп алды да, қатқыл қара дөнді дүңк-дүңк төмпештеп, кейін қарай шауып жөнелді.

Көк арғымақ ер-тұрманын бауырына алып, бос келген соң

онсыз да май ішкендей болып отырған ауыл бір сұмдықтың болғанын біле қойды. Еркек кіндік атқа мініп, Көкбөрінің сүйегін жиып қайтуға шықты. Ішінде Жөнейіт бар бір топ адам ертеніне осы араға жетті. Көрі ойылған қара тастың маңы гу-гу, көк шыбындар құжынап жүр. Аттарынан түсіп, ентелей басып келіп еді, көр түбінде — Көкбөрі. Көкірегіне тас құлапты, топырақ басыпты. Топырақтан шығып жатқан бет-аузына шыбын үймелепті. Анадай жерде жазғы күннің нұрымен көз ұялта жарқырап Көкбөрі қылышының сынығы жатыр. Дүйімқара Көкбөріні бауыздап та өлтірмей, тірідей көрге көміп кеткен. Жөнейіт мына сұмдықты көргенде тұқым-тебері түгел құрып кеткенше Дүйімқарадан бұдан да өткізіп кек алмай тынбасқа ант қылған-ды.

Көкбөрінің моласын шыр айнала қоршап тұрған қалың дүрмек оқыс дүр ете қалды. Жөнейіт ойынан серпіліп басын көтерді. Қолдарына ағарандаған бір жапырақ тері ұстаған алты жігіт қалың топты жарып өтіп, тұтқындарға беттеді. Манадан бері білектерін сыбанып әзір тұрған мосқал еркектер алты баланы құлақтан тартып шөкелетіп, жерге бұқтырды; алты жігіттің қолдарындағы теріні алып, тұтқындардың басына жапты. Әлі ылғалы бойындағы жып-жылы тері жаңа ғана шашы алынған жалтыр басқа жабыса кетті. Тұтқын балалар бұның не екеніне түсіне алмай, айналасына әлі алақтап отыр. Қолдары жып-жып еткен мосқал еркектер терінің жиегін шыр айнала бүрмелеп қойған көн тартпаны шірене тартып, сықситып таңып тастады. Жаңа ғана дені жайылып отырған бастар қайтадан зіл тартты. Жылы тері шекелерін солқылдатып сорып ала жөнелді.

Алты тұтқынды қайтадан екі көртке бөліп мінгестірді. Жұрт та жапа-тармағай аттарына жүгірді. Ұлы дүрмек енді қайтадан ауылға бет алды. Бедірейген қара дөңде тұяқ сайын қылт-қылт шаң өрді. Екі көрттің сол баяғы изең жүрісі. Тұтқын балалардың көздеріне тер құйылды. Сүртейін десе қол кісендеулі. Бастары да солқылдатып алып барады. Шақырайған жаздың күні қақ төбеге барып шалжиып жатып алыпты. Ұлы дүрмек көп озып кетпей, бұларға айналсоқтап келеді. Ауылдың өзі жер түбінде қалса керек. Қақпақтай қара дөңнің әр жер-әр жерінен самсап әлденелер қарауытады; қастарына келгенде сағым зорайытқан бұталар боп шығады.

Екі көрттің қара қайыс мойындарынан тер жылтырады. Тақымдары да удай ашиды. Кенет тұтқын балалардың бірі артындағы тұтқынның кеудесіне екі шекесін алма кезек ұрғылап шыңғырып жіберді. Ақ тайлақтың терісі күнге күйіп тырысып барады. Қаудырлап кеуіп жатқан түйенің көні бас сүйекті сытырлатып шаға түсті. Қазір-ақ ұн қылып уатып жіберетіндей. Басқа тұтқындар да бебеулей бастады. Манадан бері алда кетіп бара жатқан аттылы дүрмек аттарына

қарап, тұра-тұра қалысты. Көздерінен жас парлап, кісендері шақырлап, қалшылдап-дірілдеп, арпалысып жатқан алты тұтқынды көргенде көп атты: «Я, аруақ!» — деп ауылға қарай топырлатып шауып ала жөнелді. Көрттерді жетелеген екі мосқал түрікменнен басқа ешкім қалмады. Алты тұтқын айдалада ауыз жаппай сарнап келеді.

Олар бір апта бойы осылай зар илеп, шыңғырды да жүрді. Сосын бастарына шаш шықты, ол түйенің көнінен өте алмай, қайтадан бастың құйқасын тесіп кері өсті. Алты тұтқын елі қайда, жері қайда екенін білмейтін мәнгүртке айналды. Жүре-жүре тілден де айрылды. Түйемен бірге өреді, түйемен бірге келеді. Жөнейіт былтыр бауырларының қандай күйге ұшырағанын Дүйімқара өз көзімен көрсін деп екі тұтқынды адай арасына апарып тастады да, былайғы төртеуін осы ауылдың түйесін бағуға, тезегін теріп, суың тасуға алып қалғанды.

Тезек теріп қайтқан мәнгүрт қазақтар ауылға келіп, ошақтың басына қаптарын төгіп жатыр. Қарауыл төбенің басындағы шолғыншы тапжылар емес, қаққан қазықтай серейіп әлі тұр.

III

Бұл Дүйімқараның нағашысын шауып келген сол сапарынан бері жортуылға шықпады. Ойлап отырса, күні кеше аты күркіреген Ер Оғыланның тұқым-теберінде бұдан басқа батыр қалмапты. Жас деген жер ортасынан ауып барады. Баяғы дабырық болмаса, көптен бері жекпе-жек түскен жері жоқ. Қазір қауқарының қандай екенін де шамалай алмайды. Соңынан шыққан ізбасары тағы жоқ. Үлкен ұлы Қылыш сексеуілдей мығым қайыс қара болатын; әрі қылышкер, әрі найзагер, көздемей көзден тигізетін мерген еді. Жастайынан жауға ертіп барам деп ертерек мерт қылып алды. Қазір ауылдың алдындағы қара жалдағы қауымда. Одан кіші ортаншысы Алпан аяғына мінген соң-ақ жұдырығына жалынды, ауылда одан зәбір көрмеген бала мен ит жоқ, сонысы үшін аттың бауырына алып талай сабаған. Ерегіспе болғанымен о да елік-кіш, әсіресе дау десе, жанжал десе жаны қалмайтын, ылғи оқтың өтінде жүретін Көкбөріге құмар-тын. Соған ерем деп ақыры сүйегі жиюсыз жат жерде қалды. Кенже ұлы Дәулет анадан келбетті, тұлғалы болғанмен, үгілме көңіл үлпілдектеу туды. Екі иығына екі жігіт мінгендей жоталы. Той-томалақта жауырыны жерге тимейді. Тостаған көз, торсық шеке, түрікменге бітпейтін бидай өң; екі бетінен қан төгіліп, албырап жүреді. Жүндес қабағын ылғи нұр шашырап тұратын қонырқай көзі жұмсартып жібереді. Өзін осы төңіректің итіне дейін жақсы көреді. Әншейінде атты жолаушы көрсе, бір көш жерге дейін үріп қуып тастайтын қырдың сақ төбеттері Дәулеттің

аяғына жығылып, бұландап сала береді. Баласының қыз-келіншек жағына да өтімді сыбысы құлағына шалынып жүр. Қаза болған бір жігіттің жесірімен қабақ жарастығы барын естігенде, шақырып ап, оңашада сыбағасын берген-ді. Қанша салқам сері боп жатса да, одан басқа бетіне қатты барған жері жоқ.

Бұл тұқымда оның соңына көп түсетін Көкбөрі еді. Адай, түрікменді аударып қондырғандай айбат, атағы болғанмен ағайын арасында ауызының дуасы шамалы әнгүдік батырды көбінесе көп бай ауыл жақ алдарқатады. Інісімен басы қосылған жерде ылғи кермар сөйлесіп қалатын көрінеді. Көкбөріге Дәулеттің тұла бойынан ештеңе ұнамайды. Еркектен гөрі әйелге лайық нұрлы көзін де, жау тиіп жатса да жайбаракат мінезін де, сөйтіп отырып сүйегінді шағатындай шақпа тілін де сөлекет көреді. Әсіресе оның әр немеге бір құмартағын әуейлігіне ызасы келеді. Еркекке найза мен қылыштан басқа не өнер керек. Қолыңнан келеді екен — қол баста, жау шап, келмейді екен — ақ таяқ ұстап қой бақ. Ал, Дәулет кішкентайынан бахшы, дутаршы десе есі кететін, жасы он бестен асысымен-ақ көшелі күйші боп алды. Бұл өңірде одан асқан дутаршы жоқ. Ана жылы сонау Ташауыздан ел аралап келіп кеткен Яхия бахшы да жас жігіттің өнеріне таңдай қағыпты деседі.

Жөнейіт әуелден ат үсті жүрісте кетіп, жиын-тойдан жын-жыбырдан жырақ жүретін кісі-ді. Әке болып баласының алқаға түскенін әлі көрген емес. Үйінде өзі барда баласы қолына дутар ұстамайды. Бұл әулетте оның қасына еріп, жыртысын жыртатын жаңғыз Аннадүрді ғана. Жөнейіт баласының сауықшыл мінезін ішінен құп көрмейтін. Әне бір жылы Аннадүрді адайға ертіп апарып тартысқа түсіргенде не бір айтулы күйшілерді жерге қаратты, тек өзі шамалас бір жас күйшімен ғана тең түсті деп бөркі дағарадай болып келген соң бұ да масаттанған. Со тұста Көкбөрі әбден долырды. Атақты батыр тұқымының төлі бола тұра жын ойнақтың кеу-кеуіне ылығып кеткен інісіне өкпесін айтып бұған келген-ді. Жоғары да шықпай, табалдырықтың қыр көзінде жүрелеп отырып ап, өндірішегі өрттей қызарып, таусыла сөйлеген-ді.

Бұның баласы дутаршы, бахшыдан не қадір, не қасиет іздеп жүр? Атқа мінген есі дұрыс бөріктіні көрсе, бөрлігіп қалатын дұшпан елдің өзі дутаршы мен бахшы барса, әншейін сайқымазақ диуана келгендей айылын жимайды. Оғылан тұқымынан біреу аттаса, исі адай ереуілдеп ер-тұрманын ала жүгірмес пе еді. Жөнейіт батырдың баласы Дәулетті көргенде қылп еткен қазақ болмапты. Ал, Дәулет, жын иектеген жел көкірек неме, талай рет намысыңды қасып, насырыңды төгіп отырған елге нағашысының ауылына барғандай айлап жатып, тайрандап қайтты. Есі дұрыс елдің еркегі түгіл төмен

етек ұрғашысының да осынша намыссыздыққа дәті шыдар ма? Дәулет болса адай барып, ақ орда құлатып келгендей бұғына толады. Ал Аннадүрді: «Біздің Дәулетжан дутар шалғанда ата жауымыздың өзі «эй, бәрекелде» деп арқасынан қақты», — деп санын шапалақтайды. Жау мақтады деп осынша елірген бұл ақымақтарды ез дейсің бе, ер дейсің бе? Ол немерелердің орнына түрікменнің бір батыры барып күшін көрсетсе, қазақтар өліп жатса да «эй бәрекелде» дер ме еді. Күйші, өлеңші дегендерің де күлімсіреген еркекке емешегі құрып, есі кетіп қалатын жел қуық ұрғашы сияқты ғой. Солардан не пәтуа табылады. Әй, намыстың найзадан басқа қорғаушысы бар ма, тәйірі! Күні кеше бір жиынның үстінде бұл не қып жүргенің деп бопса айтып еді, інісі миығынан күлді. Жайына қарап отырмай: «Аға-ау, күпсініп, көкірегіңізбен жер айырып барғанда көп болса бес-алты қазақты өлтірерсіз, бір үйір жылқыны үркітерсіз. Сол бес-алты бейкүнә пенденің жайбаракат өз тіршілігімен жүргенінен, сол бір үйір жылқының өз өрісінде жайылғанынан сіздің намысыңызға шок түсетіндей не бар?» — деп кейуаналық айтады. Бұл атаның аруағын айтса, ол: «Қапысы кетіп құрыған ата-баба жоқ, тұстарында алысқанмен олар да алысып, жұлысқанмен олар да жұлысқан шығар; қазір қолыңыз қышыса, кешегі ата-бабаны көрден қозғаған да сауап па екен?» — деп кекетеді.

Інісінен әбден түңіліп келсе керек, сөйлеп отырғандағы қан күрең өңі сөзін бітіргесін бірден түтігіп кетті. Көкбөрі сөзін түгел айтып болған соң тойдағы Дәулетке шақырту жіберді. Інісін: «Бала ғой, бүйтіп қашанғы жүрер дейсің? Кезінде ақылға келер», — деп шығарып салды.

Жөнейіттің тап осы жолы баласының бетінен қақпағанына өкпесі қара қазандай боп кетті білем, Көкбөрі содан қайтып бұл босағадан аттаған емес. Бұл да Көкбөрі өлгенше Дәулетті сауық-сайраннан тыйған жоқ.

Інісінің басына барып, ақ тайлақ сойып, құдайы беріп келген күні ел тараған соң үлкен үйге баласын алып оңаша жатты. Үсті-үстіне жұлдыз саулаған жаздың түні еді. Туырлықта, үзікте шілделік шырлайды. Ауылдың анадай шетіндегі қарақұрым күркеде алты тұтқын бебеулейді, сарнап-сарнап ап шыңғырады, тістерін қайрап ышқынады, сөйтіп біраз азапқа түсіп, ең соңында ештеңе өнбеген соң өкіріп кеп жылайды. Жерге аунап домалайды — кісенде де тыным жоқ, шылдыр-шылдыр. Жылқылар құлағын қайшылап едірен-едірен етеді, түйелер күндегісіндей күлге шөгіп күрт-күрт күйсеп жатпай, ербиіп-ербиіп тұрып алған. Бүкіл ауылда көзі ұйқыға кеткен бір адам жоқ — есінегеніңе шейін естілетін киіз үйлерден қорылдаған дыбыс шықпайды. Жым-жырт. Баласы қайтер екен деп бұ да көп уақытқа дейін тіл қатпады. Дәулет теріс қарап, бұқшиып жатып алды. Дөң үстінің тұнсалқыны бар. Түрулі

іргеден лап қойған қоңыр салқын денесін шымырлатты. Жөнейіт сыртқа құлақ түрді. Ауыл тым-тырыс. Құрым күркедегі тұтқындардың ғана жақтары тиылар емес. Алтауы бірдей қосыла сарнайды, қосылып шыңғырады; кісендерін сылдыратып, төбелерін төмпештейді. Күркені күзетіп тұрған қарулы жігіттер жекіген рет жасап әлденені мінгірлейді. Оларын демдерін ішіне тартып, төңірекке құлақ түріп жатқан жым-жырт ауыл естігенмен, арпалысып жүрген тұтқындар естір емес.

Жөнейіт басын көтеріп баласының төсегіне көз тастады. Дәулеттің иығы бүлк-бүлк етеді. Мына неме жылап жатқаннан сау ма? Көкбөрі көмілген қабірді көргенде беті аппақ шүберектей боп, жыламай да, сықтамай да бозарып тұрып қалған. Мынау айдаладағы алты тұтқын шеккен азап ағасының өлімінен гөрі қабырғасына қаттырақ батқаны ма?

Көкбөрінің айтып жүргенінің жаны бар болмасын, осы неме дутар мен думанның соңында жүріп, елдің намысы, атаның аруағы дегендерді атымен ойына да алмай жүрмесін. Дұшпанның қысастығына қысастықпен жауап бере алмаған еркекке сеңсең шығындап бөрік кигізгенше, біржолата әтек қып ақталап жіберген дұрыс. Ендеше, Дәулет мынау ауылдың желкесіндегі жау бөлтіріктердің қалай ұлығанын мәңгі-бақи құлағында қалатындай боп әбден естіп алсын.

Жөнейіт үстінде жатқан торы ала торғын көрпені көкірегіне тартыңқырап, қымтанып жамылды.

Ертеңіне шай үстінде бұрынырақ тұрып сыртқа шығып кеткен баласын қайта шақырып алды. Дәулет өзінен-өзі қысылып, көзінің алды күлбіреп, өңі қуаң тартыпты. Әкесінің кесесіне торы ала құманнан толтыра шай құйып бергені болмаса, тіктеп қарамай сүлесөк отыр. Өз кесесіндегі көк шай әлдеқашан суып қалды. Жөнейіт соның бәрін көзінің астынан аңдып отырды. Баласына бұл жолы да ештеңе демеске бекіді.

Екі-үш күннен соң Жөнейіт аңға шығатын болды, Дәулетті тұңғыш рет бірге алып жүрді. Сондарына екі қызыл қайың тазыдан басқа ит те ертпеді. Осынша оңашаланатын да жөні бар. Көкбөрінің қайта-қайта арыз айтып келе беретініне қарағанда, Дәулеттің беттен қайырып тастайтын қасарыспа мінезі болса керек. Қағытпа әңгімеде есесін жібермейтін ауыздылығын өзі де байқаған. Қазіргідей тұқым тозып, ағайын азып тұрған кезде Ер Оғланның жұртындағы екі еркек бірін-бірі беттен алып жатса, көлденең көзге өлім ғой. Онысын бүкіл ел Дәулет десе бетінен басар, Жөнейіттің де бұрынғы айбыны қайтар. Мәслихаттас боп көрмеген баласымен оңаша сөйлесейін деді.

Екі ат қоңыр дөңде салдыртып желіп келеді. Екі тазы ауық-ауық жолдың екі бетінен анадай жерге барып, төңірекке көз салып, құлақ тігіп тұрады-тұрады да, қайтадан қастарына шауып келеді. Сәске шамасында бір үйір қаракұйрық қашып

еді, екі тазы сондарынан салып берді. Көз ұшында бұлдыраған көк жиекке дейін қуып барды. Екі атты селт етпеген соң, сондарынан қиқу, ат дүрсілі шықпаған соң, сол арада адыраспанның түбіне бас сауғалап жатып алды. Екі атты деңгейге келгенде қайтып кеп, аттылардың талтүстегі ербиген кішкене көлеңкесінен ешқайда аттап шықпады.

Жүргіншілердің аңға елігетін түрі көрінбейді. Екеуінде де үн жоқ. Жөнейіт сонау сағым шалып жатқан көк жиектен көзін айырап емес. Бүкіл тұлғасы ермен бірге жаратылғандай, сіресіп қалыпты. Тек басындағы көк сеңсеңі ғана аттың жүрісінен дір-дір етеді. Өн бойында мойыл сапты қамшымен ат сауырын салғырт сипаған оң қолынан басқа да қыбыр жоқ. Дәулет әкесі жаққа көп қарамады. Еңсесін төмен салған, ой үстіндегі қалып танытады. Екі ат аяқтарын тең алып, үзеңгі оздырмай қатар желіп келеді.

Түс ауа тырбық қара жусаны бар саздақ дөң астынан қызыл қиыршық ұсақ тас көрінген жапағы қалың қатқылға айналды. Қарсы беттен күлімсі иіс салқын леп бетке ұрды. Жөнейіт аттың басын құбылаға бағыттады. Алдарынан келте жал қылтиды. Күнбатыс шетінен оба қарауытады. Дәл оң қолдың түбінен шылп-шылп дыбыс шықты да, кішкентай кемиек қыраңның ар жағынан көк айран дария қалқып шыға келді. Манадан бері сағым салған көкжиек секілденіп жатқан көк жалқын теңіз екен. Сонау көз талдырар көл-көсір төрі әлі де мұнартқан қалпы. Одан бергі айдын білем-білем боп, ақ селеуленіп сапырып жатыр. Кішкене боркемік қырбықтың етегі ақ қайран құм. Ол теңізден жал-жал боп келген көк соқта толқынға көміліп кеткенде көрінбей қалады да, артынша-ақ теңіз түбінен ырғып шыққандай қайта ағарандайды. Арғы жағада жел болса керек. Айдын бетіндегі ақ селеулер барған сайын ақ жалданып ұйыса түсті.

Жөнейіт көк теңізге іреп кіріп жатқан пышақтың жүзіндей жіп-жіңішке қара түбекке беттеді. Әлгі тұмсығында обасы бар қара жал тап сол түбекке тіреліпті. Қара оба басына ағаш шаншыған әулие. Бұлар анадайдан жерге түсіп, аттарын жетекке алды. Қара үйіктің түбінде ортасында май құйып от тамызатын шұңқыры бар шырақ тас тұр; жел жеп, күнге күйіп ақ қылшыктанып кеткен қара ағашта екі-үш ақ шүберек желбірейді. Үйіктің құж-құж тастарының үстінде арқардың мүйізі, әулиеге түнегендер сойған малдың бастары жатыр. Жөнейіт тізерлеп отырып дұға оқыды. Дәулет те тізерлеп қол жайды. Жөнейіт аспанға жайған алақанымен бетін сипап сақалын уыстады, ернін жыбырлатып күбірлеген күйі орнынан тұрды. Әулиенің ағашына байлаған шүберектерді алып, шешініп шетіне не түйілгенін де көрместен қойынына тықты. Сосын аттарын жетектеп әулиеден анадай жерге аулақ кетіс-

ті. Төбенің басы ызынап тұр. Екі аттың жалы уда-дуда, бұлардың да шапандарының етегі тізелерін сабайды.

Жөнейіт баласына әлі үн қатқан жоқ. Мынау оба — Темірбаба әулиенің моласы. Баяғыда Шопан ата Хорезмнен келгенде Темірбабамен дәл осы төбенің басында жолығыпты деседі. Онда көк теңіз қазіргісіндей шалқайып кетпеген; Темірбаба анау жатқан қотыр тастың басында аяғын суға малып отыр екен. Ту сыртында жаяу келе жатқан адамның дыбысын жер түбінен есітіп отырыпты. Қашан қасына келгенше бұрылып қарамапты. Жаяу жолаушы дәл көк желкесіне келіп кідіріп, сәлемдесіп үн қатыпты. Темірбаба теңізге қарап отыра беріпті. Шопан ата өз жөнін айтып, Темірбабадан да жөн сұрапты; Темірбабамен күдірет таластырғысы келетінін де білдіріпті. «Күдіретінді әуелі өзің көрсет», — депті Темірбаба. «Ендеше жүзінді бұр, — депті Шопан ата. — Анау жайылып жүрген бір үйір қара құйрықты көрдің ғой!». «Көріп отырымын», — депті Темірбаба. Шопан ата сол арада шөрелеп шақырған екен, үйірдің алдында құлағын қайшылап оскырынып тұрған ор теке маңырап жетіп келіп, етегін жалап жата кетеді. Шопан ата текені пышақсыз бауыздап, терісін сыпырып, сойып, жіліктеп-мүшелеп жайратыпты да тастапты. Сосын етін терісіне үйіп орап, үстінен алақанымен бір сипап өткен екен, теке орнынан атып тұрып, сілкініп-сілкініп алып, бір маңырапты да, анадай жерде жатқан үйіріне қарай шауып ала жөнеліпті. Енді кезек Темірбабаға тиіпті. Темірбаба балағын тізесіне дейін түріп, қарын жарып ыңыранып, ақ көбік атып жатқан көк теңізге қойып кетіпті. Кетіп барады, кетіп барады. Көк теңіз қарс айырылып, аяғының тиген жері қара жер боп қала беріпті. Сол бетімен барып-барып, Шопан ата неғып тұр екен деп артына бұрылса, ол сәлдесін шешіп ап, бұлғалықты салып жатыр екен. Шопан ата сонда: «Әулиелігіңе сендім, бұдан әрі жүре берсең, көк теңізді жарып, дұшпандар келетін жол саларсың деп қайтардым», — депті. Анау жатқан кішкене қара түбек содан қалыпты.

Ата-баба қызғыштай қорыған сол салхар сахара енді, міне, кім көрінгеннің қолында кетіп барады. Түрікпеннің найзасынан кие қашып, боса берген соң, Темірбаба: «Мен өлсем осы төбенің басына жерлендер; дұшпанның иті енді менің молама сарымасын десеңдер, бұдан әрі бір елі шегінбеңдер», — деп кетіпті. Содан бері беліне қанжар ілуге қауқары жететін еркек кіндік атқа мінер күн болса Темірбабаның басына келіп кетпегі шарт.

Күн жеп, жел мүжіп қабыршақтанып қалған қара жартас бүгінде белуарынан жерге сіңіп аласара түсіпті. Жартастың төбесі қалай болса солай кедір-бұдыр қалана салған дөңгелек қорған. Әулие адамның моласы әшекейленбек емес. Дөн-

гелек қорғанның ішінде жай адамның бойына келіңкіремейтін үш құлаштай ұзынша төмпек жатыр. Оны да жауын мүжіп шөгіп қалған. Қара тастарды қоңыр ала қына басқан. Осынау жермен-жексен боп жерге сіңіп бара жатқан әулие зиратта әзірге еңсе көтеріп, айбын шақырып тұрған қабырдың басына шаншылған сойдақ қара тас қана. Етім тірі дейтін еркек кіндік оны бір сүймей кетпеген. Марқұм бабасы Оғылан да көңілі қалып налыса да, көңілі тасып масаттанса да, осында келуші еді. Жөнейітті де талай ертіп келген. Кәрі батыр көк теңізге төбеден төніп қарауыл қарап тұрған жалғыз обаны көргенде көзі шоқтанып кететін-ді. Астында арғымақ, айдағаны аруана түрікмендей халық осындай-осындай анадайдан көзінен қағып, қайда барасың, қайдан келесің деп сұрау салып тұратын ата жұрнақтар болмаса, сайда саны, құмда ізі қалмай қайда тозып жүретінін кім білсін деп отыратын. Оғылан батыр кейде ата мекенінің ұшы-қиырсыз молдығына, қанша күн жортсаң да бір ұрттам су татырмай қаншардай қатыратын шөлдігіне масаттанатын. «Бір жағы құм, бір жағы шын, көк теңізден басқа суы жоқ, көкпектен басқа шөбі жоқ айна таз ала тұз деп қомсынбандар. Осы құм мен шөл ырыстарын, әйтпесе, гүлжазира иранбақ болса кез келген тентек найзасын шошандатып күн бермес еді», — дейтін. Дұшпан шөліне де, құмыңа да қарар емес. Малы мен жанының ындынын ойлайтын жау атаңның аруағын, өзіннің обалыңды қайтсын, қарны ашқанда әуелі бір пұшпағына жабысады да, сол арадан тойынған соң, жерінің төскейі мен қызыңның төсегіне қол салады. Күйінің бұзылатынын иттің пысқырғанынан, күннің бұзылатынын жылқының іш тартқанынан білетін аңқау халық сол бір аяр қолдың қыл бұғалықты жеңіне тығып жасырып кеп, бір күні үн-түнсіз ту сыртынан шап беріп, алқымынан сығып, аяғына жығатынын біліп құри ма, білмей құри ма — о да беймәлім.

Жөнейіт жөңкіліп жағаға ұрып жатқан көп толқыннан көзін айырап емес. Лепіріп жатқан теңіздің желі оның қапқатты, тып-тығыз айыр сақалын қақпақыл қып ойнап, өндірішегін тырнайды. Батыр ақ айран теңізден жүзін бұрып баласына қарады.

Дәулет әкесінің мұнда неге ертіп келгенін іші сезіп тұрса керек, айтқаныңның бәріне де бас ұрам деген бағынышты қалып танытты. Жөнейіт жалма-жан Дәулеттің қолына жармасып, қайтадан Темірбабаның басына беттеді. Екеуі де тізерлеп дұға оқыды. Дәулет жерден бір уыс жаңа топырақ алып, Темірбаба төмпегінің үстіне тастады. Әулиенің басындағы сорайған сойдақ тасқа ертіп апарды. Ерініне теңізден ұшқан ашқылтым тосап сордың, күлімсі кебір топырақтың, күнге күйген қап-қара тастың күңірсік дәмі келді. Екеуі аттарын жетелеп төбеден түсті. Жөнейіт атына мініп жатып, ба-

ласының жүзіне алғаш рет тіктеп қарады. Дәулет тайсақтаған жоқ, әкесінің үнсіз сауалына байсалды, үнсіз көзқарасымен жауап берді. Жүргіншілер аттың басын ауылға бұрды.

Жөнейіт сол жолы баласына көңілі бітіп қайтты. Дәулет әкесінің көкейін айтқызбай-ақ таныды. Ауылға келген соң жиын-тойда мінетін сал күреңін босатып жылқыға қосты. Ер-тұрманын екі-үш күн желге қақтырды. Бұл тұқым жауға көк ат мініп шабатын-ды. Жылқышылар құйрығында бір-ақ уыс кара қылы бар көк ала бесті айғырды ұстап әкеп кермеге байлады. Бұл ауылдың атқа мінуден қалған ақсақалдары түгел келіп көріп, көк ала айғырдың құйрығындағы бір уыс кара қылды алла тағалам айырықша жаратқан нысанаға жорып, бата берді. Баласының атын Жөнейіт өзі ерттеді. Көкала айғырдың арқасына кара жөкеден шапқан, найза тіреуге ыңғайлы қасы биік, су жаңа ер салынды. Дәулет беліне қанжар байлап, иығына бесатар орама мылтық іліп, атқа мінгенде еркек жағы қанжығасына жабысып құтты болсын айтып қауқылдасты, әйел жағы еркектердің керме басында жүргенін пайдаланып, бет-аузын көлегейлеген шарқаттарының шетін түріп, киіз үйдің тесігінен жарақ асынып жайнап шыға келген нықты, тұлғалы нарт қызыл жігітке сұқтана қарасты. Естеріне қаза болған ұлдары түсіп кемпірлердің көңілі бұзылды. Ойларына қайдағы-жайдағы оралған кейбір келіншектер мен бойжеткендердің де көзі суланды.

Жөнейіт екі айырым сақалының ұшын біріктіріп сипап, көк ала айғырдың аяқ алысынан көз жазбай сынап қарап тұрды.

Дәулет нағыз мерген екен, бір топ жігіт ертіп, аңға шығып қайтып еді, қасындағы серіктерінің бәрі қайран қалып келді. Қылыш шабуға да ұста, семсер сілтесіне көз ілеспейді. Әзірге найза шаншуға орашолақтау; қолының қайратына сеніп, ердің қасына тіремей, аттың қос құлағының арасынан сүңгіте шаншуға әуес; оған шалымдылығы жетеді, бірақ қарсы келіп, қасқайып тұрып найзаласуға дәті бара бермейтін тайғақтау. Жөнейіт қанша үйретсе де, шіреніп тұрып қайта тартуға, я дұшпанды аспанға серпіп аударып кетуге шорқақ. Жауынгерліктің жөн-жосығына Қылыш пен Алпаннан ұғымтал. Бірақ олардан ықылассыз. Кейде насыбайы таусылған кісідей әлденеге аңырып, өзімен-өзі боп кетеді. Дегенмен Көкбөрі өлген соң елдің желге ұстары өзі боп қалғанын тез түсініп, тез мойындады.

Бірде Жөнейіт көрші ауылға барып қайтып келе жатып, ауыл шетіне іліге бере дутардың үнін естіді. Жұрт бұның үйіне дәт қылып кіре бермейтін; ауылда қалған адамның бәрі үй-үйдің көлеңкесіне шығыпты; қазан басында құрт қайнатып жүрген қатын-қалаш та жер ошаққа үңіліп мүлгіп отыр. Бұл да құлақ салып еді, тамыр-тамырыңды мұздатып әкетіп бара

жатқан салқын саз екен. Таразының суығындай төбе күйқана дейін шіміркендіріп барады. Есіктен әкесі кіріп келгенде Дәулеттің перне бойлаған қолы кілт мүдірді, орнынан тұрып, әкесін төрге оздырды, қолындағы дутарын керегенің басына іліп қойды. Содан үш күн өткен соң Дүйімқараға жорыққа аттанды. Жөнейіт алғаш рет қол бастап бара жатқан баласын қасына ақсақалдарды ертіп төрт-бес қыр асқанша шығарып салды. Барып-барып қоштасып кері қайтты. Біраз жер жүрген соң артына бұрылып еді, — көк сүңгілері көкке сүңгіп құлт-құлт жорытып бара жатқан қолды көрді. Енді біраз жүріп барып артына бұрылып еді — жаңа ғана қол кетіп бара жатқан жерде сағым көтеріп аңдап-аңдап тұрған көп адыраспанды көзі шалды. Тағы да біраз жүріп барып бұрылып қарап еді — сағыммен шайқалған бұлдыр көк жиек бұлаңытты. Сол арада барып, кенже ұлымды алғашқы жорығына өзім бастап апарып қайтпаған екенмін деп опынды. Қасындағы ақсақалдар тобына ауыл-ауылдарына тарамай, Дәулет оралғанша қасында қала тұруға қолқа қылды.

Содан бері ұйқысы қашып жүр. Енді келетін уақыты болды деп кешелі-бері қарауыл төбенің басына күзет қойды. Бірақ әлі ештеңе көрінген жоқ.

IV

Түс қайтты, ыстық басылды. Таң атқалы күл өнденіп тұрған аспан да аршылып, көгілдір тартты. Қарауыл төбенің басындағы сақшы сол баяғы қалпы.

Жөнейіт іргеден көзін аударып, үй ішіндегілерге қарап еді. Олар да серпілген. Қолдың осынша кешіккеніне ақсақалдар да абыржиын депті. Кенет іргеден қарауыл қарап отырған қайыс қараның иығы селк ете қалды. Жұрттың бәрі шұғыл соған мойын бұрды. Ауылдың күнбатыс бетінен дауыс шыққан сияқты. Жөнейіттің тұла бойы мұздап кетті; төрде нығыз отыр еді, екі-үш ұмтылып зорға тұрды. Бәрі де сыртқа шықты. Күн астынан мұнартқан шаң көрінді. Жорыққа кеткенде жолы боп оралса, әуелі қарауыл қараған адамға белгі беріп, ол сүйінші сұрап ауылға шабар еді. Ал мыналар әлденеге қарауылдан қаймығып бір бүйірден сау ете түсті.

Әне бір далбандап шауып келе жатқандар кім? Қақ алдындағы кара аттының найзасының ұшында бозараңдаған не нәрсе? Көк ала айғыр неге көрінбейді?

Екі-үш атты ауыл шетіне ілікті. Күн астындағы мұнар да қалыңдай түсті.

— Өй, бауы-рым!

Бүкіл күнбатыс жақ сарнап келеді. Ауылдың шетіне келіп қалған екі-үш шапқыншы аттарының екі бүйіріне алма кезек

ауып түседі; бастарындағы сенсен бөріктер көтертпей келе жатқандай бұлғаң-бұлғаң етеді.

«Әй бауырымдаған» әжептарқы үн қасынан да шыққандай болды. Жаңа ғана жанында тып-тыныш тұрған ақсақалдар қамшыларының сабымен кеуделерін түйгіштеп, теңселіп жүр. Жөнейіт өңі қашып, мынау әлденеге аласұрып, бүгіліп, көкіректерін төмпештеп, екі шекелерін тарсылдата жұдырықтап, ерсілі-қарсылы сенделіп кеткен көп тобырды ерсі көргендей айналасына алая қарап, сазарып тұрып қалды. Аңадай жерде Аннадүрді сақалын жұлып өкіріп отыр. Қатын біткендер қара шарқаттың астында ауға түскен сазандай бұлқынып, беттерін тырнап, бұның әйелі отырған қара киіз үйге қарай жөңкіліп барады. Кермедегі аттар шылбырын жұлқылап, жер тепкілеп, мама ағашты тістелеп шұркырасып жатыр. Ит біткен ұрмай қыңсылап, құйрықтарын қысып ап, айдалаға бет-бетіне боса жөнелген. Арқандаулы боталар қазығын шыр айналып жүр. Тек мәңгүрт тұтқындар ғана иықтарындағы қаптарын да жерге түсірмей үйме тезектің қасына аңтарылып тұр.

Күн астындағы қалың мұнардың арасынан тырағайлап шауып келе жатқан аттылар шықты; олар шауып келген бойларында аттарынан домалап түсіп, мұның қасында тұрған ақсақалдарды құшақтай-құшақтай кетті. Құлағы тұнып, көзі бұлдырады. Аттылар шапқылап келіп жатыр, келген бойында домалап түсіп жатыр. Жұрт бірін-бірі құшақтап өкіріп зарлап жүр. Мына қым-қуыт жұрт мұның шарт түйіліп алған жүндес қабағынан ығар емес, қайта енді бәрі бұның өзіне қарай жабыла ұмтылып келеді. Әуелі ақсақалдардың біреуі кеп мойнына асылды; сол-ақ екен бұған қарай құшағын ала жүгіргендер көбейе берді. Бірінен соң бірі кеп құшақтап, мойнын да ауырттып тастады. Жұрттың сол айқыш-ұйқыш құшақтарының арасынан үйдің ту сыртындағы керме ағашқа жаңғыз байланған құйрық-жалы қыл түбінен қырқылып тоқырайып тұрған көк-ала атты көрді. Төрт-бес жігіт үсті-басы шаң-шаң бірдеңені ағарандатып үйге қарай алып өтті. Енді жұрт топылып үйге бас салды. Екі шал келіп бұны қолтығынан сүйеді. Жұрт қақ жарылып жол берді. Бұл үйіне кірді. Ағаш үйдің қақ ортасында серейген шаң-шаң бірдеңе ұзыннан сұлапты. Жұрттың бәрі жүзіне үңіліп өкіріп жылайды. Жүзін көргендер өкірген күйі жөңкіліп сыртқа шығады. Жүзін көрмегендер сырттан: «Әй бауырымдап» жөңкіліп кіріп жатыр. Бір кезде қайдан сап ете қалғаны белгісіз, қасында Дегене-ахун бар Мәмбетпана кірді. Мәмбетпана кірген бетте мұның мойнына асылып, өкіріп қоя берді. Дегене-ахун серейіп жатқан шаң-шаң нәрсеге үңіліп әлденелерді күбірледі. Сосын топылып жүрген халыққа қарап бірдеңе деп еді, олар үн-түнсіз сыртқа шыға бастады. Үйде тек ақсақалдар қалды. Дегене-ахун енді бұған беттеді, дәл қасына, оң иығының тұсына келіп аузын жыбырлатты. Жөне-

йіт молланың сойдақ күрек тістеріне қарап қатты да қалды, тіе жарған жоқ.

Дегене-ахун бұның жүзіне торыға қарады да, әрі бұрылып Аннадүрдіні қасына шақырды. Сақалын жас жуып кеткен Аннадүрді солқ-солқ жылап отырған күйі молланың айтқанына бас ізей берді. Жеті-сегіз ақсақал серейіп жатқан шаң-шаң нәрсені қоршап тұр. Екі адам мұны екі қолтығынан демеп Аннадүрдінің үйіне қарап алып жүрді.

Аннадүрдінің үйінде қанша отырғанын да білмейді; әйтеуір бір уақытта сырттан бір шал кіріп, қасындағы серігіне бірдене айтты, шидің арасынан селдір түсіп тұрған күннің қызғылт нұрын көрсетті. Екі шал бұны екі қарынан демеп сыртқа алып шықты. Дегене-ахун сыртта тұр екен. Топылып жүрген халыққа күннің көзін сілтеп әлдене дейді. Төрт-бес жігіт асыға басып бұның үйіне кіріп кетіп, көп айналмай қара киізге серейтіп буып тастаған бір нәрсені алып шықты. Сол бойда оны екі жігіт иығына салып ап, ауылдың алдындағы қара жалға қарай жүгіре жөнелді. Ығы-жығы жұрт сондарынан қуып берді. Жөнейіттің қасындағы екі шал да оны екі қарынан тартып сүйрелей-мүйрелей шұбырған жұрттын сонынан салды.

Қара жалға қарай қаптай жүгіріп бара жатқан жұрттын аяқ басқан жерінен бұрк-бұрк шаң көтерілді. Жұрт босып барады. Сондарынан қара тер боп бұлар да келеді. Аршынды жігіттер киіз көтергендерді бірінен соң бірі қуып жетіп, екі-екіден иықтарына салып ап безе жөнеледі. Сондарынан басқа жігіттер де тұра шабады.

Қара ауданның басындағы қауымға бұлар да жетті, күн де батты. Дегене-ахун қасына он шақты жігітті шақырып алды. Жігіттер молланың айтқанына бастарын ізеп, моланың күнбатыс жағындағы көп бұтаға беттеді. Барған бойларында қылыштарын суырып ап, кешкі ауаны зу-зу тілгілеп бұта шаба бастады. Ә дегенше құшақ-құшақ бұтаны қазылған қызыл топырақтың қасына үйді де салды. Серейген қара киізді шешіп, ішіндегі ағарандаған бірденені анадай жерге кеңіске апарып қойды. Жұрттын бәрі намазға тұрды. Бір жігіт қалтасынан шақпақ тас алып, бұталарға от берді. Дегене-ахунның күңіренген махамынан басқа дыбыс жоқ. Жұрт үн-түнсіз намазға жығылды.

Екі-үш жігіт әлгі ағарандағанды қабірдің қасына әкелді. Қабірдің ішінде тұрған екі-үш адам оны көтеріп ап, жер астына әкетті. Жөнейіт жайсыз жатып бастығырылып, қорқынышты түс көргендей. Қазір оянып кететін сияқты. Сонда мынау жабыр-жұбыр көрініс те жым-жылас жоғалатындай. Қабірдің ішіндегі жігіттер сыртқа шықты. Жұрт екі үш жерден күрек ұстап, әлгінде ғана томпып жатқан қызыл төмбек топырақты шұқырға құлатты. Біреу бұның алдына да күрек әкел

тастады. Қасында тұрған Мәмбетпана қолтығынан демеп, жерде жатқан күректі қолына алғызды да, қолының сыртынан қысып ұстап, бірер күрек топырақты қабірге тастатты.

Жөнейіт осы бір бастығырылған есірік түстен арыла алмай-ақ қойды. Көзінің алды бұлдырап, тұмандана берді. Бір уақытта барып көзін дұрыстап ашып, ес жиған болып еді, бұны екі қолтығынан екі адам демеп, дедектетіп келеді. Жұрттың бәрі жөңкіліп әлдеқайда безіп барады. Бұл елге жау тиген бе, немене... Бәрі неге жаяу, аттары қайда кеткен? Бұл не қып қапыда қалды? Ер Оғыланның бел баласы Жөнейіт батыр жауына осынша неғып басынтып жүр? Ауыл қайда? Қатын-бала не күйде? Мына жөңкілген жұрттың ішінде адасып жүр ме, Дәулет неге көрінбейді? Неге әкесінің қасына келмейді...

V

Сары ала етек күз келді. Жерге өнген қылтанақтың бәрі күйіп, қурап кеткен. Ала дөңдегі ауылдың үзік-туырлығын әбден күн жеп, құрым сасып тұр. Ауыл ебіл-себіл бір тіршілікте. Күні бойы қыбыр етпей үйді-үйінде жатып алады. Түс ауа, ыссы ішін тарта, еркек атаулы сыртқа шығады. Көлеңке бетке кілем жайғызып, төсек салдырады. Балаларына үйден сеңсең бөріктерін алғызады. Таң атқалы тас төбелеріне киіп жүрген алақандай дөңгелек тақияларын қолдарымен бір басып қойып, оның үстіне сеңсеңін киіп көреді. Намаздыгердегі ұзын-тұра көлеңкелеріне қарап әрі тұрады, бері тұрады. Сосын қайтадан шешіп алып күнге ұстап, біте-міте түспеп пе деп түгінің арасын қарайды. Әр үйдің қасында бір-бір жөке таяқ қағылған. Сенсенді соның басына іледі. Қолдарына солқылдаған көк шыбық ап, сатырлатып сабай жөнеледі. Көздерінде от маздап, ынт-шынтың сап қағады. Сосын қолымен тарайды. Әйтеуір, еркек біткен күн батқанша бөркімен әуре. Кешке балаларын жұмсап, жайылып жүрген аттарын алдырады. Ахал-теке серек мойнақ арғымақтар қашан ерттеп болғанша тықыршып зорға тұрады. Аты ерттеліп болған соң, түрікмен жөке таяққа ілулі бөркіне барады. Қолына алып тағы бір тінте қарап шығады. Үйден кесемен су алдырып, ернінің ұшымен ептеп сеңсеңге су бүркеді. Сұқ қолына қондырып, төрт-бес рет шыр айналдырып барып басына киеді.

Үзсігіге аяқ тиюі мұң екен, арғымақ басын кекшендетіп, анадай жерге ырғып кетеді, сол екі ортада шабандоз да ытқып ер үстіне қона қалады. Бөркі едірейіп маңайына масаттана қарап қояды. Сосын әр қайсысы жылмиған тегістіктің әр бағытын бетке ұстап шауып ала жөнеледі. Қатқыл қара дөңнің өне бойынан өрген жіп-жіңішке таспа шаң жыландай жылжып, зулап ағып бара жатады.

Қазір жер қуан. Түйе біткен өріс іздеп жердің түбіне асыл кетеді. Мәңгүрт қазақтар жаяу барып айдап келе қоятындай жерде емес. Ауылда қалған боталардың зары миыңды жеп, сай-сүйегінді сырқыратады.

Күн батады. Ай туады. Сүттей жарық түн. Жаңағы көл-көсір көк жиек қусырылып, ауылдың тап іргесіне келеді. Ай бата көк жиектен әлденелер қылт-қылт көрінеді. Түйенің боздағаны, аттың пысқырғаны шығады. Манағы жан-жаққа шапқылап кеткен көп салт атты түйелерін айдап айдың астында құлтылдап келе жатады. Тойнақы мүсін теке арғымағының жылтыр сауырында жалт-жұлт етіп айдың нұры ойнайды.

Ауылдың күндегі тірлігі осы. Бір шеттегі құрым күркеде кісенде отырған тұтқын жігіт мынау аз ғана қимыл-қыбырдың әр қайсысын қалт жібермей, сарыла қарап қызықтайды. Содан басқа ермегі де жоқ. Қолына кісен түскеніне, міне, қырық күннің жүзі бопты. Содан бері мұның маңына бұл ауылдан ешкім келіп көрген емес. Бастапқы кезде екі-екі жігіттен күзетіп еді. Кейін бір-ақ күзетші қалып жүрді. Бүгін қайтадан екеуін жіберіпті.

Қазақтың кісісі өлген қаралы ауылы біреу келіп, біреу кетіп күніне сан мәртебе жоқтау айтылып абыр-сабыр боп жатады. Бұл ауыл тас түнеріп алған. Келіп жатқан да, кетіп жатқан да ешкім жоқ. Бұл маңайдағы түрікменнің бәрі Дәулет әкелінген күні келді. Бұлар оны бір күн қонақ қып, оң жаққа қойып күзеткен де жоқ. Келген бойда жерлеуге әкетті. Олардың ғұрпынша өлген кісіні түн асырмай күн батқанша жерлеп үлгеру керек. Әйтеуір өліктің ертеңге қалдырмай бетін топырақ жасырғаны сауап. Жөнкіліп әкетіп еді, моладан да жөнкіліп оралды. Қабірден қайтқандарға табақ-табақ ет тартылды. Оны ауызына алған ешкім болған жоқ. Қызығын осы ауылдың иті көрді. Бүкіл ауыл сол жолғы бір күнгі жөнкілістен соң мүлгіді де қалды.

Анау ортадағы қара қоңыр үйдің көк желкесінде байлаулы көк ала арғымақ тұр. Оны анада Дәулет жерленген күннің ертеңіне құйрық-жалын шолтитып өріске қоя берген-ді. Бүгін қайта әкеліп байлапты. Түрікмендер көк ала арғымақ байланған керме ағаштың маңына барғыштай береді. Өне көк арғымақты шешіп те алды. Ауылдың алдыңғы жағына қарай алып кетті.

Тұтқын жігіт күзетшіге тіл қатты.

— Анау тұл арғымақты қайда апара жатыр?

— Сояды. Бүгін Дәулеттің қырқы ғой.

Жан-жақтан кешелі-бері бірлі-жарым аттылар келіп жатыр. Жөнейіт сыртқа шыққан жоқ. Бұл баласы өлгелі Жөнейіттің сыртқа шығып, атқа тақым салғанын көрген емес. Ту сырты мен қақ маңдайына қара үзік жапқан қаралы үйге анда-санда маңайдағы көрші ауылдардан ақсақалдар келеді.

Бірақ қаралы үйге отырып жарымайды. Көп ұзамай кермедегі арғымақтарын қайта шешіп жатады. Ара-тұра бұның күркесінің тұсынан өтеді. Сонда әлденеге бастарын шайқап, қауқылдасып бара жатады.

Ел жатып қалған соң күзетшілердің табанынан тозып қақшиып тұра беруден жалығып бұнымен тілдесетіні бар. Олардың айтуынша Жөнейіт баласы өлгелі ешкімге тіс жарып, әлі ештеңе айтпапты. Дәулет өлді дегенге сенбей, жерлеуден келген соң да бір аптаға дейін қарақшы төбенің басына қарауыл тұрғыздырышты. Атасы Айладырдың бар жақсысы жиылып кеп басу айтпақшы болған екен, айыр сақалын сала-лап меңірейіп отыра беріпті. Кеше ғана Аннадүрді бастаған бір топ шал барып, Дәулеттің қырқы болғанын айтыпты.

Мұның да мынау қара күркенің құрым иісін иіскегеніне бүгін аттай қырық күн. Дәл осыдан қырық екі күн бұрын арқар қуып көк бауырдан шығып еді. Ел үсті жиын-той, сауық-сайран жүрістен де жалықты. Жас кезінің өзінде-ақ ырду-дырдуға құлықсыз еді, ылғи оңашаны аңдып, шеттеп жүретін. Күйшілік өнер оны дәйім алқалы топқа итермеледі.

Ел іші қашан да жиын-жыбыр. Әсіресе, түрікмен екі орта ылғи дүрбелең. Ауылдар бір күні бөріктерін аспанға атып, ақ түйенің қарнын жарып, ұлан-асыр той қылып жатса, ертесіне қара жамылып қан құсып отырады. Әдетте екі бала асыққа төбелесе, ит терісін бастарына қаптайтын, ересектер жұдырық сермесіп, бет жыртыспай-ақ бірін-бірі жарып салады. Бір-біріне неден жазып қалғанын өздері де білмейді. Қан соқта боп арпалысып, айқай-таласқа түсісіп жүрген қара жерге екеуі де құлайды, екеуі де шіриді; ұрыс даласында шашылып қалған сүйектері сол күні қираған қылыштың, найзаның сынығымен бірге, сол күні түскен аттың тезегімен бірге біраз уақыт жатады да, бір күндері бәрі де топыраққа айналады. Кеше ғана көкіректеріне сыймай, дүниенің төрт бұрышын қайта қондырып шықпаса тыншымайтындай лепірген өр жүректері есіз жонның құрт-құмырысқасының ауызында кетеді. Екеуінің артында қалған екі жетім бала ер жеткен соң әкелері өлген соғыстан тірі қалған екі еркекке еріп келіп, енді олар алысады; олар да бір-біріне тісін қайрайды. Олар жермен қоса баяғыда қызды-қыздымен бастарын жұтқан екі өліктің де кегін кектейді. Ол екеуінен туған балалардың істейтіні тағы сол. Қара жерге бәрі бір. Адамдар пайдам дегенін қылсын. Тірі жүрсе тірі жүргендерін ауырсынбайды, өлсе өлгендеріне қиналмайды. Әйтеуір, олар бір-біріне қанша кеуде қағып, асып-тасқанымен бұдан басқа барары жоғын жақсы біледі. Адамдар бірін-бірі жеңсе жеңер, бірақ бұны жеңе алмайды. Жер бетінде қанша қырғын соғыс болса да жеңіс жердікі. Ол үстіне сиыспаған адамдарды астына ап, оп-оңай-ақ сиыстырады.

Бұл адамдардың соны неғып ұқпайтындарына таң қалады. Шетінен жер түбіндегіні қозғап, өжектеп шыға келеді. Өздерінің жұмыр басы мен ошағының үш бұтының пайдасына бастары жетпей жатып, әлдеқашан сүйегі қураған аруакты айтады. Аруақ түгендейміз деп жүріп, өздері де аруаққа айналғандарын білмей қалады. Тәңірінің көл-көсір жаратқан жеріне каралай сиыспай қырылысады да жатады; табиғаттың не бір жайсан жадырап, мейір шашқан күндерінде қойнындағы жарын, қолындағы ұлын, қорадағы малын қызықтамай, біреудің іргесін бүлдіріп кеп, енді өзі іргеге құлағын түріп, дүсір мен дүбірді аңдып, сыбыр шықса құдайдың қасық қара суын да шашалып жұтып отырғаны.

Сонымен тұрмай жанжал-жағаластан сәл қолдары босаса, қойдағы қошқар мен қорадағы итті таластырып қызықтайды. Көңілінің желі, қолының ебі болса өзіндей екінші біреумен ұстастырып қояды. Олар бір-біріне ұқсас екі жан иесінің қатар жүріп, қатар тірлік құрғанына өш. Қалайда бірін-біріне күртқызбақ. Олар тәңірінің берген екі көзі, екі қолы, екі аяғын да көпсініп, біреуін оққа ұрындырып жүреді. Осы бір күп ұрыс, бір күн егес көрмесе жарылып кете жаздайтын адам пақыр ақыры жаңғыз басын жалматып барып зорға тыншиды. Күні кеше оны әр нәрсеге ұрынтып арам терге түсіріп жүрген қасындағы көп тобыр енді көз жастарын көл қылып жылайды, зар еңіреп жер төбелейді, көктегі тәңіріні қарғайды, өздерін қарғайтын ешкім жоқ. Олар мейлі жылай берсін. Жыламақ түгіл көздерінен қара қаны ақсын — жұбатпау керек, жылату керек. Жұбатсаң жұбанып алып, жаңа ғана жылағаны есінен шығып, сойқанға тағы кіріседі. Бұл адам деген хайуанның көзінен жас шыққанда барып, көкірегіне ақыл келеді. Олардың көзі жастан айықса, көкірегі ақылдан айырылады.

Тұтқын жігіт жал мен құйрықтан ада боп, ақылсыз адамдар өшін алу үшін пышакқа жыққалы апара жатқан тұл жылқының сонынан қарап осыны ойлады. Жаңа ғана жүрегін запыран боп қысқан ащы ойларынан адасып, көкірегі кеуіп, қос шекесі шымырлап, жүйкесінің бәрі босап, саусақтарының ұшы дірілдеп, өңі қашып, сұрқайып кетті. Қырық күн кісенде отырғаны қажытты ма, әлде жаңағы бір ойлар қажытты ма — одан да бейхабар. Тұла бойын тер буғандай тәні бір ысып, бір суып, талмаусырап, әлденесі ұмыт қалғандай жан-жағына алақтай қарады. Қасынан көрінбей қолына түспей тұрған нәрсенің не екені де жадына оралмай қойды. Қолын ербеңдетіп бірдене сұрап еді, екі көзі Жөнейіттің үйінде тұрған күзетшілер оны көрмеді. Бұл дал болып тұрып қалды. Біреу жеңінен тартты. Қараса — Аннадүрді. Екі күзетшіге әлдене деп ымдайды. Бұл ештеңеге түсінген жоқ. Кісені сылдырап екі күзетшінің алдына түсе берді.

Бүйірлі қоңыр үйдің іші тылсым тыныштық. Бұны әкеп есіктен кіргізгенде ешкім тырп еткен де жоқ, тіл де қатқан жоқ. Тұтқын жігіт қақ төрде мелшиіп отырған қудай аппақ сақалды кісіні Жөнейіт шығар деп жобалады.

VI

Жөнейіттің үйі қырық күн бойы кісіден құр тұрмады. Содан бері төңірегіне назарын тіктеп, құлағын түргені бүгін. Қаба сақалды үш түрікпен жігіт тұтқынды әкеп кіргізгенде бажырайып карап қалды. Есіктен боп-боз боп қуарған, шілмиген арық, қара кісі кірді. Еңсесі еңкек, аласа бойына симайтындай ебедейсіз ұзын қолдары тізесіне сәл-ақ жетпей тұр. Кірген бетінде босағада тоқтап қалды. Маңайына көз де салған жоқ. Ісініп кіртііп кеткен қысыңқы қой көздерін төрге қадап қатыпты да қалыпты. Бас игісі келмеген асқақ тұтқын деуге назары сынық. Құдды мынау өзіне үнсіз телмірген көп жандардан көзін алып қашқандай, кереге басына тесіліп тұр. Оны үйге әкеп кіргізген жігіттердің бірі қолынан ұстап, ортаға, ошақ орнына оздырды. Ол аяғын сүйрете басып, ортаға келді. Жігіттер қолындағы кісенді ағытып, орындарына кетті. Тұтқын сілейіп тұра берді. Дәулеттің құны қылып әкеліп жүрген тұтқындары осы ма?

Жөнейіт оң жақта отырған көп сеңсең бөріктерге шаншыла карады. Кәрі батырдың қаһарынан ықтаған көп бөрік шалдардың ішінде отырған Аннадүрді жаққа көз тастады. Аннадүрді үнсіз орнынан тұрып сыртқа шығып кетті. Жөнейіт көзін енді тағы да тұтқынға аударды. Тұтқын сол керегеге карап телмірген қалпы. Өзі есі ауған, ақылынан адасқан біреу емес пе — өңінде такаббарлық та, үрей де, қорқыныш та жоқ, бұрын ұшырасып көрмеген бір жұмбақ жүз. Өндірішегі сорайып жұтынып қойды. Сырттан Аннадүрді кірді. Қолында кара шүберекке ораған дутар сияқты бірденесі бар, әкеліп тұтқынға ұстатты. Тұтқын Аннадүрдінің қолындағы кара шүберек қапты нәрсеге аңтарылып біраз тұрды. Боп-боз жүзіне, теңбіл-теңбіл қан жүгіріп, таңданды ма, қорқып кетті ме — әйтеуір жаңағы бей-жай күйден айықты. Әлдене айтқысы келгендей ернін жыбырлатып еді, ауызы қиыспады. Аннадүрді ұсынған кара шүберекке батылсыздау ұмсынып, қолына алды. Сосын молдасын құрып отыра кетті. Бір шөкім боп шөкті де қалды. Кішкене шақша басын қырын бұрып, маңайына енді көз салды. Жұрт жаутандап Жөнейітке қарайды. Тұтқын кара шүберек қаптың ішінен домбыра суырды. Сағасы сүйектелген кара домбыраны қолына ұстап көріп аз ғана үнсіз отырды. Біраздан кейін барып құлағын бұрады. Ешкімде үн жоқ. Аннадүрді де аяғының ұшынан басып орнына озды. Тұтқынды үйге кіргізген жігіттер де босағаға барып тізелерін бүкті.

Жылқы сойып жүргендердің күбір-күбірі мен қан-жынға таласқан иттердің ырылынан басқа сырттан да дыбыс естілмейді. Шаңырақтан көлбеу құлаған май тоңғысыз күзгі шуақ тек туырлыққа ғана түсіпті. Жөнейіттің құп-қу жүзі үй ішіндегі ақ шаңқан жарыққа сіңіп, еміс-еміс қылаңытады. Қауқиған қара сеңсеңі ғана мізбақпай дүрдиіп тұр.

Тұтқынның төңірегіндегі қаумалап отырған кісілерде де, қақ алдында сазарып отырған Жөнейітте де шаруасы болмады. Домбырадан қолы шығып кете жаздапты. Көптен қыл арқан буып, кісен қиып, ісініп, көн тақаланып кеткен саусақтары перне сайын бір сүрініп, малтығып жүр. Домбыра да қақсып күйінен жаңылыпты. Қапелімде үні түзеле қоймады. Құлағын қанша бұраса да тарғыл дыбыс тазарып кетпеді.

Домбыра шіркіннің де не күйі тасып барады дейсің! Аңада Көкбауырдан шыға келген жерінде дауыс сап даланы басына көтеріп келе жатқан көп түрікпен бұны қоршай алды. Баяғыда күй тартыса келген Дәулеттің ат қосшылары болса керек, бір-екі түрікпен көрген бойда бұны танып қауқылдаса жөнелді. Әсіресе бір имек қара қол басына мұның домбырасын көрсетіп, көп өзеуреді. Жүздері суық қалың жасақтың арасында қаннен-қаперсіз тұра берді. Айдалада өзімен өзі боп, аң қуып жүрген бейсаубат аңшыға тиісе қоймас деп еді. Қолдың қауқылы көбейіп етті. Бұның көкірегіне үрей кірді. Сонда да сыр бермей шыдап бақты. Бір-екеуі қасына келді, әуелі мылтығын тартып алды, сосын домбырасына қол салды. Сол сәтте бұл домбыраның осы кеткені шығар, қайтып қолына түспес деп ойлаған; содан бері көкірегіне құса боп қатқан бір сыры ішінде өзімен бірге кете ме деп қорқып жүрген-ді, соны сыртқа шығарудың орайы енді келген сияқты.

Жөнейіт тұтқынның тұла бойындағы әр қыбыр-қимылды қалт жібермей қадағалап отыр. Еңкіш тұтқын бала емізген әйелдей басын бауырына алып домбырасының асты-үстіне түсіп емініп апты. Сала-сала жіңішке саусақтары сексеуілдің шырпысы тәрізді, бір шайнам ет жоқ, сылдырап сүйегі ғана қалыпты. Мына тұтқын күй тартатын кісінің сыңайы емес, қолындағы қу ағашты тұла бойынан түк қалдырмай сипалап, есі кетіп елітіп отыр, ештеңемен ісі жоқ. Әй, бәсе, есі дұрыс жан жаудан азалы қайтқан қолдың жолында тұрар ма? Қенже баласына ертіп жібергені қол емес, әншейін бір көп шуылдақ болды ғой. Дәулетжандай арыстың өтеуіне әкеліп жүрген адамын қарашы! Мынау тұла бойында бір шайнам еті жоқ, кісі көрер көркі жоқ, бір жапырақ құр сүлдерден өш қайта ма? Өзі таз неме болмасын. Өне бір тер сасыған қоңыр телпек бас терісімен бірге жаратылғандай кептетіле қалған екен. Самайдағы ақ аяңы әлі арылмапты, қаспақтанып тұр. Жөнейіт тұтқыннан көзін аударып оң жақта отырған көп түрікменге қарады.

Олар бұдан қаймығып не істерін білмей жанарымен жер шұқып кетті. Домбыра әлі тың-тың. Тұтқын әр пернені бір басып, құлағына тосып, ыңын тындап көріп, ығысып кеткендерін орнына апарып, әлі жайбарақат отыр. Сенсен бөріктің ауырлығы енді сезілді. Көбінің төбесіне шып-шып тер шықты. Тұтқын қылдырық сап қара домбырасын қырық шұқиды. Жөнәйт те міз бақпайды. Қаралы үйге жиылған қарайған жанның бірінде сес жоқ.

Қара домбыраның тарғылы енді тарай бастады. Қос ішектен есіліп шыққан қоңыр саз әлі бір арнаға түспей қашқалақтап жүр. Тұтқынның пәлен күннен көкірегіне қонақтаған көп құса, көп нала, көп ойы көмейіне кептетіліп, сендей соғылып, опыр-топыр жөнкіліп, әлі сараланып болмаған. Арбасқан сезімнің қайсысына көнерін білмей қырық құйқылжыған көңіл қапелімде күй түйе алмай жатыр. Мынау моладай жым-жырт қаралы үйде қабырғасын кеміріп, жүрегін мүжіген зіл батпан қасіретті сездіргісі келмей, қабағынан кан жауып, қарайған халықты қаңтарып отырған қаһарлы шал тұтқынды көзімен атып жеп барады. Баяғы қол бастаған кескінінен айрылмай, айбатын жоғалтпай сызданып бағады. Кенже баласы мерт болғанда екі-үш күнге дейін есіне келе алмағанын да, Дәулет өлді дегенге сенбей, бір апта бойы қарақшы төбеге қарауыл қойдырғанын да, үйіне бата оқып келіп-кетіп жатқан адамдардың еш қайсысын жыға танымағанын да, баяғы дөң айбаттан айырылып, келеден босаған кәрі үлектей күлге шөгіп қалғанын да — бәрін де ұмытқансыды. Қайтадан айбын шақырмақ, қайтадан қаһарына мінбек; енді мынау не істерін білмей абдырып отырған көп тұнжыр қабақ, сынық жүздері қайтадан серпілтпек. Тағы да қол жиып, тағы да атқа қонбақ. Кек қумак. Тұтқын күйші көкірегінің сонау ең түкпірінен бас көтерген ыза мен ашуды лап еткізіп төге салғысы келді. Бірақ одан мынау меніреу батыр не ұғады? Мына жаман неме ашулана ма, кайтеді-ей, деп миығынан күлер де, апарып көп тентегінің қолына беріп, қылышқа жем қылар. Мұнын зығырданы қайнаған ызалы күйін тындап, желігі тіпті қозар.

Домбыраның шегін ортан қолымен шертіп қалып еді, қарайған шамақ бір күрсініп қойды да, күңіреніп ата жөнелді, тепсінбейді — жер түбіндегіні қозғап тебіренеді. Өлгінде ғана сексеуілдің сояуындай аңдап-аңдап тұрған сойдақ саусақтар да ауаға еріп кеткендей көзге түспейді, тек қара шамақтың қақпағын желпіп әлдене ағарандайды. Күйші сәл бір қырына бұрылса да, ешкімге, ештеңеге көзін тіктемеген, өзімен өзі. Тұла бойында екі қолдан басқа да ешқандай қимыл жоқ. Қараңғы күркеге қамалып, күн көрмей қуаң тартқан сұрғылт жүзі сол баяғы ызадан да, реніштен де атымен ада сынық қалпы. Қысыңқы қиықша көзі де бұлдырап көрінеді. Күңіренген күй мына отырған күйшінің қолындағы домбырадан емес,

айдаладаан желмен ығып келіп жатқан сияқты. Жөнейіт күйкентайдың балапанындай күйкі күйші тұтқынның көкірегінен ақтарыла төгіліп жатқан сиқыр сазға аңтарылып отыр; бірақ сыртына сыр шашпады, шаншылып алған қаһарлы қалпын бұзбады. Қара шанақтың қақпағының үсті еміс-еміс бұлдырайды. Күмбіреген қоңыр үйдің ішінде мелшиіп-мелшиіп тізілісе қалған көп дудар бөріктер де, қақ ортада шоқиған тұтқын күйші де бір қара мұнар буалдырға айналды.

Әуелі жасқаншақтап шыққан жаңа күй бірте-бірте ширғып, серпіліп, көшеленіп келеді. Көмейіне кептелген ыза-реніште, мұң-нала да былай ығысып, бір кейуана саз төгілді. Құсаға тұншыққан қапалы жүрекке басу айтқан көсем атаның көкірегінен шыққан сөздей ақылды да аялы саз. Ол біраздан бері еліндегі ырду-дырду, ұрыс-жанжалдарды көре жүре, тап осылай бір ақтарыла сөйлеуге талай рет оқталса да, қапелімде көмейіне я реніш, я ыза — әйтеуір бір пенделік сезім кернейді дегенге қалады. Қолын бір сілтеп, өзімен өзі боп кете барады. Оңашаға шыққан соң да ойы ойран боп тыншу таба алмайды. Түрікмендер ауылында тұтқында жатқанда да көп толғанып, көп тебіренді. Азаматын жоғалтып аза тұтып жатқан елге, баласынан айрылып қасірет қапқан атаға әлдене айтқысы келіп, көңілі елегізіп, құлағында сан қилы сарындар оянса да, күйді тындап, ойын ұғар құлақ жоғын біліп, білегіндегі шықырлаған темір кісенге телміре қарап шөгіп-шөжіп отырып қалады. Әлгінде ғана алас ұрған асау көңілі де жуасиды. Сондайда қолымда әттең домбыра болар ма еді деп армандайды. Бірақ талайлардың құлағын арбаған мына екі қолына ендігі қалған санаулы ғұмырында бедірейген темір кісеннен басқа не жуыр дейсің деп торығады. Сонда құлағына күрсінген деміне ілесе күңіренген үн келеді. Бір сәт ызындап тұрады-тұрады да, біраздан соң о да сейіледі. Тағы бір тебіренгенінде тағы бір саз оянады. Қолында домбырасы жоқ болған соң, о да жым-жылас жоғалады. Күйшінің қолыма домбыра енді бір түссе, кеудесінде жаны бар тірі пенденің қай-қайсысының да өле-өлгенінше көкейінен кетпейтіндей қылып бір күй тартып берер едім деген құштары күшейе түседі. Жаңа осында әкеп кіргізгенде кереге басындағы дутарды көріп, аңсары ауып кетті. Көптен көкейін тескен арманы екі аттам жерде, көз алдында тұрғанын көргенде ақылынан адасып, абдырап қалды. Мынау бедірейген безер жандар оны бәрібір алып бермейді ғой деп әбден бақ кешіп тұрған-ды, қолына өзінің домбырасы түсті. Пәлен күн өрісте түнеп қап, ботасына енді оралғанда қанша еміренсе де есін жия алмай, тамыры түйіліп, сүті байланған аруанадай қапелімде бұның да қолы икемге келмей, көкірегі саздан айырылып, домбырасын шұқылап ұзақ отырып қалып еді. Қолындағы өз домбырасы екеніне әбден көзі жеткен соң барып, басын жерден көтерді. Қақ алдында отырған Жөнейіттің жүзін

де сосын көрді. Мына көп құлаққа айтсам деп толғанып жүрген сыры да сол перзентінен айрылып, күйік тартып отырған кәрінің қаумалаған халқынан қасіретін жасырып, қаһарлы, тас-түйін, қайратты көрінгісі келген түрін көзі шалған соң барып ойына оралды. Саусағын бөгеп тұрған тұсау да сосын шешілді.

Жөнейіт бір сәт күйшіден жүзін тайдырып, күй тындап отырған жұртқа көз тастады. Жаңа ғана бұның қасы мен қабағын бағып, тырп етерге дәрмені болмай отырған момын көп енді күйшіге ентелеп қалыпты. Дудар бөріктің астында ылғи ызғар шаша қарайтын шүңірек көздерден де ашу ыдырап, елітіп отыр. Дүрдиген-дүрдиген сеңсең бөріктерден басқаның бәрі жұмсарыпты, бәрінен де айбат қашыпты. Мына отырған қалың тобыр дүниеде Жөнейіттің барын атымен ұмытып кеткендей. Әр қайсысының да жүзіне бір-бір тесіліп, тінте шолып шықты, бұған қараған, бұдан сескенген ешкім көрінбеді. Көкбөрі байғұстың күйші-бахшы да бір, жын-пері де бір деп күйіп-пісіп жүргені рас екен ғой; жын арбамаса мына жұрттың осынша естері кетер ме еді! Жөнейіт көкірегін кеулеп бара жатқан әзәзіл ашуды жасыра алмады. Күйшінің жүзіне кіжіне қарады.

Күйші көңілі сабасына түсіп келеді. Ешкімге назар салмаса да, жұрттың көзі өзінде екенін сезіп отыр. Халыққа айтарыңды осындай ықыласы ауған кезде айтып қал. Ел көріп, жер көріп жүргенінде көкірегінде түйгеніңнің бәрін де айт. Құлта қалдырма. Тәңірінің тегін жері мен тегін ауасына таласып қырылып бара жатқан мынау жұмыр басты пенделердің босқа арамтер болып жүргенін де айт. Адам қашан өзінің алақандай төріне көңілі толғанда ғана пейілі кеңітінін, кісінің өз пейілі кеңімей тұрып, жер де, ел де кеңімейтінін, шаншылған бас пен шаншылған сүйектің ешбір елге ешқашан да шекара бола алмайтынын, адам өз бауырындағы бала мен өз қойынындағы жарын жарылғай алмай тұрып, көрші-көлеміне көңілі жібімей тұрып, байтақ елі мен күллі жұртына еш жақсылық жасай алмайтынын айт. Адамшылықтың басы — аяушылық. Аяушылық жоқ жерде адамшылық та жоқ. Өзін ешкімді аямасаң, өзінді де ешкім аямайды. Өзін бөтен елге жасанып барсаң, жараланып қайтқаныңа ызаланба! Ол үшін көктегі құдайды да, жердегі жауыңды да қарғама, өзінді өзін қарға! Жат жерде көргеніңе бола өршеленбе, қайта тәубеңе кел! Адам, адам қалпыңа келсең сонда келесің; әйтпесе, етіне ашы тырнақ, өткір тіс батқан сайын өрелене, өршелене түсетің сен де бір хайуансың. Айуан екенің бар, өзгеден адамшылық күтпе! Өлгеніңе өкінбе, көргеніңе кіжінбе! Осы айтқандарымды ұғып отырсындар ма, жоқ әншейін, мынау қаралы үйде мүлгіп-қалғып отыруға жалыққан соң бір сәт көңіл алдарқатқандарың ба! Түзікке түсінетін құлақтарыңыз бар екен, соны

енді көкейге түйер құлықтарыңыз бар ма? Қазір ұғып, ертең ұмытып, қазір жылап, ертең есіріп жүрмейсіңдер ме? Әй, қайдам... Сен бейбақтар осы дүниеге келгелі тауқыметті де аз тартқан жоқсыңдар, бармақты да аз тістеген жоқсыңдар. Бірақ содан не пәтуа шығардыңдар? Жабырқасандар — адамсыңдар, масайрасандар — хайуансыңдар. Кісі қай мінезіне тұншығып, қай қасиетінді медет тұтар...

Күйшінің көмейіне жас тығылғандай болды. Домбырасының да даусы бір сәт егіліп шыққандай. Манадан бері мізбақпай отырған Жөнейіт тап осы арада бір мырс етті. Ол күйші өзіне рахым тілеп отыр деп түсінді. Қаһарлы қалпын бұзбай тұтқын күйшіге бұрынғысынан да кәрлене қарады. Күйші де жүзін тіктеді. Қысыңқы тұнжыр көзінде жалбарыныш та, реніш те, ыза да жоқ. Бірақ бұған тесіліп алған. Қайтер екенсің көрейін деп сынап-мінеп отырған кісідей ішіп-жеп барады. Қарғысынан жаңылар емес. Күй сарыны баяғы. Тек жаңағы бір мөлт тамып, тыйыла қалған көз жасындай сәл егіліп кеткен тұсы болмаса, сол бұрынғы салқын сарын. Аңада Дәулетжаны адайға аттанарында оңаша күй тартып отырған жерінде үстінен шығып қалып еді. О да бір осындай сай-сүйегінді сырқыратқан салқын саз болатын. Бұлар мұнша неге күңіренеді? Мүддесі не? Тұтқын күйші бұның жүзіне әлі қадалып отыр. Көзін айырар емес. Бұның өңіндегі сәл өзгерісті өзінше өлшеп-пішіп отырған шығар.

Жөнейіт сыр білдіргісі келмеді. Айыр сақалы салбырап, күйшіден көзін жалтартып, маңдайша жаққа қадала қарап отырып қалды. Соңғы айда сақал-шашы мықтап ағарыпты; маңдайдағы, екі ұртындағы әжімдері де қазыла түскен. Көзінде шөлмектей шытынаған ашу тұр. Бұл жаратылысынан қатты қатыгездігінен емес, әлденеден әбден ашынып, бірденеге белді бекем бұған ызаның нышаны. Жаратылысынан қатты кісінің ашуы ылғи бір қалыпта, мізбақпай тұратын ақ көз ашу. Жөнейіт қанша зілдене бергенмен, оның бет-әлпетінде бір түрлі бұйығы мұң да бар. Қансыраған, жарақатқа ашынған ызалы аңның ашуындай бұ да омырып тастамай тынбайтын томырық, қатерлі ашу. Жаралы аңды жарасынан түртсең құтырынып кетеді. Ызалы адамды да ызасына тие берсең, бұрынғыдан да өшіктіре, өршелендіре түсесің. Жаралы аңды жарасынан сипап райдан қайтарсаң, жаралы адамды да алыстан орағытып, ақылға шақырып, сабасына түсіресің.

Домбыраның үні былпып майда шықты. Құлақты қытықтар жұмсақ әуез көңіліңе қонақтаған сайын көкірегінді тілгілей түседі. Әлде бір әзәзіл сезім азғырғандай. Жөнейіттің жүйе-жүйесінің бәрі босап барады; ширыққан жүйкесі жібектей есіліп, құрыстаған арқасы кеңіп сала берді. Бұл не? Жөнейіт түсінбейді. Әне бір қойшының торсығындай қара шаңақ, мынау бір шөкім күйкі күйші не деп азғырады? Аңада қолын-

да қалған ақырғы медет — кенже ұлынан айырылғанына анық көзі жеткен күні де тап мынадай сүйегі еріп, сүлдері құрымап еді ғой. Әлденеше күн бойы өң мен түсін ажырата алмай есенгіреп жүріп бір күні керегенің басындағы Дәулеттің дутарын көрді. Қасына қылыш пен найза да ілініпті. Қылыштан да, Алпаннан да қалған тұл қылыш, тұл найза. Дәулетті ауылдың ақсақалдарын жиып, батасын алып, көк ала арғымаққа мінгізген күні осы екеуін өз қолымен апарып иығына өзі аспап па еді. Ендеше, үйде Дәулет жоқта бұл екеуі керегенің басында не бітіріп тұр? Бір де бір иесінің қолына құт болып қонбаған мынау жалмауыз қылыш пен жалмауыз найза соңына ерген тігерге тұяғы Дәулетжанының да басын жұтқаны ма? Әлденеше күннен бері жүру-тұрудың не екенін де ұмытып қалған Жөнейіт орнынан атып тұрып, қылышты да, найзаны да ошаққа ұрып сындырған-ды. Керегенің басында жалғыз қалған тұл дутарға тимеген. Көптен бері ашуланып көрмеген жүзі түтігіп, иегі сақылдап, жұдырығын түйіп үнсіз кіжінді, тісін қайрады. Пәлен күн бойы қалғып кеткен сана, ыза, кек, тапталған намыс — бәрі бір күнде, бір сәтте оянып, өне бойын жарыса кеулеп, зіркілдетіп алып барады. Санасы алғаш оянғанда жадына оралған ойды көкірегіне шор етіп мәңгі түйіп қалған-ды. Кәрі Жөнейітте енді не қауқар қалды, құйрық-жалдан түгел айырылды дейтін болды-ау кешегі дұшпандары... Сол күні пәлен күннен бері төңірегін қымтап келген дел-сал мұң ыдырап, орнын қаһарлы қасірет, қалшылдаған ыза жайлаған-ды.

Домбырашы одан көзін айырмады. Енді күй өз тізгінін өзі алып кетті. Қара шанақтың көмейінен лықылдап төгілген майда әуезге өзі де құлақ түріп, еліге тындап отыр. Пәлен уақыттан бері ішқұса боп келгендегі айтайын дегені де осы емес пе? Ешкімге жалынып-жалбарынбай да, зекіп-жекірмей тап осылай баппен байыптап сыр шертіскісі келіп еді ғой. Жұрт ұғып отыр ма, жоқ па — әйтеуір, ұйып қалыпты. Сырттағы қыбыр-қимыл да тынған. Бағанадан бері еңсесін түсірмей сексіп-сексіп тұрған сеңсең бөріктердің де бір қатары жығылыпты. Ақсақалдар жағы бастарын көкірегіне алып мүлгіп кеткен. Есіктің алдындағы еңгезердей күзетшілер де қаһарынан айрылып, қажыған қалып танытады. Қамшыларының сабына сүйеніп, пәлен күннен бері өздері күзетіп келген тұтқынның саусағынан өріп жатқан майда қоңыр әуезге елтіпті. Оң жақта соңғы шапқынға барып қайтқан сарбаздар да салбырап отыр. Төрдегі Жөнейітке де, ортадағы күйшіге де алақтамай әркім өзімен өзі.

Қай-қайсысының да құлағына мына бір саз жағып барады. Баяғыда бесікте жатқандарында аналары күңіренетін көйгөйге ұқсайтын тәрізді. Ертең жорыққа аттанамыз деген күндері төсін көз жасына малшып шығатын әркімнің ақ некелі жары да тап осылай сай-сүйегінді сырқыратып, қанша

қатты болам десен де, жұлын-жүйкеңді иітіп әкететін өксік аралас қолқа қылушы еді ғой! Бес қаруыңды асынып белдеудегі атыңа барғанда сыртқа шыға алмай үйде жермешел боп қалған кәрі атаң мен әжеңді құлынымдап үзеңгіңе жабысқан ағанды, маңыңа келе алмай, үйдің арғы қапталында, белдеу арқаннан қос қолдап ұстап алып, екі иығы селк-селк етіп солқылдап жылап тұрған уыздай жарыңды, не болып жатқанын, жұрттың неге жылайтынын біле алмай жаутаңдаған жас баланды көргенде тап осылай егілмеуші ме едің?! Көз жасыңды сыртқа шығармай, жүрегіңнің басына домалатып, қамшыңды қаһармен жиып, онсыз да ойнақшып тұрған атыңды аямай тартып-тартып жіберіп, шікірейіп шаба жөнелсең де, дымың ішінде боп булығып, осы жолы аман-есен оралар-оралмасыңның неғайбыл екенін сезіп, көкірегің ит жыртқандай тызылдап бара жатпаушы ма еді. Сонда ошағыңнан айырып, от-ойранға салған қас дұшпанға ішіңнен қарғыс жаудырып, қаныңа қарая түсетінсің. Алдыңнан дұшпан ат ойнатып шығады. О да тісін қайрап, еміне төніп, құлаштай шабады. Сенің де аруағың қозады. Алдында тұрған адам екен деп тіпті де ойламайсың; оның жары, ошағы-отаны атымен жоқ сияқты, жүйкесі талып, жүрегі сыздамайтын секілді. Оны аяй алмайсың. Мына жердің бетінде тірі жүргізбейді, тезірек көзін құртқың келеді. Омақасқан атты, домалап түскен дұшпанды, шапшып аққан қара қанды көргенде өшің қайтып, өзегіңе толып келген өксік ыза бірден серпіледі. Көзінде ұшқын ойнап, көкірегіңді жел сүйеді. Бұрынғыдан да еміне шабасын, бұрынғыдан да еліге шаншасың. Сөйтсе, дұшпан да өзіндей екен ғой. О да сендей пенде екен. О да артына қалған үй-ішіне, ойрандалған отанына тап сен құсап егіледі екен. О да мынау орынды-орынсыз ұрыс-жанжалға түсіне алмай дал болатын көрінеді. Шынында да бұл не тірлік өзі? Жаңа ғана дәл жаныңда жайрандап шауып келе жатқан қыршын боздақтың енді бір қарағанында жау атының астында жайрап қалғанын көргенде сен де осылай тітіренетінсің. Кеу-кеулеген қалың көптің ортасында жүргенде делебең қозып желіккенмен, өзінмен-өзің оңаша қалғанда сен де тап осылай таусыла тебіренетінсің. Өзісіңе өзін ренжіп, ызаланатынсың. Адам сөйлегенінде көкірегі қан қақсап тұрса да қаһар төгіп, ішінен егіліп, ет-жүрегі езіліп бара жатса да дөң айбатпен өкірең-өкірең етіп, сырын сыртына шаша бермейді. Ал, мына күй жалған сөйлей алмайды, ішіне құлта сақтауды білмейді, жанындағысын жалтармай жайып салады.

Күйші емініп отыр. Жыланмен арбасқан бақсыдай көзін Жөнейіттен айырмай, домбырасының үстіне төне түсіпті. Қара шанақтың пұшпақ-пұшпағында қалған сиқыр саздардың бәрін сауып жатыр. Қара шанақ күңіренеді, тебіренеді. Қайқайдағыны айтып, жаныңның қалтарыс-қалтарысын қазба-

лайды. Қылқылдап қыр соңынан қалмайды. Мынау рахым сұрап аяғына бас ұрған жалыныш-жалбарыныш емес. Насырынды қасыған таба да емес. Сай-сүйегі неге сырқырайды? Мынау жалба-жұлба тұтқын баяғыда Дәулетжаны тартқан салқын сазды қайдан іледі? О да тап осындай әлдекімді ақылға иліктіре алмай таусылса күңіренбеуші ме еді, талмаусырап егілмеуші ме еді?! Апырау, Жөнейіт мықты еді ғой. Ай бойы аза тұтып отырғанда алқымына жас тығылған кезі бар ма еді? Тап осы қазір бұл осынша неге жасып, неге жуасып отыр? Бұл босаса, мынау соңына ерген көп найза бет-бетімен босып кетпей ме? Әне, бәрінің де басы салбырап қалыпты. Көкбөрі күйді тегін жек көрмепті. Дүлей батыр әйелдің дауыс қылғанына, бахшының дутар шалғанына шыдай алмаушы еді. Зекіріп тыйып тастайтын. Тия алмаса атына мініп өзі аулақ кететін. Жөнейіт, бекем бол. Қолыңда қалған жалғыз перзентің жер құшқанда да қаққан қазықтай қалшыып, сұсыңнан айрылмап едің ғой. Мынау әзәзілге де ішінді алдыртпа.

Күйші қадалып алған. Домбыраның қос ішегін еміне сауып, есілтіп отыр. Қара шанақтың көйгөйі көкірегіңді қасып, ырқынды алып барады. Қанша қатты болсаң да иліктірмей қоймайтын өз көкірегіңнен шыққан ерке сәбидей еліктіріп, ерітіп барады. Жүрегі шымырлады. Көмейі бітіп, көзінің алды жыбырлап кетті. Дәулетжаны тап осылай қылқылдаса қабағынан қар жауып отыра алар ма еді? Мына күй қыршын кеткен боздақтарын, қаңырап қалған қаралы шаңырағын, жападан-жалғыз қуарып қалған қу басын — бәрін-бәрін есіне салды. Жөнейіт күйшімен арбаса беруден қаймығып, көзін жоғары кашыртты. Үйдің қазандық жақ үзігінде екі уықтың арасына ала жіп керілген-ді. Дәулеттің жамбасы жерге түскен күні қырық күлше пісірілген еді. Осы үйде құран ашып жатқан Дегене-ахун күнде кешқұрым соның біреуін алдырып, есіктен аттағандарға дәм татыратын. Әне содан жаңғыз-ақ күлше қалыпты. Ол да бүгін жоқ болады. Сөйтіп, бұның Дәулетжанын есіне түсіретін нәрсенің бәрі азая бермек. Бір күндері оған енші нәрседен тек көне қауымның ішіндегі бір құлаш қоңыр төмпек қана тиеді.

Күй тынды. Күйші домбырасын сылқ еткізіп тізесіне тастай берді. Такаббар батыр көзінен ыршып кеткен түйдек жасты сұртуге арланды. Екі айғыз жас мұртының шалғайына ілігіп, одан тамшылап сақалына құйылды.

Қаршығадай шүйліккен күйші де еңсесін түсірген жоқ. Маңдайына шып-шып шыққан терін сұртпеді. Кәрі батырдан әмір күтіп отыра берді.

Ең алдымен есін жиған Жөнейіт болды. Қарсы алдында көп жаумен бір өзі айқасып, бәрін де жайпап, қырғын далада жалғыз қалған батырдай өңі қашып жадап-жүдеп, қалжырап күйші отыр. Үй ішіндегі көп түрікмен әлі мең-зең.

Жөнейіт үндеген жоқ. Күйшінің жұпыны киімін де, жадау жүзін де әбден қадағалап қарап алды. Сосын ақсақалдар тобына көз тастады. Жұрт емексіп қалды. Жөнейіт қайтадан бойын тіктеді. Мана тұтқынды әкеп кіргізген жігіттерге ымдады. Олар орындарынан тұрып, тұтқынның қолына қайтадан кісен кигізді, екі қолтығынан демеп тұрғызып, сыртқа алып кетті. Үй-іші сілтідей тынған. Жұрттың көзі Жөнейітте. Жөнейіт әлі түсін берер емес...

VII

Жермен-жексен бұжыр қорған бұл налып келеді екен деп бұл еткен жоқ. Ішіндегі көш құлаш төмпек кебірі езіліп, сұлбасынан айрылып барады. Себелеп құйған қара нөсерден айылын жимаған тек сойдақ сояу қара тас қана.

Жөнейіт әулие үйіктен тайғанақтап әрең түсті. Ер-тұрманы малмандай сұ болып қалыпты. Тақымына жабысып, удай ашытып барады. Қара нөсердің селдір пердесінің ар жағынан теңіз түксиеді. Бүгінде оның да жалы жығылған; баяғы айбатынан айырылғысы келмей, төбесінен шылп-шылп төмпештеген мазасыз тамшыға жон көрсетіп селсоқ аунақшиды; мынадай лайсаң күні белінің құяңы ұстап төсекте төңбекшіген беймаза кәрідей ара-тұра ыңыранып та қояды.

Ат миы түсіп езіліп жатқан кебір саздан аяғын әзер алып, қара жолдың етегіндегі қақ тұрып қалған тастақ қатқылға шатқаяқтап зорға жетті. Толарсақтан су кешіп ауылға беттеді. Былайырақ шыққан соң көк теңізге жетіп жығылып жатқан келте жалға қарап еді, әулие үйік қара нөсерден бас сауғалап қалғандай көзіне түспеді. Жөнейіт жүзін бұрып түзеліп отырды. Төңірегі бетінде құла дүздің тосабы, қоңызы мен құмырысқасы, құраған шөптің қиқым-сиқымы қалқып жүрген қара су. Аттаған сайын шалп етіп шашырап ат қапталын жуып кетеді. Әдетте көл-көсір көсіліп жататын құба дөң себелеп құйған күзгі нөсердің күлгін пердесі қымтап бір уыс боп қалыпты.

Жөнейіт бұл сапарынан мұңайып қайтты. Шер таратқалы барып еді, бұрын да жыртық күркедей ызынаған күңгірт көңілін онан сайын құлазытып жіберді. Мойынынан су сорғалаған кебір төмпек айбыны жоғалып, тым жүдеу, тым жұпыны көрінді. Елден береке кеткен соң, әулиеден де аруақ кашайын дегені ғой. Сонда бұл мынау әбден жүні жығылып, берекесі безіп бейжай тартқан самарқау дүниеде елден ала бөтен жаңғыз өзі жау-жағаласпен жүрген есер біреу болғаны ма... Сонда күні кеше жау десе еліріп шыға келетін ереуіл елі қанжарымен сүйек мүжіп, найзасымен от көсеп, ошақ күзетіп қалғаны ма?

Ызғыған қара дөңде ши қорамен күзеуде отырған қоңырмай ауылға түс ауа жетті. Атының тізгінін алдынан шыққан

Аннадүрдіге ұстатып үйіне кірді. Сосын қайтып ешқайда ұзап шыққан жоқ.

Иінінен су кетіп қара күз де өтіп барады. Күн сайын жаңбыр жауады. Даланың ащы жусаны әбден малшынып, түбі қазылып қара сояуланып алған. Түн суығы ширақ. Таңертен шөптің басынан бу ұшып, маңайды сұрғылт буалдыр бүркейді. Күн түстете айнала аршылып, ашық көк аспан жалтырайды. Тек сонау терістік көк-жиектегі бүк түсіп жатып алған қара мұнар ғана ыдырамайды. Киіз үйлерге сырттан ұстаған жалаңаш шилер су өтіп қоңырайып-қоңырайып көрінеді. Күндіз ауылда қалатын азғантай бота-тайлақ күн көрінгенде анадай жерге өрістеп шығады да, күннің сыңайы бұзылса ауылға қайтып келеді, киіз үйлердің алақандай тар ықтасынына сыймай тістесіп қырылып барады. Күн жылтыраса жұрттың бәрі бүрсектеп сыртқа шығады. Кемпір жағы маңдайын шуаққа беріп, ұршық созады. Ондайда Жөнейіт те бір сәт ауылдан ұзаңқырап шығып, ауа жұтып қайтады. Сонау көк-жиекте қыбыр-қыбыр қарайып мал жүреді. Ащы іздеген аруаналар алыс жалдарды төскейлеп әлдеқайда маңғыстап барады. Құралайын өргізген үйір-үйір киіктер түстікті бетке ұстап, бұл өлкеден әлдеқашан безіп кеткен жаймашуақ жазды артынан қумақ. Аяғы ұзынның бәрі жақсы өріс, жайлы өлке іздеп әлек. Тек мынау бүріскен ауыл ғана іргедегі көңнің иісін алып омалып отыр.

Түс ауа терістіктен бір ызғырық сыз келеді. Аспанды бұлт торлайды. Жұрт қайтадан үйге тығылады. Үй ішінің де сәні шамалы. Су отын пыс-пыс етіп жана қоймайды, көз көрсетпес көкала тұман.

Жөнейіт қақ төрде төсекті қалыңырақ салғызып ап, жатады да қояды, не күні бойы мізбақпай шаншылып отырады. Оң жақтағы ертұрманы әбден ыс сіңіп, сарғыш тартыпты. Дәулеттің қырқы берілгелі бұл үйдің келім-кетімі азайды. Кемпірі келі түйеді, жіп иіреді, әйтеуір намаздыгердің көлеңкесіндей боп ертеден қара кешке дейін көлбеңдейді де жүреді. Бетіне ел қарамаған батырдың хал-ақуалын сұрауға о да қаймығады. Алғашында өз-өзімен томсарып алған Жөнейіттен сыр тартпақ болып, ағайын арасының ақсақалдары келетін еді. Кәрі батыр салғырт тілдескесін олар да есіктен қарауды қойып барады. Күнде түскі шайдан соң Аннадүрді соғады. Әлдене айтқысы кеп кіреді де, інісінің қырыстаған қабағын көріп, іштей таусылып, үн-түнсіз біраз отырады. Сосын басын бір шайқап, орнынан тұрып, шығып кетеді. Кешке қарай Аннадүрдінің баласы Құрбан аттайды. Кемпір екеуі екеуден-екеу тамақтарынан ас өтпей отырған кезде келген балаға кәрі батыр тіс жарып, дін ашпаса да ызғар шашпайды. Бала батырдың дастарқанына келіп, бірге шай ішеді. Бықсыған отты үрлейді, тезек қалайды. Кемпір мен шалға ауыл-үйден естіген

хабарын айтады. Жөнейіт мандайын қазан астындағы оттың табына төсеп үнсіз отырады. Бала айтып отырған сөздерінің құлағына бірі кіреді, бірі кірмейді. Құрбан әр неменені бір сылтауратып, қипақтап кетпей қояды. Сосын Жөнейіттің көзін ала беріп, кемпірге ымдайды. Кемпір де қипақтап шалының бет-әлпетін байқатпай барлап алады. Шыдамы таусылған бала көп болса қамшының астына алар деп дутар ілулі керегеге күйрығымен жылжып жақындай түседі. Жөнейіттің бұрылып оған қарайтын түрі жоқ. Бала не істерін білмей антарылып біраз отырады. Сосын сесін шығармай орнынан тұрады. Жасқаншақтап қолын қерегенің басына созады. Дутарды қолына алады. Қара қапты дутарды ұстап тұрып қалады. Көзін Жөнейіт жақтан айырмайды. Жөнейіттің онымен жұмысы жоқ. Бала дутарды құшақтап қайта отырады. Қабын сыпырады. Дутардың өзін көргенде көзі жайнап кетеді.

От басындағы Жөнейіт қазанның астында лыпып жанған қу тезектен көзін алмай ойға шомып отыр. Жаздай күн жең ақ қылшықтанып қалған қу тезек қау шөптей маздап жанады, сәлден кейін-ақ жана ғана қол басындай боп дөнкііп жатқан жападан бір шөкім күл қалады. Отты қағыстырып түртініп жүрген күйе-күйе көсеу қауқиып тұрған жапаның күлін қағып жібереді де, орнына басқа тезек қалайды. Енді әлгінде ғана тезектің үстінде теңкііп жатқан алақандай құрғақ жапаның күлін таба алмайсың. Ол мынау қай тезектен, қай жападан түскені беймәлім кобырсыған көп күлдің ішіне сіңіп жоғалады. Бірін-бірі жалмап жатқан бір дүние. Үлкені кішісін жоқ қылады; күштісі әлсізін жоқ қылады. Ертең ол үлкенге одан да үлкен, ол күштіге одан да күшті жолығады. Сөйтіп, шеті жоқ, шегі жоқ бірінің басын бірі алып жатқан аласапыран тірлік. Сонда мынау мігірсіз қимыл-қыбырдың, ит жығыс алыс-жұлыстың мәні не?

Қазан астындағы қызыл таптың денең жайылып сала беретін жайлы қызуы бар, қанына дейін дарып, өне бойыңның бәріне тарап, маужырата түседі. Бірақ Жөнейітке бүгінде о да әсер ете алмайды.

Ту сыртынан әдене дың етті. Жөнейіт жалт бұрылды. Құрбан шоқ басқандай дутардан қолын тартып ала қойды.

— Бар, әкет! Үйіне апарып дыңылдат!

Бала дутарын құшақтап, есіктен зыта жөнеледі. Жөнейіт жаңа желі салып келе жатқан ойының жүйесінен адасып қалып, қасындағы жастыққа шынтақтап жата кетеді.

Кемпір қазанын түсіреді. Бүгінде бұл үйде баяғыдай о шетімен бұ шеті ат шаптырым боп шалқып жататын дастархан жоқ. Екеу-ара алдарына алақандай майлық орамал төсейді. Оның үстіне кертік ернеу көне тегеш жайғасады. Жөнейіттің асқа да тәбеті шамалы. Қоңыр тегештегі еттің қара жоңқалау бір-екеуін аузына салады да, қолын сүртіп, кейін шегіне бере-

ді. Сорпаны да тек ерніне тигізіп кері қайырды. Кемпірі дастарқанын жинайды. Ошақта өлеусіреп солғын бозарып жатқан қоламтаға шылапшын төңкеріледі. Көп ұзамай қазан-аяқ жақтағы сығырайма шырақ та сөнеді.

Жұрт бұлардан кейін жатқанымен бұрын ұйықтайды. Айдаладағы оңаша ауыл ұйқыға кетеді. Күздің жібіскілеп жерге жетіп болмайтын сірке жауыны түндік тысырлатады. Содан басқаның бәрінің де жағы қарысқан, ауылдың иттері мен ботатайлағы да ықтасын тауып ап бұйығып үннен қалған. Тысыр-тысыр... Тырс-тырс... Қоңыр үйдің сыртындағы көл-көсір ұшан далада бұдан өзге дыбыс жоқ. Мынау жібіскі жауын кеудесінде жаны бар жәндіктің бәрін ініне қуып тыққан.

Бұның күні-түні құлағы түрік. Біреу ауыл-аймақтың қаба-рын айтса, маңай тыныштық екенін естиді де, қалғанын тыңдамайды. Көптен бері Мәмбетпана әулеті де ат-ізін салмай кетті. Шамасы, бай ауылдың жылқысына жаңбыр мен желден басқа тиісуші болмаса керек. Өне бір шамада Аннадүрдінің анда жүріп бір аңшы қазаққа жолықтым, Дүйімқараның ауылы ала қырдан ойға құлап, қыстауына оралыпты деп келіп еді. Одан бері де ай боп барады. Сонда бір серпіліп, біразға дейін төңіректен тың тыңдап тықыршып жүрді. Оның кәнігі кәрі құлағына саздауыт ала дөңде жер түбінен дүңкілдеп есілетін көп тұяқтың дүсірі келмеген соң қайтадан қамығып қалды. Аңада бір күні таң алдында көзі ілініп кеткен екен. Қай жігіт екені анық есінде жоқ, әйтеуір, осы ауылдың бір жігіті жер түбірінен дүсірлетіп шауып келеді, алыстан қолын бұлғалақтап, бірдеңе деп айқайлайды. Терістік көкжиекті сілтейтін сияқты. Бұл қуанып кетті. Дүйімқара қол жиып келе жатыр екен деп, атын іздеп, айналасына қараса, қаңғырма хайуан тұсауымен шапшып, ту сонау жер түбіне кетіп қалыпты. «Атты әкел!»—деп еді, дауысы шықпады. Екі қолы ербеңдеп, бастығырылып жатқанын көріп, кемпірі оятып жіберді. Көзін ашып алды. Көрші үйдің қатыны келі түйіп тұрып, ауылдың сыртында бота жетелеп жүрген баласына айқайлайды. Бала да жер түбінен шырылдап бірдеңе дейді. Содан бері Дүйімқара өш алуға келер деген дәмесі өшіп келеді. Сыртынан оны әрі батыр, әрі бай деп еститін. Бір көзі жауда, бір көзі малда жүретін неме мынадай сылпық күзде намысты қайтсын; қорасының маңынан шыға алмай жүрген шығар. Дүйімқара тым-тырыс. Күйшінің құнын іздеуші болмады.

Жөнейіт төсегінде бір аударылып түседі. Бұл енді шамалыда ұйықтай алмайды, жамбасына тас батқандай аунақшиды да жатады. Күйшіні жазалап қайтқаннан бері осы үйдің төсегіне ошаған өскен сияқты. Бұрынғы жорықтан оралғандағы егін орып келген дихандай құлағын кесіп алса да оянбайтын қатты ұйқысының қайда қалғанына өзі де таң. Қазір басы жастыққа тисе болды, есіне ең алдымен шамалы-

да ұйықтай алмайтыны түседі де, көз алдына құж-құж қалың бұталы қара түлей сайрап келе қалады. Сол қазан шұңқыр қара түлейді ернектеп Маңғыстаудан шығып бір жағы Хиуаға, бір жағы Балханға баратын үш тармақ айдау қара жол етеді. Қара жол қашан да өткіншісіз тұрмайды. Бұл Дәулеттің қырқын берген күннің ертеңіне қасына қырық жігіт ертіп сол қара түлейге беттеді. Тұтқын күйшіні де атқа мінгізіп алып жүрді. Олар түлейге түс ауа жетті. Қас қарайғанша түлейге сіңіп тасада жатты. Ол күні қара жолдан әрлі-берлі өткен өткінші көрінбеді. Ымырт иіріле түлейден шығып, қара жолдың бойына жетіп, аттан түсе-түсе қалысты. Көз жетер жерде қарайған ештеңе жоқ. Екі-үш жігіт қанжығаларынан күрек суырды; білектерін сыбанып жер қаза бастады. Көп жігіт қойсын ба, кісі бойы тік шұқырды көзді ашып-жұмғанша опыр-топыр қазып тастады. Тұтқын күйші аттан түсірілді. Екі жігіт оны кісендеулі күйінде шұқырдың ішіне салды. Күйші айналасына алақ-жұлақ қарағанмен, ешкім оның жүзіне назарын тіктемеді, қызыл төмпекті шұқырдың ішіне қайта ата бастады. Жігіттер басын жерден көтермей шұқырды тез көмді. Қызыл төмпек жым-жылас жоғалды. Шұқырдың орнында күйшінің мойны ғана қылтияды. Тұтқын бұларға ләм-мим үн қатпады. Жігіттер атына мінді. Айдалада айдау қара жолдың бойында жаутаңдаған қос жанар тасыр-тұсыр шауып бара жатқан аттының соңынан көз алмай қарап қала берді...

Ертеңіне ауылда қараң еткен жан болмады. Қара сорпа бүйірін соғып қалған аттар да ауылдан алысқа ұзап жайыла алмады.

Жөнейіттің есігінен де кісі қарамады. Төр алдында аунақшып жатты да қойды. Құдайдың күні әзер батты. Үй арасындағы аяқ дыбысы да ерте басылды. Күннің қызылы сембей жатып түндіктер жабылды. Ауылдың желкесінде аттар пысқырады. Желіде ауық-ауық бота ыңырсиды. Жапан түзді әзірейілдей төнген зіл батпан тыныштық басқан. Ішінде қырық аунақшып, қырық күрсініп адамдар жатқан қараңғы үйге түндік пен үзіктен саңылау тауып, найзадай шаншылып сәуле төгіледі. Жөнейіт көзін жұма береді де қайта ашып алады. Төңірегіне құлақ түреді. Жым-жырт. Тағы да көзін жұмады. Тағы да қайта ашып алады. Түн ортасы ауғанша дөңбекшіді де жатты. Түн орталады-ау деген кезде көзін күшпен жұмып, құс жастыққа көміле түсті. Төбесіне тылсым түн төнген. Сырт сүттей аппақ жарық, бір түрлі елегізеді. Үрей ме, басқа ма — оны өзі де білмейді. Жата қалып тағы да тың тындайды. Үйдің алдындағы мәнгүрт қазақтар терген үйме тезекке байғыз қонды. Әрі-бері шықылықтап отырды да, ұшып кетті. Сосын ауылдың ана шетіне барып шақырды. О да тынды. Қайтадан жым-жырт тыныштық орнады. Мұның ұйықтай алмай жатқанын біліп, кемпірі күрсінді, жақын маңайда індігеш болу

керек, кебежені тышқан тықырлатады. Кенет айналадағы мынау оқшау ауыл сонша қорқынышты көрінді. Төрт сағанақ пен тал шаңырақты паналаған мынау бейқам жандарға жасанып келген жау түгілі осындай жым-жырт түнде бейсаубет жүрген жолаушы да, оқыс пысқырған ат дыбысы да үрейлі екен. Жөнейіт бір түрлі кылтылдаған қайық мініп алас ұрған көк теңізге алғаш шыққан кісідей, үміттен гөрі үрейге беріліп, құлазып қалды. Мұндай ой өмірінде көкірегіне бірінші рет оралып отыр. Ол көзін ашып керегенің басына қарады. Айдың жарығынан қақ төрде ілулі тұрған қылышын көрді. Жүрегі енді басылғандай. Бірақ, бәрібір ұйқысы келмеді. Тағы да елегізіп, сыртқа құлақ тікті. Ауылдың алдыңғы жағынан түлкі үрді. Қара ауданның басындағы қауымға өлексе жеуге келген ит-құс болса керек. Ырылдасады. Шақ-шақ үреді.

Түні құрғыр ұзақ екен. Ұйқы да келмей қойды. Ойына тұтқын күйші оралды. Манадан бері есіне алғысы келмей әр нәрсеге алаңдап бағып еді. Бәрібір болмады. Сүттей аппақ айлы түнде айдалада ұзыннан-ұзақ ақсиып айдау жол жатыр. Жол бойында жер астынан мойны ғана қылтиып күйші тұр. Көзі жаудырап, бұлар кеткен жаққа әлі қадала қарайды. Қарсы алдында кара түлей қарауытады. Мынау сүттей аппақ ай нұрынан жердің бәсті бозғыл тартқан. Сол жап-жарық кеңісте кара түлей бұрынғысынан да үлкейе түскендей. Зәресін ұшырады. Әне, кара түлей жазғытұрғы жайылма судай зорайып бірте-бірте жақындап келеді. Күйшінің сонау жер астындағы кара бақайына дейін мұздай тер шыққандай болды. Пәлен күннен бері тірсегінен түспеген шынжыр кісен жер астында да жіліншігін шағып барады. Жан-жағынан топырақ қысқан арса-арса кеудесіндегі жүрек дүрсілі мынау жеті қат жердің өзін дүбірлетіп бара жатқандай. Күйші көзін түлейден аударып, жер түбінде бұлдыраған бұлыңғыр көкжиекке қарайды. Ештеңе көрінбейді. Кенет тағы да елегізеді. Тағы да түлей жаққа көзі түсіп кетеді. Кара түлей жаңағысынан гөрі де жақындай түскен сияқты, тіпті қасына келіп қалғандай. Күйшінің көзі адырайып барады. Ересен қап-кара бірдене жан-жағынан қаумалап келеді. Аяқ басқан алапат дыбысы да құлаққа естіліп тұр. Күйші шыңғырмақ болады да, онсыз да жер танабын қуырып жақындап қалған кара түлей дауысын естісе, бұған тұра жүгіретіндей, көмейіне кептелген жан дауысын кері лықсытып, үнсіз қалады. Сол екі арада көңіліне үміт қашады. Мынау жылжып жақындап келе жатқан кара түлей емес, мана мұны тірілей жерге көміп кеткен көп салт атты шығар. Тұтқынның көзін қорқытайық деп көмүін көмсе де, артынан аяп, қазып алайық деп жол ортасынан қайтып келе жатқан болар. Күйші кара түлейге тесіле түседі. Ат дүсірі емес сияқты. Бір алапат аяқ сонау жер астынан қозғалғандай, тіпті жақындап қалған. Әне ұйысып жатқан қалың

қарайғанның шетінен бөлініп, ұсақ бірденелер жыбырлап келеді. Тіпті таяқ тастам жерге жетті: Күйші таныды. Айдаладан адамның иісі шыққан соң сүмендеп тартып келе жатқан түлейдің ішіндегі қасқыр, қарсақтар екен. Күйшінің жер астындағы денесі түгел түршікті. Қазір жетіп келіп шақыр-шұқыр қадала кететін ашқарақ тістерді анадайдан танып, тұла бойы тітіркеніп кетті.

Жөнейіт орнынан атып тұрып төрдегі қылышына қол созды. Жұлып ап қасына, көрпесінің астына тықты. Әр бұдырына дейін көзін жұмып тұрып танитын өз қынын тас қып қысып қысып қойды, әлгі әлемтапырық елестер енді тарағандай болды. Бірақ көкірегін дүбірлетіп, әлдеқайда қашып шыққалы бұлқынып жатқан кәрі жүрегі шамалыда басылар емес. Қылышын бауырына басты. Төңірегіне құлағын тігіп еді, жымжырт. Кебежедегі тышқандар да ініне кеткен. Мола жақтағы түлкі, қарсақ та тыныш тапқан. Дәулет қайтыс болғалы иесіз қалған, бұрын кемпірі отыратын қара үйде ұйықтап жатқан мәңгүрт қазақтар ғана тістерін қайрап, ышқына қорқырайды.

Жөнейіттің көкейіндегі әлгі бір оқыс қорқыныш ыдырағанмен, бірте-бірте иірімге тартып бара жатқан үрейлі ой ыдырамады. Тұтқын күйшіні тірілей көмбегенде не болар еді?

Жөнейіт тағы да аударылып түсті. Иә, сонда не болар еді? Бұл жұрттың бәрінің күйші тұтқынға көңілі кетіп қалғанын көрді. Ендеше, соны көре тұра мынадай қатыгездікке неге барды? Байғұс күйшінің жазығы қанша? Аннадүрдінің айтуынша Дәулет ана жылы адайға барғанда осы күйшімен күй тартысыпты. Ылғи тең түсе берген екі күйшіні: «Екеуінің өнерлеріне де сөз жоқ екен. Шын жүйрікке дара шапқаннан, қатар шауып, намыс қоздырар бәсекесі болған жақсы», — деп бір ақылгөй ақсақал әрі қарай сайыстырмай қойыпты. Дәулеттен айырылып, бұған не беттерімен көрінерін біле алмай келе жатқан қол айдалада өзімен-өзі ат үстінде жүрген аңшыны көреді. Ана жылы Дәулетке еріп адай барған бір жігіт күйшіні тани кетеді. Ол жасақ басына күйші қазақты Дәулеттің құны қып әкетейік деп ақыл салыпты. Әттең сол жолсыз жасаққа күйші емес, адайдың аспанға түкірген көп адуын батырларының біреуі іліксейші. Онда ол неменің етін турап итке тастаса да, тап осындай тынышы кетер ме еді, қайта төбесі көкке жетіп рахаттанар еді ғой. Кегі түпкілікті қайтпаса да, әйтеуір бір ашуы өтелер еді. Өңшен маубас құн қылып күйшіні өңгеріп келді. Жөнейіт қолына түскен тұтқынды аман есен еліне қайтарып жіберсе, жұрт аяушылығы деп емес, тұқым-теберінен түгел айырылған кәрі батырдың жаугершіліктен жүрегі әбден шайлыққан екен деп ұғады. Қас-дұшпаны мұның найзасы бір жола құлады деп қуанады. Жоқ, бұл қара қанын қасыққа құйып ұрттамай кегі қайтпайтын ата жауына

Жөнейіттің әлі тірі екенін, насырын қасыған дұшпанға әлі де есесін жібермейтінін білдіру керек. Сонау жер түбінде күллі осы аймаққа үрей шашып дүбірлеп жатқан Дүйімқараның өзін сайысқа шақырады. Бұл жаңғыз Жөнейіттің намысы емес, ата түрікменнің түгел намысы. Қоңырат пен Бесқаладан ақ жүгері іздеп қалашы шығып, айдау жолдың бойында әрлі-берлі шұбырып жататын қаңғыбас қазақтың бірі болмаса біреуі атақты күйшісін тірі болса тірілей, өлі болса өлігін әйтеуір бір көрер. Елдік намыстарына тиетін масқара хабар Дүйімқараға қалай да жетеді. Дүйімқара аспандаған ақылсыз тасыр болмай, шын батыр болса, талағында биті, көкірегінде қыжылы бар азамат болса, бұл қорлыққа шыдай алмас.

Қол жиып Дүйімқара келсе, қорқатын Жөнейіт пе! Тап осы жолы аруақ қолдап ата жауының кеңірдегін шайнап, қанын қылғытса, бұл тірліктегі қалған тілегі түгел орындалар еді. Қыршын кеткен боздақтарының, адуын болса да кіндіктес туысы Көкбөрінің, шілдің тезегіндей быт-шыт тозып бара жатқан елінің кегін бір қайтарар еді. Құдай ол тілегіне жеткізбесе, балауса күйінде ораққа түскен үш боздағынан жаны артық па, өледі де қалады. Артындағы дүйім ел түгел құрығанша көкірек қыжылдатып намыс қоздырар кек тастап кетеді. Кешегі күйшідей кейінгі жұртты мүлгіген момындыққа, бітімге азғырмай, аруаққа, намысқа шақырып өледі. Асқар таудай айдыны бұл жығылса, түрікпеннен туған еркек кіндік ата дұшпанның шаңырағын ақыры бір ортасынан түсірмей, сірә, тыным таба қоймас? Бұл осындай қаттылық істеп, қайрат шақырмаса мынау әншейін бөрік арқалаған өңшең маубастың найзаны тастап, қауға ұстап, қой соңында қаңғырып кететін түрі бар. Жоқ, Жөнейіт, сенікі дұрыс. Байғұс күйшіні құдайы оң қараған жан болса, не Хиуаға, не Қоңыратқа базар шегіп бара жатқан біреу тап болып, құтқарып алған шығар. Ал, енді маңдайынан сор арылмаған бір бейбақ болып өліп кетсе, обалына бұл қалатын не жөні бар? Ол Көкбөріден, Қылыштан, Алпаны мен Дәулетінен артық па? Обалы өз елінің көп есеріне. Жоқ, Жөнейіт, бір пендені аяймын деп, бүкіл бір елдің өлісінің аруағын, тірісінің намысын таптатпа! Аюдай ақырған айбынды атыңа кір келтірме. Бұның дұрыс болған. Қас-дұшпанға иінің түсіп, еңсенді жібере берсең, сездірмей сорып, білдірмей қылғытатын ас қазанына әбден жайлы жылы жұмсақ қылып алады. Анда-санда өңешіне көлденен тұрып алатын өзіндей сойқан сояуы болмаса, ата жауың еліңді бір араны ашылғанда түгел жұтып жібеуі де мүмкін ғой.

Жөнейіт жаңа ғана жүрегі атша тулап, шекесі дыңылдап, жүйкесінің бәрі шарт үзілердей шиыршық атып жатыр еді. Енді бәрі де тынши қалыпты. Бәрі де әлгі патуасына бас изегендей. Манадан бері кірпігін тіреп-тіреп тұра қалған көп тіреу де құлапты.

Ояуында көңілін паршалап жан жүйесіне уша сіңіп қалған ойран ой ұйықтаған соң да мазалады. Көзі ілініп кетсе, аяғының астында жыланша ирелендеп қу томар жатқан, қарсы алдыңнан шабынған буыршындай кеуденен қағып, алапат бұталар аңдаған қара түлей келеді. Жанынан қоян екені, қарсақ екені белгісіз әлдебір аң зулап өтеді. Бұл бұта-бұтаның ара-арасымен ептеп басып ілгері жылжиды. Аңадайдан араның ашып аңдап тұратын бұталар қасынан өткенде жабыса кетпейді, жәй әншейін жеңінен сипап қалады. Міне, ну түлейдің де шегіне жетті. Сусыған құм топыраққа аяғы батыпшығып, батыпшығып әзер аттайды. Түлейдің жиегіндегі кебірттік қара қырбық жеткізбей қойды. Сол кебір қырбыққа иек артса, арғы жағы айдау жол. Кенет көк желкесінен дүсір шыққандай болды. Түлейдің шетіндегі оқшау бұтаға бұға қалды. Жүрегі дүрсілдеп алып-ұшып барады. Таң атқалы бұның соңында аңдушы келе жатқан-ау. Мана ауылдан бұл қайда бара жатыр деп ере шыққан болды ғой. Ол бұның мұнда неге келгенін біліп қойса, ертең соңына еретін көп жасағына не айтпак? Өзі жазалаған тұтқынды өз қолымен босатқанын олар не дейді? Дұшпандары бұл қорықты деп табалап жүрмей ме? Құлағын тігеді-ақ, ештеңе естілмейді. Оқшау қараңдап тұрған да ештеңе жоқ сияқты. Бұтаның тасасынан шықты. Кебір қырбық ернекке де ілікті. Айлы түнде ақсия жарқырап айдақ жол жатыр. Өне бір болар-болмас қарауытатын күйші тұтқынның басы ғой. Әлі ешкім көріп, ешкім тиіспеген болды. Жүрегі тағы да елегізе соқты. Өне бойының бәрі жидіп, буын-буыны босап бара жатқандай. Бұл не, қуаныш па? Неге қуанады? Бәрібір босата алмайды. Сонау жер түбінен іздеп келіп, бостанға шығарып кете алмайтын болған соң, қасына не деп барады. Әйтеуір, әлі тірі екен. Сүйек-сүйегінің бәрі еріп, тізерлеп отыра кетті. Ай астында қылтиып жалғыз бас қарауытады. Сыңайы, күн ұзаққа маңайдан жол бойынан әрлі-берлі өтіп жататын кездейсоқ жолаушы көріне ме деп көзі талғанша қарай-қарай күдері үзілген соң, қалғып кеткен тәрізді. Әйтпесе, қара түлейдің ішінен қараңдап шығып келе жатқан мұны неғып көрмейді. Маңына жақындап барса қайтер еді... Оянып кетіп, танып қойса не демекші? Түні бойы қасында болып, таң ата қалың түлейге еніп кетсе, күнде ымырт жабыла жанына келіп, түнде бірге өткізсе, қашан өткінші қазақтар көріп құтқарып алғанша айдалада, жапан түздің ит-құсынан қорғап маңында жүре тұрса не етер еді? Көп болса үш күн кетер. Сол үш күннің бойында мына жолдан ақыр біреу өтпес дейсің бе? Ауыл: «Қайда жоғалып кеттің?»— десе: «Аң ауладым»,— дер. Бұл тұтқынның жер бетіне әзер қылтиып шығып тұрған басына аяғының ұшынан басып жақындап келеді. Бұның тықырын естіп шошып кетіп, бейуақытта айдалада жаяу-жалпылап жүрген бұл неғылған адам деп жүрегі жа-

рылып кетсе қайтпек? Кілт тоқтай қалды. Қылтиып тұрған бас қимылдаған сияқты. Таң атқалы бұны көріп, қасыма қашан келеді деп күтіп тұрған болды-ау. Бұл асыға басып жақындай түсті. Мынау кім? Күйші ме? Ұқсамайтын тәрізді... Жок, мынау күйші емес... Жаным-ау... Мынау Дәулет пе? Бұл қайдан жүр? Антарылып тұрып қалды. Балады жүзін қырын сап, бұған қарамайды. Жөнейіт баласын жер астынан қазып алғысы кеп, қос қолдап тырналай бастады. Топырағы тіпті жұмсақ. Мамықтай үлбіреп тұр. Бірақ, қолына ілікпейді. Қанша тырналаса да өнер емес. Дәулет бұған көзін де салмай, қырын бұрылып, ай астындағы алыс көкжиекке қадалып апты. Жөнейіт жер тырналағанын қоя қойды. Көкірегі толып, аузын аша алар емес. Көзінің алды жыбырлап, шарасы жасқа толды. Көмейіне кептетіле тұрып алған қатты түйін ағытылып кетті. «Қарғам-ау, неге үндемейсің?» — Өзінің әлем-тапырық дауысынан өзі оянып, көзін ашып алды. Үйдің ішіне таң сәрінің сұйқылт көгіс жарығы жайылыпты. Үйдің киізі, кереге, жиһаз — бәрі де күлден қазып алғандай боп-боз, бұлдырап тұр. Қос шенгелмен төсіндегі мамық көрпені мытып ұстап апты. Жөнейіт капелімде бұның өңі екенін, түсі екенін біле алмады; әрі-бері солай жатты да ішінен қалимасын қайырды. Үй сыртында бота ыңырсыды. Сауын түйе буындары сытырлап орнынан түрегелді. Кемпірі сыртқа шығып кеткен екен.

Ештеңені ойына алғысы келмей түндік астынан еміс-еміс көрінетін шаңырақтың қарына қарап біраз жатты. Сосын жадына жаңағы түсі түсті. Бұл кеше қара жерге өз қолынан көміп кеткен тұтқынды түсінде өзі құтқармақ болып аласұрып жүр. Түс түлкінің боғы деген осы екен ғой. Егер Жөнейіт түсінде емес, өңінде осылай алас ұрар болса, жұрт оны жынданған дер еді.

Содан бері ол өң мен түстің ортасындай есірік бір хәлде. Сарылған күндер өтіп болмайды. Осыдан бірер ай ғана бұрын Жөнейіт қай айдың қашан өтіп кеткенін де білмеуші еді. Енді, міне, ін түбіндегі қарсақтай үйіне тығылып жатып алған соң, таңның атқаны мен күннің батқанын баққаннан басқа кәсібі жоқ. Бұрын ол зулап өтіп жатқан опыр-топыр күндері барып-қайтқан жорығымен, не осы елдің бір дыр-думанымен, не үйіне келіп-кеткен сыйлы меймандармен межелеуші еді. Енді олардың бірі де жоқ. Үйден екі елі аттап шықпай салулы төсекте сарғайып жатқан кісіге күннің бәрі бір өңкей. Бәрі де бір селт еткізері жоқ сартап сарылған күндер. Енді ол мынау бедерсіз біркелкі күндердің қайсысын меже тұтарын да білмейді. Қазір ол уақытты өңіндегімен емес, түсіндегімен өлшейді. Бұрын: «Анада Мәмбетпана келіп-кеткеннен екі күн кейін» не «Адайға жорыққа аттанарымнан екі күн шамасы бұрын» деп есеп қайырса, енді: «Анада түсімде күйшімен ай-

тысып жүретін күні» не «бірдеңеге көңілім босап, күйшіге арыз айтып жүретін күнімнің ертеңіне», — деп есеп қайырады.

Жөнейіттің бүгінде, шынында да, өңінен түсі артық. Бұны бүкіл осы өңір түгел ұмытып кеткендей. Баяғы қауқылдаған көп қошаметші де, қасы мен қабағына қараған қара құрым қол да жоқ. Бұл жүрген жерде қаздай тізіліп жүретін қалың нөкерінің қазір қайда шашырап кеткенін өзі де білмейді. Артына ақырғы рет күйшіні жазалауға барғанда ғана жасақ еріпті. Атқа мінген қырық жігіт бұның айтқанын қалт еткізбей орындады. Байғұс күйшіні көзін жаутаңдатып тірілей көміп жатқанда да ешкім қыңқ демеді. Бұл жігіттердің топырақты қалай тастағанына дейін көз айырмай қарап тұрды. Бәрі де баппен қимылдайды. Бәрінің жүзі де бап-байсалды. Атқа да үнсіз қонысты. Жол бойында да ешкім тырс үндемеді. Ауылға үнсіз келіп, үнсіз тарасты. Содан қайтып сол жігіттердің еш қайсысын көрген емес.

Көршілер де тыныш. Баяғыдай бірі түсіп, бірі аттанып жатқан көп дүсір жоқ. Келінің дүңкілі, балғаның тықылы сияқты күлді-көмеш күн көріс күйбеңнің үні. Көрші үйлерден кеу-кеу әңгіме естілсе де, бұған жұрт қотыр ешкі мен жоғалып кеткен түйенің жәйын сөз қылып жатқандай боп көрінеді.

Соны ойлайды да мына тіршіліктен түпкілікті суынып, төңірегіннің үн-дыбысынан да құлағын қашыртып, өз ойымен өзі боп тұйықталып алады. Мынау жарық жалғанда қалған жалғыз мұндасы — анада өзі көміп кеткен өлі-тірісі белгісіз күйші тұтқын ғана. Ояу отырғанда ол жәйінде де дұрыстап ойлай алмайды. Көрші-қолаңның көп көз, көп құлағы осының ойын аңдып отырғандай, өзінен өзі қуыстанып, басқа бір атымен бейтарап жайларды қиялдағысы келеді. Бірақ, мына дүниеде содан басқа ойлайтыны да қалмапты. Түсінде тұтқынды құтқарғысы кеп жаны ашып, аяп жүрсе, оянған соң ол дәмесінен өзі ұялады. Мынау андаған андушы көздерге алжасқан боп көрінгісі келмейді. Түсінде шешілген қол өңінде байланған бір далбаса хәл. Өңінде ойлай алмағанды түсінде ойлайды. Өңінде айта алмағанды түсінде айтып жүреді. Кейде мынау тым күбірсіп-күңірсіп кеткен тыныш тірлікке ыза боп, жұрттың тым бос белбеуленіп кеткеніне күйініп күйшіге шағынып жүретіні бар. Күйші мұның әңгімесін бар ыждаһатымен тындап алады да, күлімсіреп: «Мен не дейін, анадағы күйімді тындамап па едің?» — дейді. Кейде бұл күйшімен дауласып та қалады. Ел намысын қолдан беретін, тізгінін кез келген тентекке ұстатып, тағдырын тәлкекке айналдыратын ынжық тобыр боп кете ме деген күдігін айтады. Күйші күлімсірейді де, үндемейді. Ол мұның қазір ойлап жүргенін баяғыда ойлап қойғандай, мұның қазір ашынып жүргенінен баяғыда торығып болғандай. Мұнарлы көкжиекке мұндана қарап тұ-

рады-тұрады да, «Сабырсыз ерді орынсыз дәме болдыртады, сабырлы ерді орындалмайтын арман болдыртады»,— дейді.

Жөнейіт ұйқыдан сүлдері құрып, қалжырап оянады. Көзін ашып алған соң жаңа ғана көкірегін қыжылдатқан ашу мен ыза да, күдік пен ой да жым-жылас жоғалып, елсіз түзде бір өзі тентіреп қалғандай құлазып сала береді. Ондай сәттерде қайдағы бір бықпырт тобырдың бейпіл сыпсыңынан сескеніп, бейшара күйшіні баяғыда босатып жібермегеніне өкінеді. Күйшінің артынан кек қуып келмей, тым-тырыс жатып алған Дүйімқараға ызаланады. Әр неменің басын бір шалып, қайдағы-жайдағыны ойлап әбден қалжырап ұйықтайтын ол түсінде де күйшіні көргенше асығып, қара түлейдің шетіне шыға алмай ыза боп, күйші әлі тірі ме екен, жоқ әлде түз тағыларының біріне жем боп кетті ме деп қатты қорқып жүреді.

Анау бір күні түсінен шошып оянып, кешке дейін ес жия алмай қойды. Қара түлейден шыға келсе — күйшіге бір көк шулан бөрі тісін ақситып, желкесін күдірейтіп тап-тап беріп тұр. Көре сала мылтығын оқтап еді. Күйші: «Атпа! Оны атқанша мені ат!»— деп шынғырды. Бөрі мұны көріп безе жөнелді. Күйші томсырайып қабағын ашпай қойды. Бұл өзінің амалсыз осылай еткенін, Дүйімқараның намысына тигісі келгенін, қарғыс атқыр Дүйімқараның табан серіппей жатып алғанын айтып, жік-жапар болса да, ол шырай бермеді. Қара жерге қаққан қазықтай шаншылып қақшиып тұру әбден жүйкесіне тиіп қажытыпты. Жөнейіттің де көкірегі сыздап кетті. Енді ол мынау жарық жалғандағы жаңғыз мұндасынан да айырылды. Күні кеше намыс қуған, кек қуған еңіреген ермін деп ойлаушы еді, «кек», «намыс» деп босқа лепіріп жазықсызға тырнағы, нақаққа найзасы батқан желбуаз жендетке айналғанын сол күні ғана сезіп, жүдеп қалды.

Жөнейіт бір күннің ішінде жақ сүйегі салдырап, сылынып шықты. Буын-буынын діріл алып, қолы қалтырайтынды шығарды. Кейде қараптан қарап отырып өзімен-өзі күбірлеп сөйлеседі. Ұйқыдан шошып ояғанда да сөйлеп оялатын болып жүр. Қазір ұйықтасам түсімде күйшінің өлгенін көремін деп, түнімен көз ілмей бақырайып жатады да қояды.

Әулие бұған не нышан байқатар екен деп Темірбабаның басына барып еді. Мынау лайсаңда атағы жер жарған әулиенің өзі жүні жығылып, ықтап кеткендей көрінді.

Бүгін де сырттағы сытыр-сытыр жаңбыр үніне құлағын тосып жатты да қойды. Бұлыңғыр таңның көмескі жарығы үйішін әбден жайлап, айнала бозарып анық көріне бастағанда барып, түні бойы шиыршық атып шыққан кәрі жүйке бір сәт қалжырап, көзі ілініп кетті. Түсіне тағы да қара түлей, оның аттаған адымынды кері кетіретін сусыма құмы кірді. Күндегісінен де көбірек алқынып, ақ тер, көк тер боп ілгері тырмысады. Құм таусылып кебірге ілікті. Кешелі-бергі жібіскі жа-

уыннан о да әбден миы шығып езіліпті. Аяғын алдыртар емес. Сонда да тайып жығылып, тайып жығылып өрге тырмысады. Бауыры, екі алақаны, екі тізесі — бәрі батпақ. Сонда да айдау жолға жеткенше асық. Уһ! Ақыры шықты-ау! Алқынған жүрегі атша тулайды. Айдау жолға беттеді. Жол бойынан қаруытқан ештеңе көрінбеді. Күйшінің көмілген жері мына бір тұс сияқты еді. Алдынан күн жеп қуарып қалған қу бас тап болды. Қу бас, екі көзі шүңірейіп, тісі ақсиып асығып-аптығып келе жатқан бұны табалап тұрғандай. Бұл кілт кідірді. Көзін айыра алар емес. Тісі ақсиып қу бас жатыр. Айналасын әлдеқандай бір аю тырнақтар аямай тырналапты. Жан-жаққа баттиған-баттиған іздер тарапты. Бұл қапелімде ақылына келе алар емес. Тісі ақсиып, табалай қарап қалған қу басқа жүзі шыдамай көзін төмен түсіріп еді, қу бас жатқан жер үңірейіп қалыпты. Сол үңірейген қара үңгірден қабырға ма, омыртқа ма — әлде бір сүйектер қылтияды. Мынау күйшінің сүйегі болды ғой. Күйшіге түздің аңы жабылып, айналасын ашып кетіпті. Есі енді кірді. Ілгері аттарын да, кейін шегінерін де білмей тұрып қалды. Терістіктің салқын желі омырауын жалап, шапанының етегімен ойнайды. Мынау тағы түздің жел екеш желіне дейін ашқарақтанып қойны-қонышыңды ақтарып, жалаң-жалаң етеді. Жөнейіт тағы да қу басқа қарады, Сол баяғы тісі ақсиып табалай күлген қалпы. Күндегідей батыл етіп қасына бара алмады. Мынау ырсиған бастың күйшімен еш байланысы, түк қатысы жоқтай. Жоқ, мұның жер түбінен іздеп келгені бұл емес. Бұған күйші керек. «Ә, солай ма еді?» дегендей қу бас бұған шүңірейе қарайды. «Ендеше, сол күйшінің басын жұтқан өзің емес пе?» — деп тісін ақситып, сақ-сақ күледі. Жөнейіт мынау сұмдық елес айықсын деп көзін жұмып алды. Құлағына күңіренген үн келді; сол бір үн сай-сүйегін сырқыратып, жан-жағынан қаумалап қоршап келеді. Азынаған айдала. Қу бастың астындағы ашылып қалған тесікке жел кіріп, әлдеқандай ызың шығады. Күйші мынау ызығған желге шыдап тұра алмай, жер астына кіріп кетіп, күңіреніп жатқандай.

Жөнейіт қу бастан сырт айналып қаша жөнелді. Әлгі бір күңіренген үн өкшелеп қуып келеді.

Жөнейіт көрпесін серпіп тастап, орнынан атып тұрды да, құлағын қос қолымен басып алып, есікке қарай тұра қашты. Дауысы да шығып кетті. Әлгі бір ыңыранып шыққан әуез қалар емес. Әлденеге сүрініп құлап түсті. Маңдайы бір қатты нәрсеге тиді. Көкірегінен әлдене жерге домалап кеткендей болды.

Жөнейіттің таң ата көзі ілініп кеткен соң, кемпірі ұршық созып, әңгімелесіп отырайын деп Аннадүрдінің үйіне кіріп еді. Аннадүрді баласына дутар тартқызып отыр екен. Құрбан соңғы кезде Дәулеттің дутарын өзі иемденіп біраз күйдің басын

шалып қалыпты. Әсіресе осы бір күйге құмар. Қолына дутар ұстаса болды, ең алдымен анада Жөнейіттің үйінің күн жағында, үй сыртында тұрып естіген адай күйшінің әуезін дыңылдатады. Бүгін де таң атар-атпастан дутарға жармасып, әкесіне күй тартып бермек еді. Жөнейіттің оқыс даусы шықты. Жұрт орнынан тұра-тұра есікке ұмтылды. Кіріп келсе — табалдырыққа басын сүйеп Жөнейіт жатыр. Аннадүрді иығынан қусырып ұстап көтеріп алып еді, былқ-сылқ, әлдеқашан жүріп кетіпті.

VIII

Сырым сұлқ отырып қалды. Құрбан ақсақал дутарын шатырдың тіреу ағашына іліп әлдеқашан сыртқа шығып кетіпті. Ол жанағы күй мен көз алдынан өткен көп елестің әсерінен әлі айыға алмай отыр. Күн жеп тастаған кенеп пен таң атқалы өзі тартқан темекінің күңірсік иісін енді сезді. Басын көтеріп, айналаға құлақ түрді. Мана көрші шатырда дуылдасып карта соғып жатқандардың даусы шықпайды. Шамасы, олар жұмысқа шығар алдында ұйқы соғып жатса керек. Құрбан қарияның күйін тыңдаған жалғыз бұл ғана болды. Ыстық өтіп қапырықтанып кеткен кенеп шатырдан бой сергіткелі сыртқа шықты. Күннің әлі ыстығы қайта қоймапты. Аяғының астындағы ақ ұнтақ май топырақ күл өңденіп көгіс көрінеді. Керіліп-созылып, дел-сал тартқан бойын жазды. Құрбан ақсақал әлдеқашан намазын оқып болып, шатырдың көлеңкесінде машинаға май құйып жатқан шофер жігітке қарап отыр. Әлі ұйқысы тарамаған шофер жігіт аяғын теңселе басады. Шала ұйқыдан беті күп боп ісіп кетіпті, жағына ойлы-қырлы жердің бұдыры батып, ала шабырланып қалыпты. Машинаға май құйып болып Құрбан ақсақалдың қасына көлеңкеге кеп, темекі тартып тұр.

Сырым да көлеңкеге беттеді; дел-сал бойын сергіткелі темекі сұрады. Шофер жігіт май-май шалбарының қалтасынан есі кеткенше мыжылған «Севердің» қорабын шығарды. Ішінде белі шойырылған бір тал қалған екен.

— Темекі де таусылыпты, — деді ұсынып жатып.

Кенет терістік жаққа көзі түсіп қуанып кетті.

— О, жақсы болды, барып темекі алайын!

Терістік көкжиекте манадан бері төбелерімен көк тіреп тұрған көп қарайған машиналар екен. Арылдап-гүрілдеп келіп қалыпты. Көшпелі бұрғылау станоктары тиелген ауыр «Маздардың» ыңыранған үндерін ыстық тұншықтырып, еміс-еміс естіледі. Ту даланың ақ шаңын аспанға көтеріп келеді.

— Разведка ғой, — дейді ұйқысынан оянып, қастарына енді келген екінші жігіт, қолын топыраққа ысқылап жатып. — Машина деп осы жарықтықтарды айт. Бұл сабаздар сәл бір-

деңе болса көкірегі сырылдап тұрып алатын мына біздің «газиктер» емес. Күн жаумақ түгілі қан жауса да, сартытып тарта береді. Көресің, бұлар осы Қақпақтыдан да мұнай табады!

Ажылдап-гүжілдеп өтіп жатқан ауыр машиналардың айдаладағы геодезистер қосымен де, жолдың жиегінде қолын бұлғалап тұрған темекіші жігітпен де ісі болған жоқ. Ақ тозаң шаңға тұншықтырып өтіп жатыр. Жарқырап тұрған күннің көзі де қою шаңға малтығып көрінбей қалды. Ажылдаған үн. Аспанға айналған аппақ шаң. Күнге тотығып, әбден қарайып кеткен біреулер кабинадан тісі ақсиып күле қарап, жүн-жүн білектерін созып бірдеңе дейді. Ажылдаған үн құлағыңды жарып барады. Қою шаң тынысыңды бітеп, тұншықтыра түсті. Машиналар топырақ боратып өтіп жатыр, өтіп жатыр. Қара жердің қабырғасын майыстыратындай ауыр доңғалақтар арбаңдап әлдеқайда асыға жылжиды. Бұлардың қосы да, маймай машина да, май құйылған темір күбілер де, ұйқыларынан шошып ояңған жігіттер де желімдей жабысқан қою шуда шаңның астында қалды. Төңірек көзге түртсең көрінбейтін лайсан.

Сырым құлағы тұнып тұра берді. Қасындағы жігіттер абыр-жабыр бірдеңе дейді. Қапталдан құйындатып өтіп жатқан құдіретті әуен шала ұйқы кісілердің қарлығып шыққан жарқыншақ дауыстарын аямай таптап жатқандай. Ақсифан тістер мен жыбырлаған еріндер көрінгенмен ештеңе естілмейді.

Бір сәт қою шаңның арасы ашылды, түйдек-түйдек ажыл-гүжіл бірте-бірте алыстай түсті. Қалың тізбектің артында оқшау келе жатқан су таситын машина жол бойында қолын көтеріп жүгіріп жүрген темекіші жігітті тұмсығымен сүзе тоқтады. Кабинадан ақ сары шашты ашаң кісі жерге қарғып түсті. Көзіндегі қара көзілдірігін алып, жол тосқан жігіттің қолын қысты. Сосын оған әлдене деп тіл қатты. Мойнындағы былғары планшетінен карта суырып, жігіттен жер сұрап еді. Жігіт картаға өңмендей төңгенмен ыю-қию сызықтар мен бытысқан көп нүктеден ештеңе ажырата алмай, басын қайта көтеріп алып, көк жиекке қарай қолын ербендетіп, сампылдап соғып тұр.

Ашаң сары қара көзілдірігін қайта киді. Жол сілтеуші жігіттің қолын қысып машинасына отырғалы жатыр еді, анау қанжығасына жабыса кетті. Ашаң сары кабинадағы шоферға қолын созып, бірдеңе алып темекіші жігітке ұстатты.

Машина жүріп кетті. Темекіші жігіт соңынан қолын бұлғап қала берді. Машина анадай жерге ұзап кеткен соң барып қосқа беттеді. Екі езуі екі құлағында. Қолында төрт-бес махоркасы бар.

Аспанға айналған қою шаң ашылды. Айналада селдір то-

заң ғана қалды. Күннің көзі қайта көрінді. Ауыр машиналардың ащы ажылы да бәсеңдей түсті. Жігіттер жұмысқа алып шығатын құралдарын жайғастырып болып, жұмыс алдында тағы бір шайланып алу үшін қостың қақ ортасындағы үлкен шатырға кірді.

Сырым көлеңкеде тұрып қалды. Далаға қайтадан тылсым тыныштық орнады. Үйдегі жігіттердің кеу-кеу дыбысы енді анық естіледі. Олар әлденені айтып мәз-мейрам боп жатыр. Сырым манағы бір саздың әсерінен әлі түгел айығып болған жоқ-ты. Көзі боталап көк жиекке қарап еді, қайтадан сағымға араласып қарауытып тұрған машиналарды көрді. Өздері, шынында да, алыстан найзасымен көк тіреген қалың қолға ұқсайды екен.

I

Қыз өссе қырсық көбейеді деген рас екен. Әйтпесе, тап бүгінде Балпан байдың мұрты қисаятын жөні бар ма?! Құла сағым көп жылқының алды суды Шіліктіден ішкенде, арты сонау алты көштік Тас қайнарға жаңа құлап, аспан астын ақ шаң қылып жатысы анау. Қойдың саны қазір қаншаға жеткенінен өзі де бейқабар. Әйтеуір, жабағы жүн қырыққанда саудагер Шүрен күніне он арбадан қалаға жөнелтіп тұрып, жарты ай дегенде зорға тауысты. Көшен ақын Балпан байдың көшкен жұртында әр бұтаның түбінде бір-бір түйе ұмыт қалады деп жырлап жүр.

Құдайға шүкір, әкімдермен де қабағы оң: ауыздарын майлап-майлап қысы-жазы бірдей қапырық ұзын қапыдан құтылып, мынау жарыса аққан екі өзеннің алқабын түгел бір өзіне қаратты. Басына қыстайды, аяғына жайлайды, екі ортадағы елу көштік ен дала мұның өрісі. Осы анада жаз басында ғана соғып кеткен ақ патшаның ұлығы астындағы көк арбаның тертесін жерге кіргізіп жіберетіндей маңғазданып келіп еді, қоңыр марқалардың зауза айындағы туырылған уыз еті мен жарықтық қымыздың жібітпейтін пейілі бар ма! Әлгі сабазың кетерінде бұны қалыңдығынан бетер аймалап, қайта-қайта құшып зорға қоштасты. Балпекеннің де білмейтінін ит жесін — ұлықты шығарып салыңдар деп артына алты жігіт ертіп, елдің шетінен екі жүз ісекті айдап апарып, қалтасына ақша қып салып беріндер деді. Баласын үй-ішіне қант-шай әкел деп қалаға жұмсап, екі арбаны аузы-мұрнына шыққанша өңештен өтетіндердің ең бір жылы-жұмсағынан сықады. Ол ұлық үйіне Шіліктің бойынан қызырға жолыққандай қызара бөртіп, асып-тасып барғанда бәйбішесінің алдынан марқаның ақ уыз құйрығын асып отырғанын көреді. Сосын ол көкесінің атын ұмытса ұмытар, тап Балпанды ұмыта алмас. Бұдан былай о бәлемнің қарыны шұрқыраса да, Балпан деп шұрқырайтын шығар.

Патшағардан бір сескеніп, секем алған жері — алдында ғана берген қымызынды ішінде тышқан жүргендей үрке қарап, үпіріп ішіп отырып, есіктен Ажар кіріп келгенде жирен мұрты жыбырлап, көзі күлімдеп, құдайы берді де қалды. Аузына келгенді оттап, былдырықтап мәз-мейрам болды. Балпан

бай оның тіліне түсінбесе де, бұл нәлет ас қайырып бата қылып отыр дейсің бе, қызыма қызығып отырған шығар деп ойлады. Алдында ғана оқтау жұтқандай илікпей отырған ұлық табан астынан жадырап сала берді. Қолына иттің басын ұстатсаң да көрер емес, екі көзі Ажарда. Балпан қызы құрғырының көзін күрт деп бәйбішесіне ымдады. Қашаннан Балпан байдың қасы мен қабағына қарап қалған бәйбішесі Ажарды апарып, Өтегеннің отауына кіргізіп, ұлық кеткенше көрінбе деп қамап қойды. Ұлық сосын шақшасын ұмытқан насыбайшыдай әлденеге есеңгіреп, назары сынып қалды. Балпан бай бұ патшағар жаңағы қызды тауып әкел деп бақырып-шақырама деп жаман қорқып еді, айналайын, олар біздің мына өз атқа мінерлеріміздей қыз көрсе, құлқыны құрып, босағанды мойнына іліп жүрмейді екен, етке тойып ап, қымызға қанып алып, торсып жатты да қойды.

Балпан бай сонау бала күнінен әй-шәйсіз отасып келе жатқан бәйбішесіне со күні қатты ренжіді, қыздың қырсық екеніне де сонда көзі жетті. Бақса, сұлу қызы бар кісі де астына ұрлықтан түскен ат мінген адамдай боп шықты. Өз-өзінен қуыстанып, жұрттың жүзіне телміріп, екі көзін тостағандай болған бұ не дәурен! Ана Можан байдай жылына бір ұлдан табатын кең құрсақ, кебеже қарын қатын алғанда, малың бақташысыз, дәулетің мұрагерсіз, шаңырағың иесіз қалады деп қорықпай, жағаң жайлау, омырауың төскей, төрт жағың төрт құбыла боп отырмас па едің. Можанның қайын енесі пақыр да ұлды көп тапқан кісі еді, үйіне қашан барсаң да жан жағыңнан бұзаушық бас қара бала толып жүретін; қашан барсаң да түбегі қаңсып, жөргек сасып отыратын. Асылы, әйел алсаң анасына қара, жолдас ертсең әкесіне қара дегенде баяғы шалдар қымыз ішіп, қызара бөртеп, шалықтап отырып емес, бастарына бірдеңе мықтап тиген соң айтқан болды ғой. Әй аруағыңнан айналайын ата-баба, мал бағып, мақал шығарудан басқаны білмеген сендердің айтқандарыңды түгел орындап жүрсек те, басымыз бүйтіп айналмас еді-ау. Ести тұра ұқпай, ойымызда сайрап тұрса да ұмытып кетіп, құдай атады ғой бізді.

Әкесі марқұм бұл он беске ілігер-ілікпесте үйінен су шыққандай ел айнала далақтап шапқылады да жүрді. Бір күні үйдің іргесіне дейін шауып келіп, атынан түсті де, қамшысын іліп жатып, қақ төрде жататын қызыл тазыны көрмей, қарнын басып кетіп қаңсылатып, бүкіл ауылды азан-қазан қылды. Сасқанынан бұндайда шаңқылдап боқтайтын әдетін де ұмытып, әпірейіп тұрды да қалды. Қайың тазы қашан қаңсылағанын қойғанша әкесі байғұс аңырып, аузына сөз түспеді. Тазы әрі-бері тызалақтап безіп жүрді де, ақыры үйдің артындағы үюлі жүктің көлеңкесіне тығылып тыншыды. Әкесі төрде сілейіп әлі тұр. Кемпірі: «Оу, сен сабазға не болған?» — деп еді,

сонда барып тіл бітті. «Е, қатын, Қыдырбайға құда түстім, ырзық дарыған үй еді, қызын беретін болды»— деді. Әкесі байғұс өзі әйел алғанда да тап бүйтіп қуанбаған шығар. Есіктің алында жападан-жалғыз асық иіріп ойнап отырған бұны шақырды. «Әй, жаман, жасық, доңыз неме, қатын аласың ба?»— деп сұрады. Бұл да әкесінің сөзінің ыңғайына қарап, «жасық, доңыз» атанғанша, қатын алып, құлағымды тыншытайын деген болу керек: «Алам!»— деді. Бұл Маржан сүйтіп түсірген бәйбішесі ғой. Обалы не керек, пақырдың ырзығы десе дегендей екен. Ол осы үйдің есігінен аттағалы бұл ауыл бір жұтап көрген емес. Ана жылы соңғы баласының үстінде киналғанда арғы түбі түрікпеннен келген сауса бұлақ қызыл мая ғана табан астынан іші тасырайып жарылып өлді. Содан басқа Маржан ұстаған ыдыс-аяқтың сынса сынғаны бар шығар, оған біткен мал мен баста шығын жоқ. Бұрындары ырғалып-жырғалып жұрттың ең соңында қалатын бұл ауылдың көші ол келгелі елдің ең алдымен аттанатын болды. Ұстаса үйі сәнді, пісірсе асы тәтті. Маржандай әйел кемдекем. Құдайға шүкір, артындағы дәулетке, төбесіндегі қарашаңыраққа ие бар. Маржан біраз жыл бала көтермей торықтырып барып Өтегенді туды, араға бір-ақ жыл салып, Ажарға жүкті болды. Екі баласының да қол-аяғы балғадай, батпанақтай-батпанақтай. Жұрт шіркіннің көзі жайына қарап жүрме, әсіресе, кемпір жағы: «Алла-ай, осы келіннің тапқан баласы-ай!»— деп ауыздарының суы құритын еді. Енді, міне, Ажардың өзі он сегізге кетіп барады, содан соң Маржан бір рет құрсақ көтерді де, қазан асып жүргенде ошақтың бұтына оратылған жыланнан шошып түсік тастады. Сосын қайтып етегі қанамады. Балпан бай ішінен осыған жұрты құрғырдың көзі тиген жоқ па деп те ойлайды. Оған бала көтермедің деп өкпелейтін де жайы жоқ. Құдай тек осы бергенін ұзағынан сүйіндірсе болды.

Иекке сақал шығып, бетке иман жүгірген кезде Балпан байды енді ештеңе иектей қоймас. Осы жұрттың қайтып қақпаны шапқыр, тазысы алғыр болатынына бұл түсінбейді. Анау жылтыр көз, тәмпіш мұрын Сайыптар өзінің қара орманы бұйырмағандай, өзге үйлердің көрпесін тоздырып жүр. Сырт қарасаң сып-сыпайы, пайғамбардың аузына жап-жана түскен періштедей Зейнелдің өзінің төсек жорғасы мықты деседі. Бұның бұрын, о да етегіне намаз оқып жүрмесе де, тап үйіне уақтылы қонып тұратындай тәртібі бар шығар деп ойлайтын бір адамы Сенгір. Сөйтсе, ішіне саудыратып арықтан өлген малдың сүйегін салған қара қапшық арқалатып қойғандай жілігі сылдырап жүріп, о неменің де біраз бұлтарысы бар екен. Оны әне бір жылы Алтау ауылындағы тойға барғанда байқады. Келген еліміз бір ғой деп бір үйге түсті. Бұл қымызы тәтті, асы мол тойлы ауылдың күмбіретіп тіккен ақ үйінің

айқара түрілген салқын самиян іргесінде керегенің бір-бір көзін жастанып, іштерін сипап, қайдағы-жайдағыны соғып жатқан шал-шабырдың қасында аузы аңқиып әңгіме тыңдап отырса, Сеңгір бір кіріп, бір шығып тіпті тыным таппай қойды. Ошақ басылармен сөйлескен боп, қазан сапырып, самауырын қойып жүрген келіншектердің ыңғайын аңдиды, ән тыңдап, қызық көргісі келген боп, сауық құрып жатқан жерге барып, есіктің алдында өнерпаз жігіттерге қошамет айтып, тойды қыздырып отыратын азулы жеңгелерге тиісіп, сөзден сөз тудырып, қылжақтаса кетеді. Сөйтіп жүріп-ақ, талай кермныңтың оң қабағына тап болыпты. Бір күні ақсақалдар бастың аудармасын сарқытқа бұларға беріп еді, орта жолдан Сеңгір иемдене қойды. Жалма-жан көздің біреуін алақанына ағызып, табақтас отырған етті-женді көзі күлімдеген әдеміше сары келіншекке ұсынды. Ойда жоқта бұл да байқап қалған екен. Сеңгір көзді беріп жатып, шынашағымен келіншектің сақина салған саусағын сипады. Келіншек те бірдеңені іші сезсе керек, жымыып күліп қойды. Бұның қасында жататын Сеңгір сол күннен бастап қашан кеткенше түннің бір уағында оянып кетсе, орнында жоқ боп шығады.

Жұрты құрғыр сайтанмен табақтас болып қалғандай, осындай ылдым-жылдым ұры қулықты қайдан үйреніп ала қояды. Аңада бір мұртын қағып отырып, айнаға көзі түсіп кетіп еді, тұсында бұ да тап жұрт үркетіндей жігіт болмапты. Анау екі самайдан ай қасқаланып, торсиып бөліне шыққан жалпақ кең маңдайы, періштенің аузынан түскендей мүп-мүсінді болмаса да еркек кісіге лайық етті қыр мұрыны, сәл бұйығылау болғанмен, ылғи күлімсіреп тұратын қой көзі, етті-етті қайқайған еріндері, соның бәрін молынан сиғызған үлкен дөңгелек беті, қанды қоңыр жүзі, қатарларынан ертерек шыққанмен, ерсі қайқайып кете қоймаған еркек адамға бір түрлі орнықтылық бітіріп, егделік сән беріп тұратын қозы қарыны, ортадан жоғары бойы, етті-женді денесі — осының бәрін құдайкең кез келген еркекке құшақтатып жатыр ма? Әйелдер еркектің бұдан артық келбеті мен сымбатын шәйіне езіп іше ме... Сөйтсе де мұның Маржаннан басқа әйелдің көйлегіне қолы тиіп көрген жоқ. Асылы, бұған әйел қарамайды емес, мәңгі кісідей маңқиып жүріп, мұның өзінің көп нәрсеге көзі түспейтін тәрізді. Баяғы жас жігіт кезінде құрдастары Балпан қызы бар үйге қонғанда қу кемпірлер қонақ түнде қозғалар ма екен деп, ұйықтап қалған соң көрпесінің үстіне бір уыс құмалақ қойса, таңертең сол құмалақ бір сынық құмалақ шығыны жоқ, әлгі орнында тұрады екен деп күлісіп жүретін. Сол қалпымен әлі келеді.

Әйтпесе, бұл секілді дәулеттілердің талайы жас иіс сүйіп, үш-төрттен тоқал құшақтап отыр. Әлгі жабуы тұрмайтын жарбай түйедей ылғи бір иығына қисайып жүретін қыңыр

Қоразхан құрдасының өзі екі әйел алды. Ал, бұл болса... Тфу, мынау кұда түсіп, қыз сұрап қылқылдаған көп жұрт әбден алжытайын деген екен. Баяғыдан бері жүріп-жүріп, енді не әңгі есектің миын жегендей, әр немені бір ойлап отыр. Балпан бай ызаланып түкіріп жіберді. Қайта дер кезінде Қыдырбайға тұзақ салып үлгерген марқұм қара шалға рақмет айтуы керек қой, әйтпесе өзіне салса, мына жүрісімен қатын қайда...

Балпан енді Маржанды қойып, өзіне ренжіді. Ренжімей қайтсын, қызы қылтиып бой жеткелі бір күн іргесі тыныш тұрған емес. Бір «салаумағалайкүмнің» соңынан бір «салаумағалайкүм», біреуін белдеуден аттандырып жатсаң, сылаңдап тағы біреулері түсіп жатады. Ақ патшаның анадағы ұлығын қойшы, қалтасына сар құлақ түсетін болғасын, ол неме қызды қайтсын. Бірақ ұлық кісіні ренжітіп алам екен деп қатты састы. Асты-үстіне түсіп бақты. Ғұмыры бетіне тік қарап көрмеген Маржанға да сол күні тілі тиді.

— Қызды қырық үйден тый деген қайда? Үйде қонақ отырғанда үстіне неге кіреді? Аға-жеңгесінің отауына бара тұрса болмас па? Енді оны тұлымын желпілдетіп алдымызға алып отыратындай ес білмейтін бала емес қой. Ауылымыздың үстінің ат көпір боп жатқаны мынау. Көрмей ме, білмей ме? Білмесе сен қайда жүрсің, ана жеңгесі Жазыл қайда жүр? Апырау, адам өзінен туған бала түгілі, есігінің алдындағы итке де жөн, әдеп үйретеді ғой.

Өмір бақи мұның аузынан осынша қатты сөз естіп көрмеген Маржан бір түрлі жермен-жексен болып, үн-түнсіз үйден шықты. Мұның айтқан сөздері батты ма, әлде ауылдың үстін осынша айқай-сүренге салып, қыз тапқанына қамықты ма, көзі жасаурап көңілі босап кетті. Барып ап Ажарға ұрысса керек. Ол содан қайтып ауылға қонақ келе жатса, ағасының отауына қарай безе жөнеледі.

Бірақ Балпан байдың құлағы тыншымады. Күніне екі-үш ауылдан кұдалық түседі. Солармен әрісі шарифаттан, берісі ата-бабаның үрдісінен айтып, мәслихат соғып отырғанда тіпті шаруаға айналуға да қолы тимейді. Қарайған малын бір алланың өзіне тапсырып, бірінен соң бірі қаздай тізіліп келіп жатқан қолқашылармен әңгіме дүкен құрып отыруға бұл пейіл болғанмен, келгендер разы емес. Үйіңнен қыңырайып шығады да, сыртыңнан қаңқу таратады, сүйегіңнен өткізіп тіл тигізеді, атаңның аруағына, қызыңның арына тиеді, менсінбеді деп жауығады. Қызын келін ғып түсіре алмаған қиқарлар енді бұның жылқысын қолды қылмаққа жанталасып жүрген көрінеді. Аз ғана ағайын біресе мұның өзіне алаң боп, біресе малына алаң боп әбден бастары қатты. Енді мұның өз ауылынан, ағайын арасынан қолқашылар көбейе бастады. Олар бұдан қыз сұрамайды. «Бірге туғанмен, бірге өлмек жоқ деген. Қызды кім тумалды. Қайсысының қызы өле-өлгенінше

қасында отыр. Қайта бетінің қызылы, атының абыройы орнында тұрғанда құтыл. Ел дегенді білесің ғой, қараптан-қарап алакөзденіп жүретін жұрт енді ілік табылғасын төбеңнен қиқу кетірмейді. Шалқар дәулетің болғанмен, оған ие болатын адамың шамалы. Өтегенжан екеуің қасығып келген қай дұшпанға қайрат қыла аласыңдар. Онан да ойлан. Саған атасыз, дәулетсіз кісі құда түсіп жатқан жоқ. Қай-қайсысының да өзі өзіне тең, баласы балаға тең. Бетіңе күле қарайтын біреуіне бер де жібер»— дейді.

Ағайынның бұл сөзіне Балпан байдың өзі де ден қойып жүр. Ең азы үйіне қонған қонақтың да кірген-шыққанын аңдып, тың тыңдап жату кімге мұрат дейсін. Құтылғысы-ақ келеді. Әсіресе, ақ патшаның ұлығы келгенде қатты сасқанынан кейін-ақ қызын тезірек құтты жеріне қондыруды ойлады. Бірақ, кімге... Енді құда түсе келген біреуіне беріп жіберсе, бұған дейін құда түскендер одан сайын өшікпей ме...

Балпан байдың өзіне-өзі иттей ыза болатын жері де осы. Бәрібір баянды бала болмайтынын білген соң, ең бірінші құда түсіп келген кісіге ұзатып жіберіп, қарап жүріп қалың қазаққа жек көрінішті болмай, түн баласы жүрегің зіркілдемей, тыныш құлақтан-тыныш құлақ неге отырмады екен. Әй, өзінде өлтіретін кісі жоқ. Бірақ, артының бүйтіп қырсығарын қайдан біледі? Қыз өсіріп отырғаны осы. Бұрын-соңды өзі құдаға жүріп көрген жоқ. Өзі үйленгенде асық ойнап отырған жерінен әкесі шақырып алды да: «Пәленшенің қызына құда түстім, аласың ба?» деді,— алды. Өтеген ер жеткенде қайын жұртына жиендерінді өздерің аяқтандырыңдар деп еді, нағашылары Жазылды әкеп түсірді. Ол екі ортада өз қызы да бой жетіпті.

Кеше ғана еркелеп, мойнына асылып жүретін Ажарының қай уақытта ер жеткенін өзі де білмей қалды. Бір күні үйіне қасында тағы бір көк сақалы бар Мोजан жетіп келді. Баяғыда асықты бірге ойнап, молланың алдын бір көрген қалқан құлақ, сығырық неменің қай келгенін тергеп жататын еді, қол қусырып қонақ етті. Әншейінде әрі итеріп, бері жығып жүрсе де, күнде-күнде келіп, босаға тоздырып жатқан жоқ қой деп, бір қоңыр марқаны сойғызды.

Жас марқаның еті былқып асылып жатқанда қайдағы-жайдағыны айтып, қалжыңдасып отырып шай ішейін десе, Можаны бір түрлі сынық, сүйреп салған жағына да жүрмей сылқ түсе береді. Үсті-басы да бұрынғысындай емес, бұл жолы тым тыраш. Жаздың ыстығына қарамастан басында құндыз, жағасында құндыз. Омырауын қасқа ілгекке ілген ақ шайы көйлегі де ине-жіптен жаңа шыққандай сусып тұр. Уақытымен ораза ұстап, намаз оқып, тақуалық етіп жатпаса да, аяғына көксауыр кебіс пен жұмсақ мәсін қабаттап киіпті. Енді-енді бозғыл енген сұйқылт сақалын қайта-қайта сипап,

мұртын шалғылайды. Әдетте, бұл оның опыр-топыр көп баласына, қалай болса солай киінген ебіл-себіл үсті-басына көп күле беретін болған соң, құрдас қып қалжындап отырғаны ма екен деп те қалды.

Олай болса қалжыңының алдын орағысы кеп:

— Сіздің үйдегі құрдас тап мұншалық ісмер емес еді. Үсті-басың түзеліп қалыпты. Сен осы тоқал алып жүргеннен саумысың?— деді.

Өншейінде аузына ақ ит кіріп, көк ит шығып, көмейіне сөз іркіп отырмайтын Можан сәл салғырт ыржың етті де үндеген жоқ. Балпан бай құрдасын онан сайын сөйлеткісі келіп, әлгісінен де қаттырақ қалжың айтты.

— Әй, сенің осы үсті-басыңды сылап-сипап сыздануың жаман екен, үйдегі құрдас аман ба өзі? Ол өліп қалып, жас иіс іздеп жүрген жоқпысың?— деп еді. Можан аузына апара берген шыны аяғынан басын көтеріп алды. Кеңсірігіне кергі біткен келте танауы таңырайып, басы қосылмай бет-бетіне қашып тұрған күл өндес мұртына күлкі үйірілді.

— Құрдасың өлсе, хабар береміз ғой, әзірге сау,— деді.

— Е, аман болсын пақыр, ана он шақты баласының көз жасы тұрғанда құдай алмас, алса сен антұрған айналаға хабар шаптыруға да ақылың жетпес,— деді Балпан бай, іштей құрдасының бұл келісі мен мына отырысына таңырқағанын енді жасырғансып.

Можанның бетіне болмашы қызыл жүгірді, бірақ үндеген жоқ. Тізесінде жатқан сүлгіні маңдайына бір апарып қойды да, шайын іше берді. Сосын қайтып Балпан да үндемеді. Дегенмен, бұл келіске түсінсе Маржан түсінген шығар деп, әйеліне қарап еді. О да әлденеге екі ұдай отыр. Күйеуіне де, Можанға да қарап қояды. Шамасы, бұл екеуінің арасынан да мысық жүгіріп өткен бе, сөздері неге қиыспайды деп, таңырқап отырса керек.

Можан дастарқан жиылған соң да жақ ашпады, былғары шашақ тағып, күлтелеп тастаған арқар мүйіз жылтыр шақшасынан насыбайды быртық алақанынан ерекше бір нәшпен екшеп құйып, тілінің астына басты да, түрулі іргеден сыртқа сырт-сырт түкіріп қойып жата берді. Үндемесен үндеме деп Балпан бай тырс етпеді. Бірақ, ішінен жаман Можан бұнша неге тымсыраяды деп аласұрып отыр; не де болса үйіне барсаң шұлғауын мойнына іліп жүретін Можанның тойған қозыдай томпиып отыруында бір гәп бар. Әлде өнебір жолы арсы-күрсі келіп былтыр алдырған асыл үлегінді інгеніме шөгеріп алайын дегенде, Балпан бай бір жағын қалжыңға сүйеп, бір жағынан жұрттың бәрі өздері үлек алдырса, малдары жетпей отырғандай, бұның үлегінен тұқым қалдыруға жан-жақтан анталасқандарына қитықтанып отырғанды. Можанға жөн сөйлеспей қойды. Жалпы лепіріп сөйлеп, леки

күліп жүргенмен Можан сараң кемпірдің түйген шүберегіндей шамалыға ішін алдырта қоймайтын тымырсық кісі. Балпан байдың аяқ астынан мардамсып қалғанынан о да дық жиып сазарып алды. Әйтпесе, енді бір қолқаласа: «Бар, інгенінді әкеліп, шөгеріп ала қой»,— дейін деп тұр еді. Можан сыздап, атының сауырын аямай бір жосытып алды да, екі иығы елбе-селбе боп, ауылына қарай шаба жөнелді. «Барсаң бара ғой»,— деп бұ да қала берді. Арада бір-екі күн өтпей жатып, сұпылық құрып жүргендей өне бойына шаң жуытпайтын сипаншақ Сайып келіп, інгенін қайытып әкетті. Әнеу күндері бір барып келген адамдар Можан: «Бақ-дәулет адамды тасытпай қоя ма? Балпан енді үлегінің астынан таматын ылғалға дейін барған кісінің ажары мен базарына қарап үлестіретін көрінеді,— деп шалуаттап отыр деген. Мына келісі де сондай бір қыр жасағаны шығар.

Көк шөпке тойынған жас марқаның еті қашанғы қайнасын, шайдың дастарқаны жиналған соң көп ұзамай-ақ сүйегі сылынып шыға келді. Екі әйел қазанды екі жақтан көтеріп үйге әкелді. Үйдің ішіне былбырап піскен жас еттің уыз иісі жайылды. Өне бойынан бір кесек қара ет көрінбейтін ақ май жіліктер шара табаққа шолп-шолп секіреді. Бір алдырса жемсауынан алдыратын Можан бұлк етсе осы жолы бұлк еткен шығар деп, құрдасына қарап еді, қайын атасының үйіне келген күйеудей әлі сызылып отыр.

Тал түсте піскен уыз ет өз-өзінен тәбет оятты. Үлкен табаққа екі қонақ, Өтеген мен бұл — төртеуі қарады да, Маржан бастаған ауыл-үйдің әйелдері қазан қасында қаужандасын жатыр. Ет желінді. Табақ қайтарылды. Жазыл келін орнынан тұрып, иіліп, тағзым етті. Енді үлкен-үлкен аламыш қаусар кеселер мөлтектей толып сорпа келді. Қонақтар оны да ұзақ сораптап баптап ішті. Әншейінде мырс етпей отырған тылсым үйдің ішінде қазір ыссы сорпаны баппен сораптаған ысылдан басқа дыбыс жоқ. Қолға су құйылды. Көксақал қонақ ас қайырды, сосын ұзақ мақамдап бата қылды. Ол кісінің бұл үйдің есігінен аттағаннан бері төрге отырып жатып екі-үш ауыз сөз есен-сау сұрасқаннан басқа жақ ашқаны осы. Дастарқан жиылған соң, төс қалтасынан қыстырып қойған кәрі жіліктің инедей жіп-жіңішке садағын алып, тісін шұқыды.

Сол тіс шұқып отырған күйі:

— Ал, Балпанжан, қонағасыңа алла разы болсын. Біздің келген шаруамыз мына Маржан келінім екеуіңізде еді. Сізден рұхсат болса, қалған балалар сыртқа шыға тұрса қайтер екен, біздің бір оңаша сөзіміз бар,— деді.

Қазан-аяқ жақта қаз-қатар тізіліп отырған ауыл үйдің әйелдері орындарынан үнсіз көтеріліп, сыртқа шығумен болды. Өтеген, Жазыл, Ажар да отауға кетті. Бұл төртеуі оңаша қалды. Балпан байдың буын-буынын діріл алып, жаңағы та-

баққа жайғасып отырған орнынан төрге ығысуға да мұршасы болмады. Бұған қараған азғана туысқанның хабары күнде келіп тұр, ауру-жіту адам жоқ сияқты еді. Маржанның қартаң шешесі қаза болды екеннен басқа ойы жоқ. Бірақ ондай болған күнде бұларға хабар шаптырып, садақаға алдыруы керек еді ғой.

Көксақал бір керіліп-созылған, сөйлеген сөзі ішінді пыстыратын адам екен. Бұлар жаутаңдап әлі отыр. Ол тісін тазалап болып, шөкесінен жорғалаған күйі қазандық орнына барып, түкірініп қайтты. Сосын барып шегір көзін бұған қарай салғырт бұрып, ыңылдап сөйлей бастады. Бұл қапелімде оның сөзіне зер салмай, еріне шыққан ыңылына ғана құлақ тосты. Маржан да аңтарылып қалыпты. Бірақ, мұқият тыңдап отырған сияқты. Ендеше, кісі шошырдай ештеңе болмағаны. Балпан да көк сақалдың сөз ыңғайын түсінгісі келіп еді, ыңыранып тым әріден бастапты. Бұл пенденің өнбегі-өспегі, бала сүймегі, баласының да өзіндей боп түтін түтеткенін көрмегі — бәрі қызық екенін, бұның өзі тек біздің, ата-бабамыздың ғана үрдісі емес, дүние жаралып су аққалы, он сегіз мың ғалам орныққалы, сонау ықылым заманнан бергі адамзаттың өніп-өрбуінің тек осыған ғана байланысты екенін бір қайырып өтті. Сосын Адам атамыз Хауа анамызды, одан бергі Мұхамбет пайғамбарды, Әзірет-Әлі бабамыз бен Фатима анамызды жатқан жерлерінен бір-бір аударып түсірді. Мұхамбет пайғамбардың өзі күйеуін сыйлап, қолбасы қылғанын еске салды. Балпан бай бұл шарифатты әр жер, әр жерде естуі бар болғанмен, тап осы арада неге айтылып отырғанына таңырқады. Қонақ енді әулие, әмбие, сахаббалар қауымының құлағын тыншытып беріге, мына екі аяғымен жер басып жүрген жұмыр басты пақырларға ауысты. Әңгіме әрі аунап, бері аунап ақыры бұны мен Можанға кеп тірелді, екеуінің де тәңірі жарылқаған бақытты, ырзықты кісілер екенін айтты. Сосын қайдағы бір жалғыздық туралы сөз кетті. «Құдай көптен жарылқай ма, аздан жарылқай ма о да белгісіз; дегенмен көп бала көлдеуде ойнаса, жалғыз бала жар басында жүреді дегенді де ұмытпаулазым», — деп бір өтті. Сосын Өтеген жанның қанат-құйрығы келте екендігі әңгіме болды. Осы арада манадан бері үн-түнсіз тыңдап отырған Маржанның көзі жасаурады. Бұл да бірденеден секем алып, сыртта шыжыған шілде болған соң, түндігі түсірулі қара көлеңке үйдің ішінде қанаты сынған шыбындай еміс-еміс ызындаған қоңыр әуенге құлағын тосты. Қонақ құдды құран оқып отырғандай әр сөзін бір ай созады. «Ұл — ұрпақ, қыз — өріс» деген. Жат жұртқа жаралса да, қыз балаңыз жаңғыз бауырын жалқы қылмас». Бұ не дегені? Маржан көзінен тырс-тырс тамған көз жасын қайта-қайта жаулығының ұшына жасырады. Құлағында енді Ажардың аты ызындап тұрып алды. Бұған да, Маржанға да біраз қолпаш айтылды. Өз-

деріндеі көргенді ата-ананың баласы болған соң қызығамыз дейді. «Можан да, ол үйдегі келін де бір құдай деген жандар. Жаңғыз Несіпбай ғана емес, одан кейінгі қара сирақтар да Өтегенге жал-құйрық болады...» Маржан сөздің сыңайын түсінген болу керек, көзінің жасын сүртіп, бұған қарады. Бұл алақтап Можанға қарады. Можан шақшасын шұқылап тымпып отыр. «Іштен шыққан баланы кісіге қимақ та оңай емес, ойланындар», деп көксақал қонақ сөзін бітірді.

Үй-іші тым-тырыс. Балпан бай дел-сал. Қанша сұғына тындаса да, ештеңені жөнді түсінбеген тәрізді. Маржан бірде-не айтпайсың ба дегендей көз тастады. Бұл мынау үй ішіндегі қапырық ауа мен үнсіздіктен тұншыққандай тамағын кернеп, дем шығарды. Әркім өзімен-өзі боп мең-зең отырып қалған үшеуі бұған жалт бұрылды. Бұның не айтарын білмей тосылып отырғанын байқады ма, әлде ана жүрегі капелімде, бұл әңгімені тез тындырып қояды деп қорықты ма, кенет Маржан сөзге килігіп:

— Сөзіңіздің бөтендігі жоқ. Бірақ баламыз әлі жас. Он алтыға енді шығып отыр. Әлі бірер жыл ұстап қызықтамақ ойымыз бар. Баланың билігі әкеде ғой, айтсын,— деп әңгіменің аяғын бұған тосты.

Бұл біраз үнсіз отырып қалды. Екі қонақтың қолқасына енді түсінді.

— Шешесінің айтқаны менің де көкейіме қонып отыр. Көп бала қызықтап та көрген кісі емес едік. Екі баламыз үйелмелі-сүйелмелі боп енді бой түзеп келе жатыр еді. Әзір үйімізде жүре тұрғаны жөн болар,— деді.

Көксақал бар айтарын жаңа ұзақ ырғап, сарқып алса керек, иығын қомдап, бір ыңыранып қойды да, үндемеді. Можанның сол тымсырайған қалпы. Манадан бергі бейжай өңіне сәл қан тепкен. Енді сөздің ыңғайы келмеді. Маржан орнынан тұрып, самауырынға беттеп еді, тырс етпей отырған Можанның беті желіндеп, бір түрлі қабарып:

— Құрдасжан, шай қойып әуре болма, енді жүреміз,— деп жүктің арасына қыстырған қамшысына қол созды.

Маржан сабасын сапырып, қымыз ұсынды. Қонақтар тек еріндеріне тигізіп кері қайтарды. Сосын орындарынан тұрды. Оларға ілесіп Маржан мен Балпан да сыртқа шықты. Можан атына күміс бас ер, көксақал жона салыпты. Қонақтар бұлармен ауыз жыбырлатып, қоштасқанның ретін жасады.

Балпан бай мен Маржан үй сыртында намаздыгердің көлеңкесіндеі ербиіп-ербиіп тұрып қалды. Солай біраз аңырып тұрды да, аяқтарын ілби басып үйге кірді. Балпан байда әлі үн жоқ. Жаңа ғана екі қонақ отырған төрдегі төсек көрпеге қарай береді. Маржан қазан-аяқ жақтағы орынына озып, көзін жаулығының шетімен бүркеп, тығылып жылап жіберді.

Балпан бай шыдай алмады. Оң жақ керегенің басында

Ілуді тұрған сырма ақ киіз қалпағын киіп, тысқа шықты. Ауылдан әлі ұзап жарымаған екі аттының соңынан көз салды. Ол екеуі де мандайларын көлеңкеге беріп, құйрықтарын ерсілі-қарсылы ербендетіп, мимырт аяндап, аттарын көп қыстамай, сүмпиіп-сүмпиіп кетіп барады.

Ол ауылдың артында анадай жерде екі иығын сарт-сұрт сабап, бөгелекпен алысып тұрған атына беттеді. Ойы — Көгендісайда қой тоғытып жатқандарға барып, біраз даң-дұнның ішінде болып, бой сергітіп қайтпақ. Бұл келсе жұрт қойды тоғытып бітіп, күннің ыстығы қайтқанша су басына иіріп қойып, қойыртпақ ішіп отыр екен. Анау-мынау шаруа жайын сұраған, өріс көрген боп, әрі-бері жүрді де атын ілбітіп ауылға қайтты.

Ол оралғанша ыстық басылып, көлеңке ұзарыпты. Ауыл үйдегі қатын-қалаш тегіс сыртқа шығыпты. Балпан бай атынан түсіп, көлеңкеде шешесінің қасында отырған қызына беттей алмай үйге кіріп кетті, сәлден кейін Маржанды шақырып, сусын ішті. Сосын қашан күн батып, ауыл үйдің аяғы басылғанын күтіп жатты да қойды.

Кешке тамақ үстінде Ажарға көзі түсіп кетіп еді; бұрын екі беті бөтекедей боп, томпиып жүретін қызы бүгін тым сұнақ көрінді. Анасы манағы қонақтардың неге келгендерін айтып қойған ба, өңінде бір жабығылық бар. Қызының бетіне шұқшия қарауға ұялып, бір түрлі іші-бауыры елжіреп, көзін тайдырып әкетті.

Маржан түні бойы үсті-үстіне уһілеп, қырық дөңбекшіп ұйықтамай қойды. Қыбыр етпей тым-тырыс жатады-жатады да, бір уақытта көкірегі тарс жарылардай күрсініп, аунап түседі. Бұл әйелінің не ойлап жатқанын іштей ұғынып аяп кетті. Әлдене деп тіл қатқысы келді. Бірақ өзінің де омырауы толып жатыр еді, ауыз аша алмай, теріс аунап түсті.

Көп ұзамай ауыл арасының азғантай жүргіншісі Можанның құдалықтан қалай қайтқан әңгімесін жеткізді. Тымырсық неме өшін кімнен аларын білмей түтігіп кіріп барса, босағадан төрге дейін сирақтарын созып-созып тастап, көсіліп көп баласы отыр екен, шетінен шыбыртқының астына ап, сыртқа қуып шығыпты. Орта жолда қасына еріп келген қарт нағашысы Себепбайды да сөзіннің дауасы, сақалыңның киесі жоқ деп тілдепті. Өкпелеген нағашы жиенінің үйіне кіріп-шықпастан ауылына тартыпты. Қатын-баладан өш қайтпаған соң, Можан ертеңіне атқа мініп, ауыл-ауылды аралайды; қай ауылға барса да айтатыны — Балпан байдың қызына қалай құда түскендігі. Можан бұның әбден ит терісін басына қаптапты. Бір баланың қамы үшін атының шабын солқылдатып, әрлі-берлі өңкендеп шаба беретін марқұм қара шалға арқа сүйеп, дүниеден мақұрым қалған, ештеңенің парқын білмейтін көргенсіз, о да бір, қой соңындағы қойшысы да бір, үйіне келгенде қы-

мыздың исі, сыртқа шыққанда көңнің исі танауына келсе болды, жарық дүние орнында тұр екен деп көңілін бірлеп, ұлықтардың аузын майлап өріс тартып алғанына жарыла мақтанып тайрандап жүретін со дарақыдан не патуа табылушы еді депті. Мына сөз насырын қасыса да, Балпан бай жаман неменің бұл айтқанының жаны да бар шығар деп бір мырс етіп күлген де қойған. Бірақ одан арғы сөздері шымбайына тіпті батыңқырады. Қадырбайдың сары қызын жер астынан тауып алған сары алтындай көреді, қашан көрші ауылдың есегі ақырғанша өз басымен ақыруды да білмейтін мәңгі есектей қатынының айтқанын қайталағанына мәз депті. Жаман Можан қой бағып жүрмей сөз бағып жүрген пәле боп шықты. Қауға бас Балпанның сыйлайтын ата-бабасы — дәулет, байлық та, сиынатын аруағы — бақ пен мәртебе, менің орныма анау баласы болыс Байсал мен қара бақырды саулықтай қоздатқан саудагер Шүрен, болмаса анау аңшыға ерген тазыдай ұлықтардың жанынан қалмайтын жандайшап Бекестің әкесі құда түссе, қызын бір ауыз сөзге келместен мінгестіріп жіберер еді деп, алды-артын бірдей тұсап-матап қойыпты. Можанның сөзін естіген ауылдар: «Е, ол Балпанға құда түсіп көретін екен», — деп төстерін ұрып отыр деседі.

Содан қайтып көз ұшында қарайған көрінсе Балпан байддың зәре-құты қалмайтын болды. Ол қашан ауылға жеткенше үйге отыра алмай бір шығып, бір кіріп, сыртынан тон пішіп әбден мазасы кетеді. Можаннан соң біразға дейін аяқ сиреді.

Бір күні жылқыны аралап ауылға қайтып келе жатып, үй сыртында кермеде тұрған құла жылқыны көрді. Атынан май ішкендей боп, жүрегі суылдап зорға түсті. Үйіне кірсе — төр алдында құс жастықта жантайып Байсал жатыр. Әр жер-әр жерде келте ұшырасып жүргендері болмаса анық-қанық таныс емес еді. Оның неге келгенін айтпай-ақ біліп қабағы түсіп кетті. Сонда да сыр алдырғысы келмей, сыпайы амандасты. Ауыл-үйдің амандығы мен шаруа күйін сұрады. Байсал да әр сөзін сылап-сипап сөйлейтін сырбаз кісі-ді. Сауалына шүкірлік айтып, бұдан да жай сұрады. Өріс пен суатты, осы жаз бен келер қыстың сылайын сөз етті. Етті-женді шағын денесін ширәк ұстап, көп нәрсені қиығымен ғана шалып, іштей аңғарып отыратын әдеміше қой көзін ешкімге, ештеңеге тіктемеді. Өнді дөңгелек жүзін сырт орай салмай, пейілінің түзулігін білдіріп, сөз арасын үзбей, баппен сөйлеп отыр.

Оң жақ дастарқанның жайымен жүрген Маржанның көзі ыдыс-аяқта болғанмен, құлағы — бұларда. Балпан да анадағысындай емес, өзі сараң тіл қатып, көбіне қонақты сөйлетіп отыр. Қонақтың әр сөзін таразылап, ар жағынан астар іздеп, іштей аңдысулы. Шай үсті де әр қиядан әңгіме қозғаған салихалы мәжіліске толы болды. Балпандай емес, жүріп-тұрысы көп болыстың әкесі біраз нәрседен хабардар екен. Бірақ оны-

сы мақтанбай, мақаттанбай, бұны да өзімен тең көргенді-білгенді санап, аса бір ерекше жарасымды сыпайлықпен мәслихат шертеді. Әр сөзінен тәрбие, білік, кісілік көрініп тұр.

Дастархан жиылған соң да әңгіме желісі үзілмеді. Мұның өрісін мақтады, жайлаулары мен суаттарын сипаттады. Күнде келіп көріп жатпаса да айтқанының бәрі дәл. Қонақ өріс пен суатты көп әңгімелеген соң, көмейінде қолқа тұрған жоқ па екен деп қалып еді, ондай ештеңе байқалмады.

Сөйтіп отырғанда ас та келді. Тамақтан соң Балпан байдың көңіліндегі күдік тіпті күшейді. Таң атқалы арғы-бергіден әңгіме қозғап отырған қонақ табақ қайтқан соң, бір сәт тынып қалды. Сосын Маржан ұсынған кәусар кесе қысырақтың қымызын орталап ішіп, аққа бата қылды. Балпан бай Ажардың атын қашан айтар екен деп тықырши күтіп еді, қонақ ол жайында тіл қатқан жоқ. Бұл қонақтың сөзін ести алмай, қағыс қалдым ба деп өз құлағына өзі сенбей отыр. Қонақ құдды ойын танып қойғандай бұған бұрылды. Әншейін шаруа көздеп шыққанын, сосын ауылдың тұсына келген соң, аттап өте алмай, есендік білісуге соққанын айтты.

Байсал орнынан көтерілді. Балпан бәйбішесі екеуі сыртқа шығып аттандырып салды. Болыстың әкесі анадай жерге ұзап кеткен соң барып, ерлі-зайыпты екеуі бір-біріне қарады, бірақ тіл қатысқан жоқ. Иықтарынан бір зіл батпан жүк түскендей, екеуі де ауылдың сыртындағы бие байлаған желіге беттеді.

Бұрын-соңды есіктен аттап көрмеген Байсалдың бұл келісіне қанша таң қалғанмен, ойлаған күдікті жерден шықпаған соң, о да естен шығып, Балпан байдың тамағынан қайтадан дұрыстап ас жүре бастаған кезде тағы да қос атты бейтаныс қонақ сап ете қалды. Олар көп сызылып отырмады. Шайдың дастарханы жиылысымен-ақ қазан кіргенше келген шаруаларын айтты. Байсал өткен жолы тегін келмепті. Қалада орыс оқуын оқып жатқан кенже ұлын үйлендірмек екен. Баяғыда кемді күн жолдас болған Қыдырбайдың жиені ғой, жаман бала болмас деп қыз көре келіпті. Ауылына бала да, ата-анасы да әбден ұнады деп барыпты. Енді араға көп күн салмай құдаларын жұмсапты. Қанша дегенмен болыс ауылы ғой, тап бетімізден қаға қоймас десе керек, бұлар көк сақал қонақ құсап көктегіні бір айтып, жердегіні бір айтып, жан-жақтан қармап жатпады; ерсі тасыраң да жасамады, келген шаруаларын ұзақ ырғап, көп толғамай қысқа айтты. Балпан бай мен Маржан қапелімде, үрпиісіп қалғанмен, тап ана жолғыдай сасқан жоқ. Қонақтарды тыңдап отырғанда жаман Можанның ауыл-арасына күңірсітіп жүрген лақабы Балпан байдың шымбайын тызылдатты. Балпан шынына келгенде, Байсал сияқты көргенді жерге қыз беріп, болыстай ұлықпен дәмдес, сүйек іліктес болуға онша кет әрі емес; бірақ, Ажарын әлі жас көреді, жат-жұртқа қиюға обалсынады, оның үстіне, Бай-

салға қызын берсе, Можан ертең атына мініп, құдайы беріп: «Әне айтқаным келмеді ме!»— деп айқай салатыны көңілінен шықпай отыр. Ырысы асып, онсыз да күншіл көз көбейіп тұрғанда, тал түсте ел-жұртқа таба боп, қызыл сөздің пышағына ұрынғысы келмеді, Байсал да біразды білетін адам ғой, бұны-ма бір түсінсе сол түсінер деп ойлады, ал енді түсінбесе, тап бұның да дәл қазір көп қорқа қоятындай қоңы жұқа емес еді; мына құдаларды да алдыңғы құдаға айтқан жауаппен қайтарғысы келді.

Байсал ауылының адамдары анадағы Можандай емес, тортаң-тосырансыз аттанды. Енді қандай сөз тарар екен деп елендеп еді, болыс ауылы үн-түнсіз жатып алды.

Балпан бай болыстың әкесі Байсалдың да қанжығасы күр қайтқаны басқа жұртқа басу болатын шығар деп ойлаған. Ел іші қызық қой, біреулер: «Апырау, болыстың інісіне бермейтіндей қандай қыз өзі, Балпанның қатыны жан баласын жолатпайтын адам емес, алтын туғаннан сау ма?»— деп екіленсе, енді біреулері: «Қой-қой, Байсалды жерге қаратып жіберсе, бұл Балпанның әбден тасқан екен. Ол енді құдайын да танымас»,— деп жағаларын ұстайтын көрінеді. Байсал күралақан қайтқан соң, біраз жұрт бұған қарап жүріп жауығып, бет алдын бір көріп қайтуға құлшынысты.

Арада көп ұзамай ауыл шабуға келе жатқандай, соңына айғыр топ адам ертіп әйгілі даукес Даржан түсті. Үйге қонқак мұрыны күлбірей қызарып, көк жалтыр көзі шатынап ызғармен кірді. Қак төрге барып нығызданып отырып алды, қасындағы қалың нөкері түгел жайғасып болғанша ләм-мим деген жоқ. Қызы бой жеткен үй қонағының келіс жайын да сұрай алмай пұшайман болды. Даукес Даржанның қолыңды қусырып, қос етек болып жүргенінде де дұрысымен аттануы екі талай екенін әуелден білетін Маржан қонақтар тегіс отырып болысымен қонақасы жайғауға сыртқа шығып кетті. Маржанның өзі бастап амандық-саулық сұрар түрі жоғын байқаған Балпан қонақтарға тегіс көз жүгіртіп: «Ел-жұрттарың аманшылық па?»— деп тіл қатты. Қонақтар жапа-тармағай жауап берді, бірақ дауыстары бәсең шықты. Көптің артын ала Даржан да ерінін қыбырлатты. Сосын Балпан қонақасы жайғасуға бара жатқан боп есікке беттеді. Бұл үйден шыға бере-ак күңкіл-сүңкіл әңгіме тірілді. Балпан ауылдың сыртындағы қозының ішінен құйрығы теңкиген бір қаска марқаны әрең жетелеп келе жатқан Өтегенді үйге жіберіп, шай қайнағанша шаруаға айналған боп сыртта жүре тұрды. Үй-ішіндегі әңгіме бірте-бірте өрши түсіп, кеу-кеуге ұласты, ара-тұра қарқ-қарқ күлкі де естіліп қалады.

Самауырынға ілесіп бұ да үйге кірді. Төр алдына көсіліп кең дастархан жайылыпты. Дастархан жайылған соң жаңағы

жел буаз әңгіме де басылыпты. Даржанның серіктері дастархандағы жал-жал бауырсаққа, ірімшік, құртқа, өрнекті шыны аяқтарға, тортасы айырылған май мен қызыл күрең қуырдаққа ауыздарына алмай жатып тойып қалғандай томпия қарайды.

Шай ұзақ ішілді. Дастарханды, үй ішін сынап-мінеп отырған қонақтар үй иелері келген соң, жаңағы өзара кеу-кеу әңгімелерін тыйып, енді біржола ішу мен жеудің қамына кірісіпті. Май тиіп жылт-жылт еткен қияқ мұрттар шай құйған шыны аяқтың біресе о жағынан, біресе бұ жағынан жылтын-жылтын ұрлана сығалап қояды.

Даржанның шамалыда сөз бастайтын құлқы жоқ. Балпан қонақтарды шайдан соң да өздерімен-өздерін тастап, сыртқа кетті. Даржанның неге келгенін айтпай-ақ біліп отыр. Өзінен аумаған көк шұнақ тентек, көбік ауыз даукес, әулекі баласы бар еді. Соған Ажарды айттырмақшы ғой. Бұл жолы Балпан қобалжыған жоқ. Байсалға бермеген қызын Даржанға қайдан берсін. Даукес неме қайтып қиястанса да илікпеуге бекінді.

Тамақ желінген соң қаужандасқан көп тына қалды. Олар осында ор марқаның етін жеу үшін емес, Даржанның дауын қызықтауға келгенін, оларды Даржан сөзімді естісін деп әдейі ертіп келгенін Балпан бағана-ақ білген. Даржанның келгелі сызданып, шырай танытпауы да қасындағы көп шуылдақтың алдында түс бермеуге тырысқаны.

Даржан молдасын құрып тіктеліп отырды. Сыртқа шығып кеткен Маржанның келуін күтті. Маржан келген соң бақшиған бажырақ көзін оған бір, Балпанға бір қадап өтті. Сосын сөз бастады. Сәл айқай аралас тарғыл даусын көтеріп, баппен бастады.

— Ау, Балпан, Маржан, бұрын да көріп жүрген дастарханамыз ғой, қонақасыларыңызға рақмет!— деді.— Қыз өсірген үй қонақтың бұйымын сұрамай-ақ білетін. Менің бұл жүрісімді айтпасам да, аңғарып отырған шығарсындар. Арғы атам азуы алты қарыс Алтай, өзім қатарымның қайсысымен де терезем тең бір ауылдың ақсақалымын, өріс тоздырып, суат сарқып жатпағанмен басымда үйім, алдымда аз ғана мәпахана дәулетім бар, баламның да жеті мүшесі түгел. Ұлдың ержеткені, қыздың тез кеткені — мұрат деген, осы үйдегі анау бой жетіп отырған баламның аты кім еді, соны бұйымшылай келдім, ал не айтасың?— деп көкшіл көзін қанталаған қызыл етімен көміп, бір бағжаң етті де, Балпанның аузына телміріп отырып қалды.

Балпанның бұл күткен сөзі. Манадан бері ол былай десе, мен былай дейін деп қарманған сөздері қапелімде көмейіне оралмай, өңіне күрең қошқыл қан жүгіріп үнсіз отырды да, не де болса тәуекелге бел буып:

— Дареке, келісіңіз де, жүрісіңіз де дұрыс. Қызды кім сұрамайды; қымызды кім ішпейді деген ғой. Оның бөтендігі жоқ. Баламыздың бой жеткенін өзіміз байқамасақ та, жұрт байқап қалыпты. Осында сізден де бұрын сөз салып келген кісілер бар еді. Соларға айтқан сөзіміз, сізге де айтқан сөзіміз. Біріңізді биік, біріңізді аласа көріп, алалап жатқан біз жоқ. Баламыздың әзірге қолымызда бола тұрғанын жақсы көреміз,— деді.

Даржан айтарыңды айтып болдың ба дегендей мелшиіп біраз отырды. Сосын керегенің көзіндегі қамшысын алып, тізесіне басты.

— Солай де, Балпан. Ызғындай ұл өсіргенде де өзге-ге иық көрсетпейтін қазақ едік. Қызы бой жеткен соң жұрттың бәріне шекесінен қарайды дегенді сенен көрдік. Е, немене, сені мен менің қатыным, енеден тумай, жерден шығып па! Олар неге ата-анасының қасында отырмай біздің қасымызға жатып жүр? Айналайын, көңіліңе келсе де айтайын, енді сен жазмыштың жазуы, тәңірінің лазымы дегеннің бәрін де ұмытқан екенсің. «Артық біткен он саулық, о да жауға қол жаулық»,— депті ғой. Соған мастанып бүкіл ағайынмен сүйек араласпаймын дегенің не сұмдық? Маржан келіннен басқа ұрғашы тапқан ұрғашы құрып қалмаса, баламыз қатынсыз қалмас. Ал, енді қызым тірімде сияпат, өлгенде басыма оқылатын мінажат болады десең, өле-өлгенше қолыңнан шығарма. Әуелден жұрттың діңкесін құртқызып туған қыз түгілі шаңырақтың жел бауындай тірегім деп отырған ұлдың өзі бет-бетімен лағып кетіп жүр. Ал, енді ана балаң көкірегіне күл төксе, ағайынға өкпелеме!— деп, жер тізерлеп орнынан көтерілді.

Іргенің топырағы жапа-тармағай дүркідей жөнелді. Дау-кес Даржанға қыздан да гөрі керегі осы шығар. Оған шамданып, мінез шығарса, шын масқара болмақшы. Балпан бай бармағын шайнағандай болып, отырған орнынан тұра алмай шөгіп қалды.

Содан қайтып, әуелден оңға баспаған шаруа оналуды қойды. Атақты, дәулетті адамдар келгенде, бірін бірінің алдында жерге қарата алмады. Саудагер Шүренді де, тілмаш Бекесті де, осы өңірді ауызына қаратқан Алшағыр биді де әлгі жауаппен аттандырды. Ал, енді осындай игі жақсыларға бермеген қызын мың жерден дау салса да Даржан сияқты даңғаза қазақтарға қайдан ұстата қойсын. Әйтеуір, бұған құда түскен ешкімнің жолы оңбады. Ақыры екі жыл бойы ауылының үстін ақ тозаңға бөктірген көп құданың да аяғы тиылды. Көгендегі көп марқаның да жандарын құдай сақтады. Бірақ құдалар тыншығанмен, Балпан байдың көңілі тыншымады. Мылқау жым-жырт тыныштықтан көңіліне үрей жүгірді. Сол-ақ екен, пәлен жылдан бері тұяғы сетінемеген

жылқысы жайылыстан қалды, күн батса болды, ай астынан тиген жау әрлі-берлі қуалап, әбден ала өкпе қып бітірді. Барымташылар біресе бұ жақтан тиіп, біресе о жақтан тиіп ізін ұстатпай қойды. Бұ қорлыққа шыдай алмай анадағы ұлыққа сөз салып көріп еді, ел арасында Балпан бай қызы өтпеген соң орысқа бұлдап сатпақ көрінеді деген өсек дүр етті.

Ежелден жүйрік көрсе аяғын сындырғанша, ару көрсе абыройы төгілгенше ішкендері ас болмайтын әдет бар емес пе, енді жұрт бұның жылқысынан гөрі қызына көбірек тиісетінді шығарды. Бұрын жылқысын қуалайтын науша жігіттер енді түн ауа ауылына тиіп, үйіне сүйкеніп ұйықтатпайды. Қыз қорыған — жылқы қорығаннан да жаман екен. Түн болса есіктің сыбдырын, керегенің сықырын аңдып аңтарылып жатқаны. Ауылына келген сұғанақ балалардың талайы таяқ жеп қайтып жатса да, елдеріне бәрі: «Бітірдім, қырдым-жойдым» деп баратын көрінеді. Енді Балпан өзінің құлағының тыныштығын құдайы садақаға беріп, қызының айрандай төгілгелі тұрған абыройын сақтап қалу үшін бассауғаға көшті. Бір кезде тас бұршақтай жауып кеткен көп құдалардың аяқтарына теп-тегіс жем түсе қалуы да тегіннен емес. Енді жұрттың елдіктен айырылып, қашан бұның я өзі, я қызы мүсәпір болып, аяққа жығылғанша қайырылмасқа бет бұрғаны белгілі болды. Балпан бай соны ойлағанда күндіз күлкісі, түнде ұйқысы келмейді. Ойлай-ойлай басы қатты. Ағайынға ақылдасып көріп еді, тұсында айтқан тілді алмадың деп олар да қоңторғайсыды.

Енді Балпан бәрінен де күдер үзіп, бір іске белді бекем буды. Ат ізін салыспай, ара суытып кеткен ағайынның бетін қайтаратын, жан-жағынан найзасын шошандатып, тістерін қайрап жалаңдап отырған көп дұшпанның жүздерін жылытатын жол табуға тырысты. Ел ішіндегі ауызы дуалы дейтіндердің бәріне де сөз салып көрді. Құдайға шүкір, қызы бүкіл аймақтың ауызының суын ағызып, жігіттерін сендей соғылыстырған айтулы сұлу. Өзі болса, осы өңірдегі ең дәулетті адам. Жұрт қанша кекірейгенмен, бұл иліксе шалқая алмайды. Сөйтіп жүргенде сау болғыр Сауытпай құда түсе келді. Балпан бай оған да қолын қусырып, қонақасысын беріп: «Сәке, бұйымшылауыңыз дұрыс. Бірақ сізден бұрын да талай адам қолқа салып еді, баламыз әзірге қолымызда бола тұрсын деп еш қайсысына анық-қанық жауап бермедім. Соған көп ағайын өкпелеп жүрген көрінеді. Тілеуі алдындағы жас қой. халықтың назарына қалдырғым келмейді. Енді мен ешкімді атағына, абырой, дәулетіне қарап алаламайын, қызымды өнері асқан, жүйрігі озған, күші басым жігіт алсын. Оған ағайын риза болса, мен ризамын. Екі баламның қызығы үшін дүние-

мал аямаймын. Бүкіл ел-жұртымның алдында бәсекеге түсіп, бәйгеге ие болған жігітке қызымды ұзатамын», — деді.

Сауытпай айтқан лақапты бүкіл аймақ түгел естіпті. Ат құйрығын үзісіп кеткендер қайта келе бастады. Ертең құдай бұйыртып құдамдал бола қалсақ, бетімізге шіркеу болмасын дегендер Балпанның үйінен тағы да бір-бір марканың басын мүжіп отырып, бұның жөн болған, ағайынның алдынан қалсын, сұлу қыз өнері асқан өрен жігітке барсын деп бата-ласты. Сосын Балпанның да дені жайылды, кеше ғана кедейдің құрым күркесіндей құрдым көрінген дүние кеңіп сала берді.

Балпан бай айналаға қызға таласатындардың бәсеке қызығын күземнің алдында өткізем, өнер салыстырам дегендерге де, бәсеке қызықтаймын деушілерге де есігім ашық деп хабар шашты.

II

Балпан бай қайтадан алшаңға басты: Құдай қаласа, осы өңірдегі ең батыр, ең палуан, ең өнерпаз, астына сәйгүлік мінген ата дәулеті мықты жігіт оған күйеу болғалы тұр. Әлгіндей өрен жігіт өсірген іргелі елмен сүйек іліктеспек. Оның үстіне бұл өлкеде бұрын-соңды болып көрмеген ұлан-асыр той жасап, сонау көз ұшында дөңкиіп-дөңкиіп жатқан көгілдір белдерден де асып неше бір рулы елге даңқы кетпек, өлген соң да талайлардың аузынан түспейтіндей боп аты шықпақ.

Күзем алуға санаулы күн қалғанда қасына айғыр топ адам ертіп пәлен күн жүріп, болашақ тойды жасайтын ыңғайлы жер қарады. Әрі қарап, бері қарап тоқтаған жерлері осы болды. Қанша ат шаптырам десе де үзенгі қағыспастай, тақтайдан жазық қара дөң; күнбатысында ирелендей ағып өзен жатыр. Өзеннің шығыс бетіндегі екі домалақ төбенің күңгейін ала Балпанға қараған ағайын-жекжат ақ уыздай қылып алпыс үй тігеді. Өзеннің жағасындағы көк майса шалғынға ұзыннан-ұзақ желі құрылып бие байланады. Екі домалақ төбенің ортасындағы қасқа жыраның екі бетінен жүзден астам жер ошақ қазылады, ошақ сайын бір-бір тай қазан асылады. Той болатын жерде онсыз да қара-құраң көп болғандықтан аруана маялар бір түстік жерде бөлек ауылда сауылып, сүті сабамен жеткізіліп тұрады. Анау екі Қыземшек төбе ертең бәйгеге мәре болады, аттар одан қырық шақырым жердегі қарауыл төбеден айналады. Екі ортада төрт жерден көтермешілер тұрады.

Ауылдағы жігіттердің бәрі осы күннен міндет бөлісіп алған. Жіліктің ыңғайы мен табақтың оңтайын білетін жігіт ағасы отыз еркек ошақ басы болады, астына тұла бойында бармақтай меңі жоқ мөлт күрең торы ат мінген қырық жігіт табақ тасуға жүреді, үй сайын бір-бір жігіт саба пісуге тұрады. Көтерменің қырық жігітін қайын жұрты Қадырбай ауы-

лынан алдырмақшы. Тойдың дастарханына керек тәтті мен таңсық асты тауып әкелу үшін екі рет қалашы шығарды. Мен ағайын деген ауылдың бәрінен ыдыс-аяқ жиналды. Алпыс үйдің әр қайсысына екі самауыр қойылмақ. Шай құйып беруге келіндердің ішінде өңі ажарлы, шәйі тәтті, ыбылжып отырмайтын пысық сақа келіншектер іріктелді. Ажардың қасындағы нөкер қыздардың өзіне екі үй толмақ. Патшағар тап мұндай дархандықты жұрт қыз ұзатқанда түгілі, әкесіне ас бергенде де көрмеген шығар. Тек сәті түссін деңіз. Сосын мына Балпан байдың атын аспан астындағы алты сан алаш түгел білетін болады әлі.

Балпан бай екі күннен бері қасына ауылдың бас көтерер азаматтарын түгел ертіп, тойға тігілген үйлерді көріп жүр. Төселген кілем, бау құры мен киізін, керегелердің сүйегін көріп, мынау пәленге, мынау түгенге лайық деп бәсекеге ат салысам деген ауылдардың әр қайсысына алдын-ала еншілеп қойды. Бие байланатын желі мен ат байланатын мама ағаштардың да орынын өзі таңдап берді. Сосын бір топ бәйбішелермен дастарханға төгілетін тағамдардың түр-түсін ақылдасты. Бүгін кешке қызының жасауын тағы бір көріп шықпақ. Оны үстіне үй тігіп бөлек көш қылып жөнелтпек. Қызға берілетін дүние, мал әлдеқашан іріктелген. Енді соны ақырғы рет қапысыз қарап алмақ. Болғалы тұрған тойдың ең үлкен қызығы, той тарқатар салтанаты — қызының көші. Әр түйенің омырау-құйысқанына асыл алқа, күміс жүзік, моншақ тағылады, бұйдасы жібектен есіледі. Шаңырақ артқан түйеден басқанын бәріне бір-бір қалы кілем жабылмақ. Сондай сылдыраған-сыңғыраған сәнді көшті қыздың жаңғыз жеңгесі Жазыл жетектейді. Келіні басына үкілі сәукеле киіп, астына ақ шаңқан жорға мініп, күлтелі көшті тарта жөнелгенде қыздың қасына еріп баратын қалың нөкер қапталдан жүре сыңсып жөнеле береді. Қыз нөкері де өңшең жорға мінеді. Көшен ақын бөтен ауыл, жат босағаға аттанып бара жатқан қалыңдық пен артында жылап қалған ата-анасына термелеп басу айтады, сол арада Балпан ауылының адамдары ақын жігіттің қанжығасына екі өркеші баладай буаз ақ інгенді бұйдасынан байлайды. Ақын табан астында Балпанның осынша жомарттығына, көл-көсір тойына мақтап өлең шығарады. Ол тойға жиналғандардың бәрінің де құлағында қалады. Сосын Көшен қыз барған ауылдағы тойға бәйгеге түсетін жүйрік аттар мен ортаға шығатын әнші-күйші палуандарды бастап, бір шоғыр боп бөлек аттанады.

Балпан байдың не білетінін жаман Можандар осындай ылдырмақ-сылдырмақ сәнді көш шеру тартып шыға келгенде түсінеді. Құдаларының көңілі өседі, бұнымен сырттай шіренісіп жүретін кердең мойын пысықтардың ауыздарына бір жола құм құйылады.

Балпан байдың көз алдында сәнді көш қазір аттанып бара жатқандай елестегенмен, той қарбаласындағы ауыл сәнді көшсіз де әдемі еді. Сонау көз талдырар алыста сүле-сүле жалдар көгереді. Жан-жақта тіс тимеген, тұяқ жаншымаған соны жер. Шаң ұшпайды. Тойға тігілетін алпыс үйдің көбі қатар түзеп, артының киізі жабылып жатыр. Ақ уыз үйлердің ара-арасынан жаңа тігіліп жатқан үйлердің қып-қызыл керегелері мен көкшіл шаңырақтары мынау қоңыр далаға тобымен кеп қона қалған аппақ қаздай ақ жұмыртқа ауылдың сәнін асыра түсіпті. Қарулы-қарулы жігіттер шаңырақ көтеріп тұрып, күрек тістерін ақсита күліп, уық шаншып жүрген келіншектерге қалжың айтады; уық шаншып жүрген келіншектер үкілі сәукелелерін бұлғандатып, қос етек шәй көйлектің жеңін иыққа сырғытып, аппақ білектерін аспандата созып, неше түрлі көзді арбар қылыққа салып, бұрала басады. Жөн-жосық көрсетуге келген мама бәйбішелер жаулықтары қарқарадай боп, үй тігіп жатқандардың уықты қалай шаншығанына, керегенің қалай жайылғанына, шаңырақтың тым аспандай кетіп, үйді сүмпитіп тастамауына, я тым төмен көтеріліп, уықтың бәрін ішке жығып, үйді жапырайтып жер табандатып жібермеуіне бас-көз болып, анадай-анадай жерлерге шығып қарап, ақыл айтып жүр. Жаңа ғана қызыл керегесі көрініп тұрған жалаңаш үйлер уығы тегіс шаншылып болған соң айқұш-ұйқыш айқара тартылған қызыл ала бауларға, уықтан салбыраған күлтелерге көміледі. Сосын үй сыртына қардай аппақ ақ киіз жабылады.

Сонау қасқа жыра бойында жер ошақ қазып, тай қазан асып жүргендер абыр-сабыр. Үй тігіп болған келіндер иығына иін ағаш салып, шелегі мен құлағындағы күміс сырғасы, мойнындағы алқасы мен шаш бауындағы шолпылары қосыла сыңғырлап су алуға өзенге беттеді. Алыста көз ұшында ертең тойға сойылатын тайлар мен құнан қойлар қоңыр жалдан ақ желең шаң көтеріп қылт-қылт құлап келеді. Онсыз да ажарлы ауылдың сәнін асыра түсейін дегендей ортадағы екі ақ шаңқан үйден Ажардың нөкер қыздары шықты. Қызыл, ақ сары — өңкей ашық түсті шәйі көйлектері көлендеп, шолпы таққан бұрымдары тобықтарына түсе шұбалып, өзен жаққа сейілге тартты. Жаңа ғана қоңырайып жатқан күңгірт дала кенет сарғалдақ, қызғалдақ гүлге толып, құлпырып кеткендей болады.

Мынау өз қолынан орнатып жатқан сән-салтанат, қызу қарбалас Балпан байдың көзін қыдықтап, көңілін өсірді. Өз-өзінен масаттанып, ертең күн көтеріле келе бастайтын қонақтардың алдында сергек көріну үшін тынығып алуға үйіне бұрылды.

Той алдындағы түн де қарбаласқа толы болды. Әйел жағы атымен көз іліндірген жоқ. Түні бойы шыны аяқтар сыңғыр-

лап, ертеңгі дастарханның тамағы мен ыдыс-аяғын үй-үйге бөлісті. Әрлі-берлі абыр-сабыр жүріс таң атқанша бір басылмады.

Еркектер жағы елең-алаңнан тұрып ошақ басына топтасты. Шақыр-шұқыр пышақ қайралды. Тайларды күн ысып кетпей тұрып жығып, жіліктеп алу керек болды. Қасқажыраның бойында әне жерде де, мына жерде де жайрап жатқан бір-бір тай, Мосқал еркектер білектерін сыбанып ап етін жіліктесе, сары кедір әйелдер ішін аршиды. Жас әйелдер мен жігіттері өзеннен су тасып, табанынан таусылып жүр.

Үйлердің маңындағы қарбалас та олардан бір кем емес. Үй-үйдің бәрі төсек жайып, қонақтарды қарсы алуға жанталасып жатыр. Ауылдың алдында күн нұрымен жалт-жұлт етіп, ұзыннан-ұзақ самауырлар сап түзепті. Күн шыққан соң Жазыл бастаған бір топ келіншек нөкер қыздардың ортасына түсіп, қалыңдықты киіндірісті. Қыз аттанып кеткенге дейін басына асыл тастармен әшекейленген құндыз бөрік, үстіне төрт етектеп күлтелендіріп тіккен сарғыш қамқа көйлек киіп, сыртынан аймақы жасыл масатыдан желең шапан жамылмақ. Мойнына жақұт алқа тағып, екі қолына көзіне үр тасын қондырған алтын білезік салады.

Сәскеге таман екі домалақ төбенің арасындағы қасқа жыраның бойынан айналадағы ел-жұртты Балпан байдың қыз ұзататын тойына шақырғандай сылаң қағып ашық аспанның бауырын жалап, көк найза түтіндер көтерілді. Сол түтін жан-жақтағы ауылдарға белгі бергендей, тұс-тұстан қарауытқан аттылар тобы мен көк жиектің көгілдір мұнарын лайлап ақшыл шандар көріне бастады. Әуелі әр жерден қылт-қылт көзге түскен жүргіншілер бірте-бірте молайып, арасы ұласа түсті. Шыр айнала көк жиекте жүргінші көрінбейтін жер жоқ. Төбеде шілдеден құтылып, дені жайылып қалған даланың көк ніл аспаны ұлан-асыр көсіліп, айнадай жарқырайды. Терістіктен анда-санда ет қытықтарлық қана қауқары бар қоңыр самал леп шығады. Айдын өзенге жамбас тірей қонған алпыс ақ үй мынау алқаптың қай мүйісінен қарасаң да атой сап өзіне шақырып тұрғандай.

Көкжиекте қарауытқандардың арасы жиілеп, жан-жақтағы мұнар қалындай түскен. Кей тұста жүргіншілердің сырт нобайы айқын көрініп, тым жақын қалыпты. Қасына ағайын арасының ақ сақалдары мен ауызы дуалыларын ертіп Балпан бай домалақ төбенің біреуінің басында қонақтарын күтіп тұр. Ауылдың желке тұсынан келе жатқандар Балпан бай тұрған төбеге туралап тартса, басқа жақтан келе жатқандар да ауылды алыстан орағытып, солай қарай беттеп барады.

Елдің ең алдымен сонау алыс қаладағы дүкенші Шүрен келді. Қасына ерткен қырық кісі бар, жетегіндегі көк арғымақты жабулап тастапты. Шүреннің өкшесін баса Сайып пен

Бекестің тобы жетті. Анадай жерде өншен құла ат мінген Байсал ауылының адамдары алыстан танымал боп келеді. Бұрын араласы жоқ бейтаныс рулардан да жұрт көп. Ауыл жігіттері меймандарды әуелі аттарынан түсіріп, сосын аттарын кермеге жетелеп мәре-сәре. Ауыл сыртындағы қою шаң ұлғая түсті. Бәсекеге түсетіндер бүгін түс ауғанша келіп болуға тиісті. Елдің көбі шоғырланып бір келді. Оларды Балпан байдың өзі қарсы алып, алпыс үйге қарай өзі бастап жүрді. Меймандар бүгін қонақасы жейді. Тынығады. Жүйріктерін баптайды. Бәсеке ертең басталады.

Қыздан дәмесі барлар жан-жақтан теп-тегіс болып келіп жатыр. Ауыл жақсылары алдарынан шығып қарсы алып, әр қайсысын өздеріне тігілген ақ боз үйлерге кіргізіп екі-етек боп жүр. Түске дейін жан-жақтан лек-лек аттылар құйылумен болды. Керме басы аттан көрінбей кетті.

Келген қонақтардың ішіндегі ақсақалдар Балпан байға арнайы сәлем беріп, тойына құтты болсын айтты. Өзге ауылдардың жігіттері аттарынан түскеннен екі көздері жан-жақта боп, тойлы ауылдың салтанатын қызықтайды. Меймандар осынша ұлан-асыр той жасаған Балпан байға қошаметті қазірден бастап-ақ жаудырып жіберді.

Алпыс үй адамға лық толды. Ду-ду әңгіме өрбіп, ауыл үстіне кеу-кеу үн көтерілді. Үйлердің алдындағы сап түзеген самауыр маңында бұрала басқан сылқым сұлу келіншектер көбейді. Қелген қонақтардың жас жағы арасындағы үлкендерге жол берген боп, самауыр қойып жүрген келіншектерге қарайлап, босаға сыртында ұзақ бөгеліп қалады.

Ауыл шетінде қонақтарға ілесіп келген иттер таласып, азан-қазан боп жатыр.

Қонақтарға келген бойларында кесе-кесе қымыз ұсынылып, шөл басысты. Көп күттірмей шалқар дария дастархан жайылып, самауыр келтірілді. Әлгінде ғана тойлы ауылдың сыртқы салтанатынан көз ала алмаған қонақтар енді үйдің ішкі жиһаздарына телмірісіп қапты. Дастарханның салтанатында да қапы жоқ. Қырда күнде ұшыраса бермейтін таңсық тағамдардың түрі бар, жал-жал бауырсақ, ірімшік-құрт, шара-шара қуырдаққа көзің сүрінеді.

Алды екі-үш күншілік жол жүріп, ұзақ жолдан шаршап, сусап келген қонақтар баппен құйылған тәтті шайды қанғанша ішті. Шайдан соң қонақтардың бойларындағы шөл мен шаршау тарап, дендері жайылып желпінісіп қалды. Үлкендер жағы кеу-кеу әңгімеге беріліп, жастар жағы тер басуды сылтауратып, сыртқа шығып, тойлы ауылдың салтанатын қызықтады. Өзен бойына барып, омырауларын арғы жағадан ескен қоңыр салқынға төсеп, әңгіме-дүкен құрысты. Балпан байдың дәулетін осынша шаштырғандай сұлу қыздың кімге бұйыратынына сырттан тон пішті.

Тал түсте қонақасы берілді. Табақшы жігіттер ошақ басына топырласып, одан әр қайсысы екі-екі табақтан алып бір-бір үйді бетке ұстап астарындағы меңсіз торыны тайпалта жорғалай жөнеледі. Барған бойларында табақты есік алдында күтіп тұрған даяшы еркектерге ұстата салып қазан басына қайта тартады. Меңсіз торы жорғалардың жып-жылтыр сауырларында күн нұры ойнап күлің-күлің етеді.

Ошақ басында да құж-құж кісі. Қолдарына қайқы қара пышақ ұстаған қазан басылар құдды қасапшылар сияқты: шара табақтарды жайратып жайып қойып, ең алдымен жіліктерді рет-ретімен таратып шығады, сосын май сіңген қара пышағын жылп-жылп еткізіп құйрық май тіліп, білем-білем қып табақтарға тастайды, артынан жаңа сойылған қойдың сүбесі мен омыртқа-қабыртқа сияқты қосалқы сүйектері, тайдың қоңыр жоңқасы мен жал-жаясы салынады. Қазан басы үш-төрт рет ет лақтырғанда жаңа ғана жалтырап жатқан айлапат шара табақ толып шыға келеді. Қартандау қазан басы бір-екі табақ етті туралмаған күйі ошақ басынан алысырақ әкетіп дастарханнан орын тимейтін қара сирақ балаларға бөліп беріп жатыр. Сыбағасын алған балалар сандарын шапалақтап әбден көн тақаланып қалған табандары жалтырап, шар тараптан бас қосқан шәлкес жылқылар қайта-қайта оқыранып, бір-бірінің сауырына тісін ала жүгіріп, ию-кию шұрқырасып жатқан керме басына қарай тасырлап шаба жөнеледі.

Талма түс. Қазан басындағы қарбалас та сейілген. Табақ жасаудан қолы босағандар енді өздері ет жеуге кірісіпті. Табақ тартып жүрген жігіттер де аттарынан түсіп, қазан басында иіріліп отыр. Жылқының шұрқыры, ақ үйлерден шығатын қарқ-қарқ күлкі, қайтадан самауыр салып жүрген келіншектердің шолпыларының сылдыры — бәрі де тал түсте тым көмескі, талмаусырап естіледі. Көл-көсір көк жиектің де бояуы оңып, алашабыр мұнарға айналған.

Ортадағы Балпан бай отырған үйге бұл өңірдегі ең игі жақсылар жиналған еді. Арасында Асанбай хазірет те бар. Тамақ желініп болған соң осы отырғандардың ішіндегі ең үлкен сексен жетідегі Досбай ақсақал қолын жайып бата қылды. Балпан байдың тойының тойға ұласуына, аттандырғалы отырған баласының айы оңынан тууына тілектестік білдірді. Жұрт жапа-тармағай қолдарын жайып, әумин десті. Досбай қос алақанын бетіне апарып, қарасұр маңдайынан аппақ сақалына дейін сипап шықты. Сосын шоқша сақалының сүйір ұшынан шымшып ұстап Асанбай хазіретке бас изеді. Досбай ақсақалдың оң тізесінде отырған көзі сұсты, ақ сұр кісі Асанбай хазірет жер тізерлей жүрелеп, құранның бір ұзақ суресін ұстап ап, Бұқар мақамына салып, күңіренге жөнелді. Үй ішіндегілер тегіс мүлгіп қалған. Балпан бай өзі түсінбейтін

әуезі әдемі сиқыр сөздер құлағына бал боп құйылып, өне бойын рахат жайлап, балқып тыңдап отыр. Мынау жүрелеп отырған ақ сұр хазірет те, анау шетінен жер тізерлеп қалған игі жақсылар да — дәл қазір тек осының жолында жандарын беретіндей. Ойда жоқ жерде бас көтерген мақтаныш сезімін мынау күңіренген қоңыр әуез онан сайын күшейте түскен сияқты. Ыңыранған бейтаныс сөздер күмбірлеген сегіз қанат ақ үйдің мол ауасын тек бір өзі жайлап, қалықтап жүр. Хазірет даусын бұрынғыдан да гөрі созыңқырап әуендетіп-әуендетіп алып күрт бәсеңдетіп, сыбырлап, көзін жұмып, жаюлы алақанын бетіне апарды. Жер тізерлеп отырғандардың бәрі де еріндерін жыбырлатып, беттерін сипады. Енді алдарындағы дастарханды жинап жатқан Маржанға жапа-тармағай: «Алла разы болсын!» — айтысты.

Еттен кейін тағы да самауыр келді. Жез самауырлар тегіс сарқылып, ақ боз үйдің ішіндегілер сыртқа шыққанда түс ауып кетіп еді. Жаңа ғана іріген айрандай алашабырланып тұрған аспан қайтадан мөлдіреп ашылды. Талма түс кезінде ішін тартып ала қойған терістіктің келте самалы қайтадан тірілді.

Жайланып болған қонақтар қайтадан сыртқа шығып, көлеңке-көлеңкеге жиылып, тер басып желпінісіп жүр. Ақсақалдар жағы қолдарына бір-бір мойыны сорайған жез құмандарын ұстап, өзен беттегі қалтарысқа қарай беттеді. Жас жігіттер аттарының жайын білмекші боп, керме басына тартты.

Сол екі ортада екі ақ үйден сау етіп қыздар шыға келді. Орталарында жасыл масаты шапанды желең жамылған қалыңдық бар. Ауылдың сыртына бой жазуға шықты. Шәй көйлектердің көлеңінен қызыл ала көбелек ұшқандай ауыл үстіне ерекше бір сән орнады. Үй-үйден шыға келген жігіттер қыздарды көргенде аңтарылысып қалысты, бірақ, сырттарынан үлкендер қарап тұрғанын сезіп, бір көздері қыздар бара жатқан жақта болып, кермеге қарай құлықсыз аяндасты. Керме басындағы жігіттердің де аттарына көздері түсетін түрі жоқ, ауыл сыртына қарай ауыздарын ашып қалыпты.

Шалдар бесін намазын оқып болған соң Балпанның үйіне қайта жиналып, ертең болатын бәсекенің жәйін кеңесті. Сәлден кейін дүркіреп сыртқа шықты. Әр ауылдың үлкендері өз адамдары түскен үйге тарады. Әр жер-әр жерден жабыр-жұбыр әңгіме, оқшау-оқшау мәслихат көбейді. Керме басындағы жігіттерге хабаршы жұмсалып, күйеу жігіттер мен бәйгеге түсетін аттарды қазір той иесі көретіні айтылды. Күйеу жігіттер мен олардың атқосшылары бәйгеге қосатын жүйріктерін жетелеп, ауыл сыртындағы екі домалақ төбенің тасасына барып тоқайласты, аттардың жабуы сәнделіп, күйеу жігіттердің үсті-басы тағы бір тексерістен өтті. Өңшең өндірі жас жігіт

ауыл жақтан қаптап келе жатқан қара құрым халықты беттеріне қан жүгіріп, албырап, бір түрлі қысылып, абыржи күтіп тұр. Орталарында Балпан бай бар үлкендер оқшау бір топ болып басқа жұрттың алдында келеді. Олардан кейінгі қызыққұмар көп игі-жақсыларды басып оза алмай, бәсекеге түсетін жігіттер мен бәйгеге қосылатын жылқыларды көргенше асығып, әбден діңкелері құрып, жан-жақтарына жалтақтай қарап, өңмең-өңмең етеді. Күйеу жігіттер былайғы жігіттерден танымал болу үшін аттарының тізгіндерін өздері ұстапты.

Қыз әкесі бастаған игі жақсылар егіз төбенің біреуінің басына кеп тоқтады; күйеу жігіттер аттарын жетектеп қарсы алдарына барып тұрды. Күйеу жігіттердің әкелері мен жанашыр тумалары балаларының қасына жетті.

Қызықтаушы халық ақсақалдар тобын жан-жағынан алқалай қоршап алды. Балпан бай қасына бір-екі атбегі шалдар мен өзіне қараған үлкендерді ертіп, бәсекеге келген жігіттерге беттеді. Жігіттер қыз әкесіне қысыла сәлем берді. Олардың жалпы саны елуден асады екен. Балпан бай әдеп сақтап, қай жігіттің қай рудағы, қай ақсақалдың баласы екенін сұрастырды. Өңшең бір менің балам болсын дейтіндей өндірі жігіттер. Өне бір тыпыршып тұрған ақ боз арғымақтың қасындағы ашаң сары Байсалдың анада қыз айттыра келген баласы болды. Орысша оқығанмен бетінен қаны төгілген, иман жүзді биязы бала екен. Балпан бай әкесімен сөйлесіп тұрғанда көзін жерден көтерген жоқ. Ақбоз арғымақты Байсал осы бәсекенің хабарын естісімен сонау Хорезмдегі бір тамырынан барып бұйымшылап алып қайтыпты. Өз өлкесінде алдына ат түсірмеген бәйге биенің баласы көрінеді. Біресе ар жағына шығып, біресе бер жағына шығып қарап жүрген атбегі шалдар ақ боз арғымақтың тал бойынан бір мін таппады. Байсал сол анталаған жұрттың жан-жақтан жауып кеткен көп сауалына байыппен жауап беріп сызылған қалпы. Балпан бай бәсекеге келген өзге рулар көңілдеріне дік алып қала ма деп Байсалдардың қасында көп тұрмады. Кетіп бара жатып жас жігітке тағы бір көзі түсіп еді, ішінен тым сұңғақтау, майсалау екенсің, белдескенде сыр алдырып алмасаң жарар едің деп кетті.

Мына бір өне бойын күлтелендіріп қойған күрең қасқа ат, дәуде болса дүкенші Шүреннің аты. Бір сайдың тасын бір сайдың тасына айырбастап жүретін саудагер неме ғой, оның аты да тегін жылқы болмас; жұрттың көзі тиіп кетер дегендей жабуын тым көмілте жауыпты, онысы ат бегілер, көлденең жұрт жүйрігінің сыны мен сипатын алдын ала біліп қоймасын деп көлегейлегені шығар. Өне деңмент белбеумен буған дөңкиген қарыны алдына сыймай, қызыл сары жүзі әнтек күреңітіп, Балпанды күтіп тұр. Баласы да өзіне тартыпты, екі иығына екі жігіт мінгендей өңкиген неме екен. Белдескенге бір шыдаса

осы шыдайтын болар. Балпанның көңілінде тағы бір тәтті үміт ұялады. Қаланың қақ ортасындағы көк шатырлы ақ шаңқан үйге қасында қара құрым серігімен алшандап бұл түсіп жатады. Алдынан құрақ ұшып қаланың ең үлкен саудагерінің өзі шығады. Сосын Балпан бай мынау екі өзеннің ең алқабын бір өзі жайлағанындай, қаланың қан базарына да қоңыр шұнақ ісектерді қаптатып жібермей ме... Аяқ астынан эзезілдей азғырып бара жатқан есірік дәмесінен өзі ұялып, саудагердің қасында да ұзақ тұра алмады.

Әне бір ақ бас құла қалаға жақын отыратын бір ауылдікі. Иесі — қапсағай ұзын, қара кісі. Екі ұшы ербиген шалғылы мұртын ширатып, ат көре келген жұртқа әңгіме соғып тұр. Ұзын бойлы, дөңгелек көз, әдеміше қара жігіт әкесінің сөзіне құлақ тосып, үнсіз жымияды. Е, Бекес те інісін әкеліпті. Осынша қазақтың ішінде елден ала бөтен оқшау көзге түсіп тұрған да сол. Өңшең шапан ортасындағы жаңғыз мандала бешпет те сонікі. Басында басымен бас боп қона қалған шашағы төгілген татары тақия. Екі қолын тарақтап, інісіне әлденелер айтып қояды. Әдеміше, қой көзді аққұба жігіттің құлағы ағасында болғанмен, екі көзі бұда...

Балпан бай бәсекеге келген жігіттерді енді аралап біте бергенде шетте тұрған үстінен түйе жүн шекпені түспеген қаршыға көз қара жігітке көзі түсті. Сүйегі арса-арса шабдар атының жұпыны ер-тұрманьнан қорына ма, әлде өзінің жүдеу үсті-басынан қорына ма, бүгежектеп көзін көтермейді. Таң атқалғы ретті бұзбай, оның да қасына тоқтап жөн сұрасты. Жанына ертіп келген серігі де көрінбейді. Бұның сауалына әлдене деп мінгірлеп еді, жауабы сол танауының астында қалып қойды. Қарап тұрып қара терге түсті. Ұялмай-ақ қояйыншы деп көзін көтере беріп еді, самайындағы ақ аяң қаспақты көзі шалды. «Басы жара бейшара босқа ел-жұртқа күлкі болады-ау», — деп ішінен аяп, бұрылып жүре берді. Қаумалаған қалың жұрт та, былайғы жігіттер де оған мүсіркеп, миықтарынан күліп тұр екен.

Бәсекеге келгендерді аралап болып, төбе басындағы ақсақалдар тобына беттеді. Сол екі ортада әлдекім шаужайына оратыла кетті. Сөйтсе, малмен бірге өріп, бірге түнеп жүретін Сапақ деген сасық байдың Есен деген есірік баласы екен. Бір құлағы шұнақ, бір көзі әпірейіп аспандап біткен. Малдан басқа қара көрмей әбден милау боп кеткен неме пәлендей бәсеке болып жатыр деген соң, алды-артына карамай, далақтап шаба жөнелген ғой. Жасы қырыққа таяп қалса да, әлі үйленбеген. Сапақ байғұс ана ауыл-мына ауылға шапқылап-шапқылап ешкім қызын бермеген соң, күдер үзіп қойды деп еді. Әкесі күдер үзгенмен бұл неме күдерін әлі үзбепті. Мынадай жойқын топта жол тиіп, бәйге қолыма түседі деп жүрген дә-

месіне қара шіркіннің. Не қырап дейсін, түссе түссін. Қасындағы жігіттерге бұны да қоса салындар деп ымдады.

Балпан бай есірік Есеннен эзер құтылып, ақсақалдардың қасына келді. Ақсақалдар жігіттер мен шабатын аттарды анадайдан барлап тұр екен. Пәлен озады, жоқ, пәлен озады деген кеу-кеу талас. Атбегілерін де жан-жақтан қоршап алыпты, әсіресе, бәсекеге түскелі тұрған ауылдардың адамдары өндірішктерін созып өліп барады. Ертеңгі бәсекенің егесі қазір-ақ қызып кететін түрі бар. Тойлы ауылдың салтанатын құмарларынан шыққанша қызықтап болған жұрттың көзі енді бір-бірінде. Бәрінен бұрын бәсекеге түсетін жігіттер бірін-бірі ішіп-жеп барады. Осынша өзегі өртеніп тұрған халықтың ортасындағы көңілі жайы жаңғыз Балпан бай. Ол ішінен: «Әйтеуір, мықтың озады ғой, ендеше, болды!»— деп ойлап, ақсақалдарға иегімен ауыл жақты мегзеді.

III

Сол сәттен бастап ауыл үсті жабыр-жұбыр әңгімеге толып кетті. Әлгінде ғана бәйгеге шабатын аттарды көріп келгендер аттардың біреуі мынасын мақтап, біреуі анасын мақтап әбден қызыл кеңірдек болды. Еркектер өжендескен дауға міселері тұтпай, алақандарын сарт-сұрт ұрып бәстеседі.

Бәсекеге түсетін жігіттерді көріп қайтқан қыз-келіншектер де Ажарды ортаға алып, сыпсың-сыпсың әңгімеге кіріскен. Олар қай жігітті мақтарын білмей, бәріне де естері кетулі, оларға салсан — бәрі де әсем, бәрі де жайсан. Сөйтіп, ананы бір айтып, мынаны бір айтып отырып, кейбір келіншектер көңіліндегісін лақ еткізіп ақтара салып:

— Осындай алтын жігіттерді шетінен маңдайынан шертіп жүріп, ең таңдаулысына бұйыратын сен қызда да арман бар ма екен,— деп, Ажардың бетін ду-ду қызартты.

Бірінің аузына бірі құлағын төсеген бір жұрт. Бәсекеге жігіт қосатын ауылдың кісілері бөтен ауылдың адамдарының арасына сіңіп кетіп, не айтып отыр екен деп тың тындайды. Бәйгені осы алады-ау деген аттар мен қыз осыған бұйырады-ау деген жігіттерді сырттарынан ішіп-жеп жүрген сұғанақ көздер де толып жатыр. Даржан құсағандар осы күннен күдерін үзіп, кетем деп қопандаса, қызық көргісі кеп қасына еріп келгендер баласы мен атына өтірік мақтауды үйіп-төгіп, етегіне жармасып, жік-жапар болады. Тымырсық Можан: «Бұжын ойнақтан бізге ештеңе тие қоймас»,— деді де, осындай опыр-топырға мал шашып отырған Балпан бай әумесерді ішінен сілейте бір боқтап, тымырайып тайып отырды. Қожесінің қатығы жоқ, көңілі құртқа шабадының кері бұйырып, келуін келгенмен жұрттың сыңайынан қорқып кетуге рет таба алмай отырған бағанағы шабдар атты тазша бала сияқты жүрегі дауаламағандар Можанның тобына ере кетті.

Қараңғы түсе үй сайын қайтадан көл-көсір дастархан жайылды, қайтадан табақ-табақ ет тартылды. Бірақ, бұл жолы манағыдай абыр-сабыр жүріс, кеу-кеу әңгіме жоқ. Жұрт ертеңгі бәсекенің жайын ойлап отыр ма, әйтеуір, аяқ астынан қабақтары салбырап, бір түрлі тұнжыраса қалыпты.

Дастархан жиналып, далаға шыққанда да ешкім манағыдай қызу әңгімеге беріліп, қызыл кеңірдек таласқа түскен жоқ. Тек әр жер-әр жерден оқшау-оқшау күбір сөз естіледі. Талай ас пен жиынды қолдарынан өткізіп жүрген кәнігі қулар жастарды жиып алып, сақалдары шошандап сыпсың-сыпсың мәслихат шертеді. Айналасына жалтақ-жалтақ қарап, бөтен ауылдың адамы келе жатса я алдағы қыстың сыңайын айтып, я Балпан байдың дастарханын мақтап сәмпылдай жөнеледі.

Балпан бай кешкі тағам үстінде де біраз ақсақалдарды үйіне шақырып ап, кеңесіп көріп еді, олар: «Бәсекеге аталы ауылдардың бәрі де ат қосыпты, мынауы былай, мынауы олай дейтін ештеңесі жоқ, шетінен текті ауыл. Кім озатынын білмейміз, әйтеуір, балаңның бағы ашылғалы тұрғаны анық», — десті.

Ажардың нөкер қыздары мен самауыр басындағы әйелдер де бәсекеге келген жігіттерді қайта-қайта мақтап, ауыздарының суы құриды.

Әйтеуір, бүгін бұл ауылдың тыныш ұйықтар түрі жоқ. Түні бойы күбір-күбір, сыпсың-сыпсың...

IV

Ертеңіне егіз төбенің тегіс жазыққа қараған терістік бауыры жер қайысқан халыққа толды. Көк шөптің үстіне бір-бірімен ұштастыра кілемдер жайылыпты. Қазір кілемнің үсті бос. Ақсақалдар бәсекеге билік айтатын қазыларды сайлады. Жұрт оған Досбай ақсақалды, Асанбай хазіретті, Көшен ақынды атады. Қазылар әр ауылдың ақсақалдарын шақырып, бәсекенің тәртібі жайлы патуаласты. Ақсақалдар жігіттер әуелі өнер салыстырыссын, сосын күш сынассын, ең соңынан жүйрік жүгіртсін деген тоқтамға келді.

Қазылар бәсекелес ауылдың үлкендерімен сөйлесіп болған соң ортаға Балпанды шақырды. Асанбай хазірет қойнынан құран суырды. Балпан бай сертімде тұрам, қызымды бәсекеден озған жігітке ұзатам деп құран ұстап ант берді. Асанбай хазірет бәсекеге жігіт қосқан ауылдардың ақсақалдарын кезек-кезек ортаға шақырды. Олар да қазылардың төрелігіне қарсы болмаймыз деп құран ұстап ант берісті. Сапақтың аты аталғанда ортаға есірік Есеннің өзі шыға келді. Бір көзі көкке, бір көзі жерге жігітсіп, ыржалаңдап тұр. Жиылған жұрт

шыдай алмай күліп жіберді. Асанбай хазірет бәсекенің шартын айтып еді, есірік Есен дауым бар деді. Жұрт тағы да қыран-топан күлкіге батты. Есен: «Мен ән сала алмаймын, әнге күйге берсе, Балпан бай қызын жын-сайтанға берсін. Менің ата-тегім, алдымдағы ақ адал дәулетім ешкімнен кем емес. Қырыққа келсем де, әлі бір қызды қартайтатындай қауқарым бар. Бәсекеге мен де қосылам, бірақ, ән салып, күй тартатын жын-ойнаққа қосыла алмаймын»— деді. Халықтың күлкіден ішектері түйілді. Тек ақ сұр Асанбай хазірет қана түсін бермей, көздерін сүртіп, ішектері қатып жатқан екі серігі Досбай ақсақал мен Көшен ақынға қарады, мынаған не айтамыз дегендей Есенді мензеп иегін қақты. Екі қазы сол арада күлкілерін тыйып, аңтарылып тұрып қалды. Жұрт та жым-жырт, қазылардың кесімін тосты. Үш қазы әрі ақылдасып, бері ақылдасып, бәсекеге түсіп отырған басқа ақсақалдардың ақылына салатын болды.

Сол арада осы бәсекеден алдын-ала күдер үзіп тұрған даукес Даржан шаңқ етті:

— О, халайық, өңшен жігіт ортасындағы бір қырма сақал қырқылжың ғой, дегені-ақ болсын. Осынша жігіт тұрып, қызды қырма сақалға беріп қоя берсе, обалдары өздеріне.

Жұрт тағы да күлкіге кенелді. Бәсекеге түскен ауылдардың ақсақалдары да қосыла күліп: «Осы не қырап дейсін, дегені-ақ болсыншы»,— десті. Есірік Есен екі езуін жия алмай құран ұстап ант беріп, орнына кетті. Ол айтқанын істетіп, ән салудан құтылғанына мәз, ал мынау айналасындағы біреулері көздерін сүртіп, біреулері іштерін ұстап, енді біреулері бетін шымшып, қыран-топан боп қырыла күліп жатқан көп халықтың неменеге қағанағы қарқ, сағанағы сарқ бола қалғанында оның шаруасы жоқ.

Асанбай хазірет дуылдасқан жұртты әзер басты. Енді жігіттер өнер көрсетуге кіріспек. Бәсекеге түсетін жігіттер түгел кілем басына жайғасты. Ақсақалдарға да кілем төселді. Құж-құж халық алды отырып, арты түрегеліп тұрып бәсекеге түсетін жігіттерге ентелесе қарайды. Ортаға кілем үстіне өңшен сәнді киінген қылқандай уыз жас жігіттер шыға келгенде жұрт тағы бір гу етті. Жас келіншектер жағы бір-бірінің құлағына сыбырлап, жымындасып қалды. Жұрт алдында сыр бермеген тек ақсақалдар тобы мен үркердей боп оқшау жайғасқан қалыңдықтың нөкері ғана. Көшен ақын ата жолына салып енді ауыл арасының қазағы емес, алыстан келген қонақ дүкенші Шүреннің баласына бастататын болды. Ортаға екі иығына екі жігіт мінгендей, нарт қызыл жігіт шыққанда сауықшыл жұрт әлі әуезін естімей жатып-ақ, «әу, пәлі» десті. Жігіт жұрттың орынсыз қошаметінен бе, жоқ мынау қыз аулының үлкендері мен үркердей боп оқшау шоғырланған топ қыздың ортасындағы қалыңдықтан қысылды ма, бұрынғы-

сынан гөрі де қызара түсіп, күрең кошқыл тартты. Басына үкі тағып, сағағын сүйектеген қара домбырасын безілдете қақты да, биік ащы даусын аспандата қалқытып, сонау көк аспанның қақ төріне қадала шырқаған қара торғайдың даусындай шырқауға шығып ап шырқырап тұрып алды; солай тұрды-тұрды да бір уақытта кілт төмендеп, қайтадан қалықтады. Ащы дауыс жұрт назарын әбден өзіне қаратып алған соң лақылдап төгіліп, термелей жөнелді. Мынау әсем дауыстың тасқынымен ақтарыла жөнелген қай-қайдағыны қозғайтын сиқыр сөздер ашық аспан астындағы көл-көсір кеңістікке із-түзсіз сіңіп жоғалмай, тыңдаушы құлақ пен ұғынатын көңілдің бәріне жетіп, көгершін боп қонақтап жатыр. Жас жігіт иегі енді түбіттенсе де адам пақырдың көкейін баяғыдан бері қызыл құрт боп тесіп келе жатқан өжет дәмелері мен соның бәрін су аяғы құрдым қып құлдыратқан баянсыз фани жайлы шерді шертті. Әлгінде ғана лықсып көтеріліп, шекеге шапқан тентек қан оқыс мұздап, жүректерді ызғар шымшыды. Аспандап шыққан ащы дауысқа ілесіп асқақтай жөнелген лепірме көңіл кенет от басқандай бүгежектеп, бауырын жаза алмай, ілбіп қалды. Көмейлер құрғап, көздерге жас жүгіргендей. Желпінген омыраулар күрт құлап, тентіреуік көңілдер мен тіміскі көздер жан-жаққа жалтақтамай, анау ашық аспан астында бүрісіп-бүрісіп тоңған жетім балалардай бір-бірімен аяқтасып, қойындасып бүк түсіп жатқан алыс қоныр жылдарға, ісінген көздің алдындай күлтілдеп тұрған бұлыңғыр көк жиекке қадалды. Әнші жігіт жұрт көңілін тақымбасты көнбіс аттың тізгініндей оңай менгеріп, қалаған жағына бастайды. Жап-жаңа ғана салқын су ұрттағандай саябыр тартып, сабыр таба қалған көңілдерге тағы да жел бітті. Әнші жігіттің аузынан шыққан саз бен сөз тағы да қан ойнатып, аруақ қоздырды. Ер жігіттің басына екі айналып келмейтін келте дәуреннің қызығы жасымас жігер, талмас талап; талпына білген көңіл де шарқ ұра білген қырандай, тұяғы ақыр құр тұрмас, — деп әнін бітірді.

Жұрт тағы да дуылдап қошамет жаудырды. Әншіден «өркенің өссіншілеп» тағы да ән сұрады. Көшен ақын әншіге айтсаң айта ғой деген рай байқатты. Әнші домбырасының құлағын бұрап, өзге бір күйге келтірді. Енді әлгісінен гөрі баяулата бастап, тақпақтата өрбітіп жас жігіттің сұлу қызға айтатын өзегін күйдірген өрттей дерті мен ыстық ықыласын ерке тілдің ұшымен қырық құбылтып, әдепті әжуа мен қылқылдаған қылықты қолқаны шебер қиыстырған ән айтып берді. Халықтың қошаметінде қисап жоқ.

Ауызы асығыс жағы:

— Ойпырмау, мынауың нағыз шаппай бер деп тұр, — деп екіленсе, сабыры мықтылар:

— Тұра тұр, әлі талай мықтылар бар шығар,— деп басу айтады.

Әнші жігіт тындаушы жұрттың көңілінен шыққанын байқап, шара табақтай мол жүзі бал-бұл жанып, орнына кетті.

Мықты әнші жалғыз әлгі жігіт қана емесі рас екен. Жұрт құлағын кесіп алса да, білер емес. Ән біткен сайын дуылдасып, арқасының қозбасы бар желөкпе немелер өңеші жыртылғанша айқайлап, қошамет жаудырып, азан-қазан болады да, жаңа бір ән басталғанда жаңағы у-шудың бәрі жым-жыластыйылып, жұрт тағы да сілтідей тынып қалады. Мөлдір аспанның көк жиегінен ұрлана көтеріліп келе жатқан қаймыжық бұлт пен оқтың-оқтың бір лүп етіп қайта басылып қалып тұрған терістік самалынан басқаның бәрі қыбырсыз. Мынау ұлан-асыр аспан астын біресе жаздың қысқа ғұмырлы қызғалдағындай бүгін құлпырып тұрса, ертең қырқылып қалатын кеп-келте, баянсыз жастық дәурен туралы мұң, біресе ер жігіттің алып-ұшқан көңілін ең алдымен арбайтын ерке қыздың жанары туралы наз, енді бірде теңді теңге қоспаған кер тағдыр туралы нала, немесе өмір-бақи өрге тарта беретін асыл арман кезек-кезек қалықтап, тек мынау егіз төбенің басындағы ызғындай жұртты ғана емес, сонау көл-көсір көлбеген көгілдір жалдардың да, анау жылмиып жатқан тақтайдай тегіс даланың да, қақ төбеде қалқып жатқан түпсіз тұңғиық аспанның да, өзен бетіндегі жыбыр-жыбыр толқынның да көкірегіне дарып, бойын балбыратқандай, маңай түгел сұлық.

Жас жігіттер бірінің айтқанын бірі қайталамайды. Ортаға шыққандар көбейген сайын кезек күтіп отырғандардың арқасы қыза түскен сияқты. Әлгінде ғана өздеріне анталай қараған көп жанарлардан тайсақтап, бастарын жерге салып, бір түрлі ұнжырғасы түсіп, сұлқ отырған жігіттер енді тегіс серпіліп, тегіс жадырапты. Қолдарына домбыра тигенде көздері шоқтанып сала береді. Қызылды-жасылды кілемнің үстінде қызара-бөртіп тымпиып отырғаннан гөрі ән салғанда жан-жақтан анталаған сынампаз жанарлардан да, іштегі итжығыс түсіп, мігірсіз арбасып жатырған күдік пен үміттен де, қанша дегенмен қыз алдында өзге жігіттің шоқтығы өскенін көргенде көкірегінді тырналайтын ұры намыстан да біржола құтылып, бостанға шыққандай болып, еркін сезінеді. Көңілдің күдігі, жүректің лүпілі бәрі кейін серпіліп, адам жанының сонау адам санасы болжай алмастай көл-көсір болмыспен астасқан тұңғиық тереңінен тас қайнардың суындай шымырлап өнген мөлдір сырлары әлі ақау шалмаған аңқыған ашық дауыс, бал-бұл жанып алабұртқан әсем дидар, асыл отынның шоғындай, өз бойындағы барша жылу мен барша шұғыланы түгел маздатқан шабытты жанарлар арқылы құдды бір ең қымбат ыдысқа құйылып, ықыласпен ұсынылған ең дауалы шарбат

сусындай тыңдаушы көкірегіне шым-шымдап батып, өтпелі күннің ырың-жырың шырғаландарын, күлді көмеш көп түйткілін бір жолата шайып тастағандай. Бой жеңілейіп, ой сергіген. Дәл қазір ең тымырсық пенделердің өзі құдды мына дүниеге енді туып, енді көз ашып отырған жас нәрестедей жана ғана жандарын тызылдатқан қыжылдарының бәрін ұмытып, төбелеріндегі көк аспанда телегей-теңіз шалқып жатқан көк ніл ауаға, анау аспанмен аймаласқан ала шабыр көк жиекке, керме басындағы жылқылардың күн нұрымен ойнаған жылт-жылт сауырларына, қарсы алдарындағы қалың көптен қаймығып, назарын тіктемей, әншілердің асқақтай, аспандай шыққан әуендерін бұға тыңдап отырған жас желең қыздар мен айтқан сайын арқасы қозып, аруағы асып отырған өндіріс жігіттерге, думаншы халықтың алуан бояды аяластырған әлеміш киіміне, осынша көп халықтың басын қосып, ниетін ортақтастырған өмір тойының ақ теңбіл, қызыл теңбіл, жасыл теңбіл, көк теңбіл — көп теңбіл, көп шұғылалы дидагына көзі қанығып, көңілі толып отыр. Осы бір риясыз риза сезім маңайдағы жан-жануар, дүние-мүліктің бәрін шапағат толқыны шайып әкеткендей ештеңені анық көргізбей, анық сездірмей, төңіректі түгел ерте күздің ақ сүт тұманы қымтап алғандай тұмшалап, әркімді өз ойымен оңаша қалдырғандай. Әркім өзін-өзі күнделікті күйбеңнен қолы тимей, көптен кездесе алмай кеткен ескі танысын көргендей, енді танып, енді қанығып отыр. Қалған жұртты былай қойғанда әңгүдік Есеннің өзі бәсекелес жігіттердің әндеріне өндірісшегі үзілгенше ентелей тыңдап, екі езуі екі құлағына жетіп мәз-мейрам, таң-тамаша.

Шетсіз-шексіз далиған кең далаға сыймай сонау, көмескі көк жиектен асып, мынау зымыран аспанның өзін иығымен тіреп тұрған осынша асқақ әуен мен адамның ойына түгестірместей осынша салқар сырлар кеше ғана қозы қуып, асыққа таласып, асыр салып жүрген мынау қоңыр даланың қоңыр қышақандары — түбітiek қыр жігіттерінің көкірегіне қалай-қалай сия берген... Тап осындай өреннің де жүрегіне дақ, көңіліне қаяу, бетіне шаң тиер ме екен... Олар мынадай шалқар дария жанымен кімнен қорқып, кімнен қорына алады, кімнің босағасында телміріп, кімнің сарқытына қор болады. Олар мынау көл-дария даланың төскейінде анау шалқар аспандай еркін көсіліп, сонау көк сағымдай еркін шапқылап жүруі керек қой... Жоқ, мынау жастың бәрін қартайтып, жүйріктің бәрін мүдіртіп, өткірдің бәрін мұқалтып, өрдің бәрін жуасытып жатқан қатыгез тағдыр бір күні оларды да аш итке лақтырған арса-арса жіліктердей қаудыратып шығарар.

Бәсекеші жігіттердің өнер сайысы түс ауа бітті. Ұялып, ерсі именшектеген төрт-бес жігіт болмаса, жұрт көңілінен

шықпаған жігіт жоқ. Қазылар қайсысына жүлде берерін білмеді. Белдесіп күш сынасуға ортаға шығып, өнер көрсеткендердің бәрі де жіберілетін болды. Әсем ән мен әр қилы ойға бөгіп маужырап қалған халық орындарынан дүрліге көтеріліп ауылға беттеді. Тағы да ауыз жаппай қолпаш пен қошамет айтып жатқан бір жұрт. Жаңа ғана жігіттердің бәрін де ұйып тындап, бәріне де таң-тамаша болып отырған көп құлақ, көп көз, көп көңіл енді қыз емшек төбенің басынан төмен төгіп жіберген көп құмалақтай төртеу-бесеу, біреу-екеу боп бет-бетімен шашырай жөнелді. Әуелі қай-қайсысы да: «Әй, тамаша! Әй, тамаша!»— деп келе жатып, кенет жаңа бәсекеге түскен жігіттердің біреуін көреді де дереу шаужайына жабысып: «Айналайын, бәрекелде, сен мықтадың, сен ұнадың»,— деп өзектері үзіліп, ет бауыры елжірей қалады. Албырт жас не дерін білмей абдыраса; «Мына пақырың тіпті есін жия алмады ғой»,— деп күліп, ал енді рахмет айтып басын изесе: «Даракы неме білем, әлгі айтқанымды шын көріп қалды»,— деп таң атқалы дүйім жұртты ауызына қаратқан өрен жігіттің бойынан өзінше бір мін тауып, күйкі көңіліне жел бітіп, желпініп, жер-көкке сыймайды. Жаңа ғана құлақтарын кесіп алсаң да, білместей боп құмарта тындап отырған көп халық бет-бетімен ыдырап, әркім өзімен өзі болып, құрым күркесінің ішінде күйкі көңілімен оңаша қалған соң, қайтадан бақайдан қағып, тірсектен шалған әншейін көп шуылдаққа айналады.

Жігіттер шетінен өнерпаз боп шығып, бәрі де үзенгілес келген соң, әркім өз жігітін оздыра алмай әуре боп жүрген бәсекелес ауылдардың ақылгөй ақсақалдарының бастары тіпті катады. Келесі сайыс алдында әркім өз жігітін оңашаға жетектеп, ұрлап алған бірдеңе берейін деп тұрғандай көлденен көздің бәрінен тасалап, екі аттап бір қарап, бұндайдағы ұрымтал мен ұтымдыны түсіндіре бастайды. Әлгінде ғана көппен бірге өнер көрсетіп, көппен бірге жұрттың көңілінен шыққанына мәз болып келе жатқан жас жігіттің нәресте көңілі алғаш рет айла-шарғыға сонда елітеді. Жас көңілге алғашында бал татыған тәтті қиялдай көрінетін жұрттың бәрінен мен озсам, мен биік болсам деген есірік дәме де сонда бітеді. Жұрттың бәрі қан жұтып, қабағы салбырап тұрғанда өзінің айдыны асып, елден ала-бөтен мәз-мейрам болғанда барып, бақыт тілеген нәпсінің ындыны зорға қанатынына, онсыз көңілге қанағат, жанға тыныштық жоғына сонда түйсігеді. Бірақ ол тап сол бойда осы сәттен бастап өмір деген жүлде дара, жүйрік көп, мәңгі бақи қарақшыға жеткізбей жүйке құртып, жүрек деміктіріп ұзақ бәйгеге түсіп кеткенін, ол бәйгеде қарақшыдан оралып, қарқ болған ешкім жоғын, жұрттың көбі қан құсып, орта жолда зорығып қалғанын біле қоймайды.

Өнер сайысы біткен соң Балпан бай қонақтарына тағы

да табақ-табақ ет тартты. Тағы да ұлан-асыр дастархан жайылып, ұзақ шай ішілді. Бірақ бәсекеге жігіт қосқан ауылдардың адамдары бір түрлі сүлесок, бойларына ас сіңбей отырғандай мол дастарханды кешегідей еңсеріп кете алмады. Табақтың бәрі орта бөксе қайтты. Жұрт астың арасында бірін-бірі сыртқа шақырып, сыпсың-сыпсың көбейіп кетті.

Бесін ауа жұрт қайтадан Қыземшек төбеге шұбырды. Қазылар қайтадан ақсақалдарды жиып, мәслихат құрды. Сосын ортаға ақ мата жайылып, үстіне ақсақалдар қамшыларын тастады. Көшен ақын ақ матаның үстіндегі қамшыларды ию-кию араластырып жіберді де, қасына әлі естерін білмейтін үш-төрт жасар бір ұл баланы, бір қыз баланы шақырды. Сосын бәсекеге жігіт қосып отырған ауылдардың ақсақалдарына қарап: «Нәрестенің қолына іліккені несібелеріне бұйырғаны болады, оған шұбаларың бар ма?»— деп сұрады. Ақсақалдар: «Әлбетте, нәрестенің құлағына періште сыбырлайды, періштенің айтары тәңірінің жазмышы, тәңірінің жазғанына тайталасып бола ма?! Шүбәміз жоқ, балаларымыз бақыттарынан көрер періште әумин деген жігіт тәңірінің сүйген құлы, оның ырзығын төгіп, бақытынан жыру күнә. Қазының кесігі қақ»,— десті. Көшен ақын Асанбай хазірет пен Досбай ақсақалға қарап: «Ендеше, кірісеміз!»— деді. Екі баланы жетектеп қамшылар жатқан ақ матаның қасына барып тұрды. Сосын қыз балаға: «Балам, мына қамшылардың біреуін алып, маған бер»,— деді. Қыз бала бір қамшыны алып, ақынның қолына ұстатты. Көшен балаға бұрылып: «Енді сен біреуін алып бер»,— деді. Бала да бір қамшыны алып, ақынның қолына ұстатты. Көшен екі бала әперген екі қамшыны екі қолына ұстап, әуелі көпшілік жұртқа көрсетті. Жұрт: «Көрдік, көрдік,— десті. Сосын бәсекеге түсетін ауылдардың ақсақалдарына көрсетті. Олар да көріп тұрғандарын білдіріп бас изесті. «Ендеше, қамшының иелері, бері шығындар!»— деді Көшен. Екі ақсақал ортаға шықты. Көшен оларға балаларын ортаға алып шығуға әмір берді. Белдеріне шарқат буынып, үстеріне белдесуге лайық ықшам киім киген екі жігіт ортаға келді. Көшен ақын тағы да халыққа бұрылып: «Әлеумет, көрдіндер ме?»— деді. Жұрт: «Көрдік, көрдік!»— деп шуылдасты. Сосын Көшен екі жігітке бұрылып, екеуінің белдесетінін айтты. Екеуін бөлек тұрғызып қойды. Екі бала тағы да екі қамшы алып қазыға берді. Екі қамшының иесі ортаға жігіттерін алып шықты. Қазылар белдесетін жігіттерді осылай жұптап шықты да, енді ортаға екі-үш жұптан шығарып, күрестіре бастады.

Жұрт біріне-бірі кимелей, ортаға шыққан палуандарға, олардың бұлтыл қаққан бұлшық еттеріне қызыға қарасты. Палуандар белдесе жөнелгенде Қыземшек төбенің басы оыр-топыр болды да кетті. У-ду дыбысқа құлақ тұнып, бірінің иығына бірі ентелеген қалың жұрттың қақ ортасындағы ой-

мақтай ашық алаңда не болып, не қойып жатқанын адам білер емес. Бұрын талай тойда өздері белдесіп жүрген қызба немелер: «Қап, әттеген-ай!», «Е, сөйт, тірсектен шал, тірсектен!», «Жіберме!», «Түу, мынауың мал болмас!» «Пай-пай, бүлдіргенін-ай!», «Е, бәсе!»— деп сандарын соғып, бастарын шайқап, дауыстары қарлыққанша айқайлап, құдды өздері күресіп жүргендей шыж-быж болып, қараптан-қарап құдайлары беріп тұр. Ақсақалдар жағы өз балаларының жеңгенін тілеп: «Иә, аруақ! Қолда, баба!»— деп қояды.

Ортада екі жігіт алысып жүр. Өне бойларын жоса-жоса тер жуып, көздерінің алдында қаптаған тірсектер, көйлектің етектері, неше қилы шапандардың шалғайлары, қарсыласының кара қошқыл саны ию-қию араласып, дүние шыр көбелек айналып кеткен сияқты. Ту сыртынан анталаған қызық құмар жұрттың ашқарақ жанарлары шоқ боп қарып жатыр. Осыдан жықса, сол думаншыл жұрт: «Е, бәрекелде»,— деп гу ете қалады. Жығылса, бұл ақсақал басымен алып келген әкесін, бүкіл ағайын-аумағын, рулы елін тірілей көмгені. Онсын мынау құмырысқаның илеуіндегі құжынаған жұрттың жалақтаған көздерінен қашып құтылудың өзі мұң болады. Жауырынын тер қыдықтап, денесі шоқ басқандай өртеніп барады. Сүйегін ұнтап жіберетіндей мытып ұстаған тегеурінді қол қабырғасын қайыстыра салып, қарсыласының қапсағай иығы иінін басып, жерге қазық қып қағып тастамай тынбайтындай жанши түсті. Міне, кең дүние шыр көбелек айналып, оң аяқты тіреп сүзісе тоқтасты. Тағы ырғасты. Шиыршық атқан бұлшық еттеріне кенет діріл жүгіріп, сол-ақ екен мұздай су шашып жібергендей қайта басылып қалды. Тағы ырғасты. Бұл жолы қапелімде қозғала қоймап еді, оң жақ өкшесінің жерден бір елі-ақ көтерілуі мұң екен, мұның басы қарсыласының қақпақ жауырынына барып сарт ете түсті. Көз алдын бір қоймалжың түнек бүркеп, басы мең-зең боп кетті. Кеңірдектен ышқына көтерілген ащы ыза алқымына жас боп тығылды. Кенет таң атқалы табанының астында бұлталақтап жүрген жұмсақ топырақ жамбасының астынан бір былқ еткенде, бөксесін қоламтаға тығып алғандай жалма-жан ыршып түсіп, ұшып тұра бермекші еді, көкірегіндегі бөгде дененің зіл батпан салмағы нығарлай жаныштап, жерге сіңіріп барады. Сол арада кеуде тұсынан бірдеңені әлде бір әзәзіл қол өткір ұстарамен орып жібергендей болды, көкірегін қан жауып, көзін тарс жұмып, жат кеудені қапсыра құшақтаған қолы сылқ құлады. Бөксесіне шоқпар тиген бұралқы иттей сүлдері құрып, сүйретіле-мүйретіле жан-дәрмен орнынан тұрмақшы болып еді, жан-жағына тырмысып, ерсі ербендеп жатқан қолын жыққан жігіт шап беріп ұстай алды да, қолтығынан демеп, аяғына мінгізді. Ол алды-артына карамай, ентелеген жұртты кеуделей жапырып, сыртқа ұмтылды. Жыққан палуанға қошамет ай-

тып еліріп жатқан жұрттың қоршауынан шыққан соң, жалма-жан керме басындағы атына қарай безе жөнелді. Артынан атын атап, «тоқташы, тоқта» деп ыр-ыр жүгіріп келе жатқан аталастарына да қарамады. Керменің шетіне оқшау байланған, ертең бәйгеге түсетін жүйріктердің ішінен өз арғымағын тауып алды да ырғып мініп, беті ауған жаққа тартып берді. Онсыз да кешеден бері ауыл үстіндегі абыр-жұбыр айқайдан ерқасы қозып, тұяғы қызып тұрған жануар әп дегеннен ағыза жөнелді. Соңындағы қуғыншылар капелімде аттарына мінем дегенше бұл біраз жерге қара үзіп кетті. Жаңа ғана шоқтай өртеп, лапылдап бара жатқан ыстық денесін мұз боп қармап жатқан қарсы желді де аңғармады. Ойы ойран, көкірегі бұлқан-талқан, бірақ не ойлап, не қойғаныңды біліп болмас соқыр ыза. Оттай ыстық маңдайын жүйрік аттын жалын құшып, кері ыршыған жалбыр жел жалап-жалап қалады. Бағана жұрт қоршап тұрғанда тамағына тас түйнек боп тығылған ащы жас көзінен енді ытқып шықты. Сол бойда бұның қарсы желге қасқая қарап келе жатқан шалқақ басы сылқ құлап, атының жалын құшып, солқылдап тұрып жыласын кеп. Кеудесіндегі бірін-бірі кимелеп жатқан ыза, намыс, ықылық атқан өксігімен араласып лық-лық ақтарылып сыртқа шыққандай көкірегі жеңілейіп, басын көтерді. Сосын біраз уақыт қарсы алдынан қарғын судай жапырыла қаптап келе жатқан қоңыр далаға состиа қарап отырады. Сәлден кейін жылай-жылай күп боп ісіп кеткен басына манағы белдескені оралады да, ойына күні кеше ғана аспан тірегендей асқақтатып, алшаң бастырып жүрген жігіттік намысы кез келген бұтаның басында қап қоятын қотыр тоқтының жалба-жұлба балақ жүніндей Қыземшек төбенің басындағы кеуделерін төмпештеп, кеңірдектері қызарған әумесер топтың аяғының астында тапталып қалып қойғаны түсіп, бір сәт бейжай тартқан жұлын-жүйкесінің бәрі қайта ширығып, өксігін баса алмай ұзақ жылайды.

Бір уақыттарда барып, басын көтеріп, көзін сүртсе, күн әлдеқашан батып кетіпті. Көкжиектің әр жер-әр жерінде қалған қызыл жалқын жұқанақты омырауымен сүйкей сүртіп, шудашуда қара бұлт көтеріліп келеді. Бүгін ымырт тез орнап, айналаның алқымы сығылып, ала көлеңке мұнарға бөгіпті. Сол қою мұнардың ортасына әлде бір қатыгез қолдар енесінің бауырынан күшпен ажыратып, таңдайын уылжытқан перзенттік бақыттан біржола ада боп, аяқ асты отыққан жетім құлындай көкірегіне батпан зіл жиналып, тас түнеріп алған қырдың тағы бір жігітінің құр сұлдер көлеңкесі ебіл-себіл еніп бара жатыр.

Сол бір түні осынау түнерген түннің астында көкірегін ит жыртқандай боп беті ауған жаққа тентіреп келе жатқан жаңғыз ол ғана емес еді.

V

Ол бір тымырсық түн болды. Белдесетін жігіттердің ақырғы жұбы күннің көзі алаулап енді батып бара жатқанда күресті. Қыземшек төбенің басындағы сайысты қызықтап тұрған сауыққұмар жұрт ойдағы тігілген үйлерге жеткенше төңіректі ымырт көмді. Ауылдың үстіне шабынған бурадай жалба-жұлба қара бұлт мініп алды.

Ауылда қалған адамдардың көңілін де сол қара бұлттай қапырық қапа жайлаған. Бүгінгі күресте жығып, бәйгеге ат қосуға қалған жігіттердің қуанышы да егіз төбенің басындағы әлгі бір ырду-дырдумен бірге тарап, дәл қазір ертең не болатындарын біле алмаған пұшайман күдікке берілген. Бүгін жығылғандар керме басынан аттарына мініп, ауылдарына тымтырыс аттанып жатыр. Қабақтарынан қар жауып, екі иіні ішіне кеткен кісілер қара жерді қаттырақ басуға да қаймыққандай үнсіз жылысып, қараңғы түннің қойынына сіңіп жоғалуда.

Ауыл ерте жатты. Жер ошақ басындағы жылтылдақ оттар да ерте сөнді. Үйлерде ду-ду әңгіме атымен жоқ, домбыра-қобыздардың да үні өшкен. Көп үй қонағы кетіп босап қалыпты. Бәсеке жасап жатқан тойлы ауылдың базары тым ерте тарағандай. Әр жер-әр жердегі күбір-күбір әңгіме мен аттардың пысқырғаны ғана мүлгіген ауылда тірліктің атымен өшіп қалмағанынан сес бергендей.

Осындай жым-жырт түнде онды ұйқы да болмады. Ертең бәсекеге ат қосатындар төсегінен тұрып кетіп, керме басына қайта-қайта барғыштап жүр. Мынау көзге түртсе көрінбес қараңғы түнде кімнің қайда жүргенін, не істеп жүргенін біліп болар емес. Ортадағы қалыңдықтың нөкерлері жайғасқан екі ақ үйдің есіктерінің алдына үш-төрт кемпір төсек салып жатып алыпты. Бірақ ауыл толы боз баладан қыздар жатқан екі үйді ешкім мазаламады. Кемпірлер сәл сыбыс шықса, шошаң еткізіп бастарын көтеріп ала қояды. Алайда, үй маңынан ешкім көрінбейді, сыбыс-сыбдырдың бәрі өзен бойында, керме басында.

Бұл түнде тыныш ұйықтаған ортадағы ақ боз үйдің шалқайта түрген іргесінің алдында құс төсекте шалқасынан түсіп, рахаттана пырылдап Балпан бай мен ауылдың оң жақ шетінде үюлі жүктің ығына қисая кеткен Есен ғана болды. Балпан бай соңғы күндері тым жүріс өтіңкіреп кетіп, базар соқты боп қатты шаршапты. Оның үстіне бүгінгі бәсекенің бәрін қақшып отырып, өз көзінен өткерді. Әзірге оның көңілі жай.

Белдескенде іштей дәмбететін іргелі ауылдарының жігіттері жығып шықты.

Ал, енді Есеннің де шаруасы түгел. Сау болғыр манағы екі патшағар қамшы суырғанда мұның жыңғыл сап, жаман сапалағы мен әлгі даукес Даржанның қызыл көз әңгүдік баласының қамшысы қатар шыға келгені. Есен, әйтеуір, бұрынғы Есен болса, ол немеге белін беріп, жын ұрды дейсің бе? Былтыр жазда суат басында қойыртпаққа тойып ап, кекірік атып ерігіп отыр еді, сау болғыр, сап етіп осы әңгүдік неменің келе қалғаны. Атын суарып алды да, бұның жұмырына басты қойды кеп. Қеше шайқалған ащы айранға қойдың жаңа сауылған қорғасын сүтін құйып, құдықтың ішіндегі қауғаға салып қойған мұздай жұмырдың қойыртпағы тартып жібергенде таңдайынды қарып түскенмен, қарынға барған соң қазан қайнатқандай қылады. Қомағай неме кереленіп, екі-үш тостағанды салып алып еді, біраздан кейін, ақ тер одан да кетіп, бұдан да кетіп, әбден борша-боршасы шықты. Тәтті қойыртпақ қанын қыздырып, әрі тыпырлады, бері тыпырлады. Әңгүдік неменің аласұрғанын біраз уақыт қызықтап тұрды да, Есен шыдай алмай, үстіне екі-үш қауға мұздай суды құйып-құйып жіберіп еді, жанталасып жүрген байғұсын жай тауып шыға келді. Әрі-беріден соң: «Есен аға, күресейікші»,— деп мазасын алды. Ермек болсын деп белдескенде екі рет бұл жықты да, бір рет ол жықты. Мана Қыземшек төбенің басында, қанша дегенмен жас неме ғой, былтырдан бері әдіс алып, әлденіп кеткен шығар деп, қорқасоқтап түссе де, қырық құйқылжып, қылпылдап тұратын тәйтiк неме емес пе, белдескен бетте-ақ ышқыры босап бара жатқандай, бір қолын қайта-қайта бөксесіне апара береді. Сондай бір сәтті бағып тұрды да, шатқаяқтатып, сирақтың сыртынан теріс шотты сала бергенде, әдепсіз неме, қапелiмде жығылдым екен деп қатты састы білем, қолына iлiккенi сол болған соң, бұның иегіне тұқымдыққа біткен бес тал қылды шап беріп ұстай алғаны. Сол арада бұл да айқайды салмасын ба, қазылар да жетіп қалды. Есекең талтайып отырып алды: «Мынау көргенсіз немең сасқанынан менің сақалымнан тартып, аруағымды қашырды. Бұл жығылғаны, мен жеңдім»,— деп сартабайды салсын кеп. Қазылар басы Асанбай хазірет болып, мұсылманның сақалына жармасқан әумесерге қайтып жақ болсын, жеңісті бұған алып берді. Есен сосын төбенің басынан талтандап түсті де, қонақ үйіне кеп қак төрге талтайтып жатып алды. Қешке тамақ келгенде жұрттың бәрі қолдарын табаққа керенау созып, тәлімсіп қалыпты. Есен олардың аузына қарап әрі отырды, бері отырды, тіпті болмаған соң табақты өзінің алдына қарай тартып алды, сосын білекті түріп жіберіп, күректей алақанымен көсей жөнелді. Шара табақты көзді ашып-жұмғанша жылан жалағандай қып шығарды. Артынан бір кәусар кесе сорпа

мен тағы бір кәусар кесе қымызды жұтып салып, керегегінің көзіне басын тақап, жантая кетіп еді, көзіне ұйқы тығылды. Мұнымен бір үйге түскен қонақтар әлдене жайлы сөйлескілері келіп құлқындары құрып бір-біріне жалтақ-жалтақ қарай береді, қастарын қағысып бұны ымдайды. Есен: «Қызыңды ұрайындардың Балпан байдың ауылын өртеп жіберетіндей құпияласа қалғандарын!»— деді де, ішінен батпан балғамен тас төбеңнен қойып қалғандай зілдей қып бір боктады да, сыртқа шығып кетті. Ет жеп, қымыз ішіп, іші қызған соң өзен бойына барып аяғын мұздай суға малып біраз отырды да ауылдың шетіндегі жүктің түбіне құлай салды.

Түні бойы бүкіл өңірді өкпесінен басқан тымырсық қара бұлт таң алдында жауып тынды. Әр қайсысы бармақтай-Бармақтай серке тамшылар секіріп ойнап, сыртқа төсек сап ұйықтағандарды көрпе-жастықтарын арқалатып үйге қуып тықты да үй іргесінде дүрс-дүрс шапқылап жүріп бір уақытта жымжылас жоғалды.

Таңертең екі-үш күннен бері тұяқ басты боп жатқан жердің шаңы жығылып, шөптің басының сілтісі шайылып, ауылдың маңы айнадай жалтырап шыға келді.

• Бәсекенің ең қызығы, ең қиыны бүгін. Қыз кешегі белдесуде жыққан жиырма жігіттің аты озып келгеніне бұйырады. Қыземшек төбедегі жұрт бүгін күндегіден гөрі де абыр-сабыр. Бәйгеге шабатын аттарға шабандоз балаларды мінгізіп, сейістері жетектеп қыдыртып жүр. Айла-шарғы, ақыл-кеңес ақырғы рет айтылып жатыр. Ендігі бақ-талайын бәйгеге қосқан жылқысының тұяғынан күткен жиырма жігіт мынау қарайған халық пен қыздың алдында сілті ішкендей іштері жидіп тұрса да, сыр бермей состия-состия қалыпты. Аттарының маңына бара алмай, алыстан көздерімен жеп барады. Бәсекеге ат қосатын ауылдардың ақсақал-көксақалдары оқшау-оқшау әңгіме-дүкен құрып жүр; бәрінің де қабағы кату, көбінің көзінің алды күлбіреп ісіп кетіпті, түні бойы ұйықтамағандары бірден көрініп тұр.

• Ат қоспайтын ауылдардың адамдары да аз даурығып жатқан жоқ. Қазір бәйге жолына шығатын жиырма аттың басынан бақайына дейін сипаттап әлек. Шарт-шарт қол алысып бәс тігіседі.

Аттар күн ысымай тұрып көмбеден аттанбақ. Жиырма ат қазылар көрсеткен жерге қаз-қатар тізілісіп тұра қалды. Бастарына ақ орамал байлап алған тас түйін балалар Көшен ақынның қолындағы ақ жалауға қарап тұр. Ақ жалау бұлған етті. Жаңа бір сәтке құлаққа ұрған танадай тыныш дала ең әуелі дүркірей жөнелді; қатқыл жонды қарш-қарш асаған тұяқтардың дүсірін баса-жанша ат қызықтаушы жұрттың айқайы шықты. Пәлен күннен бергі дыр-думанда арқасы қозып, керме басында әбден ауыздығын шайнап, ашуға мінген

арғымақтар тірсегінен тұсау кеткен соң жұлдыздай ақты. Қалың жабудың астында ақ тер-көк тер боп қамашауланып қалған жылқылар тұнып, тұтасып тұрған көк ніл ауаның қойнына күмп-күмп қойып кетіп, жалаңаш сауырларын жел қыдықтап, шапқан сайын рахатқа батып, үдей түсті.

Сонау Қыземшек төбенің бауырынан дүркіреп бұлар шыға келгенде, жер қолқасын суырып бара жатқандай мынау ересен дүсірге бүкіл аймақ елең-елең қарасты. Қалың бұта арасында қаптай жайылып жүрген қара құйрықтар сонау көз ұшында көгерген құрдым көк жиекке қарай жөнкіле қашты. Ін түбінде бұғып жатқан борпаяқ борсықтар мен сауыры жалтыраған саршұнақтар да жау келіп қалғандай індерін тастай-тастай сала беті ауған жаққа беже-беже жөнелісті. Көптен бері өріс көрмеген ту даланың қоңыр шөбі тас төбесінен тасырлап өткен көп тұяқтан бұғып-бұғып қалғандай. Бақидан бері тұнығы шайқалмай, кең даланың үстінде көлкіп тұрған мөлдір ауа теңіздей теңселіп, әлгіндегі айна жалтыр ашықтығынан, мөлдірлігінен айрылып, су түбіндегі бұлдырап, кері қарай зу-зу ағып барады. Қоңыр жалдардың басында әр жер-әр жерден қылтиған оқшау молалар жер мен көк түгел дүсірлеп кеткен соң, мойындарын соза қарап, жау қуып бара жатқан қалың қол деуге қаруларын көрмей аңырып-аңырып тұрады да, біраздан соң баланың ойыны сияқты әншейін тасырлақ бірдеңе фой дегендей күрт шөгіп, қара жондардың қалтарысына тығылып бүк түсіп жатып алады.

Қалың дүсір қара жонның қатқыл сазын қарш-қарш шайнап ағызып келеді. Қапталда талай қара жал, қалың бұта, айна тақыр, адыр белдер қалып барады. Бағана Қыземшек төбеден аттанғанда бетеге түбінде бұғып жатқан жел бұлар шапқанда өре тұрып қарсы шауып, жеме-жемге келгенде тайқып кетіп, бүйірден жалап, сауырдан сипап, жанай өтіп жатыр. Тып-тыныш жатқан жерлерінен түлен түрткендей осынша шабаландап желге не көрінгеніне аттар түсінбейді, тыныш дүниені осынша бөрліктіріп аттарға не көрінгеніне жел түсіне алмайды. Аттарға желдің біресе өз жалыңмен өзінді сабап, омырауынан төмшептеп быжа-тыжа боп, тұлынын түтіп долданғаны, біресе терінді сүртіп, еркелете сипап, асты-үстіңе түсіп жәреукелегені қызық; ал жел болса осы бір құйын қуған қаңбақтай бет алды құла дүзге безіп бара жатқан жұп-жұмыр, ап-ауыр тас түйін аттың біресе сауырын сипап, біресе бауырын қыдықтап, қақпақыл қып қағып, құмардан шыққанша ұйпалағанына мәз. Ал, анау аттың үстіндегі тістеніп, екі көзін оқша қадап емініп шапқан екі аяқты мен сонау артта, көгілдір белдердің астында, ту-ту алыстан жыртынып жатқан көп айқайға не керек екенінен кең әлемде бетімен лағып жүрген жел түгілі ауызында ауыздық, басында жүгені бар жылқының өзі бейхабар.

Жүйрік ат өне бойын аймалап жатқан саф ауаға, қыздың орамалындай қалықтатып, көкке көтеріп бара жатқан самал желге, жан-жағынан тасырлай шыққан көп дүсірге көңілі өсіп келеді. Ол үшін осылай шаба бергеннен, мынау көк нiл ауаның күміс толқынына күмп-күмп жүзе бергеннен асқан бақыт жоқ. Осылай құмарынан шыққанша шабады-шабады да, сосын демін басып, отын оттап, суын сулап өрісіне кетеді. Арқасы ерден босап, бағана өздері шауып өткен шілдедегі марқаның құйрығындай дірілдеп, қақалып тұрған ажырықты ойда асыр салып жайылады. Күрек тісімен қозының құйрық майындай ұп-ұлпа ажырықты күрт-күрт орғанда шие татыған ашқылтым дәмі таңдайын жалап, анталаған ұлпа қылтанағы ерінін қыдықтап, күрт-күрт үзілген үні құлағына күйдей жағады. Бір уақытта өне бойын жас шөптің күші кернеп, таңдайы кеуіп, көз алдындағы көгілдір сағым қоюланған кезде көлге тартады. Сынаптай жылтырап жатқан ақ қайраң көлдің, саумал суын аяғымен төрт-бес тарпып жібереді де, лай көтерілмеген айна тұнық жеріне тұмсығын салып сіміре бастайды. Мұның танауының астында жыбыр-жыбыр, жымың-жымың күліп көл суы емес, жер мен көкті түгел алып ала шабыр аспан жатыр. Ақ қайраң көлдің түбіне төселген ақ жібек жабудай ақша бұлтты да сумен бірге жұтып қойғысы келгендей қанша кереленіп, емініп ішсе де, ақ қайраң көл таусылмайды, ақша бұлт та ақ қайраңның арасынан жылт-жылт сығалап қашып жеткізбейді. Көлден қанып ішіп, екі бүйірі сыздап, ыңқылдап, өріске қайта шығады. Біраз тұрып қарынын басады, сосын үйірінің арасына түсіп, әрлі-берлі шапқылап тоқ таратады. Ол сүйтіп тұяғының қышуы қанғанша шапқаннан, қарыны тойғанша оттап, шөлі тарағанша су ішкеннен басқа бақыт бар деп ойламайды. Ол түс көрсе де, түсіне туырылған ебелек, саумал көлдің түбіндегі ақша бұлт, үйірлестерінің жылт-жылт сауыры кіреді. Ол ызындаған бөгелек өзін шақпай асып кетсе де қуанады, үстіндегі жолаушының бұның сауырын дір еткізіп шошаң етіп көтерілген қамшысы осып өтпей, бәсең тисе де қуанады.

Екі аяқтылардың тақымына қанша түссе де, мінездеріне әлі түсінген емес. Міне, үстіндегі екі аяқты тақымын үсті-үстіне қысып, бұның өкпесін суырып әкелердей тыпыршып келеді. Төрт өрме қамшының өткір тісі шоқ басқандай қып оқтың-оқтың сауырын шағып алады. Әр жер-әр жерде көтермеде тұрғандар да тұсынан өткенде қиқу сап, қамшыларын бұлғақтатып, бақырып-шақырып бір көш жерге қуып тастайды. Алдына бір ат шығып кетсе, екі аяқты тақымын қысып, қамшысын шелтендетіп, әбден әбігерге түседі. Ал, бұл басқа аттардың алдына түскенмен жаны жай табатын ол бәрібір жоқ, алдында кетіп бара жатқан жылқылардың бәрінің алдына түс деп жанықтырылады. Бұған осы шабысы да ұнайды.

Дал-дұл жыртылған саф ауа мен екілене соққан қарсы жел жанына майдай жағып барады. Ал, үстіндегі екі аяқтыға мұның жанына не жайлы екені тіпті де керек емес, оған тек өзінің дегені болса болды. Оған тек өзінің көксегені керек. Онысын мынау жанықтырып үсті-үстіне тепкілеген тақымы мен жыландай шағып-шағып алатын жексұрын қамшысынан аңғарып келеді. Екі аяқты пақырдың өстіп жанығып-жанталасып жүріп, талай тамаша бақытты андаусыз қолынан шығарып алатынын, көңілінде қанағаты бар адамдарға жарық жалғанның рахаты мен ләззаты қашан да мол болғанын, соның бәрінен ашқарақ нәпсінің айтқанына ерем деп айырылып қалатынын, сол ашқарақ нәпсінің қырсығынан талай ұл құлға, талай жігер құмға айналып жатқанын, айтқанды істеп айдағанға жүретін төрт аяқты ол түгілі, бүкіл дүниедегінің бәріне күңіндей кіжініп, тоқалындай иемденетін екі аяқтылардың өздері де білмей күн кешіп жатқанына бейшара жануар қайдан түсінсін; әлгі бір қамшы деген пәлесі ұлпа санымнан тағы бір осып алмаса екен деп зәре-құты қалмай безіп келеді.

Дүниені топан су алғандай таң атқалы жан-жағынан сынаптай сусып жатқан мөлдір ауа, жарқын әлем кенет қой балшықтай қоңыр ала тартып лайланып кетті. Қапталдағы дүсір ұлғайып, оған тасыр-тұсыр тағы бірденелердің үні қосылды. Бажылдақ қарғыс, ойбай мен қым-қуыт айқай-сүрен жонынан мұздай тер шығарса да, сыр бермей тартып келеді. Манадан бері көз алдында ақ жалындай алаулап келе жатқан ақ боз арғымақ қайда кеткен? Алдына жаңа ғана түскен мына құла нағып аяғын сүйретіп қалған? Қалың аттың алдына бұл шығыпты. Соңындағы қиқу да қоюлана түсіпті. Қаракшы төбеден мана оралған. Енді алдындағы ана бір нар қоспақ жалдан әрі асса болды, бағанағы у-шу халық та көрінетін шығар. Нар қоспақ жалдың бергі бауырындағы күн жауса қақ тұратын қоңыр бытпылдың арасынан бес-алты атты шыға келді. Қасқыр қуып келе жатқандай қолдарындағы сойылдары несі? Шіркін, мынау нар қоспақ жалдан бір асса, ар жағынан Қыземшек төбе де көрінер еді, сосын мынау қым-қуыт айқайшудан да, көзіне ұрып келе жатқан өткір желден де, қос өкпесін езіп-жаншып бара жатқан тепкіден де құтылар еді. Қапталдан шапқандар бұған беттеп келеді. Артындағы қиқудың не қиқу екенін біле алар емес. Міне, қапталдасты. Алдына көлденендеп шыға берген бетін шүберекпен таңып алған құбыжық адам оңтайына ұстаған қара сойылды сілтеп қалды. Бұл бұрынғы қарқынымен ағып өтті, қара сойыл бұның сауырын жалап өтіп, қамшылар жақ қапталына қоңыр тақырдың қонын жырта дүңк ете түсті. Сол екі ортада бөксесіне ауыр соққы тиді. Қапелімде ет қызуымен сыр бермей тарта берді.

Қапталдасқандар қалар емес, енді екі жағынан да бірдей тақымдап келеді. Үстіндегі бәйгі баланың ащы ойбайы шықты. Бұның жон арқасы дір ете қалды. Сол екі ортада әзірейілдей қара шоқпар көзіне тағы бір көрініп, құлақ шекесінен салып өтті, ол қираң етіп құлап түсті. Таң атқалы көз алдын көміп келе жатқан қоңыр ала қоймалжың қақ айырылып, бағанағы жарық аспан қақ төбесінен бір жарқ етті де, артынша бір жып-жылы қара қоймалжың тұмшалады. Ол өзіне неге сойыл тигенін, мынау аламан-асыр айқай-сүреңнің соңы немен тынарын, бұл өлген соң екі рулы елдің ішіне қан қатып, бірін-бірі оқты көздерімен атысып өтерін, мынау қара шекесінен бастап қаптап жайылып келе жатқан ауыр зілдің аты ажал екенін — ештеңені білген жоқ, әлгінде ғана соңында келе жатқан тасыр-тұсыр бір түрлі алыстап кеткен сияқты болды да, кенет жым-жырт тынып қалды; қорқырап бір іш тартты. Өне бойында манадан бері асыр салып келе жатқан тентек қан құлақ шекесіндегі жараның аузына қарай жапатармағай ағып барады, бірақ есеңгіреп қалған санасы ол қызыл сұйықтың да тамшылап-тамшылап таусыларын сезуге де мұршасы келмей сөніп бара жатты.

Өзінің обалына осынша қалып, адамдарға не көрінгеніне түсіне алмай тағы бір жануар өлім құшты.

Қашан нар қоспақ жалдан топырлай шыққан көп жылқының түр-түстері анық байқалғанша бәйге төбенің басында тұрған халықта да ес қалмады. Аттар тас түйін боп шоғырланып алыпты. Оқшау, дара шыққан еш қайсысы жоқ. Өне нар қоспақ жалдан төмен құлап, әлі қурамай нәрі бойындағы қалың ажырықтан айдын көлдей ақ айранданып көрінетін тақыр ойға түсті. Бәйге аттардың екі қапталынан еміне шапқан аттылар бірте-бірте қала берді. Бәйге аттар енді-енді сараланды. Көтермешілер мен қуғыншылар жік ажыратқанда барып арғымақтардың ұзын ырғасы белгілі болды. Бәйгеге шапқан аттардың қарасы манағыдан көрі аздау сияқты. Шамасы алты-жеті аттың кейінде қара үзіп қалған түрі бар. Жұрт нар қоспақ жалға қанша тесіліп қарағанмен кейінде келе жатқан аттарды көре алмады. Аттар бәйге төбеге жақындап келіп қалды. Енді әркім өз атын анық ажырата бастады. Ең алдымен Байсалдың дауысы шығып кетті. Бәйгеге қосылған аттардың ішіндегі ең ақ шаңқаны соның ақ бозы еді. Мана әп дегенде суырылып алға шыққан-ды, жұрттың бәйге алады деп көп бәс тіккен аты да сол болатын. Енді міне қарақшыға жақындап қалған қалың топтың ішінен ол көрінбейді. Онымен күйрық тістесе кеткен құла қасқа ат та көзге түспей тұр. Әзірге бәйге басында — дүкенші Шүреннің күрең қасқасы. Бірақ о да соңындағы аттардан қара үзіп кете алмапты. Жұрт гуілдесе жөнелді. Сол екі ортада бәйге төбеге өңмендеп келіп қалған тас түйін шоғырдың ішінен бір сүмен

буырылы суырылып ілгері шықты да, күрең қасқамен қапталса берді. Жұрттың қиқуы көбейген сайын шабысты түзей түсті. Әне, күрең қасқадан құрық бойы озды. Ат қосқан байлар бұл кімнің жылқысы деп бір-біріне қарайды, жұрттың бәрі аң-таң. Атбегілер де пәлен күннің ішінде керме басына сансапат барып жүрсе де, тап бұ жылқы көздеріне ілікпепті. Міне, не де болса бәйге төбеге дараланып келіп қалды. Сол арада қалың топтың арт жағынан: «Көрінді ме? Көрінді ме?»— деген дауыс шықты. Жұрт жалт қарады. Таң атқалы нар қоспақ жалға телміре-телміре жалығып кеткен соң, бағана: «Әй, қызынды ұрайындар, ақыры бір шығарсындар!»— деп қолын бір сілтеп, етектегі ауылға қымыз ішуге кеткен Есен екен. Ауыл сыртынан қиқу шыққан соң о да елпендеп салып келеді. Жұрт тағы да ду күлді. Есен ақ тер-көк терге түсіп, төбенің басына шыға келіп еді, мәреге құрық тастам жерге келген буырыл атын көрді. Тымағын аспанға атып, айқайлап жіберді. Аңырып тұрған халық сонда барып есін жиып, сең соққандай теңселіп кетті. Жұрт жапа-тармағай буырыл атқа қарай лап қойды. Қарақшыға екінші боп жеткен күрең қасқа келген бойында ұшып түсті. Дүкенші Шүрен ойбайын салып, қасына барса, белдік тартпасы шап етіне бес елі кіріп кеткен, әлдекім мана тартпасын іші-бауырын арқа омыртқасына жабыстырып жіберетіндей қып, тым қатты тартыпты; ұзақ жолда демі таусылған жануар ауызынан ақ көбігі ақтарылып, бәйге төбенің басына жете сұлады. Қарақшыға оралған аттардың ішінен өз жылқысын көре алмаған ауылдар мән-жайға енді түсініп ойбайға басты. Бәйге төбенің басы у да-ду.

Таң атқалы көк жорға аттың үстінде шалқайып отырып, сонау нар қоспақ жалға манаурай қараған Балпан бай, қапелімде не болып қалғанына түсіне қоймады. Қазыларды іздеп еді, олар сонау опыр-топыр жұрттың ішіне кіріп кетіп, көзіне түспеді. Әлденеге ентелескен жұрттың соңынан бұ да барып еді, ештеңе көре алмады. Сол екі ортада жаңа бәйгеден озып келген буырыл атты жетелеп қазылар шықты, сондарына есірік Есен еріпті, жапырық бөркімен маңдайын оңды-солды сүйкей береді. Буырыл аттың тізгіні қазыларда, есірік Есен қыл құйрықтың ұшынан уыстап ұстап, шөпітіп-шөпітіп сүйіп қояды. Балпан бай мына буырыл атты көрген. Қарашекпен жабуы бар, ылғи ауылдың шетінде жаңғыз қаңтарулы тұрушы еді. Қазылар бұған қарап бірдене дейді. Не деп тұрғандарына түсінсе не дейсін! Жұрт азан-қазан, естіртпейді. Біреулер аттарына мініп, сонау көз ұшындағы нар қоспақ жалдарға қарай шауып ала жөнелді. Асанбай хазірет қасына жақындап, тізгінінен ұстады, қойнынан құран шығарып көрсетті. Балпан бай әлденеге жүрегі суылдап, көз алдына қаншауып, жан-дәрмен көк жорғаның жалына еңкейді. Со-

сын қайтың төйіректе не болын, не қойың жатқанын білген жоқ.

Қара буалдыр қапырық мұнардың ортасында ұзақ жатты. Бір уақыттарда барып ауылды дүрліктірген азан-қазан жылаудан басын көтеріп алды. Ажар отырған ақ үйде әйелдер дауыс етіп жатыр. Бәйге төбенің басындағы топыр тараған. Екі төбенің ортасындағы қасқа жыраның бойынан қазулы көрдей аранын ашып жер ошақтар қарауытады. Көленкеде кілем үстінде жатқан бұның қасында бір топ ақсақал үркердей боп үрпиісе қалыпты. Анадай жерде қақпа шекпен жапқан буырыл атының қыл шылбырын ұстап Есен тұр. Есірік неменің екі езуі құлағында...

ХАНША-ДАРИЯ ХИКАЯСЫ

Бұл өзі әлде шындық, әлде өтірік,
Ақиқатын білетін адамдарды
Жіберген уақыт өзі көрге тығып.

Еркін Ібітанов.

...Шығыс Азиядағы бір өзенді қытайлар Хуанхэ — Сары өзен, тибеттіктер Мачу — Қызыл өзен, манғұлдар Хара-Мүрэн — Қара өзен деп атайды. Ал, енді оны Хатын-Гол — Ханша-дария десеніз бәрі де түсіне қояды.

Неге олай?

I

Күз таңының сұйқылт суық нұры шатырдың ішіне енді-енді жайыла бастағанда ол ұйқыдан оянды. Бүгінде таңертең төсектен тұрғанда таңдайынан дәмі кетпей тамсанып отыратын баяғы балқаймақ ұйқы жоғалған. Жан-жағындағы сатыр-сұтыр ат дүсірін де естімей, ердің басына қамшынды тіреп, маңдайыңды соған қойып, сәл мызғысаң, қыз қойнынан өргендей көңілің бүрлеп сала беретін қунақылық та ұмыт болыпты.

Күнде жатарда жеті кісіге қаратып, жеті әйелге қайта салдыратын құс мамық төсекке алғаш жатқанда, әлгі ауыздарының суы құрып, айта беретін пейіштерінің де тап осыдан артықтығы шамалы шығар деп ойлайтын. Қазір суық тиеді. Сол қомағай жібектің мұз боп қарығанынан құдды бір суық жердің қойнына кіріп жатқандай тұла бойы түршігіп, біразға дейін көз іліндіре алмайды. Онсыз да ерғашты көңілі бетімен лағып, әр нәрсені бір ойлап, зорға ұйықтайды.

Кәрі жүрек көп қуана бермейді. Бірақ әр күн сайын таңертең төсегінен тағы да тірі өргенін көргенде қалай да көңілденеді. Қызметшілерін шақырмай тұрып, ешкім жоқта тамыр-тамырының бәрі андап-андап тұрған тарамыс қолын бүгін көріп отырғандай тесіле қарап шығады; асыл жүзік салынған он саусағын түнде ұйықтап жатқанда біреу қырқып әкеткен жоқ па деген кісіше, әр қайсысын жеке-жеке сала-лап көреді.

Бұл асыл жүзіктің әр біреуінің өз тарихы бар. Мынау ақ маралдың қарға тамған қанындай нарт лағыл Бұқараны шапқанда түсті. Ол кезде қазіргісінен әлдеқайда жас еді. Сардиган сар даланың төсінде көң қотырдай қонырайып көрінетін қаракұрым шаһарлар көзіне шалынса болды, қалың түмендер суға шапқан киіктей жөнкіліп, лап қоятын.

Аппақ шаң аспанды лайлап, жерді ойып жіберетіндей қалың дүсір құлағына шалынғанда, делебесі қозып, тыпыр-

шып, ауыздығымен алысып кететін шағыр атының дікектеген басын еркіне жібере жаздап, зорға шыдап отыратын. Бір жағы — Жейхунның жойқын лайы, бір жағы — білем-білем күм шағылдың ортасында алапес тигендей оқшау көзге ұрып тұрған әлеміш шаһардың қамалын бұзып, ішіне кірген соң, көк күмбез мешіттің табалдырығына қарғып шығып, соңындағы қолына айқай салған-ды.

— Шалғынды шауып алдық, енді аттарды еркіне жіберіңдер!

Сол-ақ екен манадан бері жау жағаласпен жүрген көк найзалар үй-үйдің сығырайған шайтан көз әйнектерін түртіп, гүрзілер есік бұзды; қайқы қылыштар бала-шағаның, қатын-қалаштың, кәрі-құртанның желкесіне төнді. Қынаптан суырғанында оқ жыландай ысқырынатын жылмаң қылыштың зәрлі ысылың сыбызғының сазынан бетер құныға тындайтын сарқаптал, қанды балақ, құзғын көз, қырғи жүрек сарбазға жаутандаған жанарлар мен кемсендеген иектерді, дірілдеген қолдар мен дірдектеген сирақтарды көргеннен артық ләззат болушы ма еді? Қан жұқпаған қанжардан не пәтуа, қан жұтпаған еркектен не пәтуа, қаймықтырмаған қаһардан не пәтуа!

Әлгі, әншейін, жердің бетін көл-жоса қып көміп кеткен қара қан — жеңістің айғағы емес; жеңістің айғағы — жылты қашқан көздер мен сұрқы қашқан сөздер. Дұшпанның һарам қанына белшеден жүзсең де ол мүсәпір болған жауыңның жаутандаған көзінен ытқып шыққан бір тамшы ыстық жасты өз көзіңмен көргеніндей болмайды.

Бұның қай соғыстың соңынан да, қолға түскен тұтқындарды өзі жүріп, тінтіп шығатыны да сондықтан. Қашан жоса-жоса боп аққан көз жасын көргенше, екі қолы артына байланған тұтқындарды әкелдіре береді, әкелдіре береді. Көз жасын көргенде барып, мынау үнсіз тергеуін оқыс тияды. Алда-жалда ешкімнің көзінен жас көрмесе, шаһардан да сау-тамдық жұрнақ қалмайды. Шабылған елге шабынған ер емес, мөлтендеген көз жасы ғана араша болмақ.

Бұқараны шапқан күні кешке қарай, қол басылар бұның шатырына талауға түскен шаһардың талай қызын саудагердің керуеніндей көзінен тізіп алып келді. Шаһар әкімінің қатыны бұл отырған сары ала шатырдың босағасынан басын имей аттады. Екі босағада тұрған екі жасауыл такаббар қатынның аспандай қараған асқақ басына қылыш апара бергенде, бұл ымдады. Екі жасауыл әйелді қақ алдына әкеліп, жер тізерлетті. Зиялы қауымның ортасында жарық жұлдыздай жарқырап қалған асқақ әйел бұны қорашсынды ма, әлде ерінің намысы мен елінің аруағын сыйлағаны ма, — әйтеуір басын имей мелшиіп отырып алды. Екі жасауылдың күштеп жер тізерлеткенін, бұл оның бас игені емес екенін көрсеткісі келген болу керек, көкке қарап, қолын жайып, ерінің жыбыр-

латып дұға оқиды; сонда әлгі тізе бүккені аллаға ақырғы мінажат қылғаны болып шықты. Қайсар әйелдің амалсыз жерде айла тауып кеткеніне бұл іштей сүйсініп отыр, әйел аппақ қолын жүзіне апара бергенде, сүйріктей саусағынан қызыл шоқтай лағыл жүзік жарқ етті; ол біраз уақыт көзін жұмып, ерінін күбірлетіп, екі қолын бетінен енді ала бергенде, жасауылдарға ишара қылды.

Көк желкеден төнген қайқы қылыш сүйріктей-сүйріктей он саусақты қу жүзгеннің шырпысындай қыршып түсті. Такаббар әйелдің қайқы еріндері оқыс жымқырылып, мәрмәрдай аппақ жүзі ду ете қалды. Тостағандай-тостағандай екі көзінен секіріп шыққан екі тамшы етегіне домалады. Әйел қайтадан қу шүберектей боп өңі қуарып, сазарып алды.

Жарты әлемді қау шөптей жапырған бұның алдында да айылын жимаған қайсар қатынның лағыл жүзігі содан бері бұның қолында. Жеңіс бермеген әйел өрлігінің ескерткішіндей ескі көз.

Ал, енді мына біреу — Отырарды алғанда, ойда жоқ жерде көк желкесінен тап беріп, басын балтамен шауып түсіре жаздаған кәрі ұстаның өңін от алып күнгірт тартқан сіркелі күміс сақинасы. Анау — Самарқанның аспанмен арбасқан сайқал мешітін шапқанда, михрабта мінажат қылған қалпын бұзбай отыра берген діндар мұсылманның меруерт сақинасы. Сұқ қолындағы Қап тауында бұның көзі түскенін байқап қап, сұр мойнақ арғымақ атының кеңірдегін бір-ақ орған ерегіспе ер жігіттің шынашағынан алынған үр тас. Бұл өз алдына келгенде қаймықпаған адамның қай-қайсысының да жүзік-сақинасын кесіп алып тағып жүр. Адамдар неткен көзсіз, неткен өжет. Тап бұдан айбынбайтын адам шанда-шанда бір жолығар деп ойлап еді, ондайлардың тек сақина-жүзіктерінің өзі бірнеше керуенге жүк болды. Бұл өрлік пен ерлік түгілі мешкейлікті де, дүние қоңыздықты да жеңе алмады. Термездің базарында бір саудагердің бұны көргенде жалма-жан саусағынан жүзігін шешіп алып, жұтып жібергені бар. Бұл қасындағы сарбазға тап сол бойда мұнша дүниеқоңыз саудагердің ішін жарғызып, жүзікті таптыртып алды. Мына біреу күлгін жақұт сол.

Бұның әскері өткен жерде неше мың адамның саусағы қырқылды! Сол бір топар қолдардың ұзын-ырғасы қанша болғанын жүзік артқан түйелердің санына қарап санайды. Осынша жанықас топар қолдардың дәл қазір бұған жеңгізбегені рас. Бірақ бұл артынан әскеріне қолы топар кісі көрсендер, әйел болса — қарынын жарып, жатырын алып тастандар, еркек болса — ұстап алып, ақта қылып жіберіндер деп жарлық шашты. Бас имеген топар қолдардың тұқымы өздерімен құриды.

Бұл салған ойран-бүліктердің тұсында тек басын баққан-

дардың ғана қол-аяғы сау қалады. Басын баққандар тек басын бағатындарды туады. Сөйтіп, бұдан былай дүниеде тек басын бағатындар ғана өмір сүреді. Басын бағатындардың мойын-омыртқа сүйегі осал болады. Сосын бұл, бұның анау Шағатай, Үгедей, Жошылары, олардың жер бетінің түкпір-түкпірінде өсіп-өрбитін шашыранды тұқымдары өншен құрттаған шыбыштың құйрығындай шыбындаған бастарды ғана көреді. Шыбындаған бастар маңайында не болып, не қойып жатқанын жөнді көре алмайды. Олар сөйтіп тек бастан ғана емес, көзден де айырылады. Бұның тұқымына бас пен көздің қажеті шамалы, жыбырлайтын аяқ пен қимылдайтын қол табылса болғаны.

Ол он саусағындағы сақиналардың аман-есен орындарында тұрғанын көрген сайын көңілденіп сала береді.

Бүгін бір түс көрді. Түсінде енеден туғандай тыр жалаңаш, қардай аппақ еті бар, ай десе ауызы, күн десе көзі бар бір сұлу мойнына оратылып, құшып жүр. Түсінде көңілденгендіктен бе ұйқыдан да жадырап оянды. Мынау шаршы дүниенің төрт бұрышының сұлулары түгел бас қосқан гаремінің есігіне бас сұқпағанына да біраз болып барады. Қартайайын дегені ме, солардың көбінің аты-жөнін ұмытып та қалыпты. Соңғы кезде алыс жорықтан жүріс өтіп кетіп, сыр алдырып алмайын деп, ешқайсысын қасына шақыртпағанды; түсінде жалаңаш сұлу көріп жүргеніне қарағанда, шамасы, әлі де бір түндік қауқары болғаны ғой.

Ол Касар мергенді шақыртып түсін жорытып алайын деп бір оңтайланды да, сосын өмір шіркіннің өзі де көрген түстей емес пе, қай түсіне нанарсын деп тағы ойлады. Баяғыда құғын көріп, ел асып, жер асып жүргенде бір қуыста ұйықтап жатып, түсінде айдалада құрап қалған өз қаңқасына құзғын қонып отырғанын көріп, шошып ояғаны бар. Бірақ арада ай өтпей жатып, ақ киізге көтеріп, хан сайланды.

Қонырауын шылдыратып, есік алдындағы жасауылды шақырды. Оның әкелген киімі мұп-мұздай екен.

— Бұнысы қалай?— деп сұрады.

— Бүгін түнде қар жауды,— деді жасауыл.

Ойына жыл сайын қан сонарда қасына Касар мергенді ертіп, аңға шығатын әдеті түсті.

II

Аңға шыққанда қашан да Касар мергенді бір елі жырақ жібермей, қасында ұстайды. Мергендердің жақын жүргенінен алыс жүргені қауіпті, мерген еместердің алыс жүргенінен жақын жүргені қауіпті.

Жатаған болса да, жауырыны қалақтай шағыр атының осы көлдария көшелілігін ұнатады, Көшелі аттың үсті өз

үйіңнің төріндей; тұрқы келте ат мінсең, құрдым құздың ернегінде тұрғандайсың.

Бүгін күн тіпті тамаша екен. Алыс қырандар ала балақтау, ойға қар тегіс түсіпті. Көзіңді көлегейлегенімен дүниенің бәрін жұмсартып, балбыратып жіберетін іркілдек сүт тұман төңіректі түгел перделеп, кілкіп тұр. Қос ат сол енді ұйып келе жатқан сүт кілегейді кеуделеп жыртып, жымысқы жықпылы көп жермешел таудың қойнауына енді. Қасындағы нөкерін аңды үркітпеске, тынышын бұзбасқа, тек алыстан бас-көз боп жүруге, кейінірекке тастап кеткен.

Қасар мерген бұның ел-жұрттан безіп, тау мен тасты паналап жүргенде қасына ерткен жолдасы еді. Онда мерген бұдан қаймықпайтын. Елсіз тауда екеуінен басқа жан жоқ болған соң, бір-бірімен емін-еркін сөйлесе беретін. Әккі аңшы ұлы билеушіге талай-талай атып алған киігін тасытып, тезегін қалатып, тамағын пісірткен-ді. Артынан өзі хан болып сайланған соң ол алыс тауда жападан-жалғыз жүретін аңшы досын қасына алдырды.

Қасар мерген сары ала шатырдың ішіне кіріп келгенде, қақ төрде шалжиып отырған бұны көріп, екі қолын бірдей созып, ентелей ұмтылды; кірген беттен сампылдап сөйлеп, саңқылдап күлді. Шатыр ішіндегілер: «Апыр-ау, мына неменің есі дұрыс па?» — дегендей, көздерінің аласымен қарап, айранасыр болды.

Арада екі-үш күн өтпей жатып, аңшы досы шатырға тағы келді.

— Сый-сыяпатыңа тәңірі разы болсын, тауыма қайтам, — деді.

— Тауыңда нең қалып еді? — деп сұрады бұл.

— Әй, билеушім-ай, сен нені білейін деп едің. Жақпар тастың арасынан шалқи соққан желде қу тезектің түтінін иіскеп отырып терлеп-тепшіп ішетін арқардың күйік дәм сорпасын сағындым, жамбасымды қыз-қыз қайнатып, қыдықтап жататын аю терісі бөстегімді сағындым, екі аяқты отқа қалап, емін-еркін қақырынып-түкірініп отыратын қара лашығымды сағындым, — деді.

Сонда бұл қарқылдап күлген-ді. Қасар мерген бұртиып, ләм-мим деместен сырт айналып шығып кетті. Бұл сары ала шатырдың есігін жұлқып ашып шығып бара жатқан досының артынан көзінен жас аққанша, ішін басып күле берді, күле берді. Сонда шатырында отырған өңшең игі жақсылардың бұлардың қайсысының есі ауысқан дегендей, екеуіне алма-кезек жалтаң-жалтаң қарасқаны әлі есінде.

Бір күндері сусылдаған сары жібек шатырдың ішінде қараптан-қарап отырып өзі пұшайман болды. Қаншама үлде мен бұлдеге оранса да, омырауына төскейдің қоңыр салқыны тимеген соң, үсті-басы ду-ду қышитынды шығарды. Ондайда

жалма-жан саусақтарын көкірегіне көсіп-көсіп жібергелі қолын көтеріп алған бойы, көздері бір өзіне қадалған шонжарлар есіне түсіп, көсе негіне үрке біткен екі-үш жирен түкті қышыр-қышыр үйкелеп, қолын кері тартып әкететін-ді. Күні бойы бұл шатыр толы шонжарларды аңдиды, олар бәрі жабылып бұны аңдиды. Тақтың тауқыметін сонда аңғарды. Қасар мергеннің тауға неге қайтқысы келгенін де сонда түсінді. Қасындағы мызылып-сызылғандар әбден мезі қып бітті. Қажет десе қалжындасып шек-сілесі қатқанша күле де алмайды. Бұл әншейін езу жиырса, олар шетінен күлімдеп қоя береді, ал енді жазатайым қарқылдап күле қалса, көздері тас төбелеріне шығып кетеді. О жазғандар езулері желімделіп қалғандай тек жымығанды ғана біледі.

Ондай ерігіп кеткен сәттерінде бұл атын алдырып, түмендерді аралауға шығады. Әскерін аралап жүргенде, түмен басыларының шатырына түспей, шолғыншылар қосы тұратын қарауыл төбенің басына барып ұйықтайды.

Қарауыл төбені шырқ айнала түнгі аспанның жұлдыздарындай әскер қостарының оттары құжынайды; төбеде — жер қайысқан қалың қолдың ығы-жығы қостарының отындай жұлдыздар самсайды; біреулері әлі маздап тұрса, енді біреулері жер ошақта қалған қозадай солғын бозарады. Баурайда аттар пысқырады. Қостардың басындағы сан қилы сөздер, сан түрлі дауыстар араласқан алашабыр жабыр-жұбыр әңгімені қырдың түнгі самалы біресе қағып әкеліп, құлағының түбінен самбырлатса, біресе талықсытып, түү-түү алысқа, шалғайға алып қашады. Ара-тұра жел жақта жайылып жүрген жылқылардың мұрын жарар күлімсі иісі мұнкі ете қалады. Ащы тер, қажымас қайрат, алыс жорықтардағы сан қилы жолдардың шаңы, сан қилы шөптің нәрі ию-қию араласқан сол бір иіс — мынау маужыраған бейқам түнді серпілтіп кететіндей сергектіктің, сақтықтың, бұл маңай қанша жайлы, қанша рахат болса да, ертең тағы жорық барын, алда талай азапты кешу, арпалыс тұрғанын сездіріп, бір түрлі айбындырып тастайтын қатыгез рухтың қаһарлы сесіндей.

Аспан мен жердің ара-шегі жойылып, төңіректегі тұтасқан қалың мұнар мен жымындасқан оттарды көргенде ол жер басып тұрғанын ұмытып, сонау көз ұшында еміс-еміс жымындасқан жұлдыздардың ортасындағы хақ тәңірдің өзіне айналып кеткендей сезінеді. Сонау төбесіндегі, мынау іргесіндегі жыбыр-жыбыр көп от бұған тауап етіп жатқан көп ғарыштың жалбарыныш шырағындай; оларды осылай моншақтай тізіп маздататын да, бір үпіріп өшіріп тастайтын да құдірет тек өзі сияқты.

Осылай аспан мен жердің арасына сыймай, кеудесін кернеп, алып-ұшып бара жатқан желкілдек көңілін су сепкендей

баса қоятын да әлгі бір келте самалға ілесіп мұңк ете қалатын күлімсі сілті иіс. Ол иіс бұның танауына мынау көкірегіңді, кеуденді шайып жатқан саумал ауадан бетер жағады. Ат қосшыларын шақырып, төбенің басына ақ шаңқан киіз жайғызып, төсек салдырады, жел жағына өзінің ер-тұрманын қойғызады. Төсегін шыр айналдыра жылқының қылынан жаңа есілген қыл арқан тастайды. Жылқының тер иісі мен қылтанақ қылынан қашпайтын мақұлық жоқ көрінеді. Қараңғы түнде үрей тудыратын ібіліс-пәлекеттер де айғыр жылқының ащы тер иісіне жуйи алмайды деседі. Бұл осындай қара түнде қапысын тауып кете ме деп қауыптенетін оқыс пәлекеттерінен жылқының күлімсі иісімен қорғанады да, жұмыр бастылар тарапынан келетін қатерден шыр айнала қоршап алып, таң атқанша кірпіктерін бір ілмейтін қырық жасауылы қорғайды, ал алда-жалда олардан келер пәле болса, оны әрі құралайды көзінен ататын мерген, әрі қараңғы түнде құмырысқаның жорғалағанына дейін сезе қоятын саққұлақ аңшы Қасар досы бір өзі көріп алады.

Бұл қанша қаннен-қаперсіз ұйықтап жатса да, таң сібірлесе болды, біреу түртіп оятқандай төсегінен атып тұрады. Қалың қос тегіс оянып болғанда, ол ат үстінде жүреді. Қапелімде оның қайда түнеп шыққанын да өз нөкерінен басқа ешкім білмей қалады.

Әскерді аралай берсе, тіпті де шаршамайтын түрі бар. Бірақ қайта-қайта қостарына соғып, қайта-қайта табақтас бола берсем, қауқылдасқан қалың қолды бойыма үйретіп алам ба деп қорқады. Тіпті түмен басылардың да шатырына отырып жарымайды; қонақасы әзірлеп қалбандасып қалған талай қосқа тоқтамады да. Әскер басыларын өз шатырына аз жинайды. Көбіне біріндеп шақырып, жеке мәслихаттасады. Түмен басыларын айда-жылда болмаса, көбіне-көп бір-бірімен көзіктіре бермейді.

Өз шатырында болатын ұлықтарға да барынша іш алдыртпауға тырысады. Бұның мінез-құлқына бой үйретіп, сыралғы болып алғанын байқаса, дәреу шатырдан аластаудың қамын ойлайды. Шатырдан аласталғандар содан қайтып бұның көзіне түспейді. Сондықтан да шығар бұның шатырында қызмет атқаруға жұрттың тап онша құлқыны құри қоймайтын тәрізді.

Дүниеде билеуші атаулы бет-ажары келіскенмен, денесінде тыртығы бар сұлу әйелмен бірдей ғой. Әлгіндей әйел сыртынан алдына келген еркектің құлқынын құртып, құмартқызып отырғанмен, ішінен әлем-жәлем боп, қорынумен болады. Сұлулығыма табынған еркек денемдегі мінімді біліп қоймаса екен деп қуыстанады. Өйткені, әлгі міні әйгілі болған күні сұлу аты да құриды. Билеушілер де сыртымен ықтырып отырғанмен, ішінен сескенеді, бағыныштысын бойына дарыт-

қысы келмейді. Ал, сарай маңының сабылмаларының да нәпсіқор еркектердей қашан барлық гәпті біліп болғанша өліп-өшетін ежелгі әдеті бар. Сондықтан да бұл бағыныштысының қасы мен қабағын алдымен өзі андиды; егер ол алда-жалда мұның бір сырына түсініп қалса, дереу көзін құртады. Әйтпесе, өзіне қауып. Өйткені, билеушінің тағдыры да, сұлу әйелдің тағдырындай. Қай күні жұрт оның ісі мен қылығына танданудан қалса, сол күні оның да дәуренінің өткені.

Ол талайларды тамсантумен келеді. Әуелі өзімен қырғи қабақ болған ағайындарын алдап таңырқатты; олардың ауыздарын алып алған соң, дереу бастарын жалмап таңырқатты. Сосын біреуді орынсыз мадақтап, біреуді жазықсыз жазалап таңырқатты. Ол үшін істегенін жұрттың мақұлдаған-мақұлдамағаны бәрібір, әйтеуір таңырқаса, танданса болды. Қайта оған сол жұрттың құптағанынан гөрі ұқпағаны керектірек. Ол шатырына ойындағысын айтпай танып отыратын сұңғылаларды жуытпайды, не істесе де таң-тамаша қалып отыратын жұмыр түйсік, маубастау адамдарға көбірек үйір. Қасынан Қасар мергенді тастамайтынының да бір себебі сол. Қасар мерген құм үстінде құмырысқа жорғалап келе жатқанын сыбысынан біле қоятын аңшыл, бірақ жұрттың не ойлап, не қоятынында атымен жұмысы жоқ. Оның үстіне хан отырған сары ала шатырдан гөрі қасқыр мен сілеусін қаптаған құз-қия шатқалдарға құмар. Ол өзгелерді сәл нәрсе үшін жер қаптырып жататын қатыгез ханның өзіне елден ала бөтен неге қаны қата қалғанына қашан да қайран. Қасар мергеннің осы күнге дейін жыланды тірілей жұтып, шоқ шайнайтын тибет көз баушысы Эрен мен өз әміршісінің осы мінезіне түсіне алмай таңырқаумен өмірі өтіп барады. Әлгі бір ұлы әміршінің басқан ізін жырға қосып, дастан қылып отыратын ақындардың өлендері оған әуелі әншейін жел буаз сөз сияқты көрінетін еді, қазір оларға да ынт-шынтымен үйитын болды.

Мінекей, Қасар мерген қасында, төңірегіне құлақ түріп, тың тыңдап келеді. Түнде қар жауған соң, бұйығып қалған аңдар әзір бой сергіте қоймаған. Андау-андау араны көп қара шатқалға енді жетті. Жақпар тасқа өрмелей өскен қарағай мен самырсынды қар көміп алыпты. Сәл лып еткен лептен сүмелек қар сусып төгіледі. Қан сонардың мамық мұнары да сейілмепті. Күн жылы. Екі ат шатқалдың шатқаяқ жолынан аяқтарын санап басады. Барған сайын бұлтарыс көбейіп, жол қиындай түсті.

Қапталдан тау өзені жолықты. Сайдың сонау тұңғық табанында ұлпа қарды жидіте тіліп ағып жатқан қап-қара судан бу бұрқырайды. Сай бойындағы әлдебір тасқын желкелеп айдап әкеліп тастаған шомбал-шомбал қой тастар келте тонынан бөксесі көрінген алыптардай үсті ағарып, асты қарауытып, дөңкиіп-дөңкиіп жатыр. Анандай лепіре, лекілдеп ақ-

қан тентек ағынның қасында, жол бойында мерткікен аттай теңкиіп жатқан неткен ерсі. Өмір де осы бір ескі арнаның алдамшы ағынындай. Сонау қырық үйіріліп, бұрқырап-сарқырап жатқан ақ түтек су осыдан қай жерлерге дейін барады. Жауды жапырып, жөңкіген қолдай өңмендеп аға береді. Қай құздан бас алып, қанша жартасқа айбат шегіп, қанша қой тастың басынан қарғып өткенімен жұмысы жоқ. Осы бетімен лағып барып, шалқып жатқан шалқар айдынның құшағына еніп, із-түзсіз жоғала ма, жоқ жол-жөнекей құмға сіңіп құри ма — оны да ойламайды. Сыңайы, осы бәр-бәрімізді өңмендетіп қойған өмір шіркіннің өзі де, түптеп келгенде, тап осы ағын судай баянсыздық, сылдыр-сұйық патуасыздық шығар.

Ағып суға, әйтеуір, аққан мұрат болса, өмір шіркінге де, әйтеуір, өткен мұрат. Адам пақыр да ағын суда жан жағынан ықтырмалап, тықсыра қуған толқынның жойқын пәрменінен жаны кіріп, делебесі қозып, делбендей беретін қу жанқа тәрізді ғой: о да басын тасқа ұрып, суға ұрып жөңки беретін көп нөпірдің ішіне бір түскен соң, алды-артына қарап жарымайды. Ол пақыр да мынау желкелеп қуған нөпір тірліктің баянсыздығын, өз қарекетінің патуасыздығын анау жағаға шығып қалған қой тастай сазға отырған күні бір-ақ біледі. Бірақ енді кері ағатын су, қайта бастайтын дәурен жоқ. Сол жеткен жерінде зорыққан нардай мәңгі-бақи шөккенің; сол арада су шаяды, жел қағады, тозасын, тозаңға айналасың. Бағзыда асқар таудың бір шыңынан үзіліп түскен жұмыр тас күйіңе қайта орала алмайсың: жолағанды кесіп кетер өткір пышақтай қырың болса, су шайып, жел жалап тегістейді, зіл батпан салмағың болса, бір күні күзді күнгі қаңбақтай қаңғалақтап қалғаныңды өзін де байқамайсың.

Пенде біткеннің бәрі де әлгіндей пенде екенін қашан бетінен әр, бойынан әл кеткенше біле бермейді. Баяғыда өзін ақ киізге көтеріп хан сайлаған пенделер талай әміршіден ауыздары күйсе де, мұның ертең не істейтінімен шаруасы болды ма? Жоқ. Тек бір-екі ру басы, олар да әншейін пенделікке басып, бұдан сырт айналып безіп кетті. Бұл сонда: «Пенде екенің рас болса, еміннің не екенін мен де білемін», — деп қалған. Артынан басқа пенделерді ауызына қаратқан күні, оларды соңынан қуып барып, ауылдарын шауып талапайға салып, қара қан жұтқызып қайтты.

Содан бері мынау аспан астының біраз жерін көзімен көрді. Талай әміршінің ақ ордасына атын сарытты. Соның бәрі бұның қаһарын асыра түсті. Бүгінде оның атын естігенде әзірейілдің атын естігендей шошынбайтын пенде кем де кем. Сұлу өзінің ажарын, батыр өзінің қайратын, шешен өзінің тілі мен жағын қандай қызықтаса, бұл да айбарын, қолындағы өктем билікті сондай қызықтайды. Сұлу өзінің ұнағанынан, батыр өзінің жеңгенінен, шешен өзінің сөзінен қандай ләззат

алса, бұл да ел біткенді бағындырып, жұрт біткенді қалтырататын қаһарынан сондай ләззат алады.

Ол осылай өзінің айбынын қызықтап, аспан астын түгел жаулап алам деп, ел асып-жер асып жүре берер де еді; сонау үнді мемлекетінің терістігінде бір шаһарды шапқан күні түс көрді. Көк күмбезді көп шаһарды шаңын қағып, шағып бітірген соң, қыран жапқандай той қылды. Тойдан кейін шатырында жатып, бастығырылды.

Айналасына алақ-жұлақ қарайды, тұла бойы қорғасынмен қаптап қойғандай, қозғалтпайды. Шатырдың алдындағы жасауылдарды шақырайын десе, дауысы шықпайды. Төсегіне, ту сыртынан желім құйып тастағандай тырп ете алмады. Бір уақытта сары ала атылас шатырдың ауызғы шымылдығы ақырын сусып көтерілді де, астынан әлдекім сып етіп ішке кірді. Тұла бойы түп-түгел қара. Бетін де қара пердемен көлегейлеп алыпты. Мысық табандап бұның төсегіне қарай жақындап келеді. Міне, екі-ақ адым жер қалды. Бейуақтағы бейсаубат қонақтың оң иығы қимылдағандай болды. Аяғының басына дейін малынып түсіп тұрған қап-қара киімінің өңірінен алмас қанжар жарқ етті. Бұның сол баяғы қыбырсыз қалпы. Бейсаубат адам қайта қозғалды; міне түп-тура мұның қасына кеп тоқтады. Үңіліп бетіне қарады. Қолындағы алмас қанжарын баппен созып, көкірек тұсына тақай берді. Қағып жебірейін десе, қолы қимылдамайды. Ақ алмас жалаң-жалаң етеді. Манадан бері не болса да артын күтейін, әмірші басыма ар болатындай асығыс қылық жасамайын деп сабыр жиып жатқан санасы оқыс шайқалып, жан дауысын шығарып, айқайлайын десе, үн оралмай, тек иегі ғана кемсең-кемсең етті. Дәл кеңірдегіне тіреліп тұрған суық қанжар мұп-мұздай боп, омырауына сылқ құлады. Бейсаубат адам енді мысық табандап есікке беттеді. Атылас шымылдықтың бір шетінен ұстап тұрды да, артына бұрылды. Бетіндегі пердені түрді. Өні таныс тәрізді.

Осы бір өндірішегі сорайған, сығыр көз, сіңір сарыны қашан көрді, қайда көрді? Анау жез қияқ мұрты мен шошақ сақалын да күнде көріп жүрген жоқ па еді? Қой көзі садақ атып, нысана көздеп тұрғандай індете қарайды. Құдды бір жолбарыспен арбасқандай, жанарын жартылай жасырып, сығырайып тұр. Дүниедегі ең айбарлы қарас осы. Алдына келген адамға осылай қарасаң зәре-құты ұшып қорықпағанмен, өзінен-өзі қуыстанып, қаралай діңкесі құриды. Осылай қарасаң, ешкім саған бой үйрете алмайды. Алдына келгенде амандық-саулық сұраспай, әуелі тап осылай бір тінтіп шықсаң, не бір жүрегінде жүні бар деп жүрген ерлердің өзі арбалған торғайдай абдырап сала береді. Сосын абдыраған кісіге шынын айтқызу, әмірінді орындату бәрінен оңай. Сөзден бұрын көзбен тергеп алу мұның қашаннан бергі әдеті.

Бейсаубат адам енді, міне, бұның өзін тінтіп, тергеп-тексеріп тұр. Арғы-бергінді түгел көріп қойғандай. Өне көкірек тұсы тағы қимылдады. Мұның жон арқасы қайта мұздап қоя берді. Тағы да қанжар шығарады екен деп қорқып еді, ол иығындағы малынған қара киімін шешіп тастап, шымылдыққа беттеді. Үстінде аю терісінен жасалған кеудешесі бар. Тани кетті. Мынау, апыр-ау, өзі ғой. Баяғыда соңына шырақ алып түскен дұшпандарынан жасырынып, тау ішінде Қасар мергенге еріп қашып-пысып жүргенде тап осындай еді ғой.

Кеудешесі бар адам атылас шымылдықтың шетін еппен түрді де, сып беріп шығып кетті. Шымылдықтың алдында ұйықтап жатқан қара аюдай дөңкиіп киімі қалды.

Бұл не — өңі ме, түсі ме? Төсінде мұп-мұздай болып әлгі бір суық қанжар әлі жатыр. Сипалап көріп еді, қанжардың өзі жым-жылас жоқ, орыны мұп-мұздай. Шошып оянды.

Ұйықтап жатып ағыл-тегіл жылапты. Мұп-мұздай көз жасы селдір шоқша сақалын түгел жуып, омырауын малшып тастапты. Басын көтеріп, есік жаққа қарады. Жібек перденің ар жағынан еміс-еміс түскен шырағданның сұйқылт нұрынан басқа ештеңе жоқ. Енді қайтып көзін жұма алмады. Таң атқанша бақырайып жатты да қойды. Таң атқасын түсін жорытқысы келді. Бірақ артынан бұны жұрт естісе, әміршінің көңіліне осалдық кіріп жүр екен деп сөз қыла ма деп, тірі жанға тісінен шығармасқа бекіді.

Сары ала таңнан тұрып, шабдар атына мініп, анадай жердегі шолғыншы төбеге шықты. Етекте тапалған төсектей мыж-мыж боп қираған қала жатыр. Көшелерінде қыбыр еткен ешкім жоқ. Ойрандалған қаланы қоршай қонған ауыр қол енді-енді ояна бастады. Әр жер-әр жерде керней тартылды. Жаздың таңы жарқырап атты. Тек бұның ғана бойы делсал.

Содан бастап түн ұйқысы бұзылды. Арқыраған аттар үні де, қалың қолдың ызы-қиқы қиқуы да бойын сергітпейді. Шатырына кіріп-шыққан сайын абдырап сала береді. Шымылдықтың алдында әлдене аяғынан тартып қалатындай тезірек өтіп кетуге асығады.

Көзден ұйқы қашса, көңілге ой үйір. Қыбыр-қыбыр тіршіліктің бәрі сілтідей тұнып, тыныс алған мынау жым-жырт түнде тек қатер мен қауып қана ояу сияқты; шатырдың бұрыш-бұрышына тығылып алып, кірпігі қашан ілінер екен деп, көз жазбай бұны аңдып тұрғандай. Мынау селк етер дыбысы жоқ, аңылжыған дүние төбеңнен ерсілі-қарсылы оқ зуылдаған ұрыс даласынан әлдеқайда қорқынышты екен. Айқас даласында ауыр қолдың айқайы, кісінеген ат үні, қалың дүсір, ысқырған жебелер, ышқынған дауыстар мен ағыл-тегіл қан аруағынды шақырып, делебенді қоздырса, мынандай жым-жырт түнде аяқ астынан, шөп арасынан, арбандап шыға

келетін сары шаяндай ойда жоқта сап ете қалатын жымысқы ойлар төбе құйқанды шымырлатып, еңсенді езе түседі.

Елден шыққалы біраз болыпты. Одан бері айтқаны болып, атқаны тиіп, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ сайран салып келе жатқанымен, бұның өзін мысқалдап болдырта түсетін өлшеулі ғұмырдың алдамшы жылдарының бір талайын ада еткені есіне енді оралды. Жыл деген шіркін де аяр ажалдың мойнына салып қойып, шошытып алмайын деп, қатты жұлқымай, бір шетінен шым-шымдап өзін тартып жататын эзезіл жібек тұзағы ғой. Оны да тап осы күнге дейін ойлап көрмеді. Жарты әлемді тікесінен тік тұрғызған әмірші басымен ұйықтап жатып жылағанына қарағанда, мұның да иманы сескенетін болғаны. Пенде шіркіннің не бір ессізі мен есерін де үрейлендіретін өлім мен кәрілік бұны да тұршіктіргені. Әуел баста көршілес сартаулы¹ елін шабамын деп шығып ап, қалың қолдың қиқуына ілесіп, жеті шыған жер түбіне асып кетіпті. Қолдың алды бүгінде Әбескүннен әрі асып, арғы дүниенің шаңын қағып жатыр. Бұл болса сол мол қиқудың артынан тепендеп аса беріпті, аса беріпті. Сары ала шатыры төбесінде болғанмен, елі жері артта қалды. Қыл тұзақпен буындырып зорға уыстап отырған жат ел, жат жерде қауып пен қатердің қайдан келедісі бар ма! Бұдан арғы еңку-еңку жер шалып жөнкілген қолдың сонынан желкілдеп шаба бергенді жасы да көтермейді. Шаптым, алдым деп сыртынан көңіл тоғайтып жүрген кең байтақ қонысы артта қалды. Бұлар жөнкіліп мұнда жүргенде, онда не болып жатқанын кім біліпті... Ендігі жорықты ұлдары мен баһадүрларына тастап, осы иемдеген елі мен жерінің қызығын көруге шыққан жөн шығар. Бұлай шапқылай берсе, үңгірінен адасып қалған кәрі аюдай жат жерде неге тап болатынын қайдан біледі. Жас қартайып, әл тайып келе жатыр, мынандай сүргін жорықта бір күн болмаса бір күні соңындағы қолына сырын алдырып қоюы да мүмкін. Онан да тасы өрге домалап тұрғанда, сонау желкеден жау төніп тұрмайтын бостан өз еліне жетіп, ауыр қолды да, баһадүрларды да, ұлыс-ұлысқа ұлық қып тастап кететін ұлдарын да алыстан айбарымен ықтырып, сары ала шатырдың төрінде шалжиып неге жатпайды!

Сол тартқаннан мол тартып, туған жердің топырағына аяқ басқанына да біраз болыпты. Алыс жорықтарда әбден ат соқты боп шаршағанын осында келген соң байқады. Енді бұрынғыдай емес, ат үстінен гөрі мамық төсекке бойы үйреніп барады. Сөйте тұра кей-кейде бұндай бейбіт дәуренінен де тіксініп қалады. Кеше жорықта жүргенде тілдесе тек қолбасшылармен тілдесіп, қайдағы бір қарлы қара тау шаруалар жайын кеңесуші еді, ондайда мәжілістестеріне басының озық-

¹ Маңғұлдар Орта Азиядағы мұсылман халықтарын осылай атапты.

тығын күнбе-күн көрсетіп, қалың әскерді соғыс сайын бір таңырқатып отыратын-ды. Енді, міне, ара-тұра алыс елдерден келетін елші-жаушы болмаса, салихалы мәжіліс те жоқ, ақыл жарыстырар, айбар таластырар мәжілістесі де жоқ. Кіріп-шығатындар — тек қызметшілер, айтылатын әңгіме — берілетін тағам мен салынатын төсектің жайы. Кешегі қатыгез әмірші бүгінде мамық төсекте масайраған шолжаң бала сияқты. Төңірегіндегілердің бәрі асты-үстіне түсіп, айтқанын жасап жүр. Қол астындағы халық сені басына бір шығарып алған соң қорқытпасаң таңданбайды. Әр істе тамсанып, таңырқатып отырмасаң, айбыныңнан айырыласың. Қорқытқанның жөні осы екен деп кіріп-шығып жүрген қызметшілерге оңды-солды бақырып-шақыра берсең, қазір қасың мен қабағыңды бағып, сілтідей тұнып отырған тыныш халқыңды күндердің күнінде сыртыңа шығарып алуың мүмкін. Туған жерге қайта оралып келуін келсе де, міне, қайдағы-жайдағы қырық қия қиялға түсіп, пұшайман боп жүр. Одан мынау аң қарай шыққан ермегі де сейілте алмады.

Түнде түсіне әйел кіргені несі екен? Не бар мақсатын тауысып, әйелден басқа ойлайтыны қалмаған кісінің, не бүкіл өмірін жын-ойнақтың соңында өткізген жел бас еркектің түсіне әйел кірсе керек еді. Сонда бұның бар арман, бар мақсаты таусылғаны ма?..

Соңынан қиқу шықты. Таң атқалы мүлгіп тұрған тыныш шатқал дүр етті. Манадан бері абайламапты, екі ат күзды өрнектеген қия жолдан шығып, шатқал түбіндегі шоқ-шоқ қарағай арасындағы шағын алаңқайға енген екен. Мұның ту сырты дүсір етті де, қар көмген шыршаның түбінен ақ түбіт ту қоян атып шығып безе жөнелді. Артындағы нөкері бұл қапы қала ма деп қиқулап жатыр. Қорамсақтан бір оқ алды. Зәресі зәр түбіне кетіп, мәңсіз-мағынасыз шыбын жанын қайтсем аман алып қалам деп, безіп бара жатқан қол басындай қораш мақұлқат ақырғы рет бір қарғыды да, таны қыпқызыл боп, анадай жерге ұшып түсті.

Қасар мерген екеуі желе-жортып қасына жетіп барды. Түнде жауған мамық қар бетіне қан тамғанда қандай әдемі. Есіне түндегі түсі оралды.

— Осы дүниеде, сірә, денесі тап осы қан сонардың қарындай аппақ әйел баласы бар ма екен?— деді.

Қасар мерген:

— Таңғұттардың Шидүрге деген бір бекзадасының Гүрбелжін деген әйелі қараңғы үйге кіріп барғанда, самаладай жарқырап кетеді дейді. Болса тек соның жүзі ғана осындай шығар,— деді шалажансар қоянды тамағынан орып жатып.

— Таңғұттардың дейсің бе...

Шыңғысхан ойланып қалды.

Одан бері де он жеті жылдың жүзі ауыпты. Сеңсең бөрік секілді сеңгір-сеңгір таулардың қап-қара тәнінен шымырлап шыққан қара өзеннің тіп-тіке терістікке бет түзеп, жолында тағы да тауға жолығып, шығысқа қарай күрт аунаған қойнауында мұнын қалың қолы жатты. Тапал атты көп әскер күні-түні онды-солды ойқастап, тапыр-тұпыр шаба берген соң, қатқыл жер келінің түбіне түскендей күл-паршасы шықты. Екі жақтан орағыта қоршап, мұнартып тұратын қара тауларда, шалқи аққан тұнық сулы қара өзен де ақ шаңнан көрінбей қалды. Қоңыр күз келді. Шөп басына қырау түнеп, ызғар күшейді. Елден жаз ортасында шыққан сарбаздар дірдектеп тоңа бастады. Екі таудың аршасы аяусыз өртелді. Бірақ таңғұт астанасы маңына дарытпай қойды. Қала ішінен анда-санда бір көрініп кететін жансыздар басы Ан-Цюан әміршінің өзі болып, қала жұрты тегістей қамал басында жүр дейді. Қыш қорғанның маңына жоласаң болды, төбеңнен тас жауып, ыстық су мен қара май шашырап қоя береді. Үстінде қой терісінен басқа лыпасы жоқ маңғұл әскері қанша құмырысқадай қаптағанмен, шайтан шаһардың әлгіндей айла-шарғысына амалы таусылып, тайқып шыға келеді.

Қыс ызғары ширыққан соң Шыңғысхан барлық түмен басы, мың басыларды түгел шатырына шақырып, кеңес құрды. Әзәзіл қала әлі де берілмейтін болса, өзенді бөгеп, топан су қаптату керек деп пәтуаласты. Қалың әскермен төңіректен еріксіз айдалып келген босқын жұрт қара өзеннің ағынына қарсы тосқауыл салып, жолын бөгеді. Сеңгір таудан сел боп аққан қара өзен арнасынан аунақшып, қалаға қаптады. Үйлердің асты үңгіліп, гүрс-гүрс құлаумен болды. Адамдар илеуін сел алған құмырысқадай суға қалқып кетті. Әбден ісініп-кебінген өліктер лай судың бетінде бірімен-бірі соқтығысып жүр. Кеудесінде санаулы күндік жаны қалған пенделер құламаған үйлердің төбелеріне өрмелеп шығып, көрші шүршіт тайпалары көмекке келмес пе екен деп, түксиген-түксиген сеңгір таулардың түнеріңкі шатқалдарынан көз алмайды. Екі көздері төрт болғанмен, көмекке келе жатқан ешкім көрінбеді... Сеңгір таулар селт етпестен жатып алды.

Енді үміт үзілді. Сондай бір аңылжыған ақырап түнінде аспанның түбі тесілгендей ағыл-тегіл ақ жауын құйып берді. Бұрынғы сел сел ме, шын топан енді қаптады. Бұған дейін сыр алдырмаған сәнді сарайлардың да бөксесі жалаңаштана бастады. Кеше ғана Тибет пен Терістік Қытайды қалтыратып дірілдеткен бай елдің байтақ астанасы ішіне лай су құйған кетік тостағандай; араны ашылып алған жойқын селдің сар тегештей шаһардан сау-тамдық қалдырар түрі жоқ. Сосын

мұндағы тірлік кең қойнауға төгінді судай быт-шыт шашырап, біржолата жоғалады.

Сол екі ортада, үй төбесінде тұрған таңғұттар маңғұл қостарының әлденеге абыр-сабыр болып жатқанын көздері шалып қалды.

Маңғұлдардың пәлен күннен бергі лепіріп тұрған көңілдері су сепкендей басылды. Жойқын сел олардың тұрғызған бөгетін бұзып-жарып, енді өздеріне беттеді. Сасқан маңғұлдар қостарын көшіріп те үлгерместен аттарына мініп, ел қайда, су қайда деп, бет-бетіне безе жөнелді.

Жауын сол күні түс ауа тыйылды. Қешке қарай маңғұлдар таңғұт ханына елші жіберді. Әбден ит-сілікпесі шығып, титықтаған ел тәуелді болуға көніп, Ан-Цюань қызын Шыңғысханға беретін болды. Үшінші әйелі Чахэ солай түскенді. Шыңғысхан қала салып, қамал салып, қайдағы-жайдағы айла-шарғының бәріне әбден жетіліп алған таңғұттарды, ең болмаса, кіндігінен шырмап, маңынан шығармас үшін Чахэні әйелдікке алды.

Бірақ, бұл жекжаттықтың да дәурені ұзақ болмады. Арада сегіз жыл өткен соң Шыңғысхан таңғұттардың жаңа әміршісі Дэ Ванға: «Баяғыда оң қолыңыз боламыз деп уәде беріп едіңіздер. Одан бері сендерге ешқандай салмақ салып көрген жоқпын. Салмақ салатын жер енді келді. Іргемді түрткілеп тыншытпай отырған Сартаулы еліне жорыққа аттанбақпын, соған қол қосыңыз»,— деп жаушы жіберді.

Сонда бұның елшісі сөзін бітірер-бітірместен, таңғұт бекзадасы Аша-Гамбу әміршісінің алдын кес-кестеп: «Шыңғысханға айта бар, әлі жетпейтін таяқты беліне қыстырып қайтеді, қауқарсызы бар, хан болған не теңі!»— депті.

Бұл оның таңғұттардан естимін деген жауабы ма еді! Жексұрын хабарды жеткізген елшінің сол күні түнде көзін құртты. Араға ай салды да, Сартаулы еліне жорыққа аттанды. Талай шаһарды қан сасытып, талай тақты белінен басып жүргенде бұл сөз есінен шығып та кетіп еді, сонау үнді елінде жүргенде, таңғұттар тағы бас көтере бастапты, көршілес тайпаларға бәріміз бірігіп маңғұлдарды шабайық деп жаушы салып жатыр деген хабар жетті.

Туған еліне суыт оралуының тағы бір сыры осы. Бірақ ол сыры ешкімге тісінен шықпаған, баяғыдан бері бір жақ бүйрегінде бүк түсіп жатқан да қойған.

Елге оралған соң таудың ар жағындағы таңғұттарды таңғалтам деп, ешқайда табан серіппей тып-тыныш жатып алды. Жарты әлемді жамбасына бүктеп қайтқан әміршінің басынан сөз асырып, ыныш құлақтан-тыныш құлақ жатып алғанына таңғұттар әрине таң қалады. Шыңғысхан таңғұттарды осы түсініксіз бейбітшілікке әбден ет үйретіп алған соң, ойда жоқ жерде тағы бір таңғалтпақшы болды.

Алдын ала байбаламды сұханы сүймейді; не істесе де, құдды бір құдайдың өзі жіберген зұлматтай тосыннан, тұтқиылдан тап болып, ес жиғысбай есеңгіретіп тастағанды қалайды.

Түсіне Гүрбелжін арудың кіргені тағы бір тосын шаруаға меңзегені деп түсінді.

Шыңғысхан таңғұттарға елші шаптырды.

«Бір кезде маған оң қол болам деп айтқан уағдаларың бойынша, іргеме ши жүгіртіп, мазамды ала берген Сартаулы еліне жорыққа аттанарымда сарбаз қос деп сөз салып ем, анттарыңды аттап, жасақ ертпегендерің былай тұрсын, айдай әлемге түгел мәшһүр болған атыма тіл тигізіп, балағаттауға дейін бардыңыздар. Ол кезде өзге шаруадан қолым босамаған соң, сенімен есептесуді кейінге қалдырып едім. Сартаулы жорығы бітті. Тәңірімнің бір өзі жар болғанының арқасында, Сартаулы халқын сара жолға салып еліме оралдым. Ал, енді, бурхан¹, мен, міне, өзіңнен баяғы сөзіңнің нәтижесін сұрауға бел будым».

Осындай ызғарлы сәлеммен аттанған жаушыдан он бес күн бойы хабар болмайды. Он бес күннен соң елшісі өң жоқ, түс жоқ, сары ала шатырдың есігінен аттар-аттамаста, шарт жүгініп отыра кетті. Жаушысының өңін көріп, таңғұттың жасыл шапандыларының² жауабы оң болмағанын түсіне қойды.

Шатырдың ішінде отырғандар жаушының әлденеге қаймығып отырғанын байқап, қозғалақтай бастап еді, бұның оң қолын көтеруі мұң екен, бәрі жым болды. Елшімен тілдескенде ешкімді куә қылмайтын бұның мына ишарасына айранасыр боп, аңтарылып отырып қалды.

Жаушы жағын енді ашты.

Шыңғысхан Дэ-Ван я баласын менің ордама кепілдікке жіберсін, я ат-тұрмандарын әзірлей берсін деген талабын естігенде таңғұт ордасы төбесінен жай түскендей болыпты. Бекзадалар жағы: «Тақсыр, бұл маңғұлдар да бір, тау мен тастың тағы аңы да бір. Олардың жым-жырт жатқанынан аранын ашып алдыңнан шапқанынан бетер қорқу керек. Мұрагеріңізді маңғұл ордасына жібермесеніз, еліңіздің басына қара күннің туғаны»,— деп бебеулей жөнелген екен, Дэ-Ван қалш-қалш етіп орынынан атып тұрыпты.

— Жаңғыз баламды арыстанның ауызына, зымыстанның түбіне жіберер жайым жоқ. Біз де ел емеспіз бе. Көрші-қоланың да ыңғайы біз жақта,— депті де, елшіге бұрылыпты.— Ұлы әміршіге сәлем айт, ұлым мен тіріде өз ордамда болады.

¹ Таңғұт әміршісін маңғұлдар солай атаған.

² Таңғұттардың ақ сүйегі жасыл, қара сүйегі қара қиініп жүрген.

Шыңғысхан жымып қойды. Елші сөзін қалт жібермей отырған орда маңы бір-біріне қарады. Шыңғысхан жаушыны жанына шақырып алды да, басқаларға шыға беруге ишара жасады.

Аң-таң жұрт шатырдан шығып бара жатты.

IV

— Таксыр, ойбай, әлгі маңғұлдар Қара-Қаланы басып алыпты.

— Таксыр, Сучжоудан жұрнақ қалмапты. Халқын түп-түгел қырып тастапты.

— Таксыр, Лянчжоу жауға ұрыссыз беріліпті.

Төсек тартып жатқан Дэ-Ванның үш күн бойы естігені тек осы. Жан-жақтан ат сабылтып жексұрын хабар жеткізген шабармандардың ешқайсысына ләм-мим тіл қатқан жоқ. Төртінші күні таңертең Ордостан екі өкпесін қолына алып, еңтігіп кірген шабарман төр алдында өліп жатқан әміршісін көріп, анырайып тұрып қалды.

V

Сағым шалып, көз ұшынан алдап-арбап тұратын сайқал Сәнің, таңғұттардың ақырғы астанасының жермен-жексені шықты. Біреуге үміт, біреуге үрей боп көрінген таңғұт елінің бақ-талайы өлік кеудесінен ұшқан жалпылдақ қарғадай бетімен лағып кетті.

Енді мынау ойран боп жатқан құл-қобыр ертеңдері қызыл төмпешікке айналады. Арғы күні жабағыдай ұйысып шөп басады. Саршұнақтардың інінен басқа тіршілік белгісі түгел құриды. Сосын не ел емес, не мола емес бұл қу төмпекке кімнің көзі түсе берер дейсің. Алыс жолдан шаршап-шалдығып келе жатқан жолаушы бағдар айырып алайын деп, басына шығып, атын отқа жіберіп, өзі таң атқалғы изен-изен жүрістен құрыстап қалған аяқ-қолын созып, қау шөптің үстіне құлай кетіп, бір сәт көз іліндіріп алар. Сонда тусырап жатқан тың топырақтың астындағы бір кездегі дуылдаған күлкі, сауық-сайран, қызыл кеңірдек айтыс, қыран-топан ұрыстар оның қаперіне де кіріп-шықпас. Ұйқысынан тұрып, керіліп-созылып, беймағұлым обаның, оның астындағы беймағұлым тарихтың тас төбесіне бір отырып, белін босатып, атына мініп, желе-жортып жүре берер.

Ал, дәл қазір мұнда кешегі тірліктің ізі әлі өше қойған жоқ. Анау бір жығылған нардай болып, жеке-дара сұлап жатқан — таңғұт ордасының орыны. Сарбаздардың қоржынындағы салдыр-күлдір — таңғұттардың күні кеше өлсе көрге өзімен бірге алып кетердей болып, қорғаштап жүрген дүниелері. Сонау қиыр далаға бет-бетімен безіп бара жатқан ит

екеш иттер де олардың бөтен екенін біліп, анадайдан тұра қашады; көзді ала беріп, қираған үйінділерге қайта келіп, кешегі жылы үйшігін, ас жалаған ит аяғын, күнде құйрығын бұлғандатып алдынан шығатын қожасын іздейді. Жер түбінде сыбыс болса шабалаңдап үріп, шыр айналып шапқылап, жаны қалмай торитын дуалын сағынады. Күні кеше соның бәрі оған осы орындарынан табжылмай мәңгі-бақи тұратындай көрінуші еді. Енді солардың бәрі быт-шыт. Әрқайсысы бір-бір қақпаны күзетіп, бастары қосылса, сирақ шайнасып, құлақ қыршысып таласатын күн де көзден бір-бір ұшты.

Анау қираған камалдың іргесіндегі будақ-будақ түтіндерге, жалп-жалп етіп аспанды жалаған алау жалындарға жолай алмайды. Әзәзіл жел сол жақтан қара қазанның әбден ыс сіңген қақпағының, жылқы етінің тәтті иістерін айдап әкеледі. Мұрындары күрт жегендей жыбыршып бара жатса да, сол бір жүздері суық, бейтаныс адамдардың аяғына жығылып, етігін жалап, құйрығын бұлғандатып, сүйек-пүйек олжалауға жүректері дауаламайды. Шығанға шығынып кетіп, шөкелеп жатып алады да, көп сырына қаныға қоймаса да, сондай сүйкімді, сондай үйреншікті кешегі бір дәурендерін жоқтап, мынау әлі ештеңесіне түсініп болмаған атымен бейтаныс соны өмірді жатырқап, іштері дуылдап, жел жаққа тұмсықтарын түріп, баяғыдай сап-салқын ауаны сораптап жұтып, қаз-қатар бірінен-бірі қалыспай, әбден дауыстары қарлыққанша, ішін тартып ұлиды келіп.

Бейтаныс оттағы қазанның мүнкіген бу иісі, ығы-жығы қызыл төмпектің қан иісі ию-кию араласып, бастарына шауып, көздері қарауытады. Бірақ оған да қарамайды, ішегі үзіліп кеткенше ұли береді. Босаға баққан ит шіркін ірге тыншыта үргеннен басқа, жамандық күні ұлығаннан басқа не бітіреді.

Сол ұлитындары жақпай ма, әлде бұл өлкеде енді осыдан басқа істейтін шаруалары қалмаған ба, әйтеуір, тері тонды, тапал атты бейтаныс адамдар сондарынан атпен қуып жүріп атып, қырып барады. Талайының қарынына садақтың оғы тиіп, ішегін шашып кетті. Қызыл төмпектің маңы ығы-жығы Қираған дуалдардың түбінде жеңілген елдің құлы мен бекзадасы, иті мен адамы айқұшақ қауып жатыр.

...Жыл бойы алысқан астана ақыры құлады. Сә шаһары берілгенше, маңғұлдар таңғұт өлкесінің басқа жерін түгелдей бағындырып болды. Мынау қызыл төмпек өліскенше беріспеген өлкенің ақырғы аяқ серіпкен жері.

Былтыр анау ақ тақыр жонда алғаш айқасқанда таңғұттар тас камалдан қалай-қалай панданып шығып еді. Әуелі өне бойы жарқылдаған қалың атты қаптап кетті. Құдды бір ұрысқа емес, ұрын келе жатқандай қатар түзел, керден-керден, бұлғаң-бұлғаң, сәнмен басады. Көлденені көш-құлаш

сала мойын тұлпарларға тізесін соқтыра жабу жабылыпты. Ер-тұрманының өзі жылқыға емес, нар түйеге жүк болғандай. Ақ болат үзеңгілері аспандағы күннің өзімен кабак қағысып, жалт та-жұлт. Осынау жерді ойып жіберетіндей алапат тұлпарларға құдды бір құрыштан соққандай, өне бойында темірден сау-тамтық жері жоқ, көк сауытты адамдар мініпті. Олардың қолындағы көк сүңгі тек маңғұлдарға ғана емес, барша жарық жалғанға түгел айбат шеккендей. Самсаған қол тапал атты маңғұлдарды тапап өтетіндей салдырап-күлдіреп салып келеді. Түсінің өзі көкпенбек, сылдырмақ-шылдырмағы әлдебір тажал тіс қайрап жатқандай, төбе құйқанды шымырлатады. Қытай мен тибет әскерін бөрі тиген қотандай бөрліктіріп, бет-бетіне қашырып жүрген «темір қаршығалар» осы. Енді, міне, өншен өріске шыққан буыршындай маң-маң басып бұған қарсы қаптап келеді. Жер тітіренткен тұяқтарынан күллі дүние шайқалғандай.

Шыңғысхан қанша елді алып, қанша қолды қырып жүрсе де, тап мынандай сән мен мынандай сұсты өмірі көрген емес. Өлімнің өзіне шекелей қараған мынау маңғаз дулығалылардың алдында бұның әскері жас тайға жайдақ шауып жүрген жалаңаш балалар тәрізді.

Көк дулығалылардың сылдыр-күлдірі жақындай түсті. Қақ алдындағы қаз-қатар тізілген қан күрең сауыттылар — қолбасшылары. Бастарындағы алтын айдар дулығалары жер түбінен күлімдеп, көзінді ұялтады. Қан күрең сауыттың белінен буынған алтын кісілерінің зер шашағы тізелерін көміп, атан түйенің сан жүніндей желк-желк етеді. Олардан қозыкөш кейінгі күміс дулығалылар мың басылары да, анау жып-жылтыр қара дулығалылар жүз басылар. Қазір жеме-жемге жақындағанда осы алтын, күміс дулығалылар екі жарылып, қос қанатқа шығып бірте-бірте ауыр қолдың артына қарай аунап кетеді, мұздай темір құрсанған «темір қаршығалар» қасқайып ілгері шығады.

Ол түмен басыларына белгі берді. Бұның шетінен атқа жеңіл, құбашап жеңіл қолы артынып-тартынған ауыр қолдың сол қанатына тосыннан лап қойды. Ауыр қол талтайып-талтайып тұра қалды. Құйғытып келіп киліге кеткен талай маңғұл сарбазы қармаққа іліккен шабақтай, таңғұттардың көк сүңгісінің ұшында тулап жүр. Тақымның астынан суырып алып сілтенген ай балталар да талайдың түбіне жетті, маңғұл сарбаздары шауып жеткен бойы ер үстінен қаңғалақ асып, ию-қию аттардың аяғының арасынан бір-ақ шығады. Бірақ сәнмен жылжып, сап түзеген ауыр әскер бұның бет алды, бей-берекет шабатын, ұрымталдан ұрынып, жалт бермесі көп тәсілқой сарбаздарының айла-шарғысына қапелімде түсіне алмай қалып, тазымен алысқан барақ иттей бет алды арам тер боп, көп күші босқа кетті. Бұның бұлтармасы көп жыл-

маң төс жауынгерлері тістене соғысқан «темір қаршығалардың» оңтайына ілікпей, қырық құбылып, ақыры бастарын шауып әкетіп жүр. Темір дулығалы бас күлдіреп-шылдырап жерге дүңк ете қалғанда, ерге байлап тастаған мұздай темір құрсанған ауыр дене сылқ құламай, ат үстінде тікесінен-тік отырып, алға өңмендеп барады. Ақ тақырдың үсті ию-кию. Сәскеге дейін «темір қаршығалар» атанған ауыр қолдың аламан-асыры шықты. Өңшең бастан айырылған құр денені арқалаған тоқпақ жалды тұлпарлар ештеңе көрмегендей тобын бұзбастан, қаз-қатар тізіліп айдалаға маңып барады.

Қаланың қақпасы тағы ашылды. Енді екі өркеші баладай, шудалары желк-желк еткен қара буралар қаптап шыға келді. Сол-ақ екен аспаннан арсы-гүрсі тас жауып кетті. Қара бураларға ауыттап артқан тас атқыштар маңғұлдардың жаландап тұрған әскерін төмпештің астына алды. Жер түбінен ысқырынып, зулап жеткен қара тас ат үстінен бір-ақ қағып әкетеді. Әскер тырағайлап кері шегінді. Түйеден әлдеқайда жылдам атты әскер тас астынан бас сауғалап безіп шыққанда, қос қанаттан таңғұттардың жеңіл атты әскер қоршалаған жаяу әскері лап берді. Бұның ауыр қолмен айқасып, әбден ит сілікпесі шыққан атты әскері енді мына төмпешке беттей алмай бет-бетіне тырым-тырағай қаша жөнелді. Олардың қашқанына елігіп, сондарынан салып беріп, таңғұт әскері де қырық бөлініп кетті. Соны күтіп тұрған маңғұлдың тосқауыл әскері аяқ астынан қаптағайлап ұрысқа шықты.

Шыңғысхан таңғұттардың сілесін солай қатырды. Аты жер жарған таңғұт әскері екі күннің ішінде сүйегі жиюсыз жайрап қалды. Дә Ван өлген соң таққа отырған Шидүрге аман қалған аз ғана қолымен кері шегініп, қамалға кіріп бекінді.

Шидүргенің қанша қолдың қарасымен кері шегінгенін жақсы білетін Шыңғысхан онша күш шашпай, шаһарды шыр айнала қоршап жатып алды. Таңғұттардың тас қамалының сыртынан қатар-қатар шатырлар, киіз үйлер тігілді. Тас шаһардың тап іргесіне улыған-шулыған көп ауыл кеп қонды. Шыңғысхан таңғұттарды әбден арам қатырғанша, тап осы арада тапжылмай отыра беруге бел буды. Шаһарға ұрыс салмады. Қанша күтсе де, шаһар ішінен ақ ту ұстап шауып шыққан бітімші елшілер бәрібір көрінбеді.

Осы бір мылқау егес жылға ұласты. Қала үсті құзғын қарғаға толды. Қанаттарын сабалап, адамдардың мына ісіне шексілелері қатып күлгендей үсті-үстіне қарқылдап, құлақты ығыр қылды. Шыңғысхан қарғалардың сол қағанағы қарк, сағанағы сарқ тоқ үнінен шаһарды аштық жайлағанын айтпай-ақ біліп отырды.

Шидүрге сонда да тұяқ серіппеді. Қыс өтті. Жаз шықты. Қала жұртының қамбасының ақи-тақи таусылатын уақыты болды. Қақпа бәрібір ашылмады. Шыңғысхан да ерегісіп,

қимыл көрсетпеді. Шаһар үстіндегі түтін күннен-күнге селдірей түсті. Қорғаннан еміс-еміс көрінетін бастар да сиреді. Жыл бойы қолы қышып, зорға тағат етіп келген қалың әскер бұдан арғыға шыдай алмай, қамалға лап қойды.

Шаһардың іші теңкиіп-теңкиіп жатқан өліктерден аяқ алып жүргісіз. Олар қорғанның ішіне сау етіп кіріп келгенде, қарқ-қарқ аспанға көтерілген қарғалардан көктің жүзі көрінбей кетті, бір сәт шаһардың іші аспанды бұлт торлағандай бұлыңғыр тартты.

Төңіректен көмек келе ме деген үміті сарқылған Шидүрге қамалдың қараң қалғанына қуанған да жоқ, ренжіген де жоқ. Енді ол мынау әбден титықтатып бітірген маскара тірліктен біржола құтылатынына қуана-қуана пейіл болды. Сонысын білген Шыңғысхан Шидүргені үш күн бойы сарайына қамап, сыртқа шығармай, не өлтірмей, не тілдеспей пұшайман қып қойды.

Үш күн өткен соң жасауылдары жағы қуарып жүдеген Шидүргені алдарына салып айдап әкелді. Жасы отыздан енді-енді асқан, нағыз дер шағындағы әміршінің тек салдырап сүйегі ғана қалыпты. Басқыншының алдында намысын түсіргісі келмей, ұлы тағына лайық киініп келген екен, басындағы ауыр тажы курайдай мойынын үзіп жібермей шаққатұр. Қалған шаһар қанша жерден аш болса да, тап билеуші бұлай қалжырамаса керек еді, шамасы Шидүрге шыдамсыз, намысқой, күйгелек адам тәрізді.

Шыңғысхан қашан да қақырайып таққа мініп отырғанды ұнатпайды. Ол күні де сары ала шатырдың төрінде аю бөстектің үстінде малдас құрып отыр еді. Есіктен бас имей аттаған Шидүрге назарын тіктеп қарамағанмен, көзінің қиығын біртастап өтті. Тізіліп отырған түмен басыларымен де тілдеспеді. Екі-үш қызметшіні шақырып алып, таңғұттарды жеңгеннің құрметіне ертең жасалатын тойдың жай-жапсарын айтты. Екі қызметшіден ертең болатын тойдың бүге-шігесіне дейін тәптештеп түгел сұрап алды. Қызметшілердің шатырдан шығып кетуіне сосын барып рұқсат берді.

Шатырдың іші сілтідей тынған. Шыңғысхан Шидүрге әлі де назар аударған жоқ. Сырттан екі уыз жас жүз басы жігіт кірді де, иін-тіресіп отырған игі-жақсылардан қысылып-қымтырылып, босағадан ілгері озбады. Шыңғысхан назарын енді соларға тіктеді. Сыбырлап шығатын тарғыл дауысымен баяулата сөз бастады. Әдейі, жұрт тып-тыныш тындасын деп, естілер-естілмес қып, әр сөзін баптап, бипаздап сөйлейді. Бірақ жүзінде мәймөңкеліктің, алдап шығарып салайын деген аярлықтың нышаны атымен жоқ. Дауысы қаншалықты биязы болса, өңі соншалықты қатқыл. Тайпақ мандайынан да, қысыңқы қоңыр көздерінен де не зірк-зірк еткен ашудың, ыза мен кектің, не өңмеңнен өтіп кететін үнсіз өшпенділіктің белгі-

сін ешқашан көре алмайсын. Тек шалғы мұртының жіп-жінішке қос құйрығы ғана астына кекесін жасырып тұрған кейін танытады, мынау бұйығы тартқан күзгі даладай көз тоқтатар еш қасиеті жоқ тайпақ сұрғылт жүзінде кісіні қаралай қуысты қылатын да сол мұртындағы болар-болмас кекесін салқыны ғана.

Шыңғысханның кекесін күлкісінен де, оқта-текте қиығын салып өтетін жымысқы көздерінен де иманы сескеніп тұрған Шидүрге жоқ. Ол не тұлғасында, не келбетінде кісі тұшынар көркі жоқ, не алдына келгенді ә дегеннен мысы басатын асып жатқан ызбары жоқ, тек әншейін төр алдында тері бөстектің үстінде шүйке түтіп отыратын можа кемпірдей бір шөкім боп шөгіп отырған осы бір ұсқынысыз немеге күні кеше мыналар мың жерден жанталасса да, мұрындарына иісі бармайтын өнер мен білікке, дәулет пен көрікке ие боп, гүрлеп тұрған мұның елі қалай белін беріп қойғанына айран-асыр қалды. Ителгінің жетім шөжесіндей осы бір жапырақ адам талай-талай кеудесімен көк тіреген әміршілерді қалай-қалай жер соқтырып кеткеніне аң-таң. Қираған шаһардың жұртынан қызылды-жасыл дүние қазып алып, көбінің не екенін, не пайдаға асатынын білмей, аяғымен теуіп бір қарап, найзасымен шұқып екі қарап жүрген алаңғасар топ бұның қай жеріне табынады? Енді, міне, жарық дүниені өлі тоқтының кеудесіндей астына басып, айналасына өлексеге қойған күшігендей сығырая қарап отырысы мынау. Бұл немелер бір-бірінің кеңірдегіне жармасып, жердің оты мен судың мол көзіне таласып-тармасып жатқанда, бұның елінің талай ғұлама ғалымдары бір таудың арғы жағындағы халықтың не ойлап не қойып жатқанына түсінбесе де, аспан астының құпияларын түгел тінтіп жатпаушы ма еді? Енді, міне, соларды өншенәданға бас болған бір аяр сұм келді де, шегіртке тиген өрістей көктей солдырды.

Шидүргенің не ойлап тұрғанын іші біліп отырғанын сездіргісі келгендей, Шыңғысхан бір ауық оған көзін аударып, ұзақ телміріп тінте қарады. Солай біраз отырды да, жүзін қайта бұрып әкетті.

Әбден жүйкелеп, зығырданы қайнап тұрған Шидүрге бұдан арғыға шыдай алмады, сары ала шатырдың ішіндегі құлағы барлар түгел естісін деп, жұрттың бәрін бір селк еткізіп, оқыс шаңқылдады.

— Әй, Шыңғысхан...

Шыңғысхан оған мойын бұрды, сосын аузын ашқанынша мұрша бермей, сырттан Қасар мергенді шақырды.

— Сен осы анада дүниедегі қардай аппақ еті бар қаса сұлу кім деп едің?

— Тақсыр ием, жер бетінде ондай сұлу болса, тек жанғыз

Шидүрге ханның ханымы Гүрбелжін ғана болуы мүмкін деп естігем.

— Ендеше, Гурбелжін ханымға бас-көз болуды езіне тапсырам, ертеңгі тойдың артынан маған әкеліп жолықтыр, ал оған дейін оның тәніне жел екеш жел тигізсең, басыңды алам.

Қасар мерген шығып кетті. Шыңғысхан Шидүрге енді біржолата бұрылды. Шидүргенің сұп-сұр жүзі онан сайын қуқылданып, отты көздері шатынай түсіпті.

— Ей, асқақтаған ақымақ хан, жер бетінде таңғұттан тігерге тұяқ еркек кіндік қалса, сенің бұл қорлығыңның артын сұраусыз жібермес. Мені өлтіру өз еркінде; қазір өлтірсең — өзіңнің басыңа қауып, өлтірмесең — артындағы ұрпағыңа қауып,— деді де, одан әрі ызаға булығып, шашалып, ештеңе айта алмады.

Сары ала шатырдың іші толы адамның ешқайсысында үн жоқ. Осы бір тізерлесе тізілісіп қалған айғыр топ екі адамның егесін емес, екі төбеттің таласын көріп отырғандай ынт-жынттары кетіп, телмірісе қалыпты. Ешқайсысының бетінде «бұл қалай болды?»— деген дағдарыс ой жоқ; «енді не болар екен?» деп ентелеген қызық құмар желіктерін Шыңғысханнан сескеніп, зорға жасырып отыр.

Шыңғысхан Шидүргенің жүзіне қарап, қулана жымып қойды. Ол таңғұттардың қасарған жерден қан алатын ерегіспе, кекшіл екендерін әуелден білетін-ді. Кегі кеткен кісіні қашан қара қанын қасықпен ұрттағанша өкшелеп қыр соңынан қалмайтын салт та осылардікі. «Егер кісіге кегімді жіберіп қойсам басыма шаш бітпесін, алдыма ас түспесін, қатын-балам қағынып өлсін, малыма топалаң келсін»,— деп қарғанатын да солар. Үйінде кек қайтарардай еркек кіндік болмаса, көрші-қолаңын тегіс шақырып, асты-үстіне түсіп сыйлап, дұшпанымнан кегімді алып бер деп қолқа салады. Қашан қас-дұшпанының бас сүйегіне не құстың, не иттің қанын араластырып, шарап құйып ішкенше таңғұт кегім қайтты демейді.

Ендеше, мынау Шидүргенің дәмесін қара! Жарты әлемді жамбасына басқан Шыңғысханның басына көк төбеттің қаны араласқан шарап құйып ішіп шалқымақ қой сабазың! Осы бір өздерінің қолдарынан келмейтін нәрсені кейінгілер істеп, кейінгілер тындырады деп ертеңге иек артатын есірік дәме-ай!

Шыңғысхан Шидүргенің жүзіне зәрлене қарады.

— Менің басыма көктегі хақ тәңірдің өзінен басқа ешкім қауіп төндіре алмайды, алда-жалда басымды шауып алғысы кеп өреленер жау болса, кезінде көріп алармын, ал енді ертең ұрпағымның тынышын алатын жау болса, осы қазір қапы қалмай тұрып көзін жояйын!— деді.

Ай балта ұстаған екі сарбаз Шидүргені есікке қарай жетеледі.

VI

Ол орданың жермен-жексен боп құлап, әр жер-әр жерде үйіншектері ғана қалған кетік-кетік тас дуалына қанша қараса да, келе жатқан Шидүрге көрінбеді. Тапал қара ат мінген қара дулығалы сарбаздар арасына он қадамнан жер тастап, сап түзеп, самсап тұра қалыпты. Не әрі өткен, не бері өткен ешкім жоқ. Состиган-состиган сарбаздардың иықтарындағы шошайған көп найзадан әуедегі құс екеш құс та қорқып, бұл төңіректен безіп кеткендей. Бақтың іші жым-жырт. Тіршілік біткен демін ішіне тартып, ін түбінде бұғып жатқандай. Аумағы ат шаптырым үлкен сарайда тірі адам қалмағандай. Есік сықыры, аяқ дыбысы естілмейді.

Үш күн бойы осылай-ды. Мана сәскеде қақпа аузынан қайқы қылыш ұстаған бір топ адам көрінгенде Гүрбелжін ханым қалай «Уһ!» деп қойғанын өзі білмей қалған. Олардың сүйінші сұрап келе жатпағанын білсе де, әйтеуір мынау сарылтқан сартап тыныштықтан құтылатындай көрінген. Әйнек алдынан кетіп, айнаға барған-ды. Дұшпан қапияда тап болып, үсті-басымнан шашау тауып, табалап жүрмесін деп, пәлен күннен бері киімін, бет-ажарын — бәрін тәптіштеп тәртіпке келтіріп, сақадай сай отырса да, сырттағы баспалдақта тарс-тұрс аяқ дыбысы естілгенде абдырап сала берді. Ол бас алуға келе жатқан жендет екен деп қорыққандық емес, үсті-басында өзі байқамағанмен, өлімтікке түскен құзғындай тінте қарайтын жендеттің тіміскі көзі шалатындай олпы-солпы ештеңе жоқ па деген сақтық еді.

Айнаға қанша қараса да, өз бойынан ешқандай мін таба алмады. Сосын айлапат үлкен бөлменің қақ төріндегі піл сүнегінен жасалған төрт таған орындықтың үстіне шығып, тізерлеп отырды. Жан-жағын көйлегінің етегімен қымтап алды. Асыл тастарды аямай төккен алтын сәукелені ауырлаған мойынын күшпен тіктеп, қолын қусырып, екі көзін есікке қадап қатты да қалды.

Сартылдаған аяқ дыбысы бұның есігіне бұрылмады. Бірақ ханым міз бақпаған қалпы отыра берді. Аяқ дүбірі әлсірей-әлсірей алыстап барып басылды. Зіл тыныштық қайта орнады. Бөлме іші бұрынғысынша аңылжып сала берді. Ханым сірескен мойынын бір сәт босатып еді, дүрсілдеген дыбыс қайта шықты. Ханым жалма-жан бойын тіктеді. Аяқ дүсірі бірте-бірте күшейе берді. Сырттағы дүсірден бөлменің іші де дүбірлеген үнге толып кетті. Дүсір жақындай түсті. Бұның есігінің алдына келді. Ханымның қаусыра ұстаған қос қолы оқыс әлсіреп, тізесіне қарай сұлқ құлап бара жатты. Дүсір

бұның тұсынан тағы да өтіп кетті. Әлден соң тас төселген тықыр аулада жендеттер ортасында кетіп бара жатқан Шидүргені көрді.

Ханым орынынан ұшып тұрып, терезенің алдына барды. Қайқы қылыш ұстағандарға қара аттылар қақ жарылып жол берді. Күнге шағылысқан қылыштар арасынан Шидүргенің алтын тажы бір жалт етті де, көзден ғайып болды.

Ханым құлазып жатқан аулаға қарап ұзақ тұрды. Көз алдында басын барынша шалқақ ұстап, аяғын маңғаз басқан Шидүрге. Ол көптен сыпырғы көрмей толарсақтан тозаң басқан сұрқай тас алаңның шетіне жете алмай әлі кетіп бара жатқандай. Артына бұрылып, бірдеңе дер ме екен деп, әйнекке бетін тақап телміре түседі. Шидүрге мойынын бұрар емес. Қайқы қылыштар ортасында шалқақ басып кетіп барады, кетіп барады.... Тозаң басқан бозғылт алаң таусылар емес.

Кенет есік қағылды. Ханша бұл оқыс дыбысқа қапелімде түсінбей қалды. Бұрылып қарап еді — алтын жақтаулы есіктің босағасы қызыл күрен қанға боялып келеді екен. Қан бірте-бірте үйдің қабырғасына да жайыла бастады. Міне, бұның қақ алдына жете беріп кілт тоқтады.

Ханым қарсы алдындағы қанжоса қабырғадан жүрегі айнығандай көзін алып қашып, есік жаққа бұрылды. Табалдырықтың қыр көзінде маңдайын жерге тигізе иіліп-бүгіліп тағзым етіп жатқан қызметші әйелді көрді. Жаңағы қызыл қанға малынған қабырға да, босаға да ғайып бопты. Бөлме іші бұрынғы қалпы.

Қарсы алдына байыптап енді қарап еді — таңғұт сарайының бейбіт күндергі әдетімен бетіне ешқандай өрнек салынбаған қан күрең шұғадан жер сыздыра малынтып шапан киген ұзынтұра шал тұр. Қазына ұстаушы. Шапанының етегіндегі зермен көмкерген кез ойықтан қайқы бас көк сауыр кебісі көрінеді. Қос қолын кіндік тұсынан буынған жарқылдақ сарғыш кісесіне шірей тірепті. Қатпар-қатпар маңдайдың астынан сығалаған бұқпантай көзінде қалақтай-қалақтай қос көзілдірдік жалтырайды. Қалқан құлақтардың деңгейінен басталған көкшулан жүн алқымдыққа жете беріп кідіріпті де, екі жақ қанаты қайқиып-қайқиып жоғары көтеріліпті. Салбыраңқы мұртының да қос қияғы қағылмай, екі езуін қымтап апты.

Ханым қарсы алдына кеп қаздия қалған қазына ұстаушы шалға таңырқай қарады. Шалдың қаймыжық солғын еріндері қимылдайтын тәрізді. Ханым түсінбесе де басын изеді. Қазына ұстаушы тас алаң жақты меңзеп иегін көтерді. Ханым аулаға қарап еді — сол баяғысынша аңылжып жатыр. Ханым назарын қайтадан шалға тіктеді. Ол ханымның тесірейген ойсыз-отсыз жанарына аңыра қарап біраз тұрды да, есіктің

қыр көзіндегі қызметші әйелге ымдады. Әйел сол екі бүктетіліп тағзым еткен қалпы басын көтермей ортаға озды. Малынған ұзын жеңнің ішінен дөңгелек күміс табақша көтеріп, төрдегі төрт тағанның үстіне апарып қойды. Сосын қазына ұстаушының есік жақ қапталына барып тіктеліп тұрды.

Айлапат кең бөлмеде шалдың ызындай шыққан салғырт даусынан басқа үн жоқ. Ханым ұшып жүрген араның ызынындай көмескі сөздерге түсіне алмады. Телмірген күйі тұра берді.

Шал сөзін бітірді де, ханымның аузына қарап біраз аңтарылды. Ол ештеңе демеген соң қызметші әйелге ымдады. Әйел жеңін шұбалтып төрт таған жаққа тағы өтті. Күміс табақшаның үстіне тық еткізіп әлдене қойды. Сосын орнына барып тұрды. Гүрбелжін күміс табақшаға көзі түсіп еді, кішкене көгілдір көзі бар алтын жүзікті көрді.

Шал қайта ызындады. Тағы да ханымның жүзіне аңтарылып қарады. Тағы да жауап тосқандай сәл мүдіріп тұрды. Сосын төрт тағанның қасына өзі барды. Иіліп күміс жүзікті алды. Бажбиған көгілдір көзін бұрап ағытты. Жүзіктің көгілдір көзіне салынған бір шөкім көк ұнтақты көрсетті. Ханым оның не айтып тұрғанын бұл жолы да ұқпады.

Шал жүзікті табақшаға қойып, орнына кеп тұрды. Әйелге тағы да ымдады. Әйел кібіртіктеп ханым мен шалға жауаң-жауаң қарай берді. Шал теріс айналып кетті. Әйел ханымды арбап тұрғандай екі көзін айырмаған күйі малынған атлас шапанының белдігін ағытты. Ар жағынан майлап қойғандай жып-жылтыр қызғылт тәні жарқ етті. Сен соққан кісідей селқос тұрған ханым селк ете қалды. Жалаң тәніне сусыма шапан киіп келген мынау ұятсыз әйелден көзін айыра алар емес.

Әйел кеңет сөлекеттеу еңкейіп, оң қолын шапанының ішіне жүгіртті де, тыр жалаңаш тәнінің қай жерінен тауып алғаны белгісіз сопақша сарғыш бірдеңе суырды. Бір қолымен шапанының омырауын ұстап, екінші қолымен әлгі нәрсені күміс табақшаға апарып қойды. Сол-ақ екен манадан бері теріс қарап тұрған қытай шалы жалт бұрылып, білегінен ұстай алды. Әйел кілт тоқтады. Аппақ бордай бетінде бір тамшы қан жоқ. Ұялғанын тісі кіріп кеткенше қатты жымқырып алған астыңғы ерінінен ғана байқауға болады. Шал үстіндегі қан күрең шапанының қалтасынан жаңағы әйелдің қолындағыдай бірдеңе алды. Одан жаңғыз-ақ айырмасы өңі қызғылтым. Онсыз да көзі шарасынан шығып кеткен ханым одан сайын таңғалта түскісі келгендей, әлгі сопақша нәрсені ашып еді, ішінен жұп-жұқа әлдене жылт етті. Шал екінші қалтасынан бір қарыстай қамшы суырып, бір шетін әйелге ұстатты. Сосын әлгі жалтылдақпен бір тартып еді, қамшыны қақ ортасынан орып түсті. Шал «көріп тұрсыз ғой» дегендей ханымның жүзіне бір

қарады да, әлгі жалтылдаған қызғылтым қорапшасына салып, күміс табақшаға тастады. Әйелдің қорапшасын өзіне қайтып берді. Сосын тағы да ауланы меңзеді. Екеуі сахнаға шығып өнер көрсетіп болған көзбаушылардай үсті-үстіне тағзым етіп, есік жаққа қарай жылыстай берді.

Гүрбелжін ханым бұның бәрі өңі екенін, түсі екенін біле алмай аң-таң. Біресе жаңа екі қызметші шығып кеткен есікке, біресе төрдегі төрттағанның үстіндегі жұмбақ жүзік пен қызғылт қорапшаға қарайды.

Түс қайтты — Шидүрге көрінбейді. Көлеңке ұзарды — Шидүрге көрінбеді. Сол баяғы тозаң көмген тас аула. Ауланың жан-жағындағы қираған үйлер күн кештеткен сайын кісіні жұтып қоятындай арандарын аша түседі.

Қорғасындай зіл тыныштық мойынына мініп ап, мың сан шеңгелімен сүйек-сүйегінің бәрін мытып, ұнтап, үгіп жатқандай сүлдерін сүйретіп төсегіне зорға жетті. Осынша бұралтып тастаған шаршағандық екенін әлде таң атқалы нәр сызбаған аштық екенін өзі де білмейді. Мынау ажары қашып аңылжыған дүниенің ортасында өзінің де тек құлазып құрқаңқасы ғана қалғандай. Жыл он екі ай жүрегін сыздатқан қасірет те, төбе құйқасын шымырлатқан үрей де, көкірегіннің басын көмірдің шоғындай тызылдатқан ыза да — бәрі де жым-жылас... жоғалған... өшкен... құрыған... Ойраны шыққан үйлерден қашып шыққан көр тышқандардай бұның қор көкірегінен енді қасірет пен үрей де безіп кеткен.

Қос қызметшілерінің әлгі әурелері мұны мынау ебіл-себіл тіршіліктен серпілтіксі келген ермектері ме, қасірет қаусатып бара жатқан қауқарсыз кеудесіне жан оралтатын шипа әкелгендері ме — ол арасын айыруға да дәл қазір ақылы жетер емес. Ойлануға ыждаһаты да әлдеқашан сарқылып біткен-ді.

«Шидүрге келмеді ғой...»

Кенет жаңа ғана жоғалтып алған үрейі қайта оралды. Бір түрлі ұйығандай боп салдырап бара жатқан аяқ-қолына қан жүгіргендей, жан кіргендей. Төсегінен ұмтылып тұра беріп еді, үйдің қақ ортасына қара мәрмәр тұғырдың үстіне орнатқан құлжаның қос мүйізін көрді. Дереу жанына жетіп барды. Шидүргеге күйеуге шыққанда әкесінің атып әкелген құлжасының мүйізі. Ырым қылып бұған сыйлаған-ды. Содан бері таңғұт үйінің киелі орыны — қақ ортада, мынау мәрмәр тұғырдың үстінде тұрған. Шидүрге екеуі екі жағынан отырып алып, осы мүйізге қарап бал ашады. Анау шиыршық атыңқыраған үлкендеуі — Шидүргенікі, кішісін Гүрбелжін иемденген. Көп болса екі-үш қар басқан жас құлжаның жып-жылтыр мүйізіне қанша тесіліп қараса да, бұрын көздеріне түспеген ешқандай өзгеріс таба алмайтын. Сонда мынау бастарындағы бал дәурен мәңгі бақи тұра беретіндей көрініп, жандары жай

табатын. Тек былтыр ғана осы бөлменің табалдырығынан аттамай жатып, Шидүрге антарыла қарап тұрып қалды. «Неге тандандын, не боп қалыпты?»— деген ханымға ханзада: «Мына мүйіз қандай тегіс жарқырап тұр! Неткен тамаша!»— деген. Ханым күйеуінің қасына барып қараса, құлжанын мүйізі шынында да ғажап екен! Әр бунағына күміс сақина кигізіп қойғандай жалтырап көздің жауын алды. Сүйтсе, қызметшілер алдында ғана мүйізді жылтыратып майлап кеткен екен. Оның үстіне бөлмені шаңқан түстің мол жарығы кернеп алған әсем кез еді. Ертеңіне қайтыс болған кәрі падишаның орнына жас ханзада таққа отырды.

Содан бері Шидүрге екеуі мүйізге талай сағаттар бойы қанша шұқшиып қараса да, ешқандай өзгеріс таба алмаған. Тіпті мынау аяқ астынан тап болған аласапыран тұсында да мүйіз еш нышан байқатпаған. Іргені қиратып, есікті төмпештеп тұрған озбыр жау бұларға ештеңе етпейтіндей, киелі мүйіз жылтырап тұра берер-ді.

Міне, айдан асты. Күні бойы оқ пен оттың ортасында жүріп, қалжыраған Шидүрге кешқұрым бұның бөлмесіне келеді. Әуелі екеуі мүйіздің жанына барып бал ашады. Телміре-телміре көздері талған соң бір-біріне қарап ұзақ отырып қалады. Бұл күйеуінің күні-түні басы қатып, ұйқысы қашып, тағам атаулыдан тәбеті қайтып, әбден діңкелеп, шілмиіп жүдеген сұп-сұр жүзін көргенде іші-бауыры жидіп жүре беретін. Үйленгендеріне жыл жарымнан асса да, оған тап осынша елжіреп көрмеген-ді. Сұрқы қашып, сиқы кеткен осы бір қораш еркекке неге мейірлене қалғанына өзі де түсінбейді. Әлде кейінгі кезде шаруа басты боп, жар төсегіне жуйи да алмай жүргенінен бе екен. Рас, кей түндері бұл әр сыбдырды аңдып, есіктен күйеуі кіріп келе жатқандай болып елегізіп шығады. Ондайда: «Қап, бәлем, таң атсын! Қанша ұят болса да, падишаға аңсарымды айтармын»,— деп, өзін-өзі қайрап бақса да, ертеңіне жайрап жатқан қамалды, қырылып жатқан жұртты, беті оңғарылмай қойған шайқасты, күннен-күнге су сорған жар қабақтай мүжіліп бара жатқан күйеуін көреді де, әлгіндейді айтуға дәті бармай, дымы ішінде болып жүре береді. Бірақ оның соңғы айлардағы Шидүрге деген ықыласы тән дертіне келіңкіремейді. Сонау ерлі-зайыпты дәуреннің алғашқы айларындағы от жалын құштарлықтан тап осынша тебіренерлік мейірім байқай қоймаған тәрізді еді.

Гүрбелжін ханым некесі қиылмай тұрып, Шидүргенің бет-жүзін көрген емес. Қай қыз жаңа бой жетіп келе жатқанда қиялында өзі көріп жүрген жігіттердің еш біріне ұқсамайтын, олардың бәрінен көрікті, бәрінен ақылды, бәрінен мейірімді періште жігіттің құшағында жүрмейді дейсің. Ханымның да қапелімде некелі жары — жас ханзаданы қиялындағы аңсарына ұқсата алмай, қомсынып қалған кезі болған-ды. Ақ

некенің төсегінде де баяғы қыз күнгі түстерін көріп жүрді. Ол ылғи түсінде ертегілердегідей бір перізада жігітке ғашық болып, елден-жерден безіп, айдалаға барып, құздан ұшып өлгелі жатқанда оянып кетеді. Сонда дәйім қасындағы серігі өзі әлі бұл дүниеден көре қоймаған бейтаныс біреу болушы еді. Ондай түс көрген күннің ертесіне өзінен өзі қуыстанып, күйеуінің бетіне қарай алмайтын.

Осы жуықта да түс көрді. Тағы да баяғы құздың басы, Сондарында — қуғыншы. Алдарында — зымыран. Бұл қасындағы серігіне қарайды. Сөйтсе — Шидүрге. Ажал алдында оған деген көл-көсір сүйіспеншілігін білдіргісі келіп, күйеуінің салалы саусақтарын құшырлана қысады. Гүрбелжін күйеуіне деген айрықша ықласын сол түсінен кейін анық аңғарғандай болды.

Айлапат сарайда қараптан-қарап отырып жалғызсырайды. Ондайда ойламаған жерден мынау кесапатқа тап боп, нағыз жар қызықтайтын уақытының босқа өтіп бара жатқанына күйінеді. Ара-тұра аждаһадай абажа сарайдың құлақкесті тыныштығынан сергітіп, қансоқта соғыстың тылсым үрейінен бір сәтке болса да алаң қылатын сәби сүймедім-ау деп уайымдайды. Төңірегінен мейірін төгер, назарын бөлер жан таба алмай қиналады. Алаң көңілін бірденеге аударғысы келіп бақ кезеді, нөкер ертіп қала аралайды, жер асты жолдармен қорғанға көтеріледі. Онда қапалы көңілі бұрынғыдан да қамырығып, мынадай қызыл қырғын тұсында құрсақ көтеріп, жас сәбидің обалына қалмағанына тәуба айтып оралады. Бақса мынау жау қоршаған алақандай әлемде Шидүргеден жақын, Шидүргеден қымбат ешкімі жоқ екен. Соны ойлағанда өзі бұрын бастан кешіріп көрмеген, атымен бейтаныс бір жана жұмбақ сезімге бөленеді. Еркекке деген сүлде құртар ашқарақтықтан ада, бірақ жүйе-жүйесінің бәрін балбыратып бара жатқан сол бір өзгеше мейірімін күйеуі әншейін етсіністі некелі жардың үйреншікті пейіліне жорып жүре ме деп корқады. Кешқұрым оның самайын ерте қырау шалған асқақ басын көкірегіне қысып, аймалағысы келеді де, ұмсына берген қолын аяқ астынан біреу қағып жібергендей ұят жеңіп, тез кері тартып ала қояды.

Шидүрге де кеш сайын үн-түнсіз отырады да, өз бөлмесіне кетіп қалады. Ауық-ауық бірдене айтатындай бір оқталым қояды да, үндемейді. Ханым күйеуінің көмейінде тұрған сөздің не екенін әр саққа бір жүгіртіп, әбден дал болады. Бұл не айтса да әзір. Бірақ Шидүрге дінкесін үндемей құртады. Ханым оның телмірген жанарынан құштарлықтан гөрі аяушылықтың, қимастықтың сесін көп көреді. Әсіресе кейінгі үш кеште падиша қасына келіп, әрі-бері үнсіз отырып, бір уақыттарда барып, бұның жүзіне әлгіндей әр қилы сезім арбасқан

жұмбақ, көзқараспен бір қарайды да, күрсініп қойып шығып кетеді. Кеше кешке әлденеге белін бекем бұғандай болып келді. Бірақ бұл жолы да ауызын ашпады. Бұрынғыдай телміріп қарамай, қаша береді. Тек кетерде ғана:

— Ертең саған қазына ұстаушы келер,— деген.

Оны неге айтқанын сұрауға да мұрша бермеді, шығып кетті. Гүрбелжін ханым түн бойы аунақшып шықты. Падишаның бөлмесіне өзі кіріп барғысы кеп те кетеді. «Ертең бармыз ба, жоқпыз ба? Бәлкім бұл ақырғы түніміз шығар»,— деген суық ой кірпігінің арасына тіреу боп тұрып алды. Көкірегіне лық толып, жүрегін сығымдай түскен сол дүлейден қалай құтыларын білмейді. Күйеуінің омырауына басын тығып, емін-еркін жылап алғысы келеді. Жыл бойғы тас түйін хал әбден қажытты. Ең болмаса осы бір түн жүйке-жүйкені еркіне жіберіп, көкірегін шер-шеменнен бір босатып алуды аңсады. Әлденеше рет төсегінен атып тұрып, әлденеше рет есік алдынан қайтып келді.

Сол бір тұла бойын қыл арқанмен шандып тастағандай сірескен күйден әлі айыға алмай отыр. Сол бір қыл шылбыр ойын матап, қиялын тұсап тастапты. Таң атқалы жан-жағында болып жатқан нәрсенің ешқайсысына түгел түсіне алмай-ақ қойды. Адасқан көңілі ештеңеге тұрақтамайды, назары ештеңеге тоқтамайды. Төгілмеген ащы жас тамыр-тымырын буып ап, төңірегін тұман қымтап отырған жанары тағы да құлжаның мүйізіне түсті. Тағы да еш өзгеріс таба алмады. Тағы да назарын аударып әкете бермек еді, кенет қос мүйіздің арасындағы шытынай жарылған сызатты көзі шалып қалды. Сол көз алдын көлкештеп тұрған қағанақ бұлыңғырды қақ айырғандай. Өз көзіне өзі сенбей тағы қарады. Мынау қақ сүйектегі ай сызатты бұрын неғып байқамаған?

Ханым көзі желімделіп қалғандай, қақ сүйекке қадалып айырылар емес. Күнде көзіне түспеген мына сызат ненің нышаны?

Ханым қос көрінгендей, көз алдында тұрып алған әлгі сызатқа әлі сенбей отыр. Мынандай айым-қайым күндерде оны қайтып жақсылыққа жорымақ?! Ап-анық нышанның оп-онай жоруы, қапелімде, ойына түспеді. Ол туралы ойланғысы да келмеді. Бар зейіні «Апырау, бұрын неғып байқамағанбыз?» деген сауалдың төңірегінен шыр айналып шықпай қойды. Өз шылбырына өзі оралған жылқыдай бір сұраққа тұрып алған сұғанақ ой бір уақытта жауаптың да суыртпағын тауып, шетінен шым-шымдап суыра бастады. Бұрын екеуі мүйізге қанша қарағанмен ортасындағы қақ сүйекке көздері түспейтін. Әрқайсысы өзіне енші мүйізді тінте қарап шығатын да, сонымен тынатын. Қарағайдай-қарағайдай қос мүйізді жалғастырып тұрған қақ сүйекте жұмыстары болмайтын. Зұлматтың нышанындай әлгі сұрқия сызат қалтарыс қала

беретін. Енді бүгін бұл өзіне еншілі де, Шидүргеге еншілі де мүйізді қоса шолып шығып еді, тасадан тап берген бөрідей шаужайына оратыла кетті. Қос мүйізді қақ орталарынан қақ айырып түсетіндей қатерлі сызат. Кешегі дарқан заманды қақыратқалы тұрған қилы күннің нышаны. Інге түтін салғандай ірге бағып отырған жымысқы жау бүгін-ертең орданың ойранын шығарады. Тақ мініп, тәж киген бұл екеуін дарға асады. Сонда мынау дүние қақырап, қаңырап қараң қалмағанда не болады! Бұндай боларын кім көріп, кім біліпті? Мынау сұмпайы сызатты да бастарына күн туған үрегей шаққа дейін көріп пе еді, біліп пе еді?! Тіпті әкесі де білмепті. Білсе — ырым қып бұларға сыйлар ма еді! Ойда жоқта тап болған ойран опаттай о да ойда жоқта көзге түсті. Оны күн сайын бір үңіліп кететін Шидүрге де көрген жоқ. Көрсек — бұған айтар еді ғой. Әлде... Соңғы күндері көмейіне іркіп жүргені... Осы болмасын!.. Сонда ол бұны неге жорыған! Неге жорушы еді... Жоқ, мұның арты құрулы дар екенін былтыр жау кеп қоршап алғанда-ақ білген. Жендетті қаймықпай күтіп алуға белді бекем буып тас-түйін боп отырғандарына жылдан асты емес пе! Шидүрге құтқармасқа қалған ажалға бола тап мұнша күйзелмейді! Онда он-сан оқталып айта алмай жүргені не болды? Ол бұған ылғи қимағандай қинала қарайды. Жанарында әлдеқандай بازیна, наз тұрғандай. Ертең өзімен бірге өлетін кісіге ол не наз, не بازیна? Апырау сонда не...

Ұмытып барады екен. Есіне енді түсті. Орынынан тұрып төрдегі төрт таған орындыққа барды. Күміс табақшаның үстіндегі жүзікті қолына алып көрді. Тырнақтай көк тастың астындағы көк ұнтақ у екен. Жылмағай мүйіз қорапшаның ішіндегі алмас ұстара боп шықты. Манағы екі қызметшінің келісіне енді түсінгендей. Шидүргенің пәлен күннен бері айта алмай жүргенін енді ұққандай. Мұнысы несі? Өзін өзі өлтірудің керегі қанша? Ертең жендет өзі-ақ жайғамай ма? Әлде азапқа төзе алмас деп қорыққаны ма? Жыл он екі ай мына тамұққа шыдағанда ай балтаның астындағы қас-қағым сәтке неге шыдамасын! Енді жаудан да, өлімнен де қорқатын ештеңе қалған жоқ. Түгел жусап қалған елінен, күйеуінен жаны артық па! Дарға асса — құдай қосқан қосағымен бірге асылады, басын кессе — жендеттің алдына бірге барады. Ақтық демдері біткенше жарық дүниені бірге көреді. Араларына адам түгілі ажал түспейді. Әлде... Жаудың басқа бір ойлағаны бар шығар. Әлгі сызат дұшпанның сондай ниетіне көрінбесін! Біреуі басынан оқ тиген жаралы құлжаның сыңар мүйізіндей соқитып жалғыз қалдырып жүрмесін! Бәсе, мана бұлардың екеуін неге бірге әкетпеді?

— Апырау. Шидүрге неге айналды!?

Дұшпанның зымиян ниетіне енді көзі жетті. Терезенің

алдына барды. Қара ат мінген қалың нөсер бұрынғысына самсап тұр. Кенет олар ығысып әлдекімдерге жол берді. Кетік қақпадан қайқы қылыш ұстаған бір топ адам көрінді. Ханым оларды ордаға жеткенше қарап тұрды. Араларында Шидүрге жоқ. Гүрбелжін жалма-жан төрт тағанның үстіндегі күміс табақшаға тұра ұмтылды.

VII

Қара өзеннің жағасын қиқуға толтырған ұлан-асыр той бір аптаға созылды. Осынша опыр-топырдың неге болып жатқанынан атымен бейхабар арсыз күн қаран қалған шаһардың қақ төбесіне шығып ап, жымың-жымың етеді.

Күлге айналған кесектердің арасына құмырысқа илеу салыпты: ию-қию төмпектердің төбесінде тіршіліктің жемін тасып, әрлі-берлі сабылып жүр. Кешегі қан-қасап болған қабырғалардың астынан ін қазып алған саршұнақтар күн нұрына арқасын төсеп, қит-қит әндетіп қояды.

Дүниеде не болып, не қойып жатқанынан бейтарап уақыт жолынан қалмапты. Қызыл қанның орынына желкілдеп көк масаты шөп өсіпті.

Таңғұт астанасынан қалған тігерге тұяқ азғана тұтқынның бүгінде ішіп-жеп, мәз-мейрам болып жатқан басқыншылардың даурықпасы мен ызы-қиқы, ың-жыңына әбден құлақтары үйренген; жасыл төбелердің бөксесін тесіп, жүздеген жер ошақтар қазып, буын бұрқыратып ас түсіріп, қымыз сапырып, шарап жұтып, шат-шадыман боп жатқан шапқыншылармен шаруасы жоқ. Сонау шыр айнала қоршап мұнартып тұрған көгілдір тауларға, кеше таңғұт қойшылары мал өргізіп шығатын қоңыр қойнаулар мен сылқ-сылқ ағып жатқан Қара өзеннің мөп-мөлдір суына көздері боталап, көп қарай береді.

Бүгін аптаның ақырғы күні. Шыңғысхан қыран-жапқан той жасағанда әуелі төбе шаштары тік тұрып, іштері жидіп, буындарын діріл жайлап, шеттерінен шамырығып жүрген еді, ырду-дырду күннен-күнге ұласа берген соң, сол бір даракы опыр-топырға да еттері өліп, селт етпейтін болып алған-ды. Бүгін Шыңғысхан шатырының қасындағы шаршы топта мәжіліс көбейіп кеткенін байқап, бейшара жүрек әлденеден шам алып, үсті-үстіне сыздай береді. Бесін ауа алпыс тұтқынды кісендерін шылдыратып, сары ала шатыр тұрған қақ ортадағы дөңбек төбеге қарай алып жүрді.

Шыңғысхан дастарханының сән-салтанаты әлі тарампты. Сартаулы мен Кавказдың, Үнді менен Қытайдың не зергерлерінің қолынан шыққан алтын, күміс жиһаздар аузы-мұрынынан шыға толыпты. Шыңғысхан да күндегі күлгін сұсынан айырылып, қызара бөртіп отыр. Алпыс тұтқынды бұзау тіс жеті өрме қамшымен желкелерінен бір-бір тартып, амалсыз

жер тізерлетіп, анадай жерге иіріп қонған соң, кісенін шылдыратып Шидүрге әкелінді. Әміршілерін көргенде алпыс тұтқынның көздерінен ағыл-тегіл жас шұбыра бастады.

Шыңғысхан Шидүргеге тіл қатты.

— Сен кеше жер бетінде, әйтеуір, жаңғыз таңғұт тірі қалса, менің кегімді жоқтайды дедің бе осы?

— Иә, айтқаным айтқан.

— Ендеше сенің таңғұтыңнан тірі қалған осы алпыс және өзін. Қалған еркек кіндіктің бәрін лақша бауыздадым. Әйелдерді сұрыптап жүріп, тек сұлуларын ғана аман алып қалдым. Олар бұдан былай Маңғұлдан бала сүйеді. Ал, мынау алпыс қазір сенің көзіңше жаһаннамға жөнелтіледі.

Шыңғысханның мына сөзін естігенде анадай жерде бөлек иіріп қойған тұтқын таңғұт әйелдері жендет семсері әр қайсысының ішін жарып бөрінің бөлтірігін тірілей салып жібергендей, оқыс ышқынысып қалды. Арасында мырс-мырс жылап тұрғандары да баршылық.

Шидүрге көк желкеден бір-бір ай балта төнген қандастарына ақырғы рет бір қарап қалғысы келіп, көзін аудара беріп еді, алпыс бас жел ұшырған қаңбақтай жарыса домалап кетті. Қапелімде қалт тұрып қалған құр кеуделер, сәлден кейін етпетінен гүрс-гүрс құлады.

Жау алдында белін бергісі келмей қанша сыздаса да, мынаны көргенде ет-жүрегі езіліп, шыдай алмады; көзінен жастың қалай ыршып кеткенін өзі де байқамай қалды.

Шыңғысхан дауысы қайта шықты.

— Мухули мусхули угай балған!¹

Әміршінің дауысы шеке шымырлатардай шаңқ-шаңқ етті.

— Бұдан былай дәл осы күнді, дәл осы сағатты естен шығармас үшін, алдарыңа ас келген сайын «Мухули мусхули угай» деп айқайлайтын боласындар.

Сол-ақ екен бүкіл алқап:

— Мухули мусхули угай!— деп шаңқ ете қалды.

Шыңғысхан тағы да Шидүргеге бұрылды.

— Енді жер бетінде таңғұттан өзіннен басқа еркек кіндік қалған жоқ. Сенің де басыңды қазір аламыз. Сосын мынау жарық дүниеге бір де бір таңғұт тумакшы емес. Қарыны қампиған әйелдің бәрін жарып тастадық. Сонда сенің кегінді кім кектейді?— деп сұрады.

Тұтқын әйелдер шоғырынан оқшау бір шетте сегіз жігіт көтерген жібек шатыр ішіндегі Гүрбелжін ханым ерінін тістеп сазарған да қалған. Қарсы алдына тұтылған жібек шілтерден бәрін көріп, бәрін естіп отыр.

Шидүрге бойын жиып ала қойды. Шиыршық атқан ызалы дауыспен:

¹ Тұқым-теберін күрттық (манғұлша).

— Ей, Шыңғысхан, мың асқанға бір тосқан. Саған да зауал бар шығар!— деп шақырлаған қос азуын күшпен тежеп, маңдайына шапшып шыққан ащы терді мойынын қатты бір жұлқып сілкіп тастады.

Шыңғысхан оған ләм-мим жауап берген жоқ. Қос жендетке ым қақты. Екі темір көк желкеден шақыр-шұқыр шайнаса қалды. Шидүргенің басы алтын таждың астынан Шыңғысханның алдына домалап түсті.

— Мухули мусхули угай!— деп күркіреді бүкіл алқап.

Ханым көйлегінің жеңін шап беріп асап алды. Өң-сөл жоқ сұп-сұр жүзін удай ащы көз жасы тілгілеп жатыр.

Шидүргенің кеудесі домалап бара жатқан тажды шап беріп ұстай алғысы келгендей етпетінен гүрс етіп құлап түсті.

Шыңғысхан атып тұрып таңғұт тажынан аттап өтіп, ханым отырған сары жібек шатырға қарай беттеді. Гүрбелжін өндірішегі сорайған сығырақ көз шалға да, оның қапсағай денесіне де, бір аяғын ұйып қалғандай сүйрете басқанына да таңырқағандай аңырып отыра берді. Он қолынын сұқ саусағындағы жүзіктің көкшіл көзінен күлдей көк ұнтақ төсегіне төгіліп жатты.

...Қара өзеннің қағанағы қарқ, сағанағы сарқ. Аңғар бойы сылдыр-сылдыр, сынғыр-сынғыр.

Шыңғысхан Қасар мерген бастаған төрт-бес күтуші еркекті алып, андап-андап тұрған құз жартастардың арасымен, аңғар бойына түсті. Енді сары шатыр маңына көзін сатушылардың көп болатынын біліп, әдейі жұрт көзінен жасырынып, соңында кетті. Андаған тіс-тіс құз жартастардың арасынан аспандағы күн болмаса басқа ешкім бұларды көре алмайды.

Мынандай жарқыраған күнде Гүрбелжіннің қардай аппақ тәніне қапысыз қанығып алмақ. Су бойына жасыл шалғын үстіне ықшам жол шатыр тігілді. Күтушілер Гүрбелжін аруды шатырдың тасасына шешіндіре бастады. Шидүргенің манағы өсиетін орындап, сұлудың тұла бойын түгел тінтіп шықпақшы. Асыл қамқа сыпырылып түскенде, ар жағынан айдай нұрлы аппақ мүсін жарқ етті. Жеті еркек ауыздарын ашып аңырды да қалды. Тіпті сұлудың сусып түскен көйлегінің астынан пыр етіп көгершін ұшқанын да көрмеді. Жалма-жан Гүрбелжін арудың қолына жармасып, шатырдың ішіне жетелей жөнелді.

Шыңғысхан таңғұт ханшасымен шатыр ішінде екеуден-екеу оңаша қалғанда барып, есін жиды. Сосын тысқа құлақ түрді. Уәде бойынша күтушілер әміршілері әбден тояттап болғанша, аңғар сыртына шығып, қапияда біреу-міреу үстерінен түспеуіне қам жасауы керек еді. Шамасы, әлдеқашан

анғар сыртына шығып кетсе керек, маңайда сылдыр-сылдыр су үнінен басқа дыбыс естілмеді.

Өне бойында лыпа жоқ, қақпанға түскен еліктей, өз-өзінен үркіп тұрған аруға қарай төне түсті. Сұлудың тұла бойында қару жасырардай қалтарыс атымен жоқ. Шыңғысхан алма мойын аруды сұғанақ көздерімен тағы бір тінтіп өтті. Күтушілер қолдағы білезік, жүзік, құлақтағы сырға, шаштағы шолпы — бәрін сыпырып алыпты. Тамағынан күн жұтып қойғандай, ерекше бір нұр шашырап тұратын, әлсіз аппак мойын құс-мамық төсекке шалқалап құлай берді. Ұлы әміршінің көзі қарауытып, үлбіреген еріндер мен жаутаң-жаутаң қарағанда жалынша шарпыған екі нәркес көзден басқа ештеңені көрген жоқ. Сәлден кейін екі тізесін шоқ қарып алғандай болды; ол ұяттан, ызадан, намыстан от болып, өртеніп жатқан Гүрбелжін ханымның ұлпа тақымы еді. Құмарлықтың дүлей желігіне біржолата беріліп, құдды бір жағаға шығып қалған балықтай тынысы тарылып, танауын жас тәннің, асау қанның, елден-ерек сұлулықтың хош иістері қосыла аңқыған қос анардың ортасына енді апара бергенде, ұлы әмірші оқыс ышқынып, сылқ етіп, сұлу үстінен ауып түсті.

Гүрбелжін ханым төсектің аяқ жағына түсіп қалған желең көйлегін қолына іле-міле сыртқа сып берді.

Ұлы әмірші екі санын жуып бара жатқан қызыл-жоса қанға шошына қарап отырып қалды. Күтушілерін дауыстап шақыруға мынау қалпынан ұялды. Азу тісін сындырып жіберетіндей, шақыр-шұқыр тістеніп, етпетінен гүрс құлады.

VIII

Ұлы әмірші табан астында ауырып қалды. Сол күні түнде ұлы әміршінің Қасар мергеннен басқа кутушілерінің бәрінің де басы қырқылды. Әміршіні емдегелі барған емші, балгерлер де сары ала шатырдан тірі шықпады.

Манғұл қолы адыра қалған таңғұт астанасынан бір жола үдере көшті. Ұлы әмірші көш жөнекей көңілін сұрай барған ешбір жанды қабылдамады. Тіс жарып ешкімге ештеңе демеді. Екі көзі жұмық, әлде бір ойларға батып, жатып алды.

Көш үшінші айдың бірі күні Чжам-Хак өзенінің кең қойнауына келіп құлады. Сонда жасыл шалғын мен айна жалтыр өзенді көріп, Шыңғысхан ауырғалы жұртқа естіріп алғаш рет тіл қатты.

— Мынау бір кәрі бұғы мал болатын, кәрі кісі дем алатын жайсаң жер екен, — деді. •

Сол алқапқа көш кідірді. Дәл өзен жағасындағы жасыл шалғынның қақ ортасына екі үй жалғастыра тігілетін хан ордасы қонды. Шыңғысхан орда тігілген соң, іргенің алдына

төсек салдырып жатты. Жаз күні жайма-шуақ. Шалғын ішінде шегіртке үні, құс үні. Орда төбесінен топ-топ тізіліп, түз құстары суға ұшып өтеді. Көштің түйелері, тақымнан босаған жылқылар көк балаусаны күрт-күрт орады.

Шыңғыс өзі бұрын-сонды назар аударып көрмеген осы бір бейбіт тіршілік көрінісін біраз қызықтап жатты да, бесін ауа, анада Гүрбелжінді алып, Қара өзеннің басына барған кезде, қасына Қасар мергенді шақырды. Оған Гүрбелжіннің желең көйлегін алғызды. Өткен оқиғадан кейін аңғар бойын түгел шарлатқанда, бір құс тұмсық жартастың ұшар басында қалған осы көйлектен басқа Гүрбелжіннен ешқандай із-түз табылмады. Сосын қайтып жұрт ауызында дабырық болып кете ме деп, іздеу салмады. Бірте-бірте әдемі жас дененің әсем иісінен айырылып бара жатқан бір уыс шүберекті бауырына қысып, әрі-бері жатты да Қасар мергенге тіл қатты. Мынау көйлек бөлек бір үй тігіліп, сонда сақталмақ. Ол ұлы әміршінің Кіші Ордасы саналмақ. Жыл сайын дәл осы күні, дәл осы арада тайлыға¹ жасалмақ, онда құрбандыққа кісі шалынбақ. Алда-жалда ұлы әмірші көз жұмып кетсе, оның сүйегін жуып, киіндіретін кісілердің үстіне ешкім жіберілмеуге тиісті. Олар ұлы әміршінің сүйегін табытқа салып, табыттың аузына кілт салынған соң, мұрагерлерінің бірі кеп, ұлы әміршінің жала-наш тәнін көргендердің бәрінің де басын алмақшы.

Қасар мерген ұлы әміршінің аманатын айту үшін, мұрагерлермен тілдесті. Кешке ымырт үйіріле ұлы әмірші жатқан оңаша ордаға қайтып оралды.

Шыңғысхан әшекейлі қытайы кесеге әлдебір сусын құйып, Қасар мергенге ұсынды: түгел жұтып салмай, орталап ішіп, қалғанын өзіме қайтар,— деді. Қасар мерген бұнысына айран-асыр болса да, ұлы әміршінің бұйрығын орындамауға дәті бармады. Ол қытайы кеседегі жұмбақ сусынды орталап ішіп, кесені мамық төсектің үстіндегі арса-арса бір уыс шалға, ұлы әміршісіне қайтып берді. Қытайы кесенің қолынан шығуы мұң екен, төсектің аяғына құлап түсті. Ол өзінің күні кеше арқар қуып, тау мен таста қаңғып жүрген жаман аңшының сарқытын жарты әлемді қасы мен қабағына қаратқан ұлы Әмірші қалай қағып салғанын көріп, таңғалып, ерінің бір сылп еткізуге ғана мұршасы келді.

Бұл Қасар мергеннің ұлы Әміршісіне ең соңғы таңғалуы еді.

ЭПИЛОГ ОРНЫНА

Бүгінде Чжан-Хак өзенінің баяғы арнасы тартылған. Аратұра қой балшық, жайдақ шалшыққа айналып кетіп отырады.

¹ Маңғұлдардың Шыңғысхан құрметіне беріліп тұратын ас сияқты жиыны.

Сондай бір лайсаң шалшықтың жағасында, екі шағылдың ортасында Ихи-Эджен-Хора — Әміршінің ұлы ордасы атанған қос киіз үй әлі күнге дейін тігулі тұр. Онда Шыңғысханның сүйегі салынған күміс табыт бар деседі. Жыл сайын, ай календары бойынша, үшінші айдың бірі күні ордос маңғұлдары Шыңғысханның құрметіне тайлыға өткізіп тұрыпты. Ондай той күні Шыңғысханның бәбішесінің үйі — Донду-Эджен-Хора — ұлы Әміршінің ортаншы ордасы мен Гүрбелжін ханшаның көйлегі сақталған Бага-Эджен-Хора — Әміршінің кіші ордасы да осында көшіріліп әкелінетін көрінеді.

Тайлығада Шыңғысханның басына жылма-жыл жылқы шалынады. Ертеректе адам да шалыныпты. Кейін тибеттің Панчен-Эрдені¹ бірде Шыңғысханның сүйегі сақталған үйде жұрттан жасырынып жалғыз қалып, табытты ашып, Әміршінің беліне қызыл белбеу буып: «Бұдан былай рахымды бол, адамның қанын осы арқалағаның да жетер, енді сенің басыңа адам емес, жылқы шаламыз», — депті. Табыттың аузына үш жерден құлып салып, кілтін өзімен бірге әкетіпті. Содан бері күміс табыттың ішінде не жатқанын күзетуші дархаттардың² өздері де білмейді.

Ханым-дария — Хатун-Гол атанып кеткен Хуэнхэ өзенінің бойында, Гуйхуачэн қаласының маңында таңертең төңкерілген тостағандай, түсте айдалаға апарып тігіп қойған киіз үйдей боп көрініп, ал кешке етегін мұнар шалып, төбесі бұлт арасында қалқи жүзіп жүретін елден ерек төбе бар. Оны жұрт Темір-Олхо атайды.

Баяғыда Гүрбелжін ханша Шыңғысханға еріп өзен бойына барғанда, көгершіннің аяғына Шыңғысханнан қалай кек алатынын айтып хат байлап жіберіпті. Ол хатта сүйегімді судың аяғынан емес, басынан іздендер депті. Жыл бойы қанша сарсылып іздесе де табылмаған Гүрбелжін ханшаның денесі ақыры сол қазір Темір-Олхо тұрған маңайдан шығыпты.

Қытай дихандары жер бетін қан жылатып, өмір бақи жеңілмейтін жиһанкер атанған Шыңғысханнан да кек қайтарған арудың денесіне тауап етіп, әр қайсысы бір-бір күрек топырақ салғанда, Гүрбелжін ханшаның моласы осындай шар тараптан өзіне шақырып тұратын найза төмпекке айналыпты. Осынау адамға қысастық қылғанның зауалы ақыры адамнан болатынын айтып, жер түбінен ұран салып тұратын киелі төбенің еңсесі мәңгі биік болу үшін әрлі-берлі өткен жүргінші Темір-Олхоға бір уыс топырақ қосып отырады. Ал, енді Гүрбелжіннің Шыңғысханнан қалай кек алғанын өзінен басқа тағы бір адамға айтып берген кісі де Темір-Олхоға бір уыс топырақ қосқан адам болып есептелетін көрінеді.

¹ Тибеттіктердің дін басы.

² Маңғұлдардың бір түрі.

Сол ғұрыппен бұл аңыз да кісіден-кісіге, елден-елге, тілден-тілге ауысып келіпті.

Енді, міне, қадірлі оқушым, мен де Темір-Олхоға қосқан бір уыс топырағым болсын деп, бұл хикаяны өздеріңе әңгімелеп отырмын.

ШЫҢЫРАУ

I

Еңсеп ол күні бұл зымыранға енді қайтып түспейтінін білген жоқ. Шай ішіп шықты да ыстық қайта құдықтың басына келді. Серіктері шайланып болғанша айналада шашырап жатқан шеген тастарды көрді. Ернек шын бұл арадан үш қонып төртінші түнемелікке әзер жететін жерде. Одан беріде тас баласы табылмайды. Жылмиған қара сұр жазық.

Байсал бай жайлауға көшкенде қиялама ат жолдан шығады. Ернек асқан соң, екі түнемелікте суат бар да, үшінші түнемелік, құламаның құла түзі, малды да, көшті де әбден болдыртып тастайды. Нағыз қоныр бұйра кең өріс суат жоқтықтан қысырап жатыр. Өткен жазда қырқым өте Байсал бай Еңсепке құдық қазып бер деп қолқа салған-ды.

Ол шыңырауды дәл осы арадан, ала қырдың үстінде оқшау қылауытқан тастақ жүлгенің терістігінен қазатын болды. Бір-екі ақсақал тастақ жыраның құбыла бет құйрығын қалай көріп еді, оған Еңсеп өзі ыңғай берген жоқ. Сонша қыңыр тартуында бір мән бар. Бірақ, оны әзір жан баласына тісінен шығармақшы емес. Шет жағасын ертең Байсал байға шыңырау біткен той үстінде айтпақ.

Шеген тастардың бір сыпырасы түсіпті. Әр қайсысы алып тоқаш сияқты; қалыңдығы қарыс жарым да, биіктігі кез жарым. Бұндай тасты сонау үш күндік жердегі құлама ернектен тасың әкелудің өзі күш. Ол үшін белді-белді нарды кәтептеп, ауыттап комдайды да, екі жағына бір-бір шеген тас сыйып кететін екі үлкен кебеже теңдейді. Оған нардың нары ғана шыдайды, анада зауза айында, жабағы жүнді ернектің астында қырыққан Байсал бай Жем бойына көшіп өткен-ді. Жол жөнекей бұның қосының қасына бір күн қонды. Сонда Еңсеп Байсал байдың келе-келе түйелерін аралап жүріп, тас тасуға осы шыдайды-ау деген он бес нарды өзі таңдап алып қалып еді. Қазір соны жеті-жетіден кезек аттандырып тұр.

Жылмиған үстірт айнала ақ шын ернекке тіреліп таусылады. Сол ернектің бір ұшпа аңғарында бұның інісі Теңсел тас кесіп жатыр. Таудан арамен кесіліп алынған сандық тастар ернектің үстіне шығарылады. Кескенге жұмсақ болға-

нымен, жел мен суға берік сар кемік тастың ортасын ойып, шыр айнала қырнап, тоқаштан аударып алғысыз тығырық кейіпке келтіреді. Ернектен алыстаған сайын жердің топырағы қалындап, астындағы көл-көсір таудың көк тас қабаты тереңдей түседі. Осы жолы бұл көк тасқа он кісі бойы жер қазып зорға жетті. Мұнша жерді шегендеу үшін қыруар тас керек. Сегіз нарды енді бір мәртебе жіберіп алса, жетіп қалар түрі бар.

Еңсеп тастарды көріп шыққан соң, құдықтың түбінен алынған көк қиыршықтың үстіне құйрығын басып жүрелеп отырды. Мойнына күміс шынжырлап тағып қойған ақ мүйіз шақшасын алып, бас бармағының басына насыбай үйді. Сосын екі танауына кезек-кезек тосып еді, ащы көк бұйра кеңсірігін дуылдатып, таңқ-таңқ түшкіріп жіберді. Күшті насыбайдан көзіне ыршып шыққан жасты жалаңаш білегімен сүйкеп тастады да, астындағы көк қиыршақтың бір уысын көсіп алып, алақанына жазып қарады. Құдық түбінен бұдан бір шай ішім бұрын шыққан көк қиыршақ тас мынандай шыжып тұрған талма түсте түгел кеуіп үлгермепті, әлі дымқыл. Су я бүгін, я ертең түске дейін шығып қалар түрі бар. Жалаңаш иығын күн шағып барады. Құдықтан екі аттам жердегі киіз үйден гу-гу дыбыс шығады. Жігіттердің шамалыда шайланып шыға қоятын түрлері көрінбейді. «Ау, болсандаршы»,— деп айқайлап қойды.

Шай ішіп бусанып шыққан жігіттер қасына кеп насыбай атысты. Соңыра салқын түсе, ел қыстауға қайтып келе жатқанда Байсал бай құдық байғазы тойын қай жерде өткізетінін айтып таласты. Атақты байдың тойында жүлдеге түсетін жүйріктер мен палуандарды санасты. Байсал байдың бәйгеге не тігетініне сырттай тон пішті. Үстірттің үстіндегі ең терең, ең өрісі мол шыңырау осы болмақ. Шығыр тартқанда қара атан қазірдің өзінде екі жүз қадамнан асып қайтып жүр. Кешеден бері құдықтан шыққан топырақтың қиыршығы азайып, жентек-жентек саз ұшыраса бастады. Суының тұщы болуы да ғажап емес. Енді Еңсеп сол туырлық сазды түгел ойып біткенде, ар жағынан балдай тәтті тұщы су тесіп шықса, Байсал бай ханға сәлем берер ме. Аман болса, бүкіл ала қырдың үстіндегі жалпақ ел бұл шыңырауға көзін сүзіп өтеді. Байсал бай дәулетін осы жолы төкпегенде қайда төгеді. Айдыны асқан жерде аямай сілтеп қалатын шығар!

Еңсеп жігіттердің кеу-кеу әңгімесіне араласқан жоқ. Балағын түріп, тізесінің үстіне шығыршықтап түйіп алды. Сосын құдықшыларға тігілген екі үйге қарады. Қырдағы кәсіпқордың қанша мал тапса да, үзігі бозармайтып құрым шатпасы. Азын-аулақ тұяқ пен бала-шаға ауыз судың басында. Оларды көрмегеніне де біраз болып барады. Бір жылдан бері осы бір қызыл төмпектің маңынан шықпады. Тек сонау суық көктем-

де, мал төлдеп жатқанда, азғантай шаруасының күйін өз көзімен бір көріп шыққалы қатын-баласына барып қайтқан.

Мынау екі үйде өңшен еркек. Ас пісіріп беретін, үйге ие болатын екі бала жігіт бұлар құдық қазып жатқанда ауыз суға кетеді. Қазір күн ауа екі атанды қомдап, метейлерді теңдеп, тандайларына қойдың көкше құртын басып, күн өтіп кетпесін деп, бастарына шекпен бүркеніп жолға шығады да, ертең күн ыси қайтып оралады. Осындай көші-қонды күйкі тірлікте жүретін құдықшы ауылда не сән, не салтанат болсын.

Ала қырдан су іздеп, құдық қазуды ата кәсіп қылып алатын Қараш әулеті бесіктен белі шықпай жатып еститіні мазақ: «Қараш, тіккені күрке, асқаны бақыраш, иті үрегеш, қызы күлегеш, ақ боз үйге кіре алмас, шонқайма етік кие алмас, шөккен түйеге міне алмас!..»

Қараш пақырға әйтеуір тамақ іше алмас демегендеріне де шүкірлік. Бірақ Байсал байдың ернекте жайлайтын ерке інісі Өтеске: «Күн ысып кетті, сауынға бір-екі түйе берсін», деп кісі жіберсе: «Қараштың қарынына қара көжеден басқа ас тұрушы ма еді»,— деп келеке қып қайтарыпты.

Әдетте, етікші мен ұстаның байқатпай шаптан тістейтін шақпа тілі болады. Құдықшыда о да жоқ. Болғанда да жеті қат жердің астындағы оның сөзін кім естиді?

Еңсеп шырт түкіріп қойды. Оның әлденеге томсырайып отырғанын көрген жігіттер кеу-кеу әңгімеден тыйылып, тоқырасып қалыпты. Ол орнынан тұрды. Сосын анадай жерде шөгерулі жатқан шығыр тартып жүрген қара атанды мензеді.

— Ана бейшара да шөп үзсін, тұсап жібере тұрындаршы!

Жігіттердің біреуі қара атанның шығыр арқанын шешіп, тұрғызып, тұсап қоя берді. Еңсеп беліне қыл арқан байлап құдыққа беттеді. Төрт-бес жігіт қатарласып, қыл арқаннан ұстады.

Құдықтың ішіне үңілсең, басың айналады — саңылауы жоқ қара түнек. Еңсеп ысыдан өңің жоғалтып алған күлгін аспанға қарады; сосын құдықтың ішіне аяғын салбыратып сыз қабырғадан тесіп жасаған теппеге башпайын тіреді. Манадан бері күн қыздырып тастаған бақайы мұздап қоя берді. Кеңірдегін созып қарап еді, құдықтан шыққан сұрғылт төмпешіктердің ар жағында екі құрым күрке қарауытты. Арқаннан ұстап, құдыққа төніп-төніп тұрған жігіттердің әбден күнге шыжғырылған қап-қара сирақтарын көрді.

Жаңа ғана айнала сағым шалып жатқан көл-көсір көк жиек енді қара сирақтардың ара-арасынан қылт-қылт жылтырайды. Қыл арқаннан шірене тартып тағы бір теппе төмен түсті. Жігіттердің қайыс қара жүзінде моншақтап тер шығыпты. Бәрі де түү сонау зымыранға түсіп бара жатқан бұған телміре қарайды. Шалқар дария кең аспан шара табақтай боп құдықтың аузына төңкеріле қалды. Сыз құдықтың салқын

лебі енді шындап сезілді. Тершіп тұрған жауырыны оқыс мұздап, тұла бойы түршігіп кеткендей болды. Тағы да төмендей берді. Құдықтың ішіне кесе-көлденең түскен күн сәулесі түү сонау төбеде. Маңдайының бәрі бозғыл, бұлыңғыр тартты. Жарықтың бәрі жоғарыға серпіліп, дәл құдықтың аузына мұнардай ұйысып тұрып алыпты.

Сыз лебі манағыдай емес, күшейе түсті. Төмендеген сайын бақайы қарылып, қатырып барады. Әдетте, жоғары шыққанда бір теппе биіктеген сайын көңілің өсіп сала береді.

Көзін құдықта ашса да, жер астына әр түскен сайын бір жас қартайғандай болады. Аяғының астында, сонау көзге түртсе көрінбес кара түнекте ол өмірі көрмеген бір дүлей аранын ашып, тісін сақ-сақ кайрап тұрғандай ту сыртына мұздай тер шығады. Қашан аяғы жерге тірелгенше төменге бір карамайды, көзі көкте болып, жаңа ғана артында қалған жарық әлемнің сонау бір алақандай жұрнағына телмірумен болады. О да барған сайын кішірейе түседі. Құдықтың аузындағы жігіттер шыңыраудың түбіне бір тал шаштай боп сымша тартылып созыла түскен жіп-жіңішке қыл арқанның ұшына жармасып тырбаң-тырбаң етеді.

Топырақ таусылып көк тасқа жетті. Төңірегіндегі жаңағы бір кара көлеңке бұлыңғыр жарық та сарқылды. Кара да емес, қоңыр да емес, жым-жылас тас түнек. Бұл сырттан түскендіктен, әлі көз үйренбегендіктен. Әйтпесе қазір-ақ айналасын айқын көре алмағанмен түксиген тас қабырғаларды еміс-еміс ажыратуға болады. Құдықтың ауыз жағы қылдырыктанып жіңішкере түсті. Ауыздағы адамдардың жобасы жоғалып, әлдеқандай кара ноқаттар қылауытады. Екі жүз қадам жердің асты...

Күнде-күнде шығып-түсіп, теппелер әбден жатталып қалған. Осы тұс-ау деп аяғын тіреген жері теппе боп шығады. Ишекке-ай... Табанынан өткен суық шекесін тесіп барады. Қыс болса, сыртта кара өкпек соғып, қар суырып тұрғанда мына шұңқырдың ішінде буы бұрқырап, денесі жайылып отырар еді.

Қазір сыртта шыжыған шілде тамыз. Мынау көрдің іші үскіріп тұрған ақ боран.

Шиыршық атқан қыл арқан емшек тұсына, екі бұғанасына қыз-қыз батып күйдіріп барады.

...Міне, жетті-ау ақыры!

Еңсеп көзін тарс жұмып ұзақ тұрып қалды. Біраздан соң қайта ашты. Жан-жағынан түксиген кара сұр қабырғалар қарауытады. Жалма-жан беліндегі арқанды шешті. Сосын арқанды қағып жоғарыдағыларға белгі берді. Қыл арқан қайтадан көкке көтерілді. Шелтендеген ұшы көкірек тұсынан сипап өтіп еді, тікендей тиді. Әлгінде ғана екі жүз құлаштан астам түксиген сұр кара тас, мелшиген меніреу кара жердің

астындағы оны серіктерімен, жер үстіндегі жарқыраған тірлікпен, мұп-мұздай сұп-сұр қабырғаларды шыжыған шаңқай түстегі күннің оттай ыстық нұрымен байланыстырып тұрған қыл арқан енді жеті қабат жердің астына жаңғыз тастап, өзі сонау иненің жасуындай сығырайма тесікке, жарық дүниеге қарай жаныға өрмелеп барады.

Кенет көз ұшында сығырая жылтыраған жаңғыз саңылау да бітеліп қалды. Алыстан болса да атой беріп, емексітіп тұрған жарық дүние жым-жылас ғайып болды.

Еңсеп жан-жағынан анталап тұрған сыз қабырғаларды бәрі бір көріп отыр. Қатпар-қатпарға тығылған үрейлі көлеңкелер қазір тұтаса ұйысып, меңіреу қараңғыға айналыпты. Табанын қарыған суық шекесінен өтіп барады. Башпайларының да быртып-быртып ісіп кеткен түрі бар.

Көп ұзамай ту жоғарыдағы ұйлыққан тұтас қою түнек қайта жыртылды. Қол басындай қап-қара бірдене төмен зулап келеді: Жарқ ете қалған жабағы нұр шашырай сынып, зулап келе жатқан жұдырықтай қараның жан-жағынан жапатармағай шарпып жатыр. Бұл — құдықтың ауыз жағындағы жарық. Ол мына тұңғыққа жете алмай орта жолда өлеусіреп жоғалады.

Еңсеп құдықтың аузын қара көлеңке көмген сайын қорқып қалады: ол қазынды топырақты сыртқа шығаратын емен күбішелек пе, әлде сырттан домалап кеткен кесек пе, жоқ жер астында зарығып жалғыз отырған құдықшының онсыз да ойнақшумен болатын үркек жүрегін тас төбесіне шығаратын тағы бір көлденең кесепат па, қашан қасына жетіп, қолымен ұстағанша сенбей, көктен көзін алмайды.

Сөйтсе, әлгі қараңдап түсіп келе жатқан сыртқа топырақ шығаратын қос құлақты емен күбі болып шықты. Ішіне мұның жылы көкірекшесін, құлынның жарғағынан қонышы қара санына жеткізіп тігілген саптама етігін салыпты. Құдықтың ішіне түсерде қиын болады деп, киімін бөлек жібереді.

Дірдектен тұрған денесіне жылы киім майдай жақты. Жан-жағынан аш қасқырдай анталаған үрей де кейін серпілгендей болды. Қолына шапқысын ұстап, түксиген сыз қабырғаны сипады. Шып-шып тершіп, су шығып тұрған ештеңесі жоқ. Бірақ, қиыршақ тастар тіптен былбырап кетіпті. Жентек саз таусылыпты. Ащы ма екен, тұщы ма екен? Сыз қабыршақты ерініне тигізе-тигізе дәмін ажыратудан да қалып барады.

Оның қолы қырық қайтара істеп әбден дағдыланып қалған үйреншікті жұмысқа кірісуі мұң екен, көңіліне қырық қайтара ойлап, қырық қайтара есіне алған, бірақ ойлаған сайын тереңдей түсетін тұңғық ойлар қайта оралады.

Құдықшының қыран-топан қызыққа белшеден батқан берекелі өмірі жоқ. Түксиген сыз қабырғалар мен су қиыршақ

топырақтан басқа, екі иінінен аждаһадай айқара басқан көр-қараңғыдан басқа көргені де шамалы. Бірақ оның осы қара көр қуыс пен бір шөкім сұрқай өмірінен бөгде ойлайтын да ештеңесі жоқ еді.

Тыным тауып отыра алмайтын күс-күс қолы сыз қабыршақтарды үңгіп, жер астының қатпар-қатпарынан су іздеуге кіріскенде, мынау мимырт жұмыстан зерігіп кеткен көңілі өз өмірінің азын-аулақ қалқа-қалтарыстарын тінткілей жөнеледі.

II

Тағы да сонау жер бетіндегі жарық дүниеде алшаң басып жүрген күндері, мынандай қара көр жер астынан атымен бейхабар кездегі аз ғана қызықты дәурені еске түседі. Неге екенін білмейді, жасы ұлғайған сайын сол бір қас-қағым келте дәурен есіне тым жиі оралып, көз алдына дәл осы қазір көріп отырғандай бәрі сайрап, ап-айқын елестейтін болып жүр. Әсіресе, әлденеге алаң боп, жүрегі ойнақшыған сәттерде өткен-кеткен жадына оралғанда, шиыршық атып шамырыққан жүйкесі бір түрлі өз-өзінен жұмсарып сала беретіндей көрінеді.

Ал, бүгін кеп көксеп отырған сол аз ғана қызық дәуренінде, тап осы күндерім ертең арман болар деп тіпті де ойлаған емес-ті.

Табаны жарық-жарық қара бала әуелі ортасына үңгіп қорғасын құйған құлжаның сақасы қолыма түссе деп армандады. Құлжа қолына түскенмен о да өткінші өмірдің өзге қызықтарындай көп тұрақтамады. Ол хан талапай ойнап, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ боп жүргенде осы бүгін ұтсаң, ертең ұтылатын ит жығыс ойын тек асықпен тынбай, бүкіл ғұмырына кететінін білген жоқ-ты. Ышқырын толтырып асық ұтып әкелген күндері көңілі жер-көкке сыймай күпсіп жүретін-ді. Нелер тәтті қиялдар мен армандар да тап сондай күндері есіне түсетін.

Ол ең әуелі осы өңірдегі ең өктем адам Бигелді болыстай болғысы келді. Астында көк жона тоқым, күміс бас ер, көк мойнақ арғымақ; қолында — өзегіне күміс құйған, сабына алтын әшекей жүгірткен шашақты төрт өрме қамшы; артында — әр ауылдың пысықайлары. Байға қонып, мырзаға түстеніп, ел аралайды. Ел үсті жүрістен жалыққанда қасына қарулы екі-үш жігіт ертіп, аң аулайды. Айдалада сайранды сала-сала құмарынан шыққанда серіктерін ауылға қайтарады да, жол-жөнекей шаруа көріп қайтатын боп, теліген қайныларына бармай, болыстың панасынан дәметіп, жалғыз тұратын жесір келіншек, керме қас Жаңылдың үйіне түседі; сұлу әйел шынашағын шошайтып құйған қан күрең шайды ішіп, күс

төсекте қарынын сипап, рахаттанып жатады. Еңсеп ол кезде өзі ер жеткенше керме қас Жаңылдың қартайып кететінін білмейтін еді.

Еңсеп келе-келе Бигелдінің де соңына сөз еріп, түсіп қалғанын көрді. Оны болыстықтан құлатқан көзі тұздай, жирен сақал Шоңмұрын би еді. Ақ көйлегінің жайдақ жағасын ашып салып, ылғи быршып терлейді де жүреді. Шүңірек көк көзінің шалғайына саулаған ащы терді шынашағымен қағып жіберіп, қайқақ төсіне төгіле құлаған жирен сақалды бір сипап қойып, есіліп сөйлеп отырады. Оның соңында да — айғыр топ қошаметші. Оның да еститіні — тек қолпаш. Қара бала қайта осы Шоңмұрындай болсам тіптен қатып кетер ме еді деп те ойлайды.

Әйтеуір ол әркімдер әлімжеттік жасай беретін тілік табан, жалақ бет қара бала күйінде қалып қойғысы келмейді. Ал, енді ауылдың шетіне оқшау қонып ап, артқы үзігін ескі жабумен жамап, алдыңғы үзігіне алаша сырыған қырық құрау құрым үйдің оң жағына көрік құрып, шыжыған шілдеде сексеуілдің шоғына шыжғырылып отыратын әкесі Құлжандай болудан ат-тонын ала қашады. Құлжанды қазанының түбі тесілген, шәйнегінің шүмегі ұшқан көрші әйелдер «қайнағалағанмен» қалған жұрт сыртынан ылғи кекеп, мошқап жүреді. «Қырсық Құлжан» атанған әкесінің ел көзіне неге сонша сүйелдей қадалатынына қара бала еш түсінбейді. Әкесінің өзінен сұрауға батылы бармайды.

Мойыны ішіне кірген ала көз әкесі лып-лып жанған сексеуілдің шоғына темір ұстап, бір қолымен көрікті басып, күні бойы ұсталық құрады. Үй ішінде ешкімге жақ ашпайды. Анасына айтатыны да: «Шайың қайнады ма?», «Ананы алып берші!» сияқты келте сауалдар мен келте бұйрықтар. Еңсеп әкесінің біреумен кер-мәр сөйлесіп жатқанын әлі көрген емес, бірақ пәленше екенді, түгінше екенді сөзден жығып кетіпті дегенді талай естіген. «Қырсық Құлжан» аталуы да сол жөн сөйлемей, қасақана бұра тартып отыратын қырыс мінезінен болса керек. Қалған Қараштың бәрі құдық қазып жүргенде жаңғыз өзі темір соғып ұста боп кетуі де сол қырсықтығы шығар.

Ешкімге жылы шырай, оң қабағы жоқ Құлжаннан балалары қатты айбынады. От ләм-мим тіл де қатпайды, ақыл да айтпайды, ешқайда, ештеңеге жұмсамайды да, тек көзінің астымен сынап-мінеп қарап отырады. Содан ба, балалары анасының айтқанын қалт етпей, лыпып тұрады.

Еңсеп он беске енді іліккенде әкесі қыл тамақ болып, бір жыл бойы қак төрде қарала алашаның үстінде жатты да қойды. Ем-дом жасамақшы болып келген бақсы-балгерді: «Жәрменкеге барып, сатып алған жаным жоқ, мырзасып

берген құдай сарандығы ұстаса қайтып-ақ алсын» деп қасарысып, маңына жуытпайды.

Бір күні пәлен айдан бері нәр татпаған әкесі үй ішінің де тамағынан ас жүргізбей, аңқа-саңқа сүйегін сылдыратып, жата беруден әбден жалығып, ызаға мінді. Анасына төрде ілулі тұрған бес өрме қамшыны алып бер деді; сосын оң жақта жүктің астындағы қобдидан пышағын таптырып алды. Өзегіне қорғасын құйып өрген қамшының күлте шашағын типылдап қырқып тастады. Жылмандатып майлады. Үй-іші оның не істейін деп отырғанын біле алмай аң-таң, ешбірінде үн жоқ. Әкесі қамшыны майлаған соң қымыз сұрады. Сары тостағанға құйылған ащы қымызға малып біраз уақыт отырды. Ерні жыбырлап, әлденені күбірледі. Селдір шоқша сақалын көкке көтеріп, әнтек шалқайды. «Біссіміллә»... Қапелімде қалтырап кеткен қолын күшпен басып, қымыздың ішіндегі қамшыны суырып ап көмейіне тықты. Өне бойы май-май, талай аттың ащы тері сіңген қара қамшы оқ жыландай жылжып көмейіне кіріп барады. Есінен айрылып, сылдырап қалған арық қол тастай қатып жабысып алыпты, қалш-қалш етіп, итере түседі. Қамшы бірте-бірте қысқара түсті. Арық қол сонда да итере берді. Терісі қалталанып, шілмиген арық мойыннан безіне шыққан жұдырықтай өндіршек бүлк-бүлк етеді.

Қамшының сағағындағы темір сақина тіске тиіп сарт ете қалды. Әкесінің әбден әрінен айрылған қу шөлмектей аппақ бетіне жаны қарқараға кеп қысылғанда да қан жүгірмеді, бір түрлі күлгін көгіс тартты. Бір қолымен қамшының сабынан ұстап тұрды да, екінші қолымен көкірегін басты. Аузындағы қамшыны қыршып жіберердей, тістеніп алды. Көгіс маңдайынан бұршақ-бұршақ аппақ тер көрінді. Сосын қамшыны кері суырды, омырауын қан жуып кетті. Манадан бері дымдары ішінде боп, әкесінен көз алмай тұрған балалар тап осы арада шыдай алмай, өкіріп-өкіріп есіктен ата жөнелді. Анасы даусын шығаруға зекіп тастай ма деп сескеніп, көзінен ыршып кеткен жасты жаулығының ұшымен жасқап, қанға батып жатқан күйеуіне шылапшын тосты.

Әкесі содан қайтып оңалмады. Аттың ащы теріне әбден піскен қамшымен жарса да, тамағынан ас өтпеді. Ми қайнатқан ыстық басталды. Дені сау адамның өзі жанын қоярға жер таппады. Әкесін шөл шыдатпады, шыжыған шілденің қак ортасында көз жұмды.

Өлерінде әйелін, балаларын қасына шақырды. Әлсіреген солғын дауыс еміс-еміс естіледі.

— Ал, балаларым, кетіп барам. Артында дәулет қалдырмады деп, әкелеріне өкпелемессіңдер. Қара жер орнында тұрса тышқан мен Қараш аштан өлмес, тіпті болмаса жер шұқырсындар;

Дүниеде құдықшы дейтін кәсіп барын Еңсеп сонда білді. Әр ауылда жаңғыз-жаңғыз үй кірме болып отыратын Қараштың азын-аулақ азаматы жиылып, әкесін көмді. Қабырдан қайтқан соң садақаға жиылған төрт-бес шал Құлжан балаларының бас көтерері Еңсепті оңаша шақырып алды.

— Шырағым, әкеден айрылды. Құлжан пақыр қасарыспа болғанмен ер жігіт еді. Есіл қайраты далаға кетті. Сүйегін оларға қара ала алаша зорға табылды. Шалқар дәулетке кенелтпесе де бала-шағаның қарнын ашыртпаған ата кәсіптен қол үзгеннен опа тапқан ол жоқ. Сен де әкеншілеп, атабаба ырзығын аяққа баспа. Қаршадай бауырларың мен анаң қалды. Дәржан ағаң үйлерінді көшіріп әкетпек. Соған еріп, жолын ұста, — деп ақыл айтып, қолдарын жайып, бата қылды.

Дәржан ағасындай емес денелі, бұлшық еті ойнақтап, ылғи жалаңаш жүреді.

Қаба қара сақалды қалай болса солай қағусыз бетімен жіберген. Үлкен басына тым құрдым көрінетін шұнақ құлағы уда-дуда самай жүнінен атымен көрінбей қалады. Таңқак танаудан шыққан дем шиыршық атқан бұйра мұртқа малтығып жатқандай. Әр талы сояудай қатты сақал жұдырықтай-жұдырықтай екі емшектің ортасын тырнай құлаған. Осынша қалың қара жыныстың үстінде қақ төбесіне дейін ай қасқа дөң маңдай жылтырайды. Қос иығы қанталаған алақан көз айналасына алақ-жұлақ қарағанмен, ештеңеге тоқтамайды; ылғи айдалаға лағып жүреді.

Сөз дегенді атымен білмейді. Үйінің ішінде де, сырт жұртқа да не тәтті, не қатты тілі жоқ. Қатарларынан біреу-міреу көңілінен шықпаса: «Көрінді ұрайын!» деп бір дүңк еткізеді де, сосын қайтып жақ ашпайды.

Жұрт «Қырсық Құлжан мен қорбан Дәржан бір енеден туған деуге адам нанғысыз», — деп аңыз қылады.

Құдықтың ішінен тұла бойы балшық-балшық, жүн-жүн Дәржан шығып келе жатқанда, көрмеген-білмеген кісі, қапелімде, жер астынан жік шықты деген осы екен деп қалардай.

Әйелі Ханым қол-аяғы балғадай, бойлы-сойлы, өнді кісі. Дөңгелек отты көзінің нұры жұмсақ. Ағайын-жекжатқа да араласымы мол. Дәржан қанша бауыр тартса да, көшпелі ауылға ұста боп кеткен қырсық Құлжан қанаты сынған қарғадай әр бұтаның түбінде бүгежекпен қала беретін құдықшы ауыл тірлігін місе тұтпай, өзі илікпей қойғанды.

Иесі өлген жетім үйді Ханым жылы шыраймен қарсы алды. Абысынын қой сойып, қол құсырып қонақ етті; бетін сүйектеп, сыңғырама құлып салған әшекейлі сандықтан мата алып көйлек тікті, басына жарқыратып жаулық тартты.

Құлжанның үйі көшіп келген соң пәлен күн бойы Ханымның қолынан оймақ түскен жоқ. Үсті-басы ебіл-себіл балалар-

дың иіні жаңарды. Құлжанның өмір бойы бозармай кеткен қара құрым үзігі өлген соң ағарды.

Ханым етегі қанамаған кісі. Онсыз да өңді әйел қасына қайнағасының үйі қонып, есігінен бала-шаға кіріп-шығып жатқан соң тіпті құлпырып кетті. Кішкене Теңселге сүт пісірсе қаймақ жалатып, нан илесе шетінен тоқаш ұстатып, әбден асты-үстіне түсіп жүр.

Дәржан үйіне шаршап келсе де, балаларды көргенде екі езуін жия алмай, ырсындап күліп, мәз-мейрам боп қалады. Құлжанның суық қабағынан ықтап өскен балалар әуелі Дәржанға да дәттері бармай, жуымай қойды. Бірақ, көп ұзамай өне бойы уда-дуда еңгезердей үндемес кісінің бет алдының жұмсақтығын іштері сезсе керек, шай ішуге келгенде Еңсептен басқалары бірі тізесіне мініп, бірі мойнына асылып тапалайды да жатады. Қыңқ дейтін Дәржан жоқ, қолындағы шайын үстіне төгіп-шашып, ыржиып отыра береді.

Еңсеп сонау жетім көкірек бала кезіндегі жүрегіне қона қалған осы бір ыстық ықылас пен жылы мейірімді ойлағанда әлі күнге етбауыры елжіреп, жидіп кеткендей болады. Қанша шаршап-шалдығып, қанша кісіден көңілі қалып, беті қайтса да сол бір жылы қабақ, жұмсақ алақанды ұмыта алмайды. Нелер тағаты таусылып, сабыры сарқылған, у ішкендей боп, көкірегі өт татып, жарық жалғаннан түгел түңіліп, сырттап кете жаздап тұрған кездерде сол бір шұғылалы шуақ есіне сап ете қалады. Асылы, адам көңілі өмірдің көп өткіншісі шұбырып жататын айдау қара жолының үстіндегі қайыршының кетік тостағаны сияқты; өткіншілердің біреуі у тамызды, біреуі бал тамызды; өншен у болса, әлдеқашан жер қабар едің, аз болса да, анда-санда бір тамса да, жер үсті тіршіліктің тәттілігін сездіріп, таңдайыңды татытып кететін балы бар ғой тағы да. Адамның есінен қанша тамғанымен, есірік дәмеден қол үзбей, ылғи әлденеге тырмысып, арам тер болып жүретіні де сондықтан шығар.

Дәржан қапелімде Еңсепті, «кел, көр, үйреніп ал» деп құдыққа сүйреген жоқ. Маңдайына бала бітіп көрмеген кісі жер шұқып, топырақ қазғанды өзі сияқты қу сіңірлер де зорға шыдайтын тауқымет санап, бала жігіттің етін жыртып, көңілін сындыруға әлі ерте көріп, аяп, құдық маңына жуытпады. Еңсеп ағасының үйінің қасына келген соң тағы екі жыл балалық дәурен құрды. Ашаң қара торы жүзі жылтылдап, көзінің оты оянып, ер жетіп келе жатқан қайнысын ақылды Ханым атқа өзі мінгізді. Дәржан, шүкір, ол кезде табысты еді. Бірақ қонағы келсе пышағы әзір, көңілдесі келсе аты әзір Дәржанның іргесінің көңі қалындамады. Дегенмен ағасы мен өз үйін ішер ас, киер киімге кенде қылмайтындай, қазанының түбі қаңсымас күйі бар-ды. Дәржанға біткен жылқының ішінен маңдайында бармақтай ақ жұлдыз меңі бар құндыз торы дө-

ненді жеңгесі Еңсепке мінгізді, ер-тұрманын да өзі түзеді. Сосын бір жылы жазғытұрым Дәржан екеуі төркініне көрісе барғанда қастарына оны да ертіп кетті.

Ханымның төркіні тек мал жиғанына мәз сасық байлар емес-ті. Дәулетке сай сәулет те түзеп, көшін де, дастарқанын да, төсек орнын да салтанатпен ұстайтын сәнқой ауыл-ды. Алпыс үй ақ төс Арын атанған ауылдың жігіттері ылғи сән түзеп, ауыл қыдырып, ат үстінде жүрер еді. Шетінен Орынбордың қара мандаласынан тіктіріп, қынама бешпет киетінді; омырауларын ашық тастап, ақ шәйі көйлектері анадайдан жарқырап келе жатар-ды. Олар не торы, не қара өңшең сүлік сұлу ат мініп, төстері жарқырап жал басына шыға келгенде, қапелімде қай-қай ауыл да сасып қалар-ды. Қыз-келіншек дереу үй-ішін жөндеп, самауыр қойып, сар қарын әйелдер мен кемпірлер жалма-жан ыдыс-аяқ тазалай бастайды. Арын ауылының жігіттері аттарынан да сәнмен түседі, тізелерін бүкпейді, тізгіндерін ұстап, қолтықтарынан демейтін — ауыл иелері. Қашан аттанып кеткенше көліктің жайын сұрамайды. Мамық төсектің астында сынық арпа жатса, бірден біле қояды. Шетінен сайқымазақ; жұрт ел ішіне жайып кетеді деп, көбіне-көп Арын жігіттерінің қуақы тілінен қорқады. Еңсепті Ханым жеңгесі сол еркебұлан жігіттердің тобына қосты.

Бай ауылдың ерке-шораларына Еңсеп тез сіңісті. Сері жігіттер бұны кірме көрген жоқ. Ашаң, қара торының әдемісі, аттың құлағында ойнайды; шырқау биік болмағанмен майда коңыр даусы бар, әнді нәшіне келтіріп, тындаушысының құлағын кесіп алардай қып, қылқылдатып, ерекше бір назбен салады. Дала жасының бір басына бұл аз өнер емес. Әр жалдың басында жан-жаққа шашырай жайылған қой мен жылқыны торып, іштері пысып отырған ауылдың делебесін бір қоздырып, мәз-мейрам ғып кетуге, жігіттердің құлақ құрышын қандырып, бір серпілтіп, ал ата-анасының не жеңгесінің қасында көзін төмен салып, бетке қан ойнап, ұялып отыратын уыз бойжеткендер мен шай құйғанда шыны аяғынды беріп жатып, ақ сүйрік саусақтарымен абайсыз жанасып, ұшқынды көздерінен ықылас шашып бағатын жас келіншектердің көңілін қобалжытуға, әйтеуір, түскен үйінің берген шайы мен сойған малын қысылмай ішіп-жеуге молынан жетіл жатыр.

Еңсеп жиын-тойда ортаға шығып, қолына домбыра ап ән шырқағанда, не хиссалардан терме соққанда, тас маңдайларын талай қыстың ызғары жалап, көкіректің өздері өткізген көп жылдың бұлар әлі біле қоймаған көп тікендері тырнап тастаған кәрі жағы көздеріне жас алады. Тумай жатып өздері желдің өтінде санайтын ер жүрек жігіттер көздеріне мұнар, көңілдеріне мұң жүгіріп, томсара қалады. Қақ ортада қара домбыраны сабалап, сілтеп отырған қаршығадай қара жігітке

көздерінің астынан ұрлана қарап, беттері балбұл жанып, сонау ақ шайы көйлектің астындағы көгершін төске не бір сұғанақ көздер болмаса, қапелімде қалған жұрт байқай бермейтін болар-болмас діріл жүгіріп, көңілдеріне әлі өздеріне де анық емес, әйтеуір бет дуылдатып, қан толқытып, жүрек қобалжытып, көмей құрғататын тым жұмбақ, тым нәзік, тым діңке құртып елітіп бара жатқан елжірек ынтық, ыстық ықылас оянып, куана, сүйсіне тыңдайтын тек әлі беттеріне шаң, еттеріне дақ тимеген уыз көңіл бойжеткендер ғана. Думаншы топтың ішінде әнші балаға оқтын-оқтын шүйіліп-шүйіліп өтетін қырғи көз сақа келіншектер де аз емес. Қаршығадай қара бала қай-қайдағыны айтып көсілткенмен, айтып отырғанына өзі мән беріп жатпайды; сынапша сусылдатып, лекітіп төге беретін тақ-тақ әуенге басып, көбіне-көп көмейінен шығып жатқан сөздерден гөрі төңірегіндегі көздерге баса зер салады; жанарының қиығына ақша жүздер іліксе, айдындана, арқалана түседі. Осындай от-жалын өжеттік тек ән салып отырғанға ғана бой көрсетіп, ән біткесін жым-жылас жоғалып кетеді. Жан-жағынан жапа-тармағай қараған көп жанар мен жамырай айтылған көп қошаметтен бір түрлі қысылып, екі беті дуылдап ала жөнеледі. Ондайда қаралай өліп-өшіп, шығарға жаны басқа болып отырған ынтық қыздар іштей шыбын-шіркей боп аяса, қырғи келіншектер осынша нәресте бозбалаға бұрынғыдан бетер сұқтана түседі. Әйтеуір солар отырған жақ беті өртеніп бара жатады.

Бірақ не керек, дала жасының дәурені қырдың бір сәске-лік келте көктеміндей тым шолақ. Қыз байғұсты бетінің қызылы енді-енді көрініп келе жатқанда ұзатып жібереді, жігіттің иегі түбіттенбей жатып басына нокта түседі. Еңсептің де жастық дәурені алыс жолда ай батқанша жүріп-жүріп кеп, тек таң алдында ғана бел шешпей сұлай кетіп, көз шырымын алған суыт жүргіншінің таң ұйқысындай тым тәтті, тым қысқа болды.

Сол күндері еске түскенде Еңсептің егде тартқан жүрегін әлі күнге бір жұмсақ мұң шарпиды; жер қазып, тас қашап ширатылып қалған бұлшық еті бір түрлі балғын тартқандай, балбырап сала береді. Бұл үйлі-баранды егде адамның көңілін қайдағы жоқ иектеп енді қолға көп түсе бермейтін жігіттікті көксегені емес-ті; сонау келмеске кеткен жас дәурені еске түскенде кісі өмір бақи армандап, өлерінде де көріп өлдім бе, көрмей өлдім бе деп күманмен кететін жаңғыз аңсары — бақыттың шын дидарын көрсе тек жас шағында ғана көре алатынын, бірақ бақытты жастық бақыттылығы сонша, тіпті басындағы бақыттың өзін тұсында байқай алмай қалатынын ойлағаны еді. Адам асылы, өмір бойы көңіл деген көтерем тұғырды бас-көзге төпеп бақыт қуған сайын, одан солғұрлым алшақтай түсетін сияқты; бақыт қуған адамның

тапқан бақытынан жоғалтқан бақыты көп болса керек. Бақыт... Адам байғұстың қиялы жеткен жердегі жақсы мен тәттіні бір бойына сиғызған осы бір сөз қашан кісінің көңіліне шемен боп байланған сәтінен бастап, бастапқы мән-мағынасының бәрінен түгел айырылып, онсыз да кем қанағат, онсыз да өлермен пендені онан сайын жан алқымға түсіретін қайыс қамшыға айналатын көрінеді. Ондай қайыс қамшының санынан қан саулатып сабылтып жеткізетін жері — бақ шығар, дәулет шығар, данқ шығар, әйтеуір, бақыт емес.

...Алдындағы емен күбіге салған топырағы сырғанап тұрмады. Әлдеқашан толып кетті. Арқанды қағып, жоғарыдағыларға белгі берді. Шүпілден толған емен күбі сусып жоғары көтерілді. Еңсеп қап-қара үңгірдің ішінде тағы да сонау жарық дүниемен байланысы үзіліп жалғыз қалды. Тас төбесіне найзадай төнген қара үңгірде тек арқанның дір-дір дыбысынан басқа үн жоқ.

Емен күбіні жоғары тартып әкеткенде Еңсептің ойы қашанда үзіледі. Дағдарып отырып қалды. Сосын тағы да сыз қабырғаларды үнгуге кірісті. Бірақ жаңа-жаңа бойы сергіп келе жатқан кісіге маңдайы енді жіпси бастағанда қайтадан тер қатқандай, ал-сал тартып қоя берді. Бірденесін ұмытқандай ойы он-сан бөлініп, жаңа ғана жайылма судай жан-жағынан ентелеп келе жатқан ескі елестер мен тап осы қазір табан астында туып отырған ойлардың бәрі бір жаққа безіп кеткен. Шықшыты бүлкілдеп, әлде бір ашу көтерілгендей... Кеңсірігі қаңсып, басы мең-зең тартты. Еңсеп омырауындағы шақшаны қолына алды. Көкбұйра насыбай танауын жыбырлатып, түшкіріп жіберді. Бір емес, әлденеше рет үсті-үстіне түшкірді. Көкірегін қышап тұрған зіл түгел сыртқа атып кеткендей, дені жайылып сала берді. Дағдарып қалған көңілінде қайтадан ой оянды.

III

Еңсеп құдалардың ауылында дырду-думанның соңында қанша жыл жүрем десе де «қой, бала, жетер енді» дейтін Дәржанның түрі көрінбейді. Қайта анасы байғұс шыжбалақтап, өз-өзінен қысылып, мұның бос селтең жүрісін қойып, ағасына қолғабыс жасайтын уақыты әлдеқашан жеткенін құлақ қағыс қылды. Еңсеп те анасының көмейін түсініп, өзінің шыннан да шаруаға қырсызданып бара жатқанын байқады. Жұлдыз менді торы атын жылқыға қосты. Бұған енді ағасының ауыл-арасына мінетін буырыл тұғыры ерттелді. Ол кезде Дәржанға Төкен бай құдық қаздыртып жатқанды. Ағасы Еңсепті әлі де аяп, «әуелі көрсін, үйренсін» деп қиынға сала қойған жоқ. Құдықшыларға шай қайнатып, тамақ пісіреді.

Көктем шығып, көк көріне бастаған кез. Баурай-бауырындағы індігеш екеш індігештерге дейін шик-шиқ үнге бөгіп табиғаттың қағанағы қарқ шағы. Мұндайда қазақ іргесі күбір сасып, отыра алмай, қыстаудан бір жола көтеріледі; жал-жалдың басына самсап, ақ жұмыртқа ауылдар қонады.

Еңсеп те күн бата бере буырыл тұғырды ерттеп ап, құдықшылар қосынан безіп отырады. Ауылдардың біріне түсіп, шалдардың шаруа жайы мен жыл сыңайын айтқан кеу-кеу әңгімесіне құлақ тосады, қой сауып, қозы айырғандардың ызы-қиқы у-дуын құныға тындайды. Заржақ қатындардың қозысын алмаған саулықты иітпек боп: «Тұбай-тұбайлаған» көйгөйі құлағына күйдей жағады.

Еңсеп әкесінің елмен бірге көшіп, бірге қонып жүретін ұсталыққа құмар боп, құдықшылықтан неге қашқақтап өткеніне енді түсінді.

Буырыл ат қой маңырап, ит үріп ызы-қызы болып жатқан ауыл жаққа қарай ентелей басады да, ертесіне қосқа қайтқанда мойыны салбырап, митың-митың мандымай қояды.

Жан-жануар түгілі қара жердің де дені жайылғандай. Самиян дала кеудесіндегі ол қызық пен ұлан-асыр сән-көрікті, енді өрбіп өркендей бастаған балауса тірлікті үркітіп, шошытып алмайын дегендей шуаққа омырауын тосып, маужырай, керіліп жатыр.

Кең дүние түп-түгел серпіліп, сергіп шыға келіпті. Тек Еңсептің ғана назары сынық. Мынау қарсы алдына шығып ап бет-аузын аймалап келе жатқан майда самал да, он бойы шырынға толып, жұпар аңқи бастаған көк шөп исі де бұны өз-өзінен елегіздіріп, жеңінен тартқылап, әлдеқайда, ту-ту алысқа «жүрші-жүршілеп» азғырғандай.

Ондайда албырт көңіл ауаланып, көрдің аузындай індігешке телміріп отырған құдықшылар қосынан атымен безіп, мынау маң даланың әлде бір тұсына маңып кеткісі келеді.

Сілті ішкендей, шек-бауыры түгел жидіп, мимырт буырылға қамшы ұруға да дәрмені жетпей, дел-сал келе жатады. Тізгінінен тартып, басын басқа жаққа бұрған ешкім болмаған соң буырыл ат үйреншікті сүрлеуге түсіп ап, құдықшылар қосының іргесінен кеп бір-ақ тоқтайды.

Жаз шықты. Шөп пісті. Қозы-лақ аяғынан тік тұрып, айдауға көнетіндей боп, буындары бекіді. Ауылдар қырқымға кірісті. Жабағы жүнінен айрылып тұлдыр жалаңаш қалған қойларды көргенде Еңсеп өз-өзінен жүдеп сала береді.

Бір күні Арын ауылы жайлауға көшеміз, қоштасып қалсын деп қызы мен күйеуін шақыртыпты. Ханым қайнысын да ерте жүрді.

Бай ауыл мәре-сәре. Еркек жағы ат ұстап, түйе матап, әйел жағы жүкті буып-түйіп абыр-сабыр. Тізгінге әлі жететін балалар ертең көш-жөнекей мінетін тайларын жуасытып табан-

дарынан таусылып жүр. Ақсақалдар қайта-қайта иріліп, жол бағыты мен жолай суаттар жайын мәслихаттасады.

Ертең көшеміз деген күні шаңырақ сайын бір-бір бозқасқанын басы қырқылды. Шалдар дастарқан басында ұзақ мақамдап жолдың сәті мен өрістің оңына бата бағыштады. Еңсеп ол күні елегізіп жата алмады. Қайда бес кісінің басы қосылса — соны жағалайды. Көз таса оңашада он қабақ құдашаларымен қалжындасты, ойын-шыны аралас назын айтты. Біреу-міреу үстімізден шығып қала ма деп сыртқа елендей құлақ тосқан бойжеткендер жігіттің үзіле айтқан сиқырлы сөздерінің буына балқып, үнсіз күлімдеседі. Қоштасарда қырқызының тілсіз, тылсым пейілінің куәсіндей жан-жағына моншақ төгіп кестелеген жібек орамал ұсынады.

Ертеңіне ауыл таң бозарар-бозармаста ұйқыдан оянды. Әдетте әрі-бері аунақшып, төсектен тұрып болмайтын балаларға дейін бүгін елден бұрын атып-атып тұрып, байлаулы тұрған тайларына жүгірді. Жаулығы қарқарадай кәрі әжелер таяқтарына сүйеніп ап, ұй жығып жатқан қыз-келінге анадайдан жөн-жосық айтып қояды. Жас келіндердің де жүгіріп бағатыны осы тұс. Кімнің көшінің бұрын жөнелгені ең алдымен соларға сын. Енелердің шыдамсыздау қазымыр жағы қайта-қайта таяқтарын шошандатып зіркілдеп ала жөнеледі де, ал сабырлылары жас әйелдердің әр қимылын қалт жібермей үнсіз бағулы.

Түйелер қомдалды. Жүк артылды. Әжелер мен жас балалар мінетін түйелерге шырқ айнала текемет қоршалды. Қаруы қайта қоймаған сары қарын бәйбішелер жаулығы қарқарадай боп алдыңғы түйеге мініп көш бастайды.

— Иә, ірім!

— Е, біссіміллә!

Жүк артқан түйелер орындарынан тұра бастады. Кештің алды жөнге шықты. Қос қапталда қаз-қатар тізіліп, сәукелелері сылдырап, үкілері бұлғандап қыз-келіншектер барады. Еркектер жағы әлі аттарына мінген жоқ. Құтты қоныс болған ескі жұртқа құран оқып аттанбақ. Алақан жайылды, бет сипалды. Қонышқа тығулы қамшылар қайтадан қолға алынды. Бірінің тізесіне бірі таянып ақсақалар орнынан тұрды. Оларға ілесе басқа еркектер де дүр көтеріліп, аттарына беттеді.

Жасы үлкендер жағы жол сілтейміз, өріс, суат барлаймыз деп желе-жортып ілгері озып кетті. Жастар көш қапталындағы қыз-келіншектер тобына келіп қосылды. Біреулері қарқ-қарқ күліп, қалжын айтса, біреулері түйе үстіндегі егде әйелдердің көзін ала беріп, келіншектердің омырауына жармасып, аш белдеріне қол жүгіртеді. Бір-біріне көздерінің астымен қарап, үнсіз сұқбаттасып келе жатқан бойжеткендер мен бозбалалар да бар. Жігіттердің жел өкпелеу жағы ұйқышар

болсын, ат жарыстырамыз, орамал бер,— деп тұстас жеңгелерін тақымдап, тізгіндеріне жармасады. Орамал сұрағанды сылтауратып енді келіншектердің омырауын мытып, мықындарын шымшып, ауызбен айта алмай жүрген аңсарларын қолмен білдіріп жатқандар да көп. Жас жігіттердің тегеуірінді қолының тентек қимылдарынан тәндеріне бір сиқыр от дарып, рахат енген кейбір қу келіншектер жандарына майдай жағып бара жатқан осынау озбыр шеңгелден тез айырылып қалғысы келмей ұзақ тайталасады. Бөгде көзге сыр алдыртпай үнсіз жимияды. Қалың кірпіктің астынан сүзіле қарап, омырауын көлкештеген болып, жігіт қолынан қашқақтағансып, жұп-жұмыр білектерін көлденең тосып, ат жалына онды-солды сылқ-сылқ құлап, онсыз да сабыры сарқылып келе жатқан албырт жасты одан сайын үздіктіріп, әбден арбап бағады. Қашан өзінің де дәрмені таусылып, ашқарақ жас тән тағаттан айырылып, өн бойына әлсіздік буы жүгірген кезде барып, қалтасынан орамал суырып, жігітке береді.

Жігіт келіншек берген орамалды төбесіне тудай көтеріп, көштің ық жақ бетін алып, дүркіретіп шаба жөнеледі. Таң атқалы тұяқтары қызып келе жатқан өзге аттар соңынан қуып береді.

Көк ала жонға көтерілгенде, жан-жақтан шұбырып шығып жатқан өзге ауылдардың да көштері көрінеді. Тай мінген балалар жағы енді соларды қызықтамақ боп, құйғытып ала жөнеледі. Үлкендер де: «Е, мынау пәленшекем аулы ғой, барып көштеріне құтты болсын айтайық»,— деп аттарына қамшы басады.

Көш басында жайлы сары атанға текемет қоршап, кілем жауып жайғасқан кәрі әже жол-жөнекей амандасқалы келген сәлемші жастарға қоржыннан жілік-жілігімен ет үлестіріп, балалар жағына бауырсақ ұстатып қолынан дәм таттырады.

— Әй, әжеке, иманды бол!— деп, жел аяқ жастар тағы бір ауылдың үлкенінен дәм татып қалмаққа аттарына қайтадан қамшы басады.

Қыс қоныстан жаз жайлауға қарай шұбатыла көшкен тізбек-тізбек көштердің аралары осылай ерсілі-қарсылы ала шабуыл.

Құдалар ауылын аға-жеңгесімен бірге қозы көш жерге ұзатып салған. Еңсеп жастайынан жадында жат боп қалған осы көріністердің бәрін жаңа көріп тұрғандай тамсана қарады.

Әдеттегі манаурап жататын қыр бүгін дүбірге толы. Кеудесінде жаны бардың бәріне желік біткен. Бәрі де бір жерде тағат таба алмай, әлдеқайда асығып, тыпыршып тұр. Маң-маң түйелердің де аяқтарына көз ілеспейді; ентелей басады,

Ақ текемет қоршаудың арасынан шақырайып көрінетін әжелердің шаңқай жаулықтары әлдеқайда ұша жөнелгелі канатын қомдап отырған аққулардан аумайды.

Көш — қимыл-қыбыры аз дала тірлігінің әбден асып-тасқан мерекесі. Жақсы өріске, жаңа қонысқа, жаңа әсер, жайсаң ләззатқа ынтыққан сергек көңілдің шаттығы.

Ол күні көптен қозғалмай, шау тартып, буын-буындарын сарысу алған сырқау аяқ-қолдың өзі ойламаған жерден тыңайып сала береді.

Күйбең тірліктің бірлі-ұсақты көп уайымы қажап-қажап қаяу тартқан көңілдер көбелек қанаттанып, елегізіп шыға келеді.

Көл-көсір далиып жатқан жазғы даланың самиян самалы көп тұрып, көнетоз тартқан мүліктен қыс бойы тұралаңқырап қалған қыр тірлігінің барша шаң-тозаңын сілкіп қағып, түү-түү алысқа аластап, бездіріп жатқандай.

Еңсеп қыр асып бара жатқан ұзын шуақ көштің соңына көзі боталап көп қарады. Сонау маң-маң басқан тізбек-тізбек түйелер осы өңірден күні кеше жал-жалдың басында тізіліп-тізіліп отырған ақ жұмыртқа ауылдарды ғана емес, ың-жың үнді, ду-ду күлкіні, абыр-сабыр қимыл-қыбырды, күлкі тіршілікті жым-жылас көшіріп әкеткендей.

Көк майсаның ортасында түйме жараның орнындай боп ақ тандақ-ақ тандақ көне жұрттар жатыр.

Сол ақ тандақ жұрттар құдықшы ауылда екі-үш егде еркектің қасында жалғыз қалған Еңсептің көзіне көпке дейін шоқтай басылды да жүрді.

Құдықшы ауылда ебіл-себіл тіршілік. Алақандай шұқырдың айналасындағы күн сайын бөксесі бұлтиып көтеріле түскен көр төмпектен басқа көз қуаныш та жоқ. Көлдеу ойдың ортасындағы құрым күркелер көл-көсір даладан да таса қалыпты. Еңсеп осы ауылдың шайын ағартып отырған өрістен қайтып келе жатқан қараша інгенге қызыға қарайды. Мынау жер шұқыған екі аяқты пенделерден о да жақсы. Күн ұзаққа ала қырды аяғы жеткенше шарлап қайтады. Бір кезде бұл төңіректе де ду-ду өмір болғанын сездіретін көктемгі құмалақтар әбден күн жеп қурады. Еңсеп пен бурыл аттың екі ауылдың арасында сенделген соқпақ сүрлеулерінің сұлбасы жоғалды.

Еңсеп қолына күрек алды. Балауса бұлшық еті тастың астына түсіп жанышталып қалғандай; ал-сал қары салдырап белі талғанда, күңірсік иісті, қыр шөбінің кермек дәмі таңдайына татымай енесінің жып-жылы бауырына, бал татыған саумал сүтіне аңсары ауып, көзі қарауытып, зарлана боздайтын қараша інгеннің жаңа суалтқан ботасындай Еңсептің де есіне күні кешегі бостан шағы түсіп, басы мең-зең тартып, көзінің алдын қоймалжың буалдыр көлкештейді.

Енесінің бал емшегінен торыққан қараша бота боздай-боздай сүлдері құрып, өзегін тызылдата жалаған аштықтың аранын қайтармақ боп, ұлпа тұмсығын шаяндай шағып жолатпайтын жексұрын жантаққа амалсыз бас қояды.

Жалғыз қараша бота емес, індігештен-індігешке шөп-шөңге сүйреткен құмырсқадан бастап барша тіршілік иесі; қай сиқырдың күдіреті екенін кім білсін, әуелде де өзі тіленіп келмеген жарық жалғаннан өздігімен кете алмай, ішінен ештеңе өтпесе, шок түскендей жалап шыдатпайтын қу өңештің күйтін күйттеп тырбынып бағады.

Еңсеп енді әр нәрсеге алаңғасарланбай, сол күллі тіршілік иесінің бәрі секілді өз қамын өзі жейтін жасқа жетті.

Сонда өмір сүру деген енесіне жамырап кетпесін деп, күні бойы темір қазықты шырқ айналып шыға алмайтын арқандаулы қараша ботадай не қорлықты көрсен де, не сұмдықты бастан кешсең де, жан-жүйенді жадыратқан тәтті қиял, аңсар арманның бәрінен адыра қалып, маңдайыңды тауға ұрып, тасқа соқсаң да өзінің тіленіп келмеген, келгесін еш тілегінді қабыл қылмайтын кер тағдырдың тастақ тар қойнауына қызыл өңешіңнен қылғына байлану ма?..

Осы бір зұлматтың сұр жебесіндей оқыс сауал Еңсеп алғаш рет індігештің түбіне түсіп, топырақ аршып, мамықтай майса алақаны күлбіреп ісіп, тыз-тыз ашытып, күрек ұстатпай тұңғыш рет түңіліп, күрсіне күйзелген күні ойына оралған да, балғын көкіректің барша балаусасын жапыра жайпап, жермен-жексен қып кеткен-ді. Сонда Еңсеп шұқырдың түбінде күрегіне сүйеніп отырып ұзақ толғанған-ды. Бірақ, жауап таба алмаған-ды. Көңілдің бір қалтарысынан сымп етіп шыға келген сол бір сұмпайы ойдан қатты шошынған-ды.

Енді, міне, жер ортасына келді. Бала Еңсептің басын қатырған шытырман сауалға әлі жауап тапқан жоқ. Әлде өмір сүру дегеннің өзі де әлгі бір әзәзіл сауалға жауап таба алмай бас қатыру ма? Не де болса, осы бір сұрақты түбегейлі толғап, түбіне жетуге әлі күнге мұршасы болмай келеді.

Қолындағы күректің шолақ сабы маңдайына қатты батты. Жалма-жан басын көтеріп алды. Мана келіп түскен емен күбінің әлі толмағанын көрді. Сусып құлаған қиыршық тасты күреп сала бастады. Емен күбі толды. Қыл арқанды жұлқылап жоғарыға белгі берді. Шүмпілдеп толған емен күбі түү сонау төбедегі иненің жасуындай саңылауға қарай сырғанай жөнелді.

Еңсеп күрегіне маңдайын тіреп, қайтадан ойға шомды.

IV

Әуелі қолға мүйіз бітеді. Сосын күні кеше ал-сал боп алдыртпай жүрген балғын бұлшық ет қатындар керегенің көзінен қазыққа орап тартып ширатқан қыл арқандай боп шиыршық атады. Қатайып, қатыгез тартқан бұлшық етпен бірге көңіл де бекиді. Алдымен арманның аяғына тұсау түседі.

Еңсеп құдық қазуда әжептәуір жөн біліп қалды. Бастапқы кезде топырақ шығаруға көмектесіп еді, енді құдыққа түсіруге де жарады.

Әркімнің аяғына жығылып, құлағынан сипағанға құйрығын бұлғандатып маз-мейрам болатын бала күшік қораға байланған соң ырылдап айбат көрсеткенінен, абайсыз сирақтарға азуы тигенінен ләззәт алмай ма?

Еңсеп бұрын қашақтап жүрген өнеріне кем-кемдеп дәм татқан сайын құныға түсті. Үлкендер «ананы өзің істей ғой, мынаны өзің істей ғой»,— деген сайын бір масаттанып қалады.

Адам алдана білмесе, кеп-келте ғұмырында басынан кешіретін сан-сапат тауқымет пен азапқа бір күн де төзе алмас еді. Көңілдің қорғанышы — алданыш. Адам армандаймын деп жүріп алданумен болады, алданып жүріп-ақ талайды бітіреді.

Еңсеп емен күбіні бір өзі тартып шығара алған күні төбесі көкке жетті. Екі қары талып, бұлшық еті созылған сайын кеше көзіне жас келсе, бүгін көңіліне жел бітетін болыпты.

Көр аузындай кішкене шұқырдың айналасындағы қызыл төмпешік бірте-бірте қоңырайды, сосын сұрғайды, күлгін тартты, ақырында емен күбі жер астынан қиыр топырақ, жентек саз емес, қоймалжың лай алып қайтты. Күбі түбіндегі лай сұйыла түсті. Топырақ шығарып тұрғандар емен күбіні қайта тастағанда шұқырдың ернеуіне жата қалып, тың тындайды. Емен күбі барып жеткенде, түү сонау зымыран түбі емескі шылп ете қалады.

Кенет қыл арқан дір-дір етті. Топырақ шығарып тұрғандар құдықтың аузына жеткенше барлық лай түбіне шөгіп, бет жағына мөлдіреп су тұнған емен күбіні төге салды да, былай алып қойды. Жалма-жан қосшы баланы жұмсап, анадайда жайылып жүрген сары атанды алдырып, шығырға жекті. Құдыққа ұшын тұзақтап шығыр арқан тасталды. Сары атан бық етіп орнынан тұрып, күндегі үйреншікті сүрлеуіне түсіп, тарта жөнелді. Ортасы кез ағаш доңғалақты сықырлатып қыл арқан жыландай жылжып келеді. Ақыры өне бойы балшық-балшық құдықшының өзі де көрінді. Құдықтың аузында тұрғандар оны екі қарынан демеп, шығарып алды.

Құдықшы шұқырдан аулаққа, құрғағырақ жерге барып жүрелеп отырды. Шақшасынан бармағының басына насыбай үйді.

Жігіттер құдық түбіне қайтадан күбі салды. Ол бұл жолы орта бөксе боп қайтты. Өңі әлі көгістеу. Лай суға жапа-тармағай қолдарын салып, алақандарымен іліп алып, ауыз шайып көрісті. Әлі де топырақ татып тұр. Ащы-тұщысын ешкім жыға айыра алған жоқ.

Кешкі салқынға еті шімірігіп, қалтырап кеткен құдықшы орнынан тұрып, қосқа беттеді. Былайғы жігіттер де соңынан ілесті.

Табадағы қызыл шоққа бөксесін тығып, ызындай әндеткен шұнақ шүмек жез шәйнектің күрең шайы күні бойы дамыл көрмеген құдықшының денін жайып барады. Шыны аяқтың бетінде шашырап жүрген қуырған бидайды ерінімен бір-бірлеп қуалап отырып сораптаған талқы шай тер шығарады, термен бірге өне бойын жерге сіңіріп бара жатқан зіл де тарайды.

Дастарқан жиналады. Қалжыраған құдықшылардың ауызы әңгімеге енді қиысады. Жер түбінен қозғалған көшелі әңгіме сірә жоқ. Енді не істеу керек екенін қамдаған шаруа жайы.

Ертеңіне бәрі тағы да құдық басына жиналды. Емен күбіні жалма-жан құдыққа салды. Күндегідей қатты жерге тиіп тық ете қалған жоқ, күмп ете түсті. Суы әбден тұнған. Құдықшы емен күбіні қос қолдап көтеріп ап, бас қойып еді, суы тұщы. Енді жігіттер бірінің қолынан бірі жұлып алып ішіп жатыр.

Еріні кезерген ала тағанақ қырдың тағы бір жерінен су шықты. Оған ең әуелі құрым күркелі құдықшы ауыл қуанды. Су шыққасын құдықшылардың қимылы тіптен тездеп кетті. Құдықтың төңірегінде шашылып жатқан тоқаш сияқты тығырық тастарды бірінің үстіне бірін өріп қалап, сонау көк тас қабатқа жеткенше шегендеп тастады. Сосын тебін су қайта құйылмасын, мал-мұл түсіп кетпесін дел, шырқ айналдыра әйкел салды. Сар кемік тастың ортасын ойып астау орнатты.

Жаңа құдықтың суын ең әуелі қараша інген мен қараша бота келіп ішті.

Сәске шамасында маңайдағы елдің өріске шыққан сауын түйелері құдықшылар қосы отырған шұқыр сайдың ернегіне шыға келіп, күнде құрым күрке ғана тұратын тепсенге едірейе қарасты. Тас астаудағы мөлдіреп жатқан суды көріп, көздеріне сенер-сенбестерін білмей аңырайып тұрды да, не де болса барып білейік дегендей бүлкілдей жөнелді. Тас астауға мойындарын салып, сырп-сырп сораптап ұзақ тұрысты. Сосын екі бүйірін қампитып, теңселе басып, өріске тартты.

Күнде тас төбедеп қиқу салып өте шығатын бір топ бұлдырық астау басындағы қара-құраның азайғанын тосып, тепсеннің төбесінен шырқ үйіріліп шықпай жүр.

Түс ауа алыс суатқа суыт жол тартқан бір үйір қарақұйрық ернектің басына шыға келді де, аң-таң тұрып қалды. Сосын қыбыр-қыбыр қимылдап жүрген адамдарды, құрым күр-

кені, есік алдында мосыдағы қара шайнектің астында лапылдай жанып жатқан отты көріп, дүркірей қаша жөнелді.

Ертеңіне таңертең құдықтың айналасында түн қараңғыны пайдаланып келіп, астаудан су жалаған күзен, қарсақ, қоянның ізі толып кетіпті.

Күні кеше ала қырдағы не бас көтертпес оты, не бас сауғалайтын көлеңкесі жоқ тап осы бір тайпақ тепсеңге мойын бұрмай айналып өтетін барша тіршілік иесі оған аңсарлары ауып, жер түбінен әдейі іздеп келетінді шығарды.

Жылмағай дәндегі ұры тепсең талай санаға мықтап орнап, талай көзге жер түбінен мен мұңдалап тұратын нысанаға айналады. Белгі бедері аз тұлдыр қоныр дөңде жан-жақтан соған шұбырған тарам-тарам сүрлеу-соқпақ түсті.

Ала қырдан бір ұрттам су тата алмай алас ұрып, әбден қаталаған тіршілік иелері көзі қарауытып, миы зеніп келіп бас қоятын сұлама дөңде жаңғыз бұлтиған осы бір әйкелді құдық ажал аузында сұлқ жатқан шала-жансар дененің төсіндегі әлі суала қоймаған сыңар емшек сияқты.

Еңсептің қуанышы қойнына сыймай жүр. Ертелі-кеш құдық басынан шықпайды. Астаудың ернеуіне қонып, тамағының асты бүлк-бүлк етіп, су іше бастаған торғайларды қызықтайды.

Төкен бай үш күн өткен соң келді. Қасында айғыр топ адам. Мойындарын созып құдықтың түбіне үніліп, шеген тастардың қалай өрілгенін көрді. Шығыр тартқан атанның жалғыз аяқ сүрлеуінің қанша қадам екенін өлшеді. Бір түнге қанша астау су өнетінін сұрады. Қауғамен су тартқызып алдырып, дәмін татып көрді, беті-қолдарын жуды.

Төкен байдың ат қосшылары жаңа құдықты жабыла мақтады. Құдды осы құдықты сол қазып шығарғандай ауыздары жалпылдап барлық қошамет-қолпашты Төкенге айтып жатыр.

Көңілі өскен бай ертесіне Дәржанның алдына құдық ақы малын салып берді. Сол күні түс қайта құдықшылар қосын екі түйеге артып ауылдарына, бала-шағаларына қайтты.

Еңсеп шұңқыр ойдың ортасында қалып бара жатқан кешеден бері «Төкен қаздырған» атанған жаңа құдыққа қия алмай көп қарады.

Ол Дәржан ағасының қасында үш жыл жүрді.

Еңсеп өзі алғаш рет құдықты Бөкен байға қазды. Қараш ауылына жиендігі бар жас мырза әкесіне ас бермекші екен. Атақты байдың асын бұрыннан белгілі суаттардың қасында бермей, тусырап жатқан соны жерде өткізіп, сол маңайды «пәленшекеннің асы өткен жер» атандырмақ ойы бар боп шықты. Соған әдейі құдық қаздырмақ боп, нағашыларына қонаққа келді.

Қараштың үлкенді-кішісі жиылып: «Кәсібін енді бастайтын бала еді, сіздің тұқымдай ырзықты болар ма екен,

бұл құдықты Еңсепжанға қаздырсақ қайтеді» деп қолқа салды.

Бөкен бай әкесіне асты әрі тұяқ тимеген соны, әрі ат шаптыруға лайық жазық, әрі тұщы су шығатын топырағы асыл жерде өткізбекші.

Бұл шаруаға Қараш әулетінің ақсақал-қарасақалы түгел жұмылды. Ірге бағып қалған құр сұлдер шалдар да орындарынан тұрып атақты байдың асы өтуге лайық жер қарады.

Дәржанның үйі күні-түні мәжіліс. Ақыры бәрі өңшен тұщы су шығатын «қырық астау» атанған ордалы құдықтың үстімен өтетін тайпақ қолаттың күн батыс құйрығын қолай көрді. Ордалы құдықтан екі көштік жер.

Жылмиған жазық кенет сәл еңіс тартады да, қайтадан тақтайдай тегіс боп қайқайып кетеді. Сырт көзге қапелімде байқалар-байқалмас ойпаң жүлгенің бойын Қараштың бас көтергендері бес күн бойы армансыз шарлап шықты. Ана жерге барып та, мына жерге барып та топырағын қарайды, шөптің тамырын қазады, иісін иіскейді. Ең соңында Бөкей байдың үйір-үйір жылқысын алдырып, біресе текіректетіп айдап өтіп, біресе шаптырып көрді. Қалың жылқы тасыр-тұсыр шаба жөнелгенде, ақсақал шалдар жата-жата қалып, жерге құлақтарын тосып, тың тындайды.

— Кеуек жоқ. Кеуек болса дүсірге жаңғырығып, дүңкілдеп кетер еді.

— Сазы алыс білем, тұяқтың үні тұншығып шығады екен.

— «Қырық астаумен» екі ортада не сор, не кебір жоқ, кара жон.

— Шөбіне қарасайшы, шілденің ортасында да балауса татиды. Астында сор болса, ендігі тамыры күйіп кетер еді ғой.

Еңсеп ақсақалдардың кеу-кеу әңгімесін еліге тындағанмен, көбіне ештеңе түсіне қойған жоқ.

Үлкендер кеңесе-кеңесе кеп ақыры ала бөтен ұйлығып өскен қалың жантақтың арасына қазық қақты.

Бөкен бай қазықтың үстіне үй тікті. Қасына тағы да бірекі қараша үй қондырды.

Сосын екі ауылдың шалдары қазықты шырқ айнала тізіліп отырып, құран оқып, Бөкен бай мен Еңсепке баталарын берді.

Қоңыр марқаның басын мүжіген соң ақсақалдар ауыл-ауылына тарады. Қасында төрт-бес жігіт қолғабысшымен Еңсептің өзі қалды. Ауық-ауық Дәржан соғып, хал-жағдайды сұрап, ақыл айтып кетеді.

Еңсеп бес қанат боз үйдің қақ ортасында қазық тұрған жерден құдық қаза бастады. Қашан төбесінен күн түспейтін тереңдікке жеткенше, киіз үй тігулі тұрды. Бай ауыл ет пен қымызға кенде қылған жоқ. Барынша сақи атануға тырысатын Бөкеннің өзі де ат құрғатқан емес, Қараштың ақсақал-

дары біраздан соң қайтадан келгіштеуді көбейтті. Құдық түбінен шығып жатқан топырақты алақандарына жазып қарайды. Келген сайын бай ауылдың бал қымызын сіміріп ішіп, бастарын изеп, бағыт жақсы деп кетеді.

Дәл үш айда, күзем жүн енді қырқылып біткенде Еңсеп құдықты қазып бітірді. Түбіне жақындағанда туырлық көк саз көбейіп кетіп бір қорқытып еді, біраздан соң қалың саз таусылып, қайтадан қайыр шықты. Қайыр қиыршықты қайта-қайта ерініне тигізіп көреді, тұщы сияқты.

Әлі де қаза түсті. Сусыма қиыршық қалындап кетіп, құлап тұрмай ма деп күдік алып еді, шықылдаған қатты тасқа айналды. Көк тасты қырнап ойып келе жатқанды; бір күні оң жақ шынтағының тұсы мұздап қоя берді. Жалма-жан сүйменді тастай беріп, сипалап көрді, әлгі жер бір түрлі тершіп тұр.

Су жақын. Осы маңайдан тесіп шығуы мүмкін. Ол құдықтың сыз қабырғаларын шыр айнала сипап шықты. Дымқылдың қай жерде мол екенінен судың ұлы жобасын білді. Су атып кетеді-ау деген күдігі аз қабырғаны бойлап, қаза түспекші. Көзді сосын барып ашады. Сонда су құдықтың түбіне мол жиналады; жоғарыдан түскен тас, кесек көзді бітеп тастай алмайды.

Еңсеп әлі де бір құлаштай қазып еді, тағы да бір тұстан су тамшылады. Екі иығына, омырауына мұп-мұздай қорғасын тамшылары тамып-тамып кетеді. Еңсеп судың жобасы білінген тұстың тасын көп қозғамай, қашқақтап, тереңдеп қаза берді. Кенет сүймен жап-жазық тақтай тасқа тиіп, шақ-шақ ете қалды. Жан-жақтан жанбыр себелегендей тамшы көбейді. Еңсеп бұдан әрі тереңдей берсе, судың астында қалар түрі бар. Осы жер судың көзі-ау деп жобалаған жерлердің тасын қозғап, шұқып-шұқып көрді. Бір жерден манадан бері жолындағы кара тасты тесіп өте алмай, жақпар-жақпардан тырс-тырс тамып тұрған мұздай су сау ете түсті. Бір көз табылды.

Ол енді екінші шынтағын мұздатып тұрған тұсты аршып еді, ол жерден де су тесіп шықты.

Екі көзден аққан су құдықтың табанындағы тақтай тасқа шалп-шалп құйылып жатыр.

Сол бір шалп-шалп дыбыс бұл қашан құдықтың аузына жеткенше құлағынан кеткен жоқ. Жүрегінің дүрсілі де сол дыбыспен бірге шығып тұрғандай. Мынау меңіреу кара жердің қойнында қамалып тұрған жерінен бұл босатып жіберген мындаған тамшы тұңғық түбіне жамыраса ағып, жарыса құйылуда. Тақтай тасты дүсірлете жөнелген қос түтек ағын жеті қат жер астынан тіршілік дабылын қағып жатқандай.

Асқа алты күн қалды дегенде жаңа құдық шегенделіп бітті.

Ойдағы-қырдағыны тегіс дүрліктірген ас өтті. Көптен бері құдықшының құрым қосынан көп алысқа ұзап шықпаған Еңсеп те бір желпініп қалды.

Адам пақыр талай нәрсеге үйреніскенмен, тап қара жердің астына үйренісе алмақшы емес. Ол азды-көпті зейнетінің қасында, ел-жұртының ортасында құдайдың жарық күнін көріп, жұпар ауасын жұтып жүргенде қай-қайдағыны ойлап уайымға батады. Сондай кем тағат, кем қанағат жанды жарық дүниеге жаратылған жұмыр басты пенденің қай-қайсысы да, аяғының астынан шаянша шағып жатқан сыз топырақ та жеті қат жердің астына, меңіреу тұңғыққа күн сайын тірілей түсіріп қойған соң не жорық!

Құдықшының жалғыз серігі — үрей. Оны жан-жағынан анталап тұрған сыз қабырғалар да, түү төбеде жылтырап, екі көзін төрт қылып, өзіне телміртіп қойған болмашы саңылау да, аяқының астынан шаянша шағын жатқан сыз топырақ та қорқытады. Осынша азаптанып қазғанда жөнді су шықса жақсы, ал судың кіндігі бір көш бұру қалуы да мүмкін ғой. Шықса да, ащы боп шыға ма, тұщы боп шыға ма?

Құдықшы сан-сапат жер шұқып, сан рет су шығарса да, өмір бойы әлденеге сезіктенумен, өзіне-өзі сенбеумен өтеді. Қазбас бұрын әбден тәптештеп, тап осы араның күманы жоқ деп қазық шаншығанмен, жер астына кісі бойы түсуі-ақ мұң, қалың күдік қайтадан қамап алады. Енді сол күдігі жер астына бір елі тереңдеген сайын өсе береді. Екі шұқып, бір қараған мимырт жұмыс қандай жүйкені де жүнжітіп, қандай жүректі де қаралай күпті қылып бітетін болса керек. Манынан тірі жанның не көзін көрмей, не сөзін естімей, бір өзі тырбаңдай беретін жалғыздық пен ештеңені анық көре алмай пұшайман болатын су қараңғылық жігерін ұстарамен қырнағандай, күн санап титықтата түсетін түрі бар. Құдықшы неғұрлым көпті көріп, жер ортасына жақындаған сайын солғұрлым күдікшіл, неғұрлым құдықтың түбіне жақындаған сайын солғұрлым үрейшіл болыңқырайтын секілді. Ал енді су әне шығады, міне шығады дейтін күндері ол тұңғыш рет толғақ қысқан анадай, бұдан бір ай бұрын, бір апта бұрын, тіпті күні кеше қуанғанын атымен ұмытып, өмір бойы өлім аузында жүрген кісідей өң-сұры қалмай, қорқыныш құшағына бір жола беріледі. Бір жыл ғана бұрын көкірегі алып ұшып, не бір тәтті қиялдарға бөктірген қуанышы енді кеп табан астынан құрдымға құлататындай, шошына уайымдайды. Баяғы тәтті арманның бәрін ерсі көріп, өзін есірік санайды. Әу баста осынша қауіп-қатердің барын көрмеген-білмеген желбуаздығына өлердей ызаланады. Тек осы жолы ісі оңға басып, ойлағанындай болып шықса, ендігәрі мұндай істің маңынан жүрмеуге іштей ант-су ішеді.

Еңсеп те өзі қайлалап тескен тас құрсаудың ортасына

түскен сайын иманын үйіріп түсіп, жарық дүниеге әр шыққан сайын тәуба айтып шығатын-ды. Бірақ, құдықты қазып бітіргенде өн-бойындағы күш-қуаты түгел сарқылғандай боп, жер астына енді беттеместей тауы шағылып шықса да, арада бес-алты ай өтер-өтпесте тағы да құрым күрке тігіп, тағы да жер шұқып жатады.

Күні кеше жігерін құм қылған қаран шұңқырға қайтадан жетелеп алып келген әзәзіл күштің аты не екенін ол кезде Еңсептің өзі де білмейтін. Келе-келе түсінді. Бірін-бірі жақсы мен жаманға бөліп, жағаластырып қойған мына дүниеде бөтеннің аузынан шыққан жылы сөз, қошамет-қолпаш әлі арыны қайта қоймаған арғымақ атқа қатты тебінген үзеңгімен бірдей екен. Ал ол кезде адам пақырды тауға ұрып, тасқа соқтыратын аяр алданыштың әлі арыны мұқамаған арғымақ кезі еді.

Қошамет-қолпаш атты аяр Еңсепті қара жердің астына талай рет тірілей түсірді. Ол әуелі құдық қазылып біткенде естіген ел-жұрт түгел қуанады екен деп ойлайтын-ды. Бірте-бірте ол ойының қате екеніне көзі жетті.

Әр шыңырау біткен сайын алдына мал түссе, артына сөз еретінді шығарды.

Құдық біткен күні жанына кеп:

— Апырай, мына байда иман жоқ екен, жетпіс құлаш шыңырауға бар болғаны жетпіс тоқты айдатыпты-ау,— деп сыбырлап қалатындар араға айлар салып өзі келеді.

— Еңсепжан, біз анау пәленше бай емеспіз. Ақынды жемейміз. Ернектің үстінен шыңырау қазып берсең жүз тоқтыны алдына саламыз,— деп қолқалайды.

Еңсеп енді кез келген қолқашыға қолқ ете қалуды қойды. Алдына келген кісінің шапанына, ер-тұрманына, дәулетіне қарайтынды шығарды.

Көп ұзамай Дәржан ағасы: «Шақырлаған ақ тауды тесіп су шығара беруге тайыз ойдағы елге барам»,— деп үстіртті тастап көшіп кетті. Сол жақта бес жылдай ауыз суға құдық қазып жүрді де, ақырында бір құмның етегінде құдық қазып жатқанда, жұмсақ топырақ үстіне жапырылып құлап дүние салды.

Еңсеп шын үстінде шыңырау қазып қала берді. Әр құдық біткен сайын құдық ақы малдың саны өсе түсті. Бірақ, оның есесіне қолқашының саны біртіндеп азайып барады. Дәулеті асқандар ғана атын шығару үшін Еңсепке ат шаптырады.

Үйінің іргесі саябыр тартты. Бір өкпелеп аттанғандар енді көрместей боп түңіліп кетті. Барып басқа құдықшы іздеді.

Дәл сол шамада Хорезмнен Қалпақ деген біреу көшіп келді. Әуелі Қалпақ ер шабады, жона тігеді деуші еді. Енді құдық қазады деген атағы шықты. Еңсепке қолқасы жүрмегендер соған үймеледі. Кейбіреулері қыр көрсеткендей, түп-тура

бұнын ауылынын көк желкесіне жете беріп, бір сәскелік бұру отыратын Қалпақтың ауылына қарай тізгін түзейді.

Бастапқы кезде Еңсеп ондай-ондай қокан-лоқыға миығынан күлді. Біраздан соң ауылынын үстінен аттап өткендер шамына тие бастады. Түрулі іргеден Қалпақтың ауылына қанша атты өткенін санап, олардың қай-қай ауылдың адамдары екендерін аңдитынды шығарды. Аталы-аталы үлкен ауылдардан әзір олай қарай ат ізі түсе қойған жоқ.

Еңсепке келген қолқашылар да әңгіме арасында әдейі Қалпақтың атын қыстырып қалатын болды. Ол ондай-ондайға мән бермеген қалып байқатты. Кейінірек: «Хорезм жақтың жері біздей ақар-шақар шың көк ала тас емес, саздауыт келеді. Саз ойып қалған адам таяз, таңқы құдықтар болмаса, тас қашап, шыңырау қазуға көндіге алар дейсін бе?»— деп аңшымаған нығыз рай танытты.

Сөйтіп жүргенде, Еңсептің алдынан сағы сынып қайтқан Сағынай бай Қалпаққа Үстірттің үстіне көш шығаратын ақ жолдың тап ұшар басынан құдық қаздырды. Ел ішінде Сағынай үйіне қонақ барғанда, қазанға ас саларда, сыртта ойнап жүрген немерелерінің біреуін шақырып алып:

— Әй, құлыным-ай, күні бойы тыным көрмей шапқылайсың да жүресің. Мына қарашы, сүйек-сүйегіңнің бәрі ырсиып кетіпті. Қабырғанды қолмен санағандай. Кәні, кәні... біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу... Түу, түу... Омыртқан одан да жаман. Біреу, екеу, үшеу... Сидіған қарыңа қарап, жұрт сені шыр жұкпаған үйдің баласы екен дейді ғой. Тұра тұр! Ойбай-ау, жауырыныңа шодырайып шығып келе жатқан мынау не жара!— десе, кемпірі қазанға жауырын, қары жілік, бес тал қабырға, үш тал омыртқа салады екен дейтін әңгіме бар-ды.

Сол сақалын қазанға малып, асты өзі санап салатын Сағынай саран Еңсепке тісін қатты басса керек. Жұрт ол Қалпаққа ернектегі шыңырауды қазған ақысына түйеге бастатып жүз елу тұяқ атапты деп соғады.

Бір күні «Ойбай, әлгі Қалпақ қазып жатқан шыңырау Үстірттің үстіндегі ең терен шыңырау болатын түрі бар. Қазірдің өзінде жүз қадамнан асыпты» деген хабар дүңк ете қалды. Содан былай ауыл-ауылдың арасына қатысқан бірен-саран адамның хабары сол Қалпақ қазып жатқан құдықтың төңірегінен шыр айналып шықпай қойды. Күн өткен сайын дабырық ұлғая түсті. Бүгін: «Жүз жиырма қадам болыпты» десе, ертеніне: «Жүз отыз қадамға жетіпті» деп шығады.

Қойшы-қолаңның әңгімесін былай қойғанда инабатты ақсақалдардың өзі Қалпақ қазып жатқан шыңыраудың жайын айтып, қызыл кеңірдек бола бастады. Біреулер: «Қалпақтың бабасы әулие кісі болған екен. Содан киелі темір қазық қалыпты. Сол қазықпен жер барласа, су шығатын жерге келген-

де алақаны тартып белгі береді екен. Қалпақ судың көзін солай табады екен»,— деп дақпыртты.

Гу-гу әңгіме өрши берді. Бір-екі кісі: «Өз көзімізбен барып көрдік, шыңырау жүз қырық құлаштан асыпты»,— деп келді. Енді жұрт жан-жақтан Қалпақ қазып жатқан құдықты іздеп барып көре бастады. Тіпті Еңсептің қоңсылары да ерінбей-жалықпай ат сабылтып барып қайтты.

Әзірге қылп етпеген жаңғыз Еңсеп. Бұрын Қалпақтың жайын айтуға жұрт бұдан қысылатын болса, енді жұрттан бұл қысылатын болды.

Үй-үйдің көлеңке бетінде Қалпақтың құдығын айтып гуіл-дескен жұрт Еңсеп қайтер екен деп әдейі айтып отырғандай боп көрініп те кетеді.

Сыртынан сынап отыратын мінші көздерден Еңсеп қатты қаймықты. Бір күні не де болса, барып өз көзімен көріп қайтуға бекініп атына мінді.

Қалпақ орақ мұрын, шегір көз сары кісі екен. Жасы жер ортасына таяған адам болса да, Еңсепті көргенде қалбалақтап қалды. Жалма-жан таңдайының астындағы насыбайын тілінің ұшымен жерге бір-ақ ытқытып, сиректеу жидіп біткен жирен мұртын жеңімен сүртіп, ауыл-аймақтың амандығын сұрай бастады. Иегінде тұқыл жоқ, көк жарғақ көсе. Маңдайы мен желкесінің арасы қарысқа жетпейтін қалақ басын күнінде не қара, не көк болғаны белгісіз күлгін орамалмен таңыпты да, бір ұшын құлағын бастыра салбыратып қойыпты.

Әншейінде көзі кісінің жүзіне көп тоқтамайтын Еңсеп Қалпақтың тұла бойынан түк қалдырмай түгел тінтіп шықты.

Қалпақ әйкелге түсірген тығырық тастың үстінде отыр. Құдықтың ішінен жаңа шықса керек. Тізесінен асыра қайырып қойған балағы су-су. Қарала шекпенді жалаңаш иініне жамылыпты. Не тоңып отырғаны, не күліп отырғаны белгісіз,— сирек сарғыш шоқша тістері ақсиып тұр.

Қалпақтың сауалдарына сыпайы жауап қайтарған Еңсеп енді өзі жай сұрай бастады. Мал-жанның амандығына Қалпақтай қадала тоқталмай, шыңыраудың жай-жапсарына көбірек шұқшиды. Құбыла беттегі ақсиып жатқан шығыр тартқан түйенің жалғыз аяқ соқпағына қарап, көзімен мөлшерлеп, үнсіз тұрып қалды. Жұрттың айтып жүргені рас екен. Жүз елу қадамға жетіп қалған түрі бар. Манадан бергі сыпайы өңі күрт түтігіп кетті.

Өз-өзінен жиырыла қалған маңдайын күшпен жазып, еріні әзер қиысып:

— Оң болсын,— деді.

— Айтқаның келсін,— деді Қалпақ.

Еңсептің құлағына оның даусы оқыс саңқ ете қалғандай ерсі естілді.

Жалт карады да, қатулы жүзін жадыратқысы кеп, езуін жиырып:

— Судың кашан шығатын сыңайы бар?— деп сұрады.

— Ертеңдері шығып қалар.

Еңсеп атына беттеді. Қалпак дәмге шақырып еді, аузына алдымен оралған бір сылтауды айтып, аяғын үзенгіге салды. Қалпак қолтығынан демеді.

Ол атына мініп, Қалпактың жүзіне бір бұрылып қарап, қоштасты да жүріп кетті. Оған Қалпак соңынан мүсіркей қарап тұрғандай боп көрінді. Әлгі бір қолтығынан демегені де аяушылық жасағаны сияқты. Соны ойлағанда, біреу қолтығының астынан шымшып алғандай тұла бойы түршігіп сала берді.

Атының сауырына камшысының қалай барып қалғанын да байқаған жоқ, шоқыта жөнелді. Бұл шыңырау, шынында да, Үстірттің үстіндегі ең терең құдық болғалы тұр екен. Оны жұрт қазірдің өзінде «Қалпак қазған» атап кетті.

Еңсеп «Қалпак қазғаннан» еңсесі түсіп қайтты. Айна таз ала қырдан талай су шығарған Дәржан ағасы «пәленше қаздырған», «түгенше қаздырған» деп талай байдың атын шығарды да, өзі ақыры апанның астында қалып өлді. Атан түйені алып ұрардай қайратынан ат жалынан тартып мінгелі өле-өлгенше тырбынып өткен еңбегінен, кенезесі кепкен талайды суға қандырып алған алғысынан не көрді? Қара дөңнің басындағы қалың қауымның шет жағасындағы қызыл төмпек көнереді, қасына басқа төмпектер қосылады. Сосын жел типылдап, қазып тастаған көне шұңқырдың астында кім жатқанын кім біледі? Сонда Дәржан өмір-бақи қара жерді үңгіп өткенде не көрді? Иттің итақайы ішіп-киіп жатқан аз күндік азық пен үстегі лыпа ма?

Өзгенің табан астында тасы өрге домалаған тосын бағы Еңсепке өткінші өмірдің ұйытқыма опасыздығын ұқтырды.

Енді іргесі тіпті босап қалды. Бұрынғы күдер үздіріп барып бір соғатын сирек қолқашы там-тұмдап біржола құрыды. Алыста атты біреу карауытса, өзіне келе жатыр деп ойлап қалған Еңсеп әлі де көкжиектен қарайған көрінсе, кашан ауылға жеткенше қырық тыпыршып тағаты таусылады. Бірақ, біраздан бері бұл ауылға соғатын азын-аулақ қара-құраң өңшен бір мал жоғалтып жүргендер боп шығады.

Еңсептің құдық қазып жиып алған азғантай дәулетінің жыл өткен сайын етек-жеңі дөңгеленіп барады.

Ол енді әлденесі ұмыт қалғандай қараптан-қарап отырып көңілі құлазып, бойы сергімей-ақ қойды. Үйреншікті әдетімен сары ала таңнан тұрады, әйелін асықтырып, шай қайнаттырады. Оны апыл-құпыл ішеді. Сосын бір кіріп, бір шығып күйбеңдеп жүреді-жүреді де, төр алдына сылқ шөгіп тоқырал отырып қалады. Бұрын сыз құдықтың ішінде жер шұқып

отырғанда күнді ұзақ көруші еді, енді жердің бетінде, жарық дүниеде, салқын ірге, салулы төсекте ұзақ күнді кеш қыла алмай, тағаты таусылады.

Ақыры сабыры сарқылды. Атына мінді. Қырдың үстінде қара құйрық, киік жайлайтын көлдеу ойларға, олардың суатқа баратын жымдарына, арқары бар сай-салаға қақпан құрып, аңшылықты ермек етіп көріп еді, одан да пәтуа табылмады. Айдалада келе жатып аң барлаудың орнына жер барлайды. Қырқа-қырқанын, жүлге-жүлгенің қалай тоғысқанын қадағалайды. Шөптің бітісіне зер салады. Алымы жоқ, берімі жоқ атынан түсе қалып, қамшысының сабымен топырақ қазып, алақанына жазып көреді.

Арқар қарап, қия-қия шатқалдарға тап болса, ара салуға, тасымалға оңтайлы тасы бар жер шолады.

Аң ұстап қарық қылып жатқаны шамалы. Әйтеуір, қатын-баланың кірген-шыққанын аңдып жатқаннан жақсы ғой деп лағып-лағып қайтады.

Жапан түзде өзі құсап аң қуалағандар ұшырасса, төңіректің хабар-ошарын сұрайды.

Сағынай рулы елі боп, Қалпақты қолдарынан шығармауға бекініпті. Ол «Қалпақ қазғанның» тұсынан ешкімді өткізбеймін, суатымды сарқып, өрісімді тоздырасың деп көшке ұрынатынды шығарыпты. Байсал байдың екі қойшысын құдығымнан неге мал суарасың деп астауға танып қойып сабапты. Содан бері екі бай ит пен мысықтай көрінеді.

Бір күні Еңсеп қақпан қарап қайтып келе жатып, іргесінде байлаулы тұрған бөтен атты көрді. Қапелімде өз көзіне өзі сенбеді. «Бұл кім болды екен?» деп ентелей басты. Ауылға жақындаған сайын жүрегі ойнақшып, өне бойын, әлсіздік меңдеп барады. Бөтен аттың ер-тұрманына қарағанда үйіне бір күйлі адам келіп түскен сыңайы бар.

Атын тұсап жатып, түрулі іргеден Байсал байдың майлы желкесін көрді.

Ай касқа маңдай, шоқша сақал Байсал есіктен кірген Еңсепке жадырай амандасты. Келген шаруасына бірден кіріспей, ауыл-аймақтың хабарын айтып, әңгімемен отырды. Көптен қонақ көрмей құр құлақ болып қалған Еңсеп тоқты сойғызып, құрақ ұшып жүр.

Аттанырында Байсал:

— Еңсеп, мені эне бір қырға дейін шығарып салмайсың ба?— деді.

— Болсын.

Ауылдан былайырақ ұзай бере бай сөз бастады.

— Еңсеп, естіп жатқан шығарсың. Анау Сағынай ата-бабамыз ежелден ұрыспай-қағыспай жылма-жыл шығып-түсіп жүрген ақ жолды бір өзі иемденіп, өткен-кеткенмен ырылда-сып қырып барады. Сонымен басқалар-ақ шайнассын. Сасық

күзендей шақылдаған немемен байланыса беріп, не пәтуа та-
бамын? Осы өкпе тұстағы жалғыз аяқ ат жолдан көш шыға-
рып, көш құлатпақпын. Бүгін содан шығып едім, жолының
шаппа өрлігі болмаса, тап онша шаңырақ қағатындай тар
емес сияқты. Үсті тұяқкешті емес, оты да бар. Тек бір кемі-
сі — ернек асқасын екі түнемелікте ғана су бар да, одан кейін
шөл екен. Мен тағы да күнаралатып суаратындай жерден
құдық қаздырам ба деп едім.

Байсал әңгімесін кенет тыйып, Еңсептің бет-жүзіне барлай
қарады да, біраздан соң қайта жалғастырды.

— Келер жылғы күземді сол құдықтың қасында қырық-
сам ба деп едім...

Патуа байласылды. Байсал бай қоштасып жүріп кетті.
Көшелі сары ат күзгі сар барқын даладан еміс-еміс қылаңы-
тып, тайпалта жорғалап барады. Еңсеп жаңа ғана өзімен
қоштасып, көзді ашып-жұмғанша анадай жерге ұзап кеткен
Байсалдың соңынан қызыр көргендей қарап қалыпты.

Бір уақытта есін жиып, атының басын ауылына қарай
бұрды. Сол-ақ екен, алыстан біреу бұның атын атап, айқай-
лағандай болды. Көк желкесі мұздап қоя берді. Байсал жол-
жөнекей жаңағы уәдесінен айнып, қайтып келе жатқан жоқ
па екен деп, артына бұрылып еді, бай көк жиектегі қара дөң-
нің үстіне көтеріліпті.

Біраздан соң тағы да бұрылып қарады, Байсал бұл жолы
көкжиектен әрі асып тасаға түсіп кеткен екен.

V

Байсалды шығарып салған соң Еңсеп қатты толқыды.
Қолқашылардың осы келмей кеткені кеткен шығар деп торы-
ғып қалған жүрегін енді көптен бері: «Әй, қайтадан құдық
қазар болсам, бүйтер едім» деп жан баласына тісінен шығар-
май көмейіне бұқтырып келген бір арманына жете алам ба,
жоқ па деген тымырсық күдік тызылдата бастады. Пәлен күн
бойы атынан түспеді. Байсал бай меңзеген жонды бұта қал-
дырмай түгел шарлады. Ол денгейдегі жыра-жұлге, қырқа-
қыраң суат атаулыны тегіс сүзіп шықты. Үйінде де ешкімге
жақ ашпайды, өзімен-өзі. Кейде дастарқан басында қолында-
ғы шыны аяғын жерге қоя салып, оң тізесін таянып, сұлқ
отырып қалады да, біраздан соң ұйқысынан оянғандай суып
қалған шайына қайтадан қол созады.

Ұзақ толғанып жүріп ақыры осы араға тоқтады. Кеңескен
рет жасап аталас бір-екі ақсақалдың алдынан өтті, бірақ
ақылдасты деген атағы болмаса олардың еш сөзіне мән бер-
ген жоқ.

Байсал Еңсеп қазық қаққан жерге үй тіктірді. Қолқабыс-

қа төрт жігіт қосты. Еңсептің құдық қазуға кірісетін күні түні бойы кірпігі ілінбеді.

Біраздан бері қолына күрек ұстамағандықтан ба, жүрегі қайтып қалыпты. Темір қазыққа телміріп ұзақ тұрды. Қанша қажыса да құдық басына қайтадан жетелеп алып келетін баяғы ду-ду қошамет-қолпаштың үні өшкелі көп болды. Ол кездегі «не болса да көріп алдым»— деп қойып кететін тәуекелдің арғымағы бүгінде арыны қайтып, қанша қамшыласаң да басын кекшитіп, баспай тұрып алатын жауыр тұғырға айналыпты.

Бірақ, бұл жолы оны өзге күш жер астына желкелеп түсірмек... «Қалпақ қазғанды» барып көргелі бір бүйіріне шаншу боп қадалған, кейбір ұйқысыз түндерде өкпесін сығып, ара-тұра ақылынан тандырып кете жаздап, талма аурудай жабысып алған сол бір беймәлім дерттің атын атауға әлі күнге аузы бармайды. Күніне әлденеше рет тіршіліктің талай-талай жым-жымын шарлап қайтатын қаңғыма ойы сол жанын жегі құрттай жеп жатқан дерттің түрін түстеп, атын атауға келгенде тайқып шыға келеді. Не де болса сол жегі мұның жігері тұралап қалған тұғыр болмақ түгілі орға құлап, мертіккен асқақ есек болса да, сауырына темірдей қадалып, шаптырмай қояр түрі жоқ.

Міне, одан бері де бір жылдың жүзі ауыпты. Мелшиген меңіреу жерді тыным таппай үңгіп келеді. Екі-ақ рет жұмысы тоқтады. Екеуінде де атына мініп, тастақ жыраның құлау құйрығын бетке алып, қыр асып кетіп қалды да, бес-алты күннен соң қайтып оралды. Соңғы рет осыдан екі күні бұрын барып қайтты. Қайда барды, неге барды? Ешкімге айтқан емес. Шыңырау ойындағыдай боп шықса, той үстінде Байсал байдың өзіне айтпак.

Онда Еңсептің еңсесін ешкім түсіре алмайды. Содан кейін құдық қазбақ түгілі маңынан жүрмейді. Аз ғана дәулетін кіш-кіштеп шаруа күйттеп өмір сүреді.

Ал, енді ол ойлағанындай болмаған күннің өзінде бұл осы ала қырдың үстіндегі ең терең шыңырау атанады. Ақ шын ернектен ұзаған сайын жылмиған үстірт аласарып, ойпаң тартпайды, қайта анда-санда бір соғып отыратын бүкір жал, көлденең қырандардан асқан сайын, сонау ұлы құмдарға ұласқанша саты-сатылап биіктей түседі. Бұл білетін терең құдықтардың бәрі бұл деңгейден төменде, ернек жақта; ол араның суы бұдан әлдеқайда таяздан шығады. Ендеше, бұл шыңыраудың суы кемі екі жүз қадамнан бері белгі бере қоймас.

Еңсеп бұл араға өткен жолы осындай іш есеппен қазық шанышқан-ды.

Анда шығыр тартып жүрген қара атан екі жүз қадамнан қайтқанда қатты қуанған-ды. Содан бері көңілі орнықты жүр

еді, кешелі бері су қиыршық көбейіп қайтадан қабағы түсіп кетті. Су қиыршықтың мұнша көбейіп кетуі, әрине, тегіннен тегін емес. Егер су бұл нысаналанған жерге жетпей, беріден шықса, онда ол атын екі рет босқа сабылтқан болды.

Еңсеп ауық-ауық төңірегіне құлақ тігіп, тың тындайды. Қолындағы сүйменнің сыз қабырғаға тиген сырп-сырп дыбысынан басқа дыбыс естілмейді.

Дымқыл қиыршық көп күш салмай-ақ өзінен-өзі үгітіліп құлап жатыр. Емен күбі теп-тез толып қалады. Соған қарағанда судың көзі жақын тәрізді. Тіпті осы маңайдан тесіп шығуы да мүмкін. Қай жақ қабырға әлі қатты екен деп сипалап көріп еді, көк тас кезікпеді.

Егер мұның ойлап жүргеніндей болғанда, ендігі шақылдаған көк тас ұшырасса керек еді. Айналасының оп-оңай ылжырап кеткеніне түсінбей отыр.

Еңсеп сүйменді сыз қабырғаға сүйеп қойды да, ойланып қалды. Екі шықшыты дуылдап қышып қоя берді. Саз балшық қолымен қашыр-қашыр қасыды. Миына біреу құм құйып қойғандай басы зіп-зілдей, ойына ештеңе түспеді.

Сүйменді қайта ұстады. Сыз қабырғаны дүк-дүк ұра бастады. Кенет тасқа тиіп, шық ете түсті. Еңсеп өтірік пе, шын ба дегендей, аңтарылып тұрып қалды. Сосын жаңағы сүйменіне қатты тиген жерді бойлап қаза түсті. Әлгі күрт-күрт дыбыс жоғалды. Сүйменнің тиген жері шақ-шұқ тас. Сыз қабыршақ таусылыпты. Аяғының асты су жиылып, шылпылдап қалыпты. Таң атқалы қазғаны үлкен көз емес екен; үлкен көз болғанда ендігі су атып кететін мезгіл болып еді. Ол үлкен арнадан қашып шыққан ұры ағындар босатып тастаған қайыр қабат сияқты. Нағыз арна алда болса керек. Ол мынау тақ-тұқ жаңғырып жатқан тас қабаттың астында. Соны ойса, ар жағы — су...

Анада алғашқы кетіп қалғанында інісі Теңселдің үйін шеген тас кессін деп, қиялама ақ шың ернекке апарып қондырып қайтқан-ды. Күні бойы көшіп-қондымен жүріп, үй тіккен бойда талықсып ұйықтап кетіп еді. Түн ортасы ауа көзін ашса, құлағына бір суыл келгендей болды. Әрі-бері тындап жатты-жатты да, сыртқа шықты. Шілдедегі иін тірескен көп жұлдыз жымың-жымың етеді. Қараңғы түнде пышақтың жүзіндей боп табаныңның астына кеп тіреліп жататын қап-қара көк жиек — шың ернек. Оның астында — теңіз. Жым-жырт түнде о да дыбыссыз. Тек сәлден кейін қармай алып, бойын шіміріктіре бастаған дымқыл ауа ғана жақын маңайда ұлан-асыр көп су жатқанын сездіргендей. Еңсеп салқын самалдан омырауын көлегейлеп, иығындағы шыкпенін айқара қымтап, үйге қайта кірді.

Жастығына басы тиісімен манағы суыл құлағына тағы да оралады. Еңсеп енді ұйықтай алмады. Бір ауық құз-шындар-

да болатын үлкен-үлкен үңгірлерден күнірене шығатын желдің ызыны дейін десе, күн тымық. Қиялы қырық саққа жүгіріп басы қатты, бірақ ұйқысы шайдай ашылып, кірпігі ілінбей-ақ қойды. Тезірек таң атқанын асыға күтті.

Таңертеңгі шайын іше сала, ернекті бойлап қыдырып кетті. Сенгір-сенгір ақ құздар көк теңізден біресе шалқая қашып, біресе сұғына төнеді. Кей тұста аппақ бір шыңдар ақ айран дәрняның ортасына белуардан еніп кеткен. Сондай бір ақ тұмсықтың үстіне шыға беріп еді, құлағы тағы да елең ете қалды. Түні бойы ұйқысын қашырған суыл сол төңіректің бір жерінен шығып жатқандай. Құздың ернегінен үніле қарады. Теңіз бүгін де тыныш. Көк атылас көйлектің қатырма етегіндей біріне-бірі ілескен қабат-қабат бұйра толқындар ақ шыңның аяғына жығылғандай, ауық-ауық шылп-шылп сүйіп қояды. Қарын жарып жатқан ақ түтек айдын емес. Ендеше мынау ненің суылы. Желді күнгі теңіздің айбарлы өксігіне де ұсаңқырамайды. Құлағын тоса түсті. Сарқыраған ағын судың дыбысы сияқты. Бірақ, мынау ақ тағанак ала қырда теңізге құятындай өзен атымен жоқ. Бір-екі жердегі сордан бас алып сорға құятын ащы ағар жүлгелер теңізден алты көш алыста құрып бітеді.

Еңсеп өз құлағына өзі сенбей аң-таң. Теңізге өнмендей төнген ақ тұмсықтың қайтадан айдынды орағытып, кейін шегінетін ернегін бойлап жүріп кетті. Азу-азу ақ шыңдардың арасына кіріп кеткен үшкіл шағын шығанақты айнала бергенде қарсы беттегі құздың табанында қарауытып жатқан үңгірді көзі шалды. Көк теңіздің шылп-шылп толқыны қара үңгірдің ішіне кіріп-шығып жүр. Әлгі сарыл сол үңгірден шығып жатқан тәрізді. Сол маңайдағы ақ шың ортан беліне дейін сарғыш тартыпты.

Еңсеп солай қарай асыға аяндайды. Үңгірдің өкпе тұсына жеткенде әлгі сарыл күшейе түсті. Ыңырана соғатын теңіз толқынының шылпылы емес, суыт ағынның сарылы. Қара үңгірден көк теңізге жер астынан ағын құяды екен. Кенет көңіліне осындай ой қашты.

Еңсеп қара үңгірдің көк желкесінен оба үйді де, соны нысана қылып жолға шықты. Сөйтсе, сол ақ тұмсықтан осы өзі құдық қазып жатырған тастақ жыраға дейінгі екі орта оқтын-оқтын тілім-тілім тастақ ұшырасып отыратын ойпаң жүлге екен. Қырдың үстіндегі шыңыраудың көбі сол денгейді бойлап қазылыпты. Еш жерден төбешік не қыран соқпайды.

Еңсеп сонда құдықтардың бәрі сонау тұңғыық тереңде теңізге құлап жатқан үлкен арнаға су құятын бергі — жер бетіне жақында майда тарамдардың кіндігінен шыққан сулар деп болжаған-ды. Сонау ащы теңізге су құятын сарқырама арнаға жеткен ешқайсысы жоқ.

Сол ойы есіне қайта оралған Еңсеп табанының астынан шыққан тақтай тасты төкпектете ұрғыштады. Екі құлағы шыңылдап кетті. Құлақтағы шуыл, сүйменнің дүсірі таң атқалы жым-жырт қара үңгірдің ішін үнге толтырып жібергендей.

Бір уақыт манадан бері сыз жерде тұрған темір сүймен алақанын қарыған соң, қолғабын киейін деп кідіріп еді, бір суыл шыққандай болды.

Ол құлағын тігіп тұрып қалды. Шөл далада, қапелімде сай-салада ұшырасып қалатын азын-аулақ жиде ағаштың түбінде жатсаң тап осындай суыл еститінсің. Бұл не суыл? Әлде осы арада жер үстіндегі кеуектермен жалғасатын жарық бар ма екен?

Қабырғаларды шырқ айналдыра сипап көріп еді, еш жерден қолы сүрінбеді. Қайта тыңдады. Суылдың ар жағында бірдеңе сылдырайтын сияқты. Тағы қазды. Тағы тоқтады. Тағы тыңдап көрді. Сол баяғы түсініксіз суыл.

Еңсеп тақтай тасты ұрғылап жатып, ауық-ауық тоқтай қалып әлгі суылға құлағын тосады. Сылдыраған дыбыс күшейе түскендей.

Кенет қуанып кетті. Мынау судың сылдыры. Еңсеп құлағын тосқан сайын күшейіп барады. Мынау кәдімгі күркіреп ағып жатқан сарқырама ағын ғой. Мелшиген сыз қабырғалар да жер астынан шыққан беймәлім дыбысқа құлақ түргендей телміріп тұр. Зымыран қара үңгірдің іші сол бір сарқыраған дыбысқа тегіс жаңғырыққандай.

Еңсеп тақтай тасты дүрс-дүрс түйгіштей жөнелді. Енді әлгі жер астындағы сарынды сүйменнің дүңк-дүңк дүсірі де жеңе алмады.

Еңсеп ештеңеге алаңдамады. Тақтай тасты төкпектете соққылады. Үскірік жер астында тұрғанына қарамастан, әуелі маңдайына, сосын омырауына шып-шып тер шықты. Тақтай тас сарт-сұрт сынып жатыр. Осылай қазыңқырай түссе, ұлы арнаға да жетеді. Жүрегін қуаныш кернеп, өне бойынан әл кетіп бара жатқандай. Темір сүймен қолынан шығып кетпей шаққа тұр. Шенгелін сыға түсті. Кенет дәл қасынан дүрс-дүрс дыбыс естілді. Қараңғы үңгірдің ішінде бұдан басқа тағы біреу тақтай тасты тарс-тарс төмпештеп жатқандай. Бұл ауық-ауық тоқтап, тың тыңдайды. Бұл тоқтағанмен әлгі дүрсіл тоқтамайды. Әлдекім мынау тақтай тасты бұдан бұрын оям, ұлы арнаға бұрын жетем деп жаныға қимылдағандай. Еңсеп сүйменіне қайта жабысты. Біраз шапқан соң тағы кідірді. Әлгі бір жұмбақ дүрсіл құлағын жарып барады. Тағы да бұл тоқтағанмен, ол тоқтаған жоқ. Еңсеп қайтадан екілене ұрғылады. Әбден өкпесі алқынып, жүрегі қысылғандай болған соң, бірауық дем алайын деп еді, бұның көзіне көрінбей дәл қа-

сында көк тасты дүңк-дүңк тоқпақтап жатқан өзге дүрсіл бұрынғыдан да күшейте түсті.

Ол орнынан тағы тұрды. Темір сүймен тақтай тасты тағы да төбелей жөнелді. Еңсептің өне бойын қара тер жуды. Көзіне құйылған ащы терді білегімен жасқауға да мұршасы болмай, үсті-үстіне ұра берді...

Кенет сүйменнен әлдекім шап беріп ұстай алды да, жібермей қалды. Еңсеп көзі қарауытып отыра кетті. Қара үңгірдің іші су қараңғы тас түнекке айналды. Оның көз алдынан Қалпақтың көк орамалы желпіп өткен сияқты болды. Қалпак мошқап күліп тұрғаны, я аяп тұрғаны белгісіз, бұның қарсы алдында тісі ақсиып, талтайып тұрып алды. Кенет бұған қарай қолын созды да, сүйменіне жабысты. Еңсеп қолындағы сүйменін алып кетеді екен деп, жан-дәрмен шірене тартып еді, тастың жігіне түсіп, тесік ұстап қалған сүймен жылмаң етіп суырылып шыға келді.

Еңсеп есін енді жинады. Табанының астынан өкпек жел ескендей болды. Сарқыраған судың шуылы анық естілді. Еңсеп шуылға құлағын тосып біраз отырды. Оның құлағы судың сылдырынан бөгде бір дыбысты байқады. Таң атқалы бұның құлағынан кетпей қойған алқына соққан өз жүрегінің дүрсілі екен.

Езуіне күлкі жүгірді. Енді ішіне жарты астау су сиятын тай терісінен жасалған үлкен қауға қиналмай сиятындай қылмынау тақтай тасты оюы керек. Талтайып тұрып тақтай тасты тағы ұрғылады. Біраз шапты. Тесіктің көлемін білгісі кеп, қолындағы сүйменімен барлап көріп еді, әлі шағындау тәрізді. Қайтадан төмпештей жөнелді. Сүймені әр тиген сайын тақтай тас күрт-күрт омырылады. Біраздан бері жұртқа есесі кетіп, көңілін ыза жайлаған Еңсеп дегеніме жеттім бе дегендей екілене ұрғылайды. Тұңғыққа тасыр-тұсыр домалап, біраздан соң барып шылп-шылп құлайтын тас дүсіріне құлағы әбден үйреніп алған. Ештеңеден еті шімірікпейді. Жаңа ғана жан-жағынан сығып тұрған тас құрсауға да, қалтарыс-қалтарыстан қарақшыдай андып тұрған көленкеге де, құдықтың аузындағы саңылау жарықтың бірте-бірте өлеусіреп бара жатқанына да, сыртта топырақ шығарып тұрған жігіттердің үсті-үстіне арқанды жұлқылағандарына да — ештеңеге де елен еткен жоқ.

Қайқайып тұрып тақтай тасты сарт-сарт сабалайды. Кенет сүймені тасқа тимей, тесіктің өзіне түсіп, екпетінен құлап түсті. Маңдайы тасқа соғылып, басы зеңіп кетті. Біреудің аялы қолдары қос алақанын жайып, қағып алғандай. Басқа жеріне зақым тимеді. Қақ маңдайынан бастап жып-жылы жұмсақ алақан сипап өтіп еді, көмейіне қоймалжың бірдене құйылғандай болды. Мұны қағып алған бейтаныс адамның да

омырауы терге малшынып қалыпты, жамбас тұсы, жауырыны мұздап қоя берді. Біреу жүзіне телміре төнгендей. Қарауытып кеткен жанары бұның бетіне мүсіркей үніліп тұрған Қалпақтың көк сұр жарғақ жүзін шолып қалғандай.

Еңсеп зіп-зілдей кірпіктерін әзер көтеріп, көзін ашып алып еді, жан-жағынан ақ түтек боп сарқырап жатқан ағын су әлдеқайда алды да қайқайды. Жан-дәрмен бір бақыруға ғана мұршасы келді. Бірақ оны өзінен басқа ешкім естіген жоқ.

Топырақ шығарып тұрған төрт жігіт қыл арқанды әрі жұлқыды, бері жұлқыды. Күн екіндіге таянғанда қайта тартып еді, ішінде ештеңе жоқ, бос күбі шелектің өзі шықты. Төрт жігіт енді қара атанды шығырға жегіп, қыл арқанның ұшын тұзақтап шыңырауға салды. Шығыр арқан да бос қайтты.

Есі шыққан жігіттер төртеуі төрт жақтан құдықтың аузына жата қалып:

— Еңсеп! Еңсеп!— деп айқайлайды.

Төменнен ләм-мим дыбыс жоқ. Жігіттердің құлағына сонау жер түбінен еміс-еміс суыл естілді. Беттерін жер астынан бір түрлі суық леп жалап өткендей болды. Жалма-жан бастарын көтеріп алды...

Содан бірнеше жыл бойы қанды құдықтың маңына ел жоламады. Біреулер құдықтың перісі бар екен, Еңсепті ұстап қалыпты десті, енді біреулер о жердің астында айдаһар бар екен, бірде құдықтың аузынан басын шығарып тұрғанын өз көзімізбен көрдік деп соқты.

Арада әлденеше жыл өтті. Жер астынан шыққан айдаһар көрінбеді. Бір-екі жүрегіне жүн байлаған жігіттер барып, қауға салып еді, мөп-мөлдір тұщы су шықты.

Ақсақалдар әрі ақылдасып-бері ақылдасып, молда апарып, кітап ашқызып, дұға оқытып, құдықты жын-періден аластады. Шегендеді. Әйкел орнатты. Тусырап жатқан өңір суға қарық болды да қалды. Жаңбырсыз жылдары қанша шыңыраудағы суы тартылғанмен, ол лықылдайды да жатады.

Біреулер қауға түсіріп алса, артынан сонау көк теңіздің жағасындағы ақ тұмсықтың астынан табылыпты. Енді жұрт бұл құдықтың суы сонау ұлы теңізге барып құяды екен десті.

Не де болса, ол бүкіл Үстірттің үстіндегі ең терең, ең мол шыңырау боп атағы жайылды. Бірақ «Еңсеп қазған» емес, «Еңсеп өлген» атанып кетті.

Июнь — июль 1969 ж.
Ялта — Алматы.

I

Бәйгеторы Сейісті бірден таныды. Сейіс, бірақ осы ауылдың бота-тайлағына таланып, жал мен күйрықтан атымен ада боп сүңкі кеткен бұны қапелімде тани алмай қалды. Жалтыр сауыры көк масатыдай күлің-күлің еткен көк ала дөненді көлеңдетіп ортадағы ақ үйге барып түсті. Сосын баяғы әдетінше, тұсап жатып, атының тірсегін, шашасын, тұяғын түгел тінтіп қарап шықты. Көленкеде қарш-қарш шыбын қағып жатқан кара ала төбетті қуып жіберді.

Арса-арса қабырғасындағы қатпар жарасына тиісіп, кара ала төбетті діңкелеткен көк шыбын енді көк ала дөнелінің мазасын алар деп сескенді. Асыққа таласып қызыл шеке болып жүрген екі баланы да: «Қасына бармандар, асау, теуіп кетеді», — деп қорқытып қойды. Ақ үйге сосын барып кірді. Жаулығының ұшын толарсағына жеткізіп, шұбата тартқан ақ үйдің әйелі қолына кара шәйнек ұстап, жер ошақ басына беттеді. Бәйгеторы Сейістің шамалы уақытта шыға қоймасын білді.

Жерге бас салып еді, жаншылып қалған кесірткедей жер бауырлаған тарамыс жусан арасы сиреп селдіреп қалған тісіне ілікпеді; өзінің бір түрлі көңірсіген сілті иісі бар екен. Бәйгеторы басын көтеріп алды. Екі көзінің арасында ұшып-қонып жүрген сары пәлені көрді, мүкіс тартқан құлағы ызыңында естімепті. Басын шұлғыса, ту сыртына барып қонады. Өне бойын дір-дір шіміріктіріп, тызылдатып шағады. Құйрығын бұлғап еді, бар қылынан айрылған бір тұтам қылта ауада ербендеп қалды. Одан бөгелек қайдан үріксін! Бәйгеторы шыдай алмай шапшып көрді. Шапшығанда да қайда барарын білмеді. Ауылдың желкесіндегі машинамен су әкеліп құятын тоғанның қасына барса, темір астаудан опыр-топыр су ішіп жатқан қозы-лақ бұған бәрібір жол бермейді, осы ауылдың бар бота-тайлағы да со маңда жүр. Боталары мен қозы-лағына су жеткізе алмай жаны күйіп жүрген қатындардың қақ маңдайдан салып қалуы да мүмкін. Өне бір екі-үш бөшкені қалқалап қойған тақтай күркенің көлеңкесіне барып тұрар еді, құжынаған көк шыбының шұбыртып кара ала төбет жатып алыпты. Ортадағы ақ үйдің түрулі іргесінен дәл керегенің көзіне тіреп салған биік ақ жастыққа шалқалап жатқан

Сейістің шашып ұстарамен типылдап алғызған көк жалтыр басын таныды. Сол үйдің маңына барғысы кеп кетті. Дүрс-дүрс шапшымай, кендір тұсау аяғын қажаса да мимырттап, ақ үйге беттеді. Көк ала дөненнің қасына жете бере тоқтады. Көк дөнен тезектеп тұр. Бұған әбден таныс бір иіс аңқыды. Тарыға байлап, сүтке суарып жемдеген жылқының тезегі. Сейістің әне бір дүрдиіп келіп, бұның мойнына сасық дорба іліп кеткенінен бері мынау иіс танауына бірінші рет келіп тұрғаны.

Бұл әуелі Сейіс іліп кеткен кенеп дорбаның ішіндегі шаң аралас ашқылтым иіске тұншығып қала жаздады; тамағы қыжылдап, басы айналды. Ернін тигізіп көріп еді, тікенек-тікенек бірдеңелер шағып-шағып алды. Сүт татып тұрған тарыға ұқсамайды. Басын әрі шұлғыды-бері шұлғыды; қаудырлақ кенеп дорба жабысып алған, түсер емес. Ерегісіп екі-үш күнге дейін бұ да татпады, ерегісіп кенеп дорба да мойнынан түспеді. Енді, міне, қылшығы ерінінді жыбырлатқан шаң аралас арпаның өзі көзінен бір-бір ұшты.

Бәйгеторы тарының иісіне құмартып, шапшып, көк дөнелінің қасына жақынырақ келіп тұрды. Ту сыртынан дүсір шыққанда көк дөнелінің шар айнадай сауыры тұяқ тиген көл суындай дір ете қалды. Құлағын қайшылап, бұған бұрылды. Жылқы екенін танып, бәсең оқыранып қойды. Көк дөнен неге мазасызданды деп, Сейіс іргеден сығалады. Бәйгеторыны бұ жолы да танымады. Әрі құбылып, жайпақ жаға ақ көйлегінің омырауын иығына шегіндіріп желпініп еді. Тағы бір таныс иіс мұның танауын жарып кетті. Жанында қалған алғашқы бөгде иіс те осы еді.

Оған дейін ол иіс дегеннің не екенін білмейтін. Әлі есінде... төңірегі тасыр-тұсыр етті. Жып-жылы бірдеңе үстін еміне жалады. Шырқырап қатты шыққан бір үн жарғақ құлағын жарып кете қаздады. Көзін ашты. Екі құлағы едірейіп, төбесіне төніп тұрған нәрсенің не екенін білген жоқ. Ұмтылып-ұмтылып төне түседі; жып-жылы қып өне бойын сипалайды, бұл маужырап жата берді. Кенет өне бойы мұздап кетті. Көзін ашып алып, жоғарыға көз салып еді, салтақ-салтақ сұп-сұр нәрсені көрді. Көл-көсір үлкен екен, кішкене жанарына сияр емес.

Бұл бір-екі талпынып тұрмақшы болғанда, мойнынан әлде не ұстай алды. Таң атқалы танауындағы иістің бәрі күрт ыдырап, төңірегін бір күңірсіген күшті иіс жайлады. Бұл орнынан атып тұрды да, әлдеқайда жөңкіліп бара жатқан көп төрт аяқтының соңына ілесті. Шапқылап жүріп, бұл өзінің де алдындағы күсір-күсір шауып бара жатқан көп төрт аяқты екенін білді. Бірте-бірте түсірлеген топтың артында ылғи бұған қарайлап, қалғыштай беретін төрт аяқты енесі екенін аңғарды. Өсе келе оның жатағандау жапырық сауырын, ылғи шо-

дырайып оқшау шығып тұратын топшысын, жерге дүңк-дүңк нығыз тиетін жуантық аяғын, алдыңғы оң жақ тұяғының үстіндегі оймақтай ақ меңін — бәрін танып алды.

Анада қасынан енесі кеткенде, сұп-сұр боп төбесінен төнген көл-көсір нәрсенің аспан екенін, оның дәйім сонау тұяқ тимес, ауыз жетпес алыста, тас төбеде тұратынын білді; оның ылғи сұп-сұр боп бозарып жатпай, қаталап келгенінде алдынан шалқып шыға келетін көл суындай жадыраған келбетінде талай көрді. Ол жарғақ тәнін енесіне жалатып, маужырап жатқанда танауын жарып кете жаздаған жат иістің де иесін таныды. Ол иісті жатырқамауға да үйренді; қайта өзге жылқылар сияқты бұ да сол бір күңірсік иіс ұзақ уақыт танауына келмесе, айналаға құлағын қайшылап, елендеп елегізетін болды.

Ол иіс ылғи бұлардың қасында жүрді. Оған әбден еті үйреніп кеткені сонша, о да мұның енесінің иісіндей, көк шалғын шөптің иісіндей, көсіліп келіп жүргенінде қарсы алдынан аңқи есетін самал желдің иісіндей мұрнын қытықтайды. Бұл ылғи енесінің соңында томпаңдап жүрмей, сары ала жал қызыл көз кәрі айғырдың қайта-қайта қытығына тиіп үйірден бөліне шауып жүретін өзі тұрғылас ойыншыл жас жылқылар тобына қосылған кезде әлгі иіс пышақ кескендей тиылды. Бұлар елендеп, әрі жүрді, бері жүрді — ол көрінбеді.

Бір күні қапталдағы көк төбеден екі атты қылт ете түсті. Біреуінің иығы шошаяды. Жылқы біткен анадайдан көріп ал, шұрқырасып қалды. Бірақ баяғы таныс иіс бәрібір аңқымады. Иығында салақтатып асынып алған ат дорбадан көрі кішілеу қап-қара бірденесі бар біреуді бұлардың әр қайсысының өңменінен өткізе сұқ қолын бір-бір шошандатты да, қасындағыға айқайлап бірдене деп, ілгері қарай шоқыта жөнелді. Иығы шошайған бұлардың қасында қала берді. Екі аяқтылардың да бәрінің иісі біп-бірдей болмайтынын бұл сонда аңғарған.

Әлгі жаңағы екі аяқтыдан маңайының бәрі қопа, масасы көп, мазасыз қара судың иісіндей жылымшы өлексе иіс шығады. Бұрынғы иелеріндей емес, тым шаңқылдақ. Қит етсең тұшы етінді тызылдатып сауырына әлдене сарт ете қалады.

Абырой болғанда, оның алдында көп жүрмеді. Бір күні бұлардың өрісіне бір көзін ақ шүберекпен танып алған біреу келді. Жылымшы иістің қасына барып, қойнынан алақандай қағаз шығарды. Жылымшы иіс сыздап тұр еді, жадырап кетті. Бұл ылғи ортаға кірмей шеттеп жүретін; сол жолы да анадай жерге бөлек жүлгеде жайылып жатқанды, мойнына инедей қадалып бірдене оратыла кетті. Әрі жұлқынды, бері жұлқынды, болмады. Қорқыратып тамағын сығып барады. Мөңкісін мейлі, туласын мейлі — мыңқ етер емес. Ерегесе

берсе кенірдегін бір-ақ орып түсер түрі бар. Жылымшы иіс қара жыландай қап-қара нәрсенің шетінен сатылап тартып жақындап келеді. Тіпті жақын қалды. Шап етіп құлағына жабысты. Бұрап жұлып барады. Шыңғырып жіберді. Сол екі ортада басына нөқта да түсіп қалды. Жылымшы иіс мұны жетелеп әкеліп, манадан бері жылқышың шетінде сырттай бағыт тұрған сыңар көз бейтаныс адамға ұстатты. Ол бір қолымен мұның нөктасын бекемдеп ұстап, екінші қолындағы қамшымен астындағы бурыл шолақты шылп еткізіп тартып қалды. Бұл дір етті, бурыл шолақ былқ еткен жоқ, жүріп кетті.

Бұл көк төбенің бауырында қалып бара жатқан үйіріне қарады; бұның жаңағы шыңғырған дауысына елендесіп, үркердей бөп бәрі бір жерге жіріліпті. Басын жерге салған ешқайсысы жоқ, едірейіп-едірейіп қарап тұр. Алдыңғы жақтағы жатаған торы биені — өзінің енесін көрді. Басын жұлқи көтеріп, азынап бір кісінеді. Соның арасында жылқының арғы шетінде құрығы шошайып тұрған жылымшы иіс жылқышыны көзі шалып кісінегенің кілт тоқтатты. Шоқытып бара жатқан бурыл шолаққа бұл да ілесті; өне бойын ошаған қажап тастаған сол бір шолақ құйрықтың қайда бастап апаратынын білген жоқ, мойнына нөқта түскесін амал бар ма, ере берді...

Бұлар ұзақ жүрді. Әлденеше өрге де шықты. Бурыл шолақ бүлкіп тартып барады. Екі аяқтың астында рақаттана желеді. Шолақ құйрығында да тығым болмады, бүлкен жүрістің ырғағымен онды-солды шелтендей береді. Бұ да жетекке үйреніп қалыпты. Тек бурыл шолақтың үстіндегі кісінің қолындағы кішкене таяқтан, оның ұшындағы бұдыр-бұдыр шұбар жіптен көзін алмайды. Бірақ, ол бұған қамшы сілтеген жоқ. Алдарынан етпеттеп жатып алған аласалау қара тау көрінді. Бірінші рет тас басқаны еді; шықыр-шықыр етіп миын шағып барады. Аттаса болды, әлденелер төмен сусып, жылжып кеп, аяғына ұрады. Бұл әлі шор тарта қоймаған балғын тұяғын жасқана басып, өрге итініп шыққан бурыл шолақтың әр адымын қалт жібермей, қайталап аттап келеді. Тау үсті күндегі өрісіндей жұмсақ болмағанмен, тегіс екен. Аяқ басқан сайын дүңк-дүңк дыбыс шығады. Жіп-жіңішке кішкене соқпақ төбе-төбені орағытып өтіп, көсіліп жатыр. Кенет қапталдағы қара тұмсықтан айнала бергенде, бытырап жатқан қойларды көрді. Бұл оған бұрын тек суат басында ұшырасатын; олар опыр-топыр топылып, қапелімде суатты босатпайтын. Қой шетінде жүрген кішкентай екі аяқты далбандап алдарынан жүгірді. Оның соңынан құлағы салпандаған тағы бір төрт аяқты тұра шапты. Бұл басын жерге салып, төрт тағандап, шыңғырып тұрып алды. Жон арқасы түгел жиырылып, сіңір атаулының бәрі шиыршық атып, қалшылдап барады. Бурыл шолақтың үстіндегі кісі шаңқ етіп ақырып жіберді. Жүгіріп келе жатқандар сексіп-сексіп тұрып қалды. Шолақ бурыл-

дың олармен ісі болған жоқ, тау үстінің қатқыл, қара сояулау жусанның арасынан еміс-еміс қылаңытқан жіңішке соқпақты бойлап, тып-тып тарта берді. Енді бір жалдан асқанда томпиған-томпиған қара құрымдай екі үй қылт етті.

Үйлерге жақындай бере бурыл шолақ кілт кідірді. Селк етіп бұ да тоқтады. Сыңар көз жүргінші атынан түсті. Бұны анадай жерге жетелеп апарды да, шошайып шығыршығы шығып жатқан темір қазыққа байлап, үйіне кірді. Бұл жер бетіне қылтиып шығып тұрған жіп-жіңішке кішкене темірге әрі үрке, әрі таңырқай қарады. Басын кегежектетіп, бір-екі тартынып көріп еді, былқ еткен жоқ. Тағы да төрт тағандап тұра қап, шіреніп кеп тартынды — темір қазықтың миына кірер емес. Көзін таңып алған адам қайтып көрінбеді. Үйден әйел шығып, оттың басына барды. Бұл құлағын тікірейтіп, оқыранның еді; ол да назар аударған жоқ, үйіне қайта кіріп кетті. Бұл тағы да тартынды — қазық тағы да қозғалмады. Шіреніп келіп тартынып еді — қазық сіресіп тұрып алды. Мойны ауырды, сауырына шып-шып тер шықты. Қазықтың қасына жата кетті. Таң атқалы жүрістен тершіп келген қолтығына, бауырына тау үстінің қоңыр самалы сүйкенді. Дел-сал маужырап, сауырын күнге төсеп жата берді.

Тырп-тырп басқан дыбыс шықты. Жерден мойнын көтеріп алды. Мана қой шетінен көрген кішкентай екі аяқтысы екен. Қасында салпаңқұлақ төрт аяқты да шапқылап келеді. Орнынан атып тұрды. Жаңа иесі де терлеп-тепшіп, үйден шығыпты. Кегежектеп, оскырынып еді, ол шаңқ етіп тағы ақырды. Арқанды қазықтан шешіп ап, сатылап бұған жақындай берді. Тіптен жақын келді де мұны шықшыттан сығып, аузын ашқызды, тісінің арасына сақыр еткізіп әлденені асатып жіберді. Мұп-мұздай екен, таңдайын қарып өткендей болды, тұмсығын, екі құлақ шекесін қайыс көнмен шандып тастады. Сосын шап беріп шүйдесіне жабысып, шүйліге кетті. Терісін шеңгелдеп бүріп, жұлып алғысы келгендей жұлки көтеріп барады. Бұ да не болып, не қойғанына түсінбей, анадай жерге бір-ақ атты. Екі бүйірі солқ ете қалды. Бұл одан әрмен ытқыды. Әлгі солқ етіп тиген соққы сол жерге жабысып қатты да қалды. Тулап жүр, тулап жүр. Әбден шаршап, ақ тер, көк терге түсіп, әлі кетіп, тілерсегі дірілдей берген соң, бір сәт тыным ап, ес жимақ еді; өкпесін жаншып бара жатқан екі зіл шабына жүгірді. Мөңкіп кетті. Екі өкпесі тағы да солқ етті. Шыңғырып жіберді. Көзіне тер құйылды. Қос аяқтап, көкке шапшып, шаншылып тұрып алды; қыр арқасына жабысқан пәле түсер емес. Тау үстіндегі тар алқапты басына көтере кісінеді. Үн қатар, жауап қайтарар ешкім жоқ. Манағы иесі тұсап кеткен жерде жайылып жатқан бурыл шолақ бұл неге кісінеді деп жерден басын да көтермеді. Сауырына шып етіп тиген нәрсе тыз еткізіп қарып алды. Беті ауған жаққа құйғы-

тып ала жөнелді. Үстіндегі адам бұның балғын қабырғасына темірдей тізесін шанши қадап, қатып қалған, тырп етер емес; тебінген де жоқ, сауырына қамшы салған да жоқ. Біраз шапты. Қайтадан жортып еді, сауыры тағы тыз ете қалды. Тағы шапты. Бұ жолы көзі қанталап, ерегісіп емініп шапты. Жон арқасына қонжиып алған қасарыспа адамды ауылынан, бурыл шолағынан, бытырап жайылып жатқан қойынан ажыратып, аяқ жетпес алысқа апарып тастағысы келгендей құйғытып келеді. Бұрын шөптен басқа бөгде зат жолап көрмеген екі ұртын ауыздық қажап, удай ашытып барады, езуінен қанды көбік ақты. Оған да қарамады. Шаба берді. Тау үстінде томпиған-томпиған төбе көп болады екен. Біреуінен өтсе, алдынан екіншісі шығады. Өрге де салды, ойға да құлады, жылғажырадан да қарғыды. Екі бүйірін тесіп бара жатқан темірдей тегеурінді екі тізе бәрібір былқ етпеді. Жоқ, жердің шеті жеткізер емес, шашасын тас қажап, өкпесі алқынып, қос бүйірін соғып қалды. Жаңағы тасырлаған екпіні қайтып, борпаяқтайын деді. Қанша жерге шапқанын өзі де білмейді. Әйтеуір, көз байлана ауылға шатқаяқтап зорға жетті. Батпақтап келе жатқандай аяғын зорға көтереді. Шапши-шапши, кегежектей-кегежектей мойыны да талып қалыпты; өз басы өз мойнынан зіл батпан жүк болып, жерге тартып, әрең-әрең қазыққа жетті. Сол жығылғаннан түн орталай есін бір-ақ жиды. Бағанағы сәскеден бері бүгіндікке нәр татпаған, таң атқанша қазық кеміріп шықты. Таң атты. Сәске болғанша мұның маңына ешкім келген жоқ. Күн қызып, маңайдан күйген жусанның, қызған тастың иісі енді біліне бастағанда жаңа иесі жанына кеп, бұның шылбырын жұлқыды. Кешегідей кегежектей алмады, өне бойы дір-дір иесінің әр қимылын бағып тұр. Өңі бүгін қату екен. Жүн-жүн қолын тұмсығының астына әкеп, ауыздығын тартып қалып еді, екі ұртындағы енді-енді қара қабыршақтанып келе жатқан жара қайтадан қан қақсап қоя берді. Бүгежектеп бұға түсті. Бүкіл жон терісі жыбыр ете қалды. Қылшық-қылшық қатты киіз желден басқа жоламаған ұлпа етін шағып алды. Киіз тоқымның үстіне әлденелерді сылдырап-күлдіреп зіп-зілдей бірдеңе қонжиды. Жаңа иесінің жүзіне қанша жаутаңдап қарағанмен, жылы рай байқайтын түрі жоқ. Бұның сол жағына шығып, ешкінің қылынан тоқыған, айыл тартпаның шетін тістеп, шірене тартты. Бүкіл іш — қарынын уыстап көтеріп, ту бел омыртқасына апарып, жапсырып тастады; қаншырдай қатты да қалды. Жаңа иесі үзенгіге аяғын салуы-ақ мұң екен, лып етіп үстіне бір-ақ шықты. Бұдыр-бұдыр бес өрме қамшы бар тісін бірден қадап, май сауырдан тістей алды. Жортақтай жөнелді.

Бұ да тулап-тулап, екі аяқтының тақымына ақыры көнді. Оның қай пәрменін де қалт жібермейді, жүгенінің әр дірілін оп-оңай ұғады. Тек көпке дейін бірінің шабына бірі басын

тығып ап, мандымайтын көп қойдың жыбырлақ жүрісіне үйренісе алмады; лекітіп, емпендеңкіреп кетсе аяғының астында қалады. Сол үшін талай рет жағын қамшы сойды. Ең әуелі қой қайыруға барғанда әбден миы ашып, басы қатып, қалжырап қайтты. Шаршап келген түндері тұсаулы тұрып, екі көзін зіл басып, сілесі құрып қалғып кетеді. Көз жұмуы-ақ мұң екен, көгал төбе өрісі, шұрқырай шауып, бытырай жайылып жүретін үйірі оралады, опыр-топыр жөнкіле шауып бара жатқан көп жылқының арасынан жатаған торы биені — өзінің енесін танып қалады. Бұл көзін сатып тұра береді. Үйір бұған қайрылмайды. Қара жоннан ақ құйын таспа тілің, құйғытып бара жатады. Қылт-қылт сусаған су жұқпас семіз сауырлар бір жола ғайып боп, маңайын ақ шаңыт тұман басады. Өкпесіне шаң тығылып, демі біткендей болады. Елегізіп алыстап кеткен үйірдің соңынан арқырайды кеп... Өз дауысынан өзі шошып оянды. Маңайында ештеңе жоқ. Тек анадайда жалғыз жайылып бурыл шолақ жүр. Ол бұл кісінеді екен деп, басын да көтермейді, бүкіл жер бетіне біткен түкті осы қазір обып жіберетіндей тұқшындай береді.

II

Бұл қойшы ауылда жүріп қанша қар басқанын да ұмытып қалды. Қойдың мимырт жүрісіне де үйреніпті. Ен далада өзінен басқа қара ұшан-тоғайда бір ұшырасады; ешкім асықтырып кеудеңнен теппейді, саныңды сабаламайды. Жанға жайлы тыныш тірлік. Жазда от-суың әзір. Қыс болса қораның қасына үйген тау-тау қос маядан күні-түні тұмсық айырмайсың. Қойшы ауылдың бойкүйез тірлігіне іші тіпті де пыспайды. Бір көзін ақ шүберекпен таңып, қара көзілдірік киіп, қашанда қабағынан қар жауып, сазарып, сыздап жүретін қойшыны, оның күн-түні күркілдеп жүретін дімкәс жадау сары көмекшісін, екі үйдің де әйелін, бала-шағасын — бәрін танып алды. Тіпті осы отардың бақташы иттері — қарала мойын төбет пен ұзын тұра қызыл қаншықты да жер түбінен өзімсініп тұрады. Иесі қой түнетуге барғанда, отардың бір шетінде таң атқанша ер-тұрманын шыр айналып, тұсаусыз жайылып шығады. Бурыл шолақ сияқты бұ да қасынан үйір-үйір жылқы өткізсең де мыңқ етпейді, ал енді қора маңынан ит-құстың сесін сезіп қалса шұқыранып, кісінеп, жер тепкілеп, үйге сүйкеніп, қолды-аяққа тұрмайды. Омырауын жел қауып, көсіле шабудың не екенін де ұмытты. Анда-санда ат суаруға барғанда қойшының баласының сапалағымен санын шыпытып, текіректтейтіні бар. Соған бола оны көрсе қыржындап тұрады.

Бір жазда қойшы ауыл бұрын бұл жүріп, бұл көрмеген бір соны жайлауға көшті. Маңай көз талдыратын көл-көсір жазық. Қойдың өрісі жер тістеп өскен жатаған қоңыр жусан. Бір күні иесі құдықтан мал суарып, шай ішуге ауылға келе

жатыр еді, қалың қара бұта жақтан өскен шолақ самал қолқанды қабар күңірсік жиіркенішті иіс әкелді. Құлағын қайшылап, оскырынып, әлгі маңайдан тезірек кеткісі келді. Иесі бұның қашқақтағанына қарамады, қалың қара бұтаға бұрды. Тиіп кетсең тірсегіңді тіліп түсетін пышақтай қап-қара баялыш. Бұл құлағын қақшандатып, үрке-соқтап, әзер жүріп келеді. Жақындаған сайын әлгі бір өткір жат иіс кеңсірігін кескілеп барады. Баялыштардың басына ілініп қалған шөкім-шөкім жабағы жүндер көзге түсті.

Бұлар кілт бұрылып, ауылға тартты. Ауылға мойнына жем дорбадан кішілеу қара кенеп қалта асынған біреу келіпті. Белдеуде аяғы серейген құла қасқа ат байлаулы тұр. Иесі аттан түсе сала алдынан қарсы шығып келе жатқан кенеп қалта асынған тапал сарымен сөйлесе кетті. Қара баялыш жаққа қолын қайта-қайта сілтейді. Тапал сарының ауызы аңқайып қалыпты. Олар үйге кірді. Екеуі екі сойыл тауып алды. Аттарын мініп қалың қара баялыш жаққа бет қойды.

Қалың баялышқа кіре бере екінші шеттен сүмендеп енді еніп келе жатқан тұз тағысын көздері шалып қалды. Жер бауырлап, қалың бұтаға сіңіп жоғалмақ, көк жұлын жер-көкті дүңкілдетіп келе жатқан қос аттың дүбіріне шыдап жата алмады. Бұтаны тастап, маң жазыққа қарай безе жөнелді. Құла ат ойнақтап шыға келді. Тапал сары қамшысын көтере беріп еді, құла ат сыздыра жөнелді. Бұл қапелімде не істеу керек екенін білмей кібіртіктей берді. Бұның иесі де қамшы басты. Құла ат құйғытып барады. Көк жұлын да әлі әрі тая қоймаған майқара жусанның ара-арасынан еміс-еміс бозарандап, жұлдыздай ақты.

Көптен бері шабыс көрмеген бұның тұла бойының зілі тарар емес. Қара қатқыл жазыққа тиген тұяқ дүсірі де келі түйгендей дүңк-дүңк етіп, тым ерсі естіледі. Құла сонау көз ұшындағы көк жұлынның соңынан төтелеп салды. Бәрінің алдынан тағы да қалың қара баялыш жолықты. Құла баялыштың ішіне кіре алмай, аумақты бұтаны анадайдан орағытып өтпек. Иесі бұны тебіне түсті. Бұ да құлағын жымып алды. Таң атқалы көкірегінен итеріп келе жатқан қарсы жел астына аунап, бауырын желпіді. Манадан бері омбы қарға малтыққандай ауырлаған қол-аяғы енді-енді жеңілейгендей. Шапқалы бері көзінің үстіне бүк түсіп жатып алған зіл батпан да сейілейін деді.

Қалың баялышқа бұлар да ілікті. Жазық дөңге ойдым тоғай боп біткен қалыңның бір пұшпағы ұры бүйенденіп, созылып кетеді екен. Сол пұшпақтан аман шықса, бөрінің жал асып, адастырып кетері айдан анық. Ал енді баялыштан шықпай қалса, бұтаның ішімен ат шаба алмайды. Құла ат ұры жыраға бір шалғайлап, арғы бүйірден тиісті. Бөрі сасайын деді, өлермендікке басты. Баялышты тастай беріп, бел асып

кетпекке жанталасып, тіке ағызды. Өкпе тұста үстірттің тік құлайтын құз шыңы бар. Төтелеп салған соң, аттың атына болмаса, шамалыға шалдыртпай ернек асып кетуіне болады. Ернекке бір іліксе, ар жағы бостан. Ат құлатпас ақ шыңның қарнау қолтығына түседі де, қияға өскен қара ағашқа, не қарнаудың өне бойында үңірейіп-үңірейіп тұратын кеуек үңгірлердің біріне паналайды. Құла ат баялышты орағытам деп жүріп бір қиян қалатын болды.

Иесі шабыс көрмеген бұның өкпесін қысып тастамайын деп тебіңбей, тақымын қыса береді. Бұл да құлақты жыма түсті. Көк жұлынның да белі ойыс тартыпты. Жал басына бұдан бұрын шықты. Алыстан көлегейлеп, көлденең түсіп жатқанмен аяқ қағар, өкпе өшірер өрі жоқ тегіс дөңес. Жалға бұ да ілікті. Бөрі қара үзіп кете алмапты. Алды көкжиекке барып кілт сүрінетін — қара үстірт. Ар жағы — өңшең құз. Жағалай шыңнан бөлініп шығатын аппақ-аппақ сеңгір тұмсықтар жер түбінен атой салып тұр. Бөрі байғұс бауырымен жер сызып бара жатқандай. Созылып шабады.

Бұның осы дүниеге келгелі тап осындай шабы қызып көрген емес. Көк бөріні тіпті тұмсығының түбінен көрген соң, еміне түсті. Ернектің ала бөтен желі бар-тын. Тұяқтарының арасы зуылдап кетті. Бөрінің көк шулан жонын анық көрді. Шабысынан таңғысы келгенмен, бүйірін соғып қалыпты. Тек ернекке құлап кетпесе екен. Иесі тақымын жымып алды. Құлақ шекесінен мұздай тер шықты. Ернектің биігіне көтерілді. Ар жақтағы қара бауыр адырлар көрінді. Көк бөрі де барын салды. Бірақ, бұл енді құтқарылмасына кәміл сенді. Тағыны таптап кетердей тым жақын келді. Аң ақырғы айбатын шекті. Мойнын бұрып ап, арс ете түсті. Шойындай зіл сойыл шекеден салып өтті. Бөрі анадай жерге омақата құлады, басын қайтып көтере алмай шоңқайып қалды. Бұл екпінімен зулап өтіп, анадай жерге барып, кері бұрылды. Иесі сойылын тағы бір сермеді. Қасқыр қиран етіп, біржола сұлады. Иесі секіріп түсіп, қынынан сапы суырды. Тұяғы қызған бұл тынши алмай, бөрінің үстіне қонжия қонған иесін айналсоқтап қыдырып жүр. Құла қасқа тіпті қара үзіп қалған екен, аңды сойып, терісін өңгеріп ап, қайтып келе жатқанда қарсы жолықты. Тапал сарының бөрімен ісі жоқ, бұның біресе алдына шығып қарап, біресе артына шығып қарап, ауылға жеткенінше ауыз жаппай қауқылдаумен болды. Қанша жыл астында жүрсе де, серігімен дін ашысып, тіл қатысқанын көрмеген бұның иесінің де бүгін тиегі ағытылыпты. Ауылға жеткен соң, екі үйдің қатын-баласы да қасынан шықпады. Көрші қойшы ауылдардың кісілері де үсті-үстіне шауып келіп жатты. Ертесінде құдық басында да жұрттың қаумалағаны осы болды. Қойшы ауылдарды аралап жүрген тапал сары құдыққа ере кеп, бұның иесімен көп сөйлесті. Кетерінде жалын тарап, тұмсығынан

сипады. Бұл болса бірнеше күнге дейін тақым еті жыртылып, тұла бойы алдыртпай зорға жүрді.

Бірде кешқұрым қойшының баласы бұны құдыққа апарып суарып қайтты. Белдеуде бөтен ат тұр. Бұл үй іргесіне жете бере қасына бөтен кісі ерткен иесі қарсы шықты. Бөтен кісі бұны көріп, қасына келді. О да алды-артына шығып көрді. Тұқшиып, шашасын, тілерсегін ұстады. Ерінен қақты. Қолынан бұған етене таныс, бірақ ұмыт бола жаздаған бір иіс шықты. Бөтен кісінің алақанын құшырлана иіскеді. Таныды. Саумал иісі. Құлын кезінде өзегі талып, көзі қарауытып кеткенде енесінің бауырына бас сұғатын еді, сонда басыңды айналдыратын осындай хош иіс аңқушы еді. Бөтен кісінің қолында бұл көріп жүрген адамдардан ала бөтен сол жұпар иістің сесі қалыпты. Әрине, енесінің бауырындағы иіс бұдан тым күшті, кеңсірігінді тіліп жібере жаздайды, бірден басыңа шабады. Бөтен кісі бұның иесіне бірдене айтып күлді. Даусы да таныс. Сол қарлығып, қырылдап шығады. Е... баяғыда енесінің сауулы кезінде бұл ноктасын жұлқылап, тыныш тұра алмаушы еді. Сонда ту сыртынан осы бір дауыс шығып, зекіретін. Бақса, мынау бөтен кісі бұның бірінші көрген адамы екен. Бұның тұңғыш сезген бөтен иісі де осындай еді.

Сөйтіп, Сейістің қолына қайта түсті. Ол ертесіне бұны жетегіне ап, қойшы ауылдан ерте аттанды. Айдалада оқшау отырған екі үйдің бар адамы сыртқа шықты. Бәрі де қия алмай қарап қалды. Үйдің оң жағындағы ши күркенің ішінде бұның тер иісі аңқып ер-тұрманы жатыр. Екі ит те біраз жерге дейін соңына ерді. Күн батыс беттегі қара дөңге жеткен соң, екеуі шонқиып жол үстіне отыра кетті. Бұл артына бұрылды. Көз ұшында еміс-еміс бұлдырап екі үй қалып барады...

III

Сейістің үйі шоқы-шоқы қаратауды қақ айырып құлайтын бір қара қапы аңғардың табанында екен. Тау жақта сылдыр-сылдыр судың дауысы. Есіктің алдында анадай жерде оймақтай егіс жатыр. Олай қарай мал баласын аттатпайды. Түн болса сол ойдым егіс жақтан көк балауса иіс шығады. Сейіс баяғысындай құрық асынбады. Таңертең, сосын түс ауып, ыстық қайта қолына күрек ұстап егіс жаққа кетеді. Үйдің іргесіндегі келте желіде шабдар бие байлаулы, оның дәл өзінен аумайтын шабдар құлыны ноктасын жұлқып тұр. Сейістің үйінің түрулі іргесінен әдемі саумал иісі аңқиды. Бұны келген күн-ақ, аңғардың ауызындағы кішкене тоғанның қасына өскен өлең шөпке тұсап жіберді. Тау жақтан екі жағасына жал топырақ үйген салма арық құлап жатыр. Арықтың үстін иісі мұңкіген түйе жапырақ басыпты. Астында күні-түні су сарқырайды. Өлең шөп, ағын су. Бұл үшін бір емін-еркін

бостан дәурен басталды. Ешкім таң атар-атпастан ерттеп ап, кой қайыртпайды. Күндіз-түні ауылдың қасында, судың қасында.

Сейіс бұның жалынан асар-аспас бойы бар, жұқалаң сары кісі. Кішкене көгілдір көздері күлімдеп, әр сөзінің дәмін алып тұрғандай, ылғи жай сөйлейді. Аяғын да жай алып, жай басады. Қимылының бәрі майда, бипаз. Күні бойы күрек ұстап жүргенмен қолы жұмсақ, алақанындағы, саусағындағы күстеріне шейін шағып алмай, мұның мойнын, сауырын қыдықтай сипайды. Бұл мынадай мәпеге қапелімде үйренісе алмай жүрді. Қойшы ауылда жүргенде қыр арқасын ер қажан, жауыры ақ қылшықтанып жазылып еді. Қолын соған апара ма деп, маңына жолап кетсе, дір-дір етеді. Сейіс бұны әлі тақымына тигізген жоқ. Арқасындағы, тірсегіндегі тоқым ойған, шөп жырған жарақаттарының бәріне де үшкіріп, әр түрлі шөп таңып еді, дәл қазір тұла бойында ауырсынатын жері жоқ. Сейіс күніне бір-екі рет келіп, о жер-бұ жерін көргеннен басқа салмақ салмады.

Терісі жылтырап семірейін деді. Енді-енді қазы жия бастағанда, Сейіс бұны шүйгін шөптен айырып алды. Киіз үйдің күн батыс қасындағы бұлтық-бұлтық бұжыр тастан қалай салған тәпелтек үйге кіргізді. Үстіне қыз-қыз қайнаған зілдей жабу жапты. Шілде тамызда көмілтіп қымтап қойды. Өне бойы тер алып еріп барады. Сирағынан су саулап, маңайының бәрі күңірсіп кетті. Сүйегіне дейін балқып бара жатқандай. Сейіс шара табакты баданадай-баданадай ақ жүгеріге толтырып әкелді де, аяғына жем түсер деп қорқып, шетінен алақанына сап, там-тұмдап асатады. Кейін жүгеріні шикілей емес, қуырып әкеп, ақ үлпілдекке бойлады. Бірер күннен сон ағыл-тегіл тері тыйылды. Өне бойын ұсақ жабысқақ алып, дымданады да тұрады. Әлсін-әлі топайтаға су қосқан сүт құйып әкеп, қылқ-қылқ жұтқызады. Тойғыза жемдемейді, қандыра суармайды.

Кештіғұрым бала мінгізіп, ауылдың алдындағы қоңыр жалға алып кетеді. Сейіс бір төбенің басына шығып ап қарап тұрады, бұл жын қаққандай жападан-жалғыз шапқылайды да жүреді. Әрлі-берлі шаптырып-шаптырып ауылға алып қайтады. Тер қатып қалады деп, сүмендетіп қыдырта береді. Баяғы қарны шермигенше астаудағы суды аямай ішіп, қоңыр шөпке құныға тиісетін қойшы торы күнін аңсады. Зілдей жабудың астында тұрып, мең-зең қалғып кетеді. Ен далада екі түтін қылт-қылт ұшып, оңаша отырған екі үй елестейді. Қызыл қаншық пен кара ала төбет шапқылап, алдынан шығып жүреді. Бурыл шолақ байғұс қасына мұның келгенімен шаруасы жоқ, басын жерден көтермей күнжандап жатады. Оянып кетеді — аузында жем дорбасы.

Бір күні Сейістің үйіне үш-төрт атты келіп түсті. Ыстық

қайтқанша үйде жатты. Күн салқындаған соң, аттарына мініп, орталарына бұны алып, ауылдың алдындағы жалға тартты. Бәрі Сейістің қасында калып, қарап тұрды. Бұл тағы да жалғыз шапты. Тактайдай тегіс жазықтың үстінде жападан-жалғыз қылаңытып тұратын төрт құлақты сары там бар. Бұл сәл сары тамға дейін үш рет шауып барып оралуы керек. Үш айналымның үшеуін де айналып келді. Шабандоз бала аяңдатып қыдыртып, суытып жүр. Сейістің қасындағылар қауқылдасып жатыр. Құла ат мінген тапал сары қайта-қайта кеудесін ұрып, көпіріп тұр. Енді бәрі бұған беттеді. Қолдарын таласа созып, жалынан сипады; шекелігін, көз аңғарын, танауын, алқымын, ернін, сағақтықты түк қалдырмай тінте қарасып шықты. Аттарынан түсе-түсе калып, құйрығын, тірсегін, шашасын, қолтығын дым қалдырмай көрді. Біреуі, тіпті анадай жерге барып, қалпағы жерге түскенше еңкейіп, бұның шабына сығалап қарады.

Үш-төрт күннен соң Сейістің үйіне құла атты тапал сары далақтап тағы шауып келді. Атынан түспей дауыстап Сейісті сыртқа шақырды. Асығып-үсігіп әлдене айтты. Сонан соң мұның жанына кеп, көзінің алдын қасып, жалын тарады. Сөйтті де, келген ізімен кері қарай шауып ала жөнелді.

Ертеңіне Сейіс бұған бәйге баланы мінгізіп жолға шықты. Жатаған таудың бауырында көздері жылтырап, он-он бес тас үй тұр. Құбыла беттегі төбесіне қызыл ту байлаған біреуінің қасына келген соң, Сейіс бұны төбесі ызындап тұрған бағана ағашқа байлады. Сылағын жаңбыр шайған шабдар үйдің көлеңкесінде қауқылдасып отырған көп адам бұны көріп, орындарынан өре түрегелді. Ортасында тапал сары да жүр. Ол бұның қасына жетіп келіп, о жер-бұ жерін көрсетіп көпіріп жатыр. Бұтына жарғақ шалбар киген бір жарбиған шал мынау шуылдақ топқа қосылмай, анадай жерде осықырынып тұр. Дәріден босаған шыны шақшаның тығынын таңқеткізіп ашып, тырнағына насыбай үйіп, танауына апара беріп, тапал сарының сөзін шекесінен тындап мырс етіп қойды. Тапал сары бұған басын таңданып шайқаса, ол күманданып шайқайтын сияқты. Жұрт қайсысына иланарын білмей, екеуіне алма кезек жаутаңдайды. Соның арасынша шабдар үйге кіріп кеткен Сейіс қайта шықты да, бұны ауылдың күн шығыс шетіндегі оңаша дарбазаға алып келді. Бұ жерде оны әбден желкілдетіп жасаулады. Сейістің алақанынан да жұмсақ жаңа жабу сауырын қыдықтайды. Түс қайта ішінде тапал сары мен Сейіс бар төрт-бес атты бұны ортаға алып тағы да жол шықты. Көшеде жүрген, үйлердің көлеңкесінде отырған көп адам тұра қап қарайды, таңырқап бастарын шайқайды. Тап соларға не қыла қойғанын кім білсін, ауылдың шәуілдек иттері де көп дүбірге өре түрегеліп, жалп-жалп үріп жатыр.

Олар жарты күншілік жол жүріп, қара таудың бір әсем

койнауына жетті. Әр жер-әр жерде әсем көгеріш, ағып жатқан суы да мол. Кең койнауға қатар-қатар тізіліп ақ үйлер тігілген. Үйлердің маңы жер қайысқан халық; жылқы баласы да жетерлік. Бұны алдынан төрт-бес адам жүгіре шығып, ауылдан окшау койнау көгалға алып кетті. Түні бойы Сейіс бастаған бір топ адам төңірегінде жүрді. Таңертең жиын басталды. Ауылдың желкесіне орнатылған үстіне шымқайы қызыл мата жабылған ағаш тұғырға шошайып-шошайып он шақты адам көтерілді. Ішінен қалқып қалпақ киген біреуі ілгері шықты. Жұрттың дыбыры тиыла қалды. Ілгері шыққан көзілдірікті күжбан қара гүрілдеген жуан даусымен қолындағы бума қағаздың көп парағын бірінен соң бірін сырғытып аударып, сайрай жөнелді. Бұл аяғы талып қозғалақтай берді. Күжбан қара әлі сөйлеп тұр. Кенет жұрт ду қозғалды, құлағын жарып шатыр-күтір дыбыс шықты. Жалт қарады. Күжбан қара қағаздан көзін енді көтеріп, аспанға қарай бақшандап, әлденені айтып, айқай сап тұр. Бұның тұла бойына діріл жүгірді, құлағын қайшылады. Жұртта ес жоқ. Дуылдасып, бар алақандарын аямай-ақ сабап жатыр. Ілгеріге тағы біреу шықты. О да қолындағы бір жапырақ қағазды тұқшандап оқып берді. Жұрт тағы да шатыр-шұтыр шапалақ сабасты. Орамалы иығына түсіп кеткен бір әйел әлденені бастап келе жатыр еді, сөзін ұмытып, мүдіріп тұрды-тұрды да, қолын бір сілтеп түсіп кетті. Жұрт қыран-топан күлкіге батты. Алғашқы сөйлеген көзілдірікті қара қайта шығып, біреулердің атақтары айтып, шақыра бастады. Аты аталғандар ағаш тұғырға шығып, көзілдіріктің қолын алды. Ол әлгілердің омырауына жарқырауық моншақтар тағады, не қолтығына қағазға ораулы бірдеңе қыстырады. Олар екі езуі екі құлақтарында, ағаш тұғырдан түсіп келе жатады. Осы бір алабажақтан көзі бұлдырап, басы зенген соң танауын желге бұрып, керіліп зәр жіберіп алды.

Жиын тарады. Аты барлар аттарына мінді. Жер қайысқан көп халық жапа-тармағай кең койнаудың қак алдындағы жазыққа беттеді. Балалар жағы койнаудың бір ұшындағы тастак төбешікке қарай жүгіре жөнелді. Әп-сәтте төбешіктің өне бойында ине шаншар жер қалмады. Сейіс бұны үстіне бәйге баланы мінгізіп, жұрттың алдына көгалдың үстіне жиылып жатқан үркердей бір шоғыр аттың ішіне апарып косты. Қасындағы аттардың бәріне де бастарын орамалмен таңып алған, өншен бір атқа жеңіл күбашап балалар мініпті. Бәрінің де тізгіндеріне жабысып ап, әлденелерді сыбырлап бір-бір шал жүр. Қарына қызыл байлап, ақ боз атқа мінген біреу кеп, шалдарды төбешікке қарай қуып жіберді. Ақ боз атты бұларды төбешіктің шығыс бетіндегі кішкене қызыл жадау көтерген адамдардың қасына келіп тұрғызды. Бұл айналасына алақтап қарай береді. Мына жұрт осыншама неге топыр-

лайды? Әне бір алдына темір таяқ шанышқан адам, таяқтың басындағы жұдырықтай қара темірге аузын төсеп, неге өзеурейді? Үстіндегі бәйге бала тізгінін қайта-қайта тарта бергені несі?

Құлақ шекесін шымырлатып, әлдене зын ете қалды. Үзеңгі қағысып қатарында тұрған аттар алға қарай атып-атып шықты. Бала тебініп қалды. Өзге аттардың соңынан бұ да салды. Жұлынып бара жатқан бір ат. Таңертеңгі жым-жырт алқап төбеден тас бұршақ жауғандай дүрсілдеп кетті. Қапталындағы қалың жұрт ысқырып, гуілдеп жатыр. Басқа аттар ілгері кеуделеп, еміне береді. Бұл жырылып, оңаша қалғысы келеді. Төңірегіне топ-топ түскен тұяқтар жерге тимей, құдды бәрі жабылып бұның тас төбесін төмпештеп жатқандай, миы зеңіп барады. Үстіндегі бала тақымын қыса түседі. Оған қайта осы жақсы емес пе? Анау қара шаңыт қалың тасыр-тұсырдың арасында соншама өліп-өшкендей не бар дейсін? Аттар мұның ана қапталынан да, мына қапталынан да зу-зу ағызып, ілгері озады, әлі топ жазған жоқ. Бұның шамалыда бауыры жазылар түрі жоқ. Ілгерідегі қара селдір тозаң алыстаса екен деп келеді. Алдынан соққан өткір жел тұяқ ұшырған шаң мен топырақты, кейде түйдек-түйдек түйір саздарды айдап әкеп бетіне ұрады. Көз алды ашып, қышырлаған қиыршыққа толып, тұманданып барады. Дүниенің бәрі бұлдырап, лайытып кеткен. Жап-жаңағы көкпеңбек аспанда шаңға аунап тұрған аттың жабуындай сатпақ-сатпақ. Көз алдындағы лай бұлдыр ыдырар емес. Үстіндегі бала дегбірсізденіп, қозғалақтай береді. Әлде бұның шабысы жайсыз болды ма? Тақымын қыса түседі. Шап дейді. Көзі құрғыр бітеліп қалды. Мына бір қызыл шүберек көтерген атты адам мұнда не бітіріп тұр? Жаңа бір әзірде де осындай біреудің тұсынан өткен сияқты еді ғой. Қызыл шүберек көтерген адам бәйге балаға бірдене деп ақырды. Бала мұның мойнынан қолын созып, жұп-жұмсақ орамалымен көзінің айналасын сүртті.

Көзі енді ашылды. Манағы қалың шоғыр ыдырапты. Бірақ, әлі де екіден-үштен топ-топ болып барады. Шоғыр бытыраған соң әлгі жабағыдай ұйысқан ақ шаңыт та сейіліпті. Әр кішкене топтың соңында шүйкедей есілген шөкім тозаң бар. Ауа тазарып келеді. Бұның дені енді жайылайын дегендей. Алабажак төбе алдынан шықты. Бір айналма бітіп қапты. Төбе басындағы жұрт тұсынан өткен аттың бәріне де бақырып-шақырып шулап жатыр. Серейген темір таяқты қылғындыра құшақтаған бір адам тарғыл даусын аямай созып, айқайды салып тұр. Әне бір көк атты кім? Сейіс қой. Аттың жолына ол неге осынша өлімін салып ұмтылады? Қарына қызыл байлағандар оны кеудесінен итеріп, неге жібермейді? Бұл Сейісіне бұрылғысы келіп еді, үстіндегі бала көнбей қойды. Сейіс те бұған бірдене деп айқайлады. Жұрт ду күлді, ысқыр-

ды. Мына бір у-ду басын дан қылды. Қойшыторы кезінде бурыл шолақтың аяғы ақсап қап, шығырға бұны салғанда да басы дәл мынадай айналмаған сияқты еді. Гуілдескен алабажак қалың топыр артта қалды. Үстіндегі бала тебіне түсті. Мынандай жерде тұяғы қызып, бауыры жазылып ат шаба алатын ба еді, тәйірі. Ың-жың. Ысқырған, ежендескен, бір-бірінің жағасына жармасып, керілдескен жұрттың не дейтінін, не талап ететінін еш түсіне алмайсың. Шіркін, баяғы бөрі қуған ала дөңін айтсайшы. Алаңдайтын ештеңе жоқ, тақымың жыртылғанша тартасың-ай кеп.

Тұла бойында бір тамшы тер жоқ, бедірейген қалпы. Әр нәрсеге бір алаң боп, басы қатқаннан ба екен... Үстіндегі бала аттардың жел жағын алуға тырысты, тақымын қыса түсіп, тізгінді босатынқырап, «бол, шапсайшы» дегендей белгі қылады. Жел аңки соқты. Екінші айналма да бітіп қапты. Алабажак төбешік әлі даң-дүң. Соңғы үш-төрт атпен қапталдасы. Көп шуылдақ оң жақ шекесіне шегедей қадалып, миын жеп барады. Осы бір құмырсқаның илеуіндегі күж-күж төбенің қасынан тезірек өтіп кетсе екен. Қарсы алдында құйрық тістесіп қос баран ат кетіп барады. Құйғытып олардың да жел жағына шықты. Өзара егесіп бара жатқан екі аттың екеуі де бұған қан толып қызарып келе жатқан көздерімен алая қарап, тозаңға малтығып қала берді.

Бұл ортада оқшау келеді. Қыз-қыз дудың көбі артта. Құлағы енді тыншыды. Манадан бері аңызак құсап өрттей жалаған қарсы жел енді бойын шағып салқын тиді. Құлак түбі шымырлады. Бойын буып келе жатқан тер қазір шығайын деді. Тағы да алдынан үш-төрт ат қабаттасқан үлкен шоғыр көрінді. Ең алдындағы екі ат әлі құйрық тістесіп жүр. Одан кейінгі жирен де үшінші қарақшының тұсына барыпты. Ілгерідегі үш аттың үшеуі де әбден бауыр жазыпты. Бала тағы да орамал әкеп, көзін сүртті. Тізгінін еркіне жіберіп, тыныш келеді. Алдындағы айғыр шоғыр да тым жақын қалды. Шоғырдың өкпе тұсындағы қылаң ат бұны жел жаққа шығарғысы келмеді. Қалың шоғырдың ішіне бұ да кірді. Топ-топ тұяқ дыбысы. Қасарыса итерген жел бұрынғыдан да күшейе түсті. Көзін жұмып алды. Екі жағындағы дүңк-дүңк дүрсіл бірте-бірте шегінейін деді. Кеудеден итерген жел де бәсендепті. Тек қылаң ат қана құйрық тістерге келіп қапты. Бәйге бала сауырын қамшымен тағы бір сипап өтті. Құлағын жыма түсті.

Таң атқалы құлак шекесінде гуілдеп келе жатқан жел астына ауды. Аяқтары да дыңылдап жеңіл сезілді. Тұла бойында сіресіп тұрған қалың зіл ыдырай бастады. Төңірегіне көз салған жоқ. Сарғыш жолақ... Көкшіл жолақ. Қара қошқыл жолақ... Ала теңбіл жер астында шыр айналып қалып жатыр, қалып жатыр. Әлде бір уақытта дәл көзінің түбінен бір жирен ноқат зу етті де, ғайып болды. Оң құлағына тағы да гуілдеген

үн жармасты. Ол тарапқа көз салған жоқ. Үшінші айналма да бітіпті. Бәйге бала бұның жас толып, бұлдырап кеткен көзін сүртіп, құлағының түбін қасиды. Бұл сонау ту-ту алыста, көз ұшында кетіп бара жатқан екі ноқатты байқады. Олардың арасы әлі алшақтай қоймапты. Бірақ манағыдай емес, қаралары дараланыпты. Екі озғын ноқат үшінші қарақшыға таяп қалыпты.

Бірақ, сол екеуінен озсам екен деп, өкпесі өшіп келе жатқан бұл жоқ. Манағыдай емес, басы да сейілді, өзінің шапқанын жерге тек жанай тиіп, жанай тиіп қалқып бара жатқан ұшқыр тұяқтарын, қауырсындай жеп-жеңіл денесін қызықтап, рақаттанып келеді. Бұған тек осындай бостан дала, аяғыңа жығылып, шабыңнан өбер майда самал болса болғаны. Ешкіммен тайталаспай-ақ, ешкімнің шаңын жұтпай-ақ өзімен өзі боп, сауырын жібектей сипаған бейпаз жел мен тұяғынан көтеріп, шашасын сүйген саф ауадан ләззат алып шаба береді. Гүж-гүж ұрыстың да қажеті жоқ. Бұны тек шаптырса болды. Баяғы құлын кезінде де шабысқа құмар еді. Қойшыторы тірлігі бұның бойына туа біткен сол құштарлықты, шөлдегенде су тілегендей, қарны ашқанда жем тілегендей, ара-тұра қаны козып елегізгенде құмарын тарқататын шабысты ұмыттыра жаздапты. Өткенде ойда жоқта жолығып, ажалын бұдан тапқан аң тұқшандаған тұғыр мінезден құтқарып, тамыр-тамырына сарысу ұйытқан самарқау қанды қайта қоздырып, жаратылысына біткен ата құлық, түс мінезіне қайта табыстырды. Енді міне, құлағын тігеді: дүрс-дүрс... дүрс-дүрс... Бұл не үн? Әлде жерге топытып үсті-үстіне түсіп жатқан тұяғының дүбірі ме, әлде өне бойына қан айдап, мынау дарқан тірліктің, даңғыл даланың ләззаты мен жұпар ауасын жұтқызып келе жатқан тіршілік басы — жүрегінің дүрсілі ме — айырып болар емес.

Бұ шабысына баланың да көңілі бітіп келе жатқан түрі бар, тып-тыныш. Төртінші айналманың да бел ортасынан ауды. Таң атқалы біресе артында қап, біресе қапталынан жалт-жұлт көзге түсіп келе жатқан алабажыр төбешік енді алдына шықты. Соңында жақын жерде дүсір жоқ. Шамасы бұл да қара үзіп кетпесе керек. Алдындағы екі ноқат әлі алыс. Дегенмен екі аттың түр сипаты айқындалып қалды, соңғысы баран ат, алдыңғысы бозарандайды — не бурыл, не ақ боз. Бала сауырынан тағы да бір сипады. Алабажыр төбешіктің айқай-шуы естілді. Алдыңғы ақ боз қара үзе түсті, соңғы баран құрық тастам жерге келді. Жұрт у-ду. Айқай. Ысқырық. Алдыңғы екі аттың үстіндегі балалар қамшыларын көтеріп, қызыл жалау көтергендердің тұсынан ағызып өтті. Бұл баран аттан бір кеуде кейін өтті. Бәйге балалар тізгін тежеді; аттар біраз жерге дейін текіректеп барып, аяңға зорға көшті. Боз баран кілт бұрылып, бәйге төбеге беттеді. Бұл болса, анау

ызы-қиғы алабазыр жиынның айқай-шуына әлі беттей алмай жүр. Тапал сары мен Сейіс бұған қарай далақтап шауыл келеді. Келе шылбырынан сүйрелеп төбеге қарай жетектеді.

IV

Бәйгеторының өмірінде бірінші рет шапқан бәйгесінде екі аттан кейін келген хабары ауылға өздерінен бұрын жетіпті. Қырат басына шыға келулері-ақ мұң екен, шабдар кеңсенің қасындағы кара-кұраң көбейе түсті. Кеңсеге жақындай бергенде, жұрт топылып алдарынан шықты. Бәрі де көздері жылтырап, ентелей қарайды. Тапал сары құла атын тебініп, тағы да ілгері озды. Жолдың шаңы қонып сатпақтанып қалған тортор қағанак қалпағын қолына алды. Ұшын уысына жиып ұстаған шолақ қамшысын ербендетіп саулай жөнелді. Жұрттың аузы анырайып қалған. Көмекейлеріне бөгелек кіріп, шағып алса да білер емес. Анау күні оскырынып тұрған жарғақ шалбарлы жапырық шал бүгін шыны шақшасының тығынын аспаған күйі елтіп қалыпты. Бұның белі талып, тыпырши берді. Сейіс серіктеріне жүрейік деген рай байқатты. Бұлар жүріп кетіп еді, қалың топыр құдды бұл алтын тезектеп бара жатқандай сонынан көз ала алмай қарап тұр. Кеңседен бес-алты қалпақты шығып атқа қонды. Тапал сары көшені бойлап ауылдың екінші шетіне қарай шауып ала жөнелді.

Бұлар кеңсенің көлеңкесінен аттанған бес-алты аттыны ертіп, Сейістің ауылына беттеді. Жалғыз үйлі Сейістің ауылына енді жете бергенде жал басынан құла ат та қылтиды. Бұлар үйдің ту сыртына келіп, енді қаңтарылып жатқанда о да жетті. Тапал сары аттан секіріп түсіп, ердің басынан сылдыр еткізіп бір қалтаны ап, бәйге баладан үйге беріп жіберді. Үйдің іші абыр-сабыр. Қауқылдасқан әңгіме көбейді. Бұл бес-алты аттын ортасында белдеуде қалды. Қалпақтылар қайта-қайта қарқ-қарқ күледі. Гүрс-гүрс піскен сабаның даусына ілесе, түрулі іргеден қымыздың хош иісі аңкиды. Сырты күйе-күйе кебеже қарын пұшық шәйнек мосыға ілінді. Үйден енді сырт-сырт сусып түсіп жатқан қағаз дауысы шықты. Бәйге бала белін шешпестен үйдің желкесіндегі тауға көтерілді, ұшпа тастың көлеңкесінде жатқан қозы-лақты үркітіп, ішінен құрт мүйіз қоңыр марқаны ұстап ап, бері сүйреледі.

Қозы сойылып, қазанға түсті. Қара шәйнек саркылып, дастарқан жиылды. Үйден дың-дың домбыра үні келді. Бұның белі сонда шешілді. Ерін алып, желең жабумен тау жактағы қалың шидің ішіне тұсап жіберді. Бәйге болған жерде екі-үш күн жатып суытылған. Ырду-дырдудан құлағы босап, отқа тиісті. Шидің арғы басынан, аңғардың ауызғы қалтарысынан

жылқы пысқырды. Шабдар құлынның шіңкілдеп кісінегені естілді.

Бұл су ағып жатқан арыққа беттеп жайылды. Жылқының пысқырғанын естіген соң асыға шапшыды. Қалтарыс жартастың арғы тасасында шабдар бие көлеңкелеп тұр екен. Бұны көріп о да ұсақ тастарды шақұр-шұқыр құлатып, төменге беттеді. Шабдар құлын шабын түртіп қайта-қайта мазасын ала берген соң, кілт бұрылып, тісін ырситып, оскырынып қояды. Бұның қасына жетті. Кекілінің арасында зыңылдап жүрген бөгелектен қашып, бауырына тығылды. Бөгелек шым еткізіп шағып алғанда, шабдар бие сарт ете қалып, тісімен жасқап үркітіп жібереді. Бөгелек оған қонса бұл қуады, бұған қонса ол қуады. Үйірден ажырағалы жылқы атаулының маңына жақын келіп тұрғаны осы. Шолақ бұрыл өліп жатса да бұған жоламайтын. Сейістің қолына келгесін де алғашында мұның қарамен ісі болған жоқ, кейін күні-түні байлаулы тұрды, бәйге баланың тақымынан түспеді желіде жатқан шабдар биені күнде көріп жүргенмен, маңына жолауға мұршасы болмады. Шабдар бие бірер ғана құлындаса керек, балғын мүсінін әлі жоғалтпапты. Бұл сауырына басын салып еді, жып-жылтыр жоны дір-дір етті. Бұл жып-жылтыр, жұп-жұмсақ бауырдан басын алып кете алмады. Тұмсығына көптен сағына аңсаған, енді болмаса ұмыт бола жаздаған бір таңсық иіс келіп, басы айналды. Шабдар бие де бөгелекті үркіткен сайын бұның сауырын жып-жылы ерінімен жұмсақ ұйпап өтеді. Әлсіреп тілерсегі қалтырады, бойына сүйек-сүйегін үгіп бара жатқан жұмбақ діріл жүгірді. Биенің шабын түрткілеп жүрген шабдар құлынды тістелеп, былай қуып тастады.

Соңғы кезде бұның шабдар биеге тым үйірсек болып кеткенін Сейіс те байқап қалыпты. Шабдар биені тау үстіне тұсап жіберіп, бұны үйдің қасындағы шиден шығармады. Бұрынғыдай емін-еркін жайыла алар емес. Ара-тұра басын көтеріп, аңғар бойынан ескен тау самалына танауын тосып, шабдар биенің таныс иісін іздейді. Сейіс соның бәрін аңдып, біліп жүрді. Бір күні ол тағы да атқа қонып, бұны жетекке алды. Жылқышы ауылға әкелді. Жылқышыға бұл туралы ұзақ әңгімеледі. Түс қайта атына мініп, ауылына жалғыз қайтты. Жылқышы бұны жетелеп әкеп, жылқыға қосты. Көк құрақты күрт-күрт сындырып жатқан көп үйір бұған таңырқай қарасты. Екі-үш күнге дейін шеттеп жайылды. Көп жылқы нені істесе, соны істеді. Көп жылқы жөңкіліп суға құласа, мұның құдайы береді. Ағызып алдына шығады. Жер тағы да сар жолақ, көк жолақ боп, тұяғының астында шыркөбелек айналады. Көк желкесінде — көп дүсір. Бұл дүсір жақындаған сайын құлағын жыма түседі. Екі-үш күннен соң үйір бұған үйренісейін деді. Әуелі бұны жабағы тайлар төңіректеді; келе-келе кейбір мама биелер де қасына жайылып қалатын-

ды шығарды. Ондайда қазанбас бұрыл айғыр анадайдан азынап кісінейді. Жабағы тай жағы жымып, бірден зыта жөнелді. Сары қарын самарқау биелер көп селт ете қоймайды. Ондайда бұрыл айғырдың өзі осылай салады. Әлі күнге жылқы баласымен кіржіндесіп көрмеген бұл кіжініп келе жатқан айғырды көргенде, тайқып шыға береді. Бұрыл айғыр соңына түсіп қуаламайды; сес көрсетіп кісінейді де, биелерді қайтадан үйіріне қуып тығады.

Қойшыторы болып қалған бұл сәуіріктік жасап, бұрыл айғырға азу көрсете алмай жүр. Соны байқаған жылқышы кейде жылқы қайырғанда бұны екі-үш биімен бөліп тастап кетеді. Бұрыл айғыр азынап қоя берсе, бұл серіктерінен тағы айрылып қалады.

Күндер өте берді. Мынау көп дүсірден жылқылардың ызыққы шұрқырынан да жалықты. Саяқ күнін сағынды. Сауырын, жалын сипаған жұмсақ алақандарды аңсады. Аңғар бойының салқын суы, өлең шөбі, самал желі есіне түсті. Шабдар биені көргісі келді. Әдемі сауыры бұлт-бұлт етіп қасында жайылып жүрсе, шіркін. Аяқ астынан жылқы пысқырды. Басын көтеріп еді, үйір анадай жерде тепсеңде жатыр. Бұрыл айғыр ойпаңға шыққан қалың құраққа сұғына кіріпті. Бұған бір дөнежін бие ілесе жайылып келеді. Бұл оның қасына келгенін тосып, жайылып тұра берді. Боз дөнежін құрақты сырт-сырт құлатып, жақындай түсті. Бұл оң қапталында қалып бара жатқан қалың құраққа бас салып еді, боз дөнежіннің де көздеп келе жатқаны сол екен. Бастары түйісіп қалды. Боз дөнежін құраққа таласқан боп, сүйкеніп өтті. Бұның да еріні ұп-ұлпа. Бұның да әлі құлын мүшесі қаз-қалпында; сауыры да шабдар биенің сауырындай жып-жылтыр. Бәйгеторы басын жерге салмай, боз дөнежіннің шоктығына сүйкенді. Дөнежін тісін көрсетіп, бәсең оқыранып, шөпке тиісе берді. Бәйгеторының ерніне биенің сауыры жібектей тиді. Басын салып тұрып алды. Дөнежін де басын құрақтан көтеріп, бұның жалын қасыды. Сол ақ екен сауыры қарш ете қалды. Боз дөнежін ытқып кетті. Соңынан бұрыл айғыр қуып берді.

Содан былай бұл қалың жылқының ішінен ылғи боз дөнежінді іздеп жүретін болды. Боз дөнежін де үйірсек боп барады. Бұрыл айғырдың көзін ала беріп, бұған қарай ығыса жайылады. Көріп қалса болды, бұрыл айғыр да атой береді. Тістесіп қалып, тебісіп қалып жүргендері болмаса, әзір шындап шайқаса қойған жоқ.

Жаз өтті. Қоңыр күз түсті. Бұл енді бұрыл айғырдан көп қаймыға бермейтін болды. Боз дөнежін жайылып жүрген жерге шауып жетіп барады. Айғырдың әбден зығырданы қайнап жүр. Бүгінде бұған тиіспей дөнежінді қуалайды; сәл шет шықса үйірге қуып тығады.

Алакөздік оларды ақыры шайқастырып тынды. Бұрыл

үйірдің соңында тісі сарғайған кәрі айғыр екен; кейінгі кезде үйіріне ие бола алмай, қырқылжын қыршаңқыға айналыпты. Күні-түні азынап жүргені. Құлын-тайлармен де тістесіп қалып жатады. Үйіріне бұл келгелі тіпті дегбірі кетті. Бірде құдық басында астауға сыймай шетке шыға берген боз дөнежінді шайнап тастады. Бұрын ол бұрыл айғыр өз үйіріне не істеп жатса да араласпай шет тұратын. Боз дөнежіннің құлындағы даусы құраққа жетіп, шынғырғанын естігенде шыдай алмады, көзінің алдына лықсып кеп тентек қан теуіп өтті. Астауды тастай сап, көп жылқыны кимелеп барып, бұрыл айғырды шоктықтан ала кетті. Тісі қарш етіп қатты тиді. Ерніне жылымшылап, ап-ащы қан ақты. Тыжырынып аузын тартып ала беріп еді, бір уыс жал аузында қапты. Бұрыл айғыр да бұнын шоктығына жармасты. Бұл аспанға шапшып, бүйірден теуіп еді, кәрі айғырдың қаусап тұрған жағы қайдан шыдасын, аузынан шығарып алды. Бұның көзіне қан толып, алдындағы бұрылға бас-көз демей тісті салып өтті, айлакер кәрі табан астында тайқып кетті де, адуын айғырдың ту сыртынан орағытып, құлақ шекеге бас қойды. Құлағын қайзалап жатыр. Бұ да жан-дәрмен басын кекшендетіп бұрылдың жақ сүйегін сақ еткізді. Әлсіз тіс құлағын жұлып әкете алмапты. Бірақ, оң жақ шекесі бебеулеп барады. Сол екі ортада жылқышының ақырған дауысы шықты. Қауғасын шошандатып, қасына келіп еді, көзіне қан лықсып, долырып алған бұл қарамады. Жылқышы сауырдан сабап, жалма-жан арашалап алып бара жатқан бұрыл айғырды қыл күйрықтан жоғары тағы бір тістеп қалды.

Етіне жарақат түскен соң, бұрын төбесіне тау құлап жатса да мыңқ етпейтін бұл қатты ашынды; өне бойы қалш-қалш етіп, төңірегіне де көз салмапты. Құла ат мінген тапал сарымен Сейіс келіп тұр екен. Тапал сары жарақаттарын ұстап көріп, күйіп-пісіп, әйкелде тұрған жылқышыға жұдырығын түйіп, шыжбалақтап жатыр. Сейіс жайбарақат. Қайта «Осынысы дұрыс болды»,— дегендей ыржиып күле береді.

Бәйгеторы бұ жолы үйірден ызалы кетті. Сейістің жетегінде бара жатып су басындағы бұрыл айғырға кіжіне кісінеді.

Сейіс сол алып қайтқанынан бұны екі ай жаратты. Екі ай бойы бәйге бала мен мұнда тыным болған жоқ. Шабдарды кеңсенің көп қалпақтысы бірінен соң бірі кеп көріп кетіп жүрді. Сейіс бұны бұрынғыдай окшаулап баптамай, көбіне көп атқорада ұстады. Кейде бұны оңаша бөлмесінен алып кетіп, көп жылқының ішіне апарып қамайды. Қазір жылқы көрсе қасына барғысы кеп емешегін үзбейді, қайта қыржындап, шамданып қалатынды шығарды. Сейіс те ол қасындағы серіктерімен шекісіп қалса, ұрсып, жасқамайды, қайта кішкене көгілдір көзі күлімдеп разы боп қалады.

Он шақты тас үй асығыс ағартылды. Шабдар кеңсенің

төбесіндегі күн жеп оңып кеткен шүберек алынып, орнына нарт қызыл ту ілінді. Кеңсенің қасындағы үйлердің де Әлекей-күлекейі көбейді. Ауылдың қара-құрасы да мол. Осындай абыр-сабыр күндердің бірінде атқораға тапал сары бас сұқты. Қасында екі әйел бар. Олар мұның о жақ-бұ жағын бір-бір қарап шықты да, анадай жердегі сабанның үстіне барып отырып алды. Тапал сары қойынынан ақ жылтыр мата суырды. Екі әйел матаны тістеріне арып дар-дар жыртты. Тапал сары жалтыраған жаңа жабуды бұның үстіне өз қолымен жауып көрді. Сосын оның бұ жағына бір, о жағынан бір сығалап, қыдындап біраз жүрді.

Ертеңіне бұл тағы да қасына көп қошаметші ертіп, көшеге шықты. Тізгіні тапал сары Сейіске бермей, өзі алып жүрді. Жаздағы жарбиған қалпағын тастап, басына көк елтірі бөрік киіпті. Үстінде де су жаңа сырт киім. Мойнындағы қара кенеп дорбаны да күндегіндей қалай болса солай емес, сәнмен асыныпты; құр бауын еш жерде бұралтпай, дәл қамшылар жақ мықындығына тастапты. Сағағына жалтыр сақина салып, шаптап тастаған бес өрме қамшыны жұрт көрсін деп құланың сауырына тигізбей, әуеге қалқытып, жанай сілтеді.

Бұлар кештете екі таудың арасынан бақшаң ете түскен кішкентай апақ қалашыққа жетті. О да қып-қызыл, үй болса — төбесінде бір ту. Ертеңіне сәскеде бәйге басталды. Ақ шаңқан қаланың алды әр жер — әр жерінен бір кездегі тастақ жотаның тұқыл жарықшақ тастары қылтиған жар қабақ екен. Жар қабақ пен қаланың арасы мидай тегістік. Бұларды алып келгенде жар қабақтың үсті адамға лықа толыпты; иісін бұрқыратып машина да көп келіпті. Бұрын қарасы көрінгеннен үркуші еді. Қазір тұмсығы жыбырлай берген соң, қасындағы машинаның бір теміріне сүйкеп-сүйкеп алды. Бәйге аттар бөлініп ортаға шыға бастады. Сейіс бұны да соларға қарай жетеледі.

Бұ жолы көтермеде тұрғандардың саны көп, арасы да алшақ-алшақ. Бәйгеге шабатын аттардың қарасы да өткен жолғыдан молырақ. Қоңырау қанғыр етті. Бұл суырылып алға шығып еді. Бәйге бала тізгінді тұқыртып келеді. Әлі топ ыдыраған жоқ. Жан-жағынан зуылдап бөтен аттар өтіп жатыр. Күздігүні түгінен айрылып, тыр жалаңаштанып қалған жас қуаң жер көп тұяққа төтеп бере алмады. Бұрк-бұрк шаң көтерілді. Бір шаңқан боз шаншылып ілгері шықты. Одан кейінгі көп дүсірдің ішінде бұ да бар. Екі жағындағы ерең-серең көп сирактарды жаман көзімен атып-ақ келеді. Бірақ, бәйге бала тізгінді жіберер емес. Екі көтерменің тұсынан өтті. Баланың сол селсоқ қалпы. Бұ да өлімін сатып ұмтылмайды. Соңында келе жатқан бір-екі ат зуылдап ілгері озды. Аттың алды бәйге төбеге қайтып барды. Бәйге төбе дүр сілкінді. Міне, бұ да ортада оқшау шауып өтті. Жұрттың көзі әлі де

бұдан екінші айналмаға кеткен аттардың соңында. Бәйге бала әлі еш белгі бермеді. Бұ да бұрынғы шабысынан үдеген жоқ. Тағы да екі-үш шаң боратып өтті. Аттың алды ту сонау көз ұшында. Бәйге бала тырп етпейді. Бұның соңындағы қалың дүбір де жақындап келеді. Әне бір оқшау дүбір тап мұның құлағының түбінен шықты. Шелтендеген бір қызыл ат ата-нақтап озып барады. Қап, мына жаманның құтыруын-ай! Сирағы да сирақ емес екен. Жерге бұлғақтап ауып-ауып түседі. Құлағын жымып, басып озайын деп еді, бәйге бала жібермеді. Өткен жолы үсті-үстіне тақымын қысумен болған, бүгін тіпті жайбарақат қалғып келе жатқаннан сау ма өзі?

Бүгін бойы жеп-женіл. Басын қоя берсе, көсілер еді. Тағы да бәйге төбеге жақындап қалыпты. Алдыңғы шаңқан боз өткенде жұрттың бәрі жыртыла айқай салды. Озған аттың тұсында жан алар келгендей ышқынған дауыстар кейінгі аттардың тұсында түсініксіз балдыр-бұлдырға айналды.

Бәйге бала әлі тақым қимылдатқан жоқ. Бұдан әрі шыдай алар емес. Тойтан-тойтан тапырақтап бара жатқан шелтенбай қызылды қуып жетті. Шәлтік қызыл да қалысқысы келмеді, ауыздығын шайнап, біраз тайталасты. Бірақ, қысқа адым, келте топшы қанша жанталасқанымен бола ма, қайраны құрып, ақыры қалды.

Ол енді алыс қалды. Алдында кетіп бара жатқан үш атты шоғыр да быт-шыт ыдырады, Бәйге баланың тақымынан болар-болмас қимыл сезілді. Бұ да үдей шапты. Алдындағы үшеуге де шаң асатып кетті. Тағы да аттардың құйрық үзіскен оңаша арасына түсті. Бала тағы да жайбарақат тартты. Енді бұның алдында бес-алты ат бар. Алдыңғы шаңқан боздың соңына бір жирен емініп түсіпті. Одан кейінгі аттардың да шабысы тын. Сыр бере қойғаны байқалмайды. Үшінші айналым да бітті. Шаңқан боздан бір кеуде кейін жирен келе жатқанын көрген соң, жұрттың у-дуы бұрынғыдан да күшейіпті. Жыртына айқайлап, ысқырып, дуылдап жатыр. Осынша көп жылқының сауырын сабындап сабылтқанда мына екі аяқтыларға керегі де осы шығар.

Жұрттың дуын естіген соң жиреннің де арқасы қозды. Жиреннің шабысы бұрынғыдан да ширей түскенін көріп, төбеде тұрғандардың тіпті есі қалмады. Мұның миы дыңылдап кетті. Айналма тіпті ұзақ екен. Үшінші айналымның өзінде сыр алдырғандар көп. Кейбіреуі жол-жөнекей жайылып қалды, енді біреулері тек қараға сан боп, бөксе сүйретіп барады. Бәйге бала қопандай бастады. Таң атқалы бұл маңдайынан итерген желді омыраулап кесіп келе жатқан. Енді тұяқтарын жел кеуледі. Манадан бері әр ноқатына дейін ап-айқын жатқан бұлдыраған шексіз жолаққа айналды. Төртінші айналма да бітті. Қарақшының қасынан тағы да зулап өтті. Көзінен жас енді парлады. Бала орамалын әкеп сүртіп қойды. Алдын-

да үш ат бойы жерде бір құла қасқа кетіп барады. Одан арман шаңқан боз. Қазір алға жирен шығыпты. Артта шамалы жерде дүсір жоқ. Бала тізгінді әбден еркіне жіберді. Міне, құла қасқамен қатарласты. О да мықтап шауып келеді екен. Желі бұны бүйірінен теуіп ұшырып барады. Бұ да барын салды. Қапталынан қасарыса итерген қайсар желден құтылды.

Бәйгетөбе шуылдап тағы артында қалды. Алтыншы айналмаға кетті. Бәйге басындағы бәсекелес екі ат бұдан көш ілгері жүр. Әп дегеннен алдан түспеген шаңқан боздың шабы созылып қалғандай. Бірақ, шабыстың жылқысы екен. Алдына ат түсіп кеткенмен сыр алдырмай барады. Аяқ алысынан әлі жаңылысқан жоқ. Бұл әлі маңайлай алмай келеді. Тұмсығын желге төсей түсті. Бала орамалын көзіне тағы әкелді. Шаңқан боз жиренмен тағы да құйрық тістесіп қалыпты. Екі жылқының есегін көріп бұ да кіжінді.

Ап-ашық айнала су түбіндегі нәрседей алашабырланып, бұрынғысынан да бұлдырай түсті. Бәйге төбенің айқай-шуы құлақ жарып барады. Енді бұған да қошаметші көбейіпті. Бұл өткенде бақырған, ысқырған дауыстар күшеймесе, бәсендеген жоқ. Жетінші айналмаға кетті. Бұлдырап көрінсе, алдындағы тайталас екі аттап көз жазып қалмауға тырысты. Өне шаңқан боз қайтадан жиренмен қапталдасты. Тек құйрығы кейін. Қатарына барды. Мойыны озды. Енді құйрықты жирен тістеді. Бұ да құлақты жыма түсті. Кеудеден соққан жел барған сайын күшейіп, қырындатып алып барады. Арасы тақау қос атқа бұ да жетіп қалды. Бала жел жақты ала шапты. Көз алды бұлдырап, лепіре тасып жатқан лай ағынға айналды. Бәйге төбенің дуылы тағы да қақ маңдайына шықты. Бала тағы да көзін сұртті. Алдында ат жоқ. Жалғыз келеді. Көк желкесінде күшті дүсір бар екен. Артына түскен екі аттан әлі алыстай қоймапты, құлақтың түбінен шым-шым мұздай тер шыққанын енді байқады. Міне, бәйге төбемен қапталдасты. Соңындағы екі аттың дүсірін тыңдап құлақ түріп келеді. Артынан ат емес, бәрі қуып келе жатқандай қатты қорықты. Екі аяқтыларда ес жоқ. Жан ұшырып айқайлап жатыр. Қызыл жалау көтергендердің тұсынан ағып өтті.

Елдің айқай-шуында есеп жоқ. Бәйге бала бұны анадай оқшауға апарып суытқалы қыдыртып жүр еді, қара нөпір халық жолдағы қолына қызыл байлаған көк жағалы адамдардың есін кетірді. Ат мінгендердің бәрі алынып-берініп бұған ұмтылғандардың жолына тосқауылға тұрды. Не істегелі жүргендерін анық білмегенмен, бұл жолы олардан бұрынғыдай сескенген жоқ. Мынау ызы-қиқы, қым-қуыт, айқай-шуда, алабазыр топ та бұрынғыдай басын даң қылмады. Қайта құлағына жағып бара жатқан сияқты.

Бір кішкене машина толы адам зулап кеп мұның қасына тоқтады. Секіріп-секіріп түсіп жатыр. Қолында көзі жалты-

раған бірдене ұстаған бармақ мұртты біреуі бұны шыр айналып жүр, ана жерге тоқтап та бір шырт еткізеді, мына жерге тоқтап та бір шырт еткізеді. Машинадан түскендер бәйге баланың шылбырына жабылып, бірдене қолқалайды. Бала не істерін білмей артындағы қалың топ жаққа айқай салды. Тапал сары Сейісті қолынан жетелеп бұған қарай екі етек боп шауып келеді. Мойнындағы қара кенеп дорбасы санын сабап келеді. Тапал сарының онымен шаруасы жоқ. Енді әлгі кісілер баланы тастай беріп, тапал сарыға жабысты. Олар бірдене сұрап еді, тапал сары миығынан күліп, рақаттанып қалды. Шыртылдақ темірі бар кісі де соған жүгірді. Келе тізгінді тапал сарыға ұстатып тұрғызып қойды. Қалған жұртты кейін ысырды. Өзі темірін сығалап анадай жерге шегініп кетті. Машинамен келгендердің ішіндегі келте шашты келіншек тапал сарының алдына түсіп кеткен қара кенеп дорбасын түзеп, бір қапталына шығарып қойды. Сығалап жатқан кісі тағы бір сырт еткізді. Енді тапал сарының орнына сейіс тұрды. Жарғақ құлағы от боп жанып, қысылып-қымтырылып, жан-жағына жалтақтай береді. Енді қасында тұрған адам бәйге баланы жерге түсірді.

Мұның үстіне көзінде көлтабандай көзілдірігі бар бір жуан қарын қос қолтығынан төрт жігітке деметіп, ырсылдап-күрсілдеп зорға мінді. Бармақ мұрт оны да бір шырт еткізді. Одан кейін әлгі келте шашты келіншекті бір еркек лып еткізіп көтеріп әкеп, ер үстіне қондыра қойды. Жылтырақ темір тағы да шырт етті. Бір машина адам бірінен соң бірі мініп түсіп жатыр. Жылтырақ темір де үсті-үстіне шыртылдай береді.

Бұл жалығып кетті. Тыпыршып, Сейіске қарай бір оқыранып қойып еді. Екі аяқтылар да қызық халық қой, құдды әкесі ақырып, жасқаншақ боп қалған балалардай бұдан қымсынып, кейін шегіне берді.

V

Бұның бәйгеден озғанына қуанбаған кісі жоқ. Кейбіреулер шапқанын көрсе бір сәрі; сырт қарасына-ақ ғұмыры жылқы көрмегендей бас шайқап, таңдай қағысты. Бәрінен де тапал сарының қуанышында шек жоқ. Бір күні сейістің үйіне тағы да тасырлатып шауып келді. Екі езуін жинай алар емес. Қолында бірдене ағарандайды. Анадайдан әлдене деп айқайлап келеді. Келе Сейіске жабыса кетті. Қолындағы тоқымдай шұбар қағазды жайып жіберді. Қағаздың қақ ортасындағы тайдың тұяғындай қара таңбаны көрсетіп, аузы жалпылдап сөйлеп жатыр. Сейістің де көзі күлімдеп кетті. Үйден әйелін шақырып, оған көрсетті. Тапал сары қағазды қолдарынан жұлып ап, бұған әкелді, сатырлаған даусынан жасқанып, басын қашырып тек иіскеп көріп еді, одан Сейістің үйінің бел-

деуінде ілулі тұратын қи майы құйған кара шелектің иісі шығады екен.

Енді бұл өңірде ат шаптыратындай шаруа шыға қалса, алдымен бұның Сейісіне хабар тиеді. Жұрт бұның шапқанын бір көруге құмар-ақ. Бұл қайда барса да қасынан тапал сары қалмайды. Сейіс екеш Сейіске де сенбей, жем дорбаны өзі толтырып, өзі әкеліп іледі. Қайдан тапқанын құдай білсін, осыған бер деп, бұл өңірде өспейтін тарының да екі қабын тауып әкелді. Оны Сейістің әйелінің қолына жармасып жүріп, келіге өзі түйді, өзі ақтады. Тау алдында отыратын сиыршылар аулынан сүтті де шауып барып өзі әкелді. Маржандай қып ақтаған ақ тарыны жем дорбаға салып, аузына кигізіп беріп, анадай жерге барып отырып, «уһ!» деп демін бір алады. Қашан жем жеп болғанша қасынан кетпейді. Тарыны бұл емес өзі жеп отырғандай көзі күлімдеп, беті нұрланып рақаттанып қалады. Бұның маңына Сейістен басқаны жуытпайды. Әне бір жолы көрші ауылдан төрт-бес атты адам бұны көрмекке келіп еді, тапал сары анадайдан алдарынан шығып, шаңқылдап ұрысып, кері қайтарып жіберді. Өзі бір-екі күн келмей қалса, бұның аяғы, тұяғы аман ба екен деп, көш жерге жортқызып қарайды. Қашан келсе де кара кенеп дорбасына қант сала келеді. Атынан түсе сала, бұның аузына алақанын ұстап, қол басындай қант асатады. Бұ да оған әбден дәндеп алды, маңына келсе алқанын жалайды.

Тапал сары бұны адамнан қызғанғаны бір жөн, жылқыдан да өліп-өшіп қориды. Өткен жылы қалаға бәйгеге барғанда түн ортасында бұл тұрған қораның есігі сықырлады. Әлдекімдер ұрланып кіріп келеді. Тұла бойы түршігіп кетті. Оқыранып көріп еді, кіріп келе жатқандар еркелете тіл қатты. Адамдар. Бірақ мұның серіктері емес. Олар қараңғыда мықшындап жүріп есіктен бірдене іздеді. Есіктің екі жақтауын аңқитып ашты. Аспанда бұлт бар қараңғы түн еді. Кіріп келе жатқан нәрсенің не екенін анық көре алмады. Әйтеуір, адам емес, қарасы үлкен. Ол шегіншектеп кіріп болмады. Әлгілердің біреуі оған сыбырлап жекіп қойды. Ересен кара есіктен бері аттады. Екі адам есіктің жақтауын сықырлатып алмайық деп, еппен ішке тартты. Есік сықырлаңқырап барып жабылды. Ешкім сезбесе керек. Маңайда ешқандай дыбыс жоқ.

Адамдар айналаға құлақ түріп, босағада біраз тұрып қалды. Сосын серейіп тұрған әлгі қарайғанды бұған қарай сүйреледі. Исінен таныды — жылқы. Бұның құлағы тікірейіп кетті. Соның арасынша бір жұмсақ қол бұны жағынан сипады. Бұл маңайында не болып жатқанына түсіне алмады, бірақ үндемей тұра берді. Адамдар есіктен жасырып кіргізген жылқы мұның жанына жақындай түсті, бұл тістейін деп аузын ала жүгіріп еді, анау тірсегінен жұмсақ ұйпалады. Еркек жылқы болса, о да едіреңдеп шыға келер еді. Бұл мойнын созып

шоқтығынан иіскеді. Анау да бұның жағын жалады. Тұла бойынан таныс бір иіс аңқып тұр. Бұған бір эзезіл діріл шапты. Ұрланып кірген екі адам сес шығармай, бұларды аңдуда. Бұл екі құлағын алма кезек қайшылап, елендеп тұрғанмен, бейтаныс биенің сусылдақ сауырына тұмсығын тыға түсті. Көз алды мұнарланып, кеуде тұсы дүрсілдей ала жөнелді. Бұл тығыншықтай семіз биенің шоқтығын жанталаса іздеп еді, сусыма сауырдан қайта-қайта тайып түсіп адаса берді. Ақыры шоқтықты тапты, қырши тістеп алды, биенің бөксесі бүгіле берді...

Бұл сүлдері құрып, сұлқ тұр. Қараңғы қораның ішінде екі адам екі жағына шығып, жағынан қақты, жалынан сипады. Сосын биелерін жалма-жан есікке қарай жетеледі. Қараңғыда бір-біріне қуана сыбырлайды. Есік шик етіп қатты ашылды. Ар жағынан тапал сарының айқайы шықты. Бажылдап жүгіріп келеді. Екі адам қаша жөнелмек болып еді, үркек бие жетекке ермей тұрып алды. Тапал сарының ізінше Сейіс, бәйге бала, бұнымен бірге келген ауылдың тағы бір-екі адамы көрінді. Тапал сары шалбарының қалтасынан шыжылдатып бірдеңе суырды, бұның көзін ұялта жарқ ете қалды. Әлгі екі адам ала биенің шылбырынан ұстаған күйлері состып-состып тұра қалыпты. Тапал сары қалш-қалш етеді. Шаңқылдап жатыр. Ала бие жетелеген екеу әуелі міңгірлеп тұрды. Тапал сары шапылдай берген соң, олардың да дауысы шығайын деді. Тапал сары атқораның босағасында тұрған ұзын сырықты алып ап, бие жетелеген екеуге тұра ұмтылды. Араға Сейіс түсті. Тапал сары қолындағы сырықпен ала биені сауырдан салып-салып қалды. Бие байғұс ышқынып, анадай жерге ытқып кетті. Бие жетелеген екеуі ауланың қақнасына беттеді. Арттарынан тапал сары жұдырығын түйіп, балпылдап жатыр. Тапал сарының сонда неге шабаландағанына, байғұс ала биені неге сабағанына бұл әлі түсінбейді.

Бәйгеторы талай жарыста қарақшыға алдына жан салмай келді. Бәйге алған сайын бұның селдірлеу қарақошқыл жалын бір сипауға құмарлар көбейе берді. Адамдар неғұрлым сылап-сипаған сайын бұның да көңілі өсе түсті. Бәйге төбеге жиылған жұрттың у-шуы да миына инедей қадалмайтын болды. Қайта жұрт шуылданқыраған сайын тақымы қызады. Жарыс жоқта да ол жылқыдан гөрі адамға үйір. Маңына жылқы жолап кетсе, едірендеп аузын ала жүгіреді.

Бәйгеторы бәріне үйренді. Бір-екі рет баржамен үлкен қалаға барып, бәйгеге шауып қайтты. Онда ауылдағыдай көл-көсір тегістікте емес, жан-жағын қоршаған кең аулаға қамал қойып шаптырады екен. Самсаған халық екі бүйірде ағашқа мініп тұрады. Көздері тостағандай-тостағандай бір жылтылдақ темірлер бұның әр адымын аңдып сыр-сыр етеді. Тығыншықтай бұйра шаш қара жігіт қолындағы бір ұшында қам-

шынын сабындай темірі бар арқанын сүйретіп келе жатыр. Бұл үркіп оқыранып қойды. Аңадай-аңадай жерлерде ағаш басына ілінген даңғырлақ ақ шелектер де бұнымен жарыса оқыранып-оқыранып жіберді. Бұйра шаш сиқыр темірді бұның тұмсығынан жұлып ап, өзінің аузына апарып, бірдеңе деп еді, жиналған халық ду күлді.

Бәйгеторы үстіндегі шабандоздың тақымының әр қимылын, тізгіндегі әр дірілді қалт жібермейді. Бәйге жолының да біраз құпиясын біліп болды. Кей айналмалы ұзақ шабыстарда бәсекелес аттардың шамасын әбден біліп алғанша, күш сақтап шабуға да төселді. Бүгінде ол алдында кетіп бара жатқан аттан көп қорықпайды. Ылғи қарақшыға бұрын келе берген соң, жүйріктің жауы соңында болатынын да ұғып қалды. Ілгеріге бір шығып алса, артындағы дүбірді аңдып, елендеп шабатын болды. Бұрынғыдай бәйге жолында өзінің жеп-жеңіл ұшқыр тұяқтарын, қойнына кіріп бара жатқан бауырмал қоңыр салқын самалы, шыр көбелек айналып, бұлдырап қалып жатқан жер бедерін қызықтап, өзімен-өзі рақатқа батып, елігіп шабуды қойды. Ылғи көзі алаңдап, төңірекке құлағын тігіп, шекесі шаншып, жүрегінің де дүрсілі көбейіп, қиналып шабады. Бәйгеден соң аяғы тың, жүрісі мығым болғанмен бір түрлі қалжырап қалғанын сезеді. Қанша шапса да баяғыдай ләззат ала алмайды. Өне бойында сырқап-сыздайтын да ештеңе байқалмайды, дені сау, су мен отқа да тәбеті жақсы; Сейіс бабын бұрынғыдан да жақсартты. Қазір қанбақтай қалқиды. Әншейінде қызықтаушы құмарпаздардың ықылас-ілтифатына ылығып, сергек те сері сезінетін бұл бәйге дүбірі шығысымен құты қашып, жұлын-жүйкесі ширығып, орынсыз оқыранып, онды-солды кіжініп, кінәмшіл болып кетеді. Бәйге жолында баяғысындай жақсы шабатынына машықтанып емес, қасындағы аттарға ерегісіп тақымы қызатын боп жүр. Бұны тақымдайтын жүйріктер де көбейіп келеді. Барған сайын бұның да іші тарынып, бәйге төбеде маңына ат жуыса, құлақ шекеден ауызды салғысы кеп, зығырданы қайнап тұрады. Бұрын мұның топтан бөлініп жалғыз шапқанына естері кетіп даурығатын жұрт енді мұнымен басқа аттар тақымдасса естері қалмай еліретін болды. Ондайда ол бәйге жолын тастай беріп, мынау неге құдайлары бергенін өздері де білмей өңештері жыртылғанша өкіріп жатқан көп шуылдақты тұяққа жаншып, таптап өткісі келеді.

Кейінгі кезде бір көк теңбіл ат қырына ілікті. Ақырғы айналмаға келгенде қайдан сап ете қалатынын білмейді, бір қапталынан шыға келеді. Бұл ондай кезде әбден ерегісіп, тістеніп шабады. Әзір алдына түсірген жоқ. Бірақ, теңбіл көк қайта-қайта құйрық тістесіп келе беретін болып жүр. Күні кеше ғана тек мұның маңына жиналатын көп шуылдақтың жартысы енді көк теңбілді қоршап алатынды шығарыпты.

Бәйгеторыны ақыры құртқан сол көктеңбіл ат. Соңғы бәйгелердің бірінде көк теңбіл шу дегеннен бұдан бір адым ілгері де шықпай, кейін де қалмай, өкшеледі де отырды. Содан ақырғы айналмаға дейін құйрық тістесті де жүрді. Тап көк желкесінен дүрс-дүрс еткен қаныпезер дүрсіл жүйкесіне тиіп, емін-еркін көсіліп шаба алмады. Ақырғы айналмада бәйге төбенің тұсынан өте бере көктеңбілдің дүрсілі жүдемелдеп кеткенін аңғарды. Бұ да ағызды. Айналма орталай бере мұнымен қатарласты. Екеуі де ауыздық шайнасып, арпалысып келеді. Көктеңбілдің мойыны ілгері түсе берді. Бәйге төбеге тіпті жақын қалғанда көктеңбіл сауыры көз алдынан көлеңдеді.

Бәйге қызықтаушыларда ес жоқ. Көктеңбілге лап қойды.

Сол күні ол қол-аяғы қалтырап ызамен аттанды. Ендігі жылы көк теңбілді соңымда сүмендетермін деп кетті. Сол жылғы күзде тағы шапты. Көк теңбіл қарақшыға қара үзіп келді. Бұ жолы бәйгеторының қасында бәйге бала мен Сейістен басқа жан қалмады. Тапал сары екеш тапал сары да көк теңбілге кимелеген жұрттың иығынан мойынын асырғысы кеп, өкшесін көтеріп, кеңірдегін созып, өліп барады.

Бәйге жолы сират көпірден өткен сыңар аяқ сын жолы екен; онда қатар келер, қосар жүрер басы артық соқпақ атымен жоқ боп шықты. Бәйгені қызықтап, қыз-қызға құмартатын жұрттың тек топ жарған дараға ғана жаны қалмай, былайғыны қанша асыл болсаң да көзге ілмейтінін де сол жолы бір жолата біліп кетті; бұрын ду көргенде тықыршып тұра алмайтын, ағын судай асып-тасатын көңілі енді жиын көрсе жан шыдатпай шамырқанатын мәңгілік шор жара түйіп кетті.

Сол күні атқораға әкеп қамады. Кешқұрым Сейіс сыртына бұркырап шаңы ұшқан қаудырлақ жем дорбаны мойнына ілді. Бұл қыс түскенше ат қорада қала берді. Қыс түсе тапал сары Сейісті қасына шақырып ап көп пыш-пыштады. Ертесіне Сейісті ертіп бір жаққа аттанып кетті. Арада бір аптадай уақыт өткен соң, қайтып оралды. Аңадағы көктеңбіл айғырдан аумамайтын көк ала жабағы тайды әкеп, бұның қасына байлады. Тапал сары көк ала тайды байлап тастап, ыржалақтап бұның қасына келді. Бұл мекіреніп тұмсығын ұсынып еді, тұмсығына қолын тосты. Екі саусағының арасынан әлденені қылтитты. Тәтті нәрсе әкелген екен деп, асап қалып еді, тісі кірші ете қалды. Тапал сары бажылға басты. Соның арасында оң жақ шекесін қамшы көме жөнелді. Бір жақ көзі аңадай жерге ұшып кеткендей болды. Естен танып, миы зеніп қиралаңдап жығыла берді. Көз алдын қан жуды. Сол жығылғаннан қанша жатқанын білген жоқ. Есін жиса, Сейіс күп боп ісіп кеткен оң көзін жылы сүмен жуып отыр екен.

Содан қайтып Сейісті көріп тұрғаны осы. Содан бері бұның оң жақ қапталы су қараңғы қара түнек. Көзі жоқ жағынан сыбдыр шықса, қасқыр шап бергендей зәре-құты қалмай, тұла бойы шімірігіп кетеді. Содан бері аспандағы ай мен күн де жартыкеш, аяғының астында жарқырап жатқан айдын көл де жартыкеш, бұрын қанша шапса де шегіне шыға алмайтын байтақ әлем де жартыкеш, тіпті, қыбыр-қыбыр жүрісі де, өмір емес, жай әншейін жартыкеш жанбағыс, итшілеген құр әуресарсан. Содан бері бұл кімнің тақымына түспеді! Ең әуелі бір егінші мінді. Сосын қорықшы мініп, мал қайырды. Шикі кірпіш соғатындарға саз балшық басып та көрді. Ең соңында почта тасып еді, почташы жуырда осы ауылдың тұсынан өтіп бара жатып, жол-жөнекей машинаға отырып, бұны тастап кетті. Қайтып соққан жоқ. Шамасы, басқа көлік тапқан шығар. Аңада қырқым кезінде баяғы шолақ буырылды көрді. Ол әлі қартаймапты. Бұндай сүйегі саудырап, сүмірейіп тұрған жоқ; тойнақы жылт-жылт етеді. Үндемес қойшының да иінінен қара ала шекпен түсіпті, омырауында күн нұрымен тайталасқан жалтырауық тай тұяқ моншақ. Өзі күйленген соң, астындағы атының да бабын күшейтіпті.

Үйден шай ішіп, қызара-бөртіп Сейіс шықты. Оған ілескен екі-үш адам көк ала дөненнің қасына келді. Ар жақ-бер жағына алма кезек шығып қарап, ауыздары жалп-жалп етеді. Бұлардың не істегелі жүргенін білмей көк ала дөнен дірілдеп тұр. Сейіс атының тізгінінен ұстап, қызықтаушыларға күлімсірей қарайды. Бұл оқыранып қойды. Сейіс жалт қарады. Тұрды-тұрды, сосын барып таныды. Қасына келді. Бұ да ұмтылып мойнын созды. Сейістің әр күс, әр мүйізіне дейін таныс аялы алақаны мандайын, құлақ шекесін, жағын, жалының орнын сипап көрді. Өзі қартаяйын деген бе, әлде бұның мына түрін көріп, көнілі бұзылып кетті ме, шодырайып тұрған соқыр көзінің тұсына келгенде қолы қалтырап кетті. Көптен бері бұның етіне тиген аялы алақан. Бәйге торы қимай тұр. Бірақ Сейіс бұның жағынан еркелете қақты да, көк ала дөненге қайтып барды. Тұсауын алып, атына мінді. Сосын бұл жаққа бір қарады да жүріп кетті.

Көк ала дөнен суреттей. Мүсінді жылқы екен. Тойнақы денесін ұйыған қатықтай дірілдетіп, аяғын да сұлу алады. Ауылдан былай шыға аяңға басты. Бұл қылт-қылт жүрісті сұлу көк дөненнің соңынан сүйсіне де, мүсіркей де қарап біраз тұрды. Көк дөнен көкжиекке барып сінді. Бәйгеторы құлағындағы дүбірдің не дөн асып кеткен бәйге дөненнің дүсірі екенін, не күннен-күнге меңіреу тартып бара жатқан, қалжыраған кәрі жүрегіннің дүрсілі екенін ажырата алмады.

БІР ШОҚ ЖИДЕ

*Не все ли равно, про кого говорить?
Заслуживает этого каждый из живших на земле.*

И. А. Бунин.

Жиде сайғақ шаншылған қызыл төмпектің құбыла бетіне ши барқыт бешпет-шалбары бар имек мұрын тарамыс шал жер тізерлей жүгініпті. Түсініксіз арабы сөздерді сағыздай созып күнірене әндетеді. Басындағы күн жеп тастаған мауыты қалпақтың оң самайынан жылтырап көрініп тұрған ақ атылас астарынан «Люкс» деген ирек жазу сығалайды.

Кеңірдектен шыққан қоңыр мақам кенет баяулап, тісі түскен кәрі кісінің ысылы көп шұлжің әңгімесіне ұласты. Қос тізеге жарыса құлаған салалы саусақтар көкке көтерілді. Сосын бір шөкім ғана сопақша бет-ауызды салғырт сипап өтті. Иmek мұрын қара шал жылан көздене жылтырайтын қағанақ көзілдіріктің ар жағында манадан бері етпеттей сұлап жатқан селдір кірпіктерін кілт тікірейтіп жұрт жүзіне үнілді.

— Халайық, Сұрапалдыұғлы Тілеу қандай адам еді?

Қызыл төмпектің аяқ жағында мырс-мырс жылап отырған күлте сақал кісі:

— Жақсы адам!— деп тұншыға кемсендеді.

Аядай зираттың бір пұшпағындағы кішкене шоғыр жарыса тіл қатты.

— Жақсы адам! Жақсы адам!

— Сұрапалдыұғлы Тілеуде қайсысыңның алмағың бар еді?

— Жок, жоқ!

Үркердей топ орындарынан дүркірей көтерілді. Күлте сақал шал ғана созалаңдап тұрып болмады. Әлгінде ғана өздері жан-жақтан жапа-тармағай топырақ атып үйіп салған қызыл төмпекті қия алмай тұрғандай.

Иmek мұрын молда ық жакқа қатар түзеп тоқтаған қоранын шала сүрген тақтаймен биіктеткен екі жүк машинасының біреуінің кабинасына жайғасып үлгеріпті. «Ау, болсандаршы енді!»— дегендей күлте сақалға түксие қарайды.

Күлте сақал қызыл төмпекке тағы бір уыс топырақ қосып, алақанын жүре қағып, жұртқа ілесті.

Екі машина дәл бір уақытта от алды. Кішкене зираттың төрт-бес құлпы тасы селтиіп-селтиіп соңдарынан қарап қапты. Ешкім артына бұрылған жоқ. Күлте сақал құлағын түріп қояды. Марқұм көрінен атып тұрып, соңдарынан: «Ау, аға-

йындар, қайда тастап барасындар?» — деп, қолын бұлғап жүгіретіндей. Бірақ, бүк түсіп жатып алған сұрқай кеңістікте құмақ жолды ауырлап ыңыранған қос машинаның бір сарынды гуілінен басқа үн естілмеді.

Он үш — бір мүшел, жиырма бес — екі мүшел, отыз жеті — үш мүшел, қырық тоғыз — төрт мүшел, алпыс бір — бес мүшел, жетпіс үш — алты мүшел, доңыз — бір, тышқан — екі, сиыр — үш, барыс — төрт, қоян — бес...

Жарықтық Тілекен биыл жетпістің сегізіне қарап тұр екен. Күні кешеге дейін қозының торсығындай кішкене көрігін басып, сексеуілдің шоғына маңдайы шып-шып терлеп, тық-тық темір соғып отырушы еді. Үйі де мұнтаздай. Атам заманғы теру алашалар жаңа ғана тоқылып жайылғандай жалтырайды да жатады. Маңайынан бір тал шөп, не бір сабак жіп көрсе, Тілекен құдды бір шаян ұстағандай, құмырсқа бел шымшуырымен қысып ап, көріктің астында жайнап жатқан қызыл шокқа лып еткізіп салып жіберуші еді.

Қашан көрсең де — үстінде астарына елтірі сырыған ықшам кеудеше, жалпақ жаға ақ көйлек, басында — кенересіне қатырма сап көтерген қара тақия. Қысыңқы қой көзін шокқа ұсталған шойын бақыраштағы көз жасындай мөлт-мөлт сұйықтан аудармайды. Сәлден кейін тұзағына торғай іліккен баладай, қолындағы ұзын сап бақырашты лып еткізіп тартып алып, оң жағындағы қопсытулы су топыраққа тығып қойған кішкене қалыпшалардың біреуіне шор еткізіп құя салады. Бақыраштың түбіндегі қабыршық-қабыршық қара қоқыстың үстіне бір шенгел мұздай топырақты шашып жібереді. Сосын қобдиын ақтарып, бұдыр-бұдыр бедер тастың біреуін тауып алады. Әм қатып үлгірмеген былқылдақ құйма күмістің бетіне басып, ағаш балғамен тықытып ұра бастайды.

Тілекен есігінен аттаған адамның сәлемін алады да, шұбалтып амандық-саулық сұрасып жатпайды. Келген кісі де зергердің назарын бағып, тіл қатуға қаймығып қипақтап қалады. Ол үйге сөйлей кіріп, сөйлей шығатын тек Күдері. Екеуінің арасы бір жас. Бірақ, бірін-бірі құрдас тұтады.

Кен маңдай, қоңқақ мұрын, алақандай көзінің аласы мол, күлте сақал. Күдері иығына малынтып шапан жамылып, басына сәлде де емес, емес те емес қып, тығырықтап шүберек орап жүреді. Есікті серпіп ашып кіріп келеді де, сәлем де жоқ, сауқат та жоқ, состиып:

— Тықытпай, тастасай әрі. Басың қайтып ауырмайды, — дейді.

Аршындай басып төрге шығады. Кебісін сосын барып шешеді. Тілекен қолындағы шымшуырман құрдасының аяқ киімін бір-бірлеп қысып-ап, босағаға жітіреді.

Қонақ төрге отырар-отырмаста қалтасынан шақша суырады. Алақанына бір уыс қып насыбай төгеді. Өндіршегін әнтек

созып қолындағы қара барқын ұнтақты аузына лақ еткізіп құя салады.

Тілекең балғасына қарап басын шайқап, бір мырс етеді. Қасындағы тайпақ жез шылапшынды құрдасының алдына қарай сырғытады. Күдерінің шылапшында шаруасы шамалы, астындағы алашаның бір жақ бұрышын көтеріп, шырт-шырт түкіріп жантая кетеді. Аузындағы насыбайы сорыққанша үндемейді. Біраздан соң барып, шырыны кеткен көк жентікті табалдырыққа жеткізе бір-ақ ытқытып, шалқалай құлайды. Иығындағы шапанымен бетін тарс бүркеңіп алады да, сәлден кейін шаңқ ете қалады.

— Ау, меңіреу-ау, ең болмаса, ауыл-үйдің амандығын сұрамайсың ба?

Зергер тағы бір мырс етеді.

— Ішін жарылып келгенде, бұл құлағыңды ұрайын, ең болмаса, ерінін қимылдатпайды-ау. Ау, меңіреу, шешең саған талғағанда құдай біледі, сақау біреудің сарқытын жеген.

Күміске тиген ағаш балғаның көмескі тықылынан басқа үн жоқ. Күдері шыдай алмай құрдасы жақ жамбасына аударылады.

— Әй, сен біздің қатынды білесің ғой!?

Зергердің қияқ мұрты жыбыр ете қалды.

— Оның оң жаққа түскен соң төрт жыл жүріп барып көтерген баласы Төрткілбайды да білетін шығарсың?

Күдері құрдасына алақандай қызыл көзінің бар сұғын түгел тіктейді. Анау «сұрағың бар болсын» дегендей басын шайқайды.

— Оның ең болмаса бала қорқытатын ызғары бар-тұғын. Органшым Алшынбекті білетін бе едің?

Зергер өзін сынай қарап жатқан құрдасына қырын бұрылып отырады.

— Әне, өзіме тартқан айналайын, сол еді ғой. Үй түгілі ел ұстайтын алтын азаматым еді ғой. Балалар айтып келетін, мына Тасқараның Төкені есеп шығарғанда содан көшіріп алады деп. Сөйткен майқұлақ Төкен бүгінде совхоз директоры. Жер үстіндегі жиналыстың ешқайсысы онсыз өтпейді. Алматың түгілі Мәскеу аузына қарайтын көрінеді. Біздің ауылдың қатын-қалашының да естімейтіні жоқ. Сол үйдегі келін әлгі артист қыздар көйлек қылып киетін жылтырақ матадан балағын салаңдатып іш киім тігіп апты дейді. Төкен екеш Төкенге дейін совхоз билегенде Алшынбек жаным дүркіретіп ауданды билеп отырмас па еді. Бірақ, жақсы құдайға да керек. Оны маңдайымызға сиғызды ма? Ал, енді мына қолындағы шіркін жасы қырықтан асқанша сол шикі өкпе қалпы. Одан қатын-бала түгілі оң жақтағы қызыл тазы сескенбейді. Есікке қуса, төрге қашады.

Зергер тағы бір мырс етеді. Күдері шапанының астынан

басын сопаң еткізіп көтеріп алады да, құрдасына ала көзімен ата қарап, теріс аунап түседі. Тілеудің не өзін мысқылдап, не баласын мысқылдап мырс еткенін біле алмай, көпке дейін тым-тырыс жатады.

Тық-тық балға даусы. Күдері бір сарынды тықыл жүйкесіне тигендей орнынан атып тұрады. Зергердің қасында жатқан шымшуырды ап, босағадағы екі кебісті өзіне қарай тартады. Мәсінің сыртынан сұға сап, қалтасынан тағы да шақшасын алады. Тағы да аузына насыбай салады. Тағы да зергер жаққа көз тастайды. Сосын зірк еткізіп бір түкіреді. Орнынан шиыршық ата ұшып тұрып, киіз үйдің шымырулы ши есігін тарс ұрып шығып кетеді.

Тілеу сонда барып басын көтереді. Төрге қарайды. Құрдасының орнында қалған шөп-шөңге, жіптің сабағы болса, шымшуырмен іліп ап, отқа ытқытады.

Тілеудің сол отырысы отырыс-ты. Көптен солай-ды. Тіптен туғалы солай-ды. Бірақ, бармағынан бал таматын шебердің жүк аяқтың астындағы ағаш қобдиды әрірек ысырып тастап, қара көрікті көрмей кеткен тұсы да бар еді.

Соғыс басылды. Аман қалған ер-азамат елге қайтты. Кебежелердің түбіне тығулы қалған-құтқан күміс жарыққа шықты. Қара көрік пен қара шалдан мігір кетті. Есіктен қолқашы кіргенде көкірегі шым ете қалады. Дін ашып үндемейді. Ұзатылатын қызға көйлек пішкен сайын кемпірі Зейнептің де өңі қуқылданып сала береді. О да сыр алдырмайды. Кеш болса сығырайма керосин шамның күнгірт жарығында тігін машинасына үніліп сығырандап отырғаны.

Жаңғыз балалары Тілепалдының еш хабары шықпай қойды. Әр кім әр саққа жүгіртеді.

Күлте сақал Күдеріге айтқызсам: «Алшынбекжан екеуі оқуға келгенде судай ағады. Сүйегі асыл кісіні орыс танымаушы ма еді. Командир қып «айт», «два» деп айқайлатып қойған шығар. Еті пысық, көзі ашық жігіттерді әскерге алып қалындар, ауылға қолынан шыбыртқы ұстағаннан басқа ештеңе келмейтін можан-топайларды ғана қайтарындар деп мұртты шалдың өзі айтыпты ғой. Әй, ол құрдасымыздың да білмейтіні жер астында шығар-ау».

Тілеу көрігін күс-күс басып отырып ойға шомады. «Солай болса солай-ақ болсын. Бірақ, осыншама ақылымен төрт жыл қан кешіп аман қалған боздақтарды екі көзі төрт боп отырған ата-аналарына ең болмаса бір көрсетіп алу керек екенін нағып білмейді...»

Күлте сақал Күдерінің естімейтіні жоқ. Жоғалған түйесін қарап ауылдан бір қадам шықса болды, жер-жаһанның бір қап хабарын алдына өңгеріп қайтады. Бірде көзінің алды көк жалқынданып иіні түсіп оралды. Зерен толы шұбатты орталай бере кенкілдеп жылап жіберді.

Зейнеп айран-асыр.

— Мына су аяққа не көрінді-ей!

Тілеудің мұрты әдеттегідей жыбыр ете қалған жоқ.

Күдері зереңнен басын көтеріп алды.

— Тап баяғы соғыс басталған жылғыдай. Күллі қала сенделіп кеткен. Әлгі әмірқан есерсоқтар дүниені қаран суға алдыратын бомбы таптық, енді қызылдардың көзін құртатын болдық деп, тақияларын аспанға атып жатыр дейді. Содан жер үстінің барлық қауға бас ғалымдары жұмыр басты пенденің бәріне түп-түгел хат жазып: «Жан керектерің соғысты болдырмаймыз деп осы қағазға қол қойыңдар»,— деп дұғай сәлем жолдапты. Почтаның көлеңкесінде бір бала мені де ұстап ап, бармағымды бастырып алды.

«Е, әліпті таяқ деп білмейтін сенің бас бармағыңның батпаған табын көрген соң, қанша есерсоқ болғанмен әмірқандар да аяқтарын тарта жүретін шығар...».

Тілеудің мұрты жыбырлай жөнеліп еді, құрдасының көзіндегі жасты көріп кідіріп қалды.

— Біздің балалардың әлі оралмай жатқаны тегін болмады. Имек мұрын салық агент айтады. Биылғы күз қауіп дейді.

Тілеудің көкірегіне әлдекім мұздай су шашып жібергендей. Зейнеп теріс айналып кетті. Күдері де сөзден тыйылды. Үш қария состиып-состиып отырып қалады.

Ол жылы күзем алған бойда ағыл-тегіл жаңбыр жауып арық-тұрықты қырып кеткені болмаса тыныш өтті. Шар тарапқа түгел елендеп жүретін Күдерінің көңілі тізеден аса қалың қар жауғанда барып орнына түсті. Оған жау жер аяғы кеңігенде жанданатындай, қыстың көзі қырауда қай антұрғанда басын бағып жатып алатындай көрінетін.

Қансонарда тазы ертіп түлкі аулай шығып еді, жолдағы қалың жықпылдардың ешқайсысына бұрылмай, салып ұрып құрдасының үйіне келді.

— Ау, үндемес, не естіп, не білдің?

Бажырая карап біраз отырды. Есіктен қауқылдай кірген құрдасынан Зейнеп бір жақсылық хабар күткендей телміре қапты.

— Әлгі күшіктердің неге үндемей жатқанын енді білдім. Имек мұрын агенттің жоғалып кетті деп жүрген інісі табылыпты. Ту Сібір асып кеткен екен. Бұрынғы күйеуінен кішкентай қызы бар бір маржаның етегінен ұстапты. Құр тақым қақсып жүргенде құлынды биеге қолы бір-ақ жетіп әбден қарқ боп қапты. Жіберген суретінде екі езуі екі құлағында, мәз-мейрам боп тұрған көрінеді. Біздің балалар да қашанғы қу тізелерін құшақтап жүрсін. Қыз айттырып әперетін екі қара шал қастарында жоқ. Олардың да бастарын бір-бір Маруся айналдырып алған ғой шамасы. Оны айтып жазуға, ел-жұрттан ұялып тым-тырыс жатыр. Көрерсің де білерсің, дәл солай.

Ошақтағы оттың табына алақанын төсеп үнсіз қалады. Біраздан соң қараптан-қарап отырып осқырынады.

— Жасық неме... Көп болса немерелерімнің көзі көк болар. Көп болса, келінім дәрет суымды жылытып бермес. Одан несіне қаймығады екен! Нағашысы жаман жетесіз неме...

Құрдасының мына сөзі Тілеуді де күйзелтіп кетті. Қайта-қайта қолы жаңылып, ісі өнбей қойды. Көз алды мұнарыта берген соң құралдарын жинап, төр алдында қолын тарақтап жатып алды. Құлағына жастайынан естіп келе жатқан үйреншікті дауыстар келеді. «Бағың жансын», «Есесі алладан қайтсын», «Дегеніңе жет», «Үбірлі-шүбірлі бол»... Сонау қара құманға әлі жетіп, үлкендердің қолына су құйғалы естіп келе жатқаны осы. Ер жетіп іске шұқынғалы да алдына келген қолқашының назарын жығып көрмепті. Содан ба жұрт сәл нәрсеге бола жер-көктің алғысын түгел жаудыра жөнеді. Тілекен еткен еңбектің адамнан қайтуы, алладан қайтуы дегеннің қандай болатынына тіпті түсінбейді де. Ал, соңғы алғыс құлағына майдай жағып бара жататын сияқты. Үбірлі-шүбірлі болғанның түсінбейтіндей несі бар. Жан-жағында біреуі етегіңе, біреуі жеңіңе жармасып, тұмсықтарын корс-корс тартып өншен қара домалақ толып жүрсе, тапқан-таянғанын солардың несібесіне бұйырса, жаман айтпай жақсы жоқ, ертең о дүниелік боп кеткенде де, бабамыз еді-ау деп басына топырлап, бір-бір уыс топырақ салса, бағыңның жанғаны емей немене. Түсі екеш түсінде де қаптаған қара домалақ қамап алады. Олар кейде біреуі егеуін, біреуі шапқысын, біреуі қайрағын ұстап, қобдиын ақтарып отырады. Кейде кекілдері жалбырап қақпан қарап қайтқан мұның алдынан жарыса жүгіріп шығып жүреді. Кейде астарына бір-бір ат мініп көсіліп жатқан кең даланың тұс-тұсына құйғыта шауып бара жатады. Түсінде — төрі опыр-топыр шат-шадыман. Ал көзін ашып алса болды — сол бір мұнтаздай тап-таза төр, тып-тыныш үй. Ай даладағы жалғыз үйдің белдеуінде өзінің шабдар тұғырынан басқа ат та көрінбейді.

Ондайда Тілеудің көнілі құлазып қоя береді. Тәйірі, пенде пақыр мынау қотыр тайдың құйрығындай шоп-шолақ дәуренінде еріні тұшып перзент сүйгеннен басқа баянды не көреді. Басқасының бәрі мұның қыз-қырқынға соғып берген әлекей-күлекейіндей алдамыш бірдеңе емес пе. Тірінде көзінді қуантып, өлінде аруағынды ырзалайтын перзентке не жетсін. Ең болмаса, ит жығыс түсейін деп өнер сатып, бедел сатып, абырой сатып қанша тайталасқанмен бәрібір жеңілмей қоймайтын өзекті жанның уақыт алдындағы жаңғыз ұтысы ұрпақ қана. Оның мынау қара жердің бетіндегі тыртаң-тыртаң қимыл-қыбырының ең мәндісі — сол артында қалар ұрпақтың аузына аз-күн ырзық болсын деп еткен еңбегі ғана. Төккен терің, еткен қайратың одан да асып түсіп жатса, о да бәрі бір

сол ұрпақтың мерейін үстейді. Ал, олай асып төгілмей-ақ ошағыңның басындағы қызыл қарындарды ырзалауға ғана жарап жатса да, мынау ұлан дүниеге келіп-кеткеніңнің бекер болмағаны. Өзінің соңында Тілепалдыдан басқа қара ермеді. Ол да, міне, қасында жоқ. Ендігі тілегі сол өзіне бітпеген көп ұрпақ Тілепалдыға біткей. Бұл алған көп батамен сол көгергей...

Адам да қызық қой. Бойдақ кезінде қыздың ең сұлуы өзіне бұйыратындай, балаңның ең жақсысы өз беліннен өрбитіндей көресің де тұрасың. Енді өзіңнен қайран кеткенде сол үріп ауызға салғандай бұлдіршіндерді баламнан сүйем деп дәметесің. Кісіге қимайтыныңды балаға қиясың. Өзіме бұйырмаған балама бұйырады деп тәубе етесің. Құдай тек қу басыңды сопитып ұрпақсыз қалғаннан сақтасын. Онда тәубе екеш тәубеден де мақұрым қалғаның ғой.

Көлденен көзге жағы ашылмайтын Тілеу жалғыз да болса Тілепалдысы барына шүкірлік етеді. Тілепалдысы аман болса әлі де көбейетіндей, көсегесі көгеретіндей көреді. Ауыл үйден сүйкімді нәресте көрсе, ішінен: «Шіркін-ай, менің немерем де осындай болғай еді», — деп тілейді.

Енді мынау қайдағыны көйітіп жүретін сусылдақ неменің әлгі бір әңгімесі көз алдында көптен мөлдіреп тұнып тұрған сол бір әдемі суретті желді күнгі көл бетіндей астан-кестен шайқап өткендей. Қапелімде не істеп-не қоярын білмеді. Баяғыдан бергі митың-митың тірлігі аяқ астынан тәрк боп шыға келгендей. Мұндайда ой екеш ойдың өзі әншейін далбаса көрінеді екен. Кенірейтіп отырады да қояды. Тоң-торыс жатады да қояды. Түннің бір уағында барып кірпігі айқасады. Түсі де бір бедерсіз бұлыңғыр бірдеме. Солай бір-екі күн өз қиялынан өзі адасып мәңгіріп оянады. Келе-келе түсінің ұлы жобасын айыратын болды. Бір селеу шаш балалар төрінің алдында мұның қашанғы қара қобдиын астын-үстіне шығарып ақтарып отырады. Кейде қатар шалдары немерелерін ертең қараңа шошқа сойып, жаназанды шығарған молдаға торайдың басын тартатын шығар деп мазақтап жүреді. Содан кейде омырауы шылқып оянады. Ал, күндіз қара төс пен қара балғаның бір қалыпты тықылын тыңдап отырып: «Несі бар? Түсі сары, көзі көк қазақтар аз ба? Соларды түбің шикі деп кім елден қуалап жатыр? Ертең дүние ауып кеткенде артында тігерге тұяқ жалғызының көзі қара не көк болсын «көкелеп» етегіне жабысатын төлі қалса болмай ма!» — деп ойлайды.

Ондайда Күдерінің оданылау сөзін естігенде жыбырлап қоя беретін мұртына бір жұмсақ діріл жүгіріп, бұлшық еттерінің бәрі-бәрі босаң тартып қоя береді.

Қыс та кетті. Көктем де шықты. Тілеу жапырайған жер қазбаны тастап, тепсеңге киіз үй тікті. Бір күні төңіректен

томарша жиып қайтқан Зейнеп жал басынан үш-төрт қарайған көрінеді деп келді.

Томаршаларды қазандық жаққа дүркіретіп төге сап, қайта шығып кетті.

— Шал-ау, әлгі қарайғандар көрінбей қалды.

Сәлден кейін тағы үн қатты.

— Ауылдың желкесіндегі ойдан кеу-кеу дауыс шығады. Солар болар.

Тілеу бір сәт ойланып қалды. Ұлы құмның бұл тұсында қыста ел болмайды. Мал сонау түлейі көп қалыңға қыстайды. Шілде түсе пішеншілер келеді. Оған дейін бұл маңайда жайдақ үстіртке жалғасар пұшпақтағы қорықшы Күдері екеуінен басқа қара жоқ. Күдерінің ауылы бұл арадан бір күндік. Бейуақ жүрген бұл не қылған төрт-бес атты. Тегін болмас. Тілепалдыжан емес пе екен...

Шалдың қолы дірілдеп кетті. Қасындағы шымшуырды ұстай ап, көрік астындағы шоқты қозғады.

Зейнептің де үні өшкен. Ат дүсірі жақыннан шықты. Дүңкілдетпей іргеге кеп тоқтады.

Зейнеп есікті көтерді. Күдері бастаған төрт-бес шал сәлемдесіп төрге озды.

Тілеу ернін ғана қимылдатты. Шоқтағы шымшуырды суырып алды. Уысын сығымдай түсті. Ортадағы имек мұрын қарасұр кісі сөйлеп отыр. Ұзақ сөйледі. Күдерінің көзі күндегіден де қып-қызыл. Күлте сақалы су-су. Күйген шүберектің иісі қайдан шығады... Омырау тұсы оқыс жылып барады. Тілеу сонда байқады — қып-қызыл шымшуырдың ұшы көкірегіне жабысып қапты. Ақ көйлегі шұрқ тесіліп жанып жатыр. Қолындағы темірді лақтырып жіберді.

Содан көкірегі тызылдады да жүрді. Біреу омырауын тызылдатып шоққа қарып жатқандай. Бірде көйлек жаңартып отырып төсінің басына жарыса түскен екі ай тыртықты көрді.

Түсіне енді қобдиын шашып ойнап отыратын селеу шаш балалар да кірмейтін болды. Бұрын көзін жұмса-ақ, бұған қарай саусағын шошандатып, ауыздарына келгенді оттай жөнелетін кемиек шалдардың да көмейлеріне құм құйылыпты. Енді тіпті түс те көрмейді. Өнінде де ешкімді де, ештеңені де байқап жатқан жоқ. Төңірегінде көз тоқтатындай не бар... Адыра қалған айдала... Тұлдыр кеңістік...

Қобдиының да көкке ұшып кеткенін, не жерге сіңіп кеткенін білмейді. Әйтеуір есіктен қымсына кіріп, қымсына шығып жатқан қыз-келіншектерді көзі шалады. Оларға кемпірінің бұны иегімен меңзеп бірдене деп жатқанын байқайды.

Онсыз да үндемес кісінің енді тілі біржола қырқылғандай. Жан дүниесін жапырып жайпай келген жаманат тұсында шықпай қалған ащы жас көзінің алдына шемен боп байлан

ғандай, тіршіліктің шын кескін-келбетін көлкештеп көрсетпей тұр. Ошақ бағып омалып отырған көтерем шалдың көкірегіне бір көк жұлын дүлей кіріп кеткендей. Бүйтіп тырп етпей отыра берсе, көтеріп көкке ұшырып әкетердей. Күн санап кеулеп барады. Бұл тістеніп бағады. Дем шығармауға, үнілемеуге тырысады. Жер табандап қос шеңгелін қыса түседі. Сол дүлей бір жолата жарып жіберсе, осы үндемеген қалпы, осы тырп етпеген қалпы, осы отырған жерінде табан серіппей қата қалуға пейіл.

Бірақ қаскүнем дүлей бұны жармады да, қоймады да. Өңінде тістеніп сыздап отыратын Тілеу ұйықтап жатып өксітінді шығарды. Көзі дымдана бастағанда шошып оянады. Сосын таң атқанша кірпігі айқаспай бақыраяды да жатады. Іштегі тұншыққан дүлей бүйте берсе қол-аяғын байлап домалатып тастардай. Тұла бойы сіресіп қалады.

Баяғыда Өтеу атасы да жеті ұлынан айрылып, құм арасында жалғыз үй қалғанда пәлен ай бойы ерін жастанып, ай балтасын құшақтап, іргеге қарап жатыпты да қойыпты. Күнітүні шашын жайып дауыс етіп отырған әйеліне қосылмапты да, «қой» демепті де. Ащы зарға құлағының үйренгені сонша, тіпті, әйелі ұйықтап жатқанда да, құлағынан көкіректі қарс айырардай өксік ызың кетпейтін бопты. Бет-аузы жыбырлап, өне бойы сүлік сорып жатқандай солқылдайтынды шығарыпты. Пәлен уақыттан бері жүректің басында тұрып ап, шықпай қойған ащы жас босанатын жол таба алмаған соң шыдамды батырдың жүйке-жүйкесін шымырлатып шамырықтыра бастапты. Зарын айтайын десе, қанша дегенмен аты ақ жаулық, әйелінен ұят. Төзіп бағайын десе, булыққан нала буын-буынын алып тобан аяқ қып тастар түрі бар. Өтеу амалсыз ай балтасын беліне қыстырып үйден шығады. Жиде өскен тепсеңді бетке ұстап жүріп кетеді. Кешқұрым қу томар сүйретіп қайтады. Тентек шалының не істегелі жүргеніне түсіне алмай кемпірі дал.

Өтеу сүйреп келген томарын қауынның қабығындай жұп-жұқа қып тіледі. Сосын су бүркеді. Бойындағы нәрінен түгел айрылып дыңылдап қатып қалған қу ағаш қапелімде илікпейді. Кәрі батыр оған қарамайды. Екі ұртына су толтырып ап, ертелі-кеш бүркеді де отырады. Қу шабақ бірте-бірте қоңыраяды. Енді оларды ортан белдерінен ауыр бірденемен бастырып, дымқыл топырақпен көмеді. Әлденеше күннен соң шеңбірек атып иілген көк шабақты қайта суырып алады. Қалған жерін тезге сап түзеп, иінін келтіріп, қырнап-жоңып, бір-біріне жымдастыра бастайды. Кәрі батыр қылп-қылп еткен алмас қанжарын ағашқа салады. Күндердің күнінде дөңгеленіп домбыраның шанағы шығады. Оның бетіне жұп-жұқа қылп қақпақ салады.

Өтеудің ең соңғы баласының қазасына жыл толарда ұзын

сап, даңғыра бас, қоңыр домбыра іргеге сүйеулі тұрады. Кемпіріне садақа шалатын ор марқаның ішегін айнадай қып тазалатады. Одан иіртеді. Одан ыздыртады. Пәлен күннен бері керсегенің басында қаңсып тұрған домбыраға перне байлап, ішек тағады. Сосын ор марқаның етін түгел астырып, бесін ауа табақ көтеріп, кемпірі екеуі ауылдың алдындағы бұлтын төбеге беттейді. Қаз-қатар тізілген жеті төмпектің бірінен соң біріне жер тізерлеп құран оқиды. Жабулы табақтың бетін ашып, бір-бір шұқып ауыз тиеді. Артынан қолдарын жайып табаққа бата қылады. Маңайда дәм татыратын ешкім жоқ. Иіс қып әкелген бір табақ етті моланың басына тастап, шұқыр ойда жападан-жалғыз жапырайып тұрған үйлеріне қайтады. Шал алда, кемпір артта. Намаздыгердің ербиген екі көлеңкесі бір-біріне еріп келе жатады.

Өтеу келген бойда төрде тұрған домбыраға қол созады. Қылыш пен найзадан басқа ұстап көрмеген ебедейсіз саусақтардың сәл тиіп кетуі-ақ мұң екен, қу шанақ, бебеулеп қоя береді. Пәлен айдан бері көмейін бітеп тұрып алған өксік зар көкірегінен ағаш шанаққа ақтарылғандай. Мең-зең денесі жеңілейіп барады. Көз алдында көлкештеп тұрып алған соқыр тұман ашылайын дегендей. Тартулы жақтай сіресіп тұрған кәрі жүйкесі жұмсарып барады. Еңірей төгілген зарлы саз сай сүйегін сал-сал кеміріп ала жөнелгені.

Кенет құлағына кеңк-кеңк дыбыс келді. Шошып кетті. Домбыра шанағындағы қолын жұлып ап, көзіне апарып еді, құрғақ екен. Дағдарып отырып-отырып, кемпіріне қарады. Ол екі бүйірін таянып ап, теңселіп жылап отыр.

Өтеу қолындағы домбыраны тізесіне сап морт сындырды. Еркек көзінің жасын басқаға көрсетпейтіні сияқты көңілінің зарын да ешкімге естіртпеуі керек еді.

Дініне берік кәрі батыр ішіндегі алапат наланы айдалада қасында қалған жалғыз серігі кемпірінен де жасырды. Бірақ, жүрегінің басында бүк түсіп жатып алған зіл батпан еңсесін бәрібір көтертер емес. Дәл өңменінен қадалған шаншу көкірегін тесіп шықпай тынар түрі жоқ.

Кемпірі отын алып, мал қайырып сыртқа шықты-ақ, ол үй сыртында жинаулы тұрған тұл отаудың біреуінен сағанак қақыратып алады да, ішін үңгіп сырнай жасайды. Аңадайдағы жал басынан кемпірі қылт етті-ақ, қолындағы сырнайды қат-қат қып жинап қойған ыс туырлықтардың арасына сүңгітіп жібереді.

Қаралы үйдің сығанағынан жасалған сырнай шыққыр болады деуші еді. Рас екен. Ерніңе апарсаң болды, сарнай жөнеледі.

Шалының құпиясын кемпірі де біліп алды. Енді тезек терген боп, шағыл асып кетіп, аңыраған сырнайға қосылып жылап-жылап, шерін тарқатып қайтады. Келсе — Өтеу түк бол-

мағандай төр алдында көлбеп жатады. Кемпірі ертеңіне үй алдында жал-жал тезек үюлі тұрса да, сәске болар-болмаста қолына қап ұстап, ауыл сыртындағы айғыр жалға қарай бүкшендей жөнеледі.

Батыр көп ұзамай кемпірінің айласын сезіп қойды. Енді ол сырнайын қойнына тығып, жиделі тепсеңге кететінді шығарды. Оңаша бұлақ басында жападан-жалғыз құмарынан шыққанша сырнай шалады. Күн еңкейе сырнайын бір шок жиде тоғайының қасындағы көне әулиеге жасырып, үйіне қайтады. Бір күні сырнайының орнын сипап қалды. Ол маңға ұшан дала мен хан базардың арасына айда-жылда бір қатынап тұратын қалашылардан басқа ешкім соқпаушы еді. Өтеудің сырнайы соларға бұйырса керек.

Керуенді бастап келе жатқан күйек сақал кісі балаға зекіп тастады.

— Елді шошытарсын. Жітір найсапты.

Жалақ-жалақ көңтік ерін түйекеш бала қолындағы сырнайды жалма-жан қойына тықты.

Ертесіне ауыл сыртында, жал астында өңеші үзілгенше үрлесін-ай кеп. Аңнан қайтып келе жатқан Ақпан қалт тоқтай қалды.

— Қолыңдағыны қайдан алдың?

Бала жөнін айтты.

Екі аяғы жер сүзіп келе жатқан еңгезердей еркек атының жалын күшып жылап бара жатты.

* * *

Құдайға өкпелеп айдалада жалғыз қалған қайсар ағасына Ақпан бір баласын апарып берді. Ол — Сақтап аталары. Сақтап он алтыға шыққанша кәрі батыр сыр бермейді. Төрінен үіл шыққан соң, еңкейген белі жазылып, бойын тіктейді. Үй мен малға қарайды. Баласы ат жалынан тартып мінгенше күйрығы жер иіскемейді. Сақтаптың өз қолы өз аузына жеткенін көрген соң кескен теректей бір-ақ құлайды. Сақтап бір күні қақпан аралап қайтып келе жатып күңіренген тосын сазды құлағы шалады. Аңшы жігіт аңырып тұрып қалады. Күй біткенше, тырп етпейді. Бір уақытта қара жердің көкірегін қарс айырып шығып жатқандай өксік үн талықсып барып басылады. Есіктен енді аттай берген Сақтап іргеге сүйеулі домбыраны, биік төсек ағаштың басынан мойыны салбырап кеткен боп-боз Өтеуді көреді. Әлгі күйді мұның көзінше домбыра ұстап көрмеген әкесі тартқанын сонда біледі. Сақтаптың өсе келе ділмар аты тарайды. Абайламай ел ақтап жүрген бір бақсыға тілі тиіп қарғысқа ұшырайды, баласы тұрмайды. Алпысында көрген ең соңғы нәрестесін қырық қазанның астынан өткізіп, қырық әйелдің емшегін емізіп, жаңа күшіктеген қызыл қан-

шықтың бауырына тастап, атын Сырттан қояды. Бұрын найза ілінетін төрге алғаш рет көрік ілген де сол Сырттан. Ол өскен тұқым ғой деп он екі ата бай ұлының бес руынан бес қыз алады. Бесеуінен не ұл, не қыз сүймейді. Шаңырағы құлауға айналған соң көрші ауылдан бір оң жақта жүкті боп қалған қыздың сәбиін ап бауырына салады. Ол — Сұрапалды аталары. Тегі жұмбақ Сұрапалдыға Өтеудің күйі мен Сырттанның зергерлігі бірдей қонады. Қыздан туған қыдырма атанып, күй шалып жүзік соғып, көксауыр жона тігіп, өнерін асырған Сұрапалды перзенттен күдерін үзгесін қайын жұртынан ұл алып бауырына басады. Ол осы отырған Тілеу.

Не де болса мынау қара шаңырақтың астына ойдан-қырдан қияласып қосылған құрамыс әулет әзірге Өтеу ауылының атағын жоғалтқан жоқ. Өтеу ауылы әлі күнге осы жайдақ тепсенде. Иек артпа ілгеріде шешектен қырылған жеті баланың моласы. Күн батыс қапталда — кейінгі әулеттің қорымы. Өтеу тұқымының мынау ұлан-асыр дүниеден иемденгені осы бір екі зират пен бір жұрт. Өтеудің өлі ауылдарының қарасы мол болғанымен тірі аулының қарасы ешқашан төрт-бес үйден асып көрген емес. Онда да тоқалдардың отауларымен көбейетін Өтеу ауылы бабаларындай жеті мүшесіне жеті әйел алуға мүмкіндігі жоқ. Тілеудің тұсында жапырайған жалғыз күрке боп қалды. Отау бөліп қарамды көбейтем деп жүрген Тілепалдысы соғыстан қайтпады...

Тілеу, міне, төр алдында бүк түсіп жатып алды. Сыртқа құлақ түреді — дүние жайбарақат, тек мұның көкірегі ғана әлем-жәлем, төңірек тып-тыныш, мұның көкірегі ғана жұртта қалған ақсақ төбеттей ұлып жатыр.

Шынында да мұның құлазыған көңіліне зар қосқандай сыртта бірдене сарнап қоя берді. Құлағын түріп тыңдайды-ақ. Домбыраның да, кобыздың да, сырнай-сыбызғының да үніне келіңкіремейді. Бірақ, зейін қойып тыңдай түссең — соның бәріне де келетін сияқты. Тіпті бебеулеген бақсыға ұқсай ма қалай... Жоқ... Дауыс еткен қатыннан айнымайды.

Тілеу қазан-аяқ жаққа көз тастап еді — оймақ ұстамаса отыра алмайтын Зейнеп бүкшендеп бірдене тігіп әлек.

Іргеге қарап тоң-торыс жатқан Тілеу әуелі басын көтерді. Сосын есік жаққа қарап, аударылып жатып көрді. Сәлден соң түрегеліп отырды. Ақырында орнынан тұрып есікке беттеді.

Күн желкем екен. Шалғыны жығылған сары жұрт. Алысы-алыста білем-білем шағылдар қылаңытады. Заманында сырлы зерендей тік кенере шұқыр ой тепсең жан-жақтан сусыл құлаған құмаққа көміле-көміле тайпақ тегістікке айнала бастапты. Басын жерден көтермей жайылатын төрт аяқтыға қандай ығының барын бір алла білсін, ал бойын тіктеген екі аяқтыға қалқа болудан қалып та барады екен. Желеңдеу

шыққаннан ба, тұла бойы бір түрлі шімірігейін деді. Аспандағы күн көзіне шүйліге бір қарап қойды.

Сол арада әлгі бір ызың құлағына қайта келді. Ол көк желкесінен қасқыр ұлығандай дыз түршігіп кетті. Төңірегін шолды. Жылмиған жайдақ тепсең сол баяғы қалпы. Анадайдағы итсигектің басында жалпыл қағып жатқан сарғайып кеткен көне газеттен басқа ештеңе көзге түспеді. Машинамен бір тегіс қырқылып өткен тікенек отақ ызғырық желге дірдір етеді.

Аңтарылып тұра беруге арланғандай беталды жүріп келеді. Әлгі итсигек жақын қалды. Жөргектен асар-аспас көлеміне қарап, сірә, аудандық газет боларсың деп ойлады. Қарауытып үш сурет көрінді. Үлкені — көсемдікі. Одан гөрі кішілеу екеуі — біреуі — жердегі әскерді, біреуі — судағы әскерді басқаратын екі сардарыныкі «Жарықтықтардың суретін бұлай аяқасты тастап жүрген қайсысы екен. Әлгі кемпір-ау. Көзіне қарасай найсап. Бір қызылкөз көрсе ғой...»

— Біссміллә,— деп көтере беріп еді, астында белуардан құмға батып жатқан керолин құйылған бөтелкені көрді. Әлгі сарнаған дауыс содан шыққан екен. Түксиіп тұрып қалды. Сосын анадай жердегі күйелеш-күйелеш жер ошақтың тасына бір-ақ ұрды. Сай-сүйегінді сырқыратып сарнаған үн жым болды.

Тілеу үйіне кеп, жылы төсегіне қайта жайғасқан соң сыртқа құлақ түрді. Жым-жырт. Жатып-жатып тағы да тыңдайды — сол баяғы сартап тыныштық. Енді әлгі бір құлағын сарсытып сарнаған үнге де зар болды. Тылсым тыныштық бүрге боп жабылғандай тұла бойы дүр түршігіп кетті. Түнде де басын жастықтан көтеріп тыңдайды. Манағы ызың естілмейді. Әлде бір уақытта есіктің алдындағы күлдің басынан байғыз шықылықтайды. Қуанып шықылықтады ма, жылап шықылықтады ма — назар аударған жоқ. Қуанып шақыратындай — мұның қай келіні ұл тапсын. Жылап шақыратындай ай даладағы екі қу бастың өрем қапқанында тұрған қайғырып қаран су алатындай не бар. Түн баққан, түтін баққан далаңбай құстың далбаса қикылы да...

Көзі ілініп кетіпті. Жұмыртқаның ақ уызындай бір түссіз қоймалжында малтығып жүр. Төңірегіндегі ештеңенің бет-бедері айқын аңғарылмайды. Тіпті өзі де мынау түссіз қоймалжыңға айналып кеткендей. Әлгі кеуденен шыбын жаның ұшып кеткенде шегетін хәлің осы ма екен. Бірақ, бұл нағып теп-тез жантәсілім бола қалды. Әлгі жаныңды қарқараға келтіретін сират көпірі қайда? Асай-мұсайын асынып келетін Мүңкір-Нәңкірі қайда? Бірақ, бұған Мүңкір-Нәңкір не айта алар дейсің. Кешегі ел басына күн туған жоқ-жітік заманда жетім-жесірдің тозғанын бүтіндеп, жыртылғанын жамап алғыс алмаса, қарғыс алған жері жоқ. Жұрты құрғыр: «Деге-

ніңе жет!» «Үбірлі-шүбірлі бол!» деп қақсамаушы ма еді. Бұның тілегі де, дегені де сол соңына қара ергені емес пе еді, Тілепалдының аман келгені емес пе еді... Жұрттан алған ағыл-тегіл батасы мен алғысы ең болмағанда жаңғыз түйір перзентін көзіне бір көрсетуге жарамағаны ма... Бәлкім, әлгі шәйт кеткендер тап болатын пейіші осы шығар. Жұрттан алған алғысы дарып, бұл да пейіштен бір-ақ шыққан шығар. Баяғыда баласын естірте келген имек мұрын молда: «Бір көре алмады-ау деме. Оның күпірлік. Шаһит кеткен періште перзентіңмен, бәлкім ертең таң маһшарда жолығып қаларсың», демеп пе еді. Қазір мүмкін жалғызымен ұшырасар... Төңірегі сол баяғы қоймалжың. Әлгіндегідей мөлдір емес, лайыта бастапты. Жанарының бар нұрын сарқып қарайды-ақ ештеңе көрінбейді. Бұған пейіш керек емес. Жалғызын көзіне бір көрсетсін де, тамұғына-ақ лақтырсын... Төңірегіндегі қоймалжың сарқылған сарсудай қойыла түсті. Бірте-бірте батпақтанып балшыққа айнала бастады. Қара жер мұны біржола обып бара жатқандай. Көкірек тұсы ылжырап, жидіп жүре бергендей. Қорқыныш дейін деуге, өзі осы өлім дегеніңе әлдеқашан пейіл болған адам сияқты еді. Ендеше неге тамағы құрғайды, ендеше неге көмейіне әлдене кептеліп тұрып алады, ендеше неге иегі кемсендейді... Е, жалғызымды бір көре алмай қара топыраққа айналғаным ба деп таусылады екен ғой. Кенет... Астапыралла... Сарнаған әуен тағы да естілді. Төңірегіне құлағын түріп тындайды екен дейді. Қаптай қоршап келе жатқан қара балшық сыз топырақтан ызың шығушы ма еді. Әлгі әуен өз көкірегінен тұншыға шығып жатқандай... Күңіренген көйгөй... Өте бір таныс саз. Тек қазір ғана емес, баяғыдан бері келе жатқан секілді. Жан жағын қоршай ұстаса бастаған сыз қара жер енді бет-аузын көміп барады. Бұл қара суға түсіп, жан-дәрмен бұлқынды.

Қараңғы түн. Түндіктің жыртығынан жұлдыздар жылтырайды. Сырттағы баяу жел басылған. Бұл дәл көзіне дейін кетпей бүркенген қалың көрпені кейін серпіді.

Түсінде естіген тосын саз құлағына әлі келіп жатқандай. Біреу өзімен-өзі тұншыға күңіренетіндей. Тілеу басын көтеріп тың тындады. От жағындағы кемпіріне қарады. Аяқ-қолын бауырына жиып ап, шүйкедей боп пыс-пыс етеді. Қайтадан төсегіне қисайды. Әлгі бір саз қайта тірілгендей. Қара жердің сонау тұңғыық тереңінде әлдекім күй шалғандай. Таныды. Енді таныды. Әкесі марқұмның күйі. Сал ауруға ұшырап төсек тартып жатып, бір күні қасына шақырып алған. Кереге басындағы домбыраны алдырған. Сосын құр қаңқа кеудесін әзер-әзер көтеріп, жүкке сүйеніп отырған. Домбырасын алдына өңгеріп, қаусаған сылбыр саусақтарымен сипалай отырып бір күй шерткен. Әлденеге қатты толқыған адамның ендіккен деміндей әлсіз саз. Бірақ, шанайы саз. Көйгөйлетіп үсті-үсті-

не тартқан. Қайталап тартқан. Сосын домбырасын көрік пен балғадан қолы тимей жүрген бұған берген. Әлгі өзі тартқан күйді тартқызған. Бір емес, екі емес, әлденеше рет тартқызған. Бесін ауа мұның қолының жөндемге келгенін көріп, бас изеп жатқан. Кенет мұның шек қағып отырған қолын бауырына тартты.

— Бұл баяғы Өтеу бабанның жеті ұлдан бірдей айрылғандағы бебеу күйі. Есіңнен шығарып алма. Балаңа үйрет,— деп саусағын ерніне апарды да, көз жұмып жүре берді.

Қолына көптен домбыра ұстамай, есінен, шынында да, біржола шығуға айналыпты. Енді әлгі көмескі саз бірте-бірте айқындала түсті. «Бебеу күй» десе бебеу күй. Бабаулатып қолды-аяққа тұрғызар емес. Апырай, есіне неге бүгін түсті? Әлде ата-бабаның аян беріп жатқаны ма? Тарс айырылып жарылып кетуге қалған жүрегін қалай басудың жолын өздері меңзегені ме? Әлде қара жердің тұңғық құрсағындағы кәрі аруақ тұқымым үзіліп, күйім ұмытылғаны ма деп күйзеліп жата ма екен...

Таң атып болмады. Соңғы рет баяғыда Тілепалдыжаны тумай тұрғанда тартқан күйі есіне сайрап түсе қалды. Бұрын анда-санда қолқа салып келгендерге домбыра жасап беретіні бар еді. Өзі жасаған домбыраның үнін тексергенде осы күйді тартатын. Бір күні домбыра тыңқылдатып отырып, аңғармай қапты. Сайтанның сапалағы құсап күлте сақал құрдасының сап ете қалғаны.

Келе сала тыржындап қоя берді. Жүк алдында қисайып жатып:

— Тартсай... Мені көргесін күйің қашып кетті ме,— деді. Бұл домбыраны іргеге сүйей салды.

Құрдасы шақшасының тығынын ағытып жатып:

— Әй, сен неменің де қай бір күйің тасып барады дейсің. Баяғыдағылар білмей айтушы ма еді. Ұрғашының аузы жалпылдаған ашықтығынан, еркектің көзі жаутандаған жасықтығынан сақта депті ғой. Ынжық еркектің қай заманда да алатын қатыны, мінетін аты, айтатын әні, тартатын күйі біреуден аспайтын. Әлгі бір заржағынды келе жатып естіп алғам. Одан басқа тартатын күй сенде де жоқ шығар,— деп селкілдеп тұрып күлген.

Зейнеп шай қойып жүргенде күлте сақал бүгін көргендей көз айырмай қадалды да жатты. Кетерінде мұның құлағына сыбырлады:

— Әй, үндемес, құрдастыкі көжеток, болмаса, іші бұлтияды ғой. Тфә, тфә! Тіл-көзден аулақ. Жаксы үміттің үстінде отырып, өз үйінді өзің зарлатып қайтесің. Жұртқа осы бір дыңылдақ жасап беретініңді қойшы, жазған.

Содан бұл қолына домбыра алмай кеткен-ді. Әлгі саздың да содан бері құлағына тиіп отырғаны осы. Бұл күйді ұмыт-

қанмен, күй бұны ұмытпапты. Жылдар бойы бұғып жатып, енді міне қараңғы түнде өзі кеп ұйқысынан оятып алды.

Таң атқанша төңбекшіп шықты. Таңертең шәй батпай жүрегіннің басы кілкіді де тұрды. Дастархан жиналғасын Зейнеп есікті түріп еді — жер ошақ басында тезек қалмапты. Кемпірі дорбасын иығына сап түзге тартты. Әбден ұзап кеткенше Тілеу іргеден қарап жатты. Қара жалдан қылт-қылт асқанда барып, үй ішіне көз жүгіртті. Төрт қанат шатпаның сүйегі әлі бағдай. Тек қазан жақтағы жарты құлаштай қоспа ғана тозайын депті. Бояуы оңып бозарытып тұр. Ірге жақ бір сағанағы жерге тимей, ішке қарай бұратылып кеткен.

Тілеу орнынан созалан көтеріліп, сол тұста барып отырды. Қисық сағанақты қолымен сипап көрді. Көгі де жидіген. Жұлқып қалсаң сөгіле кетер түрі бар. Атамзаманғы құба тал бүгінде әбден бор кеміктеніп болған. Үңгуге оп-оңай. Әуелі ұзынынан қак айырып екі бөліп, ортасын қыршап, қуыстап, қайта беттестіріп көңмен екі-үш жерден сықитып танып тас тасаң, сырнай боп сыңғырап шыға келеді. Сосын арасында бармақ сиятындай жер қалдырып ұзына бойы тесік тес те ер-ніңе апар — еңіреп қоя берсін.

Тілеу иегін қасынды. Қисық сағанақ мұның көңіліне бірдене қашқанын сезе қалғандай көне кебеженің тасасына әрірек тығылыпты.

Тілеу өз сағанағын өзі бұтарласа, жалғзынан айрылып адыра қалған тұл шатпаның төрт керегесі сырнай-сыбызғы десе ішкен астарын жерге қоятын қара сирақтардың қолында кетпей ме. Қайта айдалада жалғыз үй оқшау отырғанына шүкір. Егер Тілеу мынауысын жұрт көзінше істесе, ертеңіне шаңырағын қай тентектің доңғалақ қып қуып кеткенін білмей қалар еді.

Тілеу орнынан атып тұрды. Қәлимасын қайырды. Ортадағы табамен шок әкелген оттың орнына қара құмандағы суды төкті. Сыртқа шығып жер ошақтың үстіне қазан төңкерді. Түндікті сәл еңкейтіп, есіктің сыртынан тас байлады. Сосын жиделі тепсенді бетке ұстап жүріп кетті.

II

Бұйрат-бұйрат ұлы құмда ұзақ жүріп қалған жолаушы дөңкиген шағылдарға, о жер-бұ жерден сирек қарауытқан жүзгендер мен сексеуілдерге қарай-қарай әбден жалығар еді. Сондайда, керсеннің түбіндегі төңірегі кереге құм, қак ортасында тоқымдай ғана тегістік, шилі тепсеннен шыға келгенде, қапелімде, тасадағы ауылдың будақтай көтерілген түтініндей бұйраланып тұрған шымқай бірдене көзге шалынар еді. Сәл жүрінкіресе, әлгі бұйра будақ көбейе түсетін-ді.

Толарсақ қабар құмақ соқпақты қуалай ентелеп, асыға

бастайсың. Ұланғайыр құм мұхитындағы құрдым аралдай ұзынша ғана сар қабыршақ жақпар жолығады. Басын шағылға жастап, аяғын сортаңыт кебірге берген пышақтың жүзіндей жіңішке жақпардың бір шетінде жылымшылап екі-үш көз шығады. Екі-үш көздің суы бір ойпанға қосылған тұста төрт-бес түп жиде бұйлыға өсіп тұр. «Жиделі тепсен» — осы.

Қаттырақ тиген ат тұяғының өзінен шып-шып су шығып жататын осы бір араға құм көмген құла дүзде ерге, ашамайға мініп, еріндері кезеріп, күн-түн қатқан жүргіншілер қай заманда да соқпай өтпеген. Анау жиделердің түбінде талай-талай қауқылдасқан мәслихат кызып, қарқылдасқан күлкі естіліп жатыпты. Заманында кендегі елде құқай көбейгенде Қөтібар мен Арыстан жігіттері де осы маңайға жиналыпты. Одан бергі Есет заманында да талай ереуілшіге бас сауға болған жиде тоғайлар келе-келе азайған. Ол кезде тек осы кішкене бұлақ басында ғана емес, орпасы мен ызасы қалың бұл төңіректің қай жүлгесінде де шоқ-шоқ жиде көп өсіпті. Кейін азайып, осы кішкене жақпарға ғана тұяқ тірепті. Анау жылдары мұндағы ағаштың саны оннан асатын сияқты еді. Қазір бесеуі ғана қапты. Оның да біреуінің тамыры семіп, қуара бастаған. Соған Тілеудің көзі көптен түсіп жүр.

Жиделі қолат қай-қайдағы қоқыр-соқырға толы. Сыз топырақты сәл шұқып қалсаң болды, қираған қылыштың сынығы, найзаның ұңғысы, тот басқан сауыттың жұрнағы морт-морт үзіліп жатқан кісен сақинасы, орыс солдаттының үлпершек сияқты су ішетін шойын құтысы, әлдебір пірәдардың қалай ұмытқаны белгісіз иір мойын жез құманы — атамзаманғы бірдеңелер табыла кетеді. Анау сортаң жақ шетте күні кешеге дейін шөккен үлектің мойнындай өне бойы көк ала тат басқан мыс зеңбірек үңірейіп тұрушы еді. Кімнің ауруына дәрі болғанын, қарасы өшіпті.

Тілеу қария соның бәрін атасынан қалған мүліктей қорып жүретін. Қолына ұстаса бойына бір бусаң әлсіздік алып, дірілдеп жүре беруші еді.

— Жарықтық, қай заманның көзі екен, — дейтін ол топырақ арасындағы тат-тат темірді жеңіне сүртіп.

— Жарықтығың не, қай қаракшының қаруы екенін қайдан білесің? — дейтін анадайда ат ұстап тұрған кекілі жалбыраған қараша бала.

Тілеу иығы бүлк ете қап артына бұрылар еді. Шабдардың қыл тізгінін қыса ұстаған екі көзі шоқтай жайнаған қарасирақ неме қарашығын қақпайды. «Нағашы жұрты шетінен бау кеспе ұры еді, патшағардың көзінің мылтықтың оғындай мүлт кетпей, тіп-тік қарауын», — дейтін-ді шал табан астында іші мұздап. «Бізге біткеннің бәрі осылай шұнандап тұрады-ау. Сімсік біреудің тілі өтіп жүрмесе жарар еді», — деп, ішінен кәлимасын қайырып қояр еді.

Ол аспай-саспай орнынан көтеріліп, қолындағы олжасын ердің артындағы қақпан дорбаға салар еді. Сосын екі жеңін, бешпетінің шалғайын, екі иығын, қос тізесін тәптіштеп қағып-сүртініп шығады да, бұлаққа барып, қалтасынан орамал алып суға малады, сонымен етігінің басын шылар еді, қатқак жақпар сусыма ақ шағылмен астасып жатқан тұстағы жалғыз сексеуілге қарай асықпай аяндар еді.

Бұл жолы да сөйтті. Сексеуілдің түбіндегі ойылып кеткен кемиек шұқырға жете бере тізерлеп отыра кетті. Ақсиып-ақсиып қу сүйек көрініп, үңірейіп жатқан шұқырға қарағысы келмегендей, көзін тарс жұмып ап, дұға оқи жөнелді.

Есіне баяғыда Тілепалдысы айтқан сөзі түсті. Мына қазылып кеткен қара көрде жатқан адам да беймәлім. Ол жарықтықты көзінің тірісінде ел ұстаған шешен, қол бастаған батыр, не қалтарыс торыған қарақшы екенін анық білетін ешкім жоқ. Кім біліпті, ол тіпті әлгі айтқанының үшеуі де шығар. Бір кезде қазақтың қай еркегі қолына найза ұстамап еді, қай қолына найза ұстаған еркек дұшпанының шашау шыққан жылқысын алдына сап айдап кетпеп еді. Барымтаға тәуекелі тұрған адамның алқалы жиын алдында бес-алты ауыз сөз айтуға жүрегі дауаламаушы ма еді. Оны біреу би дер, біреу батыр дер, біреу қарақшы дер. Кім болса да, ел ұстап, жер иеленіп, артында ұрпақ қалдырғасын, қалайша бабам деп бас ұрмассың. Заманында олар солай тіресіп-тістеспесе, біздердің бүгінде жұмыр жердің қай пұшпағында пышырап жүрерімізді кім біліпті! Тумай жатып ақ қағаз, көк қағаздың бәрін ақтарып шығатын арттағы ұрпағының күндердің күнінде не дейтінін ол бейбақ қайдан білсін! Өз тұсында о да білгенін жасаған шығар. Кім білгенін жасамай жатыр. Ал, баяғыдағылар надандығынан шайқасып жүрсін, ал қазіргілер ше... Мұның мойнына бұршақ салып тілеп алған Тілепалдысы қайда... Тілеу осы жүргенде әлдеқашан сүйегі қуарған жеті атасының жетеуінің де моласын біледі, жетеуінің де басына барып бата тигізіп тұрады. Ал, бауырынан шыққан жалғыз ұлының қайда жатқанын білмейді. Жұрттың көзінен қорқып көлкештеп баққанда бір уыс топырағы бұйырмай жат жерде қалғаны ойына түседі де, сүйек-сүйегі кеміріліп көзіне жас толады. Жаюлы алаканын маңдайына апарып, көзін басып, екі иығы бүлкілдеп сәл кідіріп қалды. Кенет беймағлұм өлі аруақтың басында құран оқып отырғаны есіне түсіп, басын көтеріп, селдір сақалын бір сипап өтті.

Қамшысына таянып орнынан тұрды. Жалғыз кабірдің басындағы сида сексеуілге байланған ақ түйіншекті шешіп ап қалтасына салды. Сосын бір шок жидеге қарай аяңдады. Кішкене бұлақтың тұсынан өтті. Шабдар да, оның тізгінінен ұстап тұрған кекілі жалпылдаған кішкене бала да көзіне түспеді. Бұл жолы жалғыз, атсыз, жаяу келгені ойына енді оралды.

Назары еш нәрсеге тұрақтамай абдырап тұрып қалды. Көз алды бұлдырап кетті. Көкірек тұсын шаншып бара жатқан соң оң қолымен сипай беріп еді, қап-қатты бірденеге тиді. Балта...

Есін жиып маңайын шолды. Бұлт арасынан бір көрініп, бір жоғалып кетіп тұрған күн нұрына қырық құбылған жиде ағаштарын енді байқады. Жылтыр күрең сида бұтақтардағы үстіңгі беті сұрғылт көк, астыңғы беті ақ сұр құстандай жылан бас жапырақтарда тыным жоқ: сылдыр-сылдыр, судыр-судыр...

Тілеудің талмау жүйкесіне сол сумақай жапырақтар су бүркіп, зікір сап тұрғандай сәл-пәл жадырайын деді. Көзінің алдындағы жалқаяқ та ыдырап барады.

Иін тіресе өскен төрт ағаштың түбінде бір кезде жел ұшырып, жаңбыр үзіп түсірген гүлдері, көк түйнек бүршіктері мен кейін өте пісіп кетіп өзі үзіліп түскен жемістер ию-қию шашылып жатыр. Бір кездегі қызғылт сары гүлдер шіріп, қурап қазір өңін ажыратып болмас күлгін бірденеге айналыпты. Биылдыққа ешкім аяқ ізін салмаған ағаш маңы қоқырсып кеткен. Түйе жүктеп керуен шығып жататын баяғы заман жоқ. Машина жол бір бұру. Оқтың-оқтың қақпан қарап соғып кетіп тұратын бұл үйден шықпай жатып алды.

«Жарықтықтарым-ай», — деп кемсендей күбірледі Тілеу. Қабырғасын қайыстыра шыққан осы бір тосын күрсіністі түсінгендей сусылдап тұрған бірер бұтақ төмен иіліп иығынан қағып, бет-аузын сипап өтті. Тілеу сол бір ашқылтым иіске танауын тоса түсті. Күн жеп, жел қаққан жиде жапырақтарынан көкірегінді ашатын етене таныс кермек иіс анқып қоя берді.

Тілеу судырласқан төрт ағаштан шетқақпай бөлек тұрған кәрі жиденің қасына барды. Сойдиып-сойдиып томары ғана қалыпты. Қалған төртеуіндегі төңірегі де қоқырсып жатқан жоқ. Баласыз үйдей мұнтаздай боп жалтырап жатыр.

Тілеудің көкірегі шым ете қалды. Состиған қу томарға қол көтере алмай сілейіп тұр. Жапырағынан әлдеқашан айрылған қу томардың түбіндегі көне тамырлар әбден тозып біткен көн шоқайдың бырт-бырт үзілгелі тұрған таспасындай бұдырайып-бұдырайып кетіпті. «Жарықтық, жидеден жасалған домбыра даңғырлап кетпей, былпып жұмсақ шығушы еді-ау...»

Қос қу бастың бірін-бірі жұбатар шаруасына қарай балта жалаңдай кірісті.

Күйеуінің ырсылдап-күрсілдеп томар сүйретіп келе жатқанын көргенде Зейнептің көзі атыздай болды. Тілінің ұшына орала кеткелі тұрған онай сұрақ отыз тістен бері аспады. Өтеу әулетінде әу бастан еркек сұрап әйел жауап беретін. Бүгін Зейнеп сол үрдісті белден басып бірдене дей қалса, санына біз сұғып алсаң да үн шығармайтын Тілеудің ішінен неге жори-

тынын кім біліпті. Соңына қара ермей құрап қалған қу бас еркекті қатын сыйлаушы ма еді деп ойлап жүрсе қайтпекші. Зейнеп іргеге кеп дүрс еткен жиденің томарына бір көз тастады да, күйеуінің алдынан есік ашты.

Тілеу табалдырықтан аттай бере белін шешті. Тымағы мен шидемін әйеліне ұстатты. Зейнеп оларды керегенің басына іліп, қайтып кеп етігін тартты.

Тілеу төрге озды. Әйелі әкеп жапқан ішікті қаусырына түсіп, «иә, алла» деп есінеп алды. Исі бұркыраған күрең шайды күтіп үнсіз отырып қалды.

Ертеңіне таңертең дастархан жиналар-жиналмаста қолына арасын ап, іргеде жатқан томарға барды. Зейнеп іштей күбірлеп қайта-қайта «тәуба, тәуба» деп қояды. Қак төрде зари қауып жатып алған күйеуінің орнынан тұрып, бірдеңе шұқынғанына шүкіршілік етіп жүр. Көз түрткі боп қасында отырғысы келмей әлденені бір сылтауратып үйде отырмайды. Ағаш кеспек аркалап суға кетеді. Беліне шот қыстырып отынға кетеді. Қайтып келгесін үйдің күн бетінде киіз жамайды.

Бірдеңеге айналса қашан бітіргенше басын көтермейтін Тілеу Зейнепке назар аударған жоқ. Күйеуінің не істегелі жүргеніне қапелімде түсіне қоймаған Зейнеп бір күні қоқырсып жатқан көп жаңқаның арасынан домаланып қара шанақ шыға келгенде жүрегіне әлдекім ине тығып алғандай болды. Өтеу әулетінің жай-жапсарына жасынан қанық әйел күйеуінің Тілепалдыдан біржола күдер үзгеніне енді көзі жетіп теріс қарап күлімсі исі қолқаны қауып ылжырап тұрған құрым үзікке тұқшия түсті. Алақандай кенеп жамауға ащы жас тызтыз тамып жатты.

Тілеудің бір апта уақытын алған домбыра жасалып бітті. Керегенің басында ілулі тұр. Сабы ұзын, шанағы үлкен, қаппағы кептірген қозының қарынындай жұп-жұқа. Шешен болар сынай танытады.

Тілеу бүгін тас түйін. Қорадағы азғантай жандығын жана көріп тұрғандай, ала көзінің бар сұғын аямай қадап, ішіп-жеп барады. Кенет шапшаң кимылдап, алдынан жүгіріп өте берген құрт мүйіз қара марқаны сирағынан шап беріп ұстай алды. Жетектеп әкеп он жак белдеуге байлады. Қалған малды ауылдың желкесіндегі құмақ төбеге айдап салды.

Үйге қайтып келіп, қонышынан тастамайтын жез бунақ, мүйіз сап кездікті суырып отқа бөксесін тығып тұрған қара құманның шүмегіне тосты. Содан соң белдеудегі тоқтыны ішке кіргізді. Басын құбылаға қаратып, алақанын жайып:

— О, жасаған, аруақтарға бағыштаған ай мүйізді, аша тұяқты жұпар иісті ақ адал малымды қабыл ала көр!— деп күбірлеп, бетін сипады.

Көтеріп ұрып, аяғын байлады.

— Бісіміллә!— деп тамақтың астынан орын кеп жіберді.

Аузына берік сырбаз кісінің бауыздаған малы тырп етуші ме еді. Қара марка тұяқты бір-ақ серіпті. Бауыздау қаны жан-жаққа шашырамай, Зейнеп ұстап тұрған жез шылапшынға ұйып түсті.

Бұрын мал сойғанда, Тілеу бауыздап беретін де, қара пышақты Зейнепке ұстататын. Бұ жолы қара марқаның үстіне қонжиып қонып алған. Тұрар емес, күміс соғып отырғандағысындай ынты-шынтын түгел салыпты. Қимылына көз ілеспейді. Ұшы қайқы ала кездікті бір-екі сілтеп еді — қара тоқтының басы шыптаға домалап кетті. Төрт сирақты бір-бір буан тартып қалып еді, бұтақ отағандай шырт-шырт үзіліп түсті. Жаландаған қайқы төс пышақтың жүзін жоғары қаратып екі қолдан төстікке қарай, сосын мойынға қарай бір-бір жүгіртіп еді, шайлап қалған ақ май төстік жарқ етті. Енді әлгі әлеңкі пышақ екі саннан шапқа қарай зулады, ұшы ырсиып шыға келді. Одан әрі қолымен жұдырықтап ақ теріні әп-сәтте сыпырды. Сол сыңар тізерлеген қалпы мүшелей бастады. Әуелі бұғананы қақыратты, ішек-қарын мен өкпе-бауыр Зейнептің қасындағы тегенеге барып бір-ақ жалп етті. Он алты бұғана қабырғамен, екі жауырыны мен екі қол омырылды. Құйымшақ пен сегіз ара омыртқаны қосағына ап, екі сан бөлінді. Ең соңында он сүбе қабырға мен алты бел омыртқа сөгілді.

Зейнеп жүзі сұп-сұр, күйеуі мен жаландаған қара пышаққа көз айырмай қарап қапты. Тілеудің қара тоқтыда бір ала алмай жүрген өші бардай. Онсыз да пырт-пырт омырылып жатқан сүйектерге шүйліге тиіседі.

Айналайын ата-бабаның он екі жілік, отыз омыртқа, қырық қабырғаны тап осынша тәптештеп мүшелемейтіні де тегіннен-тегін емес-ті. Артындағы ұрпақ бір-біріне көз алартпасын деп, әр қайсысына бірбір сүйек еншілеп кеткен. Ұшарын жел, қонарын сай білетін көшпелі елдің перзенті қай қара қазанда да өз сыбағам бар деп ойлайды. Сонда сыбағалы жілігі бұйырмаса, атасын атып өлтіргеннен аз тұлданбайды. Ер бала бес жаста құман ұстап қонақтардың қолына су құяды, он жастан бастап пышақ ұстап ет турайды, он бес жастан бастап табақ тартады, жиырмасында кездігін жаландатып табақ жасайды. Сонда ықлым заманнан келе жатқан үрдісті бұзып жілік шатыстырсаң, маңдайыңнан бұзау тіс қамшымен бір-ақ тартып, айдап шығады. Бетіне таңба түскені ештеңе емес, сені тапқан ата-ана тірілей жерге кіреді. Қара пышақтан қаусай жығылып жатқан бұл он екі жілік, отыз омыртқа мен қырық қабырға жөнін тапса, ала көз ағайынның көңілін бүтіндеп ел етеді, жөнін таппаса жүректеріне сүнгі сұққандай атыстырып-шабыстырып кетеді.

Баласына ағайыншылықтың жолын ат ұстап, табақ тартқаннан бастап үйрететін көнетоз кәрілер қақсап бағушы еді:

«Ең сый жілік — жамбас, одан соң — жауырын, одан соң — кәрі жілік, одан соң — ортан жілік, одан соң — тоқпан жілік, одан соң — асық жілік. Басты ең жоғарғы табаққа саласын. Құйрық май мен бауырды қиялап турап, бар табаққа жеткізесін. Он сүбе қабырғаны жоғарғы төрт табаққа, алтауын екі жауырынға, төртеуін екі асық жілікке үстейсін, қалған сегіз жілікке екі-екіден бұғана қабырға қосасын. Төстікті — күйеуге, құйымшақты — қызға, көтен-мойынды — қойшыға, ішек-қарын, талақ, бүйрек, сирақты — қатын-қалаш бала-шағаға ұстатасын...».

Ол кезде мал қазанға бір салғаннан артылмаушы еді. Сақи кісі күніне он мал сойылса да, өз үйінде жілік ұстамайтын, қонақтың сарқытын қанағат қылатын.

Енді міне... Тілеу мынау самсаған сүйекті кіміне береді. Бас та — өзінікі, төсте — өзінікі, көтен-мойын да — өзінікі. Айдаладағы жалғыз үй құрым күркенің құдасы да, күйеуі де, жиені де, қойшы-қоланы да өзі... Өз дастарханында өзің бата жасап өзің бас ұстағаның — жалыңның жалаңаштанғаны. Сарқыт асатар кісінің жоқтығы — көсегеннің көгермегені.

Қара пышақ манағыдай сусылдамай кібіртіктейін деді. Мынау жауырын. Жауырын қарап, бал ашатындай мұның қай бір алыс жолда жүрген жолаушысы бар... Қақшиған кәрі жілік... Мұны босағаға іліп, мал-басы аман болсын деп тілейтіндей, қай әулетіне дәулет жимақ... Шаққанда майына алақаның толатын ортан жілік... Мұны тесіп түбекке шүмек қылатындай, қай келінің жүкті боп отыр...

Тілеу көкірегінде әлдене үзіліп кеткендей ышқынып қалды. Қолына асық жілік ілігіпті. «Бауырың қаңсып кісіден бала асырасаң, қолына әуелі асық жілік ұстат. Әйтпесе, ата-анасы ертең күн сұрауы мүмкін...».

Көзі қарауытып барады. Әбден мүшеленген тоқтыны қара теріге орай салып, орнынан тұрды.

Зейнеп ащы ішекті айнадай қып тазалап жел бауға ілді. Сол тезірек дегдесе, домбыраға тағар еді. Көкірегін жарып бара жатқан соқыр нала сонда жол табар ма еді, қайтер еді...

Ерлі-зайыпты екеуі дастархан басына кеп, өлілерге иіс қып пісірген жеті шелпектің шетінен енді ауыз тие бергенде сырттан түйе бақырды. Аңыраған әйел дауысы коса естілді. Бата оқи келе жатқан біреу екенін бірден біле қойған Тілеу мен Зейнеп екі жерге шөгіп-шөгіп отыра кетті.

Басында қарқарадай жаулық, үстінде қара жадағай, екі беті бұлтиған қара торы әйел табалдырықтан аттай сала орнынан енді көтеріле берген Зейнепті күшактай алды. Екі әйел бірінен-бірі асыра зарланды. Оқтын-оқтын көкіректері қарс айрыла «Ah! Ah!» — деп қояды. Тілеу қак төрде қалшып қат-

қан да қалған. Қасындағы екі әйелге емес, алыстағы бір айкайға құлақ түргендей, мойнын өрге бұрып, көзін кереге басындағы қамшыға тіктеп апты.

Екі әйел бір сүт пісірім дауыс айтты. Сосын иін тіресе отырып солықтарын басты. Қонақ әйел мырс-мырс жылап отырып Тілеуден амандық-саулық сұрасты. Бір уақытта барып:

— Ойбой, кебежедегі баламды алмаппын-ау,— деп орнынан көтерілді.

Зейнеп өре түрегелді. Екеуі сыртта күбірлесіп жүріп түйенің жүгін түсірді. Әлденелерді дүрс-дүрс іргеге сүйеді. Біраздан соң баланың жылағаны естілді. Қолында тап-тұйнақтай қып ораған бірденесі бар қонақ әйел үйге кірді. Қолындағысын төр жақтағы төсек ағаштың үстіне қасына апарып қойды. Сосын белін шешіп оң жаққа, Тілеуден төменірек кеп жайғасты. Басындағы бұрама жаулықты сыпырып, жеңіл шаршы орамал тартты. Қара торы өңінен сілкіп шешіп жатқан киімдерінен күннің, желдің, тұз шөбінің өз-өзінен тепсініп тұрған бір сарқылмас жігер-қайраттың лебі еседі.

Ен құмда екеуден-екеу отырған бұларға бүгін қастарына бүкіл ел көшіп кеп қонғандай болды.

Зейнептің жеңгесі Жаңыл бұл ауылда бір апта жатады. Күйеуі малдан шыға алмағасын өзі келіпті. Сонау Жем бойынан іздеп кепті. Шиыршық атқан пысық неме ұйқыдан тұра сала көптен тозаң басып тұрған киіз үйдің бау-шуын шеше бастады. Күл мен көннен таза жаңа жерге көшіріп тікті. Зейнеп екеуі қаз-қатар отырып ап, үздік-туырлықтарды түк қалдырмай жамап шықты. Теңде жатқан жүн-жұрқаны сабап киіз басты. Арқан ширатты. Айдаладағы жападан-жалғыз қараша үйдің қағылмаған, сілкіленбеген пұшпағы қалмады.

Жаңыл ертең кетем деген күні таңертең оразасын ашпай тұрып әңгіме бастады.

— Күйеу жігіт пен ерке қыз, мынау қырқынан әлі шықпаған жаман немені екеуіңе қара болсын деп алып келдім. Мырза құдайдың рақымы түсіп, ерке қыз құрсақ көтеріп жатса, бұл бесігін тербетер. Төрінде ұстаймын десең де, есігінде ұстаймын десең де, біздің көңіліміз баяғыдай. Ниет жақын болғанмен жер шалғай. Оның үстіне колхоздың бір отар қойының майлық-саулығында сылпып жүріп, қолымыз да тимейді. Бас ауырар, балтыр сыздар дегендей, қастарыңызда өзіміз болмағанмен, көзіміз болсын. Отыз күн бауырымды сорғызып ем, ол бұған да, сендерге де салық емес. Сендердің шаңырақтарыңның ендігі амандығынан садаға, мә, желінімді ошақтарыңа саудым,— деп демдеулі шай тұрған отқа қарай омыраулай отырды. Қайратты кісінің сыздап тұрған тырсиған қос емшегінің сүті қызыл қоламтаға сар-сар төгіліп жатты.

Зейнеп жаулығының ұшымен аузын басып отыра қалды. Тілеу қасындағы қара жастықты нығарлай бірер ырғалып

койды. Омырау түймесін қайта салған Жаңыл артында жатқан қалы қоржынды өзіне қарай тартып, екі шабуына қызыл салып тіккен жайдақ жаға ақ көйлек пен бір түйіншек алып:

Мынау, ерке қыз, кішкентайыңа тігіп әкелген көйлегім мен көрімдігім,— деп Зейнептің алдына тастады.

Ертеңіне Жаңыл сары ала таңнан тұрды. Қайын сіңлісімен құшақтасып қоштасты. Тілеудің қолын алды. Жастық ағаштың түбінде, түндіктен күн түсіп тұрған жерде, көрпемен орап қойған кішкене құндаққа жолаған жоқ. Сыртқа шыққан соң, бұларға қарап: «Ал, сау тұрындар!»,— деді де, қараша інгенді жетелеп күн батысқа қарай тарта жөнелді. Жамыраған ботаның артынан жүгіргендей, емпендей басады.

Жаңыл мен қараша інгеннің қарасы көзден бір-бір ұшқанша Тілеу мен Зейнеп тұрған-тұрған орындарында қалшып қатты да қалды.

Төңірекке қайтадан тылсым тыныштық орнады. Баяғы сартап ескі жұрт. Аңадайда белуардан тас көтерген жер қазба мен шыр айналдыра жүзген мен шағыр үйілген тығырық қора қарауытады. Үй сыртындағы құмақ жалда қотыр тас түбінде ай даладағы жалғыз үйдің бес-алты қой-ешкісі мен енесі өріс іздеп қаңғып кеткен жарбай тайлақ аралас жайылып жүр.

Ерлі зайыпты екеуі құдды бір бөтен ауылға келген бейсаубат қонақтардай өз үйлерінен өздері тайсалып тұр. Тілеу төңірекке көз жүгіртті. Шабдары көрінбейді. Көптен бері тақым тимеген тұғырдың қайда лағып жүргенін кім білсін. «Көрмедің бе?»,— деп әйелінен сұрауға бір оқталды да, қайда жоғалып кете қойды дейсің, ат қараған боп, айналаны бір шолып қайтайын деп жүгенін алуға үйге кірді. Оң жақ босағада керегенің басында ілулі тұрған жүгенге қолы енді тие беріп еді, ту сыртынан бірдене пыс еткендей болды. Артына бұрылды. Жастық ағаштың түбінде манағы кішкене құндақ жатыр. Жұтынтып шүберекпен орап қойған алақандай қызылшақа бетінде әнтек көкке әуелеп қалған келте мұрын пыс-пыс етеді. Басындағы ақ шүберек телпегінің астынан сабалақ-сабалақ майда түк жылтырайды. Шамасы, қарын шашын өздері алысын»,— деген-ау.

Тілеу жүгенді ұстап ширақ басып үйден шықты. Зейнеп ауылдың алдында көлденен сұлап жатқан қара жалға қарай жай басып ұзап бара жатқан күйеуінен көзін айырмай үй алдында әлі тұр. Жастар боп бас қосатын бастанғыға асығып, ата-енесінің аттанып кеткенін күткен бала-келіндей, әлденеге шыдамсызданып тұрған сыңай танытты.

Тілеу қара жалдың басына шыққан соң төңірегін бір шолып шықты. Шабдар тұғыр көрінбейді. Әлгінде Жаңыл аттанған күн батыс жаққа қарап еді — жым-жылас. Бұл тарапқа ешкім ешқашан аяқ ізін салмағандай. Құлди жон құлазып жатыр. Сонда жаңа ғана мұнымен қол алысып қоштасқан

қарқара жаулық қара торы әйел адам ба, жоқ мұның көзіне көрініп жоғалған алдамшы елес пе? Аян беріп жүрген қызырма... Сонда әлгі жұтынып орап әкеп тастап кеткен кішкене күндағы ше... Әлде төр алдында басыр боп жатып алған мұның көзіне қос көрінгені ме...

Тілеу ауыл жаққа бұрылды. Жаңа ғана үйдің қасында намаздыгердің көленкесіндей боп ербиіп тұрған Зейнеп жоқ. Тілеу басын бұға ұстап, екі қолын артына сап, ілгері аяндады.

Көптен бері сыртқа шықпаған, шыққан күнде де ештеңеге жөндеп назар салмаған ол қарашаның ауып қалғанын енді байқады. Түбін жел аршып тастаған тарамыс қара жусан терістіктің ызғарынан бүгежектеп дір-дір етеді. Жаз болса сағым шалып қырық құбылып тұрар көкжиек пердесін сыпырып алған жалаңаш терезедей құлазып қапты. Былтыр бір топ шал сау ете қалғанда жазғытұрым еді. Содан бері көктем өтіпті, жаз өтіпті, енді міне, күз келіп, о да өтіп барады — бұл соның ешқайсысын да білмепті. Ұйықтап-ұйықтап бүгін оянған адамдай. Шыр етіп жерге түскеннен білетін мынау өңірді әрі танып, әрі танымай тұр. Әне біреу мұның қақпан құратын қара қолаты емес пе... Әсіресе, күзге қарай қарақұйрық ыңып кетуші еді-ау. Шамасы, құралайдың салқынының өтіп кеткені ғой. Қыбырлап жүрген ештеңе көрінбейді. О жер-бұ жерден құраған адыраспан ғана қылаңытады. Шабдар бұл аңылжыған құла түзде не бітіруші еді. Жайылса, ығы мен суы мол Жиделі тепсеңге қарай жайылмай ма...

Тілеу бетін солай қарай түзеді. Шынында да, тағы болып кете жаздаған саяқ тұғыр су жақтан келеді. Аяғы бос. Құйрық-жалды ошаған басып кеткен. Тақым тимей жылтырап семіріп апты. Мұны көргенде анадайдан құлағын қайшылап едірейіп біраз тұрды. Бірақ, қасыпа барғанда тырп еткен жоқ. Тек жүген сылдырлағанда ғана жылтыр сауыры көл бетіндей дір ете қалды.

Тілеу шабдарды жетелеп үйіне қайтты. Тайпақ тепсеннің қақ ортасына қонжия қонған қоңыр үйден күздікүнгі сілтісі мол бұта отынның күңірсік бұйра түтіні будақтайды. Күнде күйеуі бір жаққа кетсе болды, бір кіріп-бір шығып тыным таппайтын Зейнеп бүгін тырп етпей үйде отыр. Тілеудің көңілі бір-түрлі қоңылтақсып қалғандай болды. Шабдарды ауылдың желкесіне әкеп тұсады. Сосын үйінің қасына кеп біраз тұрды. Шиден тоқыған шымыраулы есіктің шалғайын бұрынғыдай емес, жүрексіне көтерді.

Қол басындай қызыл шақаны алдына алып тосып отырған Зейнеп бұл келгенде тырп етпеді. Тілеу өзі шешініп, шидемі мен тымағын керегенін басына өзі апарып ілді. Екі етігін дүрс-дүрс оң жаққа тастап, қақ төрге барып қаздырып отырды. Жел қақты бетін бір сипап өтті, Зейнеп тіпті бұл жаққа көз

жүгіртпейді де. Қолындағы сәбиді қайта құндақтап, орнынан еппен көтеріліп оюлы жастық ағаштың етегіндегі жер төсекке салды. Жас баланың пысылдақ демі қайта естілді. Зейнептің күйбені көбейген. Әлденелерді жуды, әлденелерді күн жаққа апарып ілді. Тырп-тырп кіріп-шығып көп жүрді. Әнеу күнгі сойылған қызыл марқаның бір пұшпағынан емізік тікті. Бақырашқа сүт пісірді. Оны қанжылым қып суытты. Әлгі емізікке құйды. Құндақты қайтадан алдына алып сүт берді. Әйтеуір, бұрын Тілеу келгенде бұрқылдап әзір тұратын шәй бұ жолы тым ұзап кетті.

Содан былай Тілеу мынау қоңыр үйде өзін бөтен біреудей сезінетінді шығарды. Қасы мен қабағын бағып отыратын кемпірі тауып алған күнәкар әйелдей бұған бір түрлі қымсына қарайтын болыпты.

«Апырай, жеті атама түгел мирас таз телпекті менің де кигенім-ау!»— деп ойлайды Тілеу қап-қараңғы түнде қап-қара түндікке қасқая карап жатып:— «Құлазыған бауырымды алла жарылқамағанда, адам жарылқағаны-ау...».

Сонау жүректің астынан лып көтерілген өттей ащы бірдеңе алқымына кеп тіреледі. Шалқалаған қалпы жата береді. Қараңғы үйдің ішінде бұның да, кемпірінің де сесі шықпайды. Араларындағы кішкене құндақ қана дамылсыз пырылдайды.

Бір күні таңертең Зейнеп төсектен күндегідей емес күйзеліп өрді. Шәй үстінде де қабағы ашылмай тұйық отырды. Дасгархан жиналғасын, қалған жылы суды төкпей:

— Шал, кішкентай бүгін қырқынан шығады. Қарын шашын алмайсың ба?— дегені.

Ұстарасы мен қайрағын алып берді. Тілеу ілгері итініңкіреп, қайрақ тасқа бір-екі түкіріп қойып, ұстара қайрай бастады. Зейнеп құндақты әкеп алдына салды. Бірінші рет ұстағаны еді. Қолы қалтырап, пысылдап жатқан қызыл шақа сәбидің басына ұстара апара алмай дағдарып қалды. Сосын: «Біссіміллә!»— деп, Зейнеп жібітіп қойған майса түкті бір сыпырып өтті. Көзі жұмық қызыл шақа негін кемсендетіп бауырына тығыла түсті. Омырауын бір жылы толқын көміп барады.

Зейнептің әлгінде ғана шытыңқы қабағы жазылыпты. Өжімі қалыңдай түскен ақша маңдайда бір ерекше жаркыл тұр. Күйеуінің тізесіне ширатыла түсіп жатқан бұйра шашты ап, қолындағы бір шаршы орамалға түйіп отыр.

— Әлгі суылдаққа да тиылым бола қалғанын қарашы,— дейді Зейнеп.— Бұл күшіктің ит көйлегін кім алып қашар екен...

Тілеу кемпірінің таң атпай неге күйзеліп жүргеніне енді түсінді. Үйіне құдайдың ен итінің біреуін ұстамағанына сонда өкінді. Көптен бері ашылмаған жағы сонда ашылды.

— Қиналма, кемпір. Өзім алып қашамын,— деді.

Ірге жақтағы етігін алып кие бастады. Теріс айналып кеткен Зейнептің көзінен кішкене құндаққа бірер тамшы секіріп түсті. Қайта бұрылғанда заманында көрікті әйелдің миығында күлкі тұрды.

Әуелі Тілеу шықты. Оған ілесе бір қолында құндақ, бір қолында домалақ түйіншегі бар Зейнеп шықты. Кішкентайдың да жарық дүниеге аттап шығып отырғаны осы. «Иә, ата-баба!» — деді Тілеу маңдайын құбылаға бұрып. Сосын кемпіріне қолын созды. Зейнеп ит көйлекке оралған түйіншекті ұстата берді.

— Біссімілла ..

Қапелімде отырған орнынан қозғала қоймайтын Тілеу екі қолын бауырына алып бүлкілдей жөнелді. Артында кішкене құндақты қыса ұстаған кемпірі келеді. «Шіркін-ай,— еді Тілеу.— Төңірегі мынадай аңылжыған айдала болмай, бірінен-бірі асырып ақ үй тіккен ызғындай ел болса ғой. Кемпір кеше кештен бері ертең балам қырқынан шығады деп хабар шашып қоймас па еді. Көршілердің баласы мына күн шығар-шықпастан бұлардың үйін кеп қамамас па еді. Мынау қызыл шақа иненің көзінен өтетіндей етіп, жүйрік те жылдам болсын десе маңайдағы ен тәуір тазыны, төңірегіндегілерге айбынды, азулы да қарулы болсын десе, ең жақсы жаубасар төбетті тауып әкеп, бір тентек тайдай тулатып ұстап тұрмас па еді. Ауыл-үйдің үлкенін түгел жиып, алдарына дастархан жайып, баталарын алып, қаумаласып сыртқа шықпас па еді. Арпалысып тұрған арланның мойнына ит көйлекті апарып байламас па еді. Сонда жаудай жағаласып тұрған ит бір-ақ атып жоғалар еді. Ауылдан шығандай шығып маң далаға манып-манып берер еді. Өкшелері жылтыраған өңшең қара борбай соңынан кикү салып қуа жөнелсе-ай... Ұзай берсе, ұзай берсе... Көз талдырар сағымға сіңісе барып... «Баланың адымы ұзын, сапары оң болады екен. Әлгі ит шығынып кетті ғой»,— десе, күн беттегі көздері жасаурай сығырая қарап тұрған қариялар. «Жүрген жері жиын-той болады екен. Қуғыншылар көп болады ғой»,— десе, иегі қалтақтаған кәрі әжелер. «Әне, әне, қуып жетіпті. Қайтып келеді!»— деп шу етсе, ауылдың қысқа адым қара домалақтары. «Апырай, қуып жеткен біздің жаман қара болғай да. Ит көйлегін шешесіне тайға сатар ек»,— десе алдымен сөйлейтін алпауыз қатын. «Тайды айтасың, менің балам қуып жетсе, ит көйлектің ақысына қайнағаға күмістен қапсырмасы мен алқа соқтырам»,— деп қосарланса, көзі жайнақтаған сәнқой қатын «Біздің ұзын сирақ тұрғанда кім қуып жетуші еді. Айтпады демдер, ит көйлекті шешейдің түлкі ішігіне сатам»,— деп қыстырылса, алдын орап кеткендерге шамырқанған дәукес қатын.

Түйіншектің ішіндегі дәмді жол-жөнекей жеп алып, ит көй-

лекті төбелеріне желбіретіп көтеріп қара сирақтар да жетер еді. Сол арада олар кемпірімен тұра қалып саудаласар еді. Олар қалағандарын алып жөніне кетер еді, қалғандары опыр-топыр үйге кірер еді. Енді еркектер, жағы өжендессін кеп. Нәрестенің қарын шашын аламыз деп жолға таласып тұрып алысын ырғасып.

— Батыр болсын десеңдер, аруақ аттамандар, жол менікі,— десін біреуі ежірейіп.

— Оқ көмей, орақ ауыз би болсын десеңдер, біздің бабалардың аруағын сыйлаңдар,— десін екіншісі шіреніп.

— Ырыс пен дәулет бітсін десеңдер, бабам бабаңның асына елу қой, бес тай, бес саба апарған маған жол бересіңдер,— деп күдірейсін үшіншісі.

— Ау, ау бармағынан бал тамған, қылышынан қан тамған өз тұқымы кімнен кем. Бәрің де емес, әкесінің өзі алсын,— деп қыстырылсын кетік тіс, көбік ауыз бір жалбақай.

— Қой, онан да кесігін үлкендер айтсын,— деп тоқтатар еді сонда біреуі көздері қып-қызыл, кеңірдектері сала құлаш өншен дәукестерді...

Құлағына абыр-жабыр үн келе ме қалай. Біреулер қарқ-қарқ күлісе ме қалай. Төңірегіне көз тастап еді — сол баяғы құлазыған құмақ жоң. Әр жер-әр жерден ара кідік қарауытқан селдір итсигек. Қалбалақтап алдарына түсіп алған өзінің ерең-серең көлеңкесі.

Шөп басын дірдектетіп ызғырық жел тұрыпты. Балаға суық тигізіп алмаса жарар еді. Құндақ құшақтаған кемпірі көш жерде қапты. Ауылдан қара үзіп шығыпты ғой. Осы да жетер.

Тілеу аяңға көшті. Жүрегінің атша тулап тұрғанын енді барып аңғарды. Жолын кескестеп келеке қып келе жатқан ербен көлеңке де жүрісінен жаңылып қалтақтай береді. Кемпірі қуып жетіп қолындағы түйіншекке жармасты.

Кемпір, шал, өз ит көйлегін өзі қуған қызыл шақа сәби аяқтан тартқылаған майса құмақ пен кеудеден итермелеген өкпек желден дінкелері құрып, қара тепсенде қараусыз қалған құрым үйге сүре жығылды.

Тілеу енді кішкене құндаққа назар аударатын болды. Бір жакка барып қайтса, табалдырықтан аттай бере, жастық ағаш жакка көз тастайды. Пыс-пыс тәмпіш мұрынды көрген соң барып, белін шешеді. Бірде шаңыраққа қарап жатқан кішкене жанар есіктен ебіл-себіл кіріп келген Тілеуге түспесі бар ма? Қаудырлақ тонынан, қалқиған тымағынан, мұз қатқан сақал-мұртынан қорықты ма? Шарасынан шыға адырайып кеткені. Бұл жалма-жан теріс айналды. Содан бері табалдырықтан аяғының ұшынан басып әрең аттайды.

Бұл үйдің ендігі әміршісі — сол жұдырықтай қызыл шақа.

Сол оянып кетпесін. Сол шошымасын. Соның қарыны ашпасын. Соған суық тиіп қалмасын...

Зейнеп те іске шұқынғанды ұмытты. Түздегі шаруа түп-түгел Тілеудің мойнында. Малды сол қарайды. Отынды сол әкеледі. Қораның астын сол аударады. Қорбаң-қорбаң кіріп шығады да жүреді.

Бұрын қаңтар туа-ақ төріне біреу қоламта төсеп қойғандай, отыра алмайтын. Қолдарындағы он шақты жандықтың шаруасы әйелінен ауыспайды. Булықтың аузында тұрған сүмелек ысқа телміріп қашанғы жатады, оқтын-оқтын атына мініп бір ауық төңіректі кезіп қайтады.

Сары аяз бен аппақ қар бұл маңайдағы тіршілік сыбдырын түп-түгел жұтып қойғандай. Жым-жырт тыныштық құлағыңды жеп, миыңды зеңітеді. Сол бүкіл алқапты албастыдай айқара басып жатып алған тылсым тыныштықты күтірлете уатып, өз-өзінен тіс қайрап, айбат шеккен күрткі қарды күрт-күрт омырып, о қыраңға да, бұ қыраңға да көтеріліп, жан-жақты шолып ұзақ тұрады. Көзіне ештеңе ілікпейді. Көл-көсір далиған тұлдыр кеңістік бедірейіп жатыр. Егер басы қарайып бұл жүрмесе, мынау ұлан-асыр жазира тырп еткен тіршілік нышаны жоқ, ақ кебінге орап тастаған өлі мүрде сияқты. Ауық-ауық бір сенделіп қайтпай, үйде бұғып жатып алса, күпірлік бірдеңе істеп қойғандай, қараптан-қарап отырып, көңілі күпті болатыны да сондықтан-тұғын. Оған өзінің осы бір беталды құладүзге қаңғып-қаңғып қайтқаны сонау кара жердің астында әлдеқашан сүйегі қурап қалған ата-бабаның көздеріне түсетіндей көрінеді де тұрады. Олар мұны қашан сыртқа шығар екен деп тосып жататындай. Бұл шыққанда тұяғымыз бар екен ғой, тірі екен ғой, баяғыда қанқасап боп кескілесіп жүріп иеленген ен қонысқа ие боп жүр екен ғой деп, орындарынан бір-бір аунап түсетіндей. Егер мынау ұшан далада өз ұрпақтарынан ешкімді көрмесе, аруақ екеш аруақтар да: «Апырай, аз күн тіршілігімізде ел деп, жер деп шыбын жанымызды шүберекке түйіп, талай-талай тәуекелге бел буғанмыз, ұрпақ татар ырзық пен ұрпақ көрер қызық үшін деп жарғақ құлағымыз жастыққа тимей күні-түні тыр-таңдағанмыз құр бекер әурешілік болғаны ма», — деп апшып қалатындай. Ақ тауды айырып, кара тауды қайырмағанмен, қой соңында кіш-кіштеп жүрсе де, ата мекенінде басы қарайып ұрпағы жүргенінен ғанибет не бар дейсін?! Ендеше, мұның темір тықытып, қақпан қарап, азғантай жандықты қайырмалап, кіріп-шығатын бей-берекет қыбыр-жыбыры да мынау түк көрмегендей бедірейіп жатқан бейтарап кеңістіктің бетіндегі ең бір мағыналы іс болғаны ғой. Бабалардың арттағы ұрпаққа қалдырар ең үлкен мұрасы тіршілік алдындағы адалдықтан асқан қандай ерлік керек! Ешкімнің ала жібін аттамай, өз ырзығын адал айырған күнделікті үйреншікті

бейнеті күйбең тіршілік деп күпсіп сөйлейтініміз бекер екен де. Дүниенің берекесі әркімнің өз отан, өз шаңырағы, өз өлең төсегінде үбірлі-шүбірлі өз әулетінің қамын жеп, басқаның бағы мен ырзығына көз алартпай, өз нәпақасымен өзі боп, өз күйбеңімен өзі жүргенде емес пе. Әр пенде әуелі өзінің қарақан басының қамын осылай адал күйіттемесе, мынау қара жердің бетіне ештеңе түспес еді. Арттағы ұрпаққа, ең болмаса жарық дүниенің бас-аяғы сенің, бір кішкентай ғұмырыңмен тәмәмдалмайтынын, қарап жүріп тынысың тарылып, пенделіктің буына піскенінде сенен бұрын да талай екі аяқты өткенін, сенен кейін де талай екі аяқты мына сенің кебінді киістінін есіңе салып ашқарақ нәпсіні қанағатқа, адасқақ көңілді тәубаға шақырар мола екеш мола да қалмас еді.

Шіркін, тек тышқан екеш тышқан да тірнектеп жиған ырзығын төлімен бірге бөлісіп жатқанда адал терінді төгіп тапқан дәм-тұзыңның шетінен жырып беріп өсіріп, ертең қара жер бетіндегі өзің бітіре алмай бара жатқан көп күйбеңді аманат етіп артыңа тастап кетер перзент ермегені осы жүріс-тұрысыңның бәрін қара суға теріс аққандай түк мәнсіздендіріп жібереді екен.

Ол жер кепесіне еңсесі жығылып, бір түрлі құлазып оралар еді. Сосын тағы да біраз уақытқа дейін үйінен бір қадам аттап шықпай бүк түсіп жатып алар еді. Ал қазір таңның атуы, күннің батуы таусылмайтын жыбыр-жыбыр жүріс. Бұрын бір шыққан соң қашан күн кешкіргенше жоламай қоятын жер қазбасына енді қайта-қайта бас сұққысы келеді де тұрады. Бір келсе кемпірі қазандықтың алдында шылапшынға қызыл шақаны тосып отырады; қайта оралып соқса қызыл шақаны тыр жалаңаштап құйрық маймен сылап отырады, тағы бір бас сұқса, қызыл шақаның тәмпіш мұрнын көкке беріп пыс-пыс ұйқы соғып жатқаны...

Бір күні қораның сыртынан ақ қала үйіп, үйге кірсе Зейнеп баланы алдына алып емізіп отыр. Маңдайынан шып-шып тер көрініпті. Тұмса босанған келіншектей ду қызарып, омырауын қалқалай берді.

Қызылшақа да қарақұлақтанып қалыпты. Бұған қарап қызыл негін көрсетіп, ыржиып күлетінді шығарыпты.

— Тфу, атаңа нәлет жаман неме...

Аузын жаба қойды. Жас бала мен жас ботаға назар тоқтатпаушы еді. «Күміс соққан сұп-сұр немесің, сенің көзіңнің сұғы бар шығар»,— дейтұғын Күдері. Сол есіне түсіп, дереу еңкейіп, кебеже астынан бірдене қарап кетті.

Сол жылғы қыстың қалай өткенін де аңдамапты. Бір күні жердің қарайып қалғанын көрді. Енді бірде атын көздей шықса — баурайларға тебіндеп көк бітіпті.

Кішкентай екі қолын ербеңдетіп төр алдында отырады да қояды. Сырттан бұл кіріп келгенде, қапелімде көзі бұрышта-

нып кетеді. Сырт киімін, бөркін шешкенде барып таниды. Ыржың етіп, ерінін бұлтитып, тоқтық тартады.

Ол бір құдайдың берген жылы болды. Қолындағы жеті саулықтың үшеуі егіз тапты. Өмірі еркек боталайтын інген қанбақтай елпілдеген ұрғашы бота туды. Құм арасының бидайығы мен еркегінен ұсақ жандық көрінбейді. Тұмсығынды қайда тоссан да — өн бойыңды елтітер рахат иіс келеді. «Тәуба, тәуба!» — дейді Тілеу.

— Бәрі де мынау жаман неменің ырысы ғой!

Жаман неме мұны қапысыз танитын болды. Таң атпай жатып бесіктен шешіледі. Таң атпай жатып мұның койнына салынады. Кіп-кішкене саусақтарымен сақалына жармасады. Бұл тамағына мұртын тигізіп қытықтаса, сылқылдап күледі. Содан алдынан түспейді. Шаруасы болып, сыртқа шығып бара жатса, қыңқылдап жылап қалады. Содан ба, Тілеу бір жаққа барса, қашан үйіне жеткенше асығады.

Кірсе-шықса.

— Тфә, тфә! Тек аман болғай! — деп іштей тәуба қылады. Шілде түсе күн қатты ысып кетті. Майса құмақ қоламтадай күйдіріп аяқ баскызбайды. Үй-іші құрым сасып тұр. Зейнеп бесіктің маңына қайта-қайта су шашады. Бірақ, ә дегенше кеуіп қалады. Бір күні сәби қатты қызулап шықты. Өн бойы албырап, екі көзін аша алмады. Ана сүтінен ерте айрылып, емізік емген әлжуаз нәресте шілде түспей ауалап қалған түрі бар. Әзер-әзер естілетін ыңкылдақ дыбыс сай-сүйегінді сырқыратады. Тілеу үйге сиып отыра алмай, сенделіп кетті.

Үй сыртындағы шошаладағы көп қақпанды қанжығаға өңгеріп ауыл алдындағы ажырығы қалың қара қолатқа тартты. Қарақұйрықтардың суға келетін жолы мен талма түсте көлеңкелеп жататын қалқа-қалтарысына қақпан құрды. Ол жылы аң да ыңып кеткен-ді. Тілеу қанжығасындағы қақпандарды түгел құрып біткенше, екі құрт мүйіз текешік қанды ауызға ілігіп те үлгерді.

— Шүкір-шүкір! — деп қойды Тілеу, екеуін бұлқынтып тірілей бөктеріп жатып.

Түс қайта үйіне жетті. Кішкентайды тыр жалаңаш шешіндірді. Тілеу төрт аяғын тас қып буған қарақұйрықты тас төбесіне көтеріп апарып, кеңірдектен орып кеп жіберді. Сау ете қалған бауыздау қан жас баланың тәніне тигенде күйген бауырдай дірдектеп ұйып түсті. Сосын желіркемейтіндей қып қымтап орап, төр алдына жатқызды. Сол-ақ екен, ерні кезеріп жатқан кішкене сәби бұршақ-бұршақ терлесін-ай кеп. Тілеу жұдырықтай торсық шекеде шүпірлеп өз-өзінен өніп жатқан мөлт-мөлт мөлдір тамшыларға емірене қарап қояды. «Қозының қаны жас балаға ауырлау еді. Қарақұйрықтың жылы қаны тұла бойындағы қызғынды қазір-ақ сорып алады».

Екі текешікті енді жайғарып бола бергенде құдай айдап Күдері келе қалғаны. Амандық жоқ, саулық жоқ, бірден:

— Биыл шөп бітік. Алла қосса, колхоз екі жылдық пішенін бір-ақ жиып алады,— деп күпілдей кірді.

Таба толы қызыл шоқ пен дызылдаған қара шәйнекті орталарына ап, шайға отырысып еді, үй сыртынан тағы да дүсір шықты.

— Ау, хабарласқандай кім бар?

— Е, кім болсаң да, кіре бер!— деді ауызы жылдам Күдері, үй өзінікі екендігіне қарамастан.

Дүрс етіп әлдекім аттан түсті. Ши есік серпе ашылып, жалбыр құлақ қара тазы салаң етіп кіріп келді. Сол бетімен төрге атылып, Күдерінің қасына жер бауырлап жата кетті. Маңдайшаны иығымен іліп әкетердей боп еңгезердей біреу кірді.

— Ассалаумағалайкүм!

— Әлікісәлем! Сәлемші болсаң төрге шық.

Бейтаныс қонақ итінен төмен отыра беріп, солқ еткізіп етігін шешті, зірк еткізіп босағаға тастай салды.

— Бәйбіше, әне бір ағарып жатқан изеннің күлі-ау. Бері әпкелші өзін,— деді тостағандай қып-қызыл көзін табадағы шоққа қадап. Іші бұлтиған көк қалта суырды. Алақанына темекі төкті. Оған шыны аяқтың түбіне салып ұсынылған изен күлін қосты. Үстіне бір түкіріп, нәп-нән бас бармағымен алақанындағы насыбайды тысырлатып үге жөнелді.

— Иә, қайырлы қоныс болсын!— деп қояды арасында.

— Айтқаның келсін!

Зейнеп шай ұсынды. Қонақ денесі секілді төртбақ шомбал басын көтеріп, шарадай бетін екі самайдан төмен тұтаса орап жатқан тып-тығыз бұйра қылшықты опыра-жапыра бір сипап қойды.

— Бәйбіше, кідіре тұр. Жоқ қарап жүріп соққан қазақтың да екі шәй, бір ет сыбағасы бар шығар. Маған қарамай іше беріңіздер. Аман болса өзімнің сыбағалы шәйім де келер,— деп қолындағы насыбайды аузына бір-ақ ытқытты.

Зейнеп аң-таң. Тілеудің астыңғы ерні бір бүлк етті. Күдерінің қитықтанып қалған сыңайы бар.

Оған қарап жатқан күйек сақал жоқ, арқасын жүкке тіреп жайлана жайғасты. Иық тұсынан тілін салақтатқан қара тазының тұмсығынан қағып әрі бұрды. Иті іргеге жата кетті. Тілеу мен Күдері шәй сораптайды. Бейсаубат қонақ аяғын қапталға созып, «Иә, аллалап» есінеп қойды.

Жаратылыс мына мейманды жаратқанда я мынау Тілеуге ұқсап, іштей масаттанып, я мынау Күдеріге ұқсап қырыстанып отырған түрі бар. Не де болса, ол онша қырғап, жонып, егеп, безеп әлек болмаған, олақ қатын иірген домалақтай домбалдай, доғалдай салған. Қеспектей-кеспектей екі аяғы жеркөкке сияр емес. Бүкіл оң жақты бір өзі толтырыпты. Денесі

де сол қос кеспектің үстіне қонжита салған зілбатпан қанар сияқты. Ал, енді домбал денеге қондырылған домбал баста да дұрыстап мүсінделген ештеңе жоқ. Ат шаптырым ай жазық маңдайды қиған жомарт табиғат мұрынға келгенде сарандығы ұстапты. Келте мұрынға тап анадай кең танаудың керегі қанша еді?! Таңырайып қапты. Алақандай екі көзі өңменіңнен өтіп барады.

Үй-ішіндегілердің не ойлап отырғанында шаруасы жоқ, табалдырықтың алдына оқтын-оқтын түкіріп қояды.

Шыны аяқты әуелі Тілеу төңкерді. Сосын біраздан соң барып Күдері төңкерді.

Қырыстанып отырған Күдері енді оспадарсыз мейманнан сөз тартқысы келді.

— Иә, қонағым, таныса отырайық, ныспың кім, қай ағайынсың?

— Жөнімді сұрамай, тегімді сұрап, құда түсейін деп пе ең?

— Айтпай-ақ қой, таныдым. Адырандағаныңа қарағанда, адай екенсің.

— Дәл өзі.

— Ендеше, түйе жоғалтып жүрген шығарсың?

— Жоқ, құм арасында кесіртке санап отырған әлімнің жаман екі шалына сәлем бере келдім.

Тілеу мырс етті. Күдері күреңітіп алды.

— Әлім, немене, жиенің бе еді, нағашың ба еді?

— Болса болар да қояр. Қалмақ пен түрікпеннің қызын атына өңгеріп жүрген біздің ауылдың шалдары іргесіндегі әлімнің қызына қырындамады дейсің бе?

Енді Күдерінің де мұртына күлкі үйірілді.

— Біздің шалдар да есесін жібермеген сияқты. Жарықтық біздің шешеміз де адайдың қызы еді.

— Тәйт әрі... Бізге біткен жиен сен секілді айран жалаған мысыққа ұсап жылмиып тұрмайды. Баяғыда екі теңіздің арасын ереуілдеткен Есетің бар емес пе, біздің жиен, әне, сол.

Шынтақтап жатқан Күдерінің иығындағы шапаны төмен сусып кетті. Селк-селк күледі. Ал таңқы танау қонақтың былқ етер түрі жоқ.

Быжылдаған қара шәйнектен мұрныңды жарып әдемі хош иіс бұрқырайды.

Күдері қайта тұрды. Қайтадан дастархан жасалды. Қонақтық шыны аяқты үш саусағының ұшына қондырып ап ысылдап тартып отыр. Әуелі көзінің айналасы тершіді. Содан соң желкесіндегі құж-құж жылғалар дымдана бастады. Бір уақытта барып айтақыр маңдайда мөлт-мөлт шыға келген көп тамшы бір-біріне қосылып төмен шұбырды. Бөркінің ішіне салып алған көлдей орамалымен қайта-қайта сүртіне береді.

Жаңа ғана қанып алған Күдері қашанғы ішсін. Шыны

аяғын төңкеріп, төрге шегініп, шапанын иығына тартып, қайта қисайды. Әрі жатты, бері жатты, бір уақытта:

— Ау, нағашеке-ау, көнің кеуіп қалыпты ғой,— деді.

Таңқы танау қонақ үндемеді.

Күдері енді Тілеуге бұрылды.

— Апыр-ай, бұлардың түйелері қанша су ішсе, өздері сонша шәй ішеді деген сөз рас екен-ау.

Қонақ терін сүртіп жатып, бір мырс етті. Бүйірлі қара шәйнек сарқылғанда барып, алдындағы дастарханның шетін қайырды. Қонышынан шақша суырды.

— Ау, алдына жайылған дастарханға батаң қайда? Баяғы Ізім шайырдың Қашағанменен айтысқанда: «қор болған адайларға есіл намаз» деп жүргені рас болмасын. Құдайдан бір күн бұрын туған біздің нағашыларымыз бата-сатанды нағылсын,— деп Күдері тағы қағытты.

— Шәйіңе бата жасатып, қазаның шағылып отыр ма? Қара қазанның буынан басқаға батамды тәрк етер жайым жоқ.

Тілеу көзінен жас аққанша күліп, селкілдеп жатқанда, қонақ тағы да бір алақан насыбайды тіліне басып үлгерді.

Күдері жамбастап жатқан да қойған. Кеңірдегі сорайып, қаққан қазықтай қадала қалыпты.

— Нағашеке, сіздерді қыздан туған деген не әңгіме?

Таңқы танау қонақ көзінің қиығына қуақылық жүгіріп, шырт түкіріп қойды.

— Жалбыр балақ, саба құрсақ жаман қатыннан туғаннан құдай сақтасын. Тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібітіп, қыздан тұсақ, несі айып? Өздеріңіз шығарған өсекке өздеріңіз сенсеңіздер, оң жақтағы апаларыңа ие бола алмаған ата-бабаларыңызға өкпеленіздер. Шаңырақ кенжеге қалатын үрдіс бойынша Бекарысқа, одан бай ұлына, байұлынан адайға қалған алты алаштың шаңырағына сөз тигізсеңіздер одан біздің неміз мұқайды,— деп алақанындағы насыбай күлін алашаның бір пұшпағына үйкеп қойды.

— Қой, нағашеке, саған дауа жоқ екен. Сені қағытам деп отырып, аруаққа тіл тигізіп алармыз. Әрі бармай-ақ қоялық.

— Қойсақ, қоялық...

— Жол жүріп келесің ғой, тыныштық болады дей ме, не естігенің бар?

— Сендей қыршаңқылардың көзі құрымай тұрып, тыныштық болушы ма еді. Бір елде соғыс болып жатыр деді ғой балалар.

Тілеу селк етіп басын көтеріп алды. Күдері келелі әңгімеге енді жеткендей қомданып отырды.

— Осы Чан Қай шиден хабар болмай кетті ғой?

— Шортуым біліп пе?— деді қонақ.— Ананы ұстайтын қайсың едің.

Иегімен керегенің басындағы домбыраны меңзеді.
— Ойбай, нағашыеке-ау, қатыны екеш қатынына дейін қолындағы оқтауын домбыра қып сабалайтын сіздің ауыл тұрғанда біздің қолымызға домбыра жараса ма? Мә, сіз тартыңыз.

Күдері ұшып тұрып домбыраны әперді.

Жасалғалы қол тимеген қара домбыра құлағы босап, тиектен әлдеқашан ада бопты. Таңқы танау қонақ қамшысының қайыс сабынан кесіп ішек жасады. Оң қолының сұқ саусағымен тыңқ-тыңқ шертіп құлағын күйге келтірді. Әрлі-берлі жүгіртіп пернелерді тексерді. Ауызындағы насыбайын тастады. Жеңін шынтағынан асыра шыыршықтап түйіп алды. Аяғын жиып, малдас құрды. Қара домбыра еңгезердей қонақтың бауырына бір-ақ сүңгіп жоғалды. Қоңыр әуез сытыр-сытыр жауған күзгі жаңбырдай сүйек-сүйегінді үңгіп барады. Қонақ қолындағы домбыраға да, қасындағы адамдарға да көз салған жоқ. Мойнын орағыта, төрдің алдындағы қара тазыға ежірейе қарады. Қара тазы күйге елтігендей қызыл тілін саландатып, көзін жұмып-жұмып қояды. Жыбырлақ Күдеріге де пәтуа біткен. Сөзден де, қимылдан да тыйылған. Тілеу, сірә, тым-тырыс қалпы. Құндаққа еңкейген Зейнеп те, құндақтағы кішкентайда да үн жоқ. Мына бір әдемі сазға үн қосқысы келгендей сыртта құс шырылдайды.

Сүйекті үгіп бара жатқан майда саз басқа әуенге ауысты. Қонақ мойнын енді от жаққа қарай бұрды. Жалба-жалба қабағының астында бұғып жатқан ала көз ұясынан шыға ежірейіп барады. Қос ішекке төпелей тиген батпан саусақтар қара жер тітірердей алапат үн тірілтті. Күйшінің шеке тамырының бәр-бәрі бадырайып ойнап-ойнап шыға келген. Манадан бері бөксесін қара жерге қадап қойып отырған еді ол, енді тиектің дәл түбінен сонау құлаққа қарай қолын құлаштай жүгіртіп бара жатып оң жамбасына, содан қара шанаққа қарай қайтарып келе жатып сол жамбасына ауып-ауып түседі. Екі көзін алартып, мойнының ілгері салып, өңмендейді-ай келіп. Әлгінде ғана Күдеріге тесірейіп отырған екі көз енді Тілеудің бет-аузын тінткілей жөнелді. Төрде отырған қонақ әп-сәтте табалдырыққа жетіп үлгеріпті. Сала құлаш мойны домбыраның үстіне түсіп кеткен. Өжектеген өткір күй безек қағады. Екі жамбасына кезек құлап, екі қапталына кезек ежірейген күйші төрдегі орнына қайта келді. Үй ішіндегілер арбалған торғайдай көз айыра алар емес.

Безілдек күй — тепсініп-тепсініп барып басылды. Ақ тер, көк тер домбырашы мандайын сұртті. Күйге ұйып қалған үшеу қапелімде тілге келе қоймады.

Біраздан соң барып Күдері сөйледі.

— Апыр-ай, нағашыеке-ай, қолыңыздағы найза емес, дом-

быра болғанына шүкір! Әйтпесе, әлгі ежірейген кезіңізде зәремнің зәр түбіне кеткені!— деді.

Домбырашы бір оскырынып, шақшасын алды.

Сол екі ортада қазан да түсірілді. Үйді былбырап піскен жас еттің исі жайлады.

Еттен соң тағы да шәй ішілді. Сол шәйден соң барып еңгезердей қонақ жоқ қарап жүргені есіне түсті білем:

— Олай-бұлай жүргендерінде бөтен түйе көздеріңе түспеді ме? Қызыл мая. Түс аруана емес, шатыс. Мойнында байланған кәрі жілігі бар. Сетік тұмсық. Атты адам көрсе, едірейіп айбат шегеді,— деді.

— Қашан жоғалып еді?

— Былтыр күзде.

— Ендеше, ол әлі күнге бұл құмда қайдан жүрсін. Әлде қашан бұйрығынды қатқылға шығып кетті ғой. Атыңды енді бір күн терлетсең, Ұлы Құмның терістігіндегі Жыланды таудың ащы бұлақтарынан тауып қайтасың-ау!

Күдері жол сұрасаң, жоқ сұрасаң көзі жайнап қоя береді. Жасында талай-талай қала шыққан. Колхоз жаңа ұйымдасқан кезде азғантай атқа мінгені де бар. Осы кезге дейін шалғайдан қора салдыратын, құдық қаздыратын шаруа шықса, оған да тізгін тиіп қалады. Қандай тас қараңғы түнде де апарам деген жеріне адастырмай апарады. Желге қарайды, жұлдызға қарайды, шөптің исіне қарайды, тіпті жата қап топыраққа тілін тигізіп көреді — әйтеуір табады.

Сонау өзен бойындағы колхоз Ұлы Құмның қиян түбіндегі осы шабындыққа Тілеуді қалдырды да, құм мен қатқылдың арасындағы азғантай базаға Күдеріні қожа етті. Күдекеңнің осы иен құмның бір өзі секілденіп күдірейіп жүретіні де сондықтан. Баздың төңірегінен бейсаубат машина көрсе, артынан шауып, кузовында не бар екенін тексеріп алмай жібермейді. Алда-жалда бір құшақ пішен табылса — қызыл шатақ басталды дей беріңіз. Ондай қуысты шоферлар анадайдан далақтап шауып келе жатқан Күдеріні көрсе болды, тоқтай қалады. Кабинасынан секіріп түсіп, алдынан шығады. Өп-өтірік адасқансып жөн сұрайды. Әлгінде ғана құртып жіберетіндей боп, еміне шауып келе жатқан өндірісегі сорайған ұзын шал аяқ астында-ақ ашуы тарқап, ер үстінде түзеліп отырады. Төбенде ойнатқалы тұрған бес өрме қамшысын уысына жиып, жыңғыл сабымен көкжиекті нұсқайды.

— Анау қара дөңге көтерілгесін сағым шалып бір көне оба қарауытар. Соған жете бере жол екі айырылады. Оң қолыңа бұрыл. Біраз жүрген соң көп адыраспан жолығады. Одан өте бере, жолдан шық. Күннің көзі жол жақ құлағыңа арттан түсетіндей қып тарт та отыр. Қашан машинаның көлеңкесі, ұзын сырық боп алдыңа тіке түскенше зулай бер. Көлеңкең қалай алдыңа түсті, солай солға бұрыл. Көлеңкенді қапта-

лына салып жарты сағат жүрсен, сұраған құдығыңның төбесіне түсесін. Түсіндің ғой?

— Түсіндім, көке. Рахмет!

— Түсінсен, әне солай.

— Сау тұрыңыз.

— Жолың болсын. Әй, тоқта. Темекің бар ма?

— Алыңыз.

— Ау, мынауың әлгі ақ құйрық бапырас қой. Көп жаса, айналайын.

Ол сигарет суырып, мұрнына апарып иіскеп, сыртындағы тасқа басқан жазуды баяғыда «ликбезде» шырамытқан төртбес әрпіне маңайлата алмай, шырпы сұрайын деп басын көтергенде, машинаның анадай жерге ұзап кеткенін көреді.

— Қап, әлгі сығырдың не алып бара жатқанын қарамағанымды қарашы,— деп санын бір-ақ соғады. Сосын қорапты қалтасына салып, қолындағы жалғыз тал сигаретті құлағына қыстырып, түксиіп үйіне қайтады.

Сөйткен шалдарды көрсе шақшасына жармасып, жастарды көрсе шылымына ортақтасып, кеңсеге барса шікірейіп қалпақ киіп, садақада басына орамал байлап, тақуа болып қырық құбылатын қу аяқ неме енді, міне, жоқ қараған қонақтан бір уыс бұйра насыбай олжалап, жөн сілтеп кемеңгерсіп отыр.

Тілеу осыны көрсе күлкісі келеді де тұрады. Қазір де сый қонақтан иба етіп, мырс ете түспей, шыдап бақты.

— Ол түйең табылды дей бер. Дәл қазір бұл Ұлы Құмда аяғы бар түйе түгілі түсіп қалған тұсауына қол тигізетін ешкім жоқ.

Еңгезердей қонақ Күдеріге қарап мұрты жыбырлап біраз отырды да, кілт Тілеуге бұрылды.

— Мына домбыранды кімге жасаттың?

Тілеу аузын ашқанша, Күдері айтып та үлгерді.

— Ойбай-ау, бұл кімге жасатушы еді, өзі-дағы. Өліге жан бітіруден басқаның бәрі өз қолынан келеді.

— Ендеше, тіптен дұрыс. Ал, құда, осы қу шанағыңды маған қи. Әлімнің ауылынан ала қайтқан қол үздігім болсын. Үйіңнің маңының құмалағы сирек екен. Әлгі жоғалып жүрген жайрағырды саған қидым. О баста да осы жақтан келген мал еді. Жерсінбей қойды. Мына күлте сақал табам деп отыр ғой. Тауып әкеп сенің белдеуіңе байласын.

Тілеу мен Күдері күлді. Еңгезердей қонақ орнынан тұрды. Қолындағы домбыраны ұстай тұрды. Желең бешпетін шешіп, сықитып орап алды. Зейнеп алдарына түсіп есікті көтерді. Екі еркек те ере шықты.

Белдеудегі ала сирақ бәйге күрең несі үстіне қонғанда белі майысып, анадай жерге ытқып кетті. Қонақ апыл-құпыл қош айтысып, күн батысты бетке ұстап, шаба жөнелді. Екі ті-

зесі ат тірсегін қағып барады. Соңынан тілі салақтап салпан құлақ қара тазы шауып барады. Екеуінің соңынан да құрық сүйреткендей боп екі ұзын қара көленке еріп барады. Сол бір саландаған қос көленке көк жиектегі көк мұнараға сіңіп жоғалғанша бұлар үй сыртында тұрды да қойды. Көк жиекте сүйқылт сағымнан басқа ештеңе қалмаған соң барып, үйге кірді. Күдері төрге қайта шықты. Оның оң жағына Тілеу тізе бүкті.

Күдері кеңк-кеңк күлді.

— Ал, балаңа ат қойдың ба?— деді Күдері.

— Жоқ.

— Осы кезге дейін не деп келдіңдер?

— Сол жаман немені не дейтін ек, жаман неме дей саламыз.

— Жаман немесі несі, атын Жақсылық қою керек.

— Апыр-ай, біздің тұқымда ондай ат болмаушы еді. Артымызда тұяқ болып қала ма деп отырмыз. Осы күшіктің аты Тұяқ болса қайтеді.

Күдерінің әлгінде ғана желп етіп жоғары көтерілген жалбыр қабағы қайта жадырап сала берді. Төр алдында бұршақтай терлеп жатқан бөбекті орауымен алып, оң құлағына аузын апарды.

— Әй, күшік, сенің атың Тұяқ! Естисің бе, ей? Тұяқ! Тұяқ! Тұяқ!

Артынан ағарған ауыз тиіп бата қылды.

— Енді бір бес-он күнде пішеншілер де құлап қалар,— деп терістікке шоқыта жөнелді.

III

Шіркін, со бір жылғы жаз-ай. Әншейінде жанарының бар жылтын жалмап жұтып ап, бүлк етпей бедірейіп жататын да қоятын құба сұр алқап май туа шалқар көлдей шалқыды да кетті. Қақалып қалың біткен бидайық пен көк еркек көл бетіндегі бұйра толқындай ертелі-кеш дөңбекшиді де жатады.

Сол бір қырық аунақшып тағатынан айрылған мазасыз дүниенің көптен сарыла күткен аяулы аңсарындай боп алыс көкжиекте үздік-создық көп қарайған көрінді. Маң-маң басып жақындап келеді. Асықпай аяндайтын ұзын тізбек көш екен. Ал қасындағы ірметілген қалың дүрмек түйеге сүйреткен шөп машиналары мен тырмалары боп шықты. Олар шабындықтың шетіне жете беріп кілт кідірді. Көліктерін ағыта бастады. Көш қызыл шағылдарды жамбастай жығылған құмақ қара жалға көтеріліп барып тоқтады.

Ұзын сирақ нарлар мен алмас өркеш атандар арқалары босап, булары бұрқырап, тіс тимеген ту шалғынға енді тиісе бергенде теңкиіп-теңкиіп жатқан көп қарайғандардың таса-

сынан қып-қызыл керегелер бой көтерді. Қолдары шошандап ерсілі-қарсылы елбең-елбең жүгіріп жүрген көп әйел қоңыр жалдын басына кесте төгіп жатқандай. Самсап-самсап шаңырақ көтерілді. Андап-андап уық шаншылды. Құлтеленіп баулар тартылды. Уыздай боп киіз жабылды. Әлгінде ғана сағым шалып тұрған тұлдыр кеңістік ақ жұмыртқа ауылға айналды.

Қара борбай балалар көштен түсе қап шағылдарға қарап шапқылай жөнелді. Жарысып жуа тереді, қоян тобық пен көсік қазады. Шөп түбінен шұбар ала жұмыртқаларға толы ұя тауып, енесіне жылқының құйрық қылынан тұзақ құрады.

Үй тігіліп бола сала иықтарына бір-бір дорба асқан бой жеткендер тезек теруге шығады. Төрт-бес қарулы жігіт он шақты түйеге ауылдың бар ыдысын теңдеп, ауыз суға аттанады. Үй-үйдің алдынан жер ошақ қазылып, бұраландап түтін ұшады. Ыдысы ұмыт қалған бір қатын бажылдап сушылардың артынан жүгіріп барады.

Жал басында әйелдер шаң-шұң, құм бойында — балалар ду-ду. Сол бір тосын дыбыстардан елсіз өлкенің азғантай тіршілігі дүр түрегелген. Үйір-үйір қара құйрық анадай-анадайда аңтарыла қарап қапты. Түз құстары топтарын жазбай көк аспанда ойқастай шырылдап жүр. Індерінен жүгіре шыққан тышқандар жаңа қонып жатқан ауыл жаққа алдыңғы екі аяғын бірдей көтеріп масаттана шықылықтайды.

Жалғыз жайылып қалған шабдар да бүгін үсті-үстіне осықырына береді. Тілеу ақыры шыдап отыра алмай пішеншілерге сәлемдесіп қайтуға атқа қонды.

Ымырт түсе жал басында моншақтай тізіліп от маздады. Ертеңіне сары ала таңнан бүкіл алқап дуылдап қоя берді. Түйенің бақырғанын, шөп сыртылын, жабырлай сөйлескен көп адамның дауысын баса көктей шыққан орақ зырылы қыс бойы мүлгіп жатқан жым-жырт өлкенің құлақ құрышын қандырардай. Сарт-сұрт туралып түсіп жатқан көк шалғыннан өн бойынды балбыратқан әдемі жұпар иіс аңкиды. Сәнкііп маялар тұра бастады. Шана-шана көк шөп ерсілі-қарсылы жосып жүр. Шөп машинасындағы бозбала жігіттер білектері жарқырап айыр көтерген қыздарға тістері ақсып бірдеңе деп айқайлап қояды.

Қайда көз салсаң да абыр-сабыр қимыл. Қайда құлақ тіксең де жабыр-жұбыр үн. Шіркін, аспан астындағы дүниенің сәні мен мәні мынау қыбыр-қыбыр қимылы таусылмайтын жұмыр басты пенделер екен ғой. Қеше ғана мелшиіп жатқан меніреу дала, енді, міне, әндетіп қоя берді. Тіпті шалғыға ілігіп, морт-морт түскен көк балаусаның өзі осы екі аяқтылардың аяғын құшқандарына әбден мәз болып, сықылықтап күліп құлап жатқандай. Мұндайда кісі қайраттанып кетеді екен. Күні-түні темір тықытатын Тілеу шаршауды білсейші. Құмақ жерде орақ қандай қирағыш, Сонда да мыңқ етпейді.

Ертеден қара кешке қолынан балға түспейді. Төсегіне сүре жығылады. Құлағын кесіп алсаң да оянбастай боп қатып ұйықтайды. Түс көреді. Түсінде баяғысындай қобдиын шашып ойнап отырған көп баланы көреді. Кейде олар зінгіттей-зінгіттей жігіт болып, әр қайсысы бір-бір шөп машинасына отырып ұлан-асыр шабындықта қаздай тізіліп қаз-қатар жарысып бара жатады. Оянса — бауырында Тұяғы, шалқасынан түсіп ұйқы соғып жатады.

Тағы да қарбалас күн. Тағы да шаруасы шаш етекпен. Сонда да Тілеу қабақ шытпайды.

Жал басындағы көп ауыл мен шұқыр ойдағы жалғыз үйдің арасы айдау жол болып қалады. Пішенші ауылдың әйелдері қос уыс қанты мен бір түрген шәйін қолтықтарына қысып кеп, Зейнепке киім піштіреді, іс тіктіреді. Зейнеп шалының қақпанына түскен қара құйрықтың етін қызыл қуырдақ қып, шай қайнатып, киіз бастырады, арқан шираттырады, ертең жалғыз ілікті боп қалғанда, қайраты таусылып, қаран боп отырып қалар бар шаруасын бітіріп алады.

Сөйткен дәурен де екі-үш ай ғана. Әуелі айдаладағы жалғыз үйдің көңілін құлазытып пішенші ауыл көшіп кетеді. Сосын шабындық орнындағы қара-құрым үй айналаға жауандай қарап тағы да жалғыз қалады. Тағы да жаздың шыққанын, пішеншілердің келгенін асыға тосады. Олар үшін пішеншілердің көшіп келгені мен көшіп кеткенінен басқа оқиға да жоқ. Олар үшін мынау өтіп болмайтын маңдымас уақыттың бар өлшемі сол ғана. Ең азы кішкентай Тұяқтың жасын да ол туғалы қанша рет пішен шабылғанына қарап есептейді.

Бұл тарапқа пішеншілер әр келген сайын Тұяқ та өсе түсті. Былтыр жөргекте жатқан Тұяқ пішеншілер енді бір айналып келгенде жүріп жүр. Былтыр есіктен төрге қырық құлап зорға жететін Тұяқ биыл әкесіне еріп пішенші ауылға қыдырып келуге жарапты. Былтыр алдына алып ұстап отырғанда басы бұлғандап ит-зықынды шығаратын Тұяқ биыл атына мінгіз деп тап-тап береді. Былтыр жуас тұғырға ердің қасынан ұстап әзер отыратын Тұяқ биыл жал-құйрығын күлтелендіріп тайға мініп алыпты. Кішкентай сүйек бас ері, әлекей-күлекей ат-тұрманы біреудің көзінің ағы мен қарасы екенін айтпай-ақ танытып тұр.

Тұяқтың бар ырымы пішеншілер барда жасалады. Бір алпауыз әйел тұсауын кесіп, Зейнептің қос тақта алқасын қағып алды. Сүндет тойының қызығын да пішеншілер көрді. Мектеп бітіргендегі тойы да соларға бұйырды.

Тілеу баласын қатарынан қалмасын деп, бір сиырын сатып қаржы қып, Алматыға аттандырды. Ай жарымнан соң баласы екі көзі білеудей боп жылап-жылап ауылға қайтып келді. Оқуға түсе алмапты. «Ештеңе етпес. Биыл түспесең, ендігі жылы түсерсің», — деп Тілеу тағы бір марқаның басын қырық-

ты. Баласының алыс жолдан аман-есен оралғанына берген құдайысы еді. Келесі жылы май өте Тұяқ астанадан сатып әкелген тарғыл чемоданын қолына ұстап тағы аттанды. Бір айдан соң сопаң етіп тағы кіріп келді. Самай түгінің шықшытына, желке түгінің жауырынына түсіп кеткені болмаса былтырғыдан өзге хабары жоқ. Тілеу түні бойы көз ілмей шықты. Апыр-ай, бұл тұқымнан да біреу қара таниды ма деп еді. Құдай ол тілегін де қабыл көрмегені ғой. Әрі аунақшыды, бері аунақшыды. Көз алдына баласының жалбыраған шашы, саландаған балағы елестеді. Қалада енді бір ай кідіргенде, о шірік, қора шетіндегі қарақшының өзі боп келеді екен. Қайта, қалып қоймай, айналып-үйіріліп үйірін тапқанына шүкір. «Жарайды, жер басып тірі жүрсе болды»,— деп таң алдында зорға кірпігі айкасты. Тәубашыл шалдың қара пышағы ертеңіне тағы бір тоқтының тамағына жармасты.

Тұяқ жұртпен бірге пішен тасысты. Қысқа салым аудан орталығына шоферлық оқуға кетті. Келесі көктемде алақандай қатырма қағазды қалтасына басып ауылға оралды. Колхоз машина тауып бере алмады. Жазда жұртпен бірге пішен шабысты. Олар кеткен соң қолды-аяққа тұрмады. Қақпан құрады. Аң қарайды. Айдалада бірдеңе іздеп, қаңбақтай жүйткіп жүретін экспедицияларға барып сөйлеседі. Сөйтіп жүргенде военкомат шақырды. Екі жылға әскерге алынды. Екі жыл бойы сарыла күткенге шыдамады ма, жоқ батпандап жабысқан індетті баласы ер жетіп, қолы босаған соң барып аңдады ма, көптен бері көкірегін сүйретіп, сырылдап жүрген Зейнеп, Тұяқ ауыл орталығына келіпті деген хабарды естіген күні таннан шыкпады. Әйтеуір байғұстың иманы бар екен. Айдалада жалғыз үй отырғанда қайтса қайтер еді. Іргеге пішенші ауыл көшіп келген соң барып көз жұмды. Әлпештеп баққан баласынан бір уыс топырақ бұйырды.

Тілеудің ендігі уайымы баласы. Шешесі барда да аяқтана алмай қалды. Жетім шал мен жетім балаға кім қыз береді дейсің. Соны Күдеріге айтып еді. «Пішту!»— деп қолындағы жыңғыл сап қамшымен жерді бір-ақ тартып орнынан тұрып кетті. Арада ай өтпей жатып далақтап қайтып шауып келді. Екі иінінен дем алып еңтіге сөйледі. Сөйтсе, шөп қорып жүріп көшіп бара жатқан бөтен ауылға жолығыпты. Шабындықты таптайсындар, тез ірге көтеріңдер деп шаптығып барса, баяғы домбыра алып кететін күйек сақал дейді. Көзі қанталап алған бұған қитықанып сөйлеспей біраз отырыпты. Сосын бірін-бірі қағытып біраз тәжікелесіпті. Ақыр-аяғында амандық-саулық сұрасыпты. Тілеуді ұмытпапты. Кемпірі өлді дегенде, қатты күйзеліп қапты.

Күдері сол күні қонып, ертеңіне шай құйып беріп отырған бой жетіп қалған қыз баласына құда түсіп аттаныпты.

Зейнептің жылын бере сала той өтті. Әкесіне тартқан әуірім біреу боп шыға ма деп еді, келіні әдепті бала екен. Алдынан көлденең өтпейді. «Атекелеп» елпілдейді де тұрады. Киімі қақырадай боп жуулы. Дәрет құманына жылы су құюлы.

Айдаладағы жалғыз үйде сол келіні екеуі ғана. Ал, Тұяқ болса, тойдан қалған азғантай қаражатқа қаладан сатып әкелген мотоцикліне мініп ап, таң атса болды бір жаққа таяйып бара жатады. Күн кешкіре күн астынан шаң ертіп құйындатып қайтып келе жатады. Үйде болған кезінде де бұл екеуімен сөйлеспейді, әлгі дарылдағының асты-үстін шұқылайды да жүреді. Кейде тіпті күн асып, түн асып көрінбей қояды. Кен қарап жүрген дей ме, су қарап жүрген дей ме, инженерлер қосына қонып қалады. Ондайда әйтеуір бір киімі өзгеріп келеді. Бірде тізеден төмен тырдай жалаңаш, көстендеп табалдырықтан аттай бергені.

Көп сөйлемейтін Тілеу:

— Апыр-ай, қонған ауылыңның иті қандай қабаған еді,— деп бір мырс етті.

— Балағын ит жыртқан жоқ. Өзі осындай киім. Шорт дейді.

Жазда киюге жақсы көрінеді.

— Бопты ендеше.

Келіні күліп жіберіп еді, Тұяқ алая қарады.

Тағы бірде Тұяқ Күдері отырғанда мойнына бір жалтырақ қара қобди асып оралғаны. Есіктен қалай аттады, солай жеркөктің барша дуылдақ-шуылдағы даңғыра қағып қоя бергені. Желідегі бота ноктасын үзіп қашып кетті. Іргеде көлеңкелеп жатқан козы-лақ дүркірей түрегелді.

— Астапыралла, мынауын не?— деп үрейленді Күдері.

Тұяқ күліп жіберді. Мойнындағы қара жәшіктің бірденесін сырт еткізіп басып қап еді, әлгі аламан-асыр пышақ кескендей жым болды. Шөлмектей мөп-мөлдір қабының арғы жағында бір қызыл қоңыр дөңгелек үн-түнсіз шыр айналып жатты.

Күдері Әнес сақабадан — Алаш, Алаштан — Жайылқан мен Сейілхан, одан — Қазақ пен Созақ, Қазақтан — Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс қалай тарағанын айтып отыр еді. Әлгі улыған-шулыған даңғаза басылғасын әңгімесін қайта жалғады. Мігірсіз айналып жатқан қызыл күрең дөңгелектен басқаның бәрі тынып қапты. Мынау жым-жырт тыныштыққа масаттанғандай Күдері омырауын желпіп-желпіп қойып, саңқылдай түсті. Кенет мұрыны жыбырлап кеткен соң, шақшасының тығынын ағытып, алақанына насыбай салып жатыр еді, жылтырақ қара қобдидың қазақша самбырлап қоя бергені: Бекарыстан — Алау, Алаудан — Алшын, Алшыннан — Нәдірқожа, Қыдырқожа, Сәдірқожа, Нәдірқожадан — Қаракесек, одан Әлім, Шөмекей туады...

Күдері қапелімде сасып қалды. Мына бір дауыс өте-мөте таныс дауыс. Бірақ, өзі де бір жәрмес неме болмаса етті. Баяғыда шалдардың бәрінің кіндігін өзі кесіп, бесікке өзі салғандай қоқиланып жатқызып-өргізіп отыр. Аяғы жететін жерде шежірені бұдан мықты білетін әлгі имек мұрын салық агент қана. Етке малды мезгілінде тапсырмасаң, тұқым-теберінде кімдер сараң болғанын көзінен тізіп бетіңе салық қылады. Біреу жаңадан ферма бастығы боп тағайындалса, жеті-бабасында, нағашы жұртында атқа мінгендерді түгел санап шығады. «Баяғы пәленшекемнен кейінгі қолы билікке жетіп отырған осы екен»,— деп қомпандайды. Бірақ, оның дауысы мынандай емес, шіңкілдектеу еді. Ал, мынау өжеңдеген біреу. Шамасы, Алматыда тұратындардың сойы. Ана жолы оқуға барып қайтқан немересі қаланың шалдары көк базарға жиылып, қымыз ішіп, шежіре айтып, шарифатқа таласады екен деп келген-ді. Солардың біреуі емес демейсің бе. Қанша дегенмен астанада тұрады, қолдары ұзын ғой, радиодан қайдағы-жайдағыны айтып көйітуін қарашы. Бұл ауылдан радиодан бұрын былтыр Тасқараның Төкені ғана сөйлеген. Бірақ, былжырақтап зорға сөйлеген. Ауылға келгесін: «Сонша неге үсті-үстіне тұттыға бердің?»— дегендерге: «Радионың пысы басып кетті»,— деп еді. Мына сабаз радионың пысы болмақ түгілі, аяқ-қолыңнан алып домалатып тастайтын аруағы болса да, пысқыратын түрі көрінбейді. Әзір әңгіменің ұлы жобасы дұрыс. Бірақ Күдері қаланың төл көлеңкелеген қара шекпен шалы қанша біледі дейсің, бір жерден аяғынан алдырар деп бір көзін қыса түсіп, басын жылтырақ қара қобдиға қарай әнтек қисайтып қадалып тыңдап отыр... Е, бәсе, айтпады ма...

«Әлімнен Аманак, Жаманак, Қараманак Айнақ туған...»
— Оттапсын,— деді Күдері көзі бажбаң етіп.— Төртеу емес бесеу туған. Тоқалынан туған Түменді қайда қоясың. Түменнен Байсары мен Кішкене тумай ма?! Содан алты ата Әлім атанбай ма...

«Қаланың қақбасын» жаңылдырғанына мәз болған Күдері манадан бері алақанында жатқан қара бұйра насыбайды тілінің астына бір-ақ құйды.

Тұяқ күліп жіберді.

— Күдеке, бұл сөйлеп отырған өзіңіз ғой.

Екі шалдың да көздері атыздай болды.

— Тұяқжан, қайдағы бір қаңғыбастарға ерем деп әдептен айырылып барасың білем. Кісі деген әкесіндей кісімен қалжыңдаспас болар.

Күдері сөзін аяқтап бола бергенде, ішінде қызыл доңғалақ зыр-зыр айналып жатқан қара жәшік:

— Оттапсын,— деді жұлып алғандай қып,

Екі шал жағаларын ұстады.

Тұяқтың шығармайтыны жоқ. Бір күні басына шаңырақтай қып делиме қалпақ киіп келгені. О күні де осы үйде Күдері отырар ма! Табалдырықтан аттамай жатып жабыса кетті.

— Бала, мына қалпағың түйе карағанда киюге жақсы екен. Көлеңкесі мол. Көзіңе күн түспейді. Осынынды қисан қайтеді...

Енді Тұяқ көп баратын инженерлердің қосына о да барғыштайтынды шығарды. Әр барған сайын бір күн жыр қылып айтатын әңгіме әкеледі. Бастықтары бір каскабас нән орыс дейді. Қаба сақалының өзі қыл болмай жүн болғанда бір атқа тоқым молынан шығатын екен дейді. Жарықтықтың екі иығына екі жігіт мінгендей дейді. Аузынан шылым түспейді, жұдырық сиятындай кең танауы қыстыкүнгі сылама қазандықтың мұржасындай будақтайды да тұрады дейді. Ішінен бота болмағанмен құлын шауып өте беретіндей дәу-дәу шойын құбыр тартып келеді дейді. Машина деп әне солардыкін айт, біздің колхоз газиктер олардың қасында есектің күркесіндей жермен-жексен боп қалады дейді.

Тұяқ акыры соларға кетіп тынды. Бір күні баласы екпіні тау жыққандай көк-қасқа машина мініп келді. Әлгі сусылдақ айтса айтқандай-ақ екен. Жарықтық төрт-бес киіз үйді қабат жүктесең де мыңқ ете қоймас. Тілеу сақалының ұшын ұстап, басын шайқап қала берді. Баласы ауыл маңында шаң қонбайтын тұрған уыз майсаны жапыра жайпап кете барды.

Енді Тұяқ айда-аптада бір соғып тұрады. Тілеу жатса-тұрса: Жаман неме қайда жүрсе де пәле-бәтерден, қауып-қатерден аман жүргей»,— деп тілеп отырады. Ал, келіні алыстан машина гүрілі естілсе, үйге бір кіріп, бір шығып, тызандайды да жүреді.

Бір күні түс қайта тап ауылдың иек тұсынан бірдене тарылдап ала жөнелді. Әлгі дыбыс бірте-бірте күшейіп барады. «Тұяқжанға тағы да бір жана машина берген-ау»,— деп, сыртқа шыға келіп еді. Әлгі дауыс әуеден шығатын сияқты. Көзін алақанымен қалқалап аспанға қарады. Қанаты бұлғандаған бірдене дәл бұның үйінің төбесінде шыр айналып жүр. Бар үзік, туырлық тулап қоя берді. Түндік бір жаққа ұшып кетті.

Тілеу «астапыраллалап» жағасын ұстап антарылып тұр. Әлгі тарылдақ неме құдды арбалған торғайдай шырқ айналып шығар емес. Кенет есіктің алдындағы үюлі күлді бұрқырата аспанға көтеріп, дәл жер ошақтың қасына кеп қонды. Тілеуде зәре жоқ. Әлгі тырылдақтың бүйірі үңірейіп тесілді де, ар жағынан біреу көрінді. Суаяқ Күдері. Баспалдақтан түсіп келе жатып кеңк-кеңк күліп қояды өзі.

— Қалай екен? Сынық шөңге жолатпайтын тирақ неме, күлінді төріңе шаштым ба, бәлем?

Тілеу өз көзіне өзі сенбей бақырайып қамыпты. Күдері қасына кеп арқасынан қақты. Түйе қарап жүрмін дейді. Мына тырылдақты әлгі тамыр орысынан сұрап алыпты. Үйге кіріп, бір зерен шұбатты қағып сап, қараша үйдің бар киізін түгел тулатып қайта ұшып кетті.

Мынау құмақ бұйраттардың үстінде мың жылдар бойы туырылып тұрған бұйығы тыныштықты дал-дұл жыртып бара жатқан тосын дауыс құлағында әлі тұр. Санасы сонау көзден бір-бір ұшып жоғалған жұмбақ машинаға таңғалып тұрса да, үйреніп қалған ауыз шіркін:

— Бұл суаяқты қойсайшы, жүрмейтін жері жоқ-ау!— деп күбірлейді.

Содан былай Тілеудің көңіліне бір алаң кірді. Бұрын таң намазын оқи сала іс қылатыны бар еді. Ол күні қобдиына тиген жоқ. Атын ерттеп, ауылдың алдына қарай шоқыта жөнелді. Бабалар зиратына барып, қаз-қатар жатқан көп төмпектің күн батыс бетінде Өтеу атасынан бастап, бас-басына құран оқыды. Атының шылбырын қарына іліп алған қара шал ана төмпектің де, мына төмпектің де қасына барып жер тізерлеп, алақанын жайып, бетін бір сипап, қайта тұрады. Ең соңында кішкене зираттың күн шығыс шетіндегі Зейнеп қабіріне келді. Тірісінде аяғының ұшымен басып, кірген-шыққаны білінбейтін елеусіз әйел жер астына түскен соң зорайып кеткендей. Әлі топырағы отыра қоймаған жаңа қабір жермен-жексен шөгіп кеткен ескі қабірлердің қасында ала бөтен дөңкиген көрінеді. Тілеу тілерсегі майысып бара жатқандай, тізесі дірілдеп қоя берді. Жалп етіп отыра кетті. Білген аятын айтып, бетін жаңбыр шылап, кеудірлеп кеуіп қалған кебір топырақты қамшының сабымен қопсытып, бір шеңгел топырақ алып қосты. Сосын қарсы алдында ұзыннан-ұзын сұлап жатқан қызыл төмпектің бас-аяғын түгел шолып шықты. Оның тұла бойында тірі Зейнепті еске салатындай ештеңе жоқ. Табалдырықтан бұл аттағанда көсілген аяғын жиып ала қоятын Зейнеп қасына келгенде дәл бұлай тырп етпей жатып алар ма еді...

Тілеудің тамағы құрғап барады. Шықшыт тұсы әлденеге жыбырлап қоя берді. Бетіне бір күн жел боп келмеген ақ некелі косағын бауыры суық қара жер бедірейген өзіне ұқсатып безертіп тастапты. Бұл үшін қиналмайтындай, бұны қимайтын ештеңесі жоқтай, мынау қара сұр төмпектің ең болмаса бармақ басындай бір кесегі қылп етіп қозғалмады.

Қолындағы қамшысының сабын қаныпезер қара жерге нұқи шаншып, шайқалақтап әзер орнынан тұрды. Баттыып бар ізі сайрап қалған әлгі отырған орнына көзі түсіп кетті. Жүрегінің басы бүлк ете түсті. Мынау, бұйырса ертең өзі жататын жер ғой. Қария оң қолының сақалына қалай барып қалғанын білмей қалды. Қайта үңілді. Екі тізесі батпақтап болдыртып жығылған түйенің шөккен жеріндегі кебір топы-

раққа шаншыла кіріпті. Бір қапталы қара жусан өскен қатқылдақ. Мұның не ойлап тұрғанын сезіп қалғандай ертең темір күректің өткір жүзі қырш-қырш қиып түсетін сабалақ бас қара жусандар дірдектеп қоя беріпті.

Тілеудің миығына, неге екені белгісіз, жымысқы күлкі ілікті. Иә, дәл осы араға мынау Зейнепке ұқсап нардай сұлап бұ да жатады. Мынау қазір аяғымен басып тұрған кебір топырақ бетін жабады. Бұрын алты қырдың астындағы аждаһадай атағының өзімен-ақ алыстан жүрегінді қалтыратқан ажал шіркін мысық табандап тіптен тақап қалған екен. Жататын жері, жамылатын топырағына дейін белгілі. Ақиреттік пендеге ажалды естен шығаруға бола ма. Тұяқтың тілі шыға-ақ артына мінгестіріп, осында әкелген. Жеті атасын түгел жаттатып, қайсысының қай төмпектің астында жатқанына дейін айтып берген. Құдай дегеніне жеткізсе, өзінің де осы арадан топырақ дәмететінін айтқан. Сонда басыма кеп, дұға оқып жүр,— деп аят үйреткен. Темір-терсектің жөн-жосығын жаттаймын деп, ұмытып қаламаса, жадында бар шығар. Қешке төсекке жатарда да, әлденеше қайталатып айтқызушы еді. Кекілі жалбыраған тілі тастай қара бала қақ төрде шәй көрпенің үстінде шарта жүгініп отырып ап, қабақты тас түйіп, алақанын алдына жайып, тақылдатып айтып беретін. Сонда бұл қаршадай бала айтқан түсініксіз сөздер ғұмырына ғұмыр қосқандай бір марқайып қалатын. «Ертең қарағым басыма келіп тап осылай сұңқылдап отырғанда албастыдай айқара басып жатып алған қара жердің өзіне бір қайран тауып, орымнан бір аударылып түсермін-ау»,— деп ойлайтын. «Тек жалғызымның өз қолы өз аузына тезірек жеткей!»— деп тілейтін. Енді, міне, ол тілегіне де жетті.

— Ой, керемет-ой!— дейді ол атына мініп ауылға қайтып келе жатып.

Сондағы кереметі не... Жатаған жалда жер тістеп жатып алған қызыл төмпек пе, жоқ әлде қайдағы-жайдағының басын бір-бір шалып босқа дал болып келе жатқан мына мәңгір бастың жер астына түсетіні ме? Оны Тілекеннің өзі де түсініп келе жатқан жоқ. Бірақ, не де болса, жаратылыс жарықтықтың сылдырлатып он екі жілік арқалатқан жан иесін мына қара жер, сыз топырақпен қайта табыстырмай қоймайтынын бір жола ұғып, мойын ұсынып келеді. Өз-өзінен риза боп келеді. Неге риза болады? Кісі өлімге риза болушы ма еді? Бұрын ол да дәл осылай ойлайтын. Сөйтсе, ол жәй әншейін пендешілік екен. Өлсең де қадірінді біліп, атыңды ұмытпайтын ел-жұртың мен ұрпағың болса, өлімнің несі үрей, несі қиянат... Он сегіз мың ғаламның әр қайсысына жөн тауып берген жаратылыс жарықтықта әділетсіздік болуы мүмкін бе, сірә. Қатары сиреп, қайраты кеткен кәрі уақытын сарқып, дүние ауса, несі әділетсіздік. Қайта қадірін кетіріп, болғанын-тол-

ғанын көрмеген өгей ортада өлексе сүйретіп жүріп алғаны қиянат болмай ма? Тек сондайдан сақтасын. Ақыл-есі дұрыста жөнімен жөнелу де кез-келгенге бұйыра бермейтін бақыт емес пе? Зейнеп болса бітпейтін де қоймайтын қыбыр-қыбырдан жалыққандай, жер астына түсіп тырп етпей жатып алды. Бұл болса біреудің бүлдіршіндей баласының қолына қарап қалды. Астындағы қара темірді қойынындағы әйелінен бетер сылап-сипап Тұяқ жүр. Ең аузы су аяқ Күдерінің өзі темір құсқа мініп, табаны жерге тимей, қойқандап кеткені анау. Ата-бабам күзеткен қара жұртымда көз жұмам деп, уыздай жас баланы, жалғыз келінін ай даладағы оңаша күркеге жіпсіз матап бұл отыр. Келініне-ақ обал болды. Өтеу тұқымының шаңырағын ұстап, әкесі марқұмның аманатын естіп қалмағанда, кім біліпті, түйе қартайса тайлағына ереді деп, бұл да баласының етегінен ұстап кетер ме еді... Бірақ, мынау көзін ашқалы қара орын, қара жұртты қайтып қияды.. Сүйегін зорға көтеріп жатып айтқан ата аманатын қайтіп аттайды... Мынау ұшан даладағы тіршілік белгісі — жалғыз үйлі ауылдың жалпылдақ отын қайтып сөндіреді... Ата қоныстың аңылжып иесіз қалғанына жер астында жатып шыдаса шыдар, жер үстінде тірі жүріп қайтып шыдайды... Жалғызын жеткізді. Келін түсірткізіп, қызығын көрді. Бұл дүниедегі шаруасы да қынама шапанның етегіндей дөңгеленіп келе жатқан сыңай танытты. Бірақ, көңілінде әлі де бір аланы бар. Оны аузынан шығарған емес. Құдай тілегін қабыл көрсе, ол алаңы да басылар. Тілеудің көне көкірегі айтады: енді баласының соңынан қара ергенін көрсе, Тұяқтың мына жетім шаңырақты өзіне күтхана мешіт еткеніне көзін жеткізетіндей қып, баяғы Өтеу бабасының «бебеу күйін» тартқанын көрсе, одан арғы тіршілік, шындықта да, мәкіру... Сосын оң жақтап ақ жуып, арулап шығаратын азғантай тұстарының көзі барда, бала-шағасының алдында кетсе арманы жоқ.

Үйге келсе — келіні бір жаққа шығып кетіпті. Бес қанат шатпаның іші мұнтаздай. Орнында жатпай шашылып қалған, жиюсыз қалған ештеңе көрінбейді. Осы қара құрым күрке бұл ес білгелі осындай, жылан жалағандай жалтырайды да жатады. Тек Тұяқ аяғына мінгенде бір опыр-топыр боп жататынды шығарып еді. Ол да ұзаққа созылмады. Енді, міне, қайда қарасаң да жұтынып тұр. Көңіліне бір мұп-мұздай суык еніп, қамшысын оң жаққа қыстыра салды. Сосын төрге аттай бере, керегенің басында ілулі тұрған тықыр қоржынға көзі түсті. Буаз тоқтының бүйіріндей бұлтнып тұр. Жолға шыққанда алатын қоржыны еді. Алыс бір жаққа сапар шыққанда, ұстарасын, сабынын, мәсісін, таспиығын және өз ошағынан шалғайда не күтіп тұрғанын кім біліпті деп арулап көметін ақтық киімін қоржынына сала шығатын. Қайтып келгесінде сол қоржын сол қалпында төрге ілінетін.

Енді, міне, Зейнеп кеткелі ол да есінен шығыпты. Марқұм әр бір үш жылда матасын жаңартып отырушы еді.

Керегенің басына қолын созды. Ілмектерін ағытып, ішіндегі тәптіштеп бүктелген ақ матаны алып шықты. Кіршік жұппапты Қамырдың, түстіктің әлде бір атырабында күнге қақталып қауашағын жарған ақ мақтаның исі шығады. Әйелі марқұмның ұстаған қай нәрсесін де жас нәрестенің еңбегіндей сылап-сипап ұстайтын аялы алақанының табы жатқан ақ мата бұның мына тірліктен өзімен бірге ала кететін жалғыз сыбағасы. Оның мынау қаусағалы тұрған құр қаңқасын ертең бауыры суық қара жерден тек осы ғана аялап, осы ғана арашалайды.

Тілеудің сақал-мұртын бір діріл билеп, қолындағы ақ матаны елжірей сипалап тұрған кәрі саусақтары қалтырап кетті. Маңдайына бір тигізіп орнына салды. Сосын отырарын да, осылай тұра берерін де білмей, әлдекімнен ақыл күткендей есік жаққа қарай берді. Шымыраулы ши есікті иығына еппен іліп, келіні көрінді.

Атасынан имене басып қазан аяқ жаққа озды. Сол баяғы қуыршақ ойнап жүрген бала қыздай әлі күнге сымпып тұр.

Тілеу төрге шөкелеп тізе бүкті. Әлгі бір оспадарсыз ойынан қысылғандай, келіні жаққа екінші қайтып көз тастамады.

— Иә, тоба, жөніңе ала көр!— деді аузын басып бір есінеп.

Содан былай осы бір сөз тілінің ұшына ілігедіде тұрады. Бірденені бүлдіріп алса да, біреудің ерсі бір ісін естісе де, соны айтады. Төсекте де түннің бір уағына дейін қырық қайталап айтып төңбекшіп жатқаны. Таңертең ұйқыдан ояғанда да, аузына алдымен сол түседі.

Бір күні дәрет алып, намазын оқып, қақ төрге салынған жұмсақ төсекте таспиығын тартып отыр еді, құлағына бір гүріл келді. Өзі біреу емес тұтаса шыққан көп гүріл. Бір-екі жылдан бері бұл жақты алыссынып, ащы көлдердің қамысын қайшылап кеткен совхоз басшылары биыл пішеншілерін осылай жұмсаған екен деп ойлады. Сол-ақ екен жүрегі ойнақшып, келінінің дастархан жайғанына әзер шыдады.

Екі шыны аяқ шәй ішті де, кейін шегінді. Келіні де құманын дереу оттан шығарып бақты. Тілекең ернін күбірлетіп бата жасап, дастарханның шетін қайырды. Күйбеңдеп орнынан тұрды. Керегедегі қамшысына қол созғанын көріп, келіні жүгіріп барып есік ашты.

Сыртқа шығып еді, қайрат жиып қалған күн жылт-жылт жон тосқан бұйраттардан білем-білем көк толқын бұйратыла жөңкіп келе жатты. «Ел биыл шөптің астында қалатын түрі бар-ау,— деп ойлады Тілекең.— Жаңа бастық алыстан шабылған шөп қымбатқа түседі деп кергиді деп еді. Мынандай

құнан жал бидайық пен еркекті көзі қайдан қисын. Тракторларын гүрілдетіп-сарылдатып бері айдапты ғой».

Атына күндегідей емес, аяқ-қолы жеңілейіп сергек қонды. Гүріл шыққан жаққа қарай шоқытып келеді. Бүгінде баяғыдай артынып-тартынып түйемен көшпейді, жал-жалдың басына жұмыртқадай тізіліп ауыл қонбайды, балалар жүлге-жүлгелерді қуалап жуа қазбайды. Осылай арылдап-сарылдап келеді де, бұрын айлап жатып шабатын ен қиянның бірер аптада апай-топайын шығарады. Үй келмегесін, шер тарқатысып қалатын кәрі-құртаң да келмейді. Темір мінген балалардың әйтеуір сәлем мезіреттері дұрыс. Одан асып бір ауыз сөз айтпайды. Айдалада бұта санап жүрген кәрі шалды олар қайтсын. Кеш болса, самаладай жарқыраған қостарына жиылып, ерен-серең би билейді. Бірақ, қанша дегенмен қара ғой. Арқалары бір жазылып қалады. Әне, келіні де сыртқа шығып, гүріл естілген жаққа қарап тұр...

Тілеу бедірейіп жатқан жылмағай өлкедегі жалғыз белгі — басына мосы ағаш шаншыған құмақ төбенің басына шықты. Бұл арадан шамалы жердегі түгел көрінеді. О жақ-бұ жақтың бәріне көз жүгіртіп шығып еді, ештеңені байқай алмады. Атын отқа жіберіп, бір кезде осы маңнан бірдеңе қараған инженерлер орнатқан жел жоқта жел туғызып, өзі-өзінен ызындап тұратын үш бұт зәулім нысана ағаштың түбіне жантайды. Алыс көкжиектен ештеңе көзге түсе қоймағасын, өз маңайын шолып өтті. Үш жағындағы тіреу ағаштардың үшеуіне де құс саңғып тастаған, сағал-сағал. Ортасындағы тұқыл қара түтікке аузынан шыға топырақ үйіліп қапты. Суаяқ Күдері айтады: бар пәле осы қара түтікте дейді. Түбі жеткізбейтін көрінеді. Сол зымыранда темір дейсің бе, алтын дейсің бе, жер май дейсің бе — не кереметтің бәрі жатады дейді. Инженерлер кен тапқан жерлеріне осылай белгі тұрғызып кетеді де, керек болған кезінде келіп қазып алады дейді «Аман болса, мына жаман құмақ бір күндері шатырадай үйге толып, шаһар боп кетеді», — дейді Күдері.

Апырай, мына бір гүріл жетіп болмайтын неғылған гүріл еді! Жер түбінен осылай жер-көкті тітіреткенде бұл не қояды?..

Көк аспанды шатынатып жіберердей ашы гүріл бірте-бірте жақындап келеді. Бірақ, көк жиек сол баяғы мелшиген қалпы. Қенет күн шығыс беттегі қақпақ жон қара жалда көп ерейген-серейген көрінді. Пішеншілерге ұқсамай ма қалай. Өңшең бір көк құтандай мойындарын көкке көтерген бірденелер. Аспан астындағының бәріне керги қараған немелер оқтың-оқтың өз-өзінен бас шұлғып қояды.

Анадайда жайылып тұрған аты мынау оқыс гүрілге құлағын қайшылап, басын жерден жұлып алды. Әлгінде ғана қара жерге қазықтай қадалып мығым тұрған мосы ағаштың өзі

дірілдеп қоя берді. Енді сәл кідірсе салдыр-гүлдір үстіне құлап түсетіндей, Тілеу асығып-үсігіп орынынан көтерілді. Жүрегі қалтырап, тізесі дірілдеп атына зорға жетті. Жануар су кешіп келе жатқандай, өз-өзінен билеп ала жөнелген қара жерді сақтана басып ауылға беттеді.

Қара жерді қарс айырып бара жатқан өткір дауыс өкшелеп қуып келе жатқандай, үйіне жеткенше асықты. Үйіне келгесін де, төңірегіне қараса, бәрі өз-өздерінен құттары қашып, қалтырап, дірілдеп тұр.

Кешқұрым Тұяқ келді. Мана гүрілдейтін солар көрінеді. Газ айдайтын құбыр тартып келеміз дейді. Тілеудің жүрегі енді орнына түскендей болды. Бірақ, жайма-шуақ жазда жон арқасын қармай алған салқын ызғар әлі тарамай отыр. Әлгі гүріл түн бойы да басылған жоқ. Бірер күнде ауылдың дәл желкесіне жетті. Шыдай алмай атына мінді. Тұғыр неме құлағын қайшылап ерейген-серейген көп темірге қарай аяғын баспай қойды. Анадай жердегі оқшау төбенің басына шықты. Қара жерді қарш-қарш асаған темір азу ұрты толы топырақты екі жағына лақ-лақ төгіп келеді. Ажылдаған-гүжілдеген дәу бірдене жон арқасында дөнкііп жатқан ұзын құбырларды әлгі қазып кеткен терең орға домалатады. Әр жер-әр жерде көзінді ағызып түсірердей өткір көкшіл от жанады. Олардың артында алдына сом қалқан темір өңгерген ауыр трактор ордың үстіне екі беттегі жал-жал топырақты жапыра құлатып жатыр.

Осынау мігірсіз абыр-сабыр жер сауырын қақырата тіліп ілгері тартып барады. Есіне су аяқ Күдерінің айтқаны түсті. Ана құбырлардың ішіне, шынында да қой түгілі тай сиятын шығар. Күдерінің айтып келгенінің бәрі ып-рас. Мына заман аузына не келсе соны соға салатын Күдері сымпылдақтардың қай сөзін де расқа шығарып жатыр.

Тілеу бұлтың төбенің басында таңырқай қарап тұр. Көк-қасқа машиналардың біреуінен әлдекім бұған қол бұлғағандай болды. Тұяқ екен ғой, айналайын. Енді мынау ызы-қиқы көп қимыл көзіне тіптен ыстық көрініп кетті.

Тілеу күнде атына мініп, бұлтың төбенің басына шығып құбыр тартып жатқандарға қарайды да тұрады. Күннен-күнге алыстап барады. Сонау ұлы шағылдардың арасына барып сінді. Енді қаралары көрінбей, жер-көкті дірілдеткен дүрілі ғана құлаққа жетеді. Арттарында майқара жусанды таптап-жаншып қып-қызыл жолақ жол қалды. Енді ол қапелімде жүрегін тітіркентіп, өнебойын бір беймағұлым үрейге билеткен әлгі тосын гүрілді іздеп елегізетінді шығарды. Баяғыда пішенші ауыл көшіп кеткенде тап осылай құлазып қалатынды.

Бірде атына қонып, төңіректі шарлап-шарлап ауылға қайтса, үйінің қасына қып-қызыл кереге жайылып қайты, Уық

шаншып жүрген екі әйелге анадайда шаңқылдақ шал қолын шошайтып ақыл айтады. Шұбалған шапаны бір иығына түсіп кетіпті. Ау, мынау Күдері ғой. Бұл қайдан жүр?

— Әй, үндемес. Енді қайтып тілің шықпас екен. Қасыңа қонып ап, оң құлағыңның түбінен қақсайын да отырайын. Әлгі қабасақал бастық мені мынау құбырға қарауыл қып тағайындады. Сосын қасыңа көшіп келдім.

Кешке Тілеу бір тоқтысын сойып көршісіне ерулік берді. Енді Тілекең шаруасы түгелденгендей. Біраздан бері көңілі алаң боп, жүк астына тереңірек ысырып тастаған қобдиын қайта ашты.

Таңертеңгі шәйдің дастарханы жиылар-жиылмаста Күдері келеді. Содан қақ төрге шалқасынан түсіп, бетін шапанның бір шалғайымен қалқалап, жер-көктің хабарын сұңқылдатады-ай дейсің кеп! Түнде құлағына жел сыбырлап кететіндей білмейтіні жоқ. Тілекең оқтын-оқтын бір мырс етіп қойып, балғасын тықытып отыра береді.

Бір күні келіні сыртқа шығып кеткенде Күдері:

— Әй, үндемес, мына баланың түскеніне бір-екі жыл боп қалды, қашан немерелі боласың?— дегені.

Тілеу үйреншікті әдетіне басып бір мырс еткенімен, аңтарылып қалды. Шынында да, жас адам... Құрсақ көтеретін уақыты әлдеқашан болды емес пе? Соңғы кезде Тұяқтың да тортаң-тосыраңы көбейіп барады. Сәл нәрсеге шөлмектей шытынап, мотоцикліне мініп тайып тұрады. О күшік те осыны уайымдап жүрген жоқ па екен. Екі беті бөтекедей томпып тұратын сүйкімді келіні кейінгі кезде өз-өзінен сылынып, қараптан-қарап жүдеп барады. Бұл айдаладағы жалғыз үй тіршіліктен іші пысатын шығар деп ойлайтын.

Енді Тілекең көңіліне уайым қашты. Таң атпай жатып қақпан қараған боп дала кезіп кетіп қалады. Ондағысы Күдерінің сұңқылынан құтылу. Ен далада жапа-жалғыз келе жатып ойға шомады. Жеті бабасының соңына жегі күрт боп түсіп алған қырсық енді Тұяқты да жағалайын дегені ме? Құмақ жалдағы көне моланың әр қабіріне бір-бір жығылып, жаңғызымның маңдайын аш, соңына қара ерт деп жалбарынады. Әулиенің ақ жем боп қалған ескі ағашына пенсиясына алған сарқұлақтарды шүберекке түйіп байлап кетеді.

Тағы да бір жылдың жүзі ауды. Келінінің сол баяғы қалпы. Баласының да басы омырауына түсіп алған. Күн қақты бетінен тырсиған-ашу арылмайды. Түтігіп келеді, түтігіп кетеді.

Тілекең ертеден қара кешке сарғайып жатады да қояды. Кәрі кісі тұңғық уайымға тұншығып, күн санап шөге бастады. Шыны аяққа созғанда қолы қалтырайтын болыпты. Табалдырыққа дейінгіні анық көреді де, ал үй алдындағы жер ошақ басындағылар бір түрлі бұлдырлай береді.

Тілеу енді қорықпайтын өлімнен қорқайын деді. Тұяғының сонынан қара ергенін шынында да көре алмай кетер ме екем деп қорқады. Оны күтем деп жүріп әке аманатын орындай алмай Өтеу ауылының шаңырағын бір өзі ұстап қалатын қу жалғызға бабалар тартқан бебеу күйді үйрете алмай көз жұмып кетем бе деп қорқады. Түсіне ылғи марқұм әкесі мен қайтыс боп кеткен құрдастарын көретінді шығарды.

Бір жұма күні келініне жеті шелпек пісіртті. Атына мініп бабалар зиратына барып құран оқыды. Сосын көптен бері ат ізін салмай кеткен жиделі тепсеңге соқты. Мынау сусылдаған құм арасынан біржола табан ажыратуға айналған үш-төрт ағаш өзді-өзі сырласып тұрғандай, тұнжыр сусылдасады. Құс таңдай жапырақтар бұның қолына еркелей жанасып, бет аузын сипайды. Тілекең қойынындағы қара балтаны зорға шығарды.

— Көке-ау, мына жонып жатқаның не таяқ?— деді Тұяқ кешқұрым табалдырықтан аттар-аттамастан. Сосын өз сұрағына өзі жауап берді.

— Домбыра дегенің дүкенде үйіліп тұрған жоқ па?

Тілеу кеңсірігі қақ айырылардай бір оскырынды. Бұрын Күдерінің сөзін естігенде ғана сөйтуші еді.

Қара домбыра бітті. Қақ төрге ілінді. Бірде баласы демалысқа келгенде:

— Тұяқжан, осы домбыра ұстай білесің бе?— деді Тілекең.

— Мектепте үйірмеге қатысқам...

— Ендеше, тыңда.

Домбыраны алып күйлей бастады. Тұяқ мойнынан тастамайтын қара қобдиының бірденелерін шұқылап отыр. Бірақ, құлағы әкесінде.

Әкесі бір өн бойынды үгіп кеулеп бара жатқан заржақ күйді бебеулетсін-ай кеп. Балға мен пышақ ұстап қалған қайқы саусақтар перне-пернелерді шегелей бұрғылап, қадалып тұрып алады. Әр пернедегі үн біткенді әбден жебеп сауып ап, келесі бунаққа көшеді, Тұяқ әкесін тап мынандай күйші деп ойламайтын. Мына саздан өз жүрегін шаян боп шағып жатқан бір өткір уыт танитындай. Мойыны салбырап сала берді.

Қолындағы домбыраға емес, Тұяққа қарап отырған әке күйін бітірді. Домбыраны іргеге сүйеді. Ләм-мим үндеген жоқ. Төр алдына жамбастай кисайды.

Содан қайтып Тілеу бой жиып тұра алмады. Айналасындағы қара бұлыңғыр қалындай түсті. Күні бойы таспық тартып тырп етпей отырғаны. Ара-арасында ұмыт бірдеңе есіне түскендей кілт кідіреді де, ойлап-ойлап, жадына орала қоймаған соң, қолындағы жиденің дәнінен тізген дестені қайта санай жөнеледі.

Бір күні есіне түсті-ау ақыры. «Осы біздің келіннің бойына

ештене бітпеді ме екен...» Жас адамға көз тоқтата қарау әуелден әдетінде жоқ-ты. Оның үстіне күміске сірке салып қалған қырағы жанар бүгінде көмескі тартқан. Топырақтың астына түсе қоймағанмен, терең судың астына шым батқандай төңірегi ылғи бұлдырайды да тұрады. Күн мен түннің, жаз бен қыстың шек арасы жоғалып, әйтеуір өлмегенге тәубе, әрі-сәрі хәл кеше бастады. Аунақши-аунақши астындағы құмақ топырақты қаза-қаза, қара жерге төсек-мөсегімен бірге түсіп бара жатқандай. Әзірге тек құлағы ғана сау. Оны да Күдері иемденіп алған.

— Әй, үндемес,— деді ол бірде.— Келінің ащы борша жоқ па деп біздің үйге жиі барғыштайтынды шығарыпты, талғақ білем.

Тілеу өмірінде сусылдақ Күдерінің жыбырлақ аузына сол күні риза болған шығар. Енді ол саржамбас боп қарап жатып, ішінен күн санайтынды, ай санайтынды шығарды. Зейнеп байғұсқа ұсап үнсіз кіріп, үнсіз шығатын келінінің әр бір қыбырқимылын қадағалап бағады. Ол күн санап жүрісі ауырлап, кей түндері төңбекшіп, өзінше бұған естіртпеген болыңқылдап шығады.

Кәрі Тілеу ондайда сүйек-сүйегі түгел еріп, өзі білетін әулие-әмбиелердің бәріне бұның артынан әрбір дәулетке бола мазасынан айрылып тыпыршыған жас әйелдің қол-аяғына дем бере көр деп жалбарынады.

Келініне тоғыз ай толды-ау деген шамада, асық жілік тауып ап, көптен бері ұстамаған қара кобдиын қорс қып ақтара бастады. Кәрі жанардың түбіне бұғып қалған азғантай нұр қайта оралғандай. Айналасын, аяқ-жөнін дұрыс көріп отырған сияқтанды. Қолындағы асық жіліктің бір жақ басын тесті. Екінші қапталынан шұқылап оя бастады. Бар өнерін сап, кедір-бұдыр қалдырмауға тырысты. Қара пышақпен шұқып-шұқып алады да, артынан ойылған жерді бармағымен сипап көреді. Егеу ап сүргілейді. Әлі де тар сияқты, әлі де дөңгеленіп дұрыс шықпаған сияқтанады да тұрады. Қара пышақты қайта алып еді, асық жілікті жерге тіреп ұстап отырған сол жақ қолының бас бармағына кірш етіп кіріп кеткені.

Содан қолы күп болып іссін кеп. Пышақ тиген бармақ беулетіп алып барады. Ажал күтіп алжып жатқанда, жарақатты ауырсынып ынырануға құдайдан қорқып, астыңғы ернін тісі түскен малта иегімен қайзалай береді. Төңірегіндегі түнек те тұтасып апты. Су асты емес, құрдым шыңыраудың түбіне бір-ақ құлап кеткендей. Кейде жан шыдатпай бара жатқан жарақаттан есі ауып кетеді.

Бірде өліп-талып есін жинаса, дәл оң құлағының түбінде Күдері отыр.

— Әй, үндемес, шүйінші! Құдай берді! Келін ұл тапты.

Өмірінде кісінің алдында көңілін босатып көрмеген Тілеу

орнынан тұрайын деп бір-екі ұмтылып еді, тұра алмады. Содан теріс аунап, тұсындағы керегенің сағанағын құшақтап ап, екі иығы бүлкілдеп ұзақ жатты. Содан үнсіз қалды. Қолы күп боп ісіп барады. Мандайы шып-шып тер. Таңертеңгілік таңдайын шылайтыны бар-ды, одан да қалды.

Есіктен баласы кіріп келгенде Тілеу көзін ашқандай болды. Ашқанмен де, көз алдына көлкештеп тұрып алған кара перде ештеңені көрсетпеді. Бірақ, меңіреу тылсымға бір жола көше қоймаған құлағы құрғыры Тұяқтың арсы-күрсі жүрісін бірден таныды. Қасына кеш шөкелеп отырғанын да, оң қолын алақанына салғанын да біліп жатыр. Бірдеңе дегісі кеп, иегін кемсендетіп еді, дыбысы шықпады. Бал тамады дейтін бармағының басына кеп қадалып тұрып алған ажал: «Ау, қашанғы жатпақсың. Болсаңшы енді!»— деп дігірлетіп алып барады. Әлі де болса артындағыларға айтатын бір қолқасы бар сияқты еді. Оның не қолқа екенін тілі түгілі санасының өзі ажырата алмай жатыр. Әйтеуір жан-дәрмен тыныс қармап, танауы қусырылып, иегін көкке қарай қақшандата береді.

Құлағына біреудің сөйлеген дауысы келе ме, қалай. Күдерінің дауысы сияқты. Ол жазған кара жердің бетінде әлі бар екен ғой. Мұның артында қалады екен ғой. Мынау жарық жалғанда қанша жалғыздық көрсе де, айда-жылда әйтеуір сол бір соғып кететін еді-ау...

Кенет бір ызың келді. Баяғы аманат күй. Аанада баласына өзі тартып берген «Бебеу күй». Ол бебеулеп қоя бергенде күп боп ісіп, күбірткелі жеп жатқан бас бармағының солқылда-тып алып бара жатқаны басылайын дегендей болды. Бебеу күй безілдей түскен сайын жаны жай таба түсті. Көз алдын көлкештеп тұрған кара түнек аршылайын депті. Іргеден самал есті. Топырақтың, ауыз қуырар қыр шөбінің, күйген құрым киіздің, іргеге байлаулы ат пен Тұяқтың машинасының ию-кию күңірсік исі кеңсіріген дархан тіршілік лебін алып келгендей. Көкірегіне міне түскен кара жүзді ажалдың зіл тақымын кейін серпіп тастағандай. Дала екен дейді. Көктем екенін де, күз екенін де білмейді. Шық екенін де, мизам екенін де білмейді. Әйтеуір шөп басы жылтырайды екен дейді. Өзінің шөп қорып жүргенін де, аң қарап жүргенін де білмейді. Әйтеуір маңқиып жатқан маң даланың әлде бір пұшпағына маңып барады екен дейді. Кенет алдынан кара жалдың басын түгел толтырып ақ самала ауыл көрінді. Ортадағы қоңырайған өз күркесі екен дейді. Ал қос қанаттағы бірінен-бірі өткен ақ жұмыртқа үйлер отаулары екен дейді. Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу... Көзі бұлдырап санына жете алмайды. Кенет сол ақ жұмыртқа үйлерден жарық дүниеге маңқия қарап өндірдей кара торы жігіттер шыққан екен дейді. Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу... Көзі бұлдырап санына жете

алмайды. Белдеудегі аттарға қонды. Қаздай тізіліп әлдеқайда құйғыта шауып барады. Қара жерге жарыса тиген тұяқтарынан күй тіріліп, әлгі бір сарнаған сарын талмаурап барып басылып, кенет ықылық ата, сықылықтай жөнелген екен дейді. Апыр-ай, мына күйді тартып отырған кім болды екен!? Тұяқ па... Ту, өзі дәулескер күйші екен ғой... Әлгі көп жарау арғымақ ағызып барады... Кенет танауына бензин исі келгендей болды. Сөйтсе, әлгі көп арғымақтардың орынында Тұяқ мініп жүргендей көп көк каска машина жарыса жүйткіп барады. Ащы жусан иісіне араласқан бензин исі танауына майдай жағады екен дейді. Өйткені, сол көп машинаның рулінде отырғандар басы Тұяқ боп, өз тұқым-торпағы екен дейді. Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу... Көзі бұлдырап санына жете алмайды. Көп машина қара жалдың басына ағызып шығып бірте-бірте ұзай түсті. Бұның жанарының нұры сарқылып, әлгі көп қарайған барған сайын бұлдырай түсті. Көңіліне бір тоқтық орнап, ернін күбірлетіп тәуба айтты. Кірпігі ауырлап барады. Әлгі бір әдемі елеске елітіп, бұрын-соңды басынан кешіп көрмеген бір мең-зең, бей-жай, дел-сал рахат ұйқыға бата түсті. Енді ешкім осынау тәтті ұйқысын бөлмей-ақ қойса екен дейді... Езуіне бір өмір бақи жүгірмеген жайдары күлкі жүгірген екен дейді...

Әкесінің маңдайы көгіс тартып бара жатқанын көргенде Тұяқ қолындағы магнитофонның тілін бармағымен баса салды. Манадан бері зыр көбелек айналып жатқан қоңыр дөңгелек тоқтап қалды.

Төр алдында шалқасынан түсіп Тілеу жатыр. Мынау қара жердің бетіндегі бар шаруасын ойдағыдай орындап бітіп, енді бір сәт рахат ұйқыға шомғандай. Бет аузында титтей де кірбің жоқ. Кере қарыс маңдайы жап-жазық. Әншейінде танауынан бір мырс еткені болмаса, езуін жиырып жарымайтын ұстамды кісінің ернінің бір қиығына зілсіз күлкі ілігіпті.

Үй-ішіндегілер не болғанын білмей, түсінбей аңтарылып қапты. Манадан бері оң жақтағы отын үстінде жантайып жатқан Күдері кенет сылқ етіп жерге шөкті.

— Ешкімнің бетіне жел боп келмей, жағалас-жанталас-сыз ғұмыр кешкен жарықтығым-ай, о дүниеге де тым-тырыс жайбарақат қалпың аттанып жүре бергенің бе...

Қазан-аяқ жақта боп-боз отырып қалған келінінің «Аһ» ұрған ащы даусы шығып кетті.

* * *

Арада жылға жуық уақыт өтті. Тілеу пақырдың мынау қара жерді қаздан басып жүргендерден дәметер және бір қарызын өтейтін уақыт таяп қалды.

Сол күн жақындаған сайын былтырдан бері мынау иен

құмға бір өзі ие боп қалған Күдері тыным тауып отыра алмады. Үйіне бір кіріп-бір шығады.

Кірсе болды — құлағына алыстан талықсып машина үні жеткендей болады. Отырып алып бал ашады: «Мына біреудің даусы көксау адамның деміндей қырқырап шығады екен. Көкірегі сыр-сыр етіп, кеудесін әзер сүйреп келе жатқанына қарағанда, өзіміздің колхоздың астауын шөп тырнап тастаған жүдеубас газиктерінің бірі болар. Тұяқ келсе, әлгі жер қазып, құбыр тартып бара жатқандардың азынаған айғырдай өңмендеген көк қасқа жүк машинасымен келсе керек-ті. Оның даусы бүйтіп өлімсіреп шықпайтын, қара жерді қақыратып, көк аспанды шатынатып жіберетіндей жойқын естілетін. Бірақ, кім біліпті...»

Шыдамсыз неме одан арғыға тағаты жетпей, сыртқа атып шығады. Шықса — анадайда таз кісінің төбесіндей дөңгелене жылтырап жатқан Тілеудің үйінің жұртын көрді.

Былтыр марқұмды жерлеп қайтып келген соң да, қырық күн қатарынан мынау шұқыр тепсеңнен келіп-кетіп арылмап еді. Анау жылтырап жатқан дөп-дөңгелек ойма тақырдың көк желкесіне талай-талай ат байланып еді.

Ат байлап түскен ағайын алшандай басып төрге озар еді. Малдасын құрып жайғасқан соң, кексе кісі болса, басын көкірегіне алып ыңырантып аят оқыр еді. Жас болса, ол мына қылтиып жал басынан көрінгеннен өз үйінен шығып, сол үйдің қасына барып, мейманға ілесе кіріп, оң жаққа жүгіне кеткен бұған иек қағар еді.

Бата оқылып, бет сипалған соң ауызға алдымен ауыл-үйдің амадығы оралып, сосын Тілеу тілге ілігер еді.

Келген адам кім болса да, Тілеуге байланысты кепті қысқа қайыра алмас еді. «Жарықтық, иманды болғыр», — деп басталған әңгіме талай жылды қамтып, талай жерді шарлап шығар еді.

Әншейінде келген мейман шаруа баққан қайыс сапалақты қарапайым біреу болса, жоғалған мал мен жердің отынан хабар сұрап, шарифат жайлы таласатын; шашын қайырып, сақалын қырғызған көк иек қызметкерлерден болса халықаралық жағдайдан хабар сұрап, өткен тоқсандағы жарыстың қортындысына дауласа жөнелетін қызыл көз Күдерінің өзі Тілеу ауызға алынғанда күлте сақалын тұтымдап, басын үсті-үстіне изей беретін.

Сөйтсе, сол күндердің өзі де бір дәурен екен ғой. Енді, міне... Тілеудің қырқы осы ата қонысында таратылды. Ертеніне Тұяқ шұқыр ойдан біржолата көшіп кетті. Баяғыда бір көргенде-ақ бұның көңілінен шыққан екпіні тау жыққандай көк қасқа жүк машинасының кузовында осы бір жылмиған құмақ өлкені екі ғасыр бойы міз бақпай күзеткен Өтеу әулетінің ежелгі емен шаңырағы кетіп бара жатты. Жан-жағын

көшкін құм көме-көме аузынан шығуға айналған шұқыр теп-сенде дөңгеленіп қара жұрт қалды.

Кеше ғана сорпа төгіліп, май сасып жатқан жер ошақ пен күл төмпектің қасында ербиіп Күдері тұрды.

Содан бастап ол өзі бұрын-соңды бастан кешпеген бір халге түсті. Үйге сыйып отыра алмайды. Сыртқа шықса, жымпиып жатқан ескі жұртты көреді де, есіне қай-қайдағы түседі. Басқа бір соны жерге жылып қонып та көрді. Бәрібір, қыстауы сол арада. Азғантай малын иірер қорасы сол арада. Бәрі де Тілеудің бір кездегі қара жұртының маңында.

Күлте сақал Күдері бір кезде өзін үйге отырмайтын кезбе санаушы еді. Сөйтсе, салып ұрып жетіп баратыны баяғы сол Тілеудің құрым жаппасы екен. Қазір мынау иен түзден ол да өшті. Бір кездегі еркелей кіріп шығатын жылы ұяның жымпиып тек жұрты ғана жатыр. Үндемес құрдасы да, сабырлы Зейнеп те, ертелі-кеш пыс-пыс етіп бір тыным таппайтын қара көрік те — бәрі-бәрі жым-жылас. Қара жердің осы бір пұшпағындағы анау бүкір бел қара жалдар, сонау қоян жым майса шағылдар жоғалып кеткенше жоғалмайтындай боп кеткен ежелгі шаңырақ бір бесінде тап осылай аяқ асты ғайып болады дегенге кім сенген!

Ол — Күдерінің түнде түсіне, күндіз өңіне кірмеген гәп. Соның бәрін айтып шағынайын десе, үйіндегі бала-келінді менсінбейді. Оларға Тілеу мен бұны түсіну қайда?! Қиындарынан өрбіп жатқан қара домалақтарының мәпақасын айырып қара жердің бетінде әйтеуір бастары қарайып жүрсе де, шүкір... Тілеудің көкірегіне тұнып, ауық-ауық Күдерінің ауызымен ақтарылып тұрар қимастық сырды олар қайдан ұқсын! Соның бәрін көріп білген екі замандасы қазір бұл дүниеден бір жола көшкен. Соның бәрін көріп білген мынау жаңылтақ шағылдар мен жапырақ жалдарда естір құлақ, сөйлер тіл жоқ. Сонда Күдері қайда барып мұнын шағады?

Әншейінде текірексіз жүре алмайтын Күдері атын ілбітіп басып екі құрдасы жатқан елсіз зиратқа беттейді.

Құм арасындағы теңгедей қатқыл ойпаңдағы анадайдан-анадайдан андыздап көрінетін жиде сайғақтар күн жеп құрап бозараңдап көрінеді. Шашылмай, шашырамай бір шөкім боп ұйлыға жайғасқан шағын зират мынау кең даладан кез келген сұғанақ көздің сүргін-қуғынынан барар жер, басар тау таба алмай, одан әргіге дәрмендері қалмай, осы араға жетіп бүк түсіп-бүк түсіп құлай-құлай кеткен бір үйір киіктей жал басынан жалпаң қағып түсіп келе жатқан жалғыз атты бұған бастарын көтеріп селтиіп-селтиіп қарап жатқандай. Келсе екен, келсе екен деп жатқандай.

Зейнептің төмпегінің қасындағы зорығып жығылған нар түйедей қызыл төмпектің де топырағы отырайын депті. Етек-етегінен бала жігіттің мұртындай боп қырпысын шөп өсіпті.

Көне қауымның бір шетіне жарыса құлаған қос төмпек пәнінің аз күндік өрісін тауысып бақидың қыл көгеніне мықтап көгенделген егіз қозыдай томпып-томпып жатыр.

Тірліктерінде ешкімнің бетінен алып, мінез шығарып көрмеген екі құрдасының жатқан төмпектері де өзге төмпектерден ала бөтен тыныш, ала бөтен монтаны сияқты. Тірі Тілеудің сөз шығындамаса да, оқта-текте бір мырс етіп оскырынып қоятыны болушы еді. Мына төмпекте о да жоқ. Ең болмаса, бір топырағы бүлк етпейді.

Бұл арадан да мауқын баса алмаған Күдері сонау жиделі тепсеңге тартады. Бұрын көп байқай бермеуші еді, Тілеудің қит етсе, неге соған бара беретініне де енді түсініп келеді. Осынау бір шоқ ағаш адамды мына дүниенің өтпелі екеніне, бір тамыр семіп құрап жатса, екінші тамыр нәрлерінің бүр жарып жататынына, құдыретті тіршіліктің тоқтамайтынына көзінді де, көңілінді де жеткізе түседі екен. Бірақ, бірақ...

Күлте сақал Күдерінің мынау мылқау бұтақтарға айта-тын дауы бардай. Анау былтыр ғана сұлап жығылып, биыл түбі сорайып тұқылданып қалған көне дарактың мәуесі де, ығы да, саясы да мол еді. Ал мынау бір кезде, бәлім, соның бір шыбығынан өрбіп тұрған жаңа өрімталға сол қасиеттің бәрі түп-түгел дари ма? Ол да заманы өткен ата бәйтеректей мынау құмақ өлкенің шыжғырған ыстығы мен сарылтқан ұзақ жолынан кенезесі кеуіп жеткен пендеге сая мәуе тауып бере ала ма, жоқ өз нәрін өзі зорға тапқан шая бірдене боп, әншейін ерқара боп, ербиіп тұра ма? Мынау онсыз да жұпыны жапан түзге ажар, базар қоса ала ма?

Күдері қайда аттап шықса да, жүдеп қайтады. Бір кездегі азды кем қызығын көре алмай қайтады. Уақыттың өмірден басқа өлшемі жоқ екеніне көзі жетіп қайтады. Бір өмірдің орнына екінші өмір келсе ғана мына дүниенің мәні тұра алатынын ұғынып қайтады. Ағаш екеш ағаш та бұтағынан бұтақ өрбіп, артында із тастайды. Ал адам ше... Адамның ізі тек белінен өнген перзент қана ма... Оның ісі, жұртқа жасаған қайырымы ше? Соның бәрі кісінің өзімен бірге көз жұма ма? Мынау ербеңдеген күлте сақал шал өлгенде, кешегі Тілеудің де ізі бір жола жоғала ма? Ол соққан жекей, ол жасаған бұйымдар да мәңгілік емес шығар, тозар? Сонда көңілге қуат не болмақ? Өз тамырынан өрбіген бір бұтақ болса, Тілеудің арты осынша құлазып жатар ма еді? Міне, бір жылға айналып барады, Тілеудің шаңырағы жоқ болғасын, оның сүйегі жатқан мына түзге оның артын іздеп ешкім келмеді. ешкім ауызға алмады... Айтса, тек Күдері ғана айтады. Онда да тек өзі еститіндей қып күбірлеп айтады...

Мұндайда Күдерінің есіне Тұяқ түседі. Оның марқұмның қырқын өткізе сала жып беріп көшіп кеткеніне іштей разы емес. Бірақ, мөлдіреген жас келіншегі мен қызылшақа сәбиін

айдалаға қайтып тастап кете алады. Оның орнында Тілеудің өз белінен өрбіген баласы болса да, сүйтпес пе еді? Оның орнында кім болса да, сүйтпес пе еді? Қазіргі жастардың қайсысы ата қонысты мекендеп, ата зиратты бағып отыр?! Бәрі де ырзық бұйырған жерді базарлап жүрген жоқ па? Сонда адам ұрпақтың тілегін неге тілейді? Сенен қалған қонысты, сенен қалған мал-дәулетті иемденіп, сенің бір кезде дүниеде болып, артында осынша ырзық, абырой қалдырғаныңа ырза боп өтер заман өткен екен? Сонда артыңда не қалады? Сонда сенен өрбіген ұрпаққа не бұйырады? Ол саған не үшін қарыздар болады?

Күдері өз сұрағынан өзі тосылады. Апырау, енді аң екең аң да енесіне еріп, атасының баулығанына көнеді ғой. Сонда біз солар ғұрлы...

Күлте сақал шал басын бауырына түсіріп ойға батады. Көз алдына кішкене Тұяқтың асты-үстіне түскен Тілеу келеді. Тілеудің оны тумаса да туғандай қып мәнелеген ықласы есіне түседі. Сол есіне түседі де, егіліп қоя береді.

Сүйтіп жүргенде біреуден Тұяқ сәлем айтып жіберіпті. Жазда барып әке-жездесінің бастарын қарайтқысы келетінін айтыпты.

Сонда Күдерінің қуанғанын көрсен! Жазған Тілеу мен Зейнептің ақ сүттері адал бұйырған екен ғой. Тұяқтың осы ықласынан артық оларға не керек. Жалпы адамға ықластан артық не керек? Әке — балаға, бала — әкеге, адам — адамға ықластан басқа не көрсете алады? Жалпы адам деген екі аяқты пенделерден адамзат деген жиынтық құрап тұрған да осы ықлас емес пе? Ықлас болмаса, Тілеудің мұндағы, Күдерінің Тілеудегі алмағы қанша? Адамның адамға тартқан сыйы да, артында қалдырар мұрасы да сол — ықлас ғана емес пе!

Жүрегі жарылардай қуанған Күдері көпке дейін бұрынғыдай елегізбей тыныш жүрді. Тек Тілеудің жылы толатын уақыт жақындағанда барып қайтадан тынышы қашты. Тұяқтың баяғы сәлемінің артынан ешқандай қабар болмай кетті.

Серігінен айырылған кәрі кісінің жүрегі секемшіл келе ме, дүние қайтадан құлазып қоя берді. Неге екені белгісіз, Тұяқ баяғы уәдесін ұмытып кеткендей көрінеді де тұрады. Қазіргі жастар қара жүрек болмағанмен, құнтсыз ғой... Оның үстіне, жұмысынан шыға ала ма... Жер аяғы да қашықтап кетті... Солардың біреуіне иек артса, оған кім өкпелей алады... Құлықсыз кісіге дәлел аз ба... Құдай оны тек құлықсыздықтан сақтасын... Қатерге түскен кісіге ендігінің бәрі қара жерден ауыр болар дейсің бе!.. Аруақ бәрін де көтерер... Ол тек бұл секілді Тілеудің көзін көре қалғандардың жүрегіне түсер зіл ғой...

Шіркін-ай, адамгершіліктің жолы неткен тар... Алдамшы-

лықтың жолы неткен кең... Тұяққа өзін де, басқаларды да алдарқатам десе, себеп-сылтау жетіп жатыр-ау...

Күдері көзі шүңірейіп жүдеп кетті. Құлағында бір ызың келмей де, кетпей де тұрып алды. Сол миын жеп басын меңзең қып барады. Сыртқа шықса — көзіне шоқтай басылып ессіз жұрт жатып алады.

Күдері мынау айдаладағы жалғыз үйде енді байыз тауып отыра алмасын білді. Атына мінді.

Құм арасы тегіс көгере қоймаған бозқылшық көктем еді. Көз жетер жердің бәрі бадырайып анық көрінеді. Зиратқа баруға бір түрлі жүрегі дауаламады, бір шетте жұптарын жазбай қатар жатқан егіз төмпекке мынандай күндері жалғыз баруға қаймықты. Ат басын сонау Ұлы құм басталатын тұстан қылауытып тұрған жиделі тепсеңге бұрды.

Көк аспанның астындағы ұланғайыр кеңістікке Күдеріден басқа қыбырлап-қимылдап жүрген ешкім жоқ екен. Содан ба, сонау жер түбіндегі қылау шоғыр көзіне оттай басылды. Астындағы аты да тепектеп емпендей түседі. Төрт-бес жиде ағаш қылаңытқан шоқ тоғай да құла түзден кара іздеп тұрғандай. Мұның бауырына кіргенше асығып, алдынан жарыса жүгіріп келе жатқандай.

Сол-ақ екен құлағына ап-айқын гүріл келді. Сонау алыстан шығады. Дәл мынау өзі келе жатқан қос айыр қасқа жол асып жатқан кара жолдардың ар жағынан шығады. Мұнда жеткенше әлі біраз бар. Бұл оған дейін жиде ағашқа бара тұрады. Келіп жатса, сол арадан қарсы алады.

Күдік пен үміт қосарлана қысқан ет жүрек өз-өзінен үгітіліп барады.

Жиде ағаштардың сол баяғы тұрысы. Құан бұтақтардың әр жер-әр жерінен көк бүршіктер қылтияды. Жаңа көктемнің қайратына мінгенін тосып, мұрт жаруға асығып тұрған сыңай танытады. Өсіп-өнгісі кеп құлшынып тұрған жаратылыс бір ой салғандай. Күдері күбірлей береді.

Он үш — бір мүшел, жиырма бес — екі мүшел, отыз жеті — үш мүшел, қырық тоғыз — төрт мүшел, алпыс бір — бес мүшел, жетпіс үш — алты мүшел, доңыз — бір, тышқан, — екі, сиыр — үш, барыс — төрт, қоян — бес...

Бұл жолы ол өзінің жасын санап тұр еді.

Саусағын бір-бірлеп бүгіп, ернін жыбырлатқан көрияға айна көк аспанда күн көзі жымындайды.

Құмды аймақты күңіренге шыққан таныс гүріл бірте-бірте жақындап келеді.

М А З М У Н Ы

Дала балладалары	5
РОМАН	
Аңыздың ақыры	15
ПОВЕСТЕР	
Күй	191
Бәсеке	249
Ханша-дария хикаясы	294
Шыңырау	331
Бәйгеторы	367
Бір шоқ жиде	396

ИБ 2257

Абиш Кекильбаев

ИКС **КОЛОДЕЦ**

Роман и повести

На казахском языке

Переиздание

Редактор *Т. Тлеуханов*
Художник *Н. Нурмуханбетов*
Худ. редактор *А. Искаков*
Тех. редактор *Б. Қарибаева*
Корректор *З. Тулетаева*

Сдано в набор 25.03.82. Подписано к печати 25.06.82.
УГ16052. Формат 60×90^{1/16}. Бум. тип. № 1. Литературная
гарнитура. Высокая печать. Усл. п. л. 28,5. Уч.-изд. л.
29,9. Тираж 20 000 экз. Заказ № 542. Цена 2 р. 10 к.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Ка-
захской ССР по делам издательств, полиграфии и книж-
ной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения поли-
графических предприятий «Кітап» Государственного ко-
митета Казахской ССР по делам издательств, полигра-
фии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Гага-
рина, 93.